



ҚАЗАҚ  
ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ  
ТАРИХЫ

(1870-2008ж.ж.)



Жарылқасын Нұсқабайұлы

ҚАЗАҚ  
ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ  
ТАРИХЫ

*(1870—2008 жылдар)*



Алматы «Білім» 2018

ӘОЖ 070  
КБЖ 76.02  
Н 88

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
"Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және  
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бағдарламасы  
"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару және  
тарату кіші бағдарламасы бойынша жарық көреді".*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі  
оқу құралы ретінде басып шығаруға ұсынған*

### **Нұсқабайұлы Ж.**

**Н 88 Қазақ журналистикасының тарихы (1870 – 2008 жылдар). / Ж. Нұсқабайұлы — Алматы: "Білім" баспасы, 2018 — 400 бет.**

ISBN 978-9965-09-898-7

Авторлар бұл еңбегінде қазақ журналистикасының ұзақ жылдық тарихына бүгінгі күн тұрғысынан көз жіберіп, тың байламдар жасап, жаңаша ой айтады. Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихына қосымша оқу құралы ретінде қайта басылып отырған бұл кітап осы жаңашылдығымен де құнды. Кітап жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ баспасөз тарихымен жақынырақ танысқысы келетін әрбір зерделі оқырманға арналды.

ӘОЖ 070  
КБЖ 76.02

ISBN 978-9965-09-898-7

© Нұсқабайұлы Ж., 2018  
© "Білім" баспасы, 2018



## К І Р І С П Е

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін біз өз халқымыздың тарихын жартылай бұрмаланған күйі оқып келдік. Оған біздер ешкімді кінәлай алмаймыз. Себебі, заман солай болды. Біржақты идеология мен кеңестік саясат екі қолымызды жіпсіз байлап, өткен-кеткен тарихымызды тереңінен зерттеуге мүмкіндік бермеді. Ал, егер оған бел буғандар болса, қуғынға ұшырап, жер аударылды. Мысалы, бұл тұрғыда қазақ баспасөзінің тарихын алғаш зерттеушілер Бейсенбай Кенжебаев пен Қайыржан Бекхожиндерді атауға болады.

Бұл кез жалпы қазақ тарихына, оның әдебиеті мен мәдениетіне жанашырлық көрсетіп, оны зерттеуге бет бұрған азаматтардың ізіне түсіп, іздеу салған, халқымыздың өткен тарихы мен мәдени мұрасы жайлы жағымды сөз айтқысы келген ғалым-зерттеушілерге күйе жағып, үйірінен қуылған саяқ жылқыдай жұрттан шеттетіп, шекесін нұқуға бейім тұратын уақыт болатын. Мәселен, Ж.Сәрсеков өзінің “Тарихи шындық бұрмаланбасын” деген мақаласында: “Революциядан бұрынғы қазақ баспасөзінің барлығы дерлік реакцияшыл, байшыл-ұлтшыл бағытта болды, сондықтан оны зерттеудің қажеті жоқ” деген сыңаржақ пікір ұсынды.

Сөйтіп, осындай жан-жақты қысымнан соң қос ғалым да өздерінің қазақ баспасөзін зерттеудегі “қателіктерін” мойындауға мәжбүр болып, оны “түзету” жолында, яғни партия саясатымен үндес келетін бірізділікке салу үшін еңбектенген. Соның нәтижесінде Б.Кенжебаев жоғарыда аталған кітапшасын “түзетіп”, (сынға іліккен тұстарын) 1956 жылы “Қазақ баспасөзі тарихынан мәліметтер” деген атпен қайта бастырып шығарса, ал Қ.Бекхожин 1958 жылы “Қазақ баспасөзі совет өкіметі орнау

жылдарында” атты пышақтың қырындай 12 беттік кітапшасын оқырмандар назарына ұсынды.

Сондай-ақ, бұл тұрғыда “Социалистік Қазақстан” газетінің 1951 жылғы 17 қарашадағы санында Б.Қорқытов пен Ә.Досбаевтың “Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателер” деген сын мақаласы жарияланғанын да айта кетуіміз керек. Онда Қ.Бекхожиннің “Дала уалаяты” — қазақтың тұңғыш газеті” деген кандидаттық диссертациясын және Б.Кенжебаевтың “Қазақ баспасөзінің тарихынан” атты кітабын сынады. Одан әрі “Б.Кенжебаев буржуазиялық, ұлтшыл бағыттағы газеттер “Қазақ”, “Серке” және басқалары жөнінде құлшына баяндайды, алашордашылардың 13 газетінің атын тізеді (24-25 — беттер). Бұл бұл ма, автор алашордашылардың орталық органы “Сарыарқа” газетінің совет өкіметіне, оның ұлт саясатына қарсы жазған контрреволюциялық, жалақорлық мақаласынан бір құлаш цитатты келтіреді, сөйтіп, контрреволюциялық идеяға трибуна береді”, — деп жазды.

1961 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан жас ғалым Ү.Сұбханбердинаның “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” деген библиографиялық көрсеткішінің бірінші бөлімі профессор Е.Ысмайыловтың жалпы басқаруымен басылып шықты. Бірақ, баспа іле-шала бұл еңбектің екінші бөлімін басудан бас тартады. Оның жоғарыда айтқандай өзіндік себептері де бар еді. Ол туралы ғалымның өзі бүгінгі күні: “Сыбырлаушы табылған болу керек, үлкен үйге (Орталық комитетке) екі күннің бірінде кітаптың редакторы Есаған (Есмағамбет Ысмайылов) екеумізді шақыртып жатқаны. Ол кездегі менің көңіл күйім белгілі, түнімен ұйықтамаймын, кішкентай үш баламның халі не болар екен деймін. Еңбекті қолдап, қорғап жүрген зиялы ағаларыма зияным тиіп кетпесе жарар еді деген ой да жегідей жейді. Осындай халде жүргенімде бір күні “Қазақстан мұғалімі” газетінде профессор Б.Кенжебаевтың “Айқап” журналы туралы еңбек” деген мақаласы басылып шықты. Тұңғыш еңбегім туралы алғашқы сын мақала (мақала

болғанда қандай мақала). Бұл мақала мен үшін ажал оғын қағып жіберген періштенің қанатындай әсер етті” деп еске алады.

Міне, кеңес өкіметі тұсында “Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихын” жазу, оны болашаққа жеткізу осындай болды. Ал, бұл мәселенің қазіргі проблемалары қандай десек, онда төмендегідей жайларға тірелеміз.

**Біріншіден**, студенттерге қазақ журналистикасының шын тарихын оқыту бізге тәуелсіздікпен бірге келді. Біз өткен тарихымызды шындық тұрғыдан айтуға мүмкіндік алдық. Осы жылдар ішінде біздің ғалымдарымыз көптеген зерттеу жұмыстарын жазды. Кезінде байшыл, ұлтшыл, алашордашыл деген газет-журналдардың түпнұсқалары түгелдей болмаса да қолымызға тиіп, ғылыми айналымға түсе бастады.

**Екіншіден**, бұл жұмысқа студенттердің өздері де араласуға мүмкіндік алды. Олар реферат, диплом жұмыстарын жазу арқылы архивтерге барып, өткеннің шындығына көз жеткізе бастады.

**Үшіншіден**, Т.Қожакеев, Ш.Елеукенов, Ү.Сұбханбердина, С.Қозыбаев, Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Б.Жақыпов сияқты ғалымдар бұл тақырыпқа арналған монографияларында, оқулықтарында, ғылыми мақалаларында көптеген тың деректердің көзін ашып, жастарымыздың сана-сезімдерінің оянуына өзіндік үлестерін қосты.

Тәуелсіздік алғаннан бері тек бір ғана Ү.Сұбханбердинаның “Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихына” арналған “Дала уалаятының газеті” (5 том), “Алаш”, “Қазақ”, Сарыарқа”, “Айқап”, “Қазақ халқының рухани байлығы”, Т.Қожакеевтің “Жыл құстары”, “Сатира негіздері”, Н.Омашевтың “Қазақ радиожурналистикасы”, Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразайдың “Қазақ журналистикасының тарихы”, кітап авторларының “Алты алаштың ардақтылары”, “Көне басылымдар, құнды деректер, аяулы есімдер” және т.б. монографиялары мен оқулық кітаптары жарық көрді. Бұл еңбектерде 130 жылдан астам тарихы бар қазақ мерзімді баспасөзіне бүгінгі күн тұрғысынан баға беруге ұмтылушылық байқалады.

Ендігі проблема осы зерттеулердегі рухани байлықтарды ертеңгі маман, бүгінгі студенттерге қалай жеткізу қажеттігі. Біз қазақ мерзімді баспасөзінің тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз. Осы тұрғыда да ғалымдар арасында адасушылық байқалады. Мәселен, тарихшы Қ. Атабаев “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған “Қазақ баспасөзі тарихы қалай зерттелмек”, “Тарихқа бойлау — деректанудан басталады”, “Қазақ газеті” — ұлттық баспасөзіміздің тарихи тұңғыш көрінісі” деген мақалаларында осындай қиыншылыққа тап болған. Біз бұл жерде ғалымды жазғырудан аулақпыз, алайда әріптесімізге, қай істің болмасын мән-жайына тереңірек бару керек дегіміз келеді.

Сонымен бұл проблеманы студенттер арасында қалай шешу керек деген сұрақ туындайды. Ол үшін, **біріншіден**, бұл пәннен дәріс беретін оқытушылар өз ісіне жауапкершілікпен қарауы керек. Оқытушы тек баспасөз тарихын ғана емес, Қазақстан тарихын, Ресей тарихын, саясатты, экономикамен қатар әдебиет пен мәдениетті де жақсы білуі керек. **Екіншіден**, оқытушы студенттерді мұрағат құжаттарымен, түпнұсқалармен жұмыс істеуге бейімдей білуі керек. **Үшіншіден**, семинар сабақтарында “Қазақ мерзімді баспасөзі тарихына” қосымша әдебиеттерді пайдалану, рефераттар жазу арқылы жүзеге асыру керек.

Сонда ғана жастар өздерінің өткен тарихына, рухани байлықтарына, әдебиеті мен мәдениетіне көңіл бөліп, тәуелсіздік іргетасын өз қолымен қаласауға, соған үлес қосуға ұмтылары күмәнсіз.



## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ мерзімді баспасөзі

#### *Бірінші тарау*

#### *Қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы (1870-1905 жылдар)*

#### 1. “Түркістан уәлаятының газеті”

ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ елін, жерін патшалық Ресейдің толықтай отарлап алуына байланысты Қазақстанның Ташкент, Орынбор, Омбы, Орал сияқты ірі қалаларында патша өкіметі әкімшілік орындарының ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады. Әрине, бұл басылымдар қайткен күнде де қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени-ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, қайта патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын жергілікті халықтың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындату, сондай-ақ оның ресми көзқарастарын тұрғындар арасына кеңінен таратып, қол астындағыларды шексіз бағындырып ұстау мақсатымен шығарылды.

Алайда, патшалық Ресейдің осындай жымысқы саясатына қарамастан, Қазақстанда ұлт тіліндегі өз баспасөзінің тууы халықтың санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуына елеулі түрде әсер етті. Оны мынадай мысалдардан айқын байқауға болады. Мәселен, қазақ баспасөзінің тұңғышы “Түркістан уәлаятының газеті” екендігі белгілі. Ол сол кездегі Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы



Ташкент қаласында 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын “Туркестанские ведомости” газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығарыла бастады.

Газеттің редакторы — ұлты башқұрт болса да, қазақтың намысын қорғап, сойылын соққан, орыс және Шығыстың көп тілдерінде еркін сөйлеген, генерал-губернатордың тілмашы болған ізгі ниетті азамат Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов еді. Ал, бұл басылымның аудармашысы, әрі әдеби қызметкері болып Хасен Жанышев, Заманбек Шайхы Әлібеков, Жүсіп Қазыбековтер жұмыс істеді.

“Түркістан уәлаяты газетінің” ресми және ресми емес деп аталған басты екі бөлімі болды. Ресми бөлімде патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланып, үкімдері түсіндірілсе, ресми емес бөлімде отырықшылық, егіншілік, мал шаруашылығы, сауда, ішкі сыртқы жағдайлар, әдебиет, мәдениет, білім, ғылым, өнер және әйел теңдігі мәселелері қаралды. Оған кезінде газет беттерінде жарияланған “1731 жылы Қазақстан Россияға өз еркімен қосылды ма?”, “Қазақ жеріне жоңғар, қоқан шапқыншылығы”, “Орыстардың Орта жүзді жаулап алуы”, “Оңтүстік Қазақстанның Россияға бодан болуы” туралы мәселелермен қатар, қазақ даласындағы Кенесары хан, Сырым, Исатай-Махамбет батырлар бастаған азаттық көтерілістері жазылуы да куә. Оның үстіне тікелей патша жарлығымен қазақтардың ең шұрайлы жерлерінің орыс переселендеріне күшпен тартып алынып беріліп жатуы жөнінде материалдардың жариялануы редакция қызметкерлерінің ұстанған бағыт-бағдарларын көрсететін еді. **Қазақ тілінде шығатын газеттің 1882 жылы ешбір себепсіз жабылып қалуы да осындай істерге байланысты сияқты.**

“Түркістан уәлаятының газетінде” жоғарыда айтылған жайлардан басқа мәдениет, оқу, білім, әдебиет, тарих пен этнография, археология және тағы да басқа мәселелерге қатысты материалдар, мәселен ауыз әдебиеті үлгілері де жарияланып тұрды. Тұңғыш газет өз оқырмандарының Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты біртуар перзенттерінің өмірі және еңбек жолдарымен танысуларына мүмкіндік жасады.

Басылым беттерінен бұдан басқа орыс және Еуропа халықтарының өнері мен мәдениеті, ғылым, білімі жайында да жарияланған материалдарды табуға болады. Ал, түрлі проблемаларға арналған ғылыми мақалалар, егіншілік, агрономия, ветеринария, зоотехника туралы ақыл-кеңестер өз алдына бір төбе. Мұнда орыс журналистикасының әсерімен заметка, корреспонденция, мақала, фельетон, очерк сияқты баспасөз жанрларының түрлері пайда болды.

**Жалпы алғанда, қазақ баспасөзінің қарлығашы “Түркістан уәлаятының газеті” өзінен кейінгі қазақ халқының саяси, шаруашылық және мәдени өміріндегі елеулі оқиға болған мерзімді баспасөзінің тууы мен қалыптасуында айтарлықтай елеулі рөл атқарды, болашаққа жол салды.** Бұл туралы “Туркестанские ведомости” газетін шығарушылардың бірі, орыс ғалымы Остроумов: “Петр ведомостарының” XVII–XIX ғасырларда орыстар үшін қандай маңызы болса, “Түркістан уәлаяты газетінің” де қазақтар мен өзбектер үшін сондай маңызы болды”, — деп, газеттің маңызын жоғары бағалады. Иә, сөйтіп, қазақ баспасөзінің тұңғыш қарлығашы “Түркістан уәлаяты газетінің” шығу мақсаты — қазақ халқының сауатын ашу, немесе мұң-мұқтажын айту, жағдайын жақсартуға себепкер болу емес еді десек те, басылымның сол кездегі рөлін жоққа шығара алмаймыз.

Газет патшалық Ресейдің отаршылдығын қазақ халқына мойындату және орыс тілін үйрету саясатын ұстана отырып та, қазақ қоғамының шындығын көрсете алды. Қазақты ұлт ретінде таныту там-тұмдап болса да жүргізілді.

Қазақтар баспасөз жоқ кезде елдің бір шетінде болған уақиғаны екіншісі құлақтанғанша жылжып айлар, жылдар өтсе, енді газет арқылы хабарласу тез, әрі тиімді болды. Қара халық сауатын ашып қана қоймай, қоғам өмірінен, оның ішкі-сыртқы жағдайларынан хабардар бола бастады.

Мәселен, <sup>1</sup>“Түркістан уәлаяты газетінің” 1870 жылғы 8-нөмірінде Түркістан өлкесінде бірінші рет ашылған почта-телеграф қатынасы туралы хабар берілді. Мұның өзі көшпенді халықтың өміріне кіре қоймаған соны жаңалық еді.

1 “Түркістан уәлаятының газеті”. 1870 жыл, №8.

Сондай-ақ басылымның 1871 жылғы 14-нөмірінде Алматы қаласында ағаш тілетін (судың күшімен) зауыттың ашылғандығы хабарланды және Ташкент, Орал қалаларының экономикасына арналған түрлі мазмұндағы материалдарды да жариялап тұрды. Бұдан біз газет тілшілерінің қазақ қоғамында жаңадан қалыптаса бастаған өндіріс тақырыбына да қалам тартқанын байқаймыз.

Газет негізінен отаршылдық саясат ұстады десек те, кей жағдайда халыққа оң ниет те танытып отырған. Мәселен, басылымның <sup>2</sup>1871 жылғы 14-нөмірінде “Генерал-губернаторға қараған жерде болған уақиға” деген мақала жарияланды. Онда отаршылдық езгіге қарсы бас көтеру болып, Қарасу бекетіне шабуыл жасалғаны туралы ашық айтылды. Сондай-ақ газеттің 1882 жылғы 18-нөмірінде басылған екінші бір мақалада қазақтың әдет-ғұрпы, шарифаты мен Ресей заңының арасындағы қарама-қайшылық ашып көрсетілді.

Қазақтарға соққы болып тиген ауыр оқиғалардың бірі — “Түркістан уәлаяты газетінің” бетінде көшпенділердің бір жерден екінші жерге губерния бастығының рұқсатынсыз көше алмайтындығы туралы жарияланған патшаның жарлығы болатын. Бұл сол кезде еркін халықтың қол-аяғын еріксіз кісендеудің ең сорақы түрі еді.

Қазақ жеріне де капиталистік қатынастың орнай бастағандығын газет беттерінде сауда, өндіріс мәселелерінің қанат жаюына байланысты жазылған мақалалардан көруге болады. Мәселен, “Ақмоладан базар тақырыпты хабар” деген материалда қырда болған сауда хабары және ондағы шикізат бағалары туралы деректер берілген. Ал, осындай келесі бір шағын мақалада Орта Азияда өз ақша банкісінің ашылғандығы хабарланған.

Осыған орай газеттің кейінгі нөмірлерінде 1866 жылғы ақша реформасы туралы “Банк хақында” деген ортақ тақырыппен қазақ жұртындағы саудасаттық, ақша айналымы, банк жөнінде түсініктер беріліп, сауданың пайдасы айтылған. Сонымен қатар, Қытаймен шекарадағы қазақтар арасындағы,

<sup>2</sup>“Түркістан уәлаятының газеті”. 1871 жыл, №14.

Ресей мен Қытай, татарлар мен өзбектер арасындағы сауда қарым-қатынасы көбірек жазылып, банктердің ақшалай қарыз беру ережелерімен таныстыру ұйымдастырылған.

Баспасөздің қай түрі болсын сыртқы саясаттан тыс қалмайды. Біз сөз етіп отырған басылым бұл мәселеге де немқұрайды қарамаған. Мысалы, “Қытайдан жеткен хабар” деген мақалада Қытайда тұратын мұсылмандар көтерілісі туралы жазылған. Сондай-ақ мұнда қазақтардың Қытай, Ресей мемлекеттерімен және Бұхар, Хиуа хандықтарымен қарым-қатынасы туралы да көптеген материалдар жарияланып тұрған.

Олардың бірінде, “Күлжа маңындағы елдердің Ресей қол астына бағындырылғаны” айтылса, екіншісінде “Ресейдің Қоқан хандығын бағындырғаны” жайында жазылды. Ал, үшінші бір хабарда “Ресейдің Хиуаны бағындырғаны” туралы, осыған орай **“Адай елінің Хиуаға емес, Ресейге бағынышты болатындығы”** баяндалды.

“Түркістан уәлаяты газетінің” беттерінде елдің ішкі-сыртқы жағдайларымен қатар отырықшылық, егіншілік, мал шаруашылығына байланысты да көптеген іргелі материалдар жарияланып тұрды.

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын өмір ағымы, замана салмағы еңсесін басқан, жоқшылықтан көз ашпаған кедейлер қашан да жаманшылыққа, қиындыққа алдымен тап боларын, күйзеліске ұшырап, күңіренерін ұмытуға болмайды. Сондықтан газет материалын оқи отырып, көз алдыңа тағдырына налығандарды елестету қиын емес. Мәселен, “Торғай қазақтары арасында жатақ болып, қара жұмыс істеп жүрген қара қазақтар бар.

Олар малға шөп шаппай, кейін жұт болғанда малын қырып алып, амалсыз жан сауғалап келгендер...” немесе “Егер Арыс өзенінен Түркістанға дейін канал қазса, осы канал бойындағы қазақтардың егіндеріне су болып, қыстау салып алар еді”, — деген сөйлемдерден біраз жайдың байыбына баруға болатын сияқты.

XIX ғасырдың 60-жылдарының орта кезінде Қазақстанды Ресейдің толық басып алуына орай қазақ халқының малы мен жерінен еріксіз айырылуына

байланысты енді егіншілік пен отырықшылыққа амалсыздан бас бұра бастағандықтары туралы материалдар жиі жарияланған. Солардың бірінде егін шаруашылығының пайдасы жөнінде айтылып, Жетісу облысына қараған таулы жерлерде егін еккен Ларионов дегеннің тәжірибесі жергілікті халыққа үлгі ретінде жазылған. Бұдан басқа газет бетінде егін шаруашылығына зиянды жәндіктерді құрту туралы кеңестер де көптеп берілген.

Сондай-ақ **Орта Азия жерлерінде күріш, мақта егу жайындағы мағлұматтарда француз күрішінің тұқымын, Америка мақтасының тұқымын Түркістан аймағына егу тәжірибелері айтылған.** Ал мал шаруашылығы жайында мәселе көтерілген мақалаларда малдың тұқымын асылдандыру керектігі сөз етілген.

“Түркістан уәлаятының газеті” оқу-білім жөнінде, оның маңызы туралы материалдарға да орын беріп, қазақтарды ғылымға қызықтыра білді. Мысалы, 1870 жылдың 10 желтоқсандағы санында күн тұтылатындығын, оның себеп-салдарын жазды. Екіншіден, осы мақалада телеграф жұмысы жайлы баяндай келіп, ол арқылы қиыр шеттен жылдам хабар алуға болатыны, сол кезде Орта Азия мен Ресейдегі 25 қала аралығында осындай телеграф байланысы орнатылғанын және қай қалаға телеграмма жіберудің қанша теңге тұратыны хақында тізім берілген.

Басылым “Ғылым хабары” деген айдармен ғылым мен техника жаңалықтарын, Түркістан өлкесінің таулы аймақтарында (Алматы, Ташкент төңірегінде, Түркменстанда) жер сілкінгенін үзбей хабарлап тұрды. Шармен аспанға ұшу, қар мен жаңбырдың пайда болу сыры, аспан әлемі планеталары туралы түсініктер, ғылыми болжамдар жарияланды. Әлемдік даңқты саяхатшы Магелланның жердің шар тәрізді екенін дәлелдегені туралы еңбекті қазақшаға аударып басты.

“Түркістан уәлаятының газеті” ғылым жетістіктерін баяндап, дәлелдеумен ғана шектелмеген. Саналы азаматтардың жас жеткіншектерді оқуға, білімге шақырарлық хаттарын жариялап тұрған және балаларды қалай оқыту мәселесін, оның тиімді жақтарын талдап, түсіндіруге талпынған. Бұған мысал ретінде “Әр қилы хабарлар” деген айдармен

берілген материалдар арасында кездескен Хасенов деген автордың мына бір шағын мақаласын алайық:

“Ең бастан балаға әптиек, құрандарды шығарып, бұдан соң бөтен бірнеше араб, парсы кітаптарын оқытқанда, өзі жазуды біліп кетеді деген ақылмен біздің мүсылман жұртының молдалары бес жыл, он жыл оқытқан баласына оқып, жазуды әзер-әзер түсіндіреді. Кейбіреулері сақалы шыққанша оқып, ешнәрсе түсінбей де кетеді. Баланы өз тілінде оқыту керек. Сонан соң оны жаздырып үйрету керек. Ең бастысы бөтен жұрттың жазуын, оқуын өз ықтиярымен, я біреудің оқытуымен білейін десе, жолға түскен адамға адаспақ жоқ дегендей. Жолын көрген соң ыждағат қылса, біліп кетеді”.

Мұнда мағынасы түсініксіз құран мен әптиекті, араб, парсы тілдерін оқыту жас балаға ауыр тиетінін автор дұрыс аңғарған. Сонымен бірге ол молдалардың қабілетсіздігін, бес-он жыл оқытса да шәкіртіне мардымды білім бере алмайтынын орынды сынайды. Атап айтқанда, балаларды кінәлаған болып молдалардың бет-бейнесін ашып тастайды.

Газет әйел теңдігі мәселесіне де көңіл бөлген. Мәселен, оның 1875 жылғы 16-нөмірінде балиғатқа толмаған қызды атастырып, қалыңмал алатын қазақтың әдет-ғұрпын сынаған бір автордың мақаласы жарияланған. Онда “Бұл сөзді газетке басып шығарсаңыз, біздің қазақтар біраз ұялып, ойланатын болар еді” делінген.

Басылымда әменгерлік, жесір дауы тәрізді ел ішіне бүлік салған әдет-заңдардың зияндылығын әшкерелейтін материалдар да басылып тұрған. Солардың бірінде: “Байы өлген қатын басы бос болып, өз ықтиярымен қалаған адамына баруы керек” деген батыл ұсыныс та жасалыпты.

Өткен ғасырдағы қазақ қоғамында әйел теңдігінің аяққа басылуы діни наным-сенімге де байланысты еді. Мысалы, 1877 жылғы 2-нөмірінде Шайсмайл деген молданың 14 жасар ауру өзбек қызын үшкіріп, жазамын деп үйіне әкеліп, некесін қиып, үйленіп алғанын жазған. Соңында “Біз бұл үшкірушінің атын газетке басып шығардық. Егерім үшкірушілер тағы алдайтын болса, орыс законы бойынша бұлар қатты іске кез кеп қалар” деген ескерту жасаған.

Қазақтың халық поэзиясы көне дәуірден белгілі. Оның үлгілерін хатқа түсіру де ерте кезден қолға алынған. Мұны Ж.Баласағұнның “Құтадғу білігінен”, тарихи ескерткіштерде кездесетін ескі өлеңдерден, мақал-мәтелдерден байқаймыз. Сонымен қатар М.Қашқари жинаған мақал-мәтелдердің де бірсыпырасы қазақ халқына етене жақын, байырғы ауыз әдебиеті үлгісі болып саналады.

XVIII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап қазақтың жоқтау жырларымен бірге “Қобыланды”, “Қозы Көрпеш — Баян сұлу”, “Алпамыс” эпостары қағаз бетіне түсе бастады. Бұл мәселеге “Түркістан уәлаятының газеті” де айтарлықтай үлес қосқан.

Қай елде болмасын, жазба әдебиетінің дамуында баспасөздің рөлі зор болған. Мұның жарқын мысалын “Түркістан уәлаятының газеті” беттерінен де аңғарамыз. Онда алдымен түрлі әдеби жанрлар көрініс тапқан. Мысалы, басылымның 1879 жылғы 28-нөмірінде парақор қазақ билерін әжуа еткен сықақ әңгіме жарияланған. Әңгімеде екі бидің өзара келісе алмай жанжалдасқаны күлкілі суреттеледі. Олардың бірі: “Сен мырза қожадан алған ділдәға мастанып отырсың” десе, екіншісі: “Сен жұрттан параны жеп-жеп, аузыңнан шыққан сөзді білмей отырсың” деп, ақырында екеуі төбелесе бастайды.

Келесі “Бір қудың екі байды алдап кеткендігі туралы” деген әңгімеде фельетон элементтері басым. “Түркістан уәлаятының газетінде” очерктің портреттік, жолсапар түрлері де алғаш рет пайда болған. Бұл материалдан орыс басылымдарында жарияланған туындылардан үлгі-өнеге алғандық байқалады. Сондай-ақ онда XIX ғасырдың жетпісінші жылдарындағы **Орынбай, Досанбай, Майлықожа** тәрізді атақты ақындардың айтыстары мен өлеңдері жөне ауыз әдебиеті туындылары жарияланып тұрған.

Басылымда Салық Қарауылұлы Бабажанов жинап бастырған мақал-мәтелдер жұртты ойлантып, толғантып, төзімділік пен ізгілікке, тапқырлыққа баулыды. Осымен қатар, редакция қызметкерлерінің тіл мәселесі жөнінен де өзіндік көзқарасы болған. Оны Орынбай ақын шығармаларының тілін мақтап, өзбек, татар, араб сөздерімен шұбарланған кей автор туындыларын сынаған мақалаларынан аңдаймыз.

## 2. “Дала уәлаятының газеті”

“Түркістан уәлаяты газетінен” кейінгі өзіндік тарихи орыны бар қазақ тіліндегі екінші басылым — “Дала уәлаятының газеті” жаңадан құрылған Омбы генерал-губернаторының органы ретінде Омбы қаласында 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін 14 жыл қатарынан жарық көріп тұрған. Оның орысшасы “Киргизская степная газета” деп аталған.

Газеттің редакторы ретінде әр кезде И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абазадеген кісілер қол қойып отырған. Ал басылымның қазақшасын үзбей редакциялаған генерал-губернатор канцеляриясының аға тілмашы Е.Абылайханов пен Д.Сұлтанғазиндер болатын.

Газетте Р.Дүйсенбаев, Б.Чалымбеков және тағы басқа бірнеше адам аудармашы, әрі әдеби қызметкер міндетін атқарған. Сондай-ақ мұнда арнайы тілшілер ретінде О.Әлжанов, Ж.Аппасов, Ш.Айманов, Д.Иманқұлов, А.Қылышбаев, А.Нөгербеков, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Қ.Жанатаев, А.Шонаев, Б.Әбдіков жиі мақала жазып тұрған. Редакция қызметкерлерінің және газет авторларының арасында Мұхаметжан Сералин, Асылқожа Құрманбаев, Қорабай Жапанов секілді халық арасынан шыққан, оқыған, прогресшіл бағыттағы адамдар да болған.

Газет патшаның реакцияшыл, отаршылдық саясатын насихаттайтын материалдарды жариялаумен қатар, өзінің ресми емес бөлімінде егіншілікті өркендету, отырықшылыққа көшу, ғылыми жаңалықтар, мәдениетке ұмтылу (дәрігерлік көмек, мектеп ашу, қазақ тілін, әдебиетін дамыту проблемалары), ел басқару, сауда ісін жолға қою, мал тұқымын асылдандыру және т.б. көптеген мәселелерді қамтып тұрды. Сондай-ақ мұнда шетел және Ресейдің ішкі жаңалықтары, көршілес мемлекеттер жөнінде де хабарлар берілді. Газеттің нақты тиражы туралы анық мәлімет жоқ. Дегенмен бір ақпарда оған міндетті жазылушылар саны 1332 деп көрсетілген.

“Дала уәлаятының газеті” патша үкіметінің органы болғанымен, қазақ халқының өмір-



тұрмысында прогресшіл рөл атқарған басылым. Бұл бағытта орыс ғалымдары мен саяхатшыларының да сіңірген еңбектерін жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе, В.Радлов, А.Алекторов, Г.Потанин, П.Обручев, С.Гордлевский, А.Ивановский, Н.Пантусов, Н.Ядринцев, Вельяминов-Зерновтар орыс ғылымын қазақ халқына жеткізуде айтарлықтай қызмет етті. Олар “Дала уәлаятының газеті” ізденісіне жөн сілтеп, қамқорлық танытып отырды. Басылым жұмысына жай тілектес болып қана қоймай, қандай тақырыпты насихаттау және қандай ғылыми, әдеби материалды аударып басу жөнінде ақыл-кеңес беріп, өздері де үзбей мақала жазып тұрған.

Қазақтар тұңғыш рет “Дала уәлаятының газеті” арқылы орыс халқының В.А.Жуковский, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Крылов, Л.Н.Толстой, Г.И.Успенский, Д.Н.Мамин-Сибиряк секілді атақты ақын-жазушыларының шығармаларымен танысты. Газетке қазақ пен орыс халқының жазба және ауыз әдебиеті шығармаларымен бірге украин, литва, татар, башқұрт халықтары әдебиетінен, сондай-ақ шығыстың “Мың бір түн”, “Ләйлі-Мәжнүн” тәрізді туындыларынан да үзінділер берілді.

Қазақтың халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың мақалалары, Ыбырай Алтынсаринның шығармалары, Абайдың өлеңдері, халық ақындарының туындылары, “Бозжігіт”, “Еңлік-Кебек”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қамбар батыр” дастандары, Алдар көсе мен Қожанасыр, Жиренше шешен туралы аңыздар, қазақ ертегілері де “Дала уәлаятының газетінде” жарық көрген.

Басылым өз қызметін оқырманына кімнің дос, кімнің қас екенін түсіндіруден бастаған десек қателеспейміз. Себебі, іргелі өндіріс орны, зауыты, фабрикасы жоқ жағдайда өмір сүру, әсіресе кедейлерге өте ауыр тигендігі түсінікті. Оның үстіне кедейлердің өз алдына бөлініп, тірлік еткенін байшонжарлар ұнатпады. Қайта ру мен рудың, ағайын мен ағайынның бас араздығын өршітіп, сол арқылы арзан жұмыс күшін пайдаланғысы, байлық күдіретін еріксіз мойындатқысы келді. Мұның бір айқын көрінісін “Кісі өлімі” деген материалдан байқауға

болады. Онда Семей уезіне қарайтын Делбентай қазақтарының арасынан төбелес шығып, Нұрлыбай Сарымсақұлы деген жарақаттанып, екі күннен кейін қайтыс болғаны айтылған. Үстірт қарағанда бұл жеке адамдардың арасындағы шекіс тәрізді көрінеді. Біздіңше, бұл бай-шонжарлардың бір ауылды екінші ауылға айдап салу саясатының нәтижесі болып табылады.

Газеттің осы нөміріндегі “Барымтадан болған кісі өлімі” атты мақалада: “Семей облысы Шыңғыс ауылының малын барымталап, қуып кету үшін Аякөздің алты қазағы жылқыға тиіскен. Жылқышылармен болған қақтығыста шабуылдаушылардың бірі өліп, үшеуі қолға түскен”, — деп хабарлаған.

Ұры-қары болмаса, ауыл адамдары өздігінен, мұндай жүгенсіздікке бара қоймасы белгілі. Ол кезде бірінің байлығын бірі көре алмаған, қызғанған шонжарлардың өзара күндестігі, мансапқорлығы көбіне осындай кісі өліміне себеп болып, кедейлер тұрмысын бұрынғыдан да ауырлата түскен.

Ал, басылымның 1888 жылғы 30 желтоқсандағы 52-нөмірінде жарияланған “Бұрынғы замандардағы қазақтардың билік құруы” деген мақалада: “Бұл күндері де қырғыздар (қазақтар) көшпенділік әдет-ғұрпын сақтап жүргенімен, билік (сот) саласында едәуір өзгерістер болды. Бұрын әр руды ақсақал биледі, ол әрі басшы саналды. Өзгелер соны тыңдап, шешімін жүзеге асырды. Ақсақалдар билік етуге ебі, қабілеті бар өз мұрагерлерін тәрбиеледі. Ал қазіргі ауылдағы ақсақал билігі шектеулі, негізгі тұлға болыстар болып есептеледі”, — деп ел ынтымағының ыдырау себебіне ой жүгіртеді.

Газет қызметкері Қ. Жапановтың қазақ халқының экономикасы мен мәдениеті дамыған алдыңғы қатарлы елдерге жетуге ұмтылғаннан гөрі әкімдікке таласып, елдің шырқын бұзатын болыс-билерді сынағаны да жай емес. “Болыс сайлауында ел жікке бөлініп, бүлікке ұрынды. Осыны қоятын мезгіл жетті емес пе? Кедей болса да, соған лайықты адам сайлайық. Халықты бүлдірмейік. Оның мүддесін

<sup>1</sup>“Дала уәлаятының газеті”. 1893, 3 қаңтар.

<sup>2</sup>“Дала уәлаятының газеті”. 1988, №3.

ойлайық. Бізге көрсетілген сенімді ақтайық”, — деп жазды ол.

Қазақ халқының бірлесіп, ел болып дамуына кедергі-кесел келтірген жаман әдеттерді газет қызметкері Р.Дүйсенбаев та батыл әшкерелеп, олардан қалай арылу мәселесі төңірегінде келелі ой қозғады. “Қазақ арасында жылқы ұрлауды қойғызу туралы” және “Қырдан келген хабарлар” атты мақалаларында: “Барымта қазақтың қазіргі өмірінің басты кеселдерінің бірі... Қазақта барымтаның жойылмай келе жатқандығын мен мынамен түсіндіремін. Барымтаны кім жасайды? Даланың күштілері — болыстар, билер, старшиналар, тағы сондай ықпалы жүретін бай адамдар жасайды. Олар өздері ұрламағанымен, ұры ұстайды, барымта малын иемденеді”, — деп барымтаны қатты сынады.

Р.Дүйсенбаев қазақ елін жайлап жатқан әділетсіздік сырына да көңіл бөлді. Ол “Мәселен, лауға кедейдің жалғыз атын алып кетеді. Бір-екі айда атының басын қайтарып алса жақсы, әйтпесе ол да жоқ. Мен осындай әдіспен 250 ат жинап алған болысты білемін” (№45, 1895), — деп әділетсіздіктің кімдерден туындайтынын алға жайды. Сонымен қатар бұл автор “Саудагерлер қалайша қазақты жейтіні” (№10, 1895), “Қырда билет бергенде қылатын қысым” (№ 44, 1899) деген мақалаларында да халықты алдаушы алаяқтарды жиіркене сынады.

Кедей қазақтардың тұрмысын қайтсе жақсартуға болатыны туралы да “Дала уәлаятының газеті” бірқатар жұмыс жүргізген. Солардың бірі — мал шаруашылығы мәселесі болды. Басылым бірінші нөмірінде Дала уәлаяты генерал-губернаторының №119 бұйрығын жариялады. Онда халық қолындағы малдың аштан өлуі, ит-құсқа жем болуы, есепсіз сойыла беруі, соның салдарынан тұрғындардың жокшылыққа көбірек ұшырауы мал шаруашылығы өнімдерін ойдағыдай өндіруге елеулі залалын тигізгені айтылған. Осыған орай қазақ кедейлерінен салық алмау жөнінде нұсқау берілгені, содан бері өткен үш-төрт жыл ішінде “Дала уәлаятында” мал

<sup>1</sup>“Дала уәлаятының газеті”. 1899, №1.

өнімінің артқаны, кедейлер тұрмысының жақсара түскені тәптіштеп түсіндірілген. “Осыны ескере отырып, — делінген бұйрықта, — тұрғын халық 41 топқа бөлінді. Олардың әрқайсысы түгінінен 50 тиыннан 125 сомға дейін салық алуға тиіс”.

Бұйрық мәніне қарағанда қазақтар арасындағы мал шаруашылығының дұрыс жолға қойылуына патша әкімшілігі де мүдделі болған. Өйткені, мал байлығы екінші табыс көзі еді. Сондықтан да жағдайға қарай бұл саладағы тығырыққа тірелген проблеманы аздап болса да шешуге ұмтылғанын түсінуге болады.

Сондай-ақ, бұл басылымның беттерінде мал дәрігерлік кеңестердің беріліп тұруын да мал басын көбейту мақсатынан туындаған шара деп білеміз. Осыған орай “Мал ауруының дәрісі” атты мақалада: “Малың болып, ол ауырған жағдайда бір шыны қайнаған суға бір мысқалдай алмас салып, еріту керек. Оны бір шелек көбікке араластырып береді немесе күштеп жегізу қажет” — деп кеңес береді.

Ал “Бөгелектен сақтау” деген екінші бір мақалада: Мал бөгелек шаққанда мазасызданады, ауырады. Мал сондықтан ет алмайды. Өйткені, бөгелек салған тұқым тері астында жатып, өсіп-өнеді. Бұл зиянды. Сондықтан едәуір кендір майын қыздырып, бүгелек шаққан жерге жаққан дұрыс” деп халыққа құлаққағыс жасайды.

“Дала уәлаятының газеті” тек мал шаруашылығын дамыуға үндеп қана қоймай, оның қысқы азығын дайындауға да көңіл бөлген. Мұны “Шабындық һәм оны баптау” материалынан да көреміз. Онда “Жақсы шабындық шаруа жайынан тұрғындарға ырыс, байлық. Шөпті көп жинау үлкен олжа. Сол сияқты әркім шөпті көбірек жинаса өзіне жақсы. Шөп биік, қалың болса тіпті жақсы. Бірақ біреулер шөп өзі де шыға береді ғой деп жүре береді. Іс олай емес. Шөпті қалың шығару үшін біз былай әдіс айтамыз. Бұл қиын емес. Шабындықты күзде малалау керек. Сонда қар суы ағып кетпей топыраққа сіңеді. Сонда шөп қалың шығады. Жерді малалағанда мал астынан шыққан қиды шашуды да ұмытпау керек”, — деп ақыл-кеңес береді.

Малдың еті мен сүті азық саналса, терісі мен жүні киімге, баспанаға қажетті шикізат көзі болатынын газет жақсы насихаттаған. Соның бірі — “Ақмола облысындағы мал шаруашылығы” деп аталады. Онда қазақтың қойы, жылқысы, түйесі, ешкісі жайлы жылы лебіз білдіріліп, бұл мал түліктерінің қыстан қысылмай шығуы шөп қорының молдығына байланысты екендігі сөз болған. Осыған орай басылымның 1899 жылғы 4-нөмірінде мынадай бір мәлімет берілген: “Атбасар, Көкшетау, Ақмола, Омбы уездерінде өткен бір жыл ішінде 1971 түйе, 16136 жылқы, 14067 сиыр, 46179 қой, 1328 ешкі шөп жетімсіздігінен аштан өлген. Ал 523 түйені, 1985 жылқыны, 1406 сиырды, 16040 қойды, 566 ешкіні қасқыр жеген”.

Міне, осы шығындардың есесін толтыру мақсатында патша әкімшілігі Көкшетауға 18 мың, Атбасарға 1 мың, Ақмолаға 5700, Петропавлға 4 мың сом, барлығы 33700 сом қаржы бөлген. Бұл факті шаруашылықты дамытуға, шикізат қорын молайтуға әкімшіліктің де мүдделі болғанын көрсетеді.

Сол кезде Р.Дүйсенбаевтың қазақ халқының ұлт ретінде дамып, сақталып қалуының негізін жан-жақты дамыған экономикадан деп білуі де тегін емес-ті. Ол “Мал шаруасы осы бойында тұрғанда қазаққа пайдалы ма?” атты публицистикалық мақалалар циклінде қазақ халқын басқа ұлттар қатарына ешкім әкелмейтінін, көшпелі және таптық, отарлық қанауға ұшыраған оны отырықшылық өмір ғана дамуға бастайтынын әңгімелейді.

“Дала уәлаятының газетінде” жарияланған қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне байланысты материалдарды оқи отырып, сол бір сүреңсіз шақтағы тағдыр талқысын толық сезінгендей боламыз. Өйткені, ғасырлар бойы көшіп-қонып, негізінен мал шаруашылығымен айналысып, айналасындағы өзгерістерге көңіл бөлмеудің қандай зардабы барын басылым материалдары алға жаяды.

Газет ендігі жерде тек қана мал шаруашылығымен айналысу тиімсіз екенін, ел қатарлы егіншілікпен

<sup>1</sup>“Дала уәлаятының газеті”. 1890, №1.

айналысқанда ғана қатарға қосылуға болатынын өмірдің өз мысалдарына жүгіне отырып түсіндіреді. Демек, экономика мәселесіне, болашақ ғұмырға баса көңіл бөлген. Айталық, тілші Қосжанов былай деп жазды: “Мысалға 100 жылқысы бар қазақты алайық. Ол жылқысының әрбірін 10 сомнан бағалағанда барлығы 1000 сом тұрады. Жүз жылқыдан кемінде 20 бие құлындайды делік. Әрбірін 3 сомнан бағаласақ, 20 құлын 60 сом тұрады. Кемінде 10 құлын өлім-жітімге ұшырайды. Сонда бұл қазақтың 100 жылқысынан бір жылда 302 сом ғана кіріс кіреді. Ал бұл кіріс оның жылдық мұқтажын өтей алмайды” №44, 1889). Осылай кіріске есеп жасаған тілші жұртқа мал өнімінен түсетін пайданың шамалы ғана болатынын, отырықшылықпен айналысудың тиімділігі одан әлдеқайда мол екендігін насихаттаған.

Бұл туралы өз ойын білдірген екінші бір автор мал мен егін шаруашылығын салыстыра келіп, “220 қойы бар қазақтың жылдық кірісі 67 сом, ал екі десятина егіннен (шамамен екі гектарға тең) 80 пұттан астық жинаған шаруаның кірісі 120 сом болады”, — деп нақты мысалдар арқылы дәлелдейді.

Қазақ қоғамындағы осындай оң өзгерістерді басылым дұрыс көре білген. Бұл жөнінде газет тілшісі Қ.Жапанов былай деп жазды: “Біздің уездің қыр қазақтары егіншілікті жақсы меңгеруде... Әр десятина жерден алпыс-жүз жиырма пұтқа дейін астық бастырылуда. Енді әркімнің өз наны болады”, — деп қуанып жазып, мол өнім үшін егінді суарудың пайдалылығын, ол үшін арықтар қазу керегін мәселе етіп көтерді. Ол екінші бір мақаласында Кереку уезінің қазағы Әміре Нөгербековтың диқандық еңбегін сөз етіп, “егіншілік еңбегімен күн кешкен кедейдің бірден-бір мақсаты болуға тиіс”, — деген пікір айтқан.

Басқа да қаламдастары секілді Қорабай да патша үкіметінің отарлау саясатын түсінді. Ол орыс шаруаларының қазақтармен қатар қоныстануына қарсы болған жоқ, бірақ бұл қоныстану жергілікті

<sup>1</sup> “Дала уәлаятының газеті”. №1895, 16 шілде.

тұрғындар тұрмысына зиянын тигізбеуі керек деп санады.

Діни нанымдағы адамдардың санасын оятып, жаратылыс құбылыстарының сырын, адамзат ақыл-ойының ізденіс жемісін дұрыс насихаттап, түсіндіруге “Дала уәлаятының газетінде” жарияланған ғылыми мақалалар үлкен рөл атқарған. Мәселен, басылымның 1889 жылғы I қыркүйектегі нөмірінен бастап, сол жылдың соңына дейін түркі халықтарының тарихын зерттеуші, венгр ғалымы Герман Вамберидің “Түркі халықтары” деген еңбегінің қазақ тіліне аударылған бөлімдері жарияланған.

Аудармашы венгрлік ғалымның қазақ халқының тарихы мен тіліне қатысы бар мәліметтерге сүйеніп, оны басқа ұлт оқырмандарына таныстыруды жөн көрген. Сонымен бірге еңбекте түркі тілдес халықтардың тарихына, тіліне, этнографиясына, тұрмыс-салтына, елді басқару ісіне, территориясына байланысты көптеген архив ескерткіштері, кітаптар, жазбалар және басқа да қажетті нұсқалар көрсетілген.

Ал “Бұрынғы заманда адамдар қалайша жазуды үйренді?” деген мақалада ғылыми анықтамалық фактілер мол берілген. Онда жазу-сызу таңбасының алғашқылары болғаны, әр адам өз ойын әртүрлі таңба мен сурет белгілерін салып жеткізгені, кейін олардың жеке заттың бас әрпінің ғана суретін салуға көшкені, **ең алғаш әріппен жазуға көшкен финикия халқы** екендігі туралы қызықты мәлімет берген.

Келесі бір “Қазақтың тәуір адамдары қылар ісі” деген мақалада “Ағұста шыққан “Русское ведомство” деген журналда Потанин деген кісі Көкшетауға қараған Шыңғыс Уәлихановтың ауылында болғанын басқан”, – дей келіп: “Білім оқуын үйреніп шыққан қазақтар қараңғы халқын жарыққа шығарып, өзінің білгенін білдіруге ешбір жаһат етпейді”, “олардың ғылым-білім білдім деп, туған жерін менсінбей кеткені дұрыс емес”, – деген мәселе көтереді. Осы орайда кадет корпусын бітірген Қалиолла Өскенбаевтың ісін үлгі етіп ұсынады. Оның Н.С.Тургенев, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой тағы басқа белгілі орыс жазушыларының шығармалары мазмұнын қазақша айтып беретінін жазып, мұндай адам ұмытылмайды деген тұжырым жасайды.

Әрине, мұндай мақалалар қазақ арасындағы оқу-ағарту мәселесінің дұрыс шешілуіне игі ықпалын тигізіп бақты. Соның нәтижесінде халыққа қызмет ететін интеллигенция құрамы: мұғалім, дәрігер, адвокат тәрізді мамандар пайда болды.

“Дала уәлаятының газеті” беттерінде әйел теңдігі тақырыбы бойынша да материалдар жарияланған. Олардың арасында Қазалы уезі Бөрті болысының билер соты жесір қалған Бәтима Егінбаеваға бостандық бергені туралы материал да болды. Бірақ бұл жекелеген оқиға еді. Себебі, ол кезде қазақ әйелінің тағдыры қайғылы болатын. Мұны “Бәти” деген әңгімеден ерекше сезінеміз. Бәти сүйген адамына қосылу үшін түнгі боранға қарамай, үйінен қашып шығып, жолда үсіп өледі. Әңгімені оқыған жұрт қазақ қыздарының сол кездегі тағдыры түнгі бораннан да қатыгез екенін біледі.

Қазақ қыздарының тағдыры “Махаббат күші” атты поэмада жалғасын тапқан. Мұнда да негізгі ойды астарлап, тұспалдап жеткізу әдісін қолданған.

Каспий теңізі мен Алтай тауларының аралығында созылып жатқан ұлан-байтақ қазақ даласының табиғат байлығы ұшан-теңіз. Мұнда сексеуілді шөл де, жиделі тоғай да, көкорай шалғынды алқаптар, қарағайлы ормандар аз емес. Сондай-ақ құстың да, аңның да алуан түрлері тіршілік етеді. Міне, осы дала төсінің орасан зор байлығын қорғай отырып, оны мүмкіндігінше кәдеге жарату мәселесіне өткен ғасырдың өзінде-ақ қоршаған ортаны аялауға назар аударыла бастағанын “Дала уәлаятының газеті” беттерінде жарияланған материалдардан айқын көруге болады.

Осыған орай басылымның 1888 жылғы 4-нөмірінде “Түркістан қырғауылы” деген атпен жарияланған мақалада былай делінген “Қырғауыл еті өте жоғары сапалы болып келеді. Сол үшін де оны пайдакүнемдер үнемі қырғынға ұшыратуда. Үстіміздегі жылдың қысында Ресейге кем дегенде 30 мың қырғауыл алып кетілді. Егер мұндай жағдай бұдан әрі жалғастырыла берсе, құстың тұқымы құрып кетуі мүмкін. Осыны ескеріп, алдын алу шараларын ойластыру қажет”.



Сондай-ақ, газеттің 1891 жылғы 1-нөмірінде “Қазақ жеріндегі қалыпсыз байлық” атты көлемді мақала басылған. Жалғасы келесі санында жарияланыпты. Онда “Ана өз баласын қалай емшегімен асыраса, адамды, жан-жануарларды жер де солай асырайды. Қырғыз (қазақ) даласы да сондай, бізді шуағымен жылытып келеді... Жер жомарттығы орасан зор. Оны қастерлеп қана қоймай, мал бағумен шектелмей, егін өсіруге, дұрыстап пайдалануға, табиғат байлығы-ағашты қалай болса солай кесе бермей, дұрыс жұмсау керек”, — деп ақыл-кеңес айтылады, әрі табиғи органы сақтауға, ысырапсыз пайдаланбауға үндейді.

Сібір теміржол магистралының салынуына байланысты қазақ даласында да капиталистік қатынастардың ене бастағаны белгілі. Әсіресе, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында сары май өндіру ісі жедел қолға алынды. Оның себебі, қазақ даласынан сары майды арзан және көп өндіруге болатын еді. Мұны жақсы аңғарған Сібір капиталистері Солтүстік Қазақстан облыстарынан май заводтарын көптеп салуға кірісті. Бұдан жаңа заманға бейімделіп бау жолдарын көздеген қазақ байлары да қалысқан жоқ. Атап айтсақ, 1900 жылы Шаяхмет Ташетов, Тілемісов секілді бай мен болыс 50 сиыр бөліп, 50 үйдің басын қосып, май өндірісі артельін құрған. Артельдің атынан Петропавл банкісіндегі қоғамдық қаржы кассасынан көп қаржыны қарызға алып, май өндіруге кіріскен.

Сауда жасап баюда Омбының 2-гильдиялық көпесі атағын алған Тәстенбек Шонаевтың әрекеттері, оның Меккеге барып қажы атанғаны, ал петропавлдық Бектұрған Қаражановтың тері-терсек, жүн-жұрқа алып, сатумен жылдық саудасының айналымы 80 мыңға жеткені туралы да мақалалар жарияланған.

Газеттің 1896 жылғы 5-нөміріндегі А. Аппасовтың “Өсімқорлар туралы” деген орыс тіліндегі заметкасын М.Горький оқып: “С. деген біреу соның өз кесірінен

1 “Дала уәлаятының газеті”. 1895, 8 қаңтар.

2 “Дала уәлаятының газеті”. 1896, №3

3 “Дала уәлаятының газеті”. 1891, №48

кедейленген бүкіл рудың ішінен таңдап отырып ең сұлу екі қызды текке алған. Л. деген біреу тағы бір сұлу қызды алыпты. Газеттің айтуына қарағанда қыздар проценттің есебіне кетіпті. Өсімқорлардың қазақтан алатын проценті өте көп, қарызға берген 3 сомы екі жылда қырық-елу сом болып өседі екен. Сайып келгенде, бишара қазақ бар малын борышын өтеуге беріп, бір тілім нансыз қалатын көрінеді”, — деп қазақ халқының ауыр тұрмысына аяныш білдірген.

Өсімқорлардың елді қанаудағы осындай әрекеттерін әшкерелеуде Қ.Жапанов көзге түсті. Ол өсімқорлардың саудасы алым жиғанда жөне қазақтар қалаға шығарда қызатынын айта келіп “Теңге басы жетпіс тиын өсім деп нарық айтады. Сарымайдың пұты үш сом, бұзау екі сом тұрады. Алым жия келгенде қазақ қарызға алған 4 сомды береді. Сонда ол байғұстың екі бұзауы борышқа кетіп, баяғы екі сиыры қалады. Өсімі жоқ”, — деп кейістік білдірді.

Қазақ саудамен араласпаған деген кесім күні бүгінге дейін айтылып қалып жүр. Рас, сауданы қазақ бірыңғай кәсіпке айналдырмаған. Дегенмен, күнделікті мұқтажы үшін бірен-саран ауыл айырбас саудаға араласқанын газет ашық жазып отыр. Жыл сайын Семей, Павлодар, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар жәрмеңкелеріне төрт түлік малды, түйе, сиыр, жылқы, қой-ешкі терілерін, жүн, қыл, сары май, киіз тағы да басқа заттарын апарып, саудаға салған.

Сөйтіп, дала халқының мұқтажы базарсыз, жәрмеңкесіз шешілмеген. Соған байланысты мал саудасы жыл өткен сайын өсе түскен. Мысалы, 1820 жылы Орынбор, Сібір, Орал өлкелерінде саудадан түскен пайданың жалпы көлемі 115 мыңға бағаланса, 1862 жылы 5 миллион 348 мың 438 сомға жеткен. Егер де Қызылжардың айырбас ауласына 1820 жылы барлығы 70 мың мал түссе, 1860 жылдары жыл сайын 100 мыңнан аса ірі қара, 1 миллионға тарта қой, ешкі түсіп отырған. Осыдан-ақ сауда

<sup>1</sup>“Дала уәлаятының газеті”. 1901, №43.

мәселесінің барған сайын ұлғая бастағанын, соған орай қазақтардың қажеті де өсе түскенін байқаймыз.

“Дала уәлаятының газеті” қазақ ауыз әдебиеті түпнұсқаларын жинап, бастыруда сондай-ақ, орыс әңгіме-ертегілерін аударып жариялауда едәуір ізденістер танытқан. Онда да сол кездегі жағдайға байланысты, жұртқа ой салар, мысал-мысқал түріне баса назар аударған сияқты.

Басылымның ауыз әдебиеті үлгілерін жариялауына, әсіресе орыс әдебиетінің аударма үлгілері елеулі әсерін тигізсе керек. Атап айтар болсақ, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың аударуымен жарияланған Л.Н.Толстойдың “Ұзақ пен көгершін”, “Бұғы мен қарақаттың сабағы”, “Бұғы”, “Қоян”, “Өтпес пышақ” сияқты мысал-әңгімелердің жариялануы тегін еместі.

Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы қазақ оқығандары Б.Адықов, Ш.Айманов, Р.Дүйсенбаев тағы басқалар газетке бастырған дүниелерді халықтың ауызша шығармасы деп атап, соңына өз аты-жөндерін жазса, енді біреулері бұл материалдарды кімнен, қайда жазып алғанын хабарлаған.

Сондай-ақ газет “Редакцияға хат” деген тақырыпта хаттар, арнаулы мақалалар жариялап, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілін дамытудың көкейкесті мәселелерін қозғады. Авторлар аударма және қазақ ақындарының таңдаулы шығармаларын жинап, не жеке кітап етіп шығару жөнінде пікір алысты.

“Дала уәлаятының газетінде” қазақ тілін дамыту мәселелері жөнінде де пікірталасы болған. Оның 1888 жылғы 42-нөмірінде Б.Адықовтың редакцияға жолдаған хаты жарияланыпты. Ол хатында: “Осы уақытта Қазақстан һәм басқа шаһарларда басылған кітаптар түрікше, ноғайша, аралас тілдермен жазылған. Бұл қазаққа түсінікті емес. Сондықтан таза қазақ тілінде кітаптар шығарса халыққа пайдалы болар еді”, — деген ой айтқан.

### 3. “Торғай газеті”

1869 жылы 2 қаңтарда Орынбор және Сібір ведомствосына қарайтын территория қайта құрылып, Торғай облысы делініп атала бастады; құрамына 4 уезд, 28 болыс қарайтын облыс сол кездегі Қазақстанның біраз жерін алып жатты.

Ал, 1879 жылы орталығы Орынбор қаласында облыстық басқарманың баспасөз орталығы құрылып, оның ресми органы шыға бастады. 1895 жылдан бастап бұған қосымша “Тургайская газета” деген атпен ресми емес бөлімі шығарылып, ол 15 жылдай өмір сүрді. “Торғай газетінде” Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметімен таныстыратын материалдар жарияланды.

“Торғай газеті” көпшілікке пайдалы материалдарды орыс әрпімен және араб әріптерімен қазақ тілінде жиі-жиі жариялап отырды. Әсіресе, сол кездегі жұтқа, эпимедияға байланысты материалдар, қоғамдық құбылыстарды сынайтын фельетондар, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап басып отырды.

**Орыс алфавитін икемдеп, таза қазақ тілінде материалдар жариялау баспасөз тарихында осы “Тургайская газетадан” басталады.**

Орынборда шығатын баспасөз органдарына жетекшілік еткен Торғай облыстық басқармасы газет столының төрағасы Ғ.Балғынбаев болды (1902-1906 жылдар).

Ғ.Балғынбаев туралы деректі толық болмаса да Қазақ Совет Энциклопедиясынан алуға болады (2-том, 128-бет). Онда оның журналистік қызметіне қатысты бір-ақ сөйлем жазылған: “Торғай облыстық ведомстволары” газетінің редакторы (1902) Ғ.Балғынбаев тек әкімшілік жұмыспен ғана айналыспай өзі де жиі-жиі мақалалар жазып тұрды. Қазақ тіліндегі материалдарды орыс газеттеріне аударып беріп отырды. Революциялық қозғалыс жылдарында “Торғай газеті” прогресшіл бағыт ұстады. Революция қарсаңында бұл газеттің

<sup>1</sup>“Түркістан уәлаятының газеті”. 1871жыл, №9,10.

## Қазақ журналистикасының тарихы

бетінде қазақ еңбекшілерінің екі жақты езгіге — “өз” байларының және патша самодержавияссінің езгісіне түсіп отырғанын сипаттайтын материалдар жарияланды.

Ғ.Балғынбаевтың публицистік қызметі “Тургайская газетаның” 1895 жылғы 45-нөмірінде “Қарабұтақтағы қыздардың орыс-қазақ училищесінің ашылуы” атты мақаласынан басталады.

“Тургайская газетаның” 1904 жылғы 48-санынан бастап Ғ.Балғынбаевтың әлденеше нөмірге жарияланған “Қырғыз” (қазақ) тұрмысының очерктері” қосалқы тақырыпшасымен “Бесіктен молаға дейін” (От колыбели до могилы) фельетоны көшпелі қазақ халқының денсаулық сақтау ісінің кемшіліктерін өлтіре сынаумен бірге, олардың тұрмысы мен әдет-ғұрпының тозығы жеткен көлеңкелі жағын әшкереледі.

Ғ.Балғынбаев сол кездегі Орынборда шығып тұрған басылымдарда ғылыми мақалаларын және халық ертегілері, аңыз т.б. үлгілерін орыс тіліне аударып жариялап отырды.

Бұл басылымда Ғ.Балғынбаевпен қатар Ж.Сейдалиннің де біраз мақалалары жарық көрген.





## ЕКІНШІ ТАРАУ

### Қазақ жеріндегі революциялық толқулар мен тарихи өзгерістер кезеңіндегі баспасөз (1905-1907 жылдар)

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық революциясы көпшіліктің саяси санасын шыңдаған мектеп болды. Соның нәтижесінде тарихта тұңғыш рет жұмысшы мен шаруа одағы бірлесіп, өздерінің ортақ жауы — патша самодержавиесіне қарсы күреске шықты.

Революция жаңғырығы Қазақстан даласына да жетті. Верный, Әулиеата қалаларының, Перовск, Қазалы, Орал, Ақтөбе, Семей, Петропавл теміржол станцияларының жұмысшылары мен демократиялық ниеттегі еңбекшілері патша үкіметінің озбырлығына наразылық білдіріп, ереуілдер жасады. Орынбор, Ташкент, Түркістан, Перовск, Жосалы, Шалқар станцияларында жұмысшылар жұмыс күнін қысқартуды, экономикалық жағдайларды жақсартуды талап етті. Кей жерлерде жұмысшылар жаппай жұмысқа шықпау шараларын ұйымдастырды. Сөйтіп, қазақстандықтар да Бүкілресейлік стачкаға қосылды.

#### 1. Қазақстанда маркстік идеялардың таралуы

XIX ғасырдың соңына қарай империализм дәуіріне аяқ басқан Ресей дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығына айналды. Сөйтіп, “Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы” идеясы қазақ даласына тарай бастады. Оны таратушылар Қазақстанға жер аударылған орыс революционерлері — социал-демократтар болды. Олар өздерімен бірге тыйым салынған құпия

әдебиеттерді, патша үкіметіне қарсы жазылған прокламацияларды алып келіп, жергілікті тұрғындарға таратты.

Бұл кезде қазақ еңбекшілерінің пролетариаттану процесі жедел қарқынмен жүріп жатқан болатын. Ол жөнінде <sup>1</sup>“Восточное обозрение” газеті тілшілерінің бірі былай деп жазды: “Малынан және қыруар шабындық жерлерінен айрылған олар (қазақ кедейлері — автор) топ-тобымен мал өсіру кәсібінен қол үзіп, қырдан кетіп жатыр. Екіншілік кәсібіне көшуіне және тәуелсіз өнеркәсіп еңбегінің саласымен шұғылдануға мүмкіндік болмай, бұрынғы көшпелілер құстай “еркін”, қандай ауыр жұмысты болсын істей алатын жұмыскер ретінде еңбек етуде. Ақысы су тегін арзан жұмыс қолдары енді қаптап жатыр, олардың бұлай шұбыруы екі миллион қырғыз халқының күйзелуінен болып отыр. Табиғи байлығы мол сахарада малынан айырылған көшпелі халықтан жұмысшы мен пролетариат туындауда”.

Қазақ шаруаларының күнкөріс жолын іздеп, еңбек нарықтарына баруы пролетариаттың ұлттық кадрларының жасақталуының алғы шарттарының бірі еді. Бір ескертетін жағдай, Қазақстанда көп ұлтты пролетариат туа бастады. Мұның өзі оның таптық күрескерлік сана-сезімін шыңдауға, ұлттық томаға-тұйықтықтан арылуға қолайлы жағдай жасады. Әсіресе, орыс жұмысшылары, саяси жер аударылғандар қазақ жұмысшыларына революциялық тәжірибелерін бөлісіп, стихиялы әрекеттен саналы ұйымдасқан әрекетке көшу жолдарын үйретті. Мұны сезген Дала өлкесінің генерал-губернаторы 1883 жылғы есебінде: “Мұнан былайғы уақытта саяси себеппен жер аударылғандарды дала облыстарына жіберудің тоқтатылғаны дұрыс болар еді”, — деп жазуға мәжбүр болған.

Патша үкіметінің қатаң талап қойып, жіті бақылау жасауы Ресейге марксизм идеясының таралуын тездетті, нәтижесінде ол қазақ даласына да кең тарала бастады. Бұл бағытта күнделікті баспасөз үлкен рөл атқарды. Ол революциялық қозғалыстың мақсатын, сондай-ақ жұмысшылар мен шаруалар арасындағы

<sup>1</sup>“Восточное обозрение” газеті. 1989, №28.

қарым-қатынасты түсіндірумен болды. Соның бірі — жалпы орыстық, большевиктік “Искра” газеті, “Искраны” Ұлытау, Атбасар, Есіл, Ақмешіт маңына, Қарсақпай жұмысшыларына алғаш таратушылардың бірі — Иван Деев пен Сабыр Шариповтар екені тарихтан мәлім. Сабыр Шарипов пен Иван Деевтің көбіне-көп паналаған ауылы орта жүздің Бағаналы елі болған. Бұл елдің сауатты азаматтары “Қазақ” атты Ахмет Байтұрсынов басшылық еткен газетті шығаруға да ат салысқаны архивтік деректерден таныс. Әрине бұл туралы әңгіме ілгеріде болмақ.

“Искраның” тілшілері Ресейде ғана емес, Қазақстанда да болды. Олар қазақ халқының ауыр тұрмысынан хат-хабар, мақала жазып тұрды. Айталық, “Искра” 2-нөмірінде “Ұлы Сібір магистралы бойында” деген авторы көрсетілмеген хат жариялады. Онда темір жол қоғамы шонжарларын тіс қаққан қасқырларға теңеп, олардың нағыз жыртқыштық бейнесін ашты.

“Искраның” 1902 жылғы 15 қаңтардағы нөмірінде Орынбор-Ташкент темір жол құрылысын жүргізуші жұмысшылардың ауыр халі туралы мақала жарық көрген. Онда сол жылы басталған Орынбор-Ташкент темір жол құрылысы мердігерлері мен жұмысшылары арасындағы “шатақтар”, әсіресе, жұмысшылардың арсыздықпен тоналғандығы жазылды. Жұмыс істеу жағдайының өте ауыр екеніне, орынсыз айып төлеудің барынша етек жайғанына қарамастан, жұмысшылардың жалақысы дұрыс есептелмей заңсыз ұстап қалу тәрізді жолсыздықтардың кең орын алып отырғанын әшкереледі.

Корреспонденция соңында жұмысшылардың бір сом орнына 60-80 тиыннан ғана жалақы алатынын, бұған ашынған соң әкімшілікке қарсы шыққаны жазылған.

Ал “Искраның” 1903 жылдың 1 ақпанындағы нөмірінде Ташкент темір жолы жұмысшыларының ауыр халі туралы тағы бір корреспонденция жарық көрді. Онда жұмысшылардың төбесі сабанмен жабылған жер кепелерде тұратыны, шіріген көкеніс сорпасымен қоректенетіні үйреншікті жай екенін



жаза келіп, 450 шақырым жердегі Орынборға арызын айтуға жаяу бара жатқанда жолшыбай 46 жұмысшының аязға үсіп өлгенін жан түршігерлік оқиға деп көрсетті. “Қазақ сахарасында жүрген сорлы жандардың, — деді газет, — көрген күні қараң, еңбегі еш, аштық титығына жеткен бұлар, сайып келгенде, ажалға ұшырап тынар”.

Корреспонденция Ташкент темір жол құрылысының жақында аяқталатыны, бірінші поездің қанаушылық тозағынан өлген жұмысшылардың сүйегін басып жүретіні туралы кекесінге толы сөйлемдермен аяқталған.

Патша үкіметі революция толқынынан қауіптеніп 1905 жылғы 17 қазандағы манифесінде саяси бостандықтар, оның ішінде баспасөз бостандығын жариялады. Осыған байланысты жер-жерде жаңа газеттер жарық көре бастады. Соның ішінде 1905 жылы қазан айының аяқ шенінде Петербургте шыққан “Новая жизнь” газеті де қазақ даласына орналасқан әскери бөлімдерде де толқулар болғанын, ол толқулар Ташкент, Жәкент тағы басқа гарнизондарды қамтығанын жазды.

“Новая жизнь” 1905 жылғы 1 желтоқсандағы нөмірінде Орал облысы қазақтарының ауыр халі жөнінде корреспонденция жариялап, патша өкіметінің отарлау саясатын сынады. Корреспонденцияда Ресейдің ішкі губернияларындағы жері жоқ шаруаларды орналастыру үшін қазақтардың қоныстанып отырған, өңделген жерлері тартылып алынғаны, Жиренқұдық болысына қарасты қазақтардың 80 проценті егіншілікпен айналысқанына қарамастан, оларға бір десятина да егіндік жер қалдырмағаны жазылды. Орман, ағаштарынан да айырылған қазақтардың балаларға тамақ істеп беру үшін бір тал шыбықты да таппай отырғанын жаза келіп, газет “Қазақтар енді қайтеді? Чиновниктердің зорлығынан оларды кім қорғайды?” деп қынжылыс білдірді.

## 2. Алғашқы үндеу хаттар, листовкалар және ауызша газеттер

Қазақстанда марксизм идеяларын таратуда “Сібір социал-демократиялық одағының” атқарған қызметі ерекше болды. Оның патша самодержавиесін құлатуға шақырған “Сібір жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне”, “Жұртшылыққа”, “Жұмысшы жолдастар” деген, тағы басқа үндеу хаттары мен прокламациялары қазақ даласына кең тарлады.

Бұл орайда қазақ тілінде 1905 жылы тұңғыш жарық көрген “Үндеу өлеңінің” маңызы ерекше. Бұл үндеу-өлең патша жандармериясын алдауға, сөйтіп, қазақ еңбекшілері арасына таратуға қолайлы болуы үшін латын әріптерімен жазылған. Онда патшалық Ресей мен империалистік Жапония арасындағы халық үшін әділетсіз, басқыншылық мақсаттағы соғыстың кесірінен мыңдаған солдаттардың оққа ұшқаны, ел ішін жоқшылық, отаршылық жайлағаны, халыққа салықтың бұрынғыдан да көп салынып, қарапайым тұрғындардың тұрмыс-халі адам айтқысыз ауырлай түскені жазылды. Үндеу-өлең “Қимылдар уақыт келді осы кезде” деген жұртты революциялық шайқасқа шақырған жолмен аяқталды.

Бұл үндеу-өлеңді Омбының почта-телеграф қызметкері Мақсұт Бекетов жазған. Ол кейін Омбы телеграфшыларымен бірге 1905-1907 жылдардағы революцияға белсене қатысқан, сол кезде Омбыда шығатын “Степной край” газетіне тілші ретінде мақалалар жариялап тұрған.

1905 жылғы желтоқсанда Мәскеуде өткен қарулы көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін революция шегіне бастады. Реакция Ресейде де, басқа ұлт аймақтарында да шабуылға шықты. 1906 жылғы қаңтардың басындағы патша указы бойынша митингілер, жиналыстар өткізуге тыйым салынды. Ақмола, Семей облыстарына соғыс жағдайы енгізілді. Революциялық ереуілдерге қатысқандарды жазалау күшейді.

Алайда патша үкіметінің мұндай қатаң жаза қолданып, бақылауды күшейткеніне қарамастан, революциялық қозғалыс жалғаса берді. Оған

Қазақстан еңбекшілерінің де жаңа топтары қатысты. Бұлардың басты қарулары — үндеу хаттар мен парақшалар болды. Мысалы, 1906 жылдың қаңтар айында Семейдің социал-демократиялық ұйымы еңбекшілерге арналған мына мазмұндас үндеу жариялады:

“Азаматтар! Патша үкіметі халықты алдап соқты. 17 қазандағы манифесте ол уәде етті, бірақ бізге қарсы пулемет пен мылтық жұмсады; бізге бостандық береміз деп уәде етті, бірақ таңдаулы адамдарымызды түрмеге отырғызды. Самодержавиенің зұлым жәндеттерінің атқарып жүрген жұмыстары — еркін ой-пікірді құрту, көтеріліс жасаған халықты ату болып отыр”.

Сөйтіп, бірінші орыс революциясы жеңілгеннен кейін ел ішінде “столыпиндік” полициялық тәртіп орнады. Жұмысшылардың жалақысы кеміп, жұмыс күні ұзартылды, құпия баспасөздің жарық көруіне тиым салынды. Осындай қиын-қыстау кездерінде қазақ тілінде де біраз газет жарық көрді. Солардың бірі “Қырғыз газеті” еді.

### 3. “Қырғыз” (қазақ) газеті

Ол 1907 жылдың наурыз айында жарық көрді. “Торғай газетінің” 1907 жылғы I-санындағы “Новая киргизская газета” деген библиографиялық мақалада (авторы “Иң деп қана көрсетілген): “Біздің қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жаңа шыға бастаған “Қырғыз газетінің” 2-ақпандағы бірінші (пробный) нөмірі келіп түсті”, — деп жазылып, газет орыс және араб әрпімен екі тілде, яғни орысша, қазақша жарық көретіні, редакторы Х.Сосновский, бастырушысы Қостанайдың қазағы Е.Иманбаев екені айтылған.

Мақала авторы “Қырғыз газетінің” сол санында жарияланған материалдарға талдау жасап, олардың идеялық бағытын анықтауға ұмтылды. Ол газеттің ұстанған бағытына мынадай баға береді: “Шағын бас мақаласында редакция газеттің саяси бағытын ашып айтудан жалтарады. Бірақ онда басылған мақалалардың мазмұнына қарағанда, газет “солшыл бағыттағы органдардың жаугерлік тактикасын ұстау

ниетінде екендігін қателеспей-ақ айтуға болады”. Осылай дей келіп шолушы: “Қырғыз газетінің” редакциясы өзінің барлық күш-жігерін қазақтардың мүдделерін жалпыорыстық мүдделерімен байланысты жақтау үшін жұмсамақшы”, — деп патша үкіметінің отарлау саясатына наразылық білдірген пікірдің барына да тоқталады. Шолу “Сосновский мен Иманбаев қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отыр. Іске сәт, ізгі талапкерлер”, — деген жолдармен аяқталған.

“Қырғыз газетінің” материалдарынан байқалғанындай, ол солшыл бағыттағы органдардың тактикасын, яғни революцияшыл бағытты қолдады. Ондағы мақсаты — самодержавиені құлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт-насихат жүргізу болды. Бұдан оның прогресшілдік рөл атқаруды көздегені байқалады.

“Қырғыз газеті” шыққан тұста патша үкіметі халық наразылығын басу үшін жалған манифест жариялап, қаражүздік бандылар тобын ұйымдастырды, ұлт араздығын қоздырып, революцияны жақтаушы жұмысшыларды соққыға жығып, еврейлерді қырғынға ұшыратты. Осы жайларды ескере келіп, профессор Қ.Бекхожин: “Қырғыз газетінің” пайда болуының, оның патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күрес жариялауының, әсіресе, патша үкіметінің ұлт араздығын қоздыру әрекетіне жауап ретінде еврей Хаим Сосновский мен қазақ Ешмұхамбет Иманбаев, Жетпісбай Андреевтердің бірлесіп орыс және қазақ газетін шығаруының үлкен саяси мәні бар факті”, — деген баға береді. Патша үкіметі шет аймақтардағы ұлттардың наразылығын күшейтеді-міс деген сылтаумен “Қырғыз газетін” бірінші нөмірінен бастап мүлде жабуының өзі біраз жайды аңғартса керек.

#### 4. “Серке” газеті

“Серке” газеті — 1905-1907 жылдарда Ресейде болған бірінші революция екіпінімен шыққан баспасөз түрінің бірі. Бұл газет жайында Б.Кенжебаевтың

“Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер” деген кітабында бірталай мағлұматтар берілген.

“Серке” газеті 1907 жылы қазақ оқушыларына арналып, Петербургте шығып тұрған “Улфат” газетіне қосымша ретінде Шәймерден Қосшығұловтың басқаруымен, Хажы Ибрагимовтың редакторлығымен шыққан. Патша орындарының рұқсаты бойынша алғашқыда екі жетіде бір шығатын болып анықталса да, бірақ “Серкенің” екі нөмірі ғана шығып, тоқтап қалған. Жазылу бағасы бір жылға 2 сом, жарты жылға 1 сом 25 тиын, жеке саны 10 тиын.

“Серке” газетінің шығуы туралы 1911 жылы Мұхаметжан Сералиннің оқушыларға арнап жазған бас мақаласында айтылған: “1907 жылы ІІ мемлекеттік думаның мүшесі Шаһмардан Қосшығұловтың іжтиһатыменен Петербургт “Серке” журналы шыға бастап еді, ұзаққа бармай, үкімет тарапынан тоқтатылды. (“Айқап”, 1911, №1). Газеттің шығуы жайында Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында Ш.Қосшығұловтың айтуымен жазылған қолжазба да бар. Ол жазбада “Серке” газетінің 3-4 нөмірі шығып тоқтағанын, “Серке” деген не сөз, ол боранда қой бастайтын көсем мағынасында қолданатын ұғым деп түсінік берген. “Нәжет” (Азаттық) деген жинақта “Улфат” газетінің редакторының бірі деп қол қойған хабарда 1906 жылдың ақырында “Улфаттың” қазақ оқушыларына арнап, қазақ тілінде “Серке” атты екі жетілік газет шығаруға қарар болды. Келесі жылғы наурыз айының басында сол газеттің жариялауы шықты. Артынша, 28 наурызда бірінші саны шықты. Ол “Улфат” газетінің 67-санына қосымша болып шықты. Газет шыққаннан соң бірер күннен кейін полиция келіп, қала начальнигінің “Серке”, “Улфат” газеттерінің ұсталғаны туралы әмірін оқып, басқармадағы бар даналарын жинап, құлыптап кетті. Екінші күні тиісті орындардан сұрағанымызда олар: “Серке” газетіндегі кейбір мақалаларда қазақ халқын үкіметке қарсы үгіттеу бар, содан ұсталды деп жауап берді”, — делінген.

Ал, бүгінгі таңда бұл газеттің жабылуына басты себеп белгілі ақын-журналист Міржақып Дулатовтың “Жастарға” атты өлеңі мен “Біздің мақсатымыз” деген мақаласының жариялануы болды деген де дерек бар.

## 5.Большевиктік “Орал” газеті

Бұл басылым 1907 жылдың 4 қаңтарынан 27 сәуіріне дейін Орынбор қаласында жарық көріп тұрды. 31-нөмірі шыққанда патша үкіметі тыйым салды.

“Орал” газетінің редакторы большевик Хусаин Ямашев болды. Оны “Пролетарий” газеті “ұлтшылдық дегенді білмейтін нағыз социал-демократ” деп бағалады. Шын мәнінде ол редакторлық еткен “Орал” газеті “Орынбор-Ташкент” теміржолы бойындағы, сондай-ақ қаланың ішіндегі қазақ жұмысшылары арасында революциялық идеяны таратып, оларды қарулы күреске дайындады. Оның беттерінде пролетариаттың және маркстік партияның жетекшілік рөлі, жұмысшы-шаруа одағының маңызы, революция дамуының жаңа кезеңі туралы мақалалар жарияланды.

“Орал” газеті II Мемлекеттік Дума сайлауына байланысты шаруалар қозғалысына өз ықпалын жүргізуге либералдық буржуазияның және кадет партиясымен ынтымақтасуды жақтағандардың сырын әшкерелеп, оларға деген жұрт наразылығын тудырып отырды. Оның 1907 жылғы 2-нөмірінде В.И.Лениннің “Мемлекеттік Думаға кімдерді сайлау керек” деген мақаласы, “Интернационал” гимні аударылып жарияланды.

Газет, ислам дініне қарсы атеистік көзқарас танытты. Мысалы, басылым өзінің 3-нөмірінде былай деп жазды: “Россиялық мұсылмандар дүние жүзіндегі барлық ұлттар сияқты қай дінде екендігіне, қай ұлтқа жататындығына қарамастан тапқа бөлінеді. Мұсылмандар арасында помещиктер де, капиталистер де бар. Сондай-ақ, диқандар мен өзінің күшін жалға беретін жұмысшылар бар. Экономикалық мүдделері бар адамдар бір тап

болып есептеледі. Ол өзінің күшін жалға беретін жұмысшының мүддесі оның күшін пайдаланатын қожайынның мүддесінен мүлдем басқаша болады”.

Еңбекшілерді осылай саналылыққа тәрбиелеуге ұмтылған газет саяси бостандыққа және 8 сағаттық жұмыс күніне жету үшін, жер алу үшін барлық ұлттардың еңбекшілері самодержавиеге қарсы бірлесе күресуі керектігін ұран етіп көтерді. Оның бетінде қазақ еңбекшілерінің орыс халқына жолдаған “Ашық хаты” басылды. Хатқа “Қырғыздың” уполномочныйы” — деп қол қойған.

Профессор Б.Кенжебаев мұны жазған Бақытжан



*Оразай Ишан  
баласы Ахмет Ишан*

Қаратаев болуы мүмкін деген болжам айтады. Бұған себеп “Ашық хат” жарияланғаннан кейін, яғни Думаның 1907 жылғы маусым айында өткен мәжілісінде Б.Қаратаев сөз сөйлеген. Ондағы айтылғандардың мазмұны “Ашық хатпен” үндес келеді.

“Ашық хатта” патша чиновниктерінің қазақ еңбекшілерін ежелгі атамекендерінен қуып, жерлерін тартып алғаны туралы мәселе қозғалған. “Біз жоғарыда жазылған сөздерді орыс халқына дұшпандықпен айтып отыр-

ғанымыз жоқ. Орыс халқы бізге дұшпан емес. Біздің бәріміздің дұшпанымыз бір, ол әуелден самодержавное правительство дүр” деп жазылып, жер мәселесін әр халықтың мүддесіне сай шешуді талап еткен және Думаның олай шеше алмайтынын, патша үкіметі жойылмай, жер мәселесінің халық талабына сай шешілмейтінін ашық айтқан.



## ҮШІНШІ ТАРАУ

### Қазақ тіліндегі алғашқы бейресми газет-журналдар (1910-1917 жылдар)

1910-1911 жылдары Ресейдің экономикалық жағдайы күрт өзгеріп, өнеркәсіптік өрлеу өріс алды. Бұл жерде бір ескертетін жағдай, Қазақстанның экономикалық, саяси дамуының өз өзгешелігі бар еді. Сол себепті мұнда жұмысшы қозғалысының өрлеуі Ресейге қарағанда кешеуілдеп, баяу дамыды. 1910-1911 жылдары Қазақстан жұмысшылары экономикалық сипаттағы жекелеген талаптар төңірегінде ғана қарсылықтар жасады. Атап айтсақ, 1910 жылы жаппай жұмыстан шығаруға байланысты Орынбор теміржол ұстаханаларының жұмысшылары ереуілге шықты. Ереуілдің бет алысынан қорыққан әскери күш губернатордың жанындағы кеңес жұмысшыларды жаппай жұмыстан шығарудан бас тарту керек деген қаулы алуға мәжбүр болды.

Патша үкіметі Ленадағы 500-ден астам жұмысшының атылғаны және жараланғаны туралы мәліметтердің елге тарауынан қорықты. Газеттерге ол жөнінде жазуға тыйым салды. Соған қарамастан, түрлі баспасөз арқылы Ленада болған шындық дүниенің төрт бұрышына тарап кетті. Тіпті, бұдан патшалық ресми “Туркестанский курьер”, “Омский вестник” газеттері де қалыс қалған жоқ. Сырдария облысының әскери губернаторы Лена алтын кендеріндегі қанды қырғын туралы материалдар жарияланғаны үшін “Туркестанский курьер” газетінің редакторына айып салған.

Сөйтіп, ел ішінде Ленадағы қанды қырғын оқиғаларына үн қосқан жаппай ереуілдер, дем-



онстрациялар өріс алды. Оған Қазақстаннан Риддер кен орны, Нілді мыс қорыту заводы, Жем мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысшылар, Екібастұз көміршілері қосылды. Ал, Лена оқиғасының жаңғырығын қазақ жеріне толық жеткізген “Правда” газеті болатын. Оның үстіне көтеріліс кезінде ауыр жараланып, кейіннен 12 жылға каторгаға үкім етілген, революциялық күрес жолын туған жері Қарқаралыда аяқтаған Уғар (Мұқатай) Жәнібеков туралы деректер де еңбекшілер санасын оята түсті.

Міне, 1905-1907 жылдардағы орыс революциясының тұсында және 1910-1911 жылдарғы ре-волюциялық жаңа өрлеу кезеңінде “Искра”, “Правда” сияқты жалпыорыстық жұмысшы басылымдарының әсерімен Орда қаласында өздерінің демократиялық, мәдени-ағартушылық күрес жолдарын бастаған қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы бір топ өкілдері өздерінің жасырын көпшілік одағын ұйымдастырды. Сөйтіп, олар ең алдымен одақтың шаруашылық және саяси мақсаттарын жүзеге асыру үшін “Қазақстан” газетін шығаруды қолға алады.

## 1. “Қазақстан” газеті

Көпшілік одағының мүшелері 1910 жылы елден қаржы жинап, Орда қаласындағы А.Н.Щелкованың меншікті баспаханасын ұйымдастыруға көмектеседі. Сөйтіп, **1911 жылдың наурыз, мамыр айларында орыс баспаханасынан “Қазақстан” газетінің алғашқы екі нөмірі жарық көреді.** Бұл туралы газет қызметкері С.Меңдешев “Бөкей даласындағы 1916 жылғы көтеріліс” деген мақаласында сөз еткен.

Газетті шығарушылар екі нөмірі жарық көргеннен кейін редакцияны Орда қаласынан Орал қаласына көшіреді. Оған патша әкімшілігінің цензурасыз шыққан басылымның әр мақаласына кінә тағып, авторларды қуғындауы себеп болған.

Редакция ұжымы Оралға көшіп келген соң Мүтиғолла Тухватуллин, Ғабдолла Тоқай,

<sup>1</sup> “Екінді құрылыс” газеті. 1936, 14 шілде.

<sup>2</sup> “Қазақстан” газеті. 1913, №1, 27 қатар.

Қамин Тухватуллин, Мұхамед-Ғали Мусин сияқты татар қайраткерлерінің араб әрпімен өз тілдерінде газет, журнал шығарып тұрған баспаханасын несиеге сатып алады. Қарыздан бірден құтылу оңайға түспейді. Соның зардабынан редакция қызметкерлері газет шығару орнына үш-төрт ай бойы жекелеген мекемелер мен адамдардың тапсырыстарын орындау үшін асыл уақыттарын кетіреді. Ақыры қарыздан құтылудың басқа амалы болмаған соң, елден газеттің тұңғыш санына байғазы сұрап, ақша жинайды (қараңыз: Ғ.Қарашев “Бақу”, “Қазақстан”, 1912, № 8). Басылымның үш жыл ішінде 18 нөмірі жарық көреді. Оның кейбір нөмірлерінде орыс, қазақ, татар тілдерінде жазылған материалдар жарияланған.

**Газет 1913 жылы жабылады.** Редакция ұжымы басылымның жабылуы себебін “Құрмет иесі оқушыларымызға” деген мақалада қаржының жетіспеушілігінен деп көрсеткен. Ал, негізгі себеп газеттің прогресшіл — демократиялық сарынынан қорыққан патша әкімдерінің керттертпа әрекетінен еді. Басылымның редакторы — Елеусін Бұйрин болды.

“Қазақстан” жариялаған материалдарында ел ішіндегі саяси мәселелерге баса көңіл бөлді. Мәселен, 1912 жылы Ленадағы жұмысшылар ереуілін жергілікті қарапайым шаруа, кедейлерінің сана-сезіміне түсінікті боларлықтай, терең талдау жасап жазған. Сөйтіп, капиталистер мен жұмысшылардың өзара келіспеушілік себеп-сырын ашып көрсеткен.

Онда “бұл күнде үлкен байлар жүн-тері, т.б. нәрселерді сатып алып, фабрикаларда, заводтарда, басқа да керек нәрселерге айландырып жасатып алады. Бұл іске байлардың өзі қол тигізбейді, бәрін де қызметшілер жасайды. Сондықтан бұл күнде қызметшілер көп. Әрбір заводта, фабрикада 40-50 мың кісі қызмет етеді. Бұл күндері халық екіге бөлінулі: бір жағы — байлар, екінші жағы — қызметшілер. Байлар арзан жалдаймыз деп һәм таң атқаннан күн батқанға дейін қызмет еткіздіреміз дейді. Қызметшілер айтады: біз тиісті ақымызды аламыз һәм күніне 8-10 сағаттан артық істемейміз дейді. Егер байлар бұлардың дегенін істемесе, жұмысшылық қызметтен бас тартып, бірнеше ай жатады.

Бұны забастовка дейді. Забастовкадан заводта, фабрикада қызмет тоқтайды. Бұл байларға үлкен зиян болады. Сол себепті осы уақытта байлар қызметшілердің дегенін етіп, қайта қызметін істейді” деген жолдар бар.

Осы мақаладағы көзге түсер **екінші ерекшелік**— капиталистер мен жұмысшылардың арасындағы қайшылық қазақ қоғамының тұрмысымен салыстырыла жазылған, **үшінші ерекшелік** — ереуілдің түрлері мен мақсаттарына көңіл бөлінген. Мақалада “Екі түрлі” забастовка болады. Біреуі экономикалық, екіншісі саяси деп түсіндіріліп, олардың алдына қойған мақсаттарына тоқталады.

Экономикалық ереуілді жұмысшылар жекелеген мақсаттары үшін (жалақыны арттыру, баспана, тамақ т.б. мәселе төңірегінде), ал саяси ереуілді саяси билікті өз қолына алу үшін ұйымдастыратынын түсіндіреді.

Төртінші ерекшелік, мақалада “Үркіт губерниясында, Лена” деген өзенде жалданып алтын қазып жатқан қызметшілер бір айдан бері забастовка жасап жатыр еді, ақырында әскер шығып, осы 4 сәуірде қарсы болған қызметшілерді атты. Табанда 119 кісі өлді, 350-ден артығырағы жараланды. Бұл жаралы кісілерден 100 кісі өлді деген жұртты ашындыра түсетін хабар стилінде жазылған мәліметтер бар. Бұдан газеттің ұстанған бағытын тану қиын емес.

Мақаланың авторы кім екені белгісіз. Профессор Қ.Бекқожин: “Тегінде бұл мақаланың авторы, я ұйымдастырушысы Орал большевиктерінің бірі болу керек. Қазақ еңбекшілері арасында революциялық идеяны тарату үшін Орал большевиктері “Қазақстан” газетінің редакциясымен келісуі бойынша оның бетін пайдалануы әбден мүмкін” деген болжам айтады. Біздіңше, редакция қызметкерлерінің бірі жазуы да мүмкін. Мәселен, Ғ.Қарашев не Б.Қаратаев. Қалай болғанда да сол кезең жағдайын, оның ерекшелігін мақала авторының жақсы білгені аңғарылады.

Екінші жағынан “Қазақстан” газеті феодалдық заманның күні өтіп, қоғамдық жаңа қатынастар

туа бостағанын, ендігі жерде қазақтардың жалғыз мал шаруашылығымен күнелте алмайтынын, отырықшылыққа көшіп, егіншілік, сауда кәсіптерімен айналысу керектігін насихаттады. Газет өзінің бас мақаласында жер-судың азаю себептеріне тоқталып, талдау жасайды.

Мәселен, ішкі Орданың көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын шаруашылық қарамағында 1801 жылы 700 десятинадан жер болса, ХХ ғасырдың басында әрбір шаруаға 25 десятинадан ғана үлес тигенін, оның себебі патшаның отарлау саясатын жүргізуші әкімшілік орындарының жерді көп бөліп алғандығынан, жайылымдарды құм басып кеткенінен деп түсіндіреді.

Сондай-ақ, “Қазақстанның” екінші санында жарияланған “Еңбек етсең емерсің” деген мақала жоғарыда айтылған “Хал-жағдайымыздағы” ойды дамытып, тұйықтан шығу жолы — отырықшылыққа көшіп, егін өсірумен шұғылдану екенін жан-жақты түсіндіреді.

Басылымның 1912 жылғы 11-санында Б.Қаратаевтың “Азаматтарға бір-екі ауыз сөз” деген мақаласы жарияланады. Онда автор көшпелі өмірдің күні өтіп бара жатқанын, көшпелі өмір және ескі әдеттер қазақты ғылым мен білімнен мақрұм қалдырғанын, “балуан бірді, білімді мыңды жығатынын” айтып, жұртты отырықшылық өмірге бет бұруға, пайдалы кәсіппен айналысуға, балаларды оқытуға шақырады.

Бұл мысалдарға қарап газет тек жалаң насихатшылықпен айналысатын материалдар жариялаумен шектелген деген ой туындамауы тиіс. “Қазақстанда” нақты ұсыныстар мен пікірлер жасаған еңбектер де болған. Мәселен, Ғабдолла Көпжасаров деген автор газеттің 1912 жылғы 11 нөмірінде жарияланған мақаласында товарищество (серіктестік) туралы айтып, “Оқыған адамдар бас болып, халықтың басын құрап, екі, я үш болысты біріктіріп, товарищество жасап, жиналған ақшаға жер-жерден лавка ашып, сай-саланы бөгеп, товариществода үлесі бар егіндік, пішендік жерлерін суарып беріп көрсетсек, халық пайдасын көрген

соң өздері-ақ ұмтылар еді. Товариществоның бір пайдасы — халықты бірлікке үйретеді, бірінің-біріне сенімін арттырады” деп жазды. Екінші бір нақты ұсыныс жасаған автор Мұхамедқали Орақбаев. Ол 1912 жылдың 7 нөміріндегі<sup>1</sup> мақаласындағы “Әр нәрсеге білік-бірлік немен болады?” Білік болмай, бірлік болмайды. Әлбетте, ғылымнан болады” — дейді. Бұл айтылғандардан жұрт не істеу керектігін нақты білді.

“Қазақстан” газеті “Айқап” журналында жарияланған мақалаларға да үн қосып, қолдап отырғанымен мал шаруашылығы, отырықшылық, қала болу мәселесіне келгенде пікір таласына да барып қалады. Бұл факті де газеттің өзіндік ерекшелігін, прогресшіл рөлін танып, біле түсуімізге көмектеседі. Мысалы, “Айқаптың” 1912 жылдың бесінші санында жарияланған Ахмет Жанғалиннің мақаласындағы “Қазақ халқы қала болуы тиіс емес, қала болудың соңында біз үшін бек көп қорқыныштар сезіледі” деген пікірге Ғ.Қарашев “Айқаптың” өз бетінде жарияланған “Ахмет Жанғалинге жауап” атты мақаласымен қарсы шығады.

Автор өз ойын “Крестьяндардың ата кәсібі — егін. Біздің ата кәсібіміз — мал өсіру. Қала бол деген сөзден мал өсірме” деген сөз шықпайды. Орал облысындағы қала болуға жазылған қазақ ауылдарының обральной аталып, мал бағуға жарамды жерлер қалдырылып жатыр, мал бағу біздің мандайымызға жазылып, былайғы кәсіппен тіршілік ете алмаймыз деген хакім (заң деген ұғымда) дұрыс хакім емес. Жөні келсе егінмен де, саудамен де қазақ тіршілік ете алады. Осы күндегі орыс, татарлар секілді отырықшы елдердің бәрі де әуелде көшпелі мал бағып күнелткен халық болған дей келіп: “Бұл заманда көшпелі, бәдәуи, надан жұрт жұрттығын, елдігін сақтап тіршілік ете алмайды” деп қорытындылайды.

Отырықшылық мәселесінде “Қазақстан” газеті мен “Айқап” журналы олқылы-толқылы пікірде болғанымен, түп мәнінде дұрыс түсініп, терең талдап жазуы кезінде үлкен прогресшіл рөл атқарғанын

<sup>1</sup> “Қазақстан” газеті. 1912, №7.

да атап өткіміз келеді. Бұл екі басылымның беттерінде жарияланған материалдардан жұрт үлгі алып, отырықшылыққа бейімделе бастаған. Оған “Қазақстанда” (1911 жыл, №1, қараша) жарияланған “Волга” өзенінің сол жақ жағалауында орнаған тұрғындардың басын құраған жаңа қырғыз поселкесі пайда болды. Поселке бұл істі ұйымдастырушы Күнтұра Сармантаевтың есімімен — “Сармантай” деп аталады” деген хабар дәлел.

**“Айқап” журналының 1911<sup>1</sup> жылғы екінші санында** “Орал облысында Шідерті болысына қараған сегіз ауылнай халық қала саламыз деп бас әкімдерге арыз берген екен. Бұлардың берген арыздары қабылданып, өткен жазда жер өлшеушілер шығып, бұларға 14 участок кесіп беріпті. Салатын қаланың бірі “Қаратаев” аталыпты. Бұл Қаратаев қаласына 194 еркек жан жазылған” деген қуанышты хабар бар. Осының бәрі бүгінгі көзқараспен қарасақ сол кездегі қазақ қоғамындағы жаңа қарым-қатынастың белгісі болатын.

“Қазақстан” газетінде адамдарды жалқауланбай, еселі еңбек етуге шақырған материалдар да кездеседі. Мәселен, басылымның бірінші нөмірінде жарияланған “Тіршілік таласы” деген мақалада “жалқаулықтан арылып, тәуекел ердің жолдасы” деп жұртты нәтижелі іс тындыруға шақырған жалынды ұран бар. Бастаған істі соңына дейін жеткізу мақсатымен газет осы нөмірінде орыстың шаруа ақыны А.В.Кольцовтың “Что ты спишь, мужичек?” деген өлең жолдарын:

**“Ұйықтап жатамысың қара шекпен,  
Жарық жаз қайта келді былтырғы өткен  
Қарашы, анау сенің көршілерің,  
Әлі жүр қызметінде ертеңгі еткен  
Баққаның күні-түні тек бір ұйқы,  
Адамсыз талабың жоқ мұнша неткен...”**—

деп, қазақ тіліне аударып басқан.

Осыған орай жоғарыда айтқан “Еңбек етсең емерсің” деген мақалада: “Енді аз жерді күтіп,

<sup>1</sup> “Айқап” журналы. 1911. №2.

берекетті етіп ұстайтын кез келді. Тар жер көшіп жүруді, шашып отыруды көтермейді және көшіп жүрген халықтың мынау менікі дейтін бір заты бұрын да болмаған, қашан бір жерге мекен теуіп, жерге еңбек сіңірген халықтың еңбегін басқалар жемеген. Күндердің күні болғанда жерге еңбек сіңірген халық, сол жердің иесі болып қалған. Егер, ол күніміз әрі жалғаса берсе қазақ халқы өз жері-суына қожа бола алмайды” деген үлкен әлеуметтік идея бар.

Мәселен, осы идея газеттің 1911 жылғы 15 қараша күнгі нөмірінде орыс тілінде жарияланған “Қырғыздар қалай өмір сүруде” деген мақалада жалғасын тауып, тереңдетіле түскен. Мақалада: “Біздер барлық облысты және Орданың қырғыздары жыл сайын кедейленіп, өз қол күші, маңдай терімен күн көретін жартылай аш пролетарлардың қатарын толықтыра түсіп келеміз... қолымызда жалғыз өмір сүру құралы бар, одан айрылмағанымыз жөн. Ол — құрал біздің еңбегіміз, ұқыптап күте білсек құнарсыз жерден жай кездегіден көп өнім алатынымыз сөзсіз... Интенсивсіз шаруашылыққа байланысты өмір салтын өзгертіп, интенсивті шаруашылыққа көшу қажет” деген батыл ұсыныстар айтылады.

Бұдан біздер осы сындас мақала авторларының екі жақты қанаудың кесірінен туындаған жер, су тапшылығына байланысты сарыуайымшылдық көңіл-күйге берілмей, тұйықтан шығу жолын іздестіріп отырғанын көреміз.

“Қазақстан” газетінде сондай-ақ оқуағарту, өнер-білім, мәдениет мәселелері де үзбей жарияланып тұрған. Мәселен, қазақ халқына білім, ғылым тарату туралы Ғ.Қарашев: “Бізде тағы да бір қате пікір бар, орысша деп ғылымды жек көреді. Бұл да қате... әліппе, оқу яғни, қисап, жағрапия, хахимия (право), әндаса (инженерлік), тауарих (тарих), тәбиіп (дәрігерлік), химия (химия), дирават (ауыл шаруашылығы), тажират (сауда) секілді пәндерде еш те орыстық, яки басқалық жоқ. Бұл пәндерді оқудағы мақсат оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып, адам балаларына түрлі жақтан пайда келтіруге болады. Бұларды арабша

оқып біл, фарсыша оқып біл, түркіше оқып біл, бәрі бір тек мағынасын жақсы біл де халыққа пайда келтір” — деп әркімнің аузына түсе бермейтін биік адамгершілік позициядан көрінеді.

Жалпы *Ғ.Қарашев* басылым бетіне оқу-білім туралы ең көп жазып, халқының ауыр халіне шын мәнінде жаны ашыған азамат болған. Бұған оның “*Бұлай мәслихат*” атты мақаласын мысалға келтіруге болады. Онда автор қазақ жұртының өнер, білім үйрену арқасында ғана өмір сүріп қала алатынын жазып, жастарға үміт артады.

Газет отырықшылық мәселесі тәрізді, балаларды жаңа тәсілмен оқыту проблемасы төңірегінде де пікірталас ұйымдастырып, жұртты ойлануға жетеледі. Осы мақсатпен “*Қазақстанның*” 1912 жылғы 11-нөмірінде пікір жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі мақала жарық көрді. Алғашқы мақаланың “*Ғ.Т*” деген авторы “Қазақта машаһат шегіп, қиын болған ескі оқумен оқу керек. Жеңілдің түбі жеңіл, арзанның сорпасы татымайды” деген. Бізге ескі оқу да жарамай ма?” деген ескішіл пікір айтады. Ал, керісінше осы мақалаға жауап ретінде қарсы бағытта жазылған мақала авторы: “Ескі оқумен оқығандар екі жылда ежік танымайды. Жаңа оқумен оқыған балалар аз уақытта хат жазуды біледі. Бұны өзімізге көпсінеміз бе? Мұндай пікірді де дос болсаңыз халыққа таратпаңыз” деп жалқаулық пен кертартпалықтың алысқа апармайтынын сездіреді.

Осы оқу-ағарту ісіне байланысты басылым бетінде әйел теңдігі мәселесі де орын алып отырған. Мәселен, *Есен Аманов* (бүркеншік ат болуы ықтимал. — Авт.) деген автор, “*Қазақстанның*” 1912 жылғы 10-нөмірінде қазақ қыздарының туғаннан саудаға салынатынын, соңғы кезде оларға деген көзқараста біраз оң өзгеріс барлығын, бірақ Орал облысының *Жымпиты*, *Жиренқожа* және *Иірімжар* болыстарында оқып жүрген қазақ қыздарының өз бас бостандықтары үшін күресуге ықыластары жоқтығын ашына жазған.

“Қазақстан” газетінің ұжымы жалпы әдебиет мәселесін, оның қоғамнан алатын орнын дұрыс түсінгендіктен бұл іске үлкен мән бергені көрінеді.



Мәселен, бұл тұрғыда газет өзінің “Әдебиет таңы” атты бас мақаласында халық тұрмысын, оның келешегін жырлайтын әдеби туындылардың газет-журналдарда жариялануымен қатар жеке кітап болып басылуын, сонда әдебиетші қазақ жастарының көбейетінін әңгіме арқауы ете отырып, қорытынды ретінде:

**“Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та бар қалан”, —**

деген ұлы Абай өсиетіне назар аударып, шығарманың осындай “Халқымыздың көңіл сарайын ашып, сергітетін болуын, қазақ жазба әдебиетінің таңы атты десек, алдымен ұлы ақынның есімін атауымыз керек екенін” айтқан.

Бұл басылым мәселесін жан-жақты, толық қамту үшін біз өз еңбегімізде газет жанрының ерекшеліктеріне де тоқтала кетуді жөн көрдік. Себебі, **“Қазақстанда” бас мақала тұрақты жарияланып тұрған.** Сондай-ақ, басылым беттерінен фельетон, жолсапар очерктері, мақала, хабар, кореспонденциялар, пікірталас, философиялық мақалаларды да жиі оқып тұруға болатын.

Бас мақалада сол кезеңнің көкейкесті мәселелері (отырықшылық кәсіп, оқу-ағарту, әдебиет, мәдениет) публицистикалық тұрғыдан сөз болып, жұртқа бағыт-бағдар берілді. Бас мақалаларда көбіне фактілерді салыстыра талдау әдісі басым болды. Мәселен, бұған дәлел ретінде “Енді қалай тұрмақ керек” деген мақаланы мысалға алып көрелік. Онда жау-жарағын тастап, бейбіт шаруамен айналысқан XVIII-XIX ғасырдағы қазақ халқы тұрмысының ерекшелігі біраз сөз болып, отарба, откеме, телефон секілді жаңалықтарға байланысты заманның өзгергені салыстырмалы түрде өрбітіп берілген. Сөйтіп, қазақтардың заман өзгерістеріне, талабына дайын емесін, екі ғасырды ғылым, білімсіз босқа өткізгенін, ендігі жерде ғылым, білімсіз зор қиыншылыққа ұшырайтынын әңгімелеп: “Енді бізге бұрынғы күн жоқ, оның үшін бұрынғыдай жер жоқ”

деп халықты заман ағымына сай әрекет қылып, өмір сүруге шақырады.

Фельетон жанрына тоқталатын болсақ, онда “Қазақ” (Ғ.Қарашевтің) деген бүркеншік атпен жазылған “Қауысбай мен Гернштейн” атты фельетоны. Мұнда қазақтың аңқаулығы, саудагерге жем болған надандығы, берекесіз алауыздығы, жат мінез, іс-әрекетке үйірсектігі, саудадан шеккен зияны мазақ етіледі. Әрине, “Қауысбай мен Гернштейнді” таза фельетон жанрына жатқызбасақ та, одан фельетон жанрына тән барлық нышандарды көруге болады. Кемшілігі деп тәжірибе жоқтығынан туған баяндаушылық пен шұбалаңқылықты айтар едік.

“Қазақстан” газетінде Е.Бүйрин мен Ғ.Қарашевтің “Баку” атты жолсапар очеркінің жарияланғанын атап өткенбіз. Онда авторлар көрген-білгендерін тізе беруден бас тартып, керісінше қажетті, маңызды деген мәселелерге көңіл бөлген. Оны әсіресе, Бакудегі қыздар училищесін, жан-жақты өміртынысын толығынан суреттей жазуларынан байқауға болар еді. Бұған авторлардың осындай училищені қазақ жерінен де көрсек деген ойларын ешбір сәуегейшіліксіз-ақ көруге болады. Міне, сөйтіп бұл авторлар өз туындыларын жолсапар очеркі жанрының талабына сай, белгілі құбылыстармен байланыстыра отырып жазып, қазақ қоғамына тән, қажетті мәселені проблема етіп көтерген.

Нақ сондай-ақ Ғ.Қарашевтің газет бетінде жарияланған философиялық көзқарастағы мақалалары “Тәнсіз жан жоқ”, әсіресе “Ойға келген пікірлерім” еңбегі кейінгі ұрпақ үшін таптырмас асыл мұра екендігінде шек жоқ.

Бұдан басқа басылымда агротехникалық, дәрігерлік кеңестер, экономика мәселелері, ғылым табыстары, ішкі-сыртқы хабарлар, тілші хаттары үзбей жарияланып тұрған. Мәселен, “Қазақстанның” 1911 жылғы екінші нөміріндегі “Лампымай” деген хабарда Үйшік (Атырау) уезінде 800 шақырым жер көлемін алып жатқан бай мұнай көзі табылғандығы жазылған. Газеттің дәл осы санында “Қазақ” (Ғ.Қарашев) “Ба” деген ұзақ мақалада право (заң)

мәселелерін сөз еткен. Автордың ойын Б.Н.Дальевич (Теке қаласының соты) газеттің 1912 жылғы 7-8 нөмірінде одан әрі жалғастырады<sup>1</sup>.

Мұнда аударма мақалалар да жиі жарияланған. Мәселен, газеттің 1913 жылғы 1-нөмірінде Архангельский деген автордың “Қазақтың мал шаруашылығына көмек жайында” деп аталатын мақаласы қазақ тіліне аударылып басылған.

Басылым өз оқырмандарын жаман істен жеркендіріп, жақсы іске шақырып отыруды да ұмытпаған. Оған дәлел ретінде “Жалған арыздың пайдасы” атты мақаланы келтіруге болады. Онда тақырыптың өзі ашып тұрғандай жалақорлықтың жаман әдет екендігі, басқаға негізсіз күйе жағу өзіңе ор қазумен бірдей екендігі айтылады.

Ішкі-сыртқы хабарлардың да жайы осындай болды. Қазақ жерінде және басқа шетелдерде болып жатқан оқиғалар туралы оқырмандарына хал-қадірінше уақытында жеткізіліп тұрды. Мәселен, “Бірінші татар-түрік драматургі” деген хабарда Мирза Фатали Ахундовтың туғанына 100 жыл толғанын жазса, “Жаңа газет” атты хабарда Орынборда **1913 жылы А.Байтұрсыновтың редакторлығымен шыға бастаған “Қазақ” газетінің бағыт-бағдарына түсінік беріледі.**

Сөйтіп, редакция ұжымының көзқарасы хабар сияқты кіші-гірім материалдардың өзінен-ақ айқын байқалып отырады. Мәселен, газет оралдық бір көшірдің ат-арбасымен көпірден құлап қаза болғанын айта келіп, “Пақыр кедей” еді. Әйелі төрт баласымен енді қалай күн көреді” деп аяушылық білдірсе, “Айдынғали ұсталды” деген хабарда атақты банды Айдынғалидың ұсталғанын, оның полицияға қарсылық білдіргенін хабарлап, “бостандығы үшін біраз арпалысты” деп жазды. Бұдан газеттің Айдынғалиды банды болса да қара шаруаға тимеп еді, патша шенділері мен ауыл байларымен арпалысып еді деп оған жанашырлық танытып отырғанын сезуге болады.

Газет стилі өзінен бұрынғы “Түркістан уәлаятының газеті”, “Дала уәлаятының газеті” және

<sup>1</sup>“Қазақстан” газеті. 1912, №7-8.

т.б. басылымдарға қарағанда әлдеқайда жетілген, сөйлемдері жинақы, оралымды, тілі түсінікті болып шығып тұрған. Шұбалаңқылық, бірді айтып бірге ауысушылық кездеспейді. Әр материалда проблема көтеріліп, талданып жұртқа пайда келтіруге тырысады. Сөйтіп, “Қазақстан” өз мақсаты - “кәсіп ету, ғылым үйрету жолында” жанр мүмкіндіктерін осылай ұтымды пайдалана білген.

Ал, басылым бетінде жарияланған кейбір материалда кездесетін татар сөздеріне келетін болсақ, олар ең алдымен **баспахана құрал-жабдықтарының татар тіліне икемделгенінен болса, екіншіден, көптеген газет қызметкерлерінің сауаты мұсылманша еді, үшіншіден, ол кезде ұлттық тілге негізделген арнайы алфавит жоқ болатын.** Оның материалдарында орыс тілінен енген термин сөздер де қолданылды. Соған лайықты баламалар да пайда болды. Осының барлығы да қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, байып тұрақтануына барынша ықпал етті деп түсінеміз.

Жалпы қорытындылай айтсақ, 1911-1913 жылдары Ордада, одан соң Оралда шығып тұрған биресми “Қазақстан” газетінің прогрессшіл рөлі, ағартушылық-демократиялық мәні міне, осындай болған.

## 2. “Айқап” журналы

“Айқап” журналының алғашқы саны **Троицк қаласында 1911 жылдың қаңтарында жарық көрді.** Оның шығарушысы, редакторы демократ ақын, жазушы Мұхаметжан Сералин болды. Ол журналды алғаш жұрттан қарызға ақша алып, пайда серіктікке пай жинай жүріп шығарды. Біраз уақыттан соң журнал өз қаржысымен шыға бастады, оған жәрдемдесушілер де табылды. Дегенмен қаржының тапшылығынан ол **алғашқы жылы айына бір реттен, кейде шағын көлемді болып жарық көрді.**

Жәрдемдесушілер көбейіп және өзі қаржыға ие болғаннан кейін, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен, 12-24 бет көлемде шықты. Профессор Қ.Бекхожиннің дәлелдеуінше “Айқаптың” тиражы 1000 дана болған. **Жалпы, журналдың бес жыл ішінде 89 саны жарық көрген.**

“Айқаптың” алғашқы санындағы “Қызмет иесі мырзаларға” деген мақалада: “Журнал” шығарудағы мақсат атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды. Журналымызға “Айқап” деген ат бердік. Біздің қазақтың “Әй, қап!” демейтұғын қай ісі бар. “Қап” дегізген, қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық “Айқап” болды,” — деп жазылды.

“Айқап” әр материалдың мазмұны мен тақырыбына жете көңіл бөліп отырды. Бірінші бетіне елдің ішкі өмірінде болған жаңалықтар, ресми хабарлар, екінші, үшінші беттерінде “Ашық хат” деген айдармен оқырмандар хаттарын жариялаған. Проблемалық мақалалар (жер туралы, съезд, сайлау т.б. тақырыптар) бойынша 4-6-беттеріне орналасқан. “Фельетон”, “Хабарлар” бойынша айдарымен материалдар журналдың орта тұсынан орын алған. Ал шетел жаңалықтарын, көңіл айтулар мен басқармадан ескертулерді, жаңа кітап туралы рецензияларды журналдың соңғы беттерінен оқуға болатын.

“Айқаптың”, “Өлең-жыр”, “Фельетон”, “Хабаршыларымыздан”, “Ашық хат”, “Басқармадан жауап” деп аталған тұрақты айдарларының болуы оның жұмысындағы ұқыптылықты, жүйелілікті танытады. Журналдың безендіру мәселесіне де жете көңіл бөлгенін жоғарыдағы айдарлар бойынша жарияланған материалдардан айқын аңғаруға болады.

“Айқап” өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей ордасы мен Кавказ округіне қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хат келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қостанайдан, Қызылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Аякөзден, Қапалдан, Шиеліден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақала жиі жарияланды.

Журнал бетіне кейде “Одан-бұдан”, “Уақиғалар”, “Мұсылмандар түсінуге тиісті мәселелер” деген айдарлар бойынша да материал жарық көрді. Кейін оларды алмастырған “Хабаршыларымыздан”,

“Хабарлар” айдарлары журналдың соңғы кезіне дейін тұрақты шығып тұрды.

“Айқаптың” хатшысы болып 1911-1912 жылдары Әкірам Ғалимов, 1913-1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров істеді. Қызметкер, тілші, автор болып Жиһанша Сейдалин, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Бақытжан Қаратаев, Молдағали Жолдыбаев, Бекмырза Бекжанов, Нұралдин Айтмұқанбетов, Есенғали Хасаболатов т.б. қатысты.

“Айқап” және оның редакторы сол кезгі саяси-әлеуметтік мәселенің ең бастысы — жер мәселесі екенін жақсы түсінген. Мұны олар бектік-феодалдық құрылысқа қарсы күрес барысында батыл көтере білді.

1867 жылы 11 шілдеде “Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде уақытша ереже” шықты.

1868 жылы 21 қазанда “Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторларының қырлық облыстарын басқару туралы уақытша ереже” бекітілді. Барлық жер мемлекет меншігі, тек хан тұқымдарына патша “сыйлаған” жер ғана жекеменшік боп танылды.

**1895 жылдан 1906 жылға дейін “Щербина экспедициясы” патшаға қазақ даласының ең шұрайлы жерлерін мәлімдеп отырды. 1870-1890 жылдары ұйғырлар мен дүңгендер көшіп келді.** Осыған байланысты ұлт араздығы бұрынғыдан да күшейе түсті. Түтін, мал, егін т.б. салықтар және тасымал саудасы бұрынғыдан да артты. 15 тиындық ұстара бір қойға, 6-7 сомдық самаурын 20-25 сомға дейін сатылды.

“Айқап” осындай тонаушылық саясаттың барынша белең алған тұсында жарық көрді. Сондықтан да бұл мәселелерді кеңінен жазды. Отырықшылық өмірге көшу, поселка, қала салу, егіншілікпен айналысу жөнінде ұсыныстар жасап, кеңестер берді.

Журналдың 1911 жылғы екінші санында жарияланған “Қазақ халқының мұқтаждығы” деген бас мақалада әуелі қолға алатын мәселе жер мәселесі екеніне назар аударып, отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысу қажеттігін насихаттады.

“Айқаптың” 1912 жылғы 31-санында патша өкіметінің басқару-әкімшілік істері жөніндегі отаршылдық саясатын сынаған бас мақала жарияланды. Онда, 1867-1868 жылдардағы Ережелерді патша үкіметінің тек үстем тап өкілдері кеңесімен шығарғанын, комиссия мүшелері — болыс, билер өз пайдаларын ғана көздегені, оны тек марқұм Шоқан Уәлиханов қана әшкерелеп, Дала генерал-губернаторына хат жазғаны, қазақ үшін сайланған халық судьяларының пайдасыз екенін мәлімдегені айтылды.

“Айқап” қазақ байларының озбырлығын, еңбекшілердің үстем тапқа, самодержавиеге наразылығын, ашу-ызасын білдіретін материалдар да жариялады. Мысалы, журналдың 1911 жылғы 4-санындағы “Бөкей ордалықтары” деген корреспонденцияда “Бұрынғы үй басына жеті жүз десятина жер қазір үй басына жиырма десятинадан келеді. Жарлы болдық дейміз, енді біз жарлы болмай, кім жарлы болсын. Әлі біз бұлай отыра берсек, мұнан да жарлы болармыз”, — деп жазылды. Сондай-ақ “Айқаптың” 1912 жылғы 8-санындағы Хабибулла Мекеровтың “Болыс пен Шотан” әңгімесінде Шотан құл мен болысты сөзбен таластыра отырып, қанаушы таптың ескі феодалдық-патриархалдық өмірді аңсайтынын әшкерелейді, ал құл Шотан бостандыққа жетіп, отырықшы болуды қалайды.

М.Сералин патшаның отарлау саясатының түпкі мақсатын дәл танып, оны жұртқа дұрыс түсіндіруде де білгірлік танытты. Мәселен, оның мына пікіріне құлақ түрелік. “Соңғы он жыл ішінде үкімет... қырғыз-қазақтарды отырықшы қылып, өнер үйретейін, өнерге алғызайын, салдырлап көшіп азап шеккенше, отырықшы болып, жан тыныштық қылсын деп емес, отырықшы болып, 12-15 десятина жер алып, ала алмағандардың жерін кесіп алмақ”. Дәл бұлай батыл пікір айту тек Мұхаметжан тәрізді саналы, ержүрек жанның ғана қолынан келмек.

Бұл тақырыпқа “Шідерті болысы елінің отырықшы болып жер алулары” деген корреспонденцияда Бақытжан Қаратаев “Қара шекпендер қырық тоғыз қала салдырып алды. Қара шекпендерге ең жақсы

бірінші дәрежелі жерлер кетті. Жеті руға ең жаман жерлер қалды”, — дей келіп, “көшпелі халық — қабір ұлы” деген сөз бар, көшпелі болмақ балиғилық емес, сәбилік белгісі дейді”, — деп қазақ халқын отырықшы болуға шақырады.

М.Сералиннің “Отырықшы болған қазақтар туралы” деген мақаласында “Жаңа болыстық соттардың қазақы дау-жанжалдарды шешуге икемсіз болып отырғанын мысалдармен дәлелдеп, болыс сот құны 300 сомнан артық мал дауын тексере алмайды. Қазақ арасындағы жесір дауларының құны көбіне 300 сомнан асып кететіндіктен дау-дамай қалай шешіледі” деп жұртқа сұрақ қояды да, ол үшін “Қазақ әдеттері” деген кітап шығару қажет дегенді айтады.

Мақаланың екінші бөлімі отырықшы өмірдің артықшылығына арналған. **“Түпкілікті қоныс болуға жарайтұғын жерлер шетке кетіп бітетұғын. Қазаққа қолайсыз жердер қалатұғын. Түбінде мұндай жерде бытырап жүріп оңбаспыз”,** — деп автор басына төнген қатерден қорықпай, халық қамқоры дәрежесінде сөйлейді.

“Айқаптың” 1911 жылғы 3-санында жарық көрген Бекмырза Бекжановтың “Қазақтың қазіргі халы” мақаласында артта қалуымызға басты себеп феодалдық қоғам, ұлттық томаға-тұйықтық, көшіп-қонумен жүріп, көрші елдердің өнегесінен үлгі алмау екені дұрыс көрсетілген. Осы мақаламен аттас келесі бір материалдан озық елдер қатарына қосылу үшін фабрика, заводтар салып, өнеркәсіпті өркендету туралы сөз болды. “Өнеркәсіпті өркендету негізінен тас көмір, шойын алатын, жер қазатын құралдарға байланысты. Ондай жағдайымыз болса, бұл кәсіппен айналысар едік. Орыс, ағылшын, француз елдерінің алға шығып, қуатты ел болып отырғаны да өнеркәсіптің өркендегенінен” деп дамудың қандай жолына түсу қажеттігіне көңіл аударылды.

Мұның бәрі сол кезең үшін саяси-әлеуметтік мәні терең мәселелер болатын. Соны журналдың жете түсініп, дұрыс жаза білуі шын мәніндегі үлкен прогресшіл табысы еді.

“Айқап” бірлік мәселесіне да көңіл бөлді. Әйтсе де, ол кезеңде негізінен мал шаруашылығымен ғана



күн көрген, ру-руға бөлініп көшпенді өмір сүрген халық арасында бірліктің болуы мүмкін емес еді. Себебі, ол үшін бірыңғай басшылық, мемлекеттік тәртіп орнауы тиіс болатын. Оқыған азаматтар осы жайында өз ойларын ортаға салды. Досмайыл Қашқынбайұлы “Айқаптың” 1912 жылғы 6-санында жарияланған “Кел, қазақ, ел болайық” деген мақаласында үш мәселеге: 1. Қазақ халқының шығу тегі; 2. Халқымыздың сол тұстағы тарихи жағдайы; 3. Қорғандар салу тарихы мәселесіне тоқталады.

Қазақтың түркі тұқымдас халықтарға жататынын, пішіні моңғол тектес келетінін жазып, **орыс ғалымы Каролиннің қазақтардың мекені Онон сайы мен Әмір сайының бас жағында болған, Орхон сайының арасы мен Моңғолдағы Синиананың Ертіске құйылысында көшіп, жайлап, қыстап жүрді деген тұжырымына** келіспей, “дұрысы біз ата-бабамыздың қыстап, жаз жайлап жүрген жерімен келе жатырмыз”, — деп қарсы дәлел айтады.

Мақала авторы осылай дей отырып, “қазір де бұл дүниенің айы жоқ, қайда барсақ бытпылдақ болып бара жатырмыз” — деп жұртты бұдан былай көшіп жүре бермей, жер алып, отырықшы болуға үндейді. Патшалық Ресейдің Азиялық аймақтарға қорған салуын Қазан қаласын алудан бастағанын, Орынбор, Троицк, Челябин (Селебе) қалаларының әскери-стратегиялық мақсаттар үшін салынғанын дұрыс сипаттап, қазақ халқы бұдан былай көшіп жүре берсе құриды, ел атын жояды, сондықтан жерді өзіміздің кәсібімізге правительство берген шамада өкімет адамдарымен өлшетіп алып, бар жерге әркім өзінің талаптарымен орналасуынан басқа ешбір амал қалмаса керек деп ойлаймыз”, — деп жазды.

“Айқаптың” 1913 жылғы 20-санында Есенғали Қосабасовтың “Бас қосу тұрғысында бірер сөз” деген мақаласы жарық көрді. Онда автор бірліктің мәніне, қажеттігіне түрлі тарихи дәлелдер келтіріп, қазақ елін “күннің жарық сәулесі түспейтін таудың көлеңке жағында қалған ел” — деп бағалап, оның өнер-білімсіз ауыр халіне себеп болған нәрсе — ұлттық томағатұйықтық деп көрсетеді.

“Бір қолмен істеген істі екі қолмен бітіреді” деген бар ғой. Біріміз қолдың оңы болғанда, біріміз

солы болып, қаздай қатар тұрып ынтымақтасып, бағымызды сыналық” — деп автор ынтымақ-бірлікпен күреске шықсақ, ешкім бізді басынбас еді деген ойды аңғартады. Ол жай басындырмауды ғана ойлап қоймай: “Еділ-Жайыққа да бір кісінің көпір салуға шамасы жетпейтіні шындық қой. Ондай жағдайда көптеп-көлемдеп екінші бір бәсеңдеу жерін тауып алатын еді. Сондай ауыз біріктіріп, ақыл қоссақ, қараңғы түкпірден жол тауып алар ма едік” — деп отарлау саясатының езгісінен құтылудың амалын іздейді.

### 3. Қолжазба “Садақ” журналы

1905-1907 жылдары Ресейде болған бірінші орыс буржуазиялық революциясы шығыс халықтарының да арасында ұлт-азаттық, мәдени-ағартушылық қозғалыс тудыруға әсер етті. Ресеймен және басқа елдермен ерте араласып, өнер мен білімге қазақтардан гөрі бір табан жақын тұрған татарлармен біздің бабаларымыз қандас әрі аралас-құралас болып, Қазақстанда да мәдени-ағарту жұмыстарының жандануына белгілі дәрежеде септігін тигізді. Бұлай дейтініміз, сол кезеңде Қазан, Өфе, Троицкі баспаханаларында едәуір қазақ кітаптары басылып шықты. Сондай-ақ, мұғалімдер дайындайтын “Ғалия”, Троицкідегі “Расулия”, Орынбордағы “Хұсаиния” семинарияларында және башқұрт, татар медреселерінде қазақ жастары оқыды.

Мысалы, 1906 жылы ашылған “Ғалия” мердесесін 1916 жылға дейін 630 шәкірт аяқтаса, соның 154-і қазақ жастары болған. Онда тәрбиеленіп, білім алған жас мұғалімдер Қазақстанның Алматы, Қапал, Қызылжар, Семей, Өскемен, Зайсан және басқа уездерінде төте оқу мектептерін ашып, бала оқытуға кіріскен.

Кезінде “Ғалия” медресесінде оқыған башқұрттар “Парлақ”, татарлар “Аң”, черкестер “Ләгуә”, қазақтар “Садақ” деген қолжазба әдеби журналдар шығарып тұрған. Өфе қаласында 1915 жылдың 9 қарашасынан шыға бастаған бұл басылымның ұйымдастырушы, шығарушылары Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергеновтар болды. Бірақ

Б.Майлиннің науқастанып еліне қайтып кетуіне байланысты “Садақты”, “1915 жылғы 3-санынан бастап Ж.Тілепбергенов редакциялайды да, шығарушы міндетін “Қазақ ұйымы” атқарады.

“Журналымыздың мақсаты-оқуға кеткен қазақ жастарына жол-жоба көрсетіп, қалам ұстауды, сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылық жағын өнеге етіп, жаманшылығынан безіндіру болып табылады”, — деп жазды редакция алқасы.

Шындығында “Садақтың” 1-санынан бастап, соңғы 15-санына дейінгі аралықта екі жыл қатарынан новелла тәрізді қысқа әңгімелер, көлемді повестер, очерктер, сықақ, этюдтар, жас ақындардың өлеңдері, сын пікірлер, қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқалары молынан жарияланған. Бұған себеп журнал редакторы Ж.Тілепбергенов авторларға талап қоя білгіш, іскер басшы болған. Ол материалдармен мұқият танысып шыққан соң, құнсыздарын ешкімнің көңілдеріне қарамай, авторларына қайтарып беріп отырған. Мысалы, ол бір авторға “көп ойланып жазсаңыз да, сөзіңізде көрініп тұрған кемшілік бар. Келісті сөздер жазсаңыз келешек санға кіргізерміз” десе, “Ертеңгі жазушыларға” да “Еріккенге ермек деп, елдегі жоқты жаза бермеңіз” деп ескерту жасаған.

Бұл қолжазбаның қазақ елінде емес, Офе қаласында шығып тұруы, әрине, ондағы Ғалия медресесінде оқитын қазақ жастарына елдегі болып жатқан түрлі оқиғалардан толық мағлұмат бере алмады, алайда олар халықтық бағыт ұстанған партиялар мен осы партиялардың “Қазақ”, “Бірлік туы”, “Сарыарқа” сияқты органдарының оң істерінен хабардар етті. Бұл жөнінде Қ.Бекқожин кезінде “Оның үстіне ол дәуірде шығып тұрған, алашордашылардың “Қазақ” газеті және басқа сондай баспасөз органдары олардың басын ұлтшылдықпен уландырды. Жалпы ұлт-азаттық қозғалысымен рухтанған Ғалия шәкірттері қазақ ұлтшылдарының буржуазиялық ұлт автономиясын құрмақ болғанын жақтап қателесті” деп кешегі кеңес үкіметінің саясатының ығына түсіп жазды.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ зерттеушінің бұлай деп жазу себебін ілгеріде айттық, енді

қайталап жату артық болар. Шынтуайтына келгенде бұл редакция ұжымының ұлтжандылығын көрсететін ерекше қасиеті болатын. Мысалы, осыған байланысты “Садақтың” 1917 жылғы 18 қарашадағы 4-санының соңғы бетінде жаңа қауым ашыпты, басқармаға орысша басылған жарғысы келді, қауымның мақсаты халық арасында білім тарату, сонымен бірге халық әдебиетін жию екен делінген. Бұл қауымның жұмысына игі тілек білдіре келіп, басқарма “мұндағы шәкірттердің ағза (мүше) болып жазылуы оң, жарғыны оқып көруге береміз”, — деп мәлімдеген.

Кейіннен “Бірлік ұйымың туралы С.Сейфуллин “Біздің программалық және көздеген мақсатымыз қазақ арасында мәдени-ағарту жұмысын жүргізіп; қазақ әдебиеті арқылы патша өкіметінің қысымшылығына қарсы идея тарату еді” деп жазды. Шындығында Шәймерден Әлжанов белсене қатысқан бұл ұйым мүшелері кейіннен осылай етті де. Олар патша өкіметінің реакцияшыл саясатын өшкерелейтін листовкаларды кішкене пресс машинаға бастырып, қазақ арасына таратқан.

Міне, сөйтіп, “Бірлік ұйымының” жарғысын бастырмай, басқармаға келіп танысыңдар деуінің өзі-ақ “Садақты” оған іш тартып, тілектес болғанын көрсетеді.

Қолжазба бетінде жарияланған материалдар түрлі мәселені қамтыған. Мәселен, алдымен Ж.Тілепбергеновтың еңбегіне тоқталып көрсек. Себебі, Жиенғали өзінің тырнақалды өлең, әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялап, ұстаздық, ақындық, жазушылық қызметін бастады. Мысалы, ол “Жазғы көш” деген әңгімесінде жайлауға көшу сәтін, жол бойғы қыз-жігіттердің ат жарыс, көкпар ойындарын, шырқаған әндерін нанымды суреттейді. Әсіресе, оның байдың жылқышыға ұрсып жатқан сәтін, жастар думанына торы шолақ атын тақымдай шаба жөнелген кедей баласының қылығын бейнелеуі де сол кездегі ауыл бейнесін көз алдыға айқын елестетеді.

Екінші мәселе Ж.Тілепбергеновтың сыншылығы туралы.

“Садақтың” 1917-1918 жылдардағы он санында қатарынан Халелидден Жүсіпұлы Сарталиевтің “Мақтым” деген ұзақ повесі жарияланған. Міне, Жиенғали осы шығармаға талдау жасап, сын жазу барысында оның кемшіліктерін, роман дәрежесіне жете алмағанын, егер қайта құрып өндесе баспаға ұсынуға болатынын атап көрсеткен.

Журнал өз оқырмандарының деңгейін ескере отырып оқу-ағарту ісіне баса көңіл бөлген. Журналдың 1917 жылғы бес санында жарияланған “Мұғалімдік туралы” деген екінші бір үлкен мақаласында прогресшіл педагогиканы және озат ағартушылық идеяларды насихаттады. Алдымен ол медресе бітіріп шығатындарға “бұрынғы алдаушы, сатылғыш арамза молдалардың ізіне түсіп кетпеудің айтады. Екіншіден, жаңа әліппемен төте оқытатын жолын мұғалім балаларға мейірімді қарап, білім негіздерін және жазуды бірге үйретуге, жұрт алдында тәртіпті, ұстамды болуға тиістігін ескертеді. Сондай-ақ, Ж.Тілепбергенов мұғалім тек балаларды оқытумен тынбай, ел арасында мәдени-ағарту жұмыстарын, атап айтқанда сауаттандыру, газет, кітап оқып беру, мұғалімдер дайындайтын курстар ашу сияқты шараларды жүзеге асыруға тиіс екендігін, бұл жаңа, халықтық мұғалімдердің ардақты борышы екенін жазады.

“Садақта” қазақ халқының ұлы ақыны — Абайдың жастарға арналып жазылған бірнеше нақыл сөздерімен қатар, “Желсіз түнде жарық ай”, “Біліміден шыққан сөзі” сияқты махаббат, тәлім-тәрбие жөніндегі жыр жолдары да басылып тұрған.

“Садақ” материалдарында идеялық тұрғыдан қарағанда бірен-саран ала-құлалық болғанын да айтпай кетуге болмайды. Редакция ұжымындағы жастардың сол кездегі саяси өмірдегі өзгерістерді түгел жаңалық деп қуана қарсы алғаны да бар. Бұл кінәсі де күнәсі де емес, саяси өрелерінің саяздығы деп білу керек. Мәселен өзінің соңғы 1918 жылдың 10 ақпанында шыққан санында Орынборды большевиктер алғандығы туралы хабарда “Бұл қадірлі жаңа жолда біздің қазақтан да жоқ” емес еді. Ғалибек Жанкелдин деген кісі большевиктерді ертіп

келіп “Қазақ” басқармасын тінтіп, жаңа шыққан “Қазақтың” бір нөмір газетін”, “Баяғыдан бері сен біздің аяғымызға қандай тұсаулар салмадың деп қосқолдап тұрып айырып-айырып тастапты” деп қуана жазуы соның айғағы болса керек. Тегі, осы жолды жазып отырған редакция ұжымы бұл істің өз басына да төніп отырғанын түсіне білу үшін де саяси сауатталық керек еді.

Сонымен қорыта айтқанда “Садақ” қолжазба күйінде болса да қазақ баспасөзі тарихынан өз орнын алғаны даусыз. Біріншіден, қалам ұстаған медресе жастарына жазу мектебі рөлін атқарды, екіншіден, қазақтың көркем әдебиеті кадрларының өсіп жетілуіне ықпал етті.





## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

### Қазақтың жалпыұлттық демократиялық басылымдары

Дүниежүзі халықтарының, оның ішінде бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының арасында тап қазақтардай шетқақпай көрген ұлт кемде-кем шығар. Бәлкім, бәзбіреулер айтпақшы бәле-жаланың барлығын кеңес үкіметі мен коммунистік партияға жабудың қажеті жоқ, оның үстіне өткен іс өтті деп есептейтін болар. Алайда, келер ұрпақ өз тарихына қатысты бар шындықты білгені жөн. Өйткені, қазақ жеріндегі “Кіші Октябрь”, “ашаршылық”, “репрессия”, “ұлт жауларымен күрес”, “тың көтеру”, “желтоқсан оқиғалары” тікелей осы кеңес үкіметі саясатының жемісі болып есептеледі және соның бәрін тарихи заңдылық санап, “уралағандар” да аз болған жоқ.

Енді міне, тарихтағы “ақтандақтар ақиқаты” біртіндеп ашылуына байланысты, қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Орта Азия халықтарына, оның ішінде қазақтарға да қарсы большевиктер тарапынан “басып алушылық” саясат жүргізілгендегі айқындалып отыр. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін ең алдымен зиялылардың үнін өшіру қажет еді. Ал оны жүзеге асыру үшін қазақ тіліндегі баспасөздің үнін өшіру аса қажет еді. Демек, көптеген газет-журналдардың жабылуы соның бірден бір мысалы. Оған мысалды алыстан іздемей-ақ, күні кешеге дейін ұлтшыл, байшыл, алашордашыл болды деп жала жабылып, келген,

---

<sup>1</sup> Ү.Субханбердина. “Қайта жанған шамшырақ” мақаласы. “Қазақ” газеті. 1913, №226, 11 ақпан.

<sup>2</sup> “Қазақ” газеті. 1913, №11.

<sup>3</sup> “Қазақ” газеті. 1913, №14.

қазақ тіліндегі “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік Туы”, “Жас азамат”, “Алаш”, “Ұран”, “Абай” сияқты, тағы басқа қазақтың жалпы ұлттық бағыттығы демократиялық басылымдарына күйе жағылып жабылуы сол негізгі мақсаттың жүзеге асуы болды.

## 1. “Қазақ” газеті

“Қазақ” — қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Тиражы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы — белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы — қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы Мұстафа Оразаев, кейін “Азамат” серіктігі болған. Газеттің басылып шығуына алғаш қаржы жинастырып, әрі қалтасынан қаражат шығарған Ахмет ишан Оразаев болған. Ахаң газетке автор ретінде де қатысып, “Қызылқұм елінде” деген секілді мақалалар да жариялатып отырған. Хусайнов — Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді.

Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Кұдайбердиевтің, М.Жұмабаев пен С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Б.Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев сынды әдебиетіміздің дамуына үлесін қосқан ардақты ағаларымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалар мен қатар Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, В.Короленкодан, И.Крыловтан алғашқы аудармалар жарық көрген.

“Қазақтың” басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа



бас-көз болды. Мысалы, “Оқу жайы”, “Қазақша оқу жайы” атты мақалалар оқудың мән-жайын, маңызын, әсіресе, “Қазақтың шаруасына, бір жақтан надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен, теңдігінен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер білім, сол өнер білімді мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік, — десе, “орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқып, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек, — дейді. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән-жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1914 жылғы “Бастауыш мектеп (№61), “Мектеп керектері” (№62), “Оқу мезгілі” сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп, мұқтаждарын айтады.

“Қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек?” және “Ол мектептердің қажеті не?” деген сауалдарға қазақтың ұлы ағартушысы А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың басында-ақ: “Правила бойынша, қазақ тілімен, қазақ әрпімен бастап оқыт” деп отырған балалардың ата-анасы жоқ, халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, учительдер өз беттерімен ана тілімен, ұлт әрпімен бастап оқытамыз дей қоймады. Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де үкімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған жайлар. Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек, үкіметке керегі — мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі — өз діні, тілі, жазуы сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуға керек, яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек” — деп жауап берген болатын.

<sup>1</sup> “Қазақ” газеті. 1913, №61.

Жоғарыда біздер “Қазақты” қоғамдық-саяси газет деп атадық. Өйткені, редакция алқасының үкімет саясатының жазылуына көп мән бергендігі байқалады. Ондағы басты мақсат — қазаққа үкімет жайын, оның не екені, мүдделері түсіндіріліп, жиылыс-мәжілістер талқылаған басты мәселелермен таныстыру еді. Мысалы, “Г.Дума” (1915 жыл, №145), “23-қаңтар (1913 жыл, №98), “30 қаңтар (1915 жыл №100), “Орынбор, 22-ақпан (1915 жыл), “Г.Дума ашылды” (1916 жыл, №169), “Г.Дума” (1916 жыл, №179), “Дума һәм хүкімет” (1916 жыл, №207) атты материалдарда мемлекеттік дума кеңес жұмыстары жөнінде жан-жақты түсінік берілген.

Басылымда бұл мақалалардың көпшілігін Ә.Бөкейханов “Қыр баласы” деген бүркеншік атпен жазған. Мәселен, оның газеттің 1914 жылғы 49-нөмірінде бүркеншік атпен жариялаған бір мақаласынан: “Мұның ғылымды кісілері неше түрлі закон жобасын кітап қылып басып шығарады, сөз білгіш ғылымдының қызметі кітап басқан шығын партияның байларыныкі. Г.Думаға партия атынан бұл партияның депутаттары қанша закон жобасын кіргізді. Осы закон жобасының бәрін жалғыз депутаттар емес, Г.Думада жоқ, сыртта жүрген партияның ғылымды білгіші қосылып жазады. Жұма сайын Г.Думада қарайтын кезекті закон жобаларын депутаттар пара жарыс қылып, қарап өтеді. Осы пара жарыста тағы білгіш, ғылымды партияның кісісі болады”, — деп жазды.

Өзге мақалаларда Дума кеңесінде қаралған басты мәселелердің бірі — соғыс барысы, қару-жарақ жайы сөз болады. Мәселен, газет 6 тамызда болған дума ақсақалдарының кеңесіндегі “Дума таралуға тиіс пе, жоқ па?” деген жайдың тексерілгенін айта келіп, әртүрлі партия өкілдерінің сөздерін қысқаша түрде беріп отырған. Төрағаның көпшілік думаны таратпау керектігін, үдету жағында болғанын мағлұм етеді, әрі кеңес қаулысының мынадай:

- 1) табысқа қарай салық салу;
- 2) мемлекеттік банкінің правосын арттыру;

<sup>1</sup>“Қазақ” газеті. 1913, №55.

<sup>2</sup>“Қазақ” газеті. 1914, №54.

3) босқындарға жәрдем;

4) екінші разряд опалчиндерді соғысқа алу және т.б. жобаларды қабылдау туралы тоқтамға келгенін атап көрсетті.

“Қазақтың” ерекше атап өтерлік тағы да бір маңызды қызметі — оның денсаулық мәселесіне ыждағатпен ден қоюын айтар едік. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ жерін оба ауруы меңдеп, адамдардың көп өлгені белгілі. Осы орайда газет жұмысына Ахмет, Әлиханмен бірдей атсалысқан публицист М.Дулатов денсаулық, оның ішінде халықты апатқа ұшыратқан оба ауруына байланысты “Чума жайынан”, “Чума сиезінен” атты материалдар жариялап, қазақ халқының қайғылы қасіретін былай деп көрсетеді: “Орал облысындағы қазақтың саны 6 жүз мың, неше жүз шақырым жерге жайылған осынша халыққа хукіметтің қойғаны 3 дәрігер. Бәлкім үштен де кем болар еді, егер Орал облысында мұнан бұрын чума болып шошытпаған болса. Жаздыгүні басталған дертті хакімдер қазанның аяғында билді, сонда чумаға қарсы қару қылуы чума қазақ жерінен казак-орыс (Калмыкова) жеріне ойысып бара жатқан соң ғана басталды деуге болады” деп, өкіметтің індетті насырға шапқанда ғана қолға ала бастағанын айтады.

Одан әрі автор: “Санитар отряд келгенше дерт 14 орында білініп, айналасы 80 шақырымдық қазақ даласына жайылып кеткен. Сол жерлік хакімдердің бар күштерін жұмсаған нәрсесі — казак-орыс жеріне дертті жібермеу болғанын, сол үшін білініп тұрған жерлерді айнала қаматып күзеттіріп қойғанын жасырмайды. Дертке қарсы тұруға жіберген 4 дәрігер еш көмекшілерсіз, құралсыз. Бұл төрт доктордың екеуі қазақ, екеуі орыс: (Халел Досмұхаметов, Бағалиев, Кольцов пен Калинин”).

Оба әуелі басталып, күшті болған жері Есентөбені қоныс қылып отырған қазақтың жартысы қырылып бітті. 306 адамнан 154-і ғана тірі. Одан дерт Тұмантөбеге жалғасып, мұнда 33 кісі, әрі Қалмыковқа ауысып, онда 13 кісі өлген. Үш күннің ішінде Есентөбеде 120 қазақ өліп, бұларды көметін кісі болмай қалған, деп ашына әңгімелейді.

Бұл патша саясатының шет аймақтарда тұратын ұлттарға жасап отырған кезекті қысастығының бірі

еді. Міне, “Қазақ” газеті осының бәрін қорқып, үрікпестен ашық жазып, халықтың санасын оятуға күш салды.

Халқымыздың тарихында әлі күнге дейін толық түсінік таппай келе жатқан жағдайдың бірі — патша үкіметінің 1916 жылғы бұратана халықтардан солдат алу мәселесі. Міне, “Қазақтың” ұлтшыл-байшыл атанып, ұзақ жылдар бойы қараланып келуі осындай жайларға да байланысты болатын.

Ашығын айту керек, Қ.Бекқожин “Қазақ баспасөзі тарихының очеркі” атты еңбегінде басылымның жарық көру мақсатын Троицк қаласында шығып тұрған прогрессшіл бағыттағы “Айқап” журналына кереғар бағыт ұстанушы орган ретінде көрсе, 1982 жылы қалың оқырман қолына тиіп, күні кешеге дейін академиялық еңбек болып саналып келген “Қазақ ССР тарихының” 3-томы, 1916 жылы 25 июньде тылдағы жұмыстарға алу туралы патшаның указы жарияланысымен-ақ қазақтың буржуазиялық ұлтшылдарының лидерлері бірқатар кеңестер өткізіп оларда патша өкімет орындарына көмек көрсету жөніндегі шаралар белгіленді. “Патша әкімшілігінің рұқсаты бойынша 1916 жылғы 7-августа Торғайда Қазақстанның бес облысы — Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облыстары өкілдерінің кеңесі шақырылды. Кеңесте феодалдық-рулық жоғарғы топ көтерілісшілер қозғалысына өздерінің дұшпандықпен қарайтынын және патшаның жігіттерді тылдағы жұмысқа алу туралы указын қолдайтынын мәлімдеді. Дін басылары да реакцияны қолдап шықты”, — дей келіп “Қазақ” газетінің 1916 жылғы 8 шілдедегі нөмірінен “Патшаның бұйрығы — ақиқат, сондықтан оған қарсы тұруға болмайды... Сол себептен де біз патшаның бұйрығын орындамай отыра алмаймыз” деген сөздерін келтіреді. Андап қарасақ, бұл шын пиғылдан туған пікір емес, кешегі кеңес үкіметі жылдарында қызыл империяның идеологиясына берген саясаттандырылған баға еді.

Өйткені, “Қазақтың” патшаның бұл бұйрығын алақай салып, қуана қарсы алмағандығына оның бетінде жарияланған түрлі материалдарды оқи отырып, көз жеткізуімізге болады. Мысалы, газеттің

1916 жылғы 207-нөмірінде жарияланған мына екі мақалаға назар аударып көрейікші. Алғашқы мақала “Торғай облысы Ырғыз һәм Торғай уездерінің бас хукіметінің бұйрығы” деп аталады. Онда, “25 июньде шыққан патша жарлығы бойыншаң мемлекеттегі бұрын ғаскерлік қызметінен азат бұратана халықтар соғыс желкесіндегі жұмысқа шақырылды.

Бұратаналардың көбі, патша жарлығына сөзсіз көніп, кісілерін беріп те қойды. Дәл осы күні он мыңдаған сарт, бурят, қазақ жігіттері соғыс желкесіндегі жұмысқа кірісіп, ондағы майданға керек солдаттарды босатты.

Жалғыз-ақ, кейбір бұратаналар, олардың ішінде патша пәрменімен менің қол астыма тапсырылған Ырғыз һәм Торғай уездерінің қазақтары шақыруға ризалығымен өздері келіспеулерімен қоймай, өзгелерді де қорқытып, күш жұмсап, мемлекет борышын өтеуге жібермей қойды. Патша жарлығына мойын ұсынбаған қазақтарды табуға, һәм лайықты жазаларын беруге қам қылынды. Ал желіккен ағайындарынан қорыққандығынан ғана шақыруға келмеген қазақтар енді тоқтаусыз көрсетілген орындардың біріне қаралуға келсін деп бұйырамын.

Кісі беріп бітірудің ең ақырғы срогы 15 январь 1917 жыл. 15 январьдан кейін шақыруға келмеген еркек жанның бәрі қалмай жасын айыру үшін қаралады, һәм жасы 19 бен 31 арасында болып шақыруға келмегендер ауру-сауына қарамай тегіс сотқа беріледі. Патша жарлығын орындамағаны үшін.

Қаралатын жерлер Ырғыз, Торғай қалалары һәм Шалқар поселкесі.

Ырғыз һәм Торғай уездерінің іс хакімі:

генерал-лейтенант Тулин”, — деп қол қойылған.

Екінші мақала “Торғай һәм Ырғыз уезінің халқына!” — деп берілген. Мұнда “Өздеріңе мағлұм, Россия қол астындағы ғаскерлік қызметінен азат халықтарды, оның ішінде біздің қазақ халқын соғыс жұмысына алуға 25 июньде патша жарлығы шыққаннан бері бес ай өтті. Сонан бері халықтардың көбі келіп кісілерін берді. Бірсыпыра халықтар, мысалы, Түркістан сарттары әуелгі кезде шошынып, бізді жұмысқа алмайды, солдатқа алады деп көнбей

қарсылық қылды. Бұл қарсылық қылғандарды аз күннің ішінде ғаскер шығып, қуғынға ұшыратты. Жизақ деген жердің 20 мың халқы жоқ болды. Тірі қалғандары босып кетті. Мал-мүлік, шаруадан айырылды. Жетім-жесір қалды, жер-суы қазынаға кетті. Сөйткенменен, бұл Түркістан халқы да патшаның құрығынан құтыла алмай, ақырында көнді, жігіттерін берді. Жетісуға қараған қырғыз халқы да көнбеймін деп, тау-тас, сай-саланы паналап қашты, ақырында олар да бүліншілікке ұшырап, бұл күнде қырғынға ұшырап жатыр.

Бұл елдердің бүлік басылары да военный сотқа беріліп, асылды, атылды. Биылғы күзде көнбей жанжал шығарған Түркістан сарттары һәм Жетісу қырғыздарынан алынған жігіттер бұл күнде міндеттерін Орынборда өтеп жатыр. Ақмола, Семей облыстарының кейбір уездерінде қазақтар шошынып қашқан екен, елге ғаскер көп күш жұмсайтынын көрген соң, текке жүрмелік, қатын-баланың көз жасына қалмалық, жазықсыз қан төктірмелік, бәрібір құтыла алмаспыз деп, олардың көнгендігі бізге белгілі болып отыр.

Міне, біздің Торғай һәм Ырғыз уездерінен 15-20 октябрден бастап кісі алынбақшы еді, жастар келмеді. Сондықтан елге неше мың ғаскер, зеңбірек, пулеметпен шығып тұр. Жақсылықпен көнбесеңіздер, патша жарлығына мойын ұсынбағандық, законге қарсылық деп күш жұмсалмақ. Бұл анық. Көнбесеңіздер Жетісу, Жизақтың күні сендердің де бастарыңа туады. Қырғын болады, босқа қан төгіледі, шаруа күйзеледі. Жұрттың жұрттығы, берекесі кетеді. Соның үстіне ғаскер көндіреді, алмай қоймайды. Қатын-бала бір қырылады, жігіт екі алынады. Бүлік басылары военный сотқа беріледі, асылады, атылады. Бұл хатты жазушы — біздер, өз балаларың, өз тумаларың. Жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туысқандарымыз іштеріңізде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар: қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар, алынатын жастар басын қорғаймын деп, үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды

айтпас деп ойлайтындарың бізді құдай мен аруаққа тапсырындар: біз газет арқылы болсын, ауызша да болсын, бұрын сан рет айтқанбыз, көнбесендер елге бүліншілік болады, ғаскер шығады, түбінде алмай қоймайды дегенбіз. Сол айтқанымыз, міне, келді. Бұған біздің көзіміз бұрыннан жеткен. Әлде болса да бізді осы елдің баласы екен дейтін болсаңдар, біздің ең соңғы қысылғандағы ақылымызды алыңдар, түбінде іс өткен соң өкінгеннен пайда жоқ. Өлген тірілмейді, өшкен келмейді.

Біздің естуімізше, бұл жұмысшылар жеке ұсталады, қатерлі жерлерге барады, бір кеткен соң тірі қайту жоқ. Онан да өз жерімізде өлеміз деген ел арасында лақап қорқыныш тараған. Бұл бекер. Басқа облыстардан Жетісу, өзіміздің көрші Қостанай, Ақтөбе уездерінен алған жігіттердің барған жерінен басшылары да бізге ауызекі жолығып тұр. Ондай қорқыныш жоқ, жай-күйлері жақсы, бекер қорыққан екенбіз деседі.

Ал халық, біздің бар айтарымыз осы. Желікпендер, қор болмаңдар! Құдайдың жазғанын, патшаның жарлығын екі етпендер. Ел иесі жақсылар, ақсақалдар, түсінікті жастар! Ойланыңдар, түсінбегендерге тоқтау салыңдар, жұрттың обалына, көз жасына қалып жүрмеңдер! Әркімнің ниет, көңілі бір аллаға аян. Бізге сеніңдер. Біз білгенімізді айттық, борышымыздан құтылдық! Көре-біле тұра айтпады, бізді отқа салды деп жүрмеңдер!” — деп Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейтқазым Қадырбаев, Мұхаммедияр Тұнғанчиндердің аты-жөндері жазылған.

Бұлай деп жазу, өз-өзінен көрініп тұрғанындай, босқа қырылмай, патшаның оғына ұшпай елдегі халықты аман сақтап қалу ниетінен туған еді. Ал оны бұрмалаушылар “Қазақ” газеті патшаның жетегінде кетті дегенге дейін барды.

Міне, елім деп еңіреген осы азаматтар ақыр соңында қалың қазақты шошытып, үрейлендірген солдаттық туралы қазақ халқының пікір-тілегін хүкіметке, думаға жеткізу үшін олармен сөйлесіп, жай-жапсарды түсіндіру үшін әр облыстан бірер өкіл жіберуге ұйтқы болады.

“Г. Дума солдаттық мәселесі” деп аталатын мақала авторы М.Дулатов халықтың әлі де болса

саяси ұйымдасушылығына көңілі толмай, “бұл істің қалын” қазақтан күту, қашпаған қашардың уызына қарағандай болған соң, дума ашылуына қарсы Самарадан Ә.Бөкейханов, Орынбордан А.Байтұрсынов, Ақтөбе уезінен Н.Бекметов жүріп кеткендіктерін айтады. Олардың Петерборға:

- 1) қазақтан соғыс үстінде солдат алынбауын;
- 2) солдат алудан бұрын метрика түзеу;

3) лажсыз алынатын болғанда жаяу солдат болмай, атты ғаскер болуын, қазақ жер-су һәм правода орыспен тең болуы керек деген нақты, бір ізден шыққан пікір-тілекпен аттанғанын жазады. Одан әрі автор “саяси көзіміз ашық болса, дума есігі жабық болса да, басқа жағынан дауысымыз думада естіле берсе, есігін жапқанмен де, халықтың аузын жабуға болмайды”, — дейді.

“Қазақтың” осыған байланысты жылап тұрып айтатын мәселесі — думада қазақтың тілегін жеткізер, қазақ жайын түсінер адам жоқ екендігі, әрі мұсылман фракциясының жанынан бюро ашу, әңгіменің түп төркіні — қаражат. Жыл сайын бюроға адам ұстай алмасақ та, осындай қылыштың қырында тұрған шақта дума маңайында бір адам ұстау. “Бүкіл қазақ болып бір адам жібере алмауымыз масқаралық болар. Қазақ жайына қандырмайынша, сөзінді сөйлеп, думаға жеткізе алатын депутат жоқ деп біліңдер”, — дейді Міржақып. Бұл автордың тағы да бір құптарлық жағы: “Халық тілегіне қоса айтылатын нәрсе — метрика түзету мәселесі. Мұндай жауапты істі қиянатсыз істейтін мекемеге тапсырса екен, қиянатқа үйреніп қалған мекемелерге тапсырса қолайсыз шатақ істер шығып, халық лаңға түсуі ықтимал” деп алаңдаушылық білдіруі дер едік.

Міне, өзіміз күні кешеге дейін ұлтшыл, байшыл деген газетіміз патшаның дегені жүріп тұрған заманда осылайша батыл сөйлеуге қаймықпаған. Ал патшаның бұйрығы “ақиқат” десе оны да түсінуге болады. Олар өздері жазғандай, қайткенде де қашып құтылмайтын іс болған соң, халық жанашыры болып, қолайлы жағын қарастырады. Осылайша, халықтың саяси сана-сезіміне қозғау салады.

Бүгінгідей плюрализм — пікір еркіндігі тиіп отырған кезеңде, өткен тарихымызды саяси



таразылау жолында ешқандай бұрмалаушылыққа жол берілмеуге тиіс. Мұны айтып отырған себебіміз “Арай” журналының 1991 жылғы 1-2 — сандарында жарияланған журналист Ю.Шапоревтің тарих ғылымының докторы В.К.Григорьевпен сұхбаты “Алаштың, оның органы ретінде “Қазақты” теріс бағалайды. 1917-1918 жылдары газет осы партияның ресми органы болды дегенімен қоймай, 1913-1916 жылдар аралығында көтерген идеялар “Алашорда” партиясының негізін қалады деуге дейін барады. Оны біз жеңілдетіп айтқанда газеттің рөлін түсінбегендік деп ұғамыз. Осы сөз орайы келуіне қарай бір мәселені ашық айтуымыз керек. Баспасөзді, шығарманы түп нұсқасында оқи алмайтын басқа ұлт өкілдері кейбіреулердің шаласауат аудармасы не ауызекі айтып беруі арқылы бағалап, ғылыми атақ-дәреже алғанымен тұрмай әрі қарай зерттеген болып, орыс тілді оқырмандарға қате түсінік береді. Әйтпесе қазақ тілін жете түсініп оқу өз алдына, араб харпінің өзін біле бермейтін кісілер қалай әділ баға беруі мүмкін. Алаш партиясының бағдарламасын түпнұсқада ілгеріде аталған кісілер оқи қойды ма екен деген де күдік туады. “Алаш” партиясы қабылдаған алғашқы бағдарламасының жобасында жазылған “Мемлекет қалпы”, “Жергілікті бостандық”, “Негізгі хұқық”, “Дін ісі”, “Билік һәм сот”, “Ел қорғау”, “Салық”, “Жұмысшылар”. “Ғылым-білім үйрету”, “Жер мәселесі” деген тарауларының идеялары бүгінгі егемен Қазақстанның жаңа Конституциясында қабылданған негізгі заң баптарымен ұштасып, өмірден өз орнын тауып жатқаны бұл партияның нені көздеп, нені аңсағанын қиналмай-ақ түсінуге болатын сияқты.

Кезінде басылым әскери цензураның қатаң бақылауында болған. Оны “Қазақтың” әр нөміріндегі “дозволено военной цензурой” деген бұрыштамадан көреміз. Мысалы, газетте 1914 жылдың тамызының үш күнгі нөміріндегі бас мақала жарияланбай қалған. Осыған байланысты, бас мақала “редакцияның рұқсат етпеуінен басылмай қалды” деп жазған.

Сондай-ақ, “Қазақтың” бетінде жарияланған әрбір мақаланы, хабарды барынша мұқият тексеріп

отыруды, баспасөз заңын бұзса, редакторларын жауапқа тартуға, соттауға бұйырған баспасөз ісінің бас басқармасы граф Татищевтің Орал, Орынбор губернаторларына жазған құпия хаттары архивте сақталған. Онда “Қазақ” газетін тексеру-бақылау жұмысын Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Тұнғанчинге тапсыру қажеттігі жайында Орынбор губернаторы, генерал-лейтенант Сухомлиновтың бұйрығы да бар. Бұл бұйрық тегін берілмеген. Осындай міндет Тұнғанчинге тапсырылды, Тұнғанчин оны қандай деңгейде орындап шықты — бұл сауалдарға әлі жауап жоқ, бірақ түбі табыларына да күмән жоқ.

Міне, патша өкіметінің осындай жазалаушылық шараларынан “Қазақ” көп қиянат көрген. Мәселен, газет өзінің 1914 жылғы 78-нөмірінде жарияланған “Алашқа” және 79-нөміріндегі “Ресейдегі ұйымшылдық” деген мақалаларында қоғамда болып жатқан шындықтың бетін ашып көрсеткені үшін, патша саясатына қарсы шықты деп А.Байтұрсыновты екі жылға соттауға үкім шығарылған. Сондай-ақ “Бұл қалай?” мақаласы үшін редакторға 50 сом айып салып немесе екі апта абақтыда отыруға кесілген. Ал “Заң жобасының баяндамасы” деген мақаласы үшін Орынбор генерал-губернаторы А.Байтұрсыновқа 1500 сом айып төлеуге немесе үш ай түрмеде отырып шығуға үкім еткен.

Осындай салмақты қиындықтарға қарамастан газет 1918 жылдың қыркүйек айына дейін үзбей шығып тұрған. Қазақтың ұлттық баспасөзінің қалыптасу дәуірінде мұндай ұзақ уақыт жарық көрген басылым жоқ. Оның 265-нөмірінің әрқайсысы қазақ тарихындағы ояну дәуірінің күнтізбесі іспеттес. Замана шежіресіндей болған басылым Омбы атқару комитетінің 1918 жылғы 4 наурыздағы Орынбор Советіне берілген, “... просим немедленно закрыть газету” деген нұсқауы бойынша көп ұзамай жабылды. Сөйтіп, патша өкіметінің отаршылдық саясатына

---

<sup>1</sup> Халел Ғаббасов — Семей “Алашордасының” сыртқы істер және финанс министрі болған. Ағылшын, неміс, француз тілдерін еркін меңгерген. 1931 жылы атылған.

бағынбай, толассыз шығып тұрған басылым Кеңес өкіметі тұсында біржола тоқтатылды.

Бірақ араға 75 жыл салып, “бас жазушысы” А.Байтұрсыновпен бірге “Қазақ” газеті өз халқының арасына қайтып оралды. Бұл туралы газеттің бас редакторы, белгілі ғалым, әдебиетші Оразайдың Мұртазасының Файзолласы оқырмандарына: “1918 жылы, 5 жасын толтырып, 6-ға аяқ басқан шағында “Қазақ” газеті жабылған болатын. Бүгін, міне, газет қайта тіріліп, ғұмырын жалғастырып отыр. Оның ендігі оқырманы жаңа, бейтаныс буын. Сөйтсе де, газеттің мұрат-мақсаты сол күйінде қалғаны дұрыс қой деп түйдік. Халқы қолдап, ғұмырлы болса, “Қазақ” бұдан былай да еліне аянбай еңбек ету, тарихымызды, тілімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді шама-шарқынша әңгіме ету, ел тұрмысының түзелуіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да себін тигізу ниетіндегі қызметін жалғастыра береріне сенім білдіреміз, — деп, ақ көңілден шыққан ниетін білдірді.

## 2. “Сарыарқа” газеті

Кезінде “ұлт қамын ойлап, шарқ ұрған”, “Сарыарқа” газеті әлі де болса толық зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан “Қазақ” газетімен үндес, бағыттас бұл басылым 1917-1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрған. Газеттің жауапты шығарушысы — алаштың ардақты азаматы, соңынан кеңестік саясаттың құрбаны болған Халел Ғаббасұлы.

“Сарыарқаның” көтерген мәселесі: Алашорда өкіметін құру, қазақ мемлекетін жасау, жоғалған елдікті қайта орнықтыру болды. Сондай-ақ, Алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы да осында басылғанды. Ең бастысы сол кездегі қазақ қайраткерлерінің іс-қимылдарымен де осы газеттен танысуға болатын еді.

<sup>1</sup> “Ана тілі” газеті. 1992, 23 сәуір.

<sup>2</sup> “Сарыарқа” газеті. 1917, №3, 25 маусым.

“Сарыарқа” газетінде кезінде негізінен ел, жер, халық қамын ойлаған Ә.Бөкейхан, Х.Ғаббасұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Құнанбайұлы, М.Тұрғанбайұлы сияқты арыстардың жүрекжарды еңбектері жарияланып тұрған.

Бұл басылымға басқаларға қарағанда көбірек дүниелерін (өлең, әңгіме, мақалалар) бастырып, белсенді түрде қатысқан Ж.Аймауытұлы ма деген ойға келесіз. Себебі, оның “Сарыарқаның” бірінші нөмірінде “Сарыарқаның сәлемі” деген өлеңі, екінші нөмірінде “Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!”, үшінші нөмірінде “Партия” деген мақалалары мен “Ғашықтық” (Абайша), “Жынды”, “Айна” атты шағын әңгімелері мен оқшау сөздері жарияланған.

Жалпы, **Ж.Аймауытұлы тамаша ақын, талантты жазушылығымен қатар ойлы публицист те бола білген жан.** Олай дейтініміз, 1917 жылы ақпан төңкерісі болып, патша тақтан түскенде ол алғашқылардың бірі болып “Сарыарқа” газетінің бетіне “Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!” деген мақала жазып, “Жасыратын қылық жоқ - бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық”, — деп жар салған болатын. Бұл жерде Жүсіпбек Аймауытовтың да өз тұстастары сияқты ақпан төңкерісін нағыз азаттық төңкерісі деп түсінгені жасырын емес. Әрине, алдында төңкерістер мектебі жоқ, ұлт-азаттық қозғалысынан тәжірибе жинақтай қоймаған қазақ жастары, қазақ зиялылары үшін солай көрінуі заңды еді. Жалпы төңкеріс атаулы азаттықтан гөрі бір партияның, бір топтың үстемдігін әкелетінін әлі де жете түсінбей жүргеніміз аз емес.

Бұл жерде Ж.Аймауытұлының ұлтжанды, күрескер, алымды сөз шебері екендігін, Ақпан төңкерісін жаңа айтылғандай түсінген Аймауытов жетекші, халықты соңына ертетін партия қандай болуы керек, қазақтың партиясы қандай болмақ керек дегенде зор сауаттылық танытқан, оны “Партия”, деп аталатын мақаласынан толық сезінуге болады. Автор сөз басында “партия” деген ұғымға жан-жақты анықтама бере келіп, “басқа

жұрттың партиясының негізгі мақсұды қай жолмен болсын, тұрмысын оңдауға тырысу”, ал “біздің қазақтың партиясы бұл партияларға ұқсамайды, өйткені, қазақ тұрмысын түзеуге, партия болмайды, бұл — бір; байлар, күштілер бірыңғай, жұмысшы кедейлер бірыңғай — одақтаса алмайды, бұл — екі; партияшылар көптің қамын ойламайды, өз басының билігін, атағы, мақтануы үшін таласады, бұл — үш. Ендеше қазақтың партиясы өзге жұрттан оғаш, мақсұды, шегі, тілеуі қиғаш, теріс партия”, — деп тұжырым жасайды.

Жүсіпбек бұл мақаласында қазақтардың іштей тоз-тоз болып партияға бөлінушіліктерінің соңы ешқашан да жақсылыққа апарып соқпағаны, қайта ел ішін бүлдіріп, сүттей ұйып отырған ағайындарды бас жарыстырып қоюын мынадай себептерден деп түсіндіреді:

*1. Ескі хукімет партияны өсірмесе, өшіруге қарық қылған жоқ; зәлім ұлықтарға құл керек болды; болысты сүйеді, болыс — дәуірлі, ел ішінде шәкене “хан” сықылды болды. Мұндай зор дәрежеге бектік, атақ көкसेген қазақ қызықпай тұрмады, малды төге берді.*

*2. Халықтың надандығы себеп болды. Қара халық көзі жұмулы болып, ас бергенді “мырза” деп, мал шашқанның соңынан ерді де отырды. Кеше көрген қиянатты бүгін тойса — ұмыту, өз пайдасын, келешегін болжамау — қазақтың ой-көзінің тарлығынан, надандығынан.*

*3. Партияға көмек берген нәрсе — қазақтың тұрмысы, кәсіпсіз қолының бостығы. Сарнайын десе, жыны жоқ; ыңқылдайын десе, ауруы жоқ, жаны тыныш отырған қазаққа әңгіме керек; әңгіменің аяғы тамаққа соғады, партия болмай, мол тамақ қайда?.. Бір күн де болса қожандан, “мырзаның” үйінде шіреніп, шалқып отырып, ішкен қымыз, жеген ет көкейден қайдан кетсін!?*

Бұдан біздер автордың халық арасын былғаған партиядан бас тартып, бақытты болашақ үшін күресу қажет деген ниетін ұғамыз. Бұған оның “Партия” басыларға баяғыдан бергендері де жетер; енді

<sup>1</sup> “Сарыарқа” газеті. 1917, №13, 14, 14 қыркүйек.

партия шығарып, елдің шырқын бұзбау, жақсылық заманның тілеуінде болып, елге береке келтірер деп сенеміз” — деген сөзі дәлел.

“Сарыарқаның” бетінде Ж.Аймауытұлы сияқты, елдің қамын ойлаушылардың мақалалары аз болмаған. Солардың бірі — Абай атамыздың бел баласы Тұрағұл Құнанбайұлы деп білеміз. Өз әкесінің ақындық өнерін болмаса да, адамгершілік, азаматтық рухын одан әрі жалғастырған Тұрағұл қиын-қыстау бұлыңғыр заманда туған халқының қажетіне жарауға, демеп отыруға күш салған. Оны Тұрағұлдың “Ел қамы” деген мақаласынан айқын аңғарамыз.

Ол бұл шағын да болса мәнді де мазмұнды еңбегінде: “Әкем Абай марқұмның:

**“Біріңді қазақ, бірің — дос,  
Көрмесең істің бәрі бос” , —**

деп айтқаны бірсыпыра халықтың ойында бар шығар. Аталарымыздың елдікті бірлік пен ерліктің арқасында сақтап ел болып жүргені артына қараған алаштың ұлына мәлім.

Николай тақтан түсіп, мемлекет өзгергелі ескі өкімет пен жаңалықтың парқын жұрт шулап айтып та, жазып та жатыр. Ескі үкіметті боқтап, жаңаны мақтап, жазары қалған да жоқ. Бірақ генерал Корниловтың бүлігіне қарағанда, біржола қорқыныш болмаса да, ескі үкіметтің өліп, жаны шықпағанға ұқсап мына қазаққа да ақжарылқап күн туғызып тұрған жаңа үкіметке қолқабыс көмектің керегі айқын болды. Біз үнемі қоянша бұғып, басқа тисе өлдік деп, қай айғыр қайырса, байталша алдына түсіп, құйрығымызды сипақтатып жүре бермей, қан ағызып, қайрат қылмасақ та, тыныштыққа күшті болып, көмек көрсетуіміз тиіс. Жауға — жағасы, досқа — опасы жоқ елде қасиет бола ма?”, — деп ашына да, шақыра да жазды.

Патшалы Ресейдің отарлау саясаты тұсында шарықтау шегіне жеткен ұлтаралық қатынас арасындағы алауыздық ақпан төңкерісінен кейін де өрши түспесе, өшкен жоқ. Газет бетінде бұл мәселе

де кеңінен қамтылды. Себебі, қазақтар өз жерінде отырып, басқаларға тәуелді болды.

Бұған сіздер Манан Тұрғынбайұлының “Орыс пен қазақ арасы” деген мақаласымен танысу арқылы көздеріңізді анық жеткізесіздер. Онда: “Өскеменнің оңтүстік жағындағы Шар өзенінің бойындағы мұжықтардың “қазақтан зиян шегіп жатырмыз” деген арыздары жаңбырдай жауған соң, П.Колтсовпен екеуімізді 6-күнде орыс пен қазақ дауын бітіріп, ажырастыру үшін областной қазақ комитеті мен орыс комитеті шығарды. (Осындай өсек, шағымды күні бүгін де сол Өскемен, Шығыс Қазақстан жағынан естиміз. Ауру қалса да әдет қалмайды екен-ау).

Ұзын аққан Шардың бойын өрлей жүріп, мұжық пен қазақ арасындағы дауларын сұрадық. Мұжық қалаларының (деревня) көбі “дауымыз жоқ” дейді. Арыз берген қалаларға келіп қарасақ, сөздің көбі жалған екен; (бүгін де нақ осылай болып жүр ғой) пішен аман, желінген жоқ, жалғыз-ақ өксікті; 16-жыл қазақ жерін ойып алып, мұжықтарға беруге уағда қылған землемерлер биыл бара алмай қалғандықтан мұжықтар алмақ болса да, қазақтар бермейді, қонып отырады, қыстауларын бұзбайды. Бұл орындарға қазақтар ерегісіп отырған жоқ. Не жаз қонарға, не қыс қорасын саларға жер жоқ болған соң отыр екен. Және де қазақ мұжықтарға қисынсыз көп кесіп берген жайлау, шабындық, күзеуден айырылып, ірге салар жер таба алмай, тау араларында шошиған қораға ие болып қалған.

Мұжықтар жерді көп алып отырса да, мал өсірген қазақтан қара озып асып кеткені көрінбейді. Бәрі де; “Жеріміз жаман”, ең көп алған жылы десятинесінен 35-40 пұт қана аламыз”, — деп зарлайды. Шар бойындағы мұжықтардың бәрі бір жолда, бір тұрмыста — айырмасы жоқ. Соның үшін бәріне үлгі етіп Таувин қаласы жайынан жазамын.

Делбегетай тауының күнбатыс жағында, Шардың жағасында Таувин деген мұжық қаласы бар. Бұл қаланың орнағанына 30 жылдай болған. Әуелде бұған арналып кесілген жер: Теріскен, Тума, Ұзынжол, Итқара, Шар екен. Жоғарғы жағында Суықбұлақ деген жерден жоғары бір “неміс орнайды” деп

бөліп қойған. Немістен кісі келіп көрген соң, жерді ұнатпай, қайтып ол орынға келмеген. Таувиндер бірнеше жыл отырып байқаған соң жеріміз жаман деп көшуге айналған. Таувин мұжықтарының “қайта көшеміз” дегені переселен мекемесіне өте батып, не қылса да тоқтату қамына кіріскен, неміске арналған Ортақарауыл, Салақбай, Шұңқырлау деген жерлерді Таувиндерге беріп, көшуін тоқтатқан.

Таувин қаласы — 63 үй. Иемденген жері 17670 десятина, үй басына бөлгенде 280 жарым десятинадан келеді. Бір үйде 4 еркек бар деп есеп қылсақ, оларға ер басы — 70 десятина жер берілген екен. Ал, сонда патша үкіметінің әр адамға 25 десятинадан жер беріледі деген сөзі қайда?

Бұл жердің бәрі — Делбегетай болысы 8-ауылының жері. Олар 100 үй. Іргесін батыра үйіріп шабар шалғыны жоқ. Таувиндер бізге 8-ауылды шақты: “Жерімізге баса қонып, егін-пішенімізді жеп қойды”, — деп. Біз барып қазақтарды тексеріп қарасақ, егін-пішен аман, жерге өздерінен сұрап қонған болып шықты. Таувиндер ұялып қалды, отырған орындарынан қоныс берді.

Мұжықтарда бір жаман мінез, әдет болған: бұрын мал жоғалса, мал ауысып отғаса, қазақтарды тарпа бас салып алады екен. Сол жаман әдетін қалдырғысы келмей, әлде болса да аңсап, өте сағынатын көрінеді.

Мұжық пен қазақ арасындағы дау-жанжалды тексеруге барған бір орыс, бір қазақ екеуміздің білгеніміз осы. Сондықтан қазақты шағып, “қырғалы, жойғалы жатыр, зорлық қылады” деген мұжықтардың телеграммаларына, арыздарына әкімшілік басында тұрған адамдар сөзіне сене қалмай, тексеріп орындау керек дейміз”. (Оқырман қауымға мән-жай түсініктірек болуы үшін мақаланы үзіп-жармай түгел алдық. (Авторлар).

Міне, нағыз шындықтың бет-бейнесі осындай болған. Өз жерінде отырса да келімсектердің мұжықтарына дейін билік жүргізіп, жерінен ығыстырып, қудалауға ұшыратқан. Мал-мүлкінен айырған.

“Сарыарқада” осындай партия, ел қамы, ұлттаралық қатынас мәселелерімен қатар одан да

<sup>1</sup> “Сарыарқа” газеті. 1917, №22, 23, 27 қараша, 5 желтоқсан.



ауқымды тақырыптар, мәселен мемлекет күйі де сөз болған. Онда авторлар оқырмандарды ақпан төңкерісінен кейінгі саяси оқиғалармен таныстырып, мемлекет басында күнделікті болып жатқан өзгерістерден хабардар етіп отырған. Әсіресе, бұл орайда газет редакторы Халел Ғаббасұлының жазғандары өткір де шыншыл материалдар болып есептеледі. Оның бір ғана Ресейде болып өткен Қазан төңкерісінен іле-шала жазып, “Сарыарқада” жарияланған “Мемлекет күйі” деп аталатын тарихи, ғылыми, публицистикалық еңбегінен күні бүгінге дейін “ақтаңдақтар” қатарына жатқызылып келген көптеген жайларды ұғынуға болады. Соның бірі-большевиктердің үкімет басына келуі туралы:

“300 жылдан аса Романов тұқымының бұғауында жүрген Россия жұртының көксегенде көрген бостандығын большевиктер бүгін “қара күшке” сеніп, басқа теуіп отыр. Кеше жұрт бостандығы үшін түрмеде, крестіе тәні шіріген, қаторгыда айдалып, басқа мемлекет ішінде қашып жүріп табаны тесілген атышулы сабаздар Плеханов, Кропаткин, Брешко-Брешковскаялар бүгін сыртқа тебіліп, “бостандыққа қас” дұшпан аталып отыр. Кеше Николай заманында саясат майданында өзі түгіл ізі жоқ, бостандық таңымен “мартта туған арамзалар” — большевиктер шоқпар, найза, мылтыққа сүйеніп, мемлекет көшінің алдында хәкімшілікті қолына алып отыр.

“Сократ хәкімге у ішкізген, Иван Густы отқа өртеген, Ғайса Ғалайссаламды дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген — ол кім? ол — көп; ендеше көпте ақыл жоқ; ебін тап та жөнге сал”, — деген Абай. Сол қара надан көпшілік найза, шоқпарын қолына алып, жұрт құрылтайына үш-ақ жұма қалғанда, жұрт бостандығын кескілей бастады”, — деп шешуі қиын мәселені алға тартады.

Екіншіден мақала авторының кеңес үкіметінің қазына-мүлік, жер, су жұртқа қылдай бөлініп берілсін деген ұраны туралы: “Большевиктер көсемі Лениннің 2-әмірі — жер, су, өлі құрал (мәшинелер) мен тірі құрал (өгіз, аттар) жер комитеттері арқылы еңбек құған жұрттарға бөлініп берілсін деген. Бұл

<sup>1</sup>Төңкеріс және ұлттық мәселе. Комакадемия баспасы. Москва. 1930. 3-том, 26 бет.

үстіміздегі заманда өмір жүзіне орын таба алмайтын, әдемі ғана құр сөз. Жұрт бірімен бірі пышақтасар, бірақ бәрін ортаға салып, жөншілікпен бөлісіп алыспас; түптің түбінде бұл іске асса асар, бірақ осы күнде емес; жер-судың әділдікпен жұртқа бөлініп беру жағын біз де көздейміз һәм осы пікірге қызмет қылмақшымыз. Бірақ бұл күнде найзаның ұшымен бар қазынаны ортаға салдыруға баспаймыз. Біздің ойымызша ол мақсүд өмірдің ағысына лайықты заңдарға тіреліп, рәсімге айналып барып, бірте-бірте жақындамақ. Бірақ қолмен жұлынып алынып келмекші емес, Россияны былай қоялық, әуелгі жұрт билігі, бостандығы ерте қонған мәдениеті үшін күшті Әмерика, Шветсарияларда мүліктің бәрін ортаға салу жоқ. Рас, бұл қалаға олар жақындады. Россияның неше жүз жылдардан бері бір көрген бостандығы биылғы 25 феуралдан бергі болса, ол бостандық осы күнде большевиктердің найзасының ұшында ілулі болса, біз қайтып ол жолға бір күнде жетпекшіміз?!”— деген ойын да қазіргідей заманда құптамасқа болмайды.

Жалпы осыдан көп жыл бұрын жазылған материалдардан бүгінгі күннің рухы есіп тұрғандай.

Басылымда бұдан басқа Әлихан Бөкейханның, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың және тағы да басқа халқым деп аңыраған бірталай абзал азаматтардың көптеген еңбектері жарияланған.

“Сарыарқа” аттары аталған ойшылдардың қымбат мұраларын елге таныстырумен, бүгінгі ұрпаққа сақтап келуімен құнды.

### 3. “Бірлік туы” газеті

“Бірлік туы” газетінің шығу тарихының бірнеше себептері бар. Бірінші, 1917 жылдың ақпан төңкерісінен кейін Ресейде қос өкімет орнап, өмір мен өлім үшін шайқас жүріп жатқан кезде большевиктер Ресей мен Шығыстың Мұсылман еңбекшілеріне: “Уақытты өткізіп алмаңдар, ғасырлар бойы жерлерімізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер. Өз

елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалауықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер” деп ұран тастайды. Өзгелер секілді қазақ зиялылары да Николай II-нің тақтан құлауын халыққа бостандық келді деп, шын ынта-ықыластарымен қарсы алды. Мемлекетке халқымыз енді ие болады деп сенді. Бостандық, еркіндікке жетуге ұмтылды.

“Өз еріктерің өздерінде!” деген большевиктер ұранымен көңіл демдеген мұсылман орталығы енді шыға бастаған газеттері “Ұлы Түркістан” мен “Бірлік туында” автономия құруға әзірлік жасай бастағаны тарихтан мәлім. “Ұлы Түркістан” газеті Орталықтың Мұстафа Шоқайұлы бастаған мүшелерінің қанатының астында шығып тұрса, “Бірлік туы”, “Алашорда” қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған алғашқы екі нөміріне М.Шоқайұлы, мұның кейінгі он төрт санына Х.Болғанбайұлы, он алтыншы санынан соңғы нөмірлеріне дейін С.Қожанұлы редакторлық қызмет еткен. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінде сақталған “Бірлік туы” газетінің біразына “Жансүгірұлы Ілияс” делінген мөр басылса, енді бірсыпырасына “Сабынкөл мектебі”, “Өнеге” делінген мөр соғылған. Соңғы санына тағы да “Павлов пошта бөлімшесі, Қостанай уезі Никентьев поселкесі. Ташбайұлы Асылбекке” деп қолмен жазылған жазба қайталанып отырады. Бұлардан басқа М.Дулатұлы, Н.Құлжанұлы, Ш.Сарыбайұлы, Қ.Құлетұлы, Н.Басығараұлы, Е.Шәрменұлы, Б.Майлыұлы сынды арыстар атсалысқан. Кезінде жазушы Әнуар Әлімжанов “Мұстафа Шоқай!.. Ол кім?” атты мақаласында: “бұрынғы патша әкімшілігіне және жер-жердегі оның сойылын соғысушыларға қарсылықтың күшеюіне байланысты Түркістан ұлттық саяси партиялары тегіс біріге бастады” деп жазады.

Екінші, “Ана тілі” газетінде жарияланған “Мұстафа көтерген” “Бірлік туы” деген мақаланың алғы сөзінде: “Негізін Шоқайұлы Мұстафа қалаған бұл газет Ташкент шаһарында 1917 жылдың 24

маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін жарық көріп тұрған” деп жазады. Бірақ, С.Садуақасұлы 1918 жылы қазан-қараша айларында жазған “Қазақ әдебиеті” әліптемесінде: “Бірлік туы” газеті — 1917 жылдан шығып тұрған әдеби-саяси - қоғамдық басылым, қазақ арасына өте кең тараған, керемет көркемсөз еңбектерімен белгілі болған қазақ-қырғыз үні (орган) деп жазған “Трудовая Сибирь” 1919,01. Осыған қарап, “Бірлік туы” сәуірден кейінгі айларда да шығып тұрды ма екен деген ойға қаламыз. Себебі, Смағұл: “Қазір шығып тұрған басылымдар” деп көрсетіпті. Алайда сәуір айынан кейінгі шыққан нөмірлерін таппай тұрып, кесіп-пішіп айту қиын.

Т.Рысқұлұлы 1926 жылы жазған ұлт интеллигенциясына қатысты бір мақаласында: “Түркістан қазақтары” арасында “Бірлік туы” мен осы аттас Мұстафа Шоқайұлы басқарған зиялылар ұйымы “Қазақ” газеті мен Алаш партиясындай орны болды. Газет 1918 жылдың ортасына дейін шығып тұрса, ұйым 1919 жылға шейін жұмысын тоқтатпады”, — деп жазады”.

Үшінші, осы тақырыпқа қалам тартқан шетелдік қандасымыз Дениз Балғаным өзінің “Газет неге Қазақ” аталады?” деген мақаласында: “1918 жылы 4 наурыздан, “Қазақ” газеті “қызыл цензураның өтпейтін ой-пікірлер жариялайтындығы үшін большевиктер тарапынан тыйым салынып, Орынбор қаласындағы редакция жабылды. Бұдан кейін “Қазақ” газетінің негізгі бағытына қосылмайтын басылым қызметкерлері “Үш жүз” деген социалистік саяси партия құрып, Ташкент қаласында осы аттас газет шығарды. Бұл газеттің редакторы Көлбай Тоғысов болды. Ал, “Үш жүзге” қосылмаған “Қазақтың” қызметкерлері бұрынғы бағыттарын жалғастыру үшін “Бірлік туы” газетін шығарып, соның маңына топтасты” — деп қысқа қайырады.

Сонымен қазақ зиялылары екі бөлініп, төңкеріс нәтижесінде “Алаш” және “Үш жүз” партиясы өмірге келді. Бұл екі партияның да саяси бағытына, көздеген мақсатына қатысты бір-біріне кереғар пікірлер көп жазылды. Қалай десек те, “Алаш” партиясының да, “Үш жүз” партиясының да, олардың басшыларының

да көздеген бір-ақ мақсаты болды. Ол — өз туған халқын бостандыққа жеткізу, бақытты ету.

“Сарыарқа” газетінің 1918 жылғы 3 наурыз күнгі 31-санында М.Дулатұлының “Кім дос, кім қас?” атты мақаласында: “Біздің Алаш автономиясы әлі жарыққа шыққан жоқ. Ресми ағлан етілсе, біздің басымызға да Түркістан, Сібір күні туа ма? Ол белгісіз. Бірақ оларға жабылып тұрған жала бізге жанаспайтындығына көзіміз жетеді. Бірақ бізді басқаларға түсімізді бояп көрсетіп отырған өзіміздің арамыздан шыққан шағымшылар. Олар бүгін большевик болыпты-мыс. Қазақтың ішінен шын большевик шығып, халықтың мұң-мұқтажын ойлаушы болса, арманың бар ма?”

Төрт-бес жұрттан шыққан жұрт атынан сөйлеп, сонынан ерген он қазақтың баласы жоқ, жұртты адастырып отыр. Соған күйінеміз. Кешегі қаһарлы патша заманында бірі шоқынып миссионер болып, бірі сатылып жандарм мекемесіне тыңшы болып, бірі ел алдап, бірі жол тосып жолаушы тонап жүрген соғылғандар мынадай аласапыран заманда “большевик” бола қалып, ақ ордалы Алаштың ортасына от тастағалы отыр. “Жалпы қазақ-қырғыз съезіне жиналған өкілдер байлар, қазаққа зияндастар. Оны Съезд демендер, Алашқа автономия бермендер” деп отыр. “Алаш ордасына сайланған 15 кісі қазақ-қырғыздың дұшпаны, оларды жоқ қылу керек” деп шағым қылып отыр. “Қазіргі шығып тұрған қазақ газеттері бостандық дұшпаны, бұлардың жазушылары — николайшыл” деп отыр. “Күдеден көп қайын аға-ау, түйе ауғанда қайда едің?... Ұлтшыл Алаш ұлдары-ау, кеше жұрттың көзінен қанды жас ағып, барар жер, басар тау таба алмай, зар еңіреп жүргенде қайда едің... Сабаз ерлер-ау, кеше қазақ баласы зар жылап, халқың қанға боялып, мал орнына айдалғанда қайда едің? ... Шын ұлтшыл екендеріңді білейік, жұрт соңдарында екенін көрейік, майданға шық, топқа түс. Елден қалсақ, арманымыз жоқ. Арттарыңнан ерейік, болмаса сендер кімсіңдер? Сендер “күні бойы сабан тартып, шаршап келе жатырмын” деген өгіз мүйізіндегі шыбынсыңдар!” — деп қарсыластарын қайрап, елге былай дейді:

“Алаш! Саған айтайық, адаспа, жасыма, қажыма! Арамза туған ұлдарың мұхмүндермен күшейіп отырған жоқ. Осыны есіңнен шығарма! Ықтиярсыз іс болмас! Алланың басқа салғанын көрерміз. Алаштың азаматы зорлықшыл хүкіметтен құтылып, тенелдік деп төбесі көкке жеткендей қуанып еді. Жыл он екі ай болмай, бұрынғы қорлық басымызға қайта туса, басымыз айдауға, малымыз байлауға душар болатын болса, бұ да тағдырдың ісі шығар, шыдалық. Бірақ, жұртым, мұны да, өзгеден көрме, өзіңнен көр. Жасыма, Алаш! Жасқанба! Аз күнгі қуанышқа күйінбе, ақыл-ойыңды алысқа жұмсап, жұрт болудың қамын қыл. Кім дос, кім қас? Мұны да бірақ ұмытпа!”.

Негізінен екі партияның мүшелері де өз мақсаттарына жетуде ештеңеден тайынбады. Бірін-бірі абақтыға жапқызып, ұстап берді. Мұндай алтыбақан алауыздықты кейін большевик партиясы, оның жазалаушы органдары олардың көзін жою үшін тиімді пайдаланды. Ақырында, еліміздің тарихында олардың деректері өшіп, тек мұрағат қорында ғана қалатын дәрежеге жетті.

“Бірлік туының” бояуы кешпеген алғашқы сандарын алған Орынбордағы “Қазақ” газеті 1917 жылы 17 шілдеде “Ішкі хабарлар” деген айдармен былай деп хабарлайды: “Бірлік туы” атты қазақ газетінің 1-ші һәм 2-ші нөмірлері басқармаға келді. Шығарушысы- Мұстафа Шоқай баласы. Газет жетісіне бір шығады. Жылдық құны — 5 сом, жарты жылдығы — 3 сом, үш айлығы — 1 сом 70 тиын. Баспасөздің ең керек уақытында көтерілген “Бірлік туы” алаш арасына жала жапқан марқұм “Алаш” газетіндей болмай, қазақ-қырғыздың шын қызметкері, шын жолбасшысы болсын!”

Аталған газет кімнің немесе қай ұйымның үні болды деген сұраққа бүгінгі қолданыста жүрген ғылыми әдебиет ешқандай негізге сүйенбей, жорамалдап жаза бергені байқалады. Кейбір зерттеушілеріміз “Қоқан автономиясының жаршысы” десе, енді кейбірі “Алаш Орданың органы”, енді біреулері тіпті, “Ташкент пантюркистерінің” жалпы газеті “Бірлік туын” кеңес үкіметіне жау

қылып көрсетіп, оны сынап-мінеуді мақсат тұтқан “жалақор” мақалалар 1925 жылдан бастап жарық көре бастаған. Осы жылдың 5 мамырында Орынборда шығатын “Еңбекші қазақ” газеті “Қазақстанда қандай газеттер болды?” деген мақала жариялайды. Оның авторы — белгілі жазушы Сәбит Мұқанов. Сол мақалада “Қазақ”, “Бірлік туы”, “Сарыарқа”, “Жас азамат” секілді белгілі ұлттық басылымдарға алғаш рет қысқаша анықтама беріліп, “олардың барлығы 25 қазан төңкерісінен кейін шыққан кеңеске қарсы газеттер” ретінде жабылғандығы хабардар етіледі. Арада тура бір жыл өткеннен кейін аталмыш газетте Ә.Байділдәұлының “Баспасөз күніне” деген мақаласы жарық көрген. Мақала мақсаты — заман талабына үн қосу. Сондықтан оның сарынынан Қазан төңкерісіне дейін қазақ баспасөзі қалыптасып болмаған, оның дамуына тек кеңес дәуірінде ғана айқара жол ашылды деген жалаң партиялық ұранның жетегінде кеткені анық байқалады. “Жұрттың көбіне белгілі төңкерістен бұрын қазақта оңған баспасөз болмаған... Бардың өзі молдалар мен байлардың қолынан өрмен аспайтын”, — деген жолдар тізбегінде байрақ көтерген басылым — “Бірлік туы” да бар. “Бірлік туы” мен оны шығарысқан азаматтардың газет жабылғаннан кейінгі, большевизм тұсындағы тағдыры аса қайғылы. Қазақ зиялыларын халықтың үні болуға жарайтын “Бірлік туы” секілді басылым шығаруға бастаған **Мұстафа Шоқай 1917 жылы Петербург университетінің заң факультетін бітіреді. 1916 жылы университеттің күндізгі бөлімінде оқып жүріп Ресей мемлекеттік Думасындағы мұсылмандар фракциясының хатшысы болды.** Ақпан төңкерісінен кейін уақытша үкімет оны өзінің өкілі ретінде Түркістан өлкесіне жібереді. М.Шоқай Алашорданың (Ресей құрамындағы Қазақстанның Автономиялық Үкіметі) барлық съездеріне қатысады, ал II съезде Сыртқы істер министрі болып сайланады. Большевиктер партиясы Ташкентте уақытша үкіметті құлатқаннан кейін ол өзінің партияластарымен бірге Қоқанға қоныс аударып, 1917 жылы қарашада Түркістан республикасын ұйымдастырады. Ол кезде Мұстафа

небары 27 жаста болатын. Республика Президенті атануы да сол тұс. 1918 жылдың ақпан айының басында большевиктер жас Түркістан Республикасын құлатып, басшыларының бірі М.Шоқайды қылмыскер деп жариялап, оны ұстап берген адамға 1000 алтын теңге берілетіндігін мәлімдеген.

“Бірлік туының” бағыты қандай еді?” — деген сұраққа басылымның бетінде жарияланған мақалаларға сүйене отырып, мынадай тұжырымға келуге болады:

**Біріншіден,** газет автономияны жақтады. Сондықтан ол Қоқан автономиясын да, Түркістан автономиясын да қолдады;

**Екіншіден,** Түркістан мұсылмандарының бәріне бірдей көзқарасы түзу болды;

**Үшіншіден,** саясаттағы сотқарлыққа, большевизмнің үр да жық сойқандығына қарсы тұрды;

**Төртіншіден,** Алаш идеясын риясыз қабылдады, жалпы қазақ съезінің шешімдерін орындауды мақсат тұтты;

**Бесіншіден,** саяси қараңғы қазақ халқын сауаттылыққа бастап, оқу-ағарту мәселелеріне баса ден қойды.

Басылым беттерінде жазылған мақалалар да жоғарыда аталған мәселелерге байланысты болды. Жалпы өркендеуге бет алған ұлт мемлекетке тағдыр мен тарих талабына шақтап міндет жүктейді. ХХ ғасырдың басында қазақ оқығандарының алдында елді ояту, жаппай ағарту саяси көзін ашу міндеті тұрды. Бұған 1917 жылдан кейінгі туындаған жұмыс — сатқындық пен имансыздықтың алдын алу қосылды. Мұраты тұрғысынан “Қазақ” газетімен үндес болған “Бірлік туы” атаған осы міндеттерді соңғы санына дейін шын ықыласымен орындағаны белгілі. Газетте материалдар көбінесе “Ауыл хабарлары”, “Ішкі хабарлар”, “Илөндар” (“Хабарлар”) деген айдарлармен беріліп тұрған. Әсіресе, ел ішіне бүлік салып, бейбіт елге қасқырдай тиген большевиктердің құқайы сол қалпында суреттелген. “Тұла бойлары қан сасиды” деген мақалада “13 ғинуардан 10 феруалға дейінгі күндер Түркістан халқының” есінен өмірі шықпас. Ол күндері адам — хайуан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашып көрсетті.



Ол күндер — Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер. Адам пішінді жыртқыштардың ол күндерде Хоқан көшелерінде істеген сұмдықтарын естігенде, денең түршігіп, қаның муздайды. Жүгені сыпырылып, мейірім кеткен, аузы көпіріп, көзі қарайған адам — хайуан Хоқан көшелерінде құтырған қасқырдай кәріні-жасты, еркекті-әйелді талғамай қырған күндер ол күндер.

Топ пулемет отымен жалғыз “хүкімәт ғаскерін” емес, бәлкі, неше мыңдаған обалсыз бейбіт халықты қамыстай жапырып, бүкіл Хоқанд шаһарінің күлін көкке ұшырған күндер — ол күндер.

Тозаңдай кінәсі жоқ, есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңа ғана қылтиып өсіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер — ол күндер...” — деп күңіренген өткір көсемсөз иесі Болғанбайұлы Қайретдин: “Осындай сұмдықтарды көрген халықтың қаны нағып бір тұтанбай кетеді?.. Бұл сықылды масқаралыққа шыдап та, мұсылман рухы қалайша бықсып жата береді? Япырым-ай, осы сықылды үлкен масқара, зор сұмдық күндерін Түркістан халқы бір уақыт ұмыта алар ма екен? Жоқ, мың қабат жоқ! Неше бүгін сүйегіне құлдық сіңіп, тамырына ірің толса да, бұл күндерді ұмыта қоймас. Адамзаттың ең қасиетті құқықтарын таптап, кінәсіз қанын судай шашқан бұл сұмдықты не деп айтуға сөз таба алмайсың. Мен түгіл, бұл масқаралықты жазбақшы болған тарихшы да оған ұнамды ат қоя алмас.

Адам пішінді жыртқыштардың тұла бойлары қан сасиды! Олардың қолдарына жұққан мұсылман қаны әлі кепкен де жоқ. Біздің ұлтын сатып, діннен безген бұралқылар олардың қолын қысып, ауыздарын сүйіп жүр... Ұятсыздар! Имансыздар! Кіммен жолдас болып жүрсіндер?! Достарыңның қолдарындағы жосадай қызыл бояу не екенін білесіндер ме? Ол сендердің бауырларыңның қаны... Әлде сендер Қабылдың сарқытын ішіп, өз бауырын өзі бауыздаған, өз ұлтынан өзі безген шоқындысыңдар ма?” деп күйініп, жұртты сақтандырады: “Дені дұрыс бауырларым, оларға жолама! Олардың тұла бойы қан сасиды...”

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдегі қазақ жерінің саяси жағдайы қандай дәрежеде өрістеді деген мәселеге байланысты “Басқармаға тілгірам” деген мақала жарияланды. Онда төңкеріс дүрбелеңінде шақырылған съезд туралы хабарлайды: **“Сиез 1917 жылдың желтоқсан айында Орынбор қаласында өткені белгілі. Оған 300-ге жуық адам қатысып, мынадай мәселелерді талқылаған:**

1. Сібір, Түркістан автономиясы һәм Юговосточный союз.

2. Қазақ-қырғыз автономиясы.

3. Милитсиа.

4. Ұлт кеңесі.

5. Оқу мәселесі.

6. Ұлт қазынасы.

7. Муфтилік мәселесі.

8. Народный суд.

9. Аульное управление.

10. Азық-түлік.

Егер осылардың арасынан бір ғана автономия жөніндегі мәселеге назар аударатын болсақ, онда былай делінген:

“Октябрь айында уақытша хукіметтің түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді хукіметтің жоқтығын, халық бұқарасы бұзылып, пышақтасып кеткенін, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүлікшілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың күні нашарлауын һәм сол бүлікшілік біздің қырғыз-қазақтың басына келуі де ықтимал екенін ойлап, бүкіл қырғыз-қазақты билейтін хукімет керектігін ескеріп, съезд: 1. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Самарқанд облыстарындағы һәм Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Каспий облысындағы, Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі халық қазақ-қырғыз, қаны, түрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдында ұлттық-жерлі автономия құруға; 2. Қазақ-қырғыз автономиясы “Алаш” деп аталсын. 3. Алаш автономиясының

<sup>1</sup>“Қазақ әдебиеті”. 1991. 24 мамыр.

<sup>2</sup>“Ана тілі”, 1993, 11 ақпан.

<sup>3</sup> Рысқұлов Т. Избранные труды. А., 1984.

<sup>4</sup>“Қазақ әдебиеті” газеті, 1991 жыл, №10, 5 наурыз.

жері, түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын. 4. Алаш автономиясының низамын Бүкілруссиялық учредительное собрание бекітеді. 5. Ұсақ ұлттардың құқықтары теңгеріледі, санына қарай мәһкәмаларда орын алады, оларға ұлттық мәдени автономия беріледі. 6. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша ұлт кеңесін құруға, оның аты “Алашорда” болсын, Алаш ордасының ағзасы 25 адам болып, он орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алаш ордасының уақытша тұратын жері — Семей қаласы... 7. Алаш ордасы мiлiтсiа құруға ыждаһатпен кiрiсуге мiндеттi. 8. Алашорда тез уақытта Алаш автономиясының учредительное собрания — құрылтай мәжілісін шақырсын. Сиез Алашордаға тапсырады. а)ұлт қазынасынан қарыз ақша алуға; ә)өзге автономиялы көрші халықтармен одақтасу жайын сөйлесуге, бірақ оның шарттарын құрылтай бекітеді. 10. Ұлт құрылтайына Алашорда автономиясы низамының жобасын даярлап кіргізеді деген шешім қабылдаған. Сөйтіп, автономия екі бауырлас халықтан құрылатын болғандықтан “Алашорда” аталғанын, ал “алаш” сөзінің ескіден келе жатқанын айтып, “біреулер мұны қазақтың қосымша аты” деп түсіндірсе, екінші біреулер алты **алашқа: қазақ-қырғыз, өзбек, түрікпен, башқұрт, қарақалпақ халықтары кіреді.** Өйткені, бұлардың бұрынғы көшпелі өмірі, тілі, салт-санасы, әдет-ғұрыптары бірыңғай деп түсіндіреді”, — дейді.

Ал, “Уақытша хукіметті қуаттаймыз” деген мақалада “Бас министрге Түркістан аймағы қазақ-қырғыздары атынан аймақ қазақ-қырғыз соуеті мынадай тіліграм жіберді: “мемлекет басына тұрып тұрған қиын, екіталай заманда қазақ халқын өзара қырқысқа бастап жүрген азғырушылардың артына ермейді. Бостандық, теңдік жолын қуаттайтын уақытша хукіметке қолынан келгенше жәрдем көрсетіп, күш беруге әр уақыт даяр. Қазақ халқы бостандыққа қарсы қимыл қылушыларға шын көңілден дұшман һәм өз арасында ол сықылды жұмыс болмауына иманы мығым. Аймақ қазақ-

<sup>1</sup>“Бірлік туы” газеті. №25, 15.03.1918.

<sup>2</sup>“Бірлік туы” газеті. 1917 жыл, №8, 12.

қырғыз соуетінің төбе ағасы Мұстафа Шоқаев” деген хабарлама айтылады. Бұл жерде ескеретін бір жәйт: Мұстафа секілді алаш ұлдарының уақытша Үкімет басшыларына жеделхат жіберіп, сенімділік танытуы-шеншекпен аңсаған өз қара басының қамы емес, “түйені түгімен” көмекейіне тоғытқан сол төңкеріс жылдарының аласапыранынан қазақ халқын қайтсем аман алып шығамын деген арманнан туған ізгі ниет.

Николай патшаның тақтан тайып, билік басына уақытша үкіметтің келуін қуана қарсы алған қазақ зиялылары халыққа “Жаңа Үкімет” деген мақалада қуаныштарының себебін былайша түсіндіреді: “Уақытша үкімет бұрынғы қалпынан өзгеріп, жаңарады. Бұл туралы 2 сентябрьде мынандай жарлық шықты. “Бұзылған мемлекет тәртібін қайта күшейтуін тәдбірлер қылуға керек болғандықтан уақытша һәкімет барлық билікті өзінің арасынан бес кісіге тапсырды. Бұлардың басында бас министр Кирбинский бар. Уақытша үкіметтің үлкен қызметтері мемлекет тәртібін күшейтіп, соғысқа жарактандырудың қамын қылу. Өткенді осы күнгі қиын жағдайдан құтқару үшін мемлекеттегі барлық жарамды күштерді біріктіру керек. Уақытша үкімет осыны ойлағандықтан өзінің арасынан тағы да адам қосып алмақ болды. Бұл адамдар ауылдың қамын өзінің қамынан жоғары ұстап, партиягерлік секілді жолға тартатын болғандығынан бізге жолдас болды”.

Мұнан басқа да Қ.Болғанбайұлының “Ескі тәртіп һәм халық һәкімдігі”, (№9.9.IX.1917), А.Мәметұлының “Корнилов үкіметі”, (№10.1.X.1917), Н.Құлжанұлының “Саясат жайынан”, (№15.3.IX.1917) деген мақалаларында да уақытша үкімет жүргізіп отырған саясат пен оның бағыт-бағдары, бағдарламасы, қазаққа тиер пайдасы туралы сөз болады.

**Орта Азия мен Қазақстанды уысынан шығарып алмауды көздеген Кеңес үкіметі “бұратана” халықтарға қарсы түрлі айла-шарғы қолданудан бір сәт те болса бас тартқан емес.** Елдің ішіне іріткі салынып, айрандай ұйыған халықтың тоз-тозы шықпас үшін қазақ зиялылары о бастан ақылдаспақ үшін алғашқы қазақ съезін шақырғаны белгілі. 1917 жылы 1 сәуірде

Орынборда тұңғыш қазақ съезі шақырылды. Оған Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей ордасынан делегаттар келді. Қаралған мәселелер: 1. Жаңа тәртіп жайы а) Жаңа тәртіпті нығайту; ә) Комитеттер жасау; б) Қалай жасау жобасын шығарып, сайлау басына кісі жіберу; 2. Съездер: а) Жалпы қазақ съезі; ә) Барша мұсылмандар съезіне уәкілдер жіберу (Мәскеуде осындай-осындай съезд шақырылғалы жатқан болатын). 3. Учредительное собрание. Торғай облысынан кандидаттар белгілеу. 4. Дін һәм оқу мәселелері. 5. Жер мәселелері. 6. Сот: коронный һәм народный. 7. Земство. 8. Баспасөз. 9. Почтаны жөндеу. 10. Ақша мәселесі. 11. Зиянды мөкәмаларды һәм чиновниктерді қалдыру. 12. Соғыс, жұмысшылар. 13. Бүлікшілік жөніндегі мәселелер.

Съездің шешімі бойынша, бүкіл қазақ съезін шақыруды ұйымдастыратын бюро сайланған. Негізгі баяндамашы — М. Дулатұлы.

Өкініштісі, бұл съезд барлық Қазақстан қазақтарын түгел камтымаған, бірақ көтерген мәселесі, ұсынған талаптары болашақ съездерге ықпалсыз болмаған. Бірінші бүкіл қазақ съезі 1917 жылы алғашында 1 тамызда шақырылатын болып белгіленген. “Бірақ Санкт-Петербургте қазақтардың өкілдері ретінде жүрген үш адам (заң ғылымының кандидаты Уәлихан Танашев, Санкт-Петербург университетін бітірген заңгерлер Жанша Досмұханбетов пен Жақып Ақбаев) елге мынадай жеделхат жіберіпті: “Құрылтай жиналысы 17 сентябрьде болады, депутаттардың тізімін бір ай бұрын — 17 августен қалдырмай тапсыру керек, сондықтан жалпы қазақ съезін 20 июльден қалдыруға болмайды”

Осы себептен Бүкіл қазақ съезі 1917 жылы 21-28 шілде аралығында Орынборда шақырылды. Күн тәртібі: 1. Мемлекет билеу туралы. 2. Қазақ облыстарына автономия. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство. 6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі, 10. Учредительное собрание. (Құрылтай жиналысы) сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар шақыру. 11. Бүкіл Россия мұсылмандарының кеңесі (Шура и — Ислам). 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетісу

облысының оқиғасы. 14. Киев шаһарында болатын бүкіл Россия федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан уәкіл жіберу. Міне, осы съезд мәселесі де “Бірлік туы” газетінің бетінде мейлінше кеңінен қамтылған. “Бірлік туы” газетінің 1917 жылғы 12 қарашадағы 15-санында Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бірімжанұлы, Ғұмарұлы, Досжанұлы деп бірқатар Алаш арыстары қол қойған “Басқармадан тілігірам” (Орынбор қаласынан) деген мақалада ел арасындағы саяси ахуалдың шиеленісі суреттеледі: “Мемлекет ішінде бастықсыздық, тәртіпсіздік” ұлғайды. Жұрт жүгенсіз кетті. Біреудің біреуге сенімі жоғалып, араздық-алалық күшейді. Мұның аяғы үлкен насырға шауып, күші жеткендер әлсіздерді қырып-жойып, талауға айналатын түрі бар. Енді һәркім, һәр халық өз қара басын қорғаудың қамын іздеу керек. Заман сондайға айналды.

Оқиғалардың сүреңі жаман. Егер біз қолымызды қусырып, қам қылмай отыра берсек, осы топырдың астында жаншылып қалатын түріміз бар. Біздің қазақ халқына қатер қалың. Соның үшін біздің жұрт осы қатерден мал-жанын қорғап қалудың қамына кірісу керек. Өз ошақ-басымыздың түгелдігіне амал етуіміз міндет.

Қазақ жұрты өз арасында халық ғаскері — милитсия жасауы тиіс. Бұл мәселе өте шұғыл, һәм, өте керекті мәселе. Сондықтан біз, төменде қол қоюшылар, елдің айна-бағыты — қадірлі ақсақалдарын, зиялы оқығандарын жиып, жалпы қазақ сиезін жасауға қаулы қойдық. Сиездің мақсаты — қазақ жастарынан халық пұлына халық ғаскерін жасау мәселесін келіспек.

Осындай қиян-кескі қатерлі уақта біз өзімізді-өзіміз қорғай алмасақ, біздің халық құр далаға құрбан кетуге мүмкін. Соның үшін жалпы сиезде милитсия жасаудан бөтен қазақ халқының негізгі тіршілік мәселесі де қаралуға тиіс. Алаштың сыналатын сағаты жетті! Енді 5-ші декабрьде Орынбор шаһарына һәр уезден екі инабатты ақсақалдарды һәм облосной соуеттен екі зиялы адамды өкіл қылып жіберулеріңізді өтінеміз. 5-ші декабрьде Орынборда

барлық атты қазақ ғаскерлерінің де сиезі болмақ. Бізге солармен сөйлесу де керек”.

Ал, “Қазақ, Түркістан, Башқұрт өкілдерінің жиылысы” деген мақалада жиылыстың қыркүйек айында өткізілетіні хабарланып, онда қаралатын мәселелерге тоқталған:

1. Автономиялық Башқұртстан, Қазақстан, һәм Түркістанның ілгері ісінде басқару тәртіптің негізгі ережелерін жоспарлау;

2. Автономиялы Башқұртстан, Қазақстан һәм Түркістан шекаралары туралы;

3. Жер мәселесі жайынан қазақ, башқұрт һәм Түркістан үшін жалпы платформа жасалып;

4. Қазақстан, Башқұртстан һәм Түркістандағы бүтін дінді бұратаналар туралы;

5. Учредительное собранияда қазақ, башқұрт һәм Түркістан халықтарының саяси құқықтар қорғау жолдарын қарастыру;

6. Қазақ, Башқұрт һәм Түркістан халықтары үшін жалпы программалық бір партия жасау;

7. Учредительное собрание уақытында қазақ, Түркістан һәм башқұрттар үшін жаңа бір организация, ұйым құру.

Бұл жиылысқа Ақмола, Торғай, Орал, Семей облыстарындағы обласной комитеттері жіберген өкілдер һәм Түркістан мүшелерінің шілендері кіреді”.

“Бірлік туы” газетінің 21 санында (29.01.1918.) жарияланған С.Қожанұлының “Түркістанда орыс сиездері” деген мақаласында 1917 жылдың қарашасының басынан Түркістан аймағының билігін большевиктер партиясы зорлықпен қолдарына алып, өз үкімдерін жүргізіп тұрғанын айтты: “Кезінде ірілі-уақты мұсылман ұйымдары: “Біз мұндай зорлықпен күш қылып, бостандыққа қарсы іс қылғандарды танымаймыз. Айтқанын тындап, айдағанына жүрмейміз”, — деп қарап еді. Мұны елең қылған большевиктер жоқ.

“Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге енеді” деген осыдағы. Мұнан да іс шығара алмайтуғынын

<sup>1</sup>“Бірлік туы” газеті. №6,3 1917 жыл

<sup>2</sup>“Бірлік туы” газеті. 1917 жыл, №8,9.

біліп, 25 ноябрьде жалпы Түркістан мұсылмандары болып “большевиктерге бой ұрмаймыз” деп, Хоқанд шаһарында сиез жасап, автономия ығлан етіп еді. Большевиктер бұған да бір жол тапты. Бұл жолы “Автономияны Түркістанның байлары һәм моллалары ғана істеп отыр. Кедейлердің қатысы жоқ — олар біз жақта. Соның үшін біз де бұл автономияны танымаймыз”, деп отыр. Бұған тағы да іс шықпайтын болған соң, мұсылмандар 25 декабрьде Хоқанд шаһарында, жұмыскерлері бар, егіншілері бар, тағы сиез жасады. Бұл сиезге Түркістан автономиясын жақтап большевиктерге қарсы қаулы жасап еді. Бұған тағы да: “Бұл кедейлердің байлардан қорқып, жалпақтық етіп жүрген ісі. Онан басқа шын кедейлер бұл сөзді айтпайды және мұның үстіне Түркістан аймағында болған қазақ-қырғыз автономиясы туралы бір сөз де айтқан жоқ. Соның үшін де бүтін Түркістан елінің атынан ығлан етілген деуге болмайды. Байлардың етіп жүрген қулығы екені осыдан білініп тұр”, — деп тағы да дәлел көрсетті.

Бұл айтылған соң, бүтін Сырдария облысы, қазақ-қырғыз ғинуардың 6-да Түркістан шаһарында сиез жасап, бұл сиезде Түркістан автономиясын жақтап, большевиктерге қарсы қаулы жасады. Енді большевиктердің сөзі таусылды ғой деп едік. Тағы былай деп жалтарып шыға келді: “Бұл болған сиездердің барлығы да байлардікі. Ішінде кедейлер болса, көбі — байлардың қасы мен қабағына қарағандар. Әлі болса шын кедейлер бас қосып, мынау кедейлер қаулысы деп қолға ұстайтын түк жоқ. Соның үшін біз өзіміз шын мұсылман кедейлерінің басын қосып, “Мұсылман сиезін” ашамыз. Солар автономия керек десе, шын қаулы солардікі болады. Соларға ғана береміз”, — деп жалтарып шықты. Былай бұлтарып, олай бұлтарып, большевиктер мұсылмандардан артына адам ерте алмаған соң, олардың артына еріп кеткен Түркістан аймағы христиандарының бас соуетін бетіне ұстап, орыстарды өздеріне аудару үшін 15-ғинуарда

<sup>1</sup>“Қазақ әдебиеті” газеті. 8 желтоқсан, 1989 жыл



Ташкент шаһаріне жалпы крестіан сиезін шақырды. Бұл сиез белгіленген уақытта болып өтті”, — деп съездің жалпы мақсатына тоқталған Сұлтанбек онда тек крестьяндар емес, болшевиктер партиясының әскерлері мен жұмыскерлер болғанын айтады. Сонымен қатар жиылыстың бет-пердесін ашып шындықпен сыпырып алады: “Сиезде өзімсініп сөйлеген большевик” бастықтарының сөзіне елігіп және “буржуй” деген ат бізге де танылып қалады деп қорқып, крестіандар большевиктер не десе соған бас иіп, қабыл алысты”.

Ұшы-қиыры жоқ сайын қазақ даласының геосаяси ахуалы тым күрделі. Ежелден қазақ жеріне көз тігіп, сиқыр саясатын жүргізіп келе жатқан имансыз — Ресей мемлекеті 1867 жылы 11 шілдеде “Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде уақытша ережесі” шығарды. 1868 жылы 21 қазанда “Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторының қыр облыстарын басқару туралы уақытша ережесі” бекітіледі. Барлық жер мемлекет меншігі, тек хан тұқымдарына патша “сыйлаған” жер ғана жекеменшік боп танылды. 1895 жылдан 1906 жылға дейін “Щербина экспедициясы” патшаға қазақ даласының ең шұрайлы жерлерін мәлімдеп отырды. Тартысқа түскен осы жер мәселесін жазудан “Бірлік туы” да шет қалған жоқ. Жоғарыда аталған “Түркістан орыс сиездері” атты мақалада қазақ жеріне көз алартушылық, қоқан-лоқы жасаушылық былайша сипатталады: “Сиезде” жерге “сатсиализатсие” болып жер көптің мүлкі болсын, еңбек еткендер ексін, жалдау болмасын. Мұны қолдап, жарыққа шығаратын жер комитеттері ашылсын деп қаулы қылады. Бұған қазақ-қырғыз уәкілдері: “Сіздер біздің жерімізде отырсыздар. Оны ескі өкімет зорлық қылып алып беріп еді, енді қайта өзімізге бер деп айтпаймыз. Бірақ қалған жерімізді сізге беріп, ортаға сала алмаймыз. Біздің сөзіміз сөз болатын болса, біз бұған қарсымыз, һәм сарт кедейлері де бұған көнбейді. Сіздер монастыр жерлерін “сатсиализатсия” қылды деп,

<sup>1</sup>“Бірлік туы” газеті. №10,01. 1917

біздің мұсылман мешіт-медресе жерін олай қыла алмаймыз”, — деп қарап еді, тыңдаусыз қалды”.

Жалпы Түркістанда болып өткен съезд мәселесімен басталған бұл мақала соңы жер және автономия мәселесіне ұласады: “Кристиан сиезі өзіне тиісті істердің бәрін осы ретпен болшеуиктерге жағу жағын көздеп бітіріп, афтономия мәселесін 18-ғинуарда салдат һәм жұмыскерлер сиезімен бірге қарамақшы болды. 18 ғинуарда салдат, жұмыскерлер сиезі ашылып, христиандар да бұларға жалтандап барып қосыла кетті. Өз дегені болмаса, өлім қатарында көретін көкірек болшеуиктер христиандарды көбейтпей аз қосқысы келді. Бұл сөздерін орнына келтіру үшін: “Кристиандар ішінде байлар, саудагерлер бар” деп, соларды қатыстырмау үшін мандат қағаздарын тексереміз деп, бір күнді соған өткізді. Сиезде болшеуиктер есік алдына мылтық асындырып, қару-жарақ пен салдаттар қойып, һәр қайсысында бір-бір атар болғанын көріп, үргелек, жүрексіз христиандардың зәресі ұшты. Бір христиан ақылынан адасып, жындыларды қамайтын үйге тапсырылды. Бірте-бірте қорқып қашып, 200-ден аса жиылған уәкілдерден ертеңіне 82-ақ адам келді. Болшеуиктер мұны да көпсініп, мандаттарын қарап, 14-ақ азаматтікін “жарайтын етіп”, “қалғандарың қайта беріндер, керектерің жоқ”, — деді. Кристиан уәкілдері: “Кіргізсеніз қалған барлығымызды кіргізесіз, болмаса 14 адам христиан атын былғамаймыз”, — деп шығып кетті. Кристиандар шығып, өзді-өзі жиылыс жасап, Түркістан афтономиясы туралы сөз қылды.

Болшевиктердің не қаулы шығарғанын біле алмай, қорыққанынан болса керек, “Біз бұған бір нәрсе деп айта алмаймыз, мұны жалпы Түркістан аймағының христиан, салдат, жұмыскер һәм мұсылмандарының шешуі тиіс” деп бір нәрсе де бітіре алмай, алды-алдына тарап кетті.

Сөйтіп, 18 ғинуарда шақырылған сиез аяғында жалғыз салдат пен жұмыскерлер сиезі ғана болып, өздері жасаған істерін бүтін бұқара атынан шешіп отыр. Кристиандарды мүйіздеп айдап шығып, салдат жұмыскер уәкілдері (оншақтысынан басқаның бәрі - болшеуик) 74 адам сиез ашты. Халық камисарлары-

ның дақлаттары тыңдалып болған соң, бірінші қаралатын мәселе афтономия болды. Бұл туралы 23 ғынауарда сөз болып: “Афтономияны жойылтту тиіс. Мұсылмандар өздері басқарып жүретін шетке жеткен жоқ. Әуелі өзіміз мұсылмандар басын қосып, соует ашып, солар керек десе ғана береміз”, — деп қаулы жасады. 10 миллионнан астам мұсылмандарды, оларға қоса көп христиандарды елеусіз етіп, 5-6 большевик бүкіл Түркістанды билеуге бел байлап отыр.

Мынау жүре-бара түзеліп кетер деп ардақтаған афтономиямыз еді. Халық бұған қол көтерейін деп тұр. Мұсылмандар, басқа Түркістан қамын жеген балалары, қайдасыз? Айтарыңыз бар ма, болмаса жұмған ауыздарыңды ашпай қала бересіз бе?

Мұнан басқа да автономия мәселесіне қалам тартқан А.Мәметұлының “Бостандық һәм автономия” (№9. 13.IX.1917.), С.Қожанұлының “Түркістаннан” №10. 1.X.1917.), М.Дулатұлының “Россия қара бұқарасының кеңесі” №8. 8.IX.1917.), “Тәліп қауымы” (№9. 13.IX.1917.), Қ.Болғанбайұлының “Бұқара кеңесі”, “Елдік, естиярлық” (№18. 14.X.1918.) тағы басқа мақалалары жарық көрді.

“Бүкіл Россия мұсылмандарына” деген хабарламада: “Құрметті дін қарындастарым! Қазан шаһарында 17-сінен 25-іне жиын болған. Бүкіл Россиядағы мұсылман іскерлердің сиезі һәм үш сиезінде әскерлер һәм бүкіл Россия мұсылмандарының екінші сиездерінен бас қосқан. Мәжіліс Россиядағы мұсылман әскерлерді басқалардан айырып, бөлек салдат полктері жасауды ұнатқан еді һәм, бұл істі орнатуды бүкіл Россия мұсылмандары мен харби шурасына тапсырылған болатын”, — дей келіп, елді осы іске жұмыла кірісуге шақырады: “Мұсылман азаматтары!” Бәйбішелер, байлар, ағайлар, апайлар, қарындастар, ағалар!

Сіздер балаларыңыз, бауырларыңыз, мұсылман әскерлердің басқа әулет адамдарымен бірге ел-жұрттан алыста мәжбүршілікте жүріп көретін ауыртпалықтарын ойлап, қараңызшы. Олардың тіршіліктерінде адам жиренетін табыттарын ашып, өліктерінің бөтен діннің салтынша

көмілуіне риза боларсыздар ма? Жоқ, болмас. Ендеше мұсылман әскерлерін сондай ауыртпалықтардан құтқару үшін еңбек қылып жатқан бүкіл Россия мұсылмандарының харби шурасына жәрдем берулеріңіз міндет. Бұл —бәріңіздің қарыздарыңыз. Сіздер бұл міндеттеріңізді өтесеңіздер жер астында жатқан денелері өлсе де, жандары тірі ата-бабаларымыздың әруақтары қолдасын. Бұл жәрдем әрекетінде тілек — ризаға жету үшін қылған жәрдем деп ойлаңыздар. Жәрдем етсеңіздер, тиын-тебендеріңізді аямаңыздар. Берген ақшаларыңыз желге кетер деп қорықпаңыздар. Сәлеммен, бүкіл Россия мұсылмандарының харби шурасының жәрдемшісі”.

“Болшевиктер өкіметті басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін — 20-ші жылдардың басында және 30-шы жылдар басында жан түршігерлік ашаршылықты бастан кешірді. Осы ашаршылықтарда қазақтардың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап, тоз-тоз болып халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды.

Аштық зұлматы ел арасында енді-енді басталып келе жатқанда “Бірлік туы” қолынан келген көмегін аямады. Мысалы, “Ауыл хабарлары” деген айдармен берілген мақалада аштыққа ұшыраған отбасыларға көрсетіліп жатқан көмек сөз болады: “Қазалыдағы бірқатар қазақ азаматтарының бастауымен аш қазақтарға жәрдем комитеті ашылғандығын һәм бұл комитеттің іске кірісіп, аш-арқадағға тамақ үлестіре бастағанын “Бірлік туы” газетінің өткен нөмірлерінде жазып, айтқанбыз. Бұл комитетіміз ашылғанынан-ақ басы-қасында болып, һәм ақшалап та молырақ жәрдем беріп, көтермелеген ағайындарымыздан Мұхымбай Хасанбаев аштардың кем-кетіктерін барынша толтырып жіберетіндігін айтты. Енді таршылық, тапшылық күн санап артып, қазақ халқы басына қиындық туып, итаршы заманға ұшырағанда да ілгеріден қолтығы жыртылып, қолы жалаңаш қалғандығын айтады. Міне, осы күні бірқатар алаш баласы бір жапырақ нанға зар болып, сендей соғылып, басы ауған жаққа шұбырып кетіп, адам мал орнына сатылып жатқанда осы кезге дейін

көзге көрінерлік еткен өзіміздің қалың қатар қазақ байларына үлгі боларлық болды.

Біз аш қазақтарға жәрдем комитеті атынан **Мұхымбай Хасанбаев туғанымызға төңірі жарылқасын** айтып, істі бастап, басы-қасында болып, көтермелеп көмек беріп келген ісін ойынан шығармағанын тілейміз. Өз арамыздан да мәнді алаш баласы тарлық, тапшылық кезеңіне ұшырып тұрған кезде басқалар қатарынан қалмай, ауылдығымызды білдіретін адамдар шығуын талап қыламыз”. Соңына М.Күзембаев, Д.Пұсырманов, Ш.Сариев деп қол қойылған бұл мақалада оқиға құбылысты суреттеу ғана емес, астарында қалың қазақты, әсіресе қалтасы қалың қазақты бауырмалдыққа, қандастарына жәрдемге шақырған үні, ұрты майлы байлардың өз құлқынын ғана ойлаудан әрі аса алмайтын тоғышарлығына күйінуі жатыр. Мұны біліп сезбесе Семей семинариясының шәкірттері Аймауытов пен Әуезов: “Бұрынғы уақытта қазақ елі — ұйымшыл, ері — жауынгер, биі — әділ, намысқой, адал әрі білімді, қайратты, сауықшыл” болған дей келіп: “...халықтың бақытсыздығына орай ашаршылық жолықты. Қазақтың ұлттық қалпі өзгерді, кемшілігі — тілі айтқанды қолы қылмайтын — тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын өзімшілдік, ездік мінезі” — деп жазбас еді. “Бірлік туы” газетінің басындағылардың шырылдауы да осыдан болса керек.

Басылымның 27-інші санында жарияланған “Аш қазақтарға жәрдем комитетінен” деген мақалада “Ташкенттегі “Бірлік туы” газетінің атынан ашылған аштарға жәрдем комитеті осы марттың 15-нен бастап бір асхана ашты. Қазір 250-ден аса аштарға ас беріп тұр. Осындай алаш азаматтарына өтінеміз: аз демей, көп демей қолдан келгенше көмектеріңді айтып, осы ізгі істің тоқталып қалмауына жәрдемші болыңыз. Орыс, яхут һәм бұлардан басқа халықтар да аш қазақтарды көріп, шыдай алмай жәрдем қылып жатқанын көре тұра, біздің бұл іске қатыспай

<sup>1</sup> “Бірлік туы”. №8. 8. IX. 1917.

<sup>2</sup> Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты. “Ақиқат”. 1997 жыл, №5.

<sup>3</sup> “Бірлік туы” газеті. 19.11.1917.

қалуымызды ар көріп, кірістік. Ондай бұл ісімізше ортақ жәрдем комитетін ашқандарға сенгендерге халық айтты: “Жәрдем жіберушілер “Бірлік туы” басқармасына жіберсе болады” — деп, газеттің адресін берген. Басылым бетінде ашаршылыққа, аш қазақтарға көрсетілген көмекке байланысты мұнан да басқа мақалалар көптеп жарияланған: “Ауыл хабарлары” (“Бірлік туы”, №11.2 ақпан. 1917) “Ішкі хабарлар” (“Бірлік туы”, №13. 18 наурыз, 1917 жыл), “Елге көмек” (“Бірлік туы”, №24. 7 наурыз, 1918 жыл), “Алаш азаматтары”, “Қарны аш қазақтар” (“Бірлік туы”, №25, 15 наурыз, 1918 жыл), тағы басқалар.

Басылымның 1918 жылғы 27 санында жарияланған “Мұғалима һәм мұғалим керек” деген хабарламада: “Ақ мешітте оқушы жастар мектебі ашылды. Мектеп мақсаты-оқымағандарды оқыту. Аз ғана білімі барларды жоғары жақ медреселерге әзірлеп кіргізу. Мұғалімдікке “Бірлік туы” ұнатқан кісі, бізге де жарайды. Көшеде сенделіп жүрген жетім қазақ балаларын һәм қыздарын жинап, қолдағы бар аз ғана суммамызды жұмсап оқытып, кісі қылып шығару қамына кіріспекпіз. Бұларды оқытуға хукімет тарапынан рұқсат алдық һәм жаз күнге киетін киімге тауарды беретін болды. Мұғалім һәм мұғалима айлық жалуниені қазақ жастар тобы белгілейді. Бұл турада көп ұзамай, газетімізде жар қылынады. Ал ондай талапкер мұғалімдер бола қалса, хабарлассын” деп басылымның мекен-жайы беріледі. Оқу мәселесі тақырыбына “Ең керекті іс” (№8. 8.IX.1917 жыл), “Мұғалім һәм шәкірттері ескерсін”, “Қазақ-қырғыз оқығандарына” (№9. 13.IX.1917 жыл), “Петроград жоғары мектептерінде оқу болмайды” (№14. 1.X.1918 жыл), “Ақмола мұғалімдер курсы” (№25. 15.III.1918 жыл), “Шәкірттерге стипендия” (№27. 8.05.1918 жыл), тағы басқа мақалалар жарық көрген.

“Бірлік туы” газеті тек мақала ғана емес, фельетон, өлең де жариялап тұрған. Айталық, мұнда М.Дулатұлының шап-шағын уытты “Николайға шағым хат” атты фельетоны жарық көрген. (№14.

<sup>1</sup> “Бірлік туы” газеті. №25, 15.03.1918.

8.XI.1917 жыл). Бұл туындыда патша құлаған соң, жалтарып, антын сатқан қазақ жеріндегі Ресей шенеуніктері мен олардың жандайшаптары сынға алынады. Міржақыпты толғандырған нәрсе — олардың патшаны сатқандығы емес, халықты сатқандығы, өз құлқынының қамын ғана ойлайтын тоғышарлардың опасыздығы.

Газетте Жүсіпбек Басығаринның (№10. 1.X.1917 жыл) өлеңімен бірге Б.Майлиннің “Не жаздым, құдай?!” атты өлеңі жарияланады. (№25. 15.III.1918).

**Онда: “Не жаздым, құдай?!”**

**Неше жыл ауды,**

**Көріп келдім таршылық.**

**Жат үшін жүдеп,**

**Тілеуін тілеп.**

**Істегенім — жалшылық,**

**Көргенім жоқ айды.**

**Құрғамай жасым,**

**Қаңғырды басым,**

**Ал енді қайда барамын?!**

**Көбейді пәле,**

**Найзагер өне,**

**Құлай ауып,**

**Бұ күнде нағыламын,**

**Қайткенде жаным қалады?” —**

деп күңіренген кедей зары айтылады.

Сондай-ақ, басылым бетінде “түзету” , “іздеу салу” , жарнама, хабарландыру да беріліп тұрған. Мысалы, басылымның 1917 жылғы 11 санындағы “Түзетуден 8 нөмірде “Ақ қалпақты қырғыздарға” деген мақалада “қырғыздарды қырған 31 мың” деп басылды. Дұрысы “қырғыздарды қырған 130 мыңбасы” десе, “Илөндар” деген айдарында: “Жігіт жоғалды”. Қазалы үйезі, Заңғар улисі, 7-інші ауланың қазағы Жұмаш Таңсықбай баласы үш жыл болды Ташкент жағына кетіп еді. Сонан бері оның қайда жүріп, не қылып жүргенінен хабар болған жоқ. Енді ағасы Жалғасбай өтінеді: “Жұмашты көрген-

<sup>1</sup> “Бірлік туы” газеті. №8. 8.IX.1917.

<sup>2</sup> “Бірлік туы” газеті. №24. 7.03.1918

білген адам болса, білдірсе екен. Өзі орта бойлы, түсі қоңыр. Беті бұжыр, жасы — 24-те” — деп жоғалған жігітке іздеу салады.

Жарнама, хабарламаларда көбінесе басылымдарға жазылу мәселесі, үй іздеу, т.б. айтылған. “Ұлық Түркістан” газетіне жазылу дәптері ашылды” деген қысқаша хабарламада басылымның 1 жылдық, 6 айлық, 3 айлық құны және мекен-жайы берілген. Ал келесі хабарламада қараңыз, сонда: “Ташкент шаһарының орыс дәһмсiнен екi бөлмелi үй керек. Үйдi бөлiп, сөйлеспекшi адам болса, адрес мынау” деп қысқа қайырады.

Бір ескертетін мәселе: “Бірлік туында” мақала жарияланымының бәрі біркелкі деуге келмейді. Өйткені, елі үшін жанын шүберекке түйіп, қиян-кескі ұрысқа қойып кеткен абзал да адал алаш ұлдарымен бірге халықтың камын ойлаған болып, шын мәнінде өз жеке бастарының даңқын шығару үшін жаңа үкіметке жарамсақтанып қызмет көрсетіп, жөн-жосықсыз құлдық ұра бастаған адамдар да шыға бастаған. Алайда басылым беттерінде жарияланған материалдардан сол кезеңнің тарихи шындығының бет-ажары теп-тегіс көрініп тұр.

Тігінділерді парақтау үстінде біздерді тағы бір таңғалдырып, түсініксіз ойға жетелеген мақала М.Дулатұлының “Арғын баласы” деген бүркеншек атпен жазылған “Қазақ халқының дұшпандары” мақаласы. Мұнда: “Россия мемлекетінде болып жатқан бүлікшілік, жүгенсіздік біздің қазақ ішіне де кіре бастады. Болшеуиктер Орынборды алғанда, 200 болшеуик ғаскеріне бастық болып Жалғабаев-Жангелдин — Степнов деген шоқынған Орынборға келіп, болшеуиктер тарапынан Торғай облысына комиссар болып тұр. Бұған помошник болып Орынборда тұратын Мұхамедияр Тұнғаншин деген белгіленді.

Бұл екі бұзық қосылып, Орынборда бірнеше жылдан бері шығып, қазақ халқына бас-көз болып отырған “Қазақ” газетін жапты. Алаш

<sup>1</sup> Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. А., 1996.

<sup>2</sup> Д.Қамзабекұлы, “Алашқа тағыс болған”, “Жас азамат”. Мақала. 1993. “Ана тілі” газеті. №14, 8 сөуір



афтономиясына қарсы болып, афтономияға керекті істерді Торғай облысында істеткен емес. Торғай облысында һәм үйездерде земство әзір ашылған жоқ еді. Енді бұлар бұл күнде областной земстуоны аштыратын емес, һәм Торғай облысында ушредителни собрание сайлауы да біткен жоқ еді.

Мұның да сайлауын істететін түрлері көрінбейді. Бұлардың ғұмыры көпке бармас. Бірақ аз ғана күннің ішінде былтырғы хан болып, ел шапқан бұзықтарды сүйеп, Торғай облысының қазағын бүлдіре ме деген қорқыныш бар.

Россия мемлекеті бұзылып, орыс халқы бірін-бірін талап, өзді-өзіне қасқырша шауып жатқанда, Алаш афтономиясының туын тігіп, бүліншілікке ұшыратпай, алаш балаларының аман қалуын көздеп тұрғанда, афтономия ісін тоқтатуы, земство, ушредителный собрание сайлау жұмыстарына кеш түсуі, “Қазақ” газетасын жауып қоюы бұл қуларға аз іс емес. **Бұл сықылды қазақ халқына деген келтірген осы екі бұзықтан жаман қазақ халқының дұшпандары бар ма?”**.

Бұл жерде бізге екі түрлі ой келеді. Бірі — кеңес үкіметімен бірден аралас-құралас болып, жаңа өмірді орнату жолына бар жан-тәнімен кіріскен қолдаушы большевиктердің өз халқының алдында кінәлары да жоқ емес, екіншісі — күндердің күнінде еліміздің шын тарихы бұрмалаусыз жазылып, қазақ халқына әр кезеңде не пайдасын, не зиянын тигізген ұл-қыздарының өздеріне лайық бағасын аларына сенімдіміз.

#### 4. “Жас азамат” газеті

Қазақтың ұлттық баспасөз тарихында елеулі орны бар “Қазақ” газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерілетуге септігі тиген газет-журналдардың ішінде “Жас азамат” атты басылымды ерекше атаған жөн. “Жас азамат” ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті”.

Қазақ жастар баспасөзінің төлбасы — “Жас азамат” газеті 1918 жылдың сәуір айында барлық жастар ұйымдарын біріктіріп, басын қосқан “Жас азамат” ұйымының органы (тілі) болып есептеледі. Бұл біріккен ұйымның төрағасы — Мырзаұлы, басқарма мүшелері: С.Сәдуақасұлы, М.Сейітұлы, Т.Досымбекқызы, Ә.Бәйділдәұлы сияқты, қазақтың біртуар ұл-қыздары болатын. Ал осы ұйымның тілі — “Жас азамат” газетінің шығарушысы (редакторы) Қ.Кемеңгерұлы еді.

Бұл саяси-қоғамдық, экономикалық басылымның алғашқы нөмірі 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген. Сөйтіп, “Жас азамат” газетінің алғашқы нөмірі “Жас тілек” атты бас мақаламен ашылған. Онда “Жас азаматтың” мақсат-мүддесі көрсетіледі: “Өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай “Жас азамат” тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси хауананың күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болу-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлі хұқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы “Жас азаматтың” үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу — жастардың бас міндеті, үлкен борышы. “Жас азаматтың” алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы — ұлт бостандығы, ұлт теңдігі”.

Өздерінің осындай ұйым құрып, газет шығару сырын оқырмандарына жолдаған “Ашық хатында” осы ұйымның кіндік комитеті: “Ел көп топырдың ортасында аяқасты бас қосайық” деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған — көкті қаптаған қара бұлт болшеуик дауылы еді. Бұл дауылдан қырғыз-қазақ елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде деген мақсұт та едің, — деп түсіндіреді.

Шындығында бұл дауылдан “Жас азамат” ұйымы да, оның үні “Жас азамат” газеті де құрбандықсыз кұтылған жоқ. Бұл туралы кезінде С.Сейфуллин: “Жалғыз-ақ, аз болсын, көп болсын,

қолынан келгенше қайрат (қазірше белсенділік) көрсетіп жатқан Алашорданың жастары екені газеттерінен көрінеді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтшыл жастарына нұсқа беріп, Қызылжарда “Жас азамат” газетін шығарып жатыр”<sup>2</sup>, - деп жазса, Ж.Аймауытов “Газет, журнал оқушыларға”<sup>3</sup> деген мақаласында орыс тіліндегі бір басылымның жазған оқушылары болмағандықтан қазақтың бір газеті мен бір журналы жабылып қалыпты деген жалған хабарына қарсы: “Бұл хабар бекер: “Жас азамат” күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары 5000 сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтерушілер табылатын көрінеді”, — деп тойтарыс берген.

Осы қазақ жастар баспасөзінің төлбасының қазіргі жағдайы туралы зерттеуші Дихан Қамзабекұлы өзінің “Алашқа тыныс болған “Жас азамат” атты танымдық мақаласында: “Кеңес дәуірінде жазылған тарихтан хабардар адам осы басылым тұсында, әрине, аталған газет пен шынайы тарих кінәлі емес, жұртты сергелдеңге түсірген қоғам кінәлі. Ақиқатқа дес берсек, “Жас азамат” газетін ескермегендей сыңай таныту, немесе ол жөнінде қазақтануға шөліркеген қалың жұртқа ештеңе айтпау — ұлттың өткеніне де, бүгінгісіне де, келешегіне де немқұрайды қараумен бір есеп” дей отырып, “Жас азаматтың” бізге қазір он сегіз саны мәлім болып отыр. Нақтырақ айтсақ, 1-нөмірінен 22-нөміріне дейінгі сандары. Бұлардың арасынан 2, 9, 10, 19 — нөмірлерін ұшырастыра алмадық. Газеттің барлық санының да бастырушысы - “Алаш” серіктігі. 1-ден 11-ге дейін “уақытша шығарушы Қошмұхамед Кемеңгерұлы”, 12-нөмірінде “уақытша шығарушы үшін Біләл Малдыбайұлы”, 13-тен 16-ға дейін “уақытша шығарушы — Біләл Малдыбайұлы”, 17-ден 22-ге дейін “уақытша шығарушы — Қошмұхамед Кемеңгерұлы”.

Газеттің өзіндік ерекшелігі - мақалалар көбінесе авторсыз беріледі. Бүркеншік атпен ұсынылғандары

да бар. Бұл жерде, әрине, шығарушылардың көп тер төккені даусыз, — деп нақты қорытынды жасайды.

Шынында да кезінде “Жас азамат” газетінде жарияланған материалдардың көпшілігі авторсыз немесе “бүркеншік” аттармен беріліп отырған. Оның әртүрлі себептері болуы мүмкін. Біріншіден, көп мақалалардың бір автордың қолымен жазылуы немесе, сол кездегі аумалы-төкпелі кезеңге байланысты кез келген автордың сақтануынан туындаған. Екіншіден, 1918-1919 жылдары Қазақстанды билеуге қол жеткізген большевиктер, 1920 жылы қазақтар мекендеген Сібір, Түркістан аймағында да жеңіске жетті. Соның нәтижесінде ұлт теңдігін жоқтағандар, шынайы демократия үшін күрескендер қуғын-сүргінге ұшырады. Міне, осындай басты себептерге байланысты көптеген материалдар авторсыз немесе бүркеншік аттармен беріліп отырған.

“Жас азаматтың” бірінші нөмірінде оның мақсат-мүддесін білдірген “Жас тілек” деген бас мақала жарияланды дедік. Бұдан басқа газеттің осы нөмірінде Омбыдағы Алаш партиясы бас комитетінің “Алаш азаматтарына!” деген ашық хаттары басылған. Онда ел ағалары соңдарына ерген жастарға: “Алаш Орда тігілді, ақ ту көтерілді. Енді һәркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуы тиіс”, — дей отырып, “Жастар! Атқа мін! Басқа жұрттар көрсін!”, — деп ұран тастады.

Мұндағы келесі бір көңіл аудартатын мақала “Бүлінгеннен бүлдіргі алма!” деп аталады. Авторы — “Ел баласы”. Ол: “Большевиктер орыс зиялылары мен жұмыскер — қарашекпенділердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін”, деген ой айтып, елді бірлікке шақырады. Бұдан басқа газетте елдің ішкі, сыртқы жағдайымен қатар шетел жаңалықтары да жиі жарияланып тұрған.

Басылымда жер мәселесіне де көп көңіл бөлінген. Мәселен, “Қазақ жері” деген мақалада “Қазақ жерін Ресей — сүлік сорды. Болшеуик көп нәрсе істеген

<sup>1</sup> “Жас азамат” газеті. 1918. №3.

<sup>2</sup> “Жас азамат” газеті. 1918. №16.

<sup>3</sup> “Жас азамат” газеті. 1918 №15.

жоқ, бірақ қазақты түгел кедейлендіріп, орысты жібермекке бел буды”, деген жолдар арқылы халықтың көңілін нақты мәселеге аударса, “Өлген тірілмекші” деген екінші бір мақалада “Қазақ жерінің бір кезде әзірейлі болған переселен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар” дей отырып, бүйте берсек жер бетінен ұлт ретінде жойылып кету қаупі бар, сонда одан құтылудың жолы қандай болмақ” деп, отаршылдықтың бұғауынан босаудың жөн-жобасын жазады.

“Жас азаматтағы” енді бір топ мақала жаңа өкімет, саясат ісіне арналған. Мысалы, большевиктердің іс-қимылы, қарапайым халықпен екі арадағы қарым-қатынасы туралы Байділдә Мырзалыұлы мен Ғабділдә Найзабекұлы өздерінің “Бұны не дейміз” атты мақаласында: “Жетісу жағында болшеуиктер қазақ болсын, казак-орыс болсын қойдай қырып, қанын судай ағызып” жатыр. Ең аяғы Биіскіде емшектегі нәресте балаларды мылтықтың ұшына шаншып, қанын ағызып жатқанда, біз қолымыздағы болшеуиктерді еркелетіп отырған жөніміз қалай?..”, — деп халыққа сұрау салады. Осыған орай авторы көрсетілмеген “Саясат күйі” атты мақалада Ресейдегі уақытша үкімет пен Алаш Орда арасындағы мәселелер сөз болса, екінші бір мақалада Өфеде “Учредительное собрание” мүшелері мен социал-революция партиясы кіндік комитеті мүшелерінің абақтыға жабылғаны айтылып, алаңдаушылық білдірілген.

Осындай қиын-қыстау кезеңдегі қазақ қоғамының жағдайын, саясат сахнасындағы теңсіз күрес жайлы “Жас азаматтың” бетінде М.Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін” атты өлеңі, М.Дулатовтың “Алаш құрбаны”, “Бір керекті нәрсе” (авторы — Б.М.), “Татулық һәм Русия” (авторы — М.Н.), “Жазушылар” (авторы — Смағұл Баекебайұлы), “Қағаз ақша”, “Көлбай, Шәймерден қашып шықты”, “Біздің ұлтшылдар” деген сияқты түрлі жанрдағы материалдарда сол кездегі шындықты айна қатесіз көрсететін бұлтартпас фактілер бар.

Жоғарыда “Жас азамат” көптеген қиындықтармен қатар қаражат тапшылығына да ұшырап отырды

деп, ол туралы Ж.Аймауытовтың “Сарыарқа” газетінде жарияланған “Газет, журнал оқушыларға” деген мақаласын мысалға келтіргенбіз. Осы мәселеге байланысты “Жас азаматтың” өз бетінде де: “Қызылжардағы “Талап” 13 желтоқсанда Қ.Кемеңгерұлының “Бостандық жемісі” драмасы мен М.Дулатұлының “Қызыл қашар” фельетонын сахнаға шығарғанын, сөйтіп, ойыннан түскен қаржы “Жас азамат” газетасына, аш-жалаңаш қырғыздарға, тұтқын түріктерге һәм соғыста жараланған чех солдаттарына”. (“Жас азамат” №17. 1918 жыл) бөліне-тіндігі туралы хабарлар жиі беріліп тұрған.

“Жас азамат” газетінің біз білетін соңғы 22-нөмірі 1919 жылы 3-ақпанда баспа жүзін көрді. Бұл санында ілгерідегідей “Ештен де кеш жақсы”, “Алаш Орданың қызметі” (жазған — Қ.Г) секілді мақалалар да тыңғылықты жазылған. Осында басылған бұдан басқа “Саяси әңгіме” (жазған-Қалмақбай), “Тұтқынның үйі” (Жазған - Елбаласы), “Земстуоның қысқаша жайы” (авторы Б.Ержанұлы), “Тастаған шоқпар сорлыға тиеді” (авторы Холизе Ибраһимұлы) сияқты мақала, фельетондар да сол дәуірдің шындығын арқау еткен. Осындағы “Еліме” атты өлең (авторы көрсетілген түс жыртылып қалыпты, шын ақынның қаламынан тумаса да, үлкен жүректі адамның сезім толғанысынан шыққанын байқатады...”, — деп жазған зерттеуші, Дихан Қамзабекұлының бұл пайымдауларын құптай отырып біздер “Жас азамат” газетінің қашан шығуын тоқтатқан күнге дейін алдына қойған мақсат-мүддесінен танбай ұлтының болашағы үшін қызмет еткен бірден-бір басылым болғандығы туралы айтқымыз келеді.

## 5. “Абай” журналы

“Абай” журналын шығару жөніндегі алғашқы ұсыныс қазақ зиялыларының арасында 1914 жылдың өзінде-ақ қабыл алынып, ұлы ақынның қазасының он жылдығына байланысты Семей қаласында өткізілген үлкен жиылыс үстінде бекітілген болатын. Алайда, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына жөне

патшалық Ресей тарапынан отарлау саясатының бұрынғыдан да күшейе түсуіне орай журнал шығару міндеті орындалмай қалды.

Бұл арманға қазақ зиялыларының қолы тек 1918 жылы ғана жетті. Осы жылдың ақпан айының 4-жұлдызынан бастап “Абай” атты ғылыми, әдеби, шаруашылық журнал белгілі қазақ жазушысы Ж.Аймауытовтың редакторлық етуімен Семей қаласында шыға бастады. Негізінен бұл басылымды шығарушылар “Екеу” деген лақап атпен қол қоюшылар болатын. Оның бірі журналдың ресми редакторы Ж.Аймауытов болса, екіншісі әдебиет майданына енді араласқан М.Әуезов еді.

“Абайды” шығаруды ең алғаш қолға алған, барлық ыстық-суығына көнген, соңынан осы істері өздеріне соққы болып тиген қос азамат бұл басылымды кім үшін, не үшін шығарды? Алдарына қандай мақсат қойды деген сауалға Ж.Аймауытовтың “Журнал туралы” атты мақаласы толық жауап беретін сияқты. Онда “Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртын сырлап, ішін әрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, қаракет қыл, тәрбие ал, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын ойла, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын. Өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан).

Осы сықылды кемеңгердің атына арнап, журналымыздың атын “Абай” қойдық. Басқа жұрттар Абайдай адамның атына ескерткіш орнатады, қиратхана (кітапхана) ашады, жазылған кітап, істеген игілік істерін атақты жақсының атына арнайды. Басқа жұрттың атақты білімдісінен Абай кем емес, білімдіні құрмет ете алмасақ - тоғышарлығымыз, жақсы кісінің атын әспеттеп, “қарағым, бөленше екендей болар ма екен” деген әдет қазақта да бар. Журналдың атын “Абай” қойғандық қазақтың баласына ат қойғаны сықылды. “Журналымыз Абайдай болсыншы” деп еліктегендік емес, Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде көркейтіп, нығайтпақ.

Журналдың атын “Абай” қойған соң, әдеби жолын ғана тұтыну керек еді дер біреу. Оған айтатынымыз, Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін, айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талаптанғандығын көрсетеді”, — деп жазылған.

“Абай” журналын шығарушылар, оның жұмысына белсене араласушылар осы жайды үнемі бетке ұстап отырған. Мәселен, бұл басылымда өлеңдері мен публицистикалық мақалалары жиі жарияланған Шәкәрім, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Ғұмар Қарашев, Смағұл Садуақасов, Халел Досмұхамедовтер әрқашан оқырман көңілінен шыға біледі. Әсіресе, мұнда сол кезде Семейдегі мұғалімдер семенариясында оқып жүрген М.Әуезовтің мәдениет, ғылым, оқу-ағарту мәселелеріне арнап жазған оннан астам мақалалары мен Л.Толстойдың “Будда” әңгімесінің қазақша аудармасы жарияланған. Мысалы, “Абай” журналының 1918 жылғы 7-санында оның “Ғылым тілі” (научный термин) деген мақаласы жарияланған. Онда М.Әуезов: “Болмаса, заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойынсұну” керек. Ол дәлел мынау: біз ғылым тілін арабшадан аламыз дегендегі дәлеліміз — арабта да бұрынғы уақытта мәдениет болған, сол себепті ендігі бізге керек болатын ғылым арабтан табылады дейміз. Ертеде араб мәдениетті болған бір заман бар. Бірақ ойлап қараңыздар, біз осы күнде оқысақ, сол XIII, XIV, XV ғасырлардың ғылымын оқимыз деп отырмыз ба?” — деп, жаңа жағдайда қай тілге көшкен оңтайлы, өркениетке қалай жету пайдалы деген мәселелер төңірегінде ой қозғайды.

Ж.Аймауытов, М.Әуезовпен қатар “Абай” журналына С.Торайғыровтың да қосқан үлесі зор.

1 “Абай” журналы. 1918 жыл. №1.

2 “Абай” журналы. 1918 жыл, №2, 3.

3 “Абай” журналы. 1918 жыл, №2, 3.

4 “Абай” журналы. 1918 жыл, №2, 3.



Өйткені, Сұлтанмахмұттың Қазан төңкерісі және азамат соғысы жылдарында жазған “Социализм” атты мақаласы публицистік еңбектерінің бірі де, бірегейі де деп атауға болады. Бұл мақаланың алғашқы бөлімі журналдың 1918 жылғы наурыз айындағы санында басылып, жалғасы қолды болып кеткендіктен жарияланбай қалған. Ал, мақаланың журнал бетінде жарияланған бөлімінде Сұлтанмахмұт мәдениет, оқу-өнер, ғылым-техника туралы қазақ халқының Еуропа мәдениетіне қашан, қалай жететіні туралы: “Адамның жаратылғаннан осы минутке дейінгі өмір тәжірибесімен жасалған өнер, ғылым, техника дария болса, солармен тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі - біздің қазақ. Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, жетілген жұрттардың қатарына қосылуы керек.

Мұны болдырайын десек болдыра алуымыз оңай және тез. Бірінші адам баласы, Еуропа елдері мыңдаған жылдар еңбек етіп, ізденіп, тырбанып, неше алуан қиыншылықтарды көріп, қателіктер істеп, құрбандықтар беріп тапқан, салып кеткен жол бар, біз сол дайын жолмен барамыз; олар секілді жол салуға айналып кешікпейміз; олардың жол салғандағы көрген бейнеттерін көрмейміз; адасып, айналмаймыз. Дайын өнер ғылым, техникаға ие боламыз”, — деп жазады. Одан әрі Сұлтанмахмұт: “Адам баласының миллион жылдар даярлаған нәрсесін осы күнгі бір баланың 10-15 жылда біліп алғаны сияқты, Еуропа жұртының осы күнгі біз сұқтанатын қалпына жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмадап, көп болса отыздап жылдар керек. Еуропа халқының көп жылда жеткен жеріне біз аз жылда жетеміз”, — деп, қазақ халқының ілгері өркендеуіне жағдай туғанын айтады.

“Абай” журналына жиі араласып, көп көмегін тигізген, оның беттеріне бірқатар мақалалары мен өлеңдерін жариялаған осындай белсенді авторлардың бірі — С.Дөнентаев болатын. Ол алғашқы күннен бастап-ақ журналды ұйымдастырушылар мен шығарушылардың идеясын қызу қолдап, қолдан келген көмегін аямаған. Сол кезде Алашорда үкіметі Семей қаласында ашқан үш айлық мұғалімдер курсына оқып жүрген ол “Сарыарқа” газетіне

экспедитор болып орналасады. Бұл газетте оның “Адаспасбыз”, “Сарыарқа анамызға” деген өлеңдері жарияланады. Ал, “Абай” журналы шығарылмақ болғанда, Сәбит “Абайға” деген өлең жазып, өзінің ұлы ақынды ұстаз тұтатынын, аруағына бас иетінін паш етті.

С.Дөнентаевтың “Абай” журналында бұл арнау өлеңінен басқа да бірнеше мәнді шығармалары жарық көрген. Мәселен, бұл тұрғыда оның “Қазақ әйелдері туралы”, “Жазушыларға” деген мақалалары мен “Бозторғай” атты ұзақ өлеңін атап өтуге болады.

Бұдан басқа, “Абай” журналының 3-санында жоғарыда өзіміз сөз еткен өлең, мақалалармен қатар “Қоныс құтты болсын”, “Алашқа”, “Философия жайынан”, “Тұңғыш құрбан” сияқты бір топ іргелі материалдар жарияланған.

Ал, журналдың келесі, алтыншы саны 1918 жылдың шілде айының 19-жұлдызында жарық көрген. Онда “Омбы қаласында өткен жалпы жастар съезі туралы хабар”, М.Әуезовтің “Жастар ұйымдарына ашық хаты”, сондай-ақ авторы көрсетілмеген “Қайткенде адам боламыз” деген проблемалық мақала басылған.

“Абайдың” 1918 жылдың қазан айында шыққан соңғы 11-санында бірінші бетінде басылған жарнамадан басқа, “Ұлтты сүю” деген мақала мен “Қайран жүрек. Абай сөзі” атты өлеңі берілген.

Одан әрі С.Асфандияровтың “Обадан сақтану һәм емделу шаралары” деген ғылыми еңбегі жарияланған. Үш бөлімнен тұратын мақаланың алғашқы тарауында аурудың жалпы сипаты көрсетіліп, оның түрлеріне айқындама берілген. Ал, “Доктор келіп жеткенше жәрдем ете тұратын реттері” деген екінші тарауда алғашқы жәрдем көрсету жолдары сөз болады. Ең соңғы — “Ауруды құртудың харекеттері” деп аталатын үшінші тарауда аурумен күрес жолдары, тазалық мәселесі қамтылған.

Сөйтіп, “Абай” журналы 1918 жылдың аяқ шеніне қарай біржола жабылды. Оған себеп, Семейде большевиктердің билік басына келіп, “Алашорда” үкіметінің құлауы еді.

## 6. “Алаш” газеті

“Алаш” 1916 жылы 26 қарашадан бастап 1917 жылдың ортасына шейін, Ташкент қаласында аптасына бір рет шыққан. Редакторы Көлбай Тоғысов, шығарушысы Мәриям Тоғысова. “Туркенстанский курьер” баспаханасында басылып тұрған. Газеттің шығуы жайында “Алаш” газетінің алғашқы санында “Россия қарамағындағы елдердің бірі болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелері көшпелілік пен отырықшылық, оқу-ағарту ісін жөнге қою, Мемлекеттік Думаға қатысу, сот ісін жөндеу, әйел мәселесін көтеру, елдің тұрмыс-халін түзету” деген. Міне, газеттің негізінен осы мәселелерді көтергенін ондағы басылған мақалалардан байқауға болады. К.Тоғысов “Жоғалсын Романовтар” деген мақаласында 300 жыл Ресейді билеген Романовтар туралы айта келіп, әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болуы керек деген идеяны ұсынады.

Газетте Т.Жанбаевтың “Бізге нелер керек?” деген мақаласында қазақ жастарын оқуға, мәдениетке, қазақ елін мәдениетті ел қатарына жеткізу үшін енбек етуге шақырған. Т.Жомартбаевтың “Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол” деген мақаласында елді мәдениетті болуға, ол үшін оқу-білімге шақырған. Абайдың нақыл сөздерін келтірген. “Ояну керек” деген мақалада артта қалған қазақ елінің оқуға, өнер-білімге жетілуі үшін жастарды оқыту, қала болып, отырықшылыққа көшу, Мемлекеттік Думаға депутат сайлау керектігін жазған. “Гүл ашамыз” деген мақалада уақытша үкіметті елге бостандық әкелді деп түсіндіріп, елді бостандықты қорғауға шақырған. “Көкшетауда бостандық тууы” деген мақалада қазақ елінің Россияға бағынғаннан бергі жағдайына тоқтала отырып, патша үкіметі құлады деп, енді оқуға, өнер-білімге ұмтылуға, жабылып қалған мектептерді қайтадан ашуға үндейді. С.Дөнентаев “Азаттық күні”

---

<sup>1</sup>“Алаш” газеті туралы мәлімет Ү.Сұбханбердинаның “Қазақ. Алаш. Сарыарқа” кітабынан алынды.

деген өлеңін қазақ халқының патша құлдығынан босағанына арнаған.

Газет беттерінде әйел теңдігі жайында көптеген мақала, әңгіме, өлеңдер бар. А.Баржақсин “Жанды мәселең” деген мақаласында әйел мәселесіне тоқтала отырып, әйелдің қиналғанда жолдас екендігін, Адам-ата, науа-ана туралы аңыз-әңгіме келтіреді. “Жібекті түтпесе жүн болады, қызды тәрбиелемесе күң болады” деп, әйелді тәрбиелеу ісіне зор маңыз береді. “Қайғылы қыздың зары” деген өлеңде бас бостандығын аңсаған қыздың аянышты халі суреттелген. Б.Майлин “Не қымбат” деген өлеңінде әйел теңдігі туралы айта келіп, “қыздың кедейге — мал, байға - қызық” екендігін әшкерелеген. “Алаш” газетін бастырушы Мәриям Тоғысова болуы сол кездегі қазақ әйелдерінің ояна бастауының бір белгісі болса, газет бетінде бірнеше әйел қалам тербегенін де байқаймыз. Сәбирә Әбдіхалық қызы “Қыз баланың зары” деген өлеңінде жас буынға білім, тәрбие беру үшін ананың өзі білімді, тәрбиелі болуы керектігін жазған. Газет бетінде белгілі ақын-жазушылардың алғашқы өлеңдері мен әңгімелері басылған.

Б.Майлиннің, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің студент кездерінде жазған мақалалары кездеседі.

1917 жылғы 22-санынан бастап “Алаш” газетінің редакторы Түзел Жанбаев болғаны туралы, “Алаш” газетінде Жанбаевтың “Оқушыларға өтініш” деген мақаласында К.Тоғысовтың халық мәжілісіне, Петербордағы шаруалар съезіне уәкіл болып сайланғаны, газет шығару жұмысы Түзел Жанбаевқа тапсырылғаны хабарланған. Ү.Сұбханбердинаның дерегіне қарағанда Петербордағы Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада газеттердің 22-санына дейін сақталған.

## **7. “Үш жүз” партиясы және “Үш жүз” газеті**

Кешегі түкірігі жерге тимей тұрған Кеңес өкіметі тұсында “Алаш” партиясы туралы ауызға алынбаса, оған қарсы бағыттағы “Үш жүз” партиясы жайында аз да болса мәліметтер оқушыларға жетіп отырды. Мәселен, кезінде бұл тақырыпқа белгілі ғалымдарымыз Зиманов С., Богачев А.К., Бурабаев

М.С., Елеуов Т., Елкеев Б. және т.б. қалам тартқан<sup>1</sup>. Алайда, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін “Алаш” партиясы сияқты “Үш жүз” де тарихтан өзінің шын орнын ала алмай келді. Оған түрлі бағыт ұстанған тарихшы, зерттеушілер әр кезде түрлі баға беріп жүрді. Мәселен, жоғарыда айтылған Богачев А.К. Алашты — “ұсақ ұлттық буржуазиялық партиясы” десе, Брайнин С. мен Шафиро Ш. — “бүкіл байлардың саяси ұйымы ал, Құрамысов — “жартылай феодалдық байлардың партиясы” дегені белгілі. Сондай-ақ “Үш жүз” партиясын да олар осылай “қазақтардың ұсақ буржуазиясының оппозициялық фракциясы”, “ұлттық саяси ұйым немесе қозғалыс”, “қазақ кедейлері мен жалшыларының одағы” деп келді.

Бұл екі партияның да кезінде қоғамнан алған шын мағынасындағы орны, яғни, рөлі тек кейінгі жылдары ғана ақиқат көзіне айнала бастаған сияқты. Алаш партиясы туралы және оның басылымдары жайында біздер бұдан бұрынғы тарауларда сөз еткендіктен бұл жолы тек қана “Үш жүз” газеті төңірегінде айтпақшымыз.

Белгілі ғалым, тарихшы К. Нұрпейісов бұл екі партия туралы да өзінің “Алаш һәм Алашорда” атты зерттеу-монографиясында былай деп жазады. “1917 жылдың күзіне қарай Қазақстанда тағы да бір ұлттық-саяси ұйым — “Үш жүз” партиясы дүниеге келді. Ол өзін “Қырғыздың (қазақтың-авт.) социалистік партиясы” деп атады.

“Үш жүз” 1917 жылғы қазан-қараша айларында пайда болды. Әуел баста ол Алашпен бірлесе әрекет жасау мүмкіндігі туралы мәлімдегенімен, ол ойынан тез қайтты да көп кешікпей Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелері жөнінен Алаштың басты сынаушысына (оппонентіне) айналды. “Үш жүз” саяси ұйымындағы жетекшілік рөлдердегі бұрынғы қорғаушы адвокат, журналист және драматург Көлбай Тоғысов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Әлжанов, оқушы Әбілхайыр Досов, жүк тасушы жұмысшы Ысхан Кабеков, журналист Мұқан Әйтпенев атқарды.

Ш. Әлжанов, М.Әйтпенев және К.Тоғысов 1912-

1915 жылдары “Айқап” журналына жақын болып, оның істерінде мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жазып тұрған. К.Тоғысов 1907-1912 жылдары патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған. 1916 жылдан бастап ол Ташкент қаласында “Алаш” атты газет шығарды. Оның алғашқы сандарында ресми өкіметке қарсы мазмұндағы мақалалар жарияланған жоқ, алайда бұл басылым өзінің 12-ші санынан бастап (1917 жылғы 24 ақпан) революциялық-демократиялық бағыт ұстады.

1917 жылғы наурыз-сәуір айларында Көлбай Тоғысов Сырдария облысының қалалары мен басқа елді мекендерінде “Шора-и-Ислам” партиясының ұйымдарын құруда Мұстафа Шоқайұлына көмектесті және оның Ташкент ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан мұсылмандардың бүкілроссиялық Съезіне делегат болып қатынасып, оның атқару комитетінің құрамына сайланды.

“Үш жүз” газетінің 1918 жылы наурыздың 2-сіндегі жетінші санында жарияланған “Алаш автономиясы” атты мақаладан үзінділер келтірейік: “...қазақ-қырғыз оқу, өнер, ғылыммен және басқа дүние байлықтарынан айнала жарлы... Азат болып отырғаның кеше. Енді мынау жаңа заман жайғаспай, бостандық, теңдік дариясынан, тым болмаса, ерсілі-қарсылы жүзіп, түр көріп, нұсқа алмай, жалаңаш кеуде, күр қолмен аюдай автономияны қалай ұстап бағамыз... Біздің қазақ-қырғыз шөлдегі бытыраңқы құландар сияқты. Құланды қорқыту (қоршауға алу мағынасында- К.Н.) қандай қиын болса, қырдағы қырғыз-қазақты автономияға көндіру сондай ауыр”.

Қазақстанның автономия болу қиыншылықтарын түсіндірудегі “Үш жүз” партиясының пікірі, кейбір қиыншылықтарға қарамастан, Ә.Бөкейханов ойларымен сабақтас. Мұны аталған мақалада айтылған мына пікірден анық көруге болады: “... қазақтар өз алдына автономия болуына, жер, суы шалғай жатыр. Қазақ-қырғыз басы Астраханьда, аяғы Қытайда, ортамызда ұзын аққан Ертіс, Есіл, Тобыл, Еділ, Жайық секілді өзендер жатыр. Бұлардың алқабындағы жердің бәрінде де қашаннан бері орналасып қалған кірме, көрші орыстар бар.

Бұлардың өзінде я бізге кіру жоқ, я бізден кету жоқ, ауыл шетіне отыру тағы жоқ. Бұлай болған соң олармен, әлбетте сыйласып-сипасып отырыспасақ жоқ нәрсе. Көп орыс аз орысты қазаққа бауырлата қоймайды. Одан әрі газет: “Қазақ халқы өзі көшпелі, өзі кедей өзі ата қуып, тап тайпасымен тұратын, өзі бұрын тарих жүзінде мемлекет болып өрнек алмаған жұрт”, - дей келіп, былай қорытындылайды: “Басқасын тастап осы аталған бес нұсқаның көзі түгел тұрғанда қазақ-қырғыз бөлек автономия боламыз деп, жұртқа жар салып, жария қылғанымыз аспанға атқан мылтықпен бірге есеп...” Қысқасы мынау сұрапыл заманда қазақ-қырғыз аралас көрші отырған жұрттармен қостас болып, қол ұстасып, қазақты я Сібірге, я Түркістанға бірге қағысып бас қамдарын қылмаса, өз алдымызға автономия болғанымыз қатер”. ...“Үш жүз” партиясының қазақ автономиясы туралы бұл пікірлері газет бетінде 1918 жылғы наурыз айының басында жарияланғанымен, олар 1917 жылғы қараша-желтоқсан айларында жасалған тұжырымдар еді.

“Үш жүз” партиясының негізгі лидері Көлбай Тоғысов 1879 жылы Зайсан оязы Шорға болысында, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туған. Оның қоғамдық-саяси әрекетпен белсене араласуы бірінші орыс революциясымен тұспа-тұс келіп, 1905 жылғы 17 қарашада Қарқаралыда патшаның 1905 жылғы 17 қазандағы манифесінде орай митинг пен ереуілді ұйымдастырушылардың бірі ретінде аталады. Ол баспасөз істерінде сол кездегі саяси ахуал, патша шенеуніктерінің қиянат, озбырлықтары мен паракорлығы жөнінде жиі-жиі мақалалар жариялап тұрған. Мәселен, “Айқаптағы” , “Әй, қазақ!” өлеңі:

**...Қайран жұрт, шын адасып кетемісің,  
Жер үшін малың сатып бітемісің,  
Болмаса, бала оқытып, ғылым іздеп,  
Әр итке адамшылық жетемісің.  
Лапылдап келіп қалған өртке кетпей,  
Көпірден анау тұрған өтемісің?!  
Бұл бір жұмбақ ойландым, шеше алмадым,  
Ерте ойландым, сандалдым, жете алмадым,**

Ішім толған қан, жара, сыртым дүлей,  
Надандық қақпанынан өте алмадым.  
Талаптандым, талпындым, көп ойландым,  
Шеңгелінен зорлықтың өте алмадым.  
Мен шаршадым, қаламым, сен де тоқта,  
Кім естіді сөзіңді, ісің жоқ па?!  
Қанша айтсаң да тіліңді қазақ алмас,  
Жазған өлең сырынды көпке жаяр,  
Қой тоқта, жолығарсың атқан оққа.  
Дәрияны бір тамшы сүт ағарта ма?  
Ғаділдік үстін болмақ бақ арта ма?  
Шындық пен өтірікті айырмасаң,  
Тарихыңда жазылар қара таңба!  
Бір бес күнге аптығып, аңғалданып,  
Адамшылық туынан босқа қалма.  
Туыппыз жиырмасыншы ғасыр саясында,  
Арналсын бұл қазақтың баласына.  
Адасқан алашыңды жолға бастап,  
Жүректің дәрі ізделік жарасына.  
Көзіңді аш, таң келеді, оян қазақ,  
Мөз болмай кісіліктің жаласына, —

деп дүйім қазақ халқын жарқын болашаққа шақырып, олардың алдарында тұрған негізгі міндеттерді өлең жолдары арқылы өріп берген.

Бұдан басқа оның “Айқап” журналында Қапалдағы елдердің мәдениеті, шаруашылығы, оқу-ағарту ісі, сот жұмысы жайында жазылған “Қазақ даласынан”, “Қазақ” газетінің 1913 жылғы 98-нөмірінде қазақ арасындағы сот туралы жазылған мақала жайында “Қайсынікі дұрыс?”, қазақ арасындағы сот жұмыстары туралы “Қапал жағында болған уақиғалар”, “Райымжанның сөзінде шындық бар ма?” және т.б. мақалалары жарық көрген. Сондай-ақ, оның “Қазақ” газетінде Жетісу маңындағы Жалайыр руы жайында “Жалайыр елі” деген хабары, “Алаш” газетінде әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болу керек деген идеяны ұсынатын “Жоғалсын Романовтар!” деген көптеген мақалалары жарияланған.

Саяси әрекеттері үшін патша өкіметі Көлбайды қуғын-сүргінге ұшыратып, үстінен қылмыстық іс қозғап, абақтыға жауып, үш жыл мерзімге Қапалға жер аударды. Қапалда мерзімін өтеген соң Наманған,



Ташкент жаққа кетіп, 1916 жылғы 26-қарашадан бастап “Алаш” газетін шығара бастаған. Көлбайдың өзі қоғамдық-саяси жұмыстармен айналысу құқығынан айырылғандықтан газетті әйелі Мариямның атынан шығарған.

Көлбай Тоғысов “Алаштың” бірінші санындағы бас мақаласында-ақ “Қазақ” газеті мен “Айқап” журналының “Алаш” газетінің ағасы екенін айта келіп қазақ халқының болашағы үшін бірлесіп қимылдауға шақырады.

Омбыда шығып тұрған “Революционная мысль” газетінің 1917 жылғы 23 қарашадағы нөмірінде “Қазақстан социалистік партиясы” — “Үш жүздің” құрылғаны жазылды. Партияның Орталық комитетінің төрағасы — Мұқан Әйтпенев, оның жолдасы (орынбасары) болып Көлбай Тоғысов сайланды. Кейін ол партияның төрағасы болды. Партияның баспа органы “Үш жүз” газеті шықты. Редакторы — Көлбай Тоғысов болды.

Бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин өзінің “Тар жол тайғақ кешу” романында былай деп жазды: “Қызылжар қаласында “Үш жүз” деген газет шыға бастады. Газеттің бетін “Алаштың” көсемдерін сөгумен толтыра берді.

Әрине, “Алаш” партиясының көсемдері де “Үш жүз” басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ. Бұлар да боқтады. Қайта бұлар сөгуді, жамандауды “Үш жүзден” асырып жіберді. Өйткені, бұлар сөзге шеберірек. Бұлардың саны көп, бұлардың бастықтарының бәрі де зор оқығандар. Және әр облыстарда шығып жатқан қазақ газеттерінің “Тіршіліктен” басқасының бәрі бұлардікі еді.

Семейдегі “Сарыарқа” газеті, Ташкенттегі “Бірлік туы” деген газет, Астраханьдағы “Ұран” деген газет, Орынбордағы “Қазақ” газеті бәрі де Омбыдағы “Үш жүздің” бастықтарын сөгіп бақты. Әрине, кімді болса да сөуге, ластауға сөз табылады. Ондай сөзге әсіресе, “Алаштың” шешендері шеберірек болып шықты.

Әрине, шеберлікті бәрінен Орынбордағы “Қазақ” газеті асырды. Өзге “Алаш” газеттерінің “Қазақ” газеті ағасы болған соң, шеберлікті асырмай қояр ма? “Шеберліктерін” көзбен көру үшін және

“Үш жүзгең көзқарастарын аңдау үшін “Қазақстан” және “Сарыарқадан”, “Үш жүзді” балағаттаған біраз ғана сөздер келтірелік. Ал “Үш жүз” газетінен сөз келтіруге бұл күнде қолымызда ол газет болмады.

“Сарыарқаның” 26-шы нөмірінде бұлай дейді және мұны 260-шы нөмірінде “Қазақ” көшіріп басқан:

Газеттен:

“Қазақтан” шыққан арамзалар.

Бостандық болғаннан бері жұрттың көзі ашылып, қайда болса да ынтымақ бірлік табылып, қалың қазақ ішіне береке ұйтқысы орнағандай болып тұр еді. Қазақ арасында кейбір жүгенсіздік ұлғайып, азаматтарының соңына ерген жұртты арамза қулары азғырып, адастырып тұр еді. Біздің ұяттан кешкен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне әрекет шашқалы жүр. “Алаштың” туын ұстаған, асқар белдей ерлерімізді жынданған итке ұқсап, арамзалар қаппақ болып, жының құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен пікірі аюан сияқты адамдар. “Үш жүздің” партиясы деп атақ байланып, ұйтқысы болған “Алаш” партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға астыртын у салушы еді, ал оған деген у мынау:

“Үш жүз” партиясы — анық содырлы-сойқанды, жүзі қаралар партиясы. Бұл жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану — алаш балаларына борыш. Қазақтың баяғыдан бері аяқ астына басылып, көрген қорлығы, көрген зорлығы мен зомбылығы аз емес. Енді “Үш жүздің” қуларына айтарымыз: “Елімізді ертпеңіздер, ел қылып ұстау сендердің қолдарыңнан келетін іс емес, ел де есін біледі. Сендердің соңдарыңнан еріп, қанға қамалып жығылмайды. Халықты әуре қылмай, өлген мұжықтың қойнында қалаш табылатын болса, соны іздеп қараңдар!

Біз “Алаш” партиясының соңынан ереміз - анық көш басшыларымыз сонда.

Семейдің уезный Земствосының мүшелері: Ахметжан Андамасұлы, Жамшырбай Шөлембайұлы, Темірші Жүсіпұлы, Садық Дүйсенбайұлы, Құрмабай Мұздыбайұлы, Бәйсеке Есіркепұлы, Майлыбай Есенбайұлы, Имамбазар Қазанғапұлы, Рақымжан

Мәрсеқұлы, Қалдыбай Бұдамбайұлы, Көкбай Шанатайұлы”.

Одан әрі Көлбай Тоғысовтың түрмеге қамалғандығы туралы Сәкен Сейфуллин былай деп жазады: “...1918 жылдың жазы шықты. “Алашорда” да және оның інішектері де қарап жатпады. Бұлардың Омбыдағылары большевиктерге қосылған Мұқан Әйтпенұлы мен Көлбай Тоғысұлының арасына от жақты. Екеуін жауластырды. “Киімді шайтандардың” әрекеттерінің ақырында Көлбай Мұқанды қаматты. Сонсоң тез Мұқан қамаудан шықты. Енді Көлбайдың үстінен қаралайтын материалдар жинап, Совдеп арқылы Көлбайды қаматтырады.

Омбыда оқып жүрген жастардың 1914 жылдан бері келе жатқан “Бірлік” ұйымының мүшелерінің көбі әбден “Алашорданың” жолына түсіп алған соң, біраз жас “Бірлік” ұйымынан шығып, Совдеп туының астына кірген. Олардың өйткенін айтып кетем. Кейін толығырақ баяндаймын... Ал “Бірлікте” қалған “Алашорданың” қазақтары Көлбайға аласұрып жабылды. Көлбайдың үстінен қаралап, Совдепке “материалдар” жинап жаудырды. Елде болыстық, билік, старшындық, “партияң таластарында бірін-бірі қаралауға, өтірік арыз, ұятсыз шағымдарды көп көріп ысылып қалған “Алашордашыл” кулар материалдар жинауға қандай ұста болады!

Менің өз басым Көлбайды ақтауға ақтығын білмеймін, қаралауға қаралығын білмеймін. Бірақ, Омбыда жүрген “Бірлік” ұйымындағы “Алашорда” лаңдары Көлбайды Совдепке қаралап көрсетуге материал тапты.

Бұларды қуаттап, Көлбайды жаптырған Омбыда большевиктер жағына шыққан казак-орыс офицері — Прудов деген белгілі казак-орыс. Ол Көлбайды жамандап, Байтұрсынұлын, Бөкейханұлын мақтап газетке сөз жазып шығарды...

Семейдегі “Алашорда”, “Сарыарқа” газетіне телеграммалар соқты, “Сарыарқа” газетінің 1918 жылы, 9 апрельдегі 38-ші нөміріндегі басылған Омбыдағы “Жас алаштардың” телеграммаларының

<sup>1</sup> Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Ататек, 1995.— 256 б (126-129).

<sup>2</sup> Сейфуллин С. “Тар жол, тайғақ кешу”, А., 1960, 368-бет.

<sup>3</sup> Әбішев Т. Тағдыр//Егемен Қазақстан. 1997, 11 маусым.

түрі мынадай еді: Күндіз 11 апрельде Омбыдан “Сарыарқа” басқармасына тағы екі телеграмма алынды. Бірі “Көлбайға қосарланып, Шаймерден Әлжанұлы, Сүлеймен Тоғызұлдары да абақтыға жабылды. Көбекұлының да жабылатын ыңғайы бар. Көлбай бұрын қандай жұмыс істеп жүрген кісі екенін айтып беруге Ермекұлы мен Сәрсенұлын жіберіңіздер: Бірлік болды” деген телеграмма беруші: “Кашарский”.

“Алаштың” қулары Көлбайдың соңынан сонша түсіп, “ескі атқа мінер” әкелерінің әдетінше жан-жақтан “қаралау қағаз” жинап телеграмм соққанда шын аттарын жасырып, “Кашарский” деп қол қояды. Істері адал болса, аттарын неге жасырады?..

Екінші телеграмма ескіше 17 апрельде Омбыда жалпы бұқара кедейлердің съезі болады. Съез Көлбай жұмыстарына байланысқан мәселелерді қарастырмақ. Съезге Сәрсенұлын жіберуіңізді сұраймын” деген. Телеграмма беруші: “Бірлік”.

“Алашорданың кәрілері, жастары болып аласұрып жабылып, Көлбайды қаматты. Көлбаймен бірге Шәймерденді де қаматты. Тағы Ысқақ Көбекұлының соңына түсіп, қаматуға әрекет қылды. Бірақ Ысқақты Қызылжардағы қазақ жұмыскерлері шығарып алуға әрекет қылды. Бірақ Чехтардың бунты олардың әрекетін аяқтатпай кетті. Көлбайды жамандайды. Көлбайды айыпты дейді. Көлбай жаман болсын, ал Шәймерден мен Ысқақ төңкеріске белсенді қатысқаннан басқа “Алашқа” қарсы болғаннан басқа не қылды екен?”.

Көлбай Тоғысовтың кезінде қандай қызмет істеп, түрмеге қалай түскендігі туралы соңғы дерек мынау: “1918 жылдың басында Көлбай Омбы губерниялық кеңесінің атқару комитетіне мүше болып, басқа да қызметтермен бірге Заң комиссары міндетін де атқарады. Осы кезде Батыс Сібірде Колчак өкіметі орнап, олар “Үш жүз” қайраткерлерін қуғындап, қамайды. Ол 1919 жылы Колчак түрмесінде қазаға ұшырайды”.

Иә, “Үш жүз” партиясының және оның органы “Үш жүз” газетінің редакторы Көлбай Тоғысовтың өмірбаяны, жүріп өткен жолы әлі күнге дейін толық

зерттеліп, бір ізге түсе қойды деп кесіп айту өте қиын. Кезінде ол да қазақтың басқа зиялылары сияқты елі, жері, халқы үшін күрес сахнасына шыққан. Бірақ, өзі таңдаған жолға ол басқа жолмен жетем деп күрескен. Соңынан сол идеяға сенушілерді ерте білген. Өз алдында партия құрып, жоспарлар жасаған. Қазақтың негізгі сенері “Алаш” партиясынан да алшақтап кетпеген. Алайда, XX ғасырдың басындағы түрлі саяси жағдайлар оларға өз бағыт-бағдарларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген.





## ЕКІНШІ БӨЛІМ

**XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары мен  
тоқсаныншы жылдарға дейінгі аралықтағы қазақ  
мерзімді баспасөзі (1917-1991 жылдар)**

### *БІРІНШІ ТАРАУ*

*Қазан төңкерісінен кейінгі және шетел  
интервенциясы мен азамат соғысы  
жылдарындағы баспасөз  
(1917-1920 жылдар)*

Кеңес өкіметінің алғашқы шараларының бірі — сол кезде белгілі себептермен контрреволюцияшыл-буржуазиялық баспасөз деп аталған “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Ұран”, “Алаш” сияқты, т.б. ұлттық басылымдарды біржолата тоқтатып, жабу болды. Осыған орай жаңадан құрылған қазақ жеріндегі кеңестер белсенді қызмет атқарды. Олар негізінен 1918 жылдың соңына дейін өздері байшыл, ұлтшыл, алашордашыл деп жаппай бір топ газет-журналдарды жойып жіберудің арқасында солардың баспаханалары мен қағаз қорларын пайдалана отырып, өздерінің газеттерін шығара бастады.

Қазан төңкерісіне дейін де Қазақстанда еңбекшілердің бұқаралық ұйымдары деп аталған ұйымдардың болғаны тарихтан мәлім. Мысалы, Верныйда “Мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы” құрылып, жұмыс істеген. Бұл одақ 1917 жылдың 13 желтоқсанында “Садақ” атты сықақ журналын шығара бастайды. Ол негізінен Жетісу елі ішіндегі кемшіліктерді ашып, түзетуді, жұртқа мәдени-ағартушылық қызмет көрсетуді мақсат еткен.

Журналға идеялық жағынан жетекшілік жасаған О. Жандосов болса, редакторы Ә.Басиров еді.

Ақпан төңкерісінен кейінгі уақытша өкіметтің тұсында қазақ жерінде де облыстық, уездік комитеттері құрылғаны мәлім. Мысалы, Ақмолада құрылған осындай “Қазақ” комитетінің құрамында С.Сейфуллин де болған. Бұл комитет сол кезде бұрынғы әкімдерді ел билеу қызметінен босату, олардың орнына жұмысшы кедейлерді іске тарту, дінмен күрес және қазақ әйелдеріне бостандық әперу сияқты төңкерісшіл шараларды жүзеге асырумен айналысқан.

Осы комитеттің қасынан Сәкен 1917 жылдың сәуір айында “Жас қазақ” ұйымын құрды. Оның мүшелері алғашқы кезде 40-50-ден аспаса, кейін көбейе түсті.

Бұл ұйымның мақсаты — халық арасына заң, білім тарату, жаңа саясат істеріне қатысу болып табылады. Ол ұйымның жарғысынан: “Жас қазақ” Ресейдің ең дұрыс жобалы төңкерісшіл (революцияшыл) партиясымен қатар майданға шығады. Онан соң Ресейдің құрама (Федеративная) республика болуын қуаттайды” деген жолдарды оқуға болар еді.

Алайда “Жас қазақ” ұйымының ең басты қызметі деп біздер олардың мүшелік жарнадан және елден жиналған қаражатпен қазақ баспаханасын құрып, 1917-1918 жылдары “Айна” деген журналдың бір санын, “Тіршілік” деп аталатын газеттің бірінші нөмірін шығарғандарын айтар едік.

## 1. “Тіршілік” газеті

Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешуіндегі” мағлұматтарға қарағанда, “Тіршілік” газеті шамамен 1917 жылдың шілдесінен 1918 жылдың шілдесіне дейін, яғни Ақмолада Кеңес өкіметі уақытша құлағанға дейін, бір жылдай шығып тұрған.

Газеттің ресми редакторы бізге “Дала уәлаятының газеті” және “Айқап” журналдарынан белгілі Рақымжан Дүйсенбаев пен Сәкен Сейфуллин болды. Басылымның негізгі авторлары болып, оның өз редакторлары және “Жас қазақ” ұйымы басқармасының белсенді мүшелері А.Асылбеков,

Ж.Нұркин, Б.Серікбаевтар саналды. Себебі, “Тіршіліктің” бетінде олардың көптеген мақалалары мен памфлеттері жарияланды.

1917 жылы 27 желтоқсанда Ақмола еңбекшілерінің жалпы жиналысында өкімет билігін кеңес қолына көшіру туралы қаулы қабылданды. Осы жиналыста уақытша ревком құрылып, оның құрамына С.Сейфуллин де енеді. Ал 1918 жылдың ақпан айында Ақмоланың уездік Совдепі сайланып, ол осы Совдептің президиум мүшесі және уездік ағарту комиссары болып тағайындалады.

Осыған байланысты “Тіршілік” 1918 жылдың басында әуелі ревкомның, сонан соң Совдептің органы болып, төңкерісшіл — демократияшыл газетке айналды. Оған С.Сейфуллиннің сол кезде шығып тұрған қазақ басылымдары туралы: “Бұл газеттер, “Тіршіліктен” басқаның бәрі бір бағытта болды. Бәрі Орынбордағы “Қазақ” газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің құлақ күйін “Қазақ” газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отырған. Газеттердің бәрі көз жұмбай ұлтшыл, байшыл, бәрінің ортақ туы “Қазақ” газеті болды”, — деген жазуы дәлел.

Бірақ “Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды” демекші, Сәкеннің буржуазияшыл-ұлтшыл, антисоветтік бағытта болды деп пікір білдірген “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Алаш”, “Ұран”, “Абай” сияқты газет-журналдардың барлығы да түптеп келгенде халықтық, әрі кеткенде ұлтжанды ғана болғандығы туралы біздер еңбегіміздің “XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ мерзімді баспасөзінің тарихы” деген алғашқы бөлімінде жан-жақты тоқталып өткендіктен, оған қайтып оралуды жөн көрмей отырмыз.

## 2. “Қазақ мұңы” газеті

Торғай облыстық Совдепінің газеті “Қазақ мұңы” 1918 жылы (16) сәуірде Орынборда шыға бастады. Редакторы белгілі қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов болды. Бұл газет қазақ еңбекшілеріне кеңес өкіметінің артықшылығын, оның алғашқы декреттерінің мән-мазмұнын түсіндіріп отырды.



1918 жылдың 21 наурызынан 3 сәуіріне дейін Орынборда большевиктердің басшылығымен Торғай облысының Советтер съезі өтті. Осы съездің қаулысы бойынша шыға бастаған “Қазақ мұңы” газетінің бірінші нөмірінде Ә.Жангелдиннің Советтердің осы облыстық съезін ашардағы сөзі толық берілді. Онда ол: “Совет өкіметінің күші оның нақтылы саясат жүргізуіне, бұл халықтың мұң-мұқтажына сай келеді. Бұл өкімет аз уақыт ішінде орасан зор жұмыстар істеді. Мәселен, ол шіркеуді мемлекеттен бөлектеді, жерді еңбекші шаруаларға берді, ескі соттарды жойды, бітім жасап, армияны таратты”, — деді.

Съезде облыстық атқару комитеті сайланып, оның төрағалығына Ә.Жангелдин тағайындалды. Бұл съезде өздері алашордашыл деп күнә таққан халықтық “Қазақ” газетін жауып, оның баспаханасын конфискелеу жөнінде шешім қабылдап, енді Торғай облыстық Советінің органы болып “Қазақ мұңы” мен “Известия” шығарылсын деген ұйғарым жасалды.

Сөйтіп, “Қазақ мұңы” газеті облыстың (ол кезде Қостанай, Ырғыз және бірнеше қазақ уездері Торғай облысына қарайтын), еңбекші бұқарасына кеңес өкіметінің саясатын ана тілінде түсіндіру үшін пайдаланылды. Сондай-ақ бұл басылым большевиктердің қазақ жерінде тез орнығып, билік жүргізуіне және “Алашорда” партиясының түптамырына тезірек балта шабуына айтарлықтай ықпал жасады.

Бірақ, көп ұзамай азамат соғысының басталып кеткеніне және Орынбордың Дутов бастаған ақ гвардияшылар қолына көшуіне байланысты “Қазақ мұңы” шығуын тоқтатты.

3. “Заря свободы”, “Жетісу ісші халық мұхбірі”, “Көмек”, “Голос семиречья”, “Правда”, “Ұшқын”, “Бұқара”, “Кедей еркі”, “Тілші”, “Жетісу әйелі”, “Сталин жолы”, “Коммунизм таңы”, “Жетісу” басылымдары

#### а) “Заря свободы” газеті

Кеңес үкіметі Верный қаласында 1918 жылдың 3 наурызында орнады. Ол көп кешікпей бүкіл Жетісу облысына да билік жүргізе бастады. (Ол кезде

Жетісу облысына осы күнгі Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысының біраз жері және туысқан Қырғызстан республикасының территориясы қарайтын). Верный большевиктері де қазақ жерінде орнаған Кеңес өкіметін нығайту үшін күресте баспасөздің қажеттігін жақсы түсінді. Сондықтан олар “Заря свободы” деп аталатын (қазіргі “Огни Алатау”) басылымды шығаруға күш салды. Сөйтіп, ол газеттің алғашқы нөмірі 1918 жылдың 8 наурызында жарық көрді.

Ең бастысы “Заря свободы” газет редакциясы құрамында арнаулы қазақ бөлімі болды. Мұнда маңызды мәселелер және жергілікті халыққа қатысы бар материалдар орыс және қазақ тілдерінде аралас басылып отырды.

Газеттің бетінде Жетісуда кеңес өкіметін орнату үшін күреске белсене қатысқан большевик Тоқаш Бокиннің, Сабыржан Ғаббасовтың хаттары мен мақалалары қазақ және орыс тілдерінде жиі басылып, отырды. Мәселен, Т.Бокиннің “Қазақ жолдастарға!” (“Заря свободы” газеті 1918 жыл 16 мамыр) деген хатында Кеңес өкіметі еңбекші халыққа не беруге тиісті екендігі түсіндірілді. Автор қазақ еңбекшілерін Кеңес жұмысына белсене қатысуға, контрреволюцияшыл күштерге қарсы орыс және басқа ұлт еңбекшілерімен бірге күрес жүргізуге шақырады. Себебі, Тоқаш Бокин бұл кезде орыс-қазақ арасындағы қарым-қатынас комиссиясының төрағасы болатын. Сондықтан редакция алқасы мен большевиктер оны “еңбекші халықтың сенімді және қайратты жақтаушысы” деп көтере дәріптеді.

Осы басылымның бетінде басқа да көптеген аралас материалдар басылды. Осының өзі, бір жағынан қазақ ішінде дербес газет шығарудың бастамасы, әрі ұлт кадрларын әзірлеудің бірден-бір жолы еді.

“Заря свободыда” кейде большевиктердің ұғымына жат ұлтшылдықты, дінді уағыздайтын материалдар да жарияланып қалып жүрді. Себебі, түптеп келгенде большевиктер де, эсер-меншевиктер де бас пайдасын ойлайтын. Міне, осындай кемшіліктеріне орай “Заря свободы” газеті өзінің 80 нөмірінен кейін, яғни 1918 жылдың 18 маусымында шығуын тоқтатты.



ақыры бет-бетімен кері шегінуге мәжбүр болады”, — деп мақтанышпен жазылған.

“Жетісу ісші халық мүхбірі” газетінде черкастықтардың ерліктері туралы бұдан да басқа көптеген материалдар жарияланған. Мысалы, басылымның 1919 жылғы 6 мамыр күнгі нөмірінде: “Андреевка селосының түбінде Ярушиннің отряды талқандалғаннан кейін, Черкасск қорғанысы партизандарының көпшілігі Анненковтың әскеріне қарсы шабуылға шықты. Сөйтіп, Осиновка мен Герасимовка селоларының екі аралығында қырғын соғыс басталады. Бірнеше сағатқа созылған ұрыста жау жағы басымдылық көрсетіп, партизандар кейін шегінуге мәжбүр болды, — деп жазған.

Сөйтіп, “Жетісу ісші халық мүхбірі” және кейін осы басылымның орнына дербес қазақ газеті атанып шыққан “Көмек” те Қазақстанда, оның ішінде Жетісу өңірінде болып жатқан азамат соғысының барысы жайында егжей-тегжейлі жазып, оқырмандарын хабардар етіп отырған.

С.Шәкіржановтың айтуынша, бастапқы кезеңде газеттің тілі татар тіліне ұқсастау еді. Өйткені, редколлегияда қазақ болмаған. Кейін әріп теруші мен редколлегияның екі мүшесі (барлығы төртеу) қазақ болады. Ақыры газет қазақ тілінде шыға бастады.

Бұл газет Жетісудағы қазақ халқына, сонымен бірге ұйғыр, дүнген, татар, өзбек еңбекшілеріне Кеңес өкіметінің мәні мен маңызын насихаттап, оларды жаңа өмір құру жолындағы күреске шақырады. Сөйтіп, Жетісудағы тұңғыш қазақ газеті “Мүхбірдің” 41-нөмірі шығып, тоқтатылды. Себебі Жетісу облыстық ұлт істер бөлімі 1918 жылы 3 желтоқсанда “Мүхбірдің” орнына дербес қазақ газеті шығарылып, оның аты “Көмек” деп аталсын, газет аптасына екі рет шығатын болсын, ал газеттің алғашқы нөмірі 1500 дана болып басылып, халыққа тегін таратылсын” деген қаулы қабылдады.

“Көмек” газетінің алғашқы нөмірі 1919 жылғы 1 қаңтардан бастап шықты. Бұрынғы газетке қарағанда “Көмектің” мазмұны мен материалдарының сапасы анағұрлым жоғары болды. Газет жергілікті Кеңес,

шаруашылық органдарының қаулылары мен бұйрықтарын бұрынғыдай талғаусыз және түгел жариялай бермей, іріктеп, ықшамдап басатын болды.

Жергілікті қазақ баспасөзін 1918-1919 жылдары облыстық атқару комитетінде қызмет істеген Ораз Жандосов басқарды. Оның ұсынысы бойынша газеттің жұмысы, халық арасына таралуы, сапасының жақсаруы жөнінде талай рет мәселе қаралып, тиісті шаралар қолданылып отырды.

“Көмек” газеті 1919 жылдың орта шеніне дейін облыстық Кеңес атқару комитетінің органы болып келді. Сондықтан облыстық Кеңес атқару комитетінің ұлт істері бөлімі баспасөз жөніндегі келесі бір қаулысында: “Газетке түскен әрбір мақала редколлегия мәжілісінде қаралуы тиіс. Ұстаздар мен қалалардан тілшілер таратылуы керек, олардың көпшілігі уездердегі мәдени-ағарту бөлімдерінің бастығы болуы жөн. Бұл қызметкерлер әртүрлі салалардан уездің мәдениеті, эканомикасы мен саяси-әлеуметтік өмірінен жазып тұратын болсын және облыстық, ауылдық атқару комитеттері, кәсіпшілер одақтары мен мектептер газетті алып тұруға міндетті”, — деп шешім шығарды.

“Голос Семиречья” газеті Жетісу облыстық партия комитетінің қаулысы бойынша 1919жылы 1 шілдеде бұрынғы “Хабаршының” орнына шықты. Бұл Жетісудағы бірінші облыстық партиялық газет еді. “Көмек” және “Голос Семиречья” екеуі де дербес газет болғанымен, облыстың өміріне байланысты және басқа кейбір мәселелер жөнінде бұл екі газет те бірдей жазып отырды. Бұрынғыларға қарағанда “Голос Семиречья” газетінде материалдарды орналастыру басқаша болды. Оның бетінде “Кеңес өкіметінің ісі мен бұйрықтары”, “РОСТА-ның телеграммалары”, “Кеңестік Ресей”, “Шетелдерде”, “Жергілікті өмір”, “Партия тұрмысы”, “Театр мен музыка” және басқа да айдарлар тұрақты орын алды.

“Көмек” газетінің бетінде де сол сияқты бірнеше айдарлар болды. Бұл жаңа газеттерде бұйрықтар, қарарлар өте аз басылып, еңбекшілердің хат-хабар, мақалалары көбірек жарияланатын. Мұның өзі оның мазмұнын байыта түсті.

Сонымен бірге газет шаруашылық, халық ағарту мәселелеріне де көңіл бөліп отырды. Мәселен, онда 8-10 жасқа дейінгі балалар бастауыш мектепте тегін және міндетті түрде оқытылатыны, мұғалімдерге пәтер тегін берілетіні, балалар бақшасына тәрбиешілер тағайындайтын курс ашылатыны, курсанттарға жатақ орын, стипендия берілетіні туралы жазылды.

Ресейдің және облыс жағдайының әрбір жаңа кезеңіне қарай Жетісудың большевиктік газеттерінің аты өзгеріп отырды.

### **б) “Правда”, “Ұшқын” газеттері**

1919 жылғы 14 желтоқсаннан бастап “Голос Семиречьяның” аты өзгеріп, “Правда” болып шықты. Ал “Көмек” 1920 жылдың 4 қаңтарынан бастап “Ұшқын” деп аталды. Бұл екеуі дербес газет болғанымен, іс жүзінде біртектес еді, себебі аса маңызды деген материалдар екеуінде бірдей басылып шығатын.

Алматыға Д.Фурманов 1920 жылдың сәуір айының басында жіберілді. Негізі ол Ташкент Түркістан революциялық әскери кеңесінің және Түркістан өлкелік партия комитетінің өкілі ретінде ұсынылған. Ал Алматыға ол 3-дивизиялық әскери кеңесінің төрағасы болып келді.

Жергілікті жағдаймен танысып, қызметіне кіріскеннен кейін үш күннен соң Д.Фурманов облыстық комитет пен революциялық комитеттің 1920 жылғы 17 сәуірдегі біріккен мәжілісінде “Правда” және “Ұшқын” газеттерін Түркістандық 3-атқыштар дивизиясы саяси бөлімінің қарамағына беру туралы мәселе қойып, ұсынысын қабылдап, өзінің басты мақсатын басылым арқылы жүзеге асыра бастайды.

Сөйтіп, көп кешікпей екі газет те Д.Фурмановтың тікелей басшылық етуімен шыға бастады.

Ол редакцияның штатын негізінен өзімен ерте келген журналистермен және жергілікті кадрлардан (С.Шәкіржанов, Қ.Абдуллин. Бұл екеуі де газеттің редакторлары болған.) іріктеп алып толықтырды.

Жаңа редактор, яғни Д.Фурманов облыстық газетке жалғыз өзі ғана емес “аптасына кемінде

бір екі мақала жазып тұруды” саяси бөлімінің қызметкерлеріне де міндеттеді. Бұл тапсырманың орындалуын оның өзі тікелей бақылап, редакцияның тақырыбын белгілеу, мақалаларды бөліп беру жұмыстарына қатысып, газеттің идеялық мазмұнының ауытқымауына басшылық етті.

Сонымен, газетте негізгі мынадай мәселелер қамтылды: ауыл шаруашылығы мен өндірістегі күйзелушілікпен күресу, Қызыл Армияның бөлімдерін еңбек жағдайына көшіру, жағдайдың өзгеруіне байланысты партия, кеңес және әскери аппараттың жұмысын қайта құру, қазақ кедейлерінің көкейкесті мүдделерін қанағаттандыру, әсіресе, патша үкіметінің құдалауынан (1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты) Қытай жаққа өтіп кеткен, бірақ туып-өскен жерін қимай, Отанына қайтып оралған босқын қазақтарға жәрдем көрсету, еңбекшілер арасында саяси-ағарту жұмысын жүргізу.

### **в) “Бұқара”, “Кедей еркі” газеттері**

1920 жылдың 1 қарашасынан бастап, “Ұшқынның” орнына енді “Бұқара” газеті шығарыла бастайды. Ұйғыр тілінде оның 1921 жылдың наурыз айына дейін 17 нөмірі жарық көрген. Бірақ газет деңгейінің нашарлығына және 1921 жылы партияның жаңа экономикалық саясатқа көшуіне байланысты шешім қабылдануына орай бұл басылым шығуын тоқтатады да, орнына Қ.Абдуллин редакторлық еткен “Кедей еркі” газеті дүниеге келеді. Онда “Кеңес өкіметі һәм жарлы-жалшылар”, “Азық-түлік һәм тұтыну кооперациясы” деген маңызды мақалалармен қатар І.Жансүгіров, О.Жандосовтың және т.б. әйел теңдігі, ел бірлігі мәселелеріне арналған шығармалары жарияланған. “Кедей еркінің” 1922 жылдың тамыз айына дейін барлығы 25 саны жарық көрген.

### **г) “Тілші” газеті мен “Жетісу әйелі” журналы.**

“Тілші” газеті 1922 жылдың 18 тамызынан бастап шыға бастаған. Алғашқы редакторы Сәдуақас Оспанов болған. Кейін бұл жұмысты Сара Ёсова

жалғастырған. Содан бұл басылым 1929 жылдың соңына дейін, яғни Алматы жаңа астанаға айналғанға дейін үзбей жарық көрді. Бұл негізінен ауыл, шаруа газеті еді. Сондықтан мұнда көбіне ауыл өміріне арналған проблемалық материалдар жарияланды. Авторлары О.Жандосов, А.Розыбакиев, Ж.Бәрібаев, Қ.Сармолдаев, І.Жансүгіров, Қ.Басымов сияқты белгілі қоғам қайраткерлері еді.

“Жетісу әйелі” журналы бүкіл Қазақстан бойынша әйелдерге арналып, шығарылған алғашқы басылым. Оның алғашқы саны 1923 жылдың 15 қаңтарында жарық көрді. Редакторы – Сара Есова. Көлемі 32 бет. Басылымда І.Жансүгіровтің “Кім екен?” деген өлеңі мен “Ақын Сара кім еді?” атты мақаласы және “Күндік өлімі” әңгімесі жарияланған.

### **ғ) “Сталин жолы” және “Коммунизм таңы” газеттері**

Алғашқы бесжылдықтар тұсында, яғни Қазақстан 1930-1932 жылдардағы жаппай ашаршылықтан еңселерін енді көтере бастаған шақта 1935 жылы Алматыда “Сталин жолы” деген атпен облыстық газет дүниеге келді. Оның алғашқы редакторы белгілі ақын Жақан Сыздықов болатын. Бірақ бұл газет 1941 жылы соғыстың басталып кетуіне байланысты шығуын уақытша тоқтатады да, тек тың игеру жылдарында ғана 1954 жылдан бастап “Коммунизм таңы” деген атпен облыстық басылым ретінде шыға бастайды.

Бұл кездері газет негізінен партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын, съезд шешімдерін, жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолында облыс еңбекшілерін ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруда көптеген істер тындырды. “Коммунизм таңы” 1959 жылдың маусым айында “Жетісу” деп өзгертілді.

### **4. “Дұрыстық жолы” газеті**

Бұл басылымды 1919 жылы 20 ақпаннан бастап 10 шілдеге дейін Ұлттар істері халық комиссариатының қазақ бөлімінің Бөкей бөлімшесі Орда қаласында



шығарып тұрған. Айына екі рет шығып, барлығы 11 нөмірі жарық көрген. Газеттің тек Батыс Қазақстанда ғана емес, Жетісу және Семей облыстарында да жаздырып алушылары болған. Шығарушысы “Жазушылар құрамасы” деп, газет редакциялық коллегияның атынан шығып отырған.

Газеттің бағыты, алдына қойған мақсаты 1919 жылы 20 ақпанда шыққан бірнеше нөмірінде басылған “Баспасөз” деген бас мақаладан айқын көрінеді. Бас мақала алдымен баспасөздің маңызына тоқталады: “Баспасөз халықты белгілі бір саяси бағытқа салып, ғылым-білімге шақырады, әдеби тілдің дамуына себеп болады, халықтың тұрмысы мен шаруасының жақсаруына көмектеседі” делінген.

Сөйтіп, бұл басылым қазақ ішінде өнер-білімнің таралуына көмектесіп, шаруашылықтың өркендеуі жөнінде кеңес беріп отырды. Ол “Қызыл фронт” деген айдар ашып, Қызыл Армияның жеңісті қимылын жазып отырды, интервенттер мен ақ гвардияшылардың сойқандық қылықтарын әшкереледі. Азамат соғысының барысы жайында мағлұмат берді.

Газет оқу-ағарту ісіне елеулі көңіл бөліп отырды. Бөкей облысында Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылда 90 қазақ мектебі ашылғанын айта келіп, бұл мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жаңа бағытта жүргізу ісін жақсарту, мұғалімдер даярлайтын курстар ашу, ауыл мұғалімдерінің айлығын кезінде беріп, олардың тұрмыс жағдайына үнемі көңіл бөліп отыру туралы, қазақша оқу құралдарын және басқа да әдеби және ғылыми кітаптар бастырып шығару жайында проблемалық мәселелер көтерілді.

Бөкей облысы 1919 жылдың орта шеніне дейін тікелей РСФСР-ға қарап келді, ал сол жылы шілдеде қазақ елін басқаратын Кирревком құрылғаннан кейін Қазақстанның құрамына Бөкей губерниясы болып енді. Осыған байланысты “Дұрыстық жолы” 1919 жылы 10 шілдеде өзінің он бірінші нөмірінен кейін шығуын тоқтатты. Бұдан кейін оның орнына “Қызыл дала” газеті біраз шығып тұрды.

---

<sup>1</sup>“Қазақ тілі” газеті. 1927 жыл, 2 шілде.

<sup>2</sup>“Қазақ тілі” газеті. 1927 жыл, 23 шілде.

<sup>3</sup>“Қазақ тілі” газеті. 1927 жыл, 26 шілде.

## 5. “Мұғалім” — қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби журнал

1919 жылы Бөкей облысында “Дұрыстық жолы” газетімен қатар қазақ және орыс тілінде Қазақстандағы алғашқы әскери газеттердің бірі әскери істер жөніндегі қазақ комиссариатының “Хабарлары” (“Известия Киргизского комиссариата по военным делам”) деген газет және “Мұғалім” атты қоғамдық-саяси ғылыми педагогикалық және әдеби журнал шығып тұрды. Оны шығарып, таратушы – Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Бөкей облыстық бөлімшесі, редакторы Ғабдолғазиз Мұсағалиев (Ғ.Мусин) еді. **Журналдың 1919 жылы барлығы 7 саны шығып, одан кейін тоқтады.** Оның саясат, педагогика, ғылым, шаруашылық, әдебиет және жергілікті хабар бөлімдері болды. Журналдың 2-санында К.Маркс пен Ф.Энгельстің өмірбаяндары аударылып басылған.

Журналдың 1919 жылы 15 шілдедегі 7-санының бірінші беті Абайдың махаббат туралы бір шумақ өлеңімен ашылған. Әдебиет бөліміндегі З.Зұлқайыровтың “Қудалық” әңгімесінде мәдениетті жұрттарда қыз бен жігіт бірін-бірі сүйіп қосылады. Қазақтың әділетсіз құдалығы, қалың мал енді Кеңес өкіметі тұсында жойылды, қыз бен әйелдерге шын бостандық берілді дейді. Ал журналдың саяси бөлімінде “Қазақ халқының оқуы” деген мақалада бұрын “Қазақ өзінің балаларын орыс-қазақ мектебіне шын ықыласпен берсе, патша үкіметінің миссионері оларды христиан дініне кіруге зорлап, дін жолында тәрбиелейді”, — дей келіп автор: “Енді таң атып келеді, өнер-білімге жетеміз”, — деп жазды.

Осы санда Бөкей облысындағы мәдени-ағарту жұмыстары баяндалған. 1918 жылдың күзінде бөкейлік қазақ жастары “Жігер” деген ұйым құрады. Осы ұйым мүшелері халық арасында пайдалы баяндамалар жасап, курстар ашты, қазақ тіліндегі үлгілі кітаптарды таратты, кітапхана ұйымдастырды. Сонымен қатар спектакль қойып, ел ішінде шаруа, денсаулық сақтау және басқа жайлардан кино

көрсетті. Мәдениетті жастар мектеп жұмысына көмектесіп, шәкірттерді экскурсияға алып шықты. Сонымен бірге мақал, мәтел, жұмбақ, жыр секілді халық ауыз әдебиетінің мұраларын жинап, баспаға әзірледі.

Талапты жастардың күшімен музей ашылып, онда қазақтың жоғалып бара жатқан ескі мүлік жиһаздары: киім-кешектері, қару-жарақтары, ертұрмандары, ыдыс аяқтары көрмеге қойылды.

Құрманғазы сияқты күйші атасы болған елдің жастары ән-күйлерді нота жолымен үйреніп, музыка мектебін ашты, оған керекті музыка аспаптарын алдырды.

Осындай талапқа үмтылған жастар ұйымға алынды. Бұл журналдың көптеген сандарында жарияланған материалдар әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді.

## **6. “Қазақ тілі” газеті**

Семей губкомы мен Атқару комитетінің органы “Қазақ тілі” газетінің алғашқы нөмірі 1919 жылдың желтоқсанында Семей қаласында жарық көрді. Бұл басылым Семей, Павлодар, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездеріне таралып тұрды. Газет жетісіне үш рет, көлемі төрт бет болып шықты.

Кезінде “Қазақ тілі” газетінің қандай мәселелер көтеріп отырғандығын сонда басылған материалдардың тақырыптарынан көруге болады. Мысалы, басылымның 1920–1930 жылдар аралығында бірсыпыра нөмерлерінде “Әйел теңдігі туралы”, “Барлық күш оқуға”, “Жерден ізде” (қандай егін салу керектігі жайында), “Жергілікті кеңес өкіметін құру” (съезд сайлау туралы), “Қызылдар майданы” айдарымен берілген мақалаларда не жазылды деген сауалға жауапты сол кездің тарихи оқиғаларынан іздеген жөн сияқты.

Сөйтіп, 1918 жылдың жазында шетелдік интервенттер мен ішкі контрреволюциялық күштер Қазақстанның Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарының көптеген жерлерін басып алды. Халықаралық империалистердің қолшоқпары болған ақ гвардияшылар өздері басып алған аймақтарда

контрреволюциялық диктатура орнатты. Жергілікті халықты асып-атып, түрмелерге тоғытты. Құлақ естіп, көз көрмеген озбырлықтар жасалып, қазақ жері қан сасыған мүрделерге толды.

Шетел империалистері өздерінің арам ойларын жүзеге асыру үшін Орынбор, Орал, Омбы, Сібір және Жетісу казак әскерлерінің офицерлеріне көп үміт артты. Солардың бірі азамат соғысы жылдары қазақ жерін қанға бояған атаман Анненков болатын. Осыған орай “Қазақ тілі” газетінде жарияланған “Айуандық пен жауыздықтың туы” деген мақалада: “Анненковшылар кісі өлтіріп, қанаудың екі түрлі тәсілін ойлап шығарған. Оның бірі кеңес өкіметіне тілектес деп күдіктенген адамдарды бірден шауып өлтірмей, әуелі қолын кескен сонан соң ішек-қарнын ақтарып, көзін ойған. Ал, екінші тәсіл бұдан да қорқынышты. Бесіктегі нәрестені мылтықтың найзасына түйреп, пештегі отқа тастаған”, — деп баскесерлердің зұлымдықтарын көрсетеді.

Анненковтың уақытша үкіметтің көмегімен жасақтап алған әскерлері 1918 жылдың қазан айында Семейге келіп, бейбіт халықты қырумен айналысады. Бұл туралы газет: “Күн сайын қас қарайысымен отыз шақты тұтқынды іш киімдерімен Ертіс өзеніне айдап апарып, атып өлтіріп, тәндерін суға лақтырып жіберетін”, — деп жазыпты. Мұнысы аз болғандай ақтар Семей облысына қарайтын қазақ ауылдарына шабуылдап, еркек әйел, бала, кәрі демей бәрін мылтық пен қылыштың астына алады.

Осындай айуандық, адам баласына тән емес зұлымдық хақында С.Әділмажынұлы деген автор өзінің газет бетінде жарияланған “Анненковтан көрген жазамыз” деген мақаласында: “Атаман Анненковтың жазықсыз қазақ халқына көрсеткен қиянаты көп. Мұның ішінде Семей уезінде істеген бассыздығына адам төзгісіз.

Мәселен, мен өзімнің ойымда қалғанын, оның өзіме көрсеткен сойқанын айтсам, онда бұрын Николай заманында тілмаш болған Дмитрий Чкалов деген орыс қазақтарша мал бағып, бай болған кісі. Кезінде ол орыс байлығы арқасында маған зорлық жасап, өзіме тиесілі жерімді тартып алу үшін

соттасқан болатын. Ақыры, Анненковқа жамандап, оны маған қарсы айдап салды. Сөйтіп, атаман он төрт солдат жіберіп, інім екеуімізді Арқат бекетіне қуып әкелгізді.

Ол бірден сендер большевиксіңдер, Чкаловқа қарсы сөз айтып, жерлеріңді бермепсіңдер. Сендерге жаза қолданамын, алты сағаттан соң атыласыңдар деп үкім шығарды. Бірақ, біз ебін тауып сол түні қашып шықтық. Мен бетім ауған жаққа, інім болса ауылға кетті. Кейіннен білдім олар інімді ауыл маңынан ұстап алып, әуелі қолын шауып, сонан соң көзін ойып алыпты. Ең сорақысы қылышпен тіліп, басын екіге бөліп, азаптап өлтіріпті”, — деп ашына жазған.

Оның үстіне Анненковшылар еркектерді ғана жазалап тынбай, қыз-келіншектерді де мазаққа айналдырған. Мәселен, бұл жөнінде Тайжан Мүкамедиұлы деген автор “Анненковтың бізге көрсеткен жауыздығы” деп аталатын мақаласында: “1918 жылы күздігүні Анненковтың отряды біздің Қорғанбай ауылына келіп, Қосан Байке баласының әйелі Мүкілшін Тоғызбайқызын күшпен тартып алып, Ащыкөл бекетіне алып кетеді.

Онан кейін біздің ауылдан ылау мінеміз дегеннен соң екі ат беріп, оған ылаушы қылып, өзімнің жақын інім Иманбазар Атақанұлын қосып берген едім. Былай шыққаннан соң інімнің басын қылышпен шауып тастап, атты алып кетіпті. Бұдан басқа да көрсеткен жәбірліктері көп. Барлық азық-түліктерімізді тартып алып, малымызды айдап, ауылымызды шауып кетті. Анненков отрядының бастықсымақтары Налученко, Селеванов, Теляков дегендер қит етсе дүре соғып, көңілі сүйген қыз-келіншектерді алып кетіп жүрді”, — деп өткенге лағнет айтады.

1920 жылы Анненков бар майданда жеңіліс тауып, Қытайға қарай жылыстай бастайды. Олар қашып бара жатып та жолай кездескен ауылдарды өртеп, адамдарды қырып, мал-мүліктерін талап кетіп отырған. Бұл жөнінде де “Қазақ тілі” газетінде

<sup>1</sup> “Қазақ тілі” газеті. 1926 жыл, 26 шілде.

<sup>2</sup> “Қазақ тілі” газеті. 1927 жыл, 23 тамыз.

көптеген материалдар жарияланыпты. Соның бірі мынау: “Мен ол кезде шаруа жауынгері болатынмын”, — дейді сол қанды оқиғалардың куәгері Б. Есжанов, — Анненковшылардың ізіне түстік. Біз Үржар деген ауылға барғанда елді мекенге келдік деп ойлағанымыз жоқ. Мал соятын жерге келген екенбіз деп қалдық. Жосыған қанның тасуы сонша су сияқты еді. Өлген адамның тәні үйіліп жатты...”.

Анненков Қытай жерінде де қарап жатпай, ел шабу, кісі өлтірумен шұғылданды. Сондықтан, ол елдің өкіметі оны алдап қолға түсіріп, кеңестерге қайтарып береді. Ақыры “Көп асқанға, бір тосқан” демекші 1927 жылдың маусым-шілде айларының арлығында Семей қаласында сот болып, Анненков ату жазасына кесілді.

Бұған қосып аларымыз, осы “Қазақ тілі” газетінде **1923-1933 жылдары белгілі ақын әрі публицист С.Дөнентаев қызмет атқарған**. Ол жаңа өмірді жырлайтын өлеңдерімен қатар өткір фельетон, жастар өмірі, әйел теңдігі денсаулық жөнінде көптеген публицистикалық мақалалар жазған.

## 7. “Ұшқын” (“Егемен Қазақстан”) газеті

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы жылында өзінің 80 жылдық тойын атап өткен “Егемен Қазақстан” газетінің тарихы — алғашқы нөмірі **1919 жылдың 17 желтоқсанынан бастап шыға бастаған “Ұшқын” газетінен басталады**.

1919 жылы Орынбор ақтардан тазартылған соң, Қазақ өлкесін уақытша басқару жөніндегі революциялық комитет (Кирревком) құрылып, іске кіріседі. Баспасөз секциясын ашып, өз газеті “Ұшқынды” шығару үшін редакция алқасын құрады. Оның жетекшісі болып кезінде Бөкей ордасында “Ұран”, “Дурыстық жолы” деген газеттерін шығаруға қатысқан қазақша, орысша бірдей сауатты Т.Сәниев тағайындалады.

“Ұшқынның” бірінші нөмірінде Бернияз ақынның “Ұшқынға” деген арнау өлеңі және газет басқармасының атынан дайындалған басылымының мақсат-мүддесі көрсетілген бас мақала жарияланған. Сондай-ақ, Әмірғали деген автордың жер-су,

елді басқару, азық-түлік, мал-шаруашылығы проблемаларына арналған “Жалпы қазақ съезіне әзірленіңдер!” — деп аталатын мақаласы берілген.

Ал газеттің екінші бетінде “Сыртқы хабарлар”, “Россия хабарлары”, “Дұшпандар елінде” деген айдарлармен орталықтан және шетелдерден келіп түскен жаңалықтар болды. Онда, мәселен Үндістанда өкіметке қарсы халық наразылығы өтіп жатқандығы, “Мысыр” мақаласында көп адам жиналып, басқару ісінде өзгеріс талап еткендіктері, соның нәтижесінде үкімет абақтыға жабылған тұтқындарды босатуға мәжбүр болғандықтары туралы жазылды.

1920 жылы Қазақстан автономиялы республикасы жарияланғаннан кейін “Үшқынның” орнына жарық көрген “Еңбек туы” газетін шығарды. Оның басты ұйымдастырушысы С.Сейфуллин “Манап-Шамиль” деген бүркеншек атпен газеттің жетекшісі болып саяси мақалаларын жазып отырды. “Үшқын” газеті сияқты “Еңбек туының” да алғашқы саны 1920 жылдың 13 қарашасында Орынборда шықты.

Жалпы, сол кездегі газет төңірегіндегі топтасқандарға назар аударсақ, арасында аттары бүкіл алаш жұртына айбын болған, бесікте жатқан қызыл қарын жас баланың қамы үшін, қазақ дейтін маңдайының соры қалың елдің ертеңі үшін жандарын шүберекке түйіп, отқа, суға түскен жақсылар мен жайсаңдардың, халқымыздың аяулы арыстарының барын көреміз. Жан-жүректерімен, күллі ой-саналарымен уақыт тынысын дәл ұғып отаршылдық ойранына қандары қас екенін қаймықпай айтқан осынау ұлы перзенттерінің дені әр жылдары газетке тікелей басшылық жасаса, көбі қолдарына қалам алып, ұрпақ тәрбиесіне ат салысып отырған. Өз сөзін оқырманына бүкпесіз айтып келген бұл газеттің бастау бұлағында А. Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Садуақасов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Б.Күлеев, О.Жандосов, О. Исаев, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов секілді рухымыздың рухани күшінің басшылары, күрделі заманның ғажайып ұлы тұлғаларының тұруы бұл газеттің беделінің қаншалықты зор болғандығын байқатады.

**“Еңбек туының” жалғасы болып 1921 жылдың 7 қарашасында сол Орынбор қаласында “Еңбекші**

қазақ” газетінің алғашқы нөмері шықты. Оның редакторы Әбдірахман Байділдин болды. Ал, одан басқа шығарушылар ұйымында Т. Жүргенов пен Е. Алдоңғаров та жұмыс істеді. 1922 жылдары “Еңбекші қазақтың” негізгі міндеті қазақтың жұмысшы табы мен қалың бұқарасын надандықтан құтқарып, көзін ашу, таптық санасын күшейтіп, дос пен қасын таныту, әділет ісіне қатынастырып, шаруасын жемістендіріп, тұрмысын түзету, ел ішіндегі ескі әдет-ғұрыптардан арылу, қысқасы, Қазақстанның саяси өміріне белсене араласу негізгі пікірлердің ордасы болуы, яғни жар салатын шешен, ақыл айтатын өсиетші, топ бастайтын көсем болу еді.

Міне, сол 1922 жылдары “Еңбекші қазақ” бетінде осыған сәйкес көптеген мақалалар жарық көріп отырады. Алғашқыда, аптасына 2 рет шыққан. “Еңбекші қазақ” елдің мешін жылғы жұтына, естен танып тұрған кезінде үлкен рухани көмек береді. Мысалы, “Еңбекші қазақтың” 1921 жылғы 7 қарашадағы бірінші нөмері “Астық үшін күрес — социализм үшін күрес” деген мақаламен ашылды. Сөйтіп, бұл газет азамат соғысының зардаптарын, Қазақстанның кейбір жерлерінде орын алған құрғақшылықты, егін шықпай қалуына байланысты болған ашаршылықты қорықпай жазып отырады.

1922 жылы газеттің бас редакторы болып С.Сейфуллин келуі газеттің беделін едәуір көтерді. Ал 1924 жылдың сәуірінен оның орнына Молдағали Жолдыбайұлы (1887-1937) келді. Ол кісі “Еңбекші қазаққа” саяси дұрыс бағыт, ғылыми салмақ беруге, қазақ еңбекшілерін ағарту ісіне көп күш салған.

1925 жылдың басынан бастап 1926 жылдың сәуір арасында “Еңбекші қазақ” газетінің редакторы С.Садуақасов болды. Ол Қостанайдан Бейімбетті шақырып, өзіне әдеби хатшы етіп алды да оның шығармаларын да жиі жариялады. Сол кезде “жау” атанып жүрген Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектерге іш тартып, насихаттады. Осы үшін сол жылы наурыз айында Орталық партия комитеті Смағұл редактор болып тұрғанда “Еңбекші қазақ”

<sup>1</sup> “Еңбекші қазақ”. 12 наурыз, 1925 жыл.

<sup>2</sup> “Еңбекші қазақ”. №131, маусым, 1927 жыл.



газетінде ұлтшыл оқырмандар туралы, қазақ арасындағы тап күресі туралы, партиядағы солшыл жастар туралы, партия жолына сай келмейтін пікірлер жіберіледі деген сын айтты. Осы үшін С.Садуақасов 1926 жылы орнынан босатылды.

Оның орнында “Еңбекші қазаққа” Т.Рысқұлов келді. Бірақ ол екі айдай ғана отырып, “Қазақ баспасөзінің мақсаттары”, “Баспасөз туралы” деген маңызды мақалалар жариялап, баспасөзге деген жаңа көзқарас тудырды. Т.Рысқұлов кеткен соң 23 маусымнан 11 шілдеге дейін газетке О.Жандосов редакторлық етті. Ол “Еңбекші қазақта” өнер-білім, оқу-тәрбие проблемаларымен баса көрінді.

“Еңбекші қақтың” өрісі кеңейді. Тілшілері 350-ге, алушылары 8 мыңға жетті. Бұрын шағымнан басқа жазбайтындар енді шаруашылық, мәдениет, оқу-ағарту мәселелеріне де қалам тарта бастады. Бірақ, астананың Орынбордан Қызылордаға қоныс аударуы газет таратуды, елден материал алуды төмендетіп жіберді. Ысылған, тәжірибелі адамдар Орынборда қалып қойды. Кемшіліктері көп болғанымен, газеттің жағдайы жылдан-жылға ілгерілей берді. 1925 жылдары “Еңбекші қазақ” жетісіне төрт рет шығып тұрды. Газет елде жаңа тәртіп орнату, таптық сезімді күшейтіп, саяси сана көтеру ісіне білек түре батыл кірісті.

1926 жылдың 13 шілде мен тамыздың 30-ы аралығында газет редакторы болып, Қазрайкомның ұйымдастыру бөлімін басқарған, кейін он жылдай халық Комиссарлар Кеңесіне төрағалық еткен О.Исаев келді. Ол тәжірибелі де, беделді қызметкер болатын.

Осыдан кейін “Еңбекші қазаққа” тұрақты редактор болып Ф.Тоғжанов келді. Ол газетке 1926 жылдың 30 тамызынан 1932 жылдың мамырына дейін басшылық етті. Ол “Қазақ газет оқымайды, газет алдырмайды дейді. Қолына тимейтін газетке жазылып не қылсын. Кінә газет басындағыларда. Олар сөзін жазып, баспаханаға бердік, болды деп ойлайды. Ол шықты ма, жазылғандары жетті ме, бұл жағымен ісі жоқ. Бұл газет жұмысына партия тілегімен қарамағандықтан”, — деп түсініп, газеттің ішкі жұмысына, оны ұйымдастыру жағына орынды талап қойды.

Бұл жылдары (1926-1932 ж.ж.) өлкелік. “Еңбекші қазақ” индустрияландыру ісіне қажетті қаржы қорын жасау үшін күресіп, әсіресе ауыр өнеркәсіп орындарына баса назар аударып отырады. Мысалы, Қарсақпай зауытының құрылысы өте қиын жағдайда жүрді. Осыған байланысты “Еңбекші қазақ” арнаулы бас мақала жариялады. Онда “Қарсақпайға бұрынғыдан да артық назар аударылсын”, – деп зауыттың Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орындарының бірі екендігін атап көрсетіп, құрылыс басшыларын кемшіліктерді жоюды талап етті. Бұдан басқа, “Еңбекші қазақ” газетінің беттерінде Қарағанды, Жезқазған, Риддер, Екібастұз сияқты өндіріс алыптары туралы, әсіресе Түркісіб темір жол құрылысының бет алысын, ондағы жұмысшылардың тұрмыс-тіршіліктері жайлы қызғылықты хат-хабарлар, тартымды очерктер беріп отырды. Осыған байланысты “Құрылыс алаңында”, “Түркістан – Сібір теміржолында”, “Жұмысшылар тұрмысы” деген сияқты айдарлар пайда болды.

Бұдан басқа, газет ауылшаруашылық кооперативінің маңызына, пайдалылығына үнемі тоқталып отырды. Осы “Еңбекші қазақтың” насихаттауымен 1930 жылдың алғашқы айларында Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі халқының жоспарлы түрде қоныстануы басталды.

Міне, осындай алғашқы бесжылдық жылдарында “Еңбекші қазақ” ел өміріне дендей кіріп, әр тақырыптарда сол кездер үшін толғақты, көкейкесті мәселелерді жариялап отырды.

1932 жылдың қаңтар айында “Еңбекші қазақ” газеті “Социалды Қазақстан” атына ие болды. Ал осы жылдың мамыр айында газетке Әйтіке Мусин редактор болып тағайындалды. 1934-1936 жылдары Ғабит Мүсірепов, 1937-1938 жылдары Жүсіпбек Арыстанов редактор болды.

“Менің ең алғашқы жұмысым газетіміздің атына түзету енгізу болып, “Социалды” деген ұғымның Октябрьден басталған Қазақстандағы өзгерісті дәл бейнелей алмайтынын баяндап, бұдан былай газетімізді “Социалистік Қазақстан” деп атауға (1937,

<sup>1</sup> Арыстанов Ж. Естен кетпес есімдер. А., 1972.

мамыр) Өлкелік Комитеттің бюросынан рұқсат алғаным есімде,— деп еске алды кейіннен Жүсіпбек.

Жүсіпбектен редакторлық эстафетасын Сақтаған Бәйішев алды (1938-1941).

Отызыншы жылдардың бас кезінен бастап Кеңестер Одағында ауыр өнеркәсіп, колхоз құрылысы, халық мәдениеті жолында кең күрес басталды. “Социалистік Қазақстан” газеті сол заманның үніне айналып, қазақ елінің өніп-өркендеуіне зор үлес қосты. Бірақ қазақ елі үшін қай кезде де елі мен жерінің тұтастығын қызғыштай қору мәселесі күн тәртібінен түсіп көрмеген. Әсіресе 1932 жылдардағы ашаршылық, 37 жылдардағы репрессия ауыр да күрделі мәселе болды. Осындай тақырыптарға именбей бару “Социалистік Қазақстанның” басты бағыты болды.

Бірақ, иығында ағартушылық парыз бен көп тепкіден жасыңқырап қалған халықтың рухын ояту міндеті қатар тұрған басылымның алдынан көп кедергілер ұшырасқан еді. Осы алмағайып кезеңде газеттің көкейіндегісін ашып айта алмай күмілжіген тұстары, қызыл қылыштың айбынынан тайсақтап, жүзін төмен салып, тек жаңа саясатты мадақтаған болып кібірткітеген кезеңдері де аз еместігін айтқанмыз абзал.

Газет қоғам өмірі мен тарихының айнасы деген қарапайым қағидаға құлақ асар болсақ, дәл осы кезең үшін басылымды жалғыз айыптауға бола ма? Жоқ. Империялық отарлау саясатының ұясы мен шеңгеліне түскен елдердің қай-қайсысы секілді қазақ елі де, қазақ елінің бас газеті де сталиндік режимнің алдында тырп ете алмады. Тырп еткендердің тілі кесіліп, басы қалай шабылғанын бүгінгі ұрпақ жақсы біледі. Әйтпесе, Қазақстан, Сібір жерлерінде ізі жатқан жүздеген концлагерлер де кезінде не үшін салынды? Бұл орайда “Социалистік Қазақстанның” биікке шыққан да, күйікке батқан да кезі көп.

Шындыққа шырқырап ара түскісі келген оның редакторы Сәкен, Тұрар, Смағұл, Ғаббастардың өмірі қалай аяқталғандары бәрімізге белгілі. Әрбірден соң жұмыр басты пенденің жаңылмайтыны кемде-кем. Ендеше “Социалистік Қазақстан” тарихының қай кезеңдеріне де бағаны дұрыс бергеніміз жөн.

Өйткені, жаңа қоғам, жаңа тәртіп орнатылып жатқан кезеңде жаңа іс бастап, жаңа кәсіпке кіріскен редакция алқасы үшін жаңылмай сөйлеп, сүрінбей жүру қиын болғаны анық.

Ұлы Отан Соғысы басталысымен баспасөздің бүкіл мазмұны “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген айбынды ұранға бағындырылды. “Социалистік Қазақстан” газетінің 1941 жылғы 22 маусымдағы нөмірі әдеттегідей бейбіт сарынмен шықты. Оның бірінші бетінде республика жаңалықтары туралы газеттің тілшілері мен КазТАГ хабарлары берілді. Екінші бетте партия тұрмысына арналған хабарлармен бірге ел экономикасының өркендеуі жайлы көлемді мақала жарияланды. Үшінші бетте Жамбыл творчествосына арналған көлемді мақала мен төртінші бетте “Шетел хабарлары” және “Астана тұрмысының хабарлары” беріледі.

Ал, газеттің келесі нөмірі мүлде басқаша шықты. Әдетте, дүйсенбіде (23 маусым) республикалық газеттер шықпайтын. Бірақ, “Социалистік Қазақстан” газетінің редакция ұжымы бұл күні кезектен тыс нөмірін шығарды. Бірақ бұл күнгі газеттің көлемі әдеттегіден екі есе кіші еді. Көрнекті орында Совет үкіметінің Мәлімдемесі жарияланып, қалған беттері де осы соғысқа байланысты республикамыздың түкпір-түкпірінен келіп түскен мақалаларға арналды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ газет өз жұмысын соғыс жағдайына, қаһарман кезең талабына бейімдеп, қайта құрды. Оның бас мақалалары, корреспонденциялары, хабарлары, очерктері мен фельетондары — барлығы да майдан мүддесіне сай жазылды. Мысалы, сол соғыс жылдары “Социалистік Қазақстан” беттерінен көпке дейін “8-гвардиялық дивизияда” деген айдар түспеді. Онда 28-панфиловшы батырларға және басқаларға арналған мақалалар, очерктер, өлеңдер жарияланды.

Міне, осылай “Социалистік Қазақстан” Ұлы Отан соғысы жылдары қазақ жауыргерлерінің соғыс кезінде қандай ерлік жасағанын, тыл еңбеккерлерінің соғыс жағдайындағы өмір-тынысын, ерен еңбектерін әрқашан үлгі етіп жазып отырды.

Әрине, соғыстан соң газет тың жерлерді игеру, бейбіт кезеңдердің ерен еңбектері, қой басын

елу миллионға жеткізу сияқты тағы басқа да сол кезендердің ең елеулі мүдделерін сөз етуден, насихаттаудан алдына жан салмады.

Қайтсек халқымыздың жыртығын жамай аламыз деген ой газет басшыларының көкейінен ешқашан кеткен жоқ. Мысалы, 1959 жылдардан бастап газет ұлтшылдық айыптаулардан, есеңгіреп қалған ұлт зиялылары туралы жиі-жиі жазып, олардың ел мүддесі, халықтың қамы үшін алаңсыз белсене еңбек етуіне қолдау көрсетіп, үлкен мұрындық болды.

Бұл жылдардағы “Социалистік Қазақстанның” өсіп-өркендеуіне зор үлестерін қосып, басшылық жасаған редакторлары **Құрманбек Сағындықов, Кеңесбай Үсебаев, Ұзақ Бағаевтар** газеттің өз “бет-бейнесін” сақтауына зор еңбек сіңірді.

Газет тігіндісін аударыстырып көрсеңіз, қилы кезендерде ел басынан өткізген қысылтаяң шақтардың табын оңай аңғаруыңызға болады. Мысалы, 1986-1987 жылдары қазақ халқы үшін аса күрделі кезең болды. Желтоқсан оқиғаларынан кейінгі төбе шашынды тік тұрғызатын қатал үкім, орынсыз айыптар қазақ халқына жағылған қара күй болды. Бұл жағдайлардың бәрі зиялы қауымның қалдырғасына қатты батты. Бірақ олар сөйтсе де өз ойларын ашық айта алған жоқ еді. Сол сәттегі барлық қоғамдық пікір қатаң бақылауға алынды. Сондықтан да уақыт талабына сай желтоқсан оқиғаларынан кейінгі “Социалистік Қазақстанның” ең басты тақырыбы халықтар достығы, ұлтаралық қатынастар мәселесі болды. Ара-арасында ғана шындыққа там-тұмдап орын берілді.

Бірақ, қара бұлттың сейілуін күтпей-ақ “Социалистік Қазақстан” газеті еліміздің тәуелсіздік алуына, “ұлтшыл” деген қара таңбадан құтқарып елдің еңсесін көтеруге, сөйтіп, Желтоқсан оқиғаларына оң көзқарас тудыруға шама шарқына қарай үлес қосуға талпынды.

Әсіресе, “Социалистік Қазақстанның” келбеті еліміз егемендік алған жылдардан былай өзгеріп сала берді. Газет біртіндеп бұрынғы жалтақтықтан арылып, ұлт тағдырына байланысты материалдарды жиі жариялай бастады. Газет бетінде қазақ тарихының кесек тұлғалары — Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би жөніндегі, ел бастаған хандарымыз

бен қол бастаған батырларымыз жайлы материалдар сериясы оқырман қауымның ризашылығын туғызып қана қойған жоқ, әрбір оқырманның ұлттық санасын дүр сілкіндіріп, өз халқының ұлттың перзенттеріне деген мақтаныш сезімін тудырды.

Уақыт өтіп “Социалистік” деген сөз бұрынғы мәнін жоғалта бастады. Жоғары жаққа газеттің атын өзгерту мәселесі қойылып, 1991 жылдың маусымында ол “Егеменді Қазақстанға” айналды; ал 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап “Егемен Қазақстан” атымен шығып келеді.

Міне, осы кезден бастап “Егемен Қазақстан” бұрынғы жоғалтқандарымызбен қайта қауыштыру үшін біраз тер төкті. “Ақтаңдақтардың” бетін ашуға, Ахмет, Мағжан, Міржақып сияқты арыстарымыздың атқарған жұмыстары туралы көсіле жазып, елді мекендер мен қалалардың байырғы аттарының қалпына келтірілуіне, тағы басқа кезендерде газет араша түсіп, үлес қосып отырды.

Иә, уақыт озды. Заман өзгерді. Бірақ газеттің бүгін де көтеретін мәселесі аз емес. Оған басылымның әр санын ашып қарасаңыз көзіңіз жетеді. Тайталас әлі де тоқтаған жоқ. Тәуелсіздігімізді тұрақтандыру, көкпарға түскен тіліміздің, жеріміздің, азаматтығымыздың тамырын нығайту сияқты басты міндеттерді айырқша көтеруде “Егемен Қазақстанның” орны бөлек. Оның арғы жағында қазіргі қиыншылықтар: нарық жағдайы, экономика мәселесі, сыртқы саясат сияқты күрделі мәселелер және т.б.





## ЕКІНШІ ТАРАУ

*Халық шаруашылығын қалпына келтіру,  
өнеркәсіпті индустрияландыру мен ауыл  
шаруашылығын ұжымдастыру жылдарындағы  
баспасөз  
(1921-1933 жылдар)*

### 1. “Қызыл Қазақстан” (“Ақиқат”) журналы

Сағат тілі алға жылжыған сайын күн артынан күн, ай артынан ай, жыл артынан жыл өтіп жатыр. Қазақстан атты елдің көк байрағы биікке көтеріліп, әлемдегі ең өркениетті деген мемлекеттердің өзі бізге көңіл аударып, мойынын бұрды. Дербес еліміздің баспасөз басылымдары да социализм кезіндегідей емес, өз үнін, өз болмыс-бітімін айқындай бастады. Осынау дүбірлі кезде қазақ баспасөзі қара шаңырағының бірі саналатын “Ақиқат” журналы жаңа ғасырдың алғашқы жылында сексен жасқа толды. Сан қилы заман ағымына төтеп беріп, керегесі сықырлап, бірде-бір уығы түспеген бұл басылымның өзіндік жолы, өзіндік рухани күші болғаны белгілі. Зиялы қауымды өзіне тарта білген бұл журналдың бүгіні мен ертеңі де жарқын әрі жүрер жолы ұзақ.

Қазақ баспасөзінің тарихында “Ақиқат” журналының алар орны ерекше. Ол алдымен ХХ ғасырдың куәгері ғана емес, ел басынан кешірген дүрбелеңі мен сергелдені, қуанышы мен қайғысы, қаны мен тері, селі мен шері араласып кеткен аласапыран ғасырдың сексен жылын халықпен өткізген кейіпкері десе де болар...

Бүкіл одақтық коммунистік партиясының Қазақстан аймақтық комитетінің тілі “Қызыл Қазақстанның” тұңғыш нөмірі 1921 жылы қыркүйек айында жарық көрді. Ол жалпы саясат, білім, өнер,

шаруашылық және әдебиет журналы деп аталады. Сондықтан оның саясат, ішкі-сыртқы хабарлар, үкімет істері, жастар, әдебиет және шаруашылық бөлімдері болды. “Партия тұрмысынан”, “Аурулар жайынан”, “Аштық жайы”, “Әйелдер арасында”, “Отантану”, “Кәсіпшілер қозғалысы” сияқты айдарлармен мың-сан материалдар жариаланған. Заман, дәуір жаңаруына орай әркездегі міндет-мақсаттың өзгеруіне қарай журнал бөлімдері мен айдарлары да жаңарып, толығып отырған.

Кеңес өкіметінің алғашқы кездерінде баспасөз органдарына жетекшілік жасауды яғни, редакторлық етуді партия, үкімет басшыларына ғана сеніп тапсыратын дәстүр болған. Осы тәртіп бойынша 20-жылдардың бірінші жартысында “Қызыл Қазақстан” журналына партияның сол кездегі қазақ обкомының екінші хатшысы Ғ.Асылбеков, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Н.Нұрмақов, оның орынбасары М.Атаниязов, Қазақстан жастар ұйымының жетекшілері Ә.Байділдин, Е.Алдоңғаровтар өз қызметіне қосымша редакторлық міндет те атқарған.

Бұл тұста олар құптарлық қатынас, жер саясаты, қазақ елін аштықтан, әр түрлі аурулардан құтқару мәселелерін жиі көтереді. Ресей көп ұлттың ұясы болғандықтан, ұлт саясаты бізде де өте күрделі, шиеленісті жағдайда еді. Орыс патшалығы қазақ елінің ең шұрайлы жер-суын, орман-тоғайын тартып алып, ағартушылық мәселесін де өз есептерімен жүргізгені белгілі. Ол ұсақ ұлттарды жұтып қоюды, жоқ қылуды ниет еткен. Жаңа қоғам орнаса да, сол ұлы орысшылдықтың зорлық-зомбылығы әлі сейіле қойған жоқ еді. Сондықтан да журнал Ә.Байділдиннің “Ұлт мәселесі және “Октябрь революциясы”, Манап – Шамильдің (С.Сейфуллин) “Октябрь және ұлт мәселесі”, О.Исаевтың “Ұлт мәселесі және Октябрь

1 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1924 жыл, №5.

2 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1922 жыл, №7.

3 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1924 жыл, №7.

4 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1922 жыл, №12.

5 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1922 жыл, №3.

6 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1922 жыл, №15.

7 “Қызыл Қазақстан” журналы. 1923 жыл, №17-18.



төңкерісі” материалдары арқылы сол езілген ұлттарды көп те күшті ұлттардың құлдығынан, қорлығынан құтқарып, олардың ұлттық сана-сезімін оятуды, шаруасын көркейтіп, өркениеттендіруге жағдай жасауды күн тәртібіне қойды.

XIX ғасырдың соңына қарай патша үкіметі қазақтың ең шұрайлы жерлерін осында көшірілген келімсектеріне, казак-орыстарға бөліп берген, сыйға тартқан болатын. Республика үкіметі 1921 жылы 7 ақпан мен 19 сәуірінде сол жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтару туралы қос декрет шығарды. Ә.Байділдіннің журналда жарияланған “Жер саясаты туралы”<sup>1</sup>, “Қазақстанның жер туралы саясаты қандай болу керек”, деген мақалаларында қазақ азаматтарын жасықтық қылмай, әлгі декреттерді жүзеге асыруға шақырды.

Ал С.Сейфуллиннің “Аштардың рухтары”<sup>2</sup>, Ф.Асылбековтің “Аш жетімдерге жәрдем”, А.Сегізбаевтың “Аш балаға”<sup>3</sup> шағармалары ел ішін жайлаған аштыққа қарсы күреске, аш-арыққа қол ұшын беруге шақырды. Журнал ел-жұртқа аштықпен бірге келген кесел-кесапаттан сақтануды да тынбай үйретті.

Дәрігерлік кеңестерді журналистердің өздері де бере алатын дәрежеге жетті. Бұған Е.Алдоңғаровтың “Жас балалардың тәрбиесі және оларды асырау”<sup>4</sup>, “Балалар саламат тууы үшін әуелі не қылу керек”, “Қайтсек обамен ауырмаймыз” деген кеңестері дәлел.

Журнал жетекшілері бұл тұста үлкен саяси-әлеуметтік, тарихи тақырыптарға да қалам тартты. Т.Жүргенов Генуя конференциясы туралы насихаттық мақала жазса, Ф.Байтасов Октябрь төңкерісінің қазаққа не бергенін сөз етті. М.Атаниязов “Алаш” партиясының тарихына сын” атты мақаласын жариялады. Н.Нұрмақов “Аймақтық партия жиналысының алдында”, “Советтер Республикасының сыртқы халі” мақалаларымен ой толғады.

Журнал алғаш 2000 тиражбен шығарылып, губерниялық, уездік, аймақтық саяси-ағарту үйлеріне, болыстық клуб, ауылдық қызыл отау, кітапханаларға, мектептерге тегін жіберіліп тұрды.

Кейінірек дүние қымбаттап, оны халыққа ақылы етіп, тарататын болды. 1923 жылы наурыз айында Ғ.Асылбеков Ақмола, Семей жағына барып журналдың 1600 данасын таратып қайтты. Мұнан соң “Әр азамат ескеру керек” деген материал жарияланды. Онда “қараңғы қазақ кедейлерінің көзі ашылып, өз теңдігіне ие болып, дүниеден хабардар болуы үшін газет-журнал алдырып оқуы керек. Үкімет пен ел арасында қатынас беріп тұратын байлам-баспасөз... газет-журнал оқымай көз ашылмайды. Өзінің кім екенін, дүниенің жалпы не жайда, не күйде екенін білмейді. Екі құлағы тығулы, көздері жұмулы, ессіз меңіреу адам сықылды... Олардан хабарсыз тұру жансыз денемен бір есеп” — деп ақыл кеңес берді. Жайшылықта бір-бірінен қонақасы есебінде жеп кететін бір тоқтының пұлынан тартынбай, әрбір ел адамы “Еңбекші қазақ” пен “Қызыл Қазақстанды” алдырып тұруы міндет. “Ел еңбекшілері, газет, журналды оқы. Дүниеден хабарсыз тұрма!” — деп ұрандады.

1924 жылы редакция “осы күнге дейін журнал қаражат кемдігінен ақсап келді. Енді, бір жағынан, үкімет қазынасынан тиген аз ғана қаржыға, екінші жағынан ел азаматтарының жәрдеміне сүйеніп, бұрынғыдан гөрі көпке түсінікті, жеңіл тілмен жазылып, суреттер басылып, қызықтырақ болып шықпақ”, — деп жар салды.

Журнал беттерінде партия, кеңес, шаруашылық құрылысы туралы мақалалар жиі жазылды. Н.Нұрмақовтың “Іске кірісу керек”, “Партияға жаңадан кірген және кіруге ойы бар жұмыскерлердің есінде болсын” деген материалдары Лениннің шақыруына байланысты проблемаларға үн қосты. “Шаруа жайы”, “Қарыз серіктері”, “Сүтті сиырдың белгілері”, “Кұрғақшылық жерлерде егін салу жайы” сияқты материалдар мен мамандар кеңесі осы жылғы нөмірлерде жарияланды.

1925 жылы журналға С.Садуақасов редакторлық етті. Ол “Советтердің ІХ съезі”, “Үлкен мәселенің

<sup>1</sup> “Қызыл Қазақстан” журналы. 1927 жыл, №1.

<sup>2</sup> “Қызыл Қазақстан” журналы. 1923 жыл, №23-24.

<sup>3</sup> “Қызыл Қазақстан” журналы. 1927 жыл, №8-5-7.

бір бұрышы”, “Орта Азия өміріндегі жаңа дәуір”, атты материалдарымен көрініп жүрген. Енді ол “Жаңа жұртшылықтың негізі — ғылым”, “Алғашқы тәрбиелер” деген мақалаларымен ғылым, өнер, ұлттық театр ашу мәселелерін көтерді.

С.Садуақасовтан соң журналға О.Жандосов қол қойды. Оның тұсында “Әйелдер бөлімінде”, “Күншығыста әйелдер бөлімі”, “Қазақстанда әйел теңдігі” атты материалдар жарияланды. 1926 жылға қарай журналдың жаңа міндеттері белгіленді. “Кемшілік көп, оның зоры — мезгілімен шығып тұрмайтығында. Соңғы кезде 3-4 нөмірін жинап, кешіктіріп шығару дағдылы дертке айналды. Екінші зор кемшілік — оқушысын дәл тауып, соған тұрақты бағыт ұстай алмай отырғандығы. Үшінші кемшілік — қаражаттың тапшылығы, таралымының төмендігі. Тағы бір ақаулық — жазушының аздығы.

Осы уақытқа дейін журнал жалпы оқырманға, әйтеуір, оқушыға арналып келді. Енді партия, жастар ұйымдары, кәсіпшілер одағы мүшелеріне, жергілікті Кеңес қызметкерлеріне арналмақ. Мазмұны солардың тілегіне орай үйлестірілмек. Сондықтан мезгілінен партия ұйымдары алдындағы кезекті, іргелі мәселелерді уақтылы көтеру оларды жүзеге асырудың жолдарын көрсету журналдың негізгі мақсаты болмақ”, — деп жазды.

1927 жылы журналдың шығарушылар алқасында О.Жандосов, Ә.Байділдин, Ж.Сұлтанбеков, Ғ.Тоғжанов, О.Исаевтар болды.

Бұл жылда Ғ.Тоғжанов өлкелік партия комитетінің Ш.Пленумынан, Ә.Байділдин Қазақстан кәсіпшілер Одағының II съезінен есеп жариялады. Қ.Сарымолдаев Қазақстандағы су шаруашылығының міндеттерін саралады. Ж.Сұлтанбеков шабындық, егістік жерлерді бөлудің маңызын насихаттады. Ұ.Құлымбетов Қазақстанды аудандау мәселесін, Ш.Тоқжігітов VI партия конференциясы қойған міндеттерді сөз етті. Сол жылдардың 12—санында журнал ұжымы оқушыларына мынадай уәде берді:

“Қызыл Қазақстанда” партия, кеңес, кәсіпшілер одағы, оқу, шаруашылық, төңкеріс заңы, денсаулық, тағы басқа мәселелерден толық жөн сілтеніп

отырылады. Партия, кеңес, басқа да мекемелердің алдағы күнде істейтін істері күн бұрын талданады. Оған Қазақстандағы саяси бастықтар, қаламы жүйріктердің қатынасы күшейтіліп, маңызды мәселелер жазылады. Ай сайын үзбей шығып, оқушыларды тарықтырмайды. Әрі “Мұнан былай дербес әдебиет журналы шығатын болғандықтан, “Қызыл Қазақстан” журналында “Әдебиет бөлімі” болмайды. Соңғы нөмірлерде жаңадан әңгіме, өлең сықылды әдеби сөздер басылмайды”, — деп ескертті.

Бұған дейін журнал әдебиет мәселелеріне мол орын беріп тұрған еді. Бейімбеттің “Шұғаның белгісі”, “Талақ”, “Шариғат бұйрығы”, “Өтірікке бәйге”, “Қырмызы”, Сәкеннің “Қашқынның ауылы”, “Айша”, “Тар жол, тайғақ кешу”, “Қыр балалары”, “Ақсақ киік”, Сәбиттің “Құрдас”, “Сақып”, “Жұмаштың өлімі”, “Жайлау үстінде”, М.Әуезовтің “Қорғансыздың күні”, Смағұлдың “Күміс қоңырау” сияқты көркем дүниелері алғаш осы журнал бетінде жарияланды. Бұлардан басқа Ғ.Асылбековтің, Е.Алдоңғаров пен М.Дәулетбаевтың, А.Сегізбаев пен С.Шәріповтің, Ш.Иманбаева мен Ә.Айсариннің повесть, әңгіме, өлеңдері жарық көрді, әдеби сынның алғашқы үлгілері басылды.

Бұл жылдарда журнал баспасөз жайына да көп көңіл бөлді. “Қабырға газетін қалай шығару керек”, Ә.Байділдиннің “Баспасөз мәселелері” сияқты мақалаларын жариялады. Бұларда баспасөздің кемшілікке қарсы күрес құралы, жар салатын шешен, жөн сілтейтін көсем, топ бастайтын жолбасшы, ел айнасы, білім бұлағы екені паш етілді. Сол тұста өлке бойынша 21 газет бар, оның оны қазақ, тоғызы орыс, біреуі қарақалпақ, біреуі ұйғыр тілінде екені, олардың үшеуі күнде, екеуі жұмасына төрт рет, біреуі үш рет, сегізі екі рет, тоғызы бір-ақ рет шығатыны айтылды.

Кейде баспасөз органдарын жұртқа таныстырып, насихаттап отырды. Мысалы, “Кедей айнасы” журналына былай баға беріп, игі тілек білдірді. “Бұл журнал — қазақ әдебиетінің жаңа көгеріп

<sup>1</sup> “Қызыл Қазақстан” журналы. 1925жыл, №15-18.

<sup>2</sup> “Қызыл Қазақстан” журналы. 1922жыл, қараша.

келе жатқан кезінде үлкен олжа. Әсіресе, осы күнгі оқушы... қазақ еңбекші жастарының білім тәжірбиесінің баспа жүзінде жарыққа шыққанын үлкен қуанышпен қарсы алдық. Оқушы кедей жастардың пікірлерін, білім тәжірбиелерін көптің алдына шығаратын “Кедей айнасы” журналы келешекте өз кемшіліктерін түзеп, өркендеп шығып тұруына тілектеспіз. Қадамың қайырлы, қаламың түзу болсын”.

1928 жылдың соңына қарай журнал редакторы Қ.Жүсіпбеков болды. Алқа мүшелері С.Сапарбеков, М.Жолдыбаев, І.Қабылов, С.Нұрпейісовтер мен өзгертілді. Осы жылы жаңа автор Қ.Сәтбаев “Қарағанды-Спасск”, “Тұрлан кендерінің шамасы және келешегі”, “Қарсақбай заводының мыс өндірісі және оның келешегі” деген мақалаларымен көрінді. Қамза Жүсіпбеков “Қазақстанда социалдық құрылыс жолдары”, Кәрім Тоқтабайұлы “Қазақстанда елді қоныстандыру саясатының негізгі мақсаттары”, Ш.Тоқжігітов “Жаңа дәуірдің жаңа міндеттері”, С.Бекенов “Қазақыландыру жұмысының жайы туралы” ой қозғады.

Ә.Жангелдин кеңес сайлауын өткізді, О.Жандосов пен Ы.Мұстамбаев ауылдағы тап тартысы жөнінде пікір алысты.

“...1921 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша Қазақстандағы халық ағарту саласындағы 441 мың 651 бала оқитын 1-ші басқыштағы 5215 мектеп бар. Ал 2-ші басқыштағы мектептер саны—116. Оларда 18 мың 583 шәкірт білім алуда”,— деп жазды редакция ұжымы.

“Қызыл Қазақстан” журналын осы уақытқа дейін кімдер басқарды?

1928 жылдың 25 шілдесінде Қазкрайком бюросының шешімімен Александр Моисеевич Паволоцкий “Қызыл Қазақстан” журналының жауапты редакторы болып бекітілді. Паволоцкий 1929 жылдың қыркүйегінде Қазақстаннан шақыртып алынды. Оның бұдан кейінгі тағдыры туралы деректер мұрағаттан табылмады. Қазақ өлкелік комитеті секретариатының 1930 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімі бойынша Сәдуақасов Жанайдар “Қазақстан большевигі” журналының

редакторы болып бекітілді. 1938 жылы репрессияға ұшырап, 1957 жылы ақталды. 1932 жылдың 15 наурызында БК/б/П қазақ өлкелік комитетінің секретариаты Ғабит Хайроллаұлы Сарабаевтың қызметі туралы мәселе қарап, “Қазақстан большевигі” журналының жауапты редакторлығына, қазақ коммунистік жоғары оқу орнында оқытушы болуымен қатар тағайындалсын” деген қаулы қабылдады. 1931 жылдың қаңтар айынан бастап 1932 жылдың сәуіріне дейін “Қазақстан большевигі” журналының жауапты хатшысы, редакция алқасының мүшесі Ахмет Елшібеков бұл қызметтермен шектеліп қана қойған жоқ. “Балға” атты әдеби сықақ журналының редакция алқасының мүшесі болды. 40 жылдары С.Төлешов “Коммунисті” басқарды.

1945-1946 жылдары Әбдіхалықов Мұхамеджан “Қазақстан большевигінің” редакторы қызметін атқарды. Ал, 1954-1957 жылдары журналды Борис Алексеевич Бучкин басқарды. 1954-1958 жылдар аралығында “Қазақстан коммунисті” журналы бас редакторының орынбасары Ордабаев Баймұхан болды.

1965 жылдан бастап 1981 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін “Қазақстан коммунисті” журналын Сағындықов Кұрманбек басқарды. 1981-1986 жылдары бұл журналға Мұқан Мамажанов редакторлық етті. 1986 жылдың 8 ақпанынан 1989 жылға дейін Қазыбаев Кәкімжан журналда бас редакторлық қызмет атқарды.

“Қазақстан коммунисті” журналын 1989-1994 жылдары Камал Смаилов басқарды.

“Ақиқат” деп қалай аталды? 1991 жылы Орталық Партия комитеті тарап, журнал бұрынғы атпен шығуын тоқтатпағанда, оны қалай сақтау керек деген мәселе туды. Редакция алқасы мен ұжымы журналдың атын өзгерту керек деген шешімге келді. Сөйтіп, журнал аты өзгерді.

Қайта құру кезеңі — жаңғыру, тәуелсіз ел атану дәуірінде журнал “Ақиқаттан” аттамай, өткенді былапыттап даттамай, қара қылды қақ жарып, оқиғаның, тарихи тұлғалардың тарих көшіндегі алар орнын көрсетуге бет түзеді.

“Ақиқат” журналын 1994 жылдан 1996 жылға дейін Сарбас Ақтаев басқарып келді. Одан 1998 жылға дейінгі редакторы жас жазушы Жұмабек Кенжалин болды. Одан кейін бұл басылымды жазушы Ахат Жақсыбаев, сосын дарынды ақын, публицист Темірхан Медетбеков басқарды.

“Ақиқат” журналы-қазақ баспасөзінің айнасы. Ол ел тарихының шежіресі. Ол бір өзі саясатты да, білімді де, өнерді де, шаруашылықты да, әдебиетті де шашау қалдырмады.

**“Бостандық туы”** газеті. 1920 жылдың соңында республиканың облыстары губерния болып қайта құрылды. Міне, осы кездегі газеттер партияның губерниялық Атқару Комитеттерінің органы болып жарияланды. Мысалы, 1920 жылдың ақпан айынан бастап Омбы қаласында **“Кедей сөзі”** деген газет шығып тұрған. Ал 1921 жылдың 19 наурызынан осы **“Кедей сөзінің”** орнына енді **“Бостандық туы”** деп аталатын басылым жарық көре бастады. Ол әуелі Омбыда Сибревком жанындағы Қазақ АССР-інің өкілдігі атынан, кейін РКП (б) Ақмола губкомы мен губревкомның органы ретінде Қызылжарда шықты.

Ақмола губерниясының Қазақстанға қосылуына байланысты **“Бостандық туы”** газетінің редакциясы 1921 жылдың жазында Омбыдан Қызылжарға көшірілді. Газеттің 1921 жылғы 28 тамызындағы 13-нөмірінің тиражы 3000 дана болып шықты. Бұл басылымның 1921-1922 жылдарғы алғашқы редакторларының бірі Сабыр Айтқожин болды. 1922 жылы уақытша редакторы болып. Ө.Жәнібеков қызмет атқарған кезде Сәбит Мұқанов губкомның шешімі бойынша **“Бостандық туының”** жауапты редакторы болды.

1924-1925 жылдары **“Бостандық туында”** кейін оның жалғасы болған **“Кеңес ауылы”**, **“Ленин туы”** газеттерінде жас талап ақын-жазушылар: Жақан Сыздықов, Сейітжан Омаров, Жұмағали Саин, Асқар Тоқмағанбетов, Шахмет Құсайынов, Ғалым Малдыбаевтар қызмет етіп, алғашқы шығармаларын бастырып, қаламдарын осында ұштай бастаған.

Республикамызда бұрынғы губерния, уездер мен болыстар таратылып, бұлардың орнына округ,

аудан құрылуына байланысты “Бостандық туы” 1928 жылдың күзінен 1932 жылдың көктеміне дейін “Кеңес ауылы” деген атпен Петропавл округкомы мен ократкомының органына айналды, оның редакторы Асқар Тоқмағанбетов болды.

Қостанай губерниялық партия комитеті мен губаткомының органы “Ауыл” газеті (1923-1929). 1923 жылдың 1 қыркүйегінен шыға бастады. Қостанайда әріп болмағандықтан, “Ауылдың” алғашқы нөмірлері Челябині (Селебе) қаласында басылды. Кейін газеттің редакторы М.Сералин Казан қаласынан әріп және басқа да жабдықтар алып келген соң газет Қостанайдың өзінде шығып тұрған.

## 2. “Бостандық туы”, “Ауыл”, “Ерік”, “Кедей тілі” газеттері

Б.Майлин “Бостандық туында” әуелі әдеби қызметкер, кейін бөлім меңгерушісі, 1924 жылы уақытша редактор болып қызмет атқарды. Оның бұл газетте көптеген сын мақалалары, фельетондары және өлеңдері басылды. Бейімбет газеттің бірінші нөмірінде “Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз” өлеңін жариялады.

Сондай-ақ, газеттің белсенді тілшілерінің бірі С.Қарпықов: “Өткен 1921-1922 жылдары сұрапыл ашаршылықтан оқу жұмысы төмендеп қалып еді. Ол кезде үкіметтің бар мақсаты кедейлерге жәрдем беру болғандықтан, оқу жұмысына жеке көңіл бөлінбеді. 1922 жылдың аяқ жағы тоқшылыққа айналды. Халықтың салған аз ғана астығы шығып, үкіметтің қолын жәрдемнен босатты. Губерниялық оқу бөлімі 1923-1924 оқу жылына әзірлік ретінде оқытушылар даярлайтын курстар ашты. Жаңадан 50-80 балабақша, оннан аса мектеп ашылды”, — деп жазса, ал журналист Ж.Еленов 1923 жылы 27 шілдеде Қостанай губерниясы әйелдерінің жиналысы өткізілгенін, оған қазақ әйелдерінің аз қатысқанын сөз етеді. Бұдан ол қазақ әйелдерінің әлі күнге теңдікке қолы жетпегенін, басшы қызметтегі азаматтардың әйел бостандығына немқұрайды қарайтыны байқалды деп қорытынды шығарды.



Газет өз оқырмандарын Халықаралық жағдаймен де таныстырып отырды. Ал “Ауылдың” 1923 жылғы қыркүйегіндегі нөмірінде зябь жыртудың пайдасы, Қостанайда кітапхана, педтехникум ашылғаны туралы және ішкі-сыртқы хабарлар берген.

1924 жылы болса, бұл басылымда сауатсыздықты жою, ауыл шаруашылығы, кооперация, оқу, сайлау мәселелері, мектептегі сауық кештер сияқты мәдени-ағарту жұмыстары жөнінде материалдар жарияланды.

Газеттің 1925 жылғы бас тақырыбы ауылды онан әрі советтендіру, қосшы ұйымын құрып, нығайту, егін және мал шаруашылығы өнімін арттыру болды.

1925 жылы Б.Майлин Қызылордадағы республикалық баспа сөзге ауысты. Ж.Еленов та сонда кетті. Сондықтан газетте хабар жазып, қаламы төселген тілші М.Жақсылықов “Ауыл” газетіне әдеби қызметке алынды. 1928 жылы 8 қыркүйекте “Ауыл” округтік газет болар қарсаңында белгілі аудармашы Х.Өзденбаев осы газеттің хатшысы болды.

**“Кедей” газеті.** Ақтөбе губкомы мен губаткомының газеті “Кедейдің” алғашқы нөмірі 1924 жылдың 7 маусымында жарық көрді. Ол 1930 жылдың тамызынан “Алға”, 1932 жылдың наурызынан “Социалистік жол”, 1962 жылдан “Батыс Қазақстан”, 1965 жылдың ақпанынан “Коммунизм жолы”, қазір “Ақтөбе” деп аталады. “Кедей” бастапқы кезде жетісіне бір рет, шағын көлемде, екі бет болып басылып тұрды. Басылымның 5 нөмірі шыққан соң төрт бет көлемге ие болды да, тиражы 600-ге артты.

“Кедей” газетінің бетінде алғашқы кезде “Қазақстанда”, “Елден”, “Жастар тұрмысы”, “Телеграммалар” деген бөлімдер ашылды. Одан соң бұларға ішкі-сыртқы хабарлар бөлімдері қосылды. Газет көбінесе ауыл өмірін, бұрынғы жарлы-жалшылардың жаңарған тұрмысын жазды. Оларға шаруашылықты қалпына келтіру жолдарын түсіндіріп, еңбекке шақырады.

Губерниялық газеттерде көбінесе қалың мал, көп әйел алу, әменгерлік, әйел теңдігін аяққа басу әрекеттеріне қарсы, совет және кооператив орындарына еніп кеткен жат пиғылды адамдардың қулық-сұмдығына қарсы хат-хабарлар жиі басылып тұрды.

“Кедей” газетінің редакторы жазушы, журналист Ж.Тілепбергенов, хатшысы белгілі журналист Ә.Қарағұлов болды.

“Ерік” газеті. 1923 жылдың 1 сәуірінде “Ерік” газетінің бірінші нөмірі шықты. Ол Гурьев уездік партия комитеті мен Атқару комитетінің органы болды. Тиражы 500 дана.

Газет шаруашылық мәселелеріне (мұнай, балық, мал, егін) ерекше назар аударды. Уездің халық шаруашылығын қалпына келтіру, шаруашылықтың социалистік даму жолына түсуі, ол үшін көпшілікті отырықшы тұрмысқа бейімдеу, өнеркәсіп орындарын жақсарту мәселелері газеттің күнделікті тақырыбы еді.

Газетте жергілікті ақындардың өлеңдері басылып тұрады. Әсіресе, Д.Тілегеновтің “Азаматтар”, “Жастарға”, “Доссор бейнетқорларына”, т.б. өлеңдері жарияланып, оқушылардан жоғары бағасын алды.

“Ерік” газеті 1924 жылғы 28 тамыздан бастап “Жұмыскер тілі” деген атпен шықты. 1932 жылдың қыркүйек айынан бастап “Социалистік құрылыс”, ал 1963 жылдың 1 мамырынан “Коммунистік еңбек” болып өзгерді.

“Кедей тілі” газеті. Кеңес үкіметінің саясатын аз ұлттар арасында кеңінен насихаттау мақсатымен РКП (б) Астрахань губкомының қаулысы бойынша олардың өз ана тілінде басылымдар шығарылып тұрды. Мысалы, онда 1922 жылдан татар тілінде “Қызыл ел” газеті, 1924 жылдан қазақ тілінде “Кедей тілі” газеті шыға бастады.

Қазақ тіліндегі газеттің бірінші нөмірі 1924 жылы 20 сәуірде “Кедей тілі” деген атпен Астрахань губерниялық атқару комитеті мен Татар-Қырғыз бюросының органы — деп жарияланды. Газет айына үш рет шығып тұрған.

“Кедей тілінің” жарық көруі төменгі Еділ бойындағы қазақ жұртшылығының өміріндегі зор оқиға еді. Мал шаруашылығымен және балықшылық кәсіпшілікпен айналысқан теңіз жағалауының қазақтары мен Басқұншақ тұз көлінің жұмысшылары осы басылым арқылы өз мұң-мұқтаждарын шешіп отырды. “Кедей тілінің” 1924-1925 жылдарындағы редакторы Нығмет Сәбитов болды. Газет 1931 жылға дейін шығып тұрды.

### 3. “Темірқазық” және “Таң” журналдары

Мәскеуде ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариятында қызмет істеген Шығыс елдерінің оқығандары татар, түрік тілдерінде “Қызыл шарық”, қазақ тілінде “Темірқазық” журналын шығарды. Оның бірінші саны 1923 жылдың ақпан айында жарық көрді. Басылым айына бір рет шығатын саяси, шаруашылық, білім, әдебиет журналы деп аталады. Бірақ кеңес үкіметі “Темірқазықты” ұлтшылдықты уағыздады, ескіні дәріптеді, совет мекемелеріне тіл тигізді деп, 3-санынан соң жауап тастады. Әзірге бұл журналда жарияланған материалдар толық сараптан өткен жоқ.

“Таң” әдеби журнал болды. Ең негізгісі әдебиет бөлімі еді. Онда фольклорлық мұралар, белгілі ақын, жазушылардың өлең-жырлары мен әңгімелері жарияланып тұрды. Бірінші санында Абайдың жарияланбаған өлеңдері, өсиет сөздері, С.Дөнентаевтың “Дәуітбек” деген өлеңі басылды. Осында Бұқар жырау өлеңдері, Жиренше шешен туралы аңыз әңгімелер берілді. Үшінші санында Сұлтанмахмұттың жарық көрмеген өлеңдері, Абайдың баласы Тұрағұлдың Горькийден аудармалары жарияланды.

“Таңға” М.Әуезов көп жазды. Оның “Қайғылы жетім”, “Қазақ қызы”, “Қорғансыздың күні” әңгімелері, “Бүркітші” шығармасынан үзінділер басылды.

Журнал өз оқушыларын қазақ елінің жер-су, тау-тасымен, өзен-көл, жалпы географиясымен таныстырып отырды. “Өлкетану” бөлімінде 1916 жылғы ұлт-азаматтық көтеріліс жайында, Ақмешіт туралы тарихи материалдар берілді.

“Таң” 1925 жылдың наурызынан бастап Семей қаласында шығып тұрды. Шығарушылардың бірі М.Әуезов еді. Оның бар-жоғы 4-ақ саны жарық көрді. Осы 1925 жылдың маусым айында қаражат және қағаз тапшылығына байланысты басылым біржола тоқтады.

#### 4. Ташкентте шығарылған қазақ басылымдары

1920-1925 жылдары қазіргі Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары Түркістан Советтік Социалистік республикасының құрамында болатын. Сондықтан Ташкентте де бірнеше қазақша газет-журналдар шығарылды. Онда осы кезең аралығында “Ақжол” газеті, оған қосымша “Шаншар” деген атпен қазақ тіліндегі тұңғыш сықақ журналы шығарылды. Сондай-ақ “Шолпан”, “Сана” деген қазақ журналдары Ташкентте шыға бастады.

##### а) “Ақ жол” газеті

1923 жылы “Ақ жол” газеті туралы Б.Майлин: “Осы декабрь жұлдызының 7 күні Ташкентте шығатын Түркістан үкіметінің тілі “Ақ жол” жарыққа шығуына үш жыл толды”. Сол күннің құрметіне “Ақ жол” Қазақстанда көп тараған газет екенін айта келіп: “Ол Түркістан үкіметінің қолдаған шараларын қазақ халқына жеткізіп тұрды”, — деп атап көрсетті.

Шындығында 1920 жылдың 18 сәуірінен шілденің 27-іне дейін Ташкент қаласында қазақ тілінде “**Жаңа өріс**” газеті шығып тұрған болатын. Ал “Ақ жол” сол басылымның заңды жалғасы еді. Алдымен “**Жаңа өріс**” газеті туралы бір-екі ауыз мәлімет бере кетелік. “Ол қырғызша-қазақша жетісіне екі рет шығатын сыпайы тілдегі саяси әрі шаруашылық газет”, — деп аталады. Басылым материалдары халықты негізінен еңбекке, игі тіршілікке шақырды. Оның бар-жоғы 14 нөмірі жарық көрді. Ал, осы жылдың 7 желтоқсанынан бастап оның орнына “Ақ жол” газеті “Қырғыз газеті” деген атпен шыға бастады. Орташа тиражы 1800. Алғашқы редакторы — С.Қожанов. Басылымның ішкі хабарлар, сыртқы хабарлар, сауатсыздықты жоғалту жайынан, әйел теңдігі, ресми бөлім, бұйрық-жарлықтар, жастар арасында, жарнама, партия тіршілігі, партия талаптары, шаруашылық жайынан деген бөлімдері болды.

Мысалы “Ақ жолдың” 1921 жылғы 29-нөмірінде “Кедейлер төңкерісі” деген мақала жарияланды.

Онда Орта Азия халықтарының патшалы Ресей дәуіріндегі сарқыншақтарға қарсы күресі туралы айтылады. Автор байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылықтары, кедейлердің көтеріліске шығуы, жаңа өмір орнауына алып келді деп түйіндеуіне негіз берді.

Сондай-ақ, газеттің осы нөмірінде, “Түркістанда өткізілетін кедейлер конференциясына Рахимов, Барашов, Сафаров, Арызбаев, Оразов, Каримов сияқты барлығы 25 өкілдің тіркелгенін, мұнда” Мұсылман интернатының “ашылып, қазір барлығы 113 ұл мен 13 қыз бала оқып жатқандығы және 14 наурыздан Ташкентте “Мұсылман партия школасы” іске кіріскенін қысқаша хабарлайды.

“Ақ жол” газетінде әйел теңдігі мәселесі де кең қамтылған. Осыған орай Жұмабек Қыстаубаев деген автордың “Қалың мал ұрлығы” деп аталатын мақаласындағы “Шымкент уезі Қошқар ата болысындағы Бөртебайұлы 17 жасар қызды 15 қара малға сатып алған. Қыздың әкесі Таңқы 15 қараны алып, қызын әйел үстіне берген” дейтін жолдарға нақты жауап ретінде газеттің 1924 жылғы 13-нөмірінде: “Қазақ-қырғыз арасында қызды мал орнына сатуға тыйым салынғалы бері бұл әдет жойылып та келеді. Сонда да бұл туралы шығарылған заң-закон қағаз жүзінде ғана қалып, іс жүзіне шыға алмай, қала ішінде онша-мұнша орындап, даладағы қара халық арасында әлі жойылмай тұр. Осы жылы Жизақ уезі Атақорған болысында Оспантөс Бекұлы деген кедейлерге жол болып, жаман әдет жойылар ма екен деген оймен өз қызын малсыз Оңғарбек Қаратайұлына беріп отыр. Бұған қарағанда қазақ-қырғыз ішінде қалың мал жойылар деген үмітіміз де бар”, — деп редакциялық мақала жариялады.

“Ақ жол” газетінің тағы да бір ерекше көңіл бөліп, жан-жақты проблема көтерген мәселелері — шаруалар жағдайы. Мысалы, газеттің 1921 жылғы 52-нөміріне “Жерсіз һәм аз жерлі дихандар ұйымының жобасы” жарияланды. Онда, ұйым мүшелерінің ақша жөніндегі міндеттері, істері көрсетілді, яғни, әр айға кіріс салығы 50 сом, айлық салығы да 50 сом. Одан әрі ұйымның әр ауылда ашылу керектігін айтады.

Сондай-ақ, газетте “Шаруашылық жайынан” деген айдармен “Түркістандағы жер байлығы” атты мақала да жарияланыпты. Онда, “Мухин деген бір профессор Ташкенттен Ленинградқа қайтып барып, баяндама қылған. Баяндама Түркістан уезіндегі Қаратаудан таусылмастай көп тас көмір таптым деген. Тас көмір жатқан жердің ұзындығы 200 шақырымдай дейді”, — деп оны тез арада кәдеге асыру жайын сөз етеді.

“Ақ жолда” жиі жазылып, халықтан тиісті бағасын алған тақырыптардың бірі — әдебиет, мәдениет және білім мәселесі. Мысалы, басылым өзінің “Сауық кеші” (“Ақ жол” газеті № 1921 жыл) деген мақаласында: “1921 жылғы 20 майда Түркістан қаласындағы жастар ұйымы атынан сауық кеш жасалды. Бұл тамашада “Болыс” атты 3 перделі драма қойылды” — десе, газеттің 1924 жылғы 402-і нөмірінде “Жаңа шыққан жеті азамат қырғыз-қазақ мәдениетін көркейтуге мұрындық болындар” атты мақаланың авторы Үсенұлы: “Қай жұрттың болса да жұртшылық санына, мәдениет сатысына қосылып, аяқ басуы сол жұрттың әдебиетінің өркендеуімен табылмақ”, — деп жазды.

Ал редакция ұжымы болса Темірбай деген автордың “Тұңғыш жетеу” мақаласы арқылы Үсенұлының осы ойын әрі дамытып, былай деп нақтылай түседі: “Ташкенттегі қазақ-қырғыз институтын тауысып, жеті азамат бүгін майданға шығайын деп тұр. Институт өзінің қысқа, тайғақ өмірінде тәрбиелеп, өсіріп тұңғыш жеті балапан ұшырып отыр. Қазақ-қырғыздың тіршілігінің шарттарына қарағанда, бұл жеті күш, әрине аз, жептіс те аз, жеті жүз болу керек еді, бірақ барымыз осы.

Қазақ елінің даласы осы күнде мәдени басшыға мұқтаж. Мәдени басшы деп кімді айтамыз. Қай жұртта, қай заманда болса да оқусыз мәдениет жоқ. Алдымен оқу керек. Судья, дәрігер, инженер, т.б. мәдениет басшысы емес.

Қазақ-қырғыз надандығына, қараңғылығына қарағанда бұл арада мәдени басшы мұғалім. Сондықтан қазақ-қырғыздың мәдениет тарихында дәрігер, инженерден гөрі оқытушы мұғалімдер

айрықша орын алады. Институттың тұтқан бағыты қазақ-қырғыз оқытушы мұғалімдер шығармақ.

Институт бұл бағытынан айнымаған болса, мынау жеті азамат институттың бағытынан жаза баспауы үлкен мәдениет. Халықтың білім алуы, көркеюі сіздерге қарап тұр. Институтта оқитын тұңғыш жетеу: Оспанқұл Әлиұлы, Базарқұл Даниярұлы, Әлжан Бұқарбайұлы, Насыр Қожақұлы, Шынәлі Мұсақұлұлы” деп бүкіл ісі қазақ халқына жар салады, ой салады.

**1924 жылдың соңында Түркістан Совет республикасы таратылып, қайта құрылды.** Осыған байланысты бұрын оның қарамағында болып келген Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақ АССР-іне қосылды. Осыдан кейін “Ақ жол” газеті 1925-1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, кеңес мекемелерінің органы болып Шымкентте шығып тұрды.

### ә) “Шолпан” журналы

“Шолпан” журналы Түркістан Орталық партия комитетінің органы болып Ташкентте шығарылды. Қазақ тілінде айына бір рет шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы деп аталады. Ол 1922 жылдың қазанынан 1923 жылдың мамыр айына дейін шығып тұрды.

Журналдың өнер-білім, шаруашылық бөлімдерінде көптеген танымдық материалдар жарияланды. Мәселен, “Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы”, “Орхон жазуы туралы бірнеше сөз”, “Жер сілкіну”, “Ғылым не береді”? т.б. мақалалардың ғылымдық, тәрбиелік, үгіт-насихаттық мәні зор болды. Журнал жұмысына О.Жандосов, Ә.Диваев қатысты.

Ал, енді “Шолпанның” бетінде сол кезеңнің көкейкесті мәселелеріне арналған қандай басты материалдар жарияланды деген сауалға келетін болсақ, ең алдымен “Абыр-сабыр заманда сақтану керек” атты мақалаға тоқталамыз. Себебі, бұл еңбекті көптеген зерттеушілер соңғы кезге дейін ұлтшылдық сарында ескіні көксеумен жазылған дүние деп бағаланып келді. Керісінше, біздің ойымызша оның ешбір шектен тыс асып бара жатқан ұлтшылдығы

жоқ сияқты. Оған мақала мәтінін оқу арқылы көз жеткізуге болады:

“Төңкерістен бұрын қырғыз-қазақ кедейлері ылғи өгейлік көріп келді. Басынан тоқпақ кетпеді. Жақсылықтың сәулесі тимеді. Көргені зорлық-зомбылық, жауыздық еді.

Түркістанда патшалық өкімет басқарып келген жергілікті жұрттың қамқорлықтарымен патша өкіметіне арқа сүйеп, аштан келген келімсектердің қулық-сұмдығына шыдағандары қырғыз-қазақ болып еді. Өзін алмай қырғыз-қазақты билеп, жер-суы үшін ақы алды.

Бұдан басқа мақсаттары да жоқ емес еді. Сондықтан революцияның алғашқы күндері қырғыз-қазақ жұрты төңкерістің ниеттеріне сенімсіз көзбен қарады. Төңкерістің әуелгі дәуірінде төңкеріс жемісін жалғыз орыстар пайдаланады деген пікірден кейін төңкеріс ісіне тіпті араласпады”.

Сондай-ақ, халық арасында өкіметтің түрлі саяси-экономикалық мәселелерін түсіндіруден де бас тартқан емес. Мәселен, салық жайы. Редакция ұжымы халыққа оны былай деп түсіндіреді:

“Әрбір өкімет өзінің істейтін шығындарын көтеру үшін халқына әр түрлі салықтар салады. Өкімет шығындары көп болған сайын соғұрлым халыққа да салықтар көп түседі.

Салықты аз салатын өкімет халқына жақсы қарап һәм аз салық алу халықтың шаруашылығына жақсы тиеді.

Сондықтан екіге бөлінеді һәм түрлі жолмен өкімет пайдасына халықтан жиналады. Кейбір салықтар ашық салық деп аталып, басқалары жасырын салық делінеді.

Ашық салық жер, су, аяқты мал, фабрика-завод (салынып) һәм солар сияқты мүліктердің иелеріне ашық салынып жиналды.

Жасырын салық халыққа білдірмей, көрсетілмей, байқатпай салынып жиналатын сияқты. Енді екі түрлі салықтың қалай жиналуын түсінуіміз үшін мынадай мысалдар алайық.

Үкімет жүз уақ малы һәм 15-20 ірі қарасы бар орта шаруаға иесі өкіметке бір жыл ішінде 8-10



сомнан басқа алатын ақша есебіне басқа шығын төлемеймін деп жүрсе де, әр түрлі жолменен өзі байқамай бірнеше шығындарды төлейді”.

Әрине, бұл жерде редакцияның жасырын салық туралы айтып, халықтың арасында кері пікір туындатқанын жасырмай көрсетуіміз керек. Бірақ базпасөз бетінде шындықты жазып, соңына дейін адал болғанға не жетсін.

“Шолпан” журналында мұнымен бірге өнер-білім мәселесі де үзбей жарияланып тұрды. Мысалы, белгілі шығыс зерттеушісі Ә.Диваев өзінің “Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама” деген мақаласында: “Мектеп кітаптарын даярлауға комиссия өте назар салды. Бірнеше жиылыс жасады. Қазақ азаматтарын оқу кітаптарын жазуға шақырды. **1922 жылдың аяғында азаматтар мынадай оқу кітаптарын жазып бермекші болып уәде берді:**

1. С.Қожанов. Арифметиканың бір бөлімін.
2. Қ.Жоламанов. Арифметиканың екінші бөлімін.
3. А.Дөнебаев. Педагогиканы.
4. Ф.Ғалимжанов. Абсолютті арифметиканы.
5. Ғ.Досмұхаметов. Жануар жайынан.
6. С.Оспанов. Қазақ-қырғыз тіліндегі сөздерді

түзуді.

Бұл кітаптардан жануарлардан басқа комиссияға кітап тапсырылған жоқ”, — деп дабыл қағып, аландаушылық білдірді.

Егер журнал бетінде жазылған әдебиет мәселесі туралы сөз қозғасақ, онда “Қазақ әдебиетінің осы күнгі қазіргі дәуірі” деген тарихи әдеби сынның қысқаша мазмұнымен де таныс болғанмыз жөн сияқты:

“Қазақ әдебиетінің осы күнгі халі мен бағытына оқырмандар түрлі пікір айтады. Орыс зерттеушілері әсіресе қазақ әдебиетінің жалпы түркі әдебиетінің ішінен алар орны зор деп бағалауда әрі осы жазулардың айтуына қарағанда жазба әдебиетіміз әлі іргесі қатаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалыптаспаған, майысқан сынған әдебиет деп саналғандай жасырын мазақ, ащы мысқыл сезіледі”, — деп ой қозғайды автор.

Ал, халыққа білім беру, өнер жайы туралы жазылған материалдар “Оқу бөлімінен” шығып тұрды. Соның бірі — Ташкенттегі қазақ-қырғыз институты туралы жарияланған көлемді мақала. Журналда осы мақалаға қосымша институттың корпусы, оқытушылары, студенттердің оқу залындағы суреті беріліп, бұл оқу орнының қазақ өмірінен алатын орны былай деп түсіндіріледі:

“Қай халықтың болсын мәдениетін тудыруға, күшеюге себеп болған мәдениет көсемдерінің еткен еңбегінің бағасын шамаласақ, алдыменен бәйге алатын еңбек. Ал халық арасына мәдениет ұрығын шашатын кілең оқушылар ғана. Сондықтан қай мемлекет болсын мәдениетке алғаш аяқ басқанда бар күшін сарп қылып даярлайтыны оқушылар ғана болды”.

Енді “Шолпан” журналында әдебиет, мәдениет, өнер мәселелеріне арналған қандай дүниелер болды, олардың авторлары кімдер еді десек, онда М.Жұмабаевтың “Қорқыт”, “Батыр Баян” поэмаларын, М.Әуезовтің “Оқыған азамат” әңгімесі мен “Заман еркесі” романын, Б.Серкебаевтың “Қонай құлаған тас” және Ш.Құдайбердиевтің “Ләйлі — Мәжнүн” поэмаларын атауымызға болады. Ал редакция жұмысына үнемі араласып, туған халқына жанашырлық танытып, материалдар жариялатып отырған Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Аспандияров, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, А.Оразаев сынды азаматтар болды.

Қазақ шаруаларының арасында түсінік, ұйымдастыру жүргізуде журналдың “Шаруашылық бөлімі” белсенді қызмет атқарғаны байқалады. Мысалы, Темірбек деген автордың “Көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру дегендер туралы” мақаласын оқып көрейік:

“Соңғы жылдары қазақты тегіс жерге отырғызу керек деген мәселелер туып жүр. Өнімді түрі табиғаттың күшін өзіне қаратып, бағындырып алса болғаны. Сондықтан табиғаттың күшін мол пайдалану үшін мәдени кәсіптермен айналысу соқпайтын, жем жемейтұғын орнықты кәсіппен айналысу керек.

Көшпелінің қонысы оң болып, малының аман шығуы жүрген жерінің отына, қарына, суығына байланысты болады. Қалың қар, жұт, мұз болса, боран соқса, қазақтың күні қараң, малынан айырылғаны, байлығынан айырылғаны, барлығы көрген түстей болып көзінен бір-ақ ұшады. Көшпелілер малым бар деп жыл шыққан соң көктемде ғана айта алады. Сондықтан бірте-бірте отырықшылыққа ауысқан қазақ халқына жөн болады”. “Шолпанның” келесі санында отырықшылықтың пайдасы туралы “Қыстақтардың су мәселелері” деген тағы бір шағын мақала жарияланды. Онда, өмірінде пара алып көрмеген бір мұғалім мұраптыққа сайланды. Байлардың берген парасын алмай, парақорлықпен күресу жолына түседі. Байлар мен кедейлер су пайдалану жұмысында тексеріле бастады. Сондықтан байлардың артық жерлеріне су жетпей, құрғауға айналды. Су аздықтан екпейтін жерлерін кедейлер гүлдендіре бастады деген мәселе айтылып, әділдік, ауызбірлік болса, мұратқа жетуге болады деген ой түйіндейді.

“Шолпанның” басқа журналдардан өзгешелігі — онда “Саясат бөлімі” болды. Бұл бөлімнің жұмысы кезінде жақсы жолға қойылғандығы байқалады. Мысалы, онда “Саясат дүниесінде”, “Жалпы Россия кеңестерінің бірінші съезі”, “Еуропаның саяси халі” сияқты мақалалар жарияланып, оқырмандарын таныстырып отырған. Осы мақалалардың бірі “Орта Азия бірлігі” деп аталады. Онда:

“Март айының басында Ташкентте Орта Азиядағы, Бұхара, Хорезм һәм Түркістан республикаларының конференциясы болып өтті. Бұл жөнінен конференцияның жұмысы жақсы болып шықты. Ескі заманда да, революциядан бері қарай да жоғарыда айтқан аймақтардың шаруасы бір жерден басқарылып келген емес. Әбден ауданға бөлу мәселесі Мәскеуден қаралып жатады. Мәскеудің ұйғаруына қарағанда Түркістан, Хорезм һәм Бұхара республикалары бір шаруа ауданы болып саналатын көрінеді”, — деп түсіндірілді.

<sup>1</sup> “Кедей айнасы” журналы туралы толық мәліметті профессор Т.Қожакеевтің “Жыл құстары” атты монографиясынан қараңыз.

Міне, “Шолпан” журналында тоғыз айдың ішінде жарияланған материалдардың мән-мазмұны, сын-сипаты негізінен осындай болып келеді. Әрине, редакция тарапынан адасушылық, бұрмалаушылық мүлде болған жоқ дей алмаймыз. Бірақ бүгінгідей егемендік, демократиялық пен жариялылық кезінде өткенімізді саралап, жақсы мен жаманның арасын айырып алғанымыз жөн сияқты. Кезінде басылымда “ұлтшыл” материалдар жарияланған екен деп өз халқымыздың тарихынан бас тартқанымыз азаматтыққа, адамгершілікке жата қоймасы аян.

### б-в) “Сана”, “Кедей айнасы” журналдары

Осы орайда Ташентте “Шолпанмен” қатар “Сана”, “Кедей айнасы” журналдарының да шығып тұрғанын білеміз. Енді осы басылымдарға қысқаша тоқталып өтелік. Қысқаша деу себебіміз “Сананың 3”, ал “Кедей айнасының” 5-ақ саны шыққан. Әсіресе, “Сана” журналы (1923, қаңтар) бетінде білім, ғылым тарихи материалдар жарияланғанымен, оған І.Жансүгіров, М.Әуезов жанашырлық білдіргенімен, 1,5 жылдан астам уақыттан кейін “Саясат” бөлімі болғандықтан, сол күннің, сол таңның көкейкесті әлеуметтік, саяси мәселелерін көтеріп, жаңаны насихаттамағаны және ескіні, өткенді сөз еткені үшін деген айып тағылып, 1924 жылдың қараша айында жабылды.

Әйтсе де, “Сана” журналын ауызға алар болсақ, ең алдымен ойымызға Х.Досмұхамедов ағамыздың есімі оралады. Себебі, Халел 1920 жылы Ташкент қаласында Халық ағарту институтында оқытушылық қызмет атқарумен қатар, ғылыми-педагогикалық жұмыстармен де айналысқан. Осы ретте ол қазақ-қырғыз білім комиссиясының төрағасы ретінде қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына оқытылатын пәндердің бағдарламасын жасауға, түрлі саладағы оқулық кітаптарды жазуға, ғылыми терминологияны қалыптастыру ісіне белсене кіріседі.

<sup>1</sup> “Сана” журналы, 1923 жыл, 1 қаңтар

<sup>2</sup> “Сана” журналы, 1923 жыл, қаңтар

Осы қызметте жүріп Х.Досмұхамедов жаңа бағыттағы ғылыми-көпшілік “Сана” деген журнал шығарып, басылымның мақсат-мүддесін: “заманымыз мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткізеді. Білім оңайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек, асқан сабырлылық керек. “Сананы” шығарғандағы мақсатымыз аз да болса, кемшіліктерімізді жойып, елге, мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс, дегенмен кіріспеске амал жоқ”, — деп айқындап берді.

Х.Досмұхамедов “Қазақ-қырғыз тарихына көзқарас” деген екінші бір мақаласында: “Тіл— жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Мәдениетте ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. **Тілінен айырылған жұрт-жойылған жұрт.** Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру”, — деп қазақ тіліне төнген қауіпті алдынала сезгендей болды.

“Сана” журналын шығарушылар әу бастан-ақ өз оқырмандарына тарихи мәселелерді көбірек түсіндіруге күш салғандықтары байқалады. Сондықтан да онда “Түрік-монғол тарихы”, “Ескі заманнан Шыңғыс ханға шейін” деп аталатын түрлі тарихи материалдар жарияланып, адамдардың өз халқының өткені мен болашақ тарихын білуге деген құштарлығына жол ашқандығы сезіледі.

Сонымен қатар, “Ұйқы деген немене”, “Миллион деген немене” сияқты танымдық мақалалар да басылған. Әсіресе, соңғы мақала оқырмандарға миллион деген сандық мөлшерді таныстыру, хабардар ету үшін ғана емес, сол кездегі экономикалық жағдайы, әсіресе инфляцияға ұшыраған ақшаны санау үшін жазылған материал. Себебі, “Айта алсақ қадағы көп. Миллион сомға нан алсаң-қадағы бір миллион сом, бір тостаған сүт, үш миллион сом. Айында алатын айлығымыз жүз миллионмен саналады. Сауда-саттыққа көшсек, ақша есебіне аралассақ, миллионнан басқа сөз айтылмайды. Миллион деген бұл күнде екі сөздің бірі болды.

Төрт-бес жыл бұрын миллион деген санды анданда айтатын едік. Он жыл бұрын бүкіл Ресейде миллион ақшасы бар адамның саны жиырма-

отыздан аспайтын еді. Бұл күні миллион ақша әркімнің қолында жүр. Миллион дегеннің не екенін анық ескертуші кісі азайды”, — деген мысалдан-ақ біраз нәрсені аңғаруға болады.

Ал, Н.Жаленовтың “Химия заңдары” атты мақаласында адам баласы табиғаттың төл перзенті болғандықтан, оның қыр-сырын жақсы білу керектігін, әсіресе судың қадір-қасиетін тәптіштей жазып, оқырмандарға жан-жақты түсінік беруге тырысқан. Сондай-ақ, археология мен тарихқа, қатысты “Бұрынғы заттарды қалай һәм қайдан іздеген жөн”, қазақ халқының демографиялық өсіп, өну процесіне арналған “Қазақстан, Түркістан жері һәм халқының саны”, әдебиет мәселесіне байланысты “Бесік жыры” атты зерттеу еңбектер берілген.

“Сана” журналының кейінгі сандарында “Тобықты, Арғын, Қоңырат, Сапақ бидің қағысқаны, Бала бидің бір сөзі” деген және “Қарауыл, Арғын, Қанай ауылы. Бекболат бидің бір ауылдың төресімен қағысқаны” деген, ел аузынан жиналған әңгімелер, “Қай жүз көп” деген демографиялық талдау, Тұрсынбай батырдың өмірі туралы шағын мақаламен қатар М.Жұмабаевтың “Сәрсенбайдың жыры”, “Жұлдызды — жүзік, айды — алқа қып берейін” деген өлеңдері жарияланған.

Бұл басылымның екінші, үшінші сандары кешігіп, қараша айында ғана шыққан. Онда негізінен бала тәрбиесіне арналған материалдар жарияланған. Олардың бастылары: “Қазақ мектептері үшін қосымша жоба” және “Әдет, заңы” деп аталады. Осымен қатар мұнда Ақылбайдың “Зұлыс” поэмасы, Абайдың бұрын баспа жүзін көрмеген “Сапсап, көңілім” өлеңі жарияланыпты. М.Әуезовтің “Қорғансыздар” әңгімесін, Мұрат Мөңкеұлының сөздерін, “Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ” сияқты ел аузынан жиналған әңгімелерді де осы саннан оқуға болады.

#### 4. “Жас алаш” газеті

XX ғасырдың басында бодандықтың бұғауынан босап, бостандыққа бой ұрған зиялы азаматтарымыз, Ж.Аймауытовша айтқанда “Жасыратын қылық жоқ — бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген

теңдік емес, бұл өзі бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық”, — деп жар салып, жер-жерден жалпыұлттық, демократиялық бағыттағы газет-журналдар шығара бастады. Солардың көпшілігі көп ұзамай большевиктердің тарапынан “байшыл”, “ұлтшыл”, “алашордашыл” деген нақақ жаламен жабылып қалды. Олар: “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Ұран”, “Абай” және Түркістан Республикасының астанасында шығып тұрған “Ақ жол”, “Шолпан”, “Сана”, “Кедей айнасы” басылымдары болатын. Осылардың ішінде жастарға арналған тұңғыш “Жас азамат” газеті де болатын.

Бұл басылым туралы зерттеуші Дихан Қамзабекұлы өзінің “Ана тілі” газетінің 1993 жылғы 14-нөмірінде жарияланған “Алашқа тыныс болған “Жас азамат” деген мақаласында: “Қазақтың ұлттық баспасөз тарихында елеулі орны бар “Қазақ” газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерілетуге септігі тиген газет-журналдардың ішінде “Жас азамат” атты басылымды ерекше атаған жөн. “Жас азамат” — ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық саяси газеті”, — деп жазған болатын.

Иә, кезінде Қазақстанның Солтүстік аумақтарындағы жастардың ірі ұйымдарының бірі болып саналған “Жас азамат” ұйымының органы ретінде Қызылжар қаласында 1978 жылдың 30 шілдесінен 1919 жылдың 3 ақпанына дейін 22 нөмірі жарық көрген “Жас азамат” газетінің шығарушысы Қошке Кемеңгеров болған.

Бұл саяси-қоғамдық экономикалық басылымның 1918 жылдың 30 шілдесінде шыққан алғашқы нөмірінде “Жас тілек” атты бас мақала жарияланып, онда “Жас азаматтың” мақсат-мүддесі: “Өмір тәжірбиесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай “Жас азамат” тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси һауананың күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болу-болмауы, ұлтың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып,

зорлықтың қан соруы “Жас азаматтың” үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу-жастардың бас міндеті, үлкен борышы. “Жас азаматтың” алтын идеалы, негізгі жолы ұлт бостандығы, ұлт теңдігі”, — деп көрсетілді.

Өздерінің осындай ұйым құрып, газет шығыру сырын оқырмандарына жолдаған II-нөміріндегі “Ашық хатында” осы ұйымның кіндік комитеті: “Ел көп топырдың ортасында аяқасты бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған көкті қаптаған қара бұлт большевик дауылы еді. Бұл дауылдан қырғыз-қазақ елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде деген мақсұт еді”, — деп түсіндіреді.

Шындығында да бұл дауылдан “Жас азамат” ұйымы да, оның үні “Жас азамат” газеті де құрбансыз құтылған жоқ. Бұл туралы кезінде Сәкен Сейфуллин: “Жалғыз-ақ, аз болсын, көп болсын қолынан келгенше қайрат (қазірше белсенділік) көрсетіп жатқан алашорданың жастары екендігі газеттерден көрінеді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтшыл жастарына нұсқа беріп, Қызылжарда “Жас азамат” газетін шығарып жатыр”, — деп өзінің әйгілі “Тар жол, тайғақ кешуінде” жазса, Ж.Аймауытов “Сарыарқа” газетінің 1919 жылғы 70-нөмірінде жарияланған “Газет-журнал оқушыларға” деген мақаласында орыс тіліндегі бір басылымның жазған оқушылары болмағандықтан, қазақтың бір газеті мен бір журналы жабылып қалыпты деген жалған хабарына қарсы: “Бұл хабар бекер: “Жас азамат” күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары 5000 сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтерушілер табылатын көрінеді”, — деп тойтарыс бергенін бұған дейін де айтқан едік. Осы қазақ жастар баспасөзінің төлбасының қазіргі жағдайы туралы зерттеуші Дихан Қамзабекұлы жаңағы аталған мақаласында: “Кеңес дәуірінде жазылған тарихтан хабардар адам осы басылым тұсында, әрине, аталған газет пен шынайы



тарих кінәлі емес, жұртты сергелдеңге түсірген қоғам кінәлі. Ақиқатқа дес берсек, “Жас азамат” газетін ескермегендей сыңай таныту немесе ол жөнінде қазақтануға шөліркеген қалың жұртқа ештеңе айтпау — ұлттың өткеніне де, бүгінгісіне де, келешегіне де немқұрайлы қараумен бір есеп”, — дейді.

Онысы рас. Өйткені, тоталитарлық билік кезінде көптеген шындықтың беті бүркемеленіп, айтылмай келді. Мәселен, бұл тұрғыда жан-жақты зерттеудің нәтижесінде Сағымбай Қозыбаев “Ленинская смена” — қазіргі “Экспресс-К”-ның шығуын 5 айға артқа жылжытты. Сондай-ақ, қазақ жастар баспасөзінің тарихы да қазіргі айтып жүргендей 1921 жылдың наурыз айынан емес, 1918 жылдың шілдесінен басталады. Оған жоғарыда жазылған жайлар дәлел. Ал, “Жас алаш” газеті болса, Кеңес өкіметі орнап, нығая бастаған тұста Түркістан Республикасында қазақ жастарына арналып, жаңа бағытта шыға бастаған алғашқы басылым. Яғни, “Жас азамат” газетінің ізбасары.

Ал мәңгілік жастық рухын жоғалтпай отырған “Жас Алаш” газетінің алғашқы нөмірі 1921 жылдың 22 наурызында Ташкент қаласында шыққан. Тұңғыш редакторы — Ғани Мұратбаев. Бірақ көп ұзамай қағаз тапшылығынан және қаржы жоқтығынан бұл басылым жабылып қалады да, енді оның орнына 1922 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Орта Азия бюросының һәм Түркістан Ортақшыл Жастар ұйымы комитетінің он күндік газеті “Жас қайрат” шығарыла бастады. Редакторы болып Е.Алдоңғаров бекітілді.

“Жас қайрат” газеті 30 шақты нөмірінен кейін 1924 жылдың қаңтар айынан бастап журналға айналады. Бұл Түркістан мен Қазақстандағы жастар басылымы — “Өртең” газеті 1922 жылы Орынборда жарық көрді. Оның шығарушылары С.Садуақасов, А.Байтұрсынов, Ә.Байдаралин, Е.Алдоңғаровтар еді. Өкінішке орай, “Өртеңнің” де екі ай ішінде 6-ақ нөмірі шығып, саяси ұстамсыздығы үшін деген желеумен жабылып қалған. Енді Қазақстанның Аймақтық жастар комитеті “Өртең” газетінің орнына 1923 жылдың қазан айынан бастап “Жас қазақ” журналын шығара бастайды.

1924 жылдың 8 ақпанынан бастап “Еңбекші қазақ” газеті өзінің бір бетін “Лениншіл жас” атты жастар бетіне айналдырды. Ол 1925 жылы дербес “Жас қайрат” газеті болып шықты. Ал, 1927 жылдың 22 қыркүйегінен бастап **1991 жылдың 27 тамызына дейін үзбей “Лениншіл жас” деген атпен шығып тұрды. Одан соң еліміздің Тәуелсіздік алуына байланысты өзінің бұрынғы азан шақырып қойған ескі аты “Жас алашқа” ие болды.**

Алғашқы онжылдықтар ішінде жастар басылымдарының беттерінде Ф.Мұратбаевтың “Жетісу мәселесі” һәм қазақ-қырғыз мәселесі”, Н.Надымжановтың “Шаруаны үйрену керек”, Ж.Сақтаевтың “Жастар жылап жүр”, С.Садуақасовтың “Қазаққа не керек” атты материалдары жарияланса, ал отызыншы жылдары Л.Лекеровтың “Мыңбұлақ совхозының комсомолдары мал бағуды қамқорлығына алды”, Ә.Тәжібаевтың “Көшпенділік пен ауқаттылыққа Х.Бөлекбаевтың “Отан үшін қалай күрестік”, Рахымовтың “Халық жауларының искусстводағы зиянкестік зардабын түгел жояйық”, Р.Жанұзақовтың “Жазушылар одағындағы буржуазиялық ұлтшылдардың сыбайластары туралы”, Кенжеғараевтың “Халық жауларының бірін қалдырмай жоямыз”, Е.Смайыловтың “Жүргенов пен оның құйыршықтары” деген түрлі бағыттағы мақалалары жарық көрді. Бұл жерде бір тоқтала кететін өкінішті жағдай стахановшылар, жас малшылар, комсомолдық қамқорлық тақырыбымен қоса, жоғарыда айтқанымыздай білікті, зиялы азаматтарды халық жауы ретінде айыптауға арналған материалдар да жарияланып жатты.

1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты басқа да салалық басылымдар сияқты жастар баспасөзі де шығуын уақытша тоқтатты. Соғыстан кейінгі елуінші жылдары тың көтеру дәуірі басталды. Ол жылдары М.Мәдиевтің “Жайқалған егінге барайық, достар, тың жерге”, С.Бердіқұловтың “Жомарт жүректілер”, Ә.Бөлдекбаевтың, Ш.Мұртазаевтың “Алтын жүрек соғып тұр”, Т.Иманбековтың “Өмірде өз орны бар”, Х.Тілемісовтің “Тың тынысы” атты көптеген дүниелері жарияланды.

Бұдан соң ғарыш әлеміне ұмтылған алпысыншы жылдар келді. Аспанға тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин ұшты. Осы сәт “Лениншіл жастың” бетінен ақын Ә.Дүйсенбиев “Советтік ақыл бүгін биіктеді” деп жар салса, журналист Ә.Ибрагимов “Дүние тебіреніп тұрды” деп толғанды. Сол жылдары Қ.Найманбаевтың “Жүректің жылуы”, Т.Айбергеновтің “Мұнаралары”, Ф.Оңғарсынованың “Отты жырлары”, А.Жанаевтың “Өмір, мен саған ғашықпын”, М.Шахановтың “Танакөзі”, тағы басқа да қаламгерлердің очерктері мен поэмалары іркес-тіркес оқырман жүрегіне жол тауып жатты.

Ал, жетпісінші жылдар ішінде “Лениншіл жас” газетінің бетінде жарияланған М.Мақатаевтың “Моцарт жаназасы”, О.Әбілдаевтың “Сом алтынның сынығы”, Е.Сағынтаеваның “Көмір мен жалын”, Ж.Солтиеваның “Замандас, саған айтам!” сияқты туындылары оқырмандарын ойлантип, сарапшыларын толғантты.

Сондай-ақ, “Лениншіл жастың” беттерінде сексенінші жылдардың басында жарияланған алуан түрлі тақырыптардағы мақалалар, очерктер мен өлең-әңгімелер оқырмандар есінен әлі де болса шыға қойған жақ. Мәселен, қазақ журналистикасына 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасынан соң үлкен міндет жүктелді. Себебі, СОКП Орталық Комитетінің қазақ халқы туралы белгілі қаулысы шыққаннан кейін “Қазақ ұлтшылдығы” дегенді желеу етіп, орталық басылымдарда, республиканың орыс тілінде шығатын газет-журналдарында жастарға жала жауып, күйе жаққан қиянатшыл материалдар көбейіп кетті. Әрбір басылымға нақты тапсырмалар беріліп, тіпті, арнайы дайындалған материалдар да ұсынылды. Осындай қиын-қыстау кезеңде де “Лениншіл жас” өз қызметкерлеріне, оқырмандарына сенді. Мысалы, ол жоғарғы орыннан алдын-ала дайындалып, қол қойылмай келген “Тот” атты материалды жариялаудан бас тартты. Себебі, онда қазақтың белгілі сатиригі, қазақ тілінің қамқоршысы марқұм Шона Смаханұлы мен жазушы Ақселеу Сейдімбеков ұлтшыл деп көрсетілген.

Ал, тоқсаныншы жылдары газет тәуелсіздік пен жариялылық лебін пайдаланып, ақтаңдақ

жылдар зілзаласын өз оқырмандарына жеткізе білді. Мәселен, профессор Т.Кәкішевтің “Сәкен мен Серебрякова”, Қ.Ботбаев пен Т.Данияровтың “Ату жазасына кесілген”, Н.Жүнісбаевтың “Ережесіз белдесу”, Б.Момышұлының “Жетімнің қайта оралуы”, Б.Исабаевтың “Видеосалон тұтқындары”, С.Тойкенованың “Жарғанат жігіттер”, К.Әзімхановтың “Кім жазықты” циклды материалдары оқырман жүрегіне жылы жол тапты.

Енді “Жас Алаштың” бүгінгі жағдайына келсек, төмендегі жайларға қанығамыз. Кез келген газеттің оқылатынын немесе оқылмайтынын оның тиражына қарап-ақ байқауға болады. Мысалы қазақ жастар баспасөзінің күнделікті нақты тиражы 53800 дана. Сондықтан жасалашшылдар өздерінің газеттерін республикадағы ең таралымы көп басылым деп есептейді. Әттең, кей тұста газет таза эмоцияға беріліп, біреуді әсіре көтермелеуге немесе екінші біреулерді асыра ғайбаттауға бой алдырып қоятыны өкініш туғызады. Шындық газеттің көзқарасына, оның ұстанған принциптеріне сай келмегені үшін шындық қалпын бұза алмайды. Қара қылды қақ жарған әділдік, ақиқат қана газетті өз оқырманы алдындағы беделіне сызат түсіруден сақтайды. Баршаға тіксіне, күдікпен қарайтын, тек менің айтқаным ғана түзу деп белден басуға бейім тұратын басылымның өрісі — тар, өресі — аласа екенін сезінген күні талғамшыл оқырманның теріс айналып кетері хақ.

Ендеше қай басылымның да ел өмірінен жылт еткен жақсылық нышанын көрмей оңды-солды ніл кара бояуды жаға беруі өзін ерте ме, кеш пе ұятқа қалдыратынын ойлап қойғаны, абзал. Басылымның он қосымша (“Рух”, “Алдаспан”, “Жібек жолы”, “Ырғақ”, “Руханият”, “Мыңнан бір мезет”, “Қоңырау”, “Студент”, “Ақ отау”, “Көк сандық”) шығаратындықтарын да атап кетуіміз керек. Осыдан да болар, “Жас алаш” бүкіл еліміз бойынша өзінің ізденгіштігі мен өткірлігі және шыншылдығы үшін “Алтын жұлдыз” конкурсында лауреат атағын жеңіп алғандығы белгілі.

“Жас Алаш” қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың ішінен алғашқы болып Интернет

жүйесіне енді. Және сол арқылы бұрынғыдан да белгілі бола бастады. Редакция асығып-үсікпей, қандай да бір артық жарнамасыз өздеріне ғана тән жастық ырғақпен тосын жаңалықтарға толы газеттерін бірінен соң бірін шығарып жатыр.

Иә, дәл солай. “Жас алаштың” қазаны тынымсыз бүрк-сарқ қайнап жатыр.

Енді “Жас Алаштың” алғашқы редакторы Ғани Мұратбаев туралы бірер сөз. Ғани Мұратбаев 1902 жылдың 3 маусымында Қызылорда облысының Қазалы ауданында, қазіргі өз атымен аталатын ауылда туған. Жоқшылықпен күн кешкен әкесі ерте қаза тауып, Ғани төрт жасында жетім қалады. Шешесі Бәтима көп ұзамай қалаға келіп, Ғанибай деген көпестің үй қызметін атқарып, ұлы мен қызын асырайды. Кісі есігінің бар бейнеті мен азабын тартқан Бәтима балаларынан ғана жұбаныш табады, тек солар қор болмай, адам қатарына қосылса деп тілейді. Сол ниетпен ол бес жылдай байға да, бәйбішеге де есепсіз еңбегін өткізіп, 1911 жылы тоғыздағы баласын қалалық 4 кластық орыс мектебіне түсіреді. Бұл бала Ғанидың жаңа өмірінің басы еді.

Ғани Мұратбаевтың өмірінің екінші кезеңі Ташкент қаласымен байланысты. Үгіт-насихат жұмысында көзге түскен жігіт 1918 жылдың соңында оқуға аттанды. Сол жолы сапарлас болған комсомолдың бұрынғы қызметкері Ғ.Насурлин: “1918 жылдың аяқ кезінде мен Ғани Мұратбаевпен бірге Ташкент қаласына келдім. Сонда оқуға түстім. Кейін комсомол қатарына өттім”, — дейді.

1921 жылдың шілде айында Ғани Қазақстан комсомолының тұңғыш съезіне қатысады. Съезд материалдарынан, С.Есованың “Жас қайратта” жазған есебінен, съезд делегаты Әмір Ипмағамбетовтың айтуынша Ғани, С.Долин, М.Төлепбаев, Е.Алдоңғаров сынды азаматтармен күш қосып, көп істер тындырады. Осы Орынбор съезінен кейін көп ұзамай тамыз айында Түркістан комсомолының саяси-көпшілік жұмысын күшейту жайын түбегейлі әңгімелеп, алға жаңа міндеттер қойып, өрлеу үстінде өткен Түркістан комсомолының бұл съезі Ғани Мұратбаевты Орталық комитетке хатшы етіп

сайлады. Осы жылы ол жастарды тәрбиелеу, олардың арасында саяси жұмыстар жүргізу үшін Ташкентте тұңғыш жастар газетін, яғни “Жас Алашты” ұйымдастыруға кіріседі. Сол жөнінде тиісті партия орындарының алдына мәселе қойып, ақыры газет шығаруға рұқсат алып, дегеніне жетеді. Өкінішке орай, Ғани бар-жоғы 23 жасында, алдына қойған бар мақсат-міндеттерін орындай алмай, кейінгі ұрпаққа табыстап кетті.

Міне, Ғанидың сол арман, мақсатын орындау жолында сексен жыл бойы Сара Есова, Әбдірахман Байділдаұлы, Ерғали Алдоңғаров, Садуақас Баймаханұлы, Сапар Арықов, Ибат Игенов, Мұстафа Қайыпназаров, Бейсенбай Кенжебаев, Садық Нұрпейісов, Хакім Дүйсенов, Мұхтар Саматов, Жұмабай Орманбаев, Әшір Бүркітбаев, Омар Молдағалиев, Рахмалы Байжасаров, Несіпбай Манашев, Байдабек Әлиманов, Зарап Темірбеков, Зейнолла Тұрарбеков, Әбікей Жанұзақов, Шәкәрім Өржанов, Қажым Көшекөв, Жүсіп Алтайбаев, Баймахан Ордабаев, Абай Бейсенбаев, Әбсаттар Бөлдекбаев, Шерхан Мұртазаев, Сейдахмет Бердікүлов, Уәлихан Қалижанов, Төрехан Данияров, Нұртөре Жүсіп, Жүсіпбек Қорғасбек сияқты азаматтар маңдай терлерін төкті.

## **6. Қыз-келіншектер мен әйелдерге арналған алғашқы басылымдар**

### **а) “Жетісу әйелі” журналы**

“Жетісу әйелі” журналы-бүкіл Қазақстан бойынша әйелдерге арналып шығарылған алғашқы басылым, оның алғашқы саны 1923 жылдың 15-і қаңтарында жарық көрді. Редакторы — Сара Есова. Осы көлемі 32 бет басылымда І.Жансүгіровтің “Кім екен” деген өлеңі мен “Ақын Сара кім еді” атты мақаласы және “Күндік өлімі” әңгімесі жарияланған.

---

<sup>1</sup> “Азат әйел” және “Тендік” газеттері туралы толық мәліметті профессор Т.Қожақсөвтің “Жыл құстары” монографиясынан қараңыз.

### ә) “Азат әйел” газеті

Республикалық әйелдер баспасөзі тұңғыштарының бірі — “Азат әйел”. Ол — Қазақстан Орталық партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің бір күндік газеті. 1925 жылы 8 наурыз күні жарық көрген, оны алғаш оқыған да сол кездегі “Тілші” газетінің редакторы Сара Есова: “Наурыздың 8-інде болған әйелдер мейрамына арналып шыққан “Азат әйел” атты бір күндік газет келді. Коммунистік әйелдер қимылының тарихи мейрамы 8 наурыздың Ұлы күнінде қазақша әйелдер газетінің шығуы екі қуанышты бір қарсы алдырып отыр... “Азат әйел” — мезгілімен туған күндік газет. Тұрақты бір газет шығаратын уақыт жетті. Ташкентте өзбек тілінде шығатын “Янги иол” (“Жаңа жол”) деген әйелдер газетін алдырып оқып тұрдық. Қазақша газет шықса, әйелдердің алдырып оқитынына мен кепіл” (“Тілші” газеті, 25.3. 28).

Газет 3 мың тиражбен, пішіні үлкен болып, жақсы қағазға анық басылып таратылды. Онда Оразбайқызы Алманың, Арыққызы Нағиманың, Иманбайқызы Шолпанның мақала, өлеңдері басылды.

### б) “Теңдік” газеті

1920 жылы Қазақстан Автономиялы Республикасы Орталық Атқару Комитетінің қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тыйым салу жөнінде қабылдаған декреті жарияланды. Декретте қазақ әйелдерінің еңсесін басқан, адамдық қасиетін қорлаған, тағы басқа да зиянды әдет-ғұрыптарды жою көзделді. Міне, осы декреттің мәнін әйелдерге түсіндіріп, олардың өздерінің бас бостандығы үшін күресуіне көмектесу, әйелдерді қоғам өміріне белсене араластыру үшін ел ішінде көшпелі қызыл отаулар, делегаттар жиналыстары ұйымдастырылды. Бұлардың жұмысын насихаттайтын, әйелдерге арналған баспасөз органын шығару қажеттігі туындады. Осыған орай жетісіне бір шығатын

<sup>1</sup> “Әйел теңдігі ” журналы. 1925 жыл, №1.

аймақтық партия комитеті жанындағы әйелдер бөлімінің газеті “Теңдік” 1925 жылы 5 мамырда Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда шыға бастады. Газет редакторы Сара Есова болды. “Теңдіктің” алғашқы нөмірінде жарияланған С.Есованың “Баспасөз күнінде” атты мақаласында газеттің негізгі мақсатын танытатын мынадай сөздер бар:

“...Бүгін, еңбекшілердің туын көтеріп, алдағы істердің аяқайшысы болып әйелді теңдікке, азаттыққа сүйрейтін “Теңдік” туып отыр. Бұл — зары кең даланы күңіреткен еңбекші қара шаруа әйелдерінің саңылауын ашып, оларды әлеумет ісіне араластырып, жұртшылық жұмысына жұмылдыратын-көптің “Теңдігі”. “Теңдік”— езілген әйел, қорлықтағы күндер тіршілігінің айнасы. Сондықтан жер-жердегі қара шаруа, еңбекші әйелдер газетті алдырып, өз тіршіліктерін жазып тұруды міндет санауы керек.

### в) “Әйел теңдігі” журналы

Жеті нөмірінен соң “Теңдік” газеті 1926 жылдың шілде айында журналға айналып, “Әйел теңдігі” деп аталады. Журналдың бұлай аталу себебі кеңес үкіметі түрлі заң шығарып, әйелдерге ерлермен тең құқық берсе де, бас бостандығын ала алмай, мал бергеннің күні болып жүрген әйел екі ауылдың бірінен кездесетін. Демек, әйелдердің бостандық, теңдік алу мәселесі әлі толық шешіле қоймағанды.

Журналда: партия тіршілігі бөлімі, дені саудың жаны сау, біздің жұмысымыз, әдебиет бөлімі, кітап саны, жастар бөлімі, әйелдерге кеңес, өнер-білім үйрену, заң бөлімі, сұрау-жауаптар, тілшілер бөлімі болды.

Журнал шыға бастағанда редакцияда екі қызметкер ғана болды. Алғашқы екі жылда әрі хатшы, әрі корректорлық жұмысын Қазақ педагогикалық институтының студенті Шияп Қожахметов атқарды. Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Рақым Сүгіровтар журналдың ыстық-суығына бірдей қатысып, кей нөмірлеріне редакторлық жасап, қол қойып отырды. Мысалы “Теңдіктің” 1925 жылғы 3-нөмірі



Б.Майлиннің редакторлығымен шықты. Мұнан кейінгі 1932-1934 жылдар аралығында Нұржамал Сәнәлиева, 1934-1935 жылдары Нағима Арықовалар “Әйел теңдігі” журналында редактор болды.

С.Сейфуллин, І.Жансүгіровтер де журналға алғашқы санынан бастап қатысып отырды. Қазақ қыздарының арасынан тұңғыш шыққан қоғам қайраткері Алма Оразбаева, педагог-ғалым, жазушы-аудармашы, журналист Нәзипа Құлжанова, Мәриям Бектембаева, Зәйдә Ақышева, Зейнеп Токберлиновалар редколлегия мүшесі болды. Мәриям Хәкімжанова 1930 жылы осында жұмысқа орналасып, 1933 жылы журналдың жауапты хатшысы болды.

Журналда Мәриям Бегалиева, Ораз Жандосов, Алма Оразбаева, Смағұл Сәдуақасов, Алдаоңғар Ерғалиев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мәжит Дәулетбаев, Аманғали Сегізбаев, Рахметжан Малабаев, Жақын Сыздықов, Жиенғали Тілепберген, Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Садықбек Сапарбеков, Ғаббас Тоғжанов, Молдағали Жолдыбаев, Ғабит Мүсірепов, Асқар Токмағамбетов, дәрігерлер — Гүлсім Аспандиярова, Аққағаз Досжанова, Қапе келіні Сара, Ақымет Мамытов, Рахия Ермекова, Мағрипа Қазыбекова және тағы басқа да көптеген авторлардың шығармалары басылды.

1925-1927 жылдары сауатты қазақ әйелдері аз болғандықтан, журнал тарату мәселесі қиындықпен шешіліп жүрді. Сондықтан 1000, 1500 дана деген сан ол кезде үлкен тираж саналды. Осындай жағдайларға байланысты журнал алғашқы жылдары екі-үш мыңдай ғана данамен шықты. Алайда, өлкелік партия комитетінің әйелдері бөлімі журналды тарату мәселесіне қатты назар аударды. Губерниялық, уездік комитеттерге хат жазылып, өкілдер жіберілді. 1928 жылы, “Әйел теңдігі” алыс ауылдардағы қазақ әйелдерінің арасында тарату жөнінде арнайы мәдениет жорығын ұйымдастырды. Губерниялы қалалардың бәрінде де журнал тарататын өкілдер тағайындады.

<sup>1</sup> “Әйел теңдігі” журналы. 1925 жыл, №7.

<sup>2</sup> “Әйел теңдігі” журналы. 1926 жыл, №2.

Халықтың сүйікті акыны И.Байзақов “Әйел теңдігінің” 1926 жылғы 12-13-санына “Алдырындар, бұл журнал сендердікі” деген өлең жазып берді:

**“Алдырсын әйелдер де елде жатқан,  
Неше жыл надандықтың зарын тартқан.  
Жазылындар, бұл журнал сендердікі,  
Теңдіктерің сарғайып зорға тапқан”.**

Журнал тиражы жылма-жыл өсіп отырды. Бірінші саны 500 данамен шыққан “Әйел теңдігі” 1925-1926 жылдары — 3000, 1935 жылы — 10.000-ға жетті.

Ташкентте, Оралда, Семейде, Қызылжарда, Шымкентте және басқа қалаларда журналдың жаздырушылары, журнал тарататын агенттері болды.

Қазақ халқының өміріндегі қалың мал, көп әйел алу, әмеңгерлік сияқты ескі салт-сана қоғамның ілгері басуына, талай таланттардың танылуына, болашаққа деген зор сеніміне, асыл армандардың қанат қағып, шарықтауына көп залалын тигізді.

“Әйел теңдігі” журналы бостандыққа қолы жеткен, тағдырын, өз намысын қорғай білген саналы да өжет әйелдердің іс-әрекетін көпшілікке жеткізе отырып, жасы толмаған қыздарды зорлап күйеуге беруді, екі әйел алуды, ескі заманның әйелдердің адамгершілік арын аяққа басатын тағы басқа шіріген әдет-ғұрыптарды қоздырушыларды аямай сынаған, сүйгеніне бара алмай, көкірегі шерге толған, көзінен жас кетпеген, ішқұса болған талай-талай әйелдің басына бостандық алуына достық жәрдем берген “Әйел теңдігінің” қазір сарғайып, өше бастаған әрбір санында осы мәселе жайында жазылған мақаланы, өлеңді, фельетонды, мысал-сықақты көреміз.

Енді осы тақырыпқа байланысты жазылған бірер материалдарға тоқтала кетелік. Журналдың 1927 жылы бірінші санында “Сағиланы жастай ұзатты” деген мақала басылған. Мұнда Бәтима деген кемпірдің 14 жасар қызы Сағиланы жастай күйеуге бергенін, осы жөнінде 5-ауданның болаткомдерінің Сағиланы 20 жаста деп қағаз бергенін айтады. Заметка “...әйел теңдігіне ат үстінен қарағандығы себепті сотқа тартылатын Мерхайдарды құтқарып

жіберіп отыр”, — деп реніш танытумен аяқталады. Заметканың әрбір сөзінен әділдік іздеген кісінің ниеті аңғарылады.

1926 жылы журналдың 7-санында ескілікке, надандыққа, әмеңгерлікке қарсы назарлық білдіретін “Сот қарамай қойды” деген материал жарияланған. Бұл заметканың жазылуына себеп болған жай: “Төлеубай Кемебайұлы ағасы Момынбайұлы өлген соң Момынбайдың Айшабүбі деген әйелін әмеңгерлік жолымен барлық дүниесімен қоса екінші әйел үстіне алған. Төлеубай екі жылдан соң Айшабүбінің мүлкін тартып алып, өзін қуып жіберді. Осы мәселе жөнінде Семейдің аудан халық биіне арыз бергелі екі жыл болса да, сот қарамай қойды”, — деп сот, заң қызметкерлерінің жауапсыздығы сыналды.

Осы кезеңде талай қыздар ескіліктің құрбаны болып, қалың малға сатылған. Бірақ, ол қыздардың бәрі бірдей ата-ананың ырқымен кетпей, өзіндік жолын тапты. Көптеген қыздар өз басының азаттығы үшін күресті. Солардың бірі Ысмағұл қызы Жапақ 1926 жылы журналдың 2-санындағы “Әкеме” атты өлеңінде:

**“Айтқаныма құлағыңды сал, әке,  
Есіл-дертің жатсаң-тұрсаң мал, әке.  
Мен тумасам қайтер едің, өлер ме ең,  
Күн көрерлік аз ауқатың бар, әке...”**, —

деп дүниеқоңыз әкесінің теріс қылығына назарылық білдіреді.

Журналда жарияланған бұл шумақтың кәдімгі-дей-ақ төселген ақынның немесе шығарушылардың бірінің көмегіне жүгенгені байқалады.

Журнал шығып тұрған 1925-1935 жылдар аралығында сөзіміздің бастапқы жағында айтылып кеткен ХІХ ғасырдағы Сара Тастанбекова секілді ескі салттың, қалың малдың құрбаны болған қазақ қыздарының басына теңдік, бостандық әперу мәселесін батыл қолға алып, тозығы жеткен дәстүрлерді аяусыз әшекерелеп “Әйел теңдігі” деген атына сай үлкен қызмет көрсетті.

Қазақ әйелі Қазақстанның барлық еңбекшілері сияқты республикада колхоз құрылысына белсене

қатысты. 1926-1927 жылдары республикадағы барлық әйелдердің 7 пайызы ғана колхоз мүшесі болса, 1928-1929 жылдары колхозға кірген әйелдердің саны барлық колхоз мүшелерінің 40 пайызына жетті. Қазақстанның кейбір губернияларында бұл цифр 50 пайызға жуық болды. Мәселен, 1928 жылы Орал губерниясының 37 ауыл шаруашылық артелінде 1043 адам мүше болса, олардың ішінен жұмысқа жарайтындары 277 еркек және 271 әйел болды.

Осыған орай 1928 жылы “Әйел теңдігінің” 7-санындағы “Сүт артелі” деген материалда Ақтөбе губерниясының Темір уезінде әйелдерден сауыншылар артелі құрылғанын және шаруа әйелдердің май машинасымен жұмыс істеуді үйрене бастағанын баяндаған. Сондай-ақ “Әйел теңдігінің” 1932 жылғы бірінші санында Бекмырзақынның “Екпінді әйелдер тобы” атты хабары басылыпты. Онда әйелдердің түрлі саяси науқандарға белсене қатысып отырғанын, астық дайындау, мақта жинау жұмыстарында 22 әйелден бригада құрылғанын, 737 екпінді әйелдер тобының көшпелі аудандарды отырықшыландыру, баспасөз тарту жұмыстарына белсене кіріскенін хабарлайды.

Бұдан басқа журнал жұмысшы әйелдер жайлы материалдар жариялау арқылы әйелдерді Қазақстандағы жаңа алып құрылыстар — Түркістан-Сібір темір жолында, Балқаш мыс қорыту, Шымкент қорғасын зауыттарында, Ақтөбе химия комбинатында, Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыс істеуге шақырды.

Республиканың кәсібін өркендету қазақ еңбекшілерін өндіріске тарту, ұлттық жұмысшы табының, ғылыми-техникалық интеллигенция кадрларының қажеттілігін туғызады. Осыған орай көптеген қазақ жұмысшылары арнаулы білім алуды игерді. Бұл жаңа мамандықты игеруге қазақ қыздары да талпынды. 1935 жылы Мәскеудегі өнеркәсіп академиясын бітіріп, сол кезде жаңа ғана салынып жатқан Балқаш мыс қорыту зауытына келген тұңғыш инженер қазақ қызы Мәдина Бегалиева, жоғары оқу орындарында оқып жүрген басқа да қыздар жайлы журналда мақалалар жарияланды.

Журнал беттерінде Бейімбет Майлиннің, Илияс Жансүгіровтің, Бейсенбай Кенжебаевтың, Алма Оразбаеваның, Сара Есованың қазақтың тұңғыш ақын қызы Шолпан Иманбаеваның, белгілі қоғам қайраткері Нағима Арықованың, тағы басқа да көрнекті азаматтардың мақалалары басылған.

“Теңдіктің” 1925 жылы 5 мамырдағы бірінші санында Алма Оразбаеваның “Ташкентте оқитын қазақ әйелдеріне” хаты басылған. Автор Қазақстан әйел бөлімі жұмыстарының негізі: қазақ әйелдерін оқытып, ескі жұмысының зиянды шірік әдеттерінен, үй тұрмысындағы ауыртпалықтардан құтқару, қазақ әйелдерінің қолын теңдікке жеткізу, қалың мал, көп әйел алушылықпен күресу екендігін айта келіп, еңбекші халық әйелдерінің бас қосып, осы мақсат жолында бірлік танытуға шақырады.

Журналдың белсенді авторларының бірі — Нағима Арықова әйелдер арасындағы үгіт-насихат жұмысын жандандыруда, арнаулы бөлімдер құруда, сауатсыздыққа қарсы күресті күшейтуге кеңес ұйымдарына жан-жақты көмек көрсеткен. Нағима Арықованың “Әйелдер курсы жайынан” атты хабары 1925 жылғы 20 мамырда жарияланған. Хабарда әйелдің білім алуға құштарлығын, олардың қоғамдық іске араласқанын жазады.

“Әйел теңдігінің” бетінде 1931 жылғы бірінші санында жарық көрген “Біздегі жұмыстардың барысы” деген хабарда 1930-1931 жылдары 909 әйелдің сауат ашқанын, қазақ қыздарының жоғарғы жердегі мектептерге келуін, 8 қыздың жоғары оқу орындарына түскенін баяндайды.

1928 жылы Қазақ педагогикалық институтына жанынан рабфакті бітіріп, сауатын ашқан қазақ қыздары аз емес. Осы тұста республикада жоғары білімді 46 мұғалім әйел “Қазақстанның 15 жылдығы” значогімен наградталды. РСФСР-дің Саратовтағы, Қазандағы жоғары оқу орындарында алғашқы қазақ қыздары — Әмина Мәметова, Жұмазия Өтеуовалар оқыды.

Журнал бетіндегі Қызыл отау туралы материалдар барлық облыстан да жазылып тұрды. Бұл бір-бірінің тәжірбиесімен танысуына, жұмыс аясын кеңейтуге жол ашты. Қызыл отау жұмысын жандандыра

жүргізуге “Әйел теңдігі” журналының редколлегия мүшесі Алма Оразбаева белсене ат салысты. Ең алғаш Қызыл отау құру жайлы бастама көтерген де осы Алма Оразбаева болатын. Жер-жердегі Қызыл отау жұмыстары туралы Әбдірәшитқызы Нағима, Базарайым Хасенова, Қажыбайқызы Райхан, тағы басқа әйелдер үзбей хабарлап тұрды.

Қазақ әдебиетінің ірге тасын қалаушылар — Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов қатысқан журналдағы әдебиет бөлімі ең қызықты, тартымды бөлім болды. Осы аталған төрт алыптың бірсыпыра әңгімелері, поэмалары, өлеңдері алғаш рет “Әйел теңдігінде” жарияланды. Бейімбет Майлиннің “Шұғаның белгісі” (1927) повесі мен “Раушан-коммунист” (1928) повесі алғаш осы журналда басылды.

Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин журналдың шығарушылар алқасында мүше болумен бірге **жас жазушылардың өлеңдерін түзетіп жариялағанда да көп көмек көрсетті.**

“Әйел теңдігі” журналында Аманғали Сегізбаев та өлең, әңгіме жазып тұрған. Оның әйгілі “Ақ бата” дейтін әңгімесі журналдың екі санында жарияланған. Оқырмандар “Ақ батаны” сонша ұнатып, қызығып оқыды, редакцияға хат жазып, автордан әңгіменің аяғын жалғастыруды өтінді.

Белгілі жазушыларымыз Сәкен Сейфуллиннің “Қарлы аязда”, “Ауылдағы жазушы әйел”, Сәбит Мұқановтың “Пай-пай күлуін!”, “Мадама”, Бейімбет Майлиннің “Зәйкүл”, “Әже” әңгімесі, “Ел күйеуі”, “Неке қияр” деген әдеби шығармаларын жұртшылық қызыға оқитын. Ілияс Жансүгіровтің “Бөбек бөлеу”, “Қазақ қызы”, “Мақпал дастаны” атты еңбектері тартымды-ақ еді.

Жас ақын қыз-келіншектердің де өлеңдері мен әңгімелері басылып тұрды. Шолпан Иманбаеваның “Бүгінгі түн”, “Жәкең жаман сасады” деген өлеңдері тұңғыш рет осы журналда жарық көрді. Өмірден ерте кеткен, тырнақ алды туындыларымен, әдебиет сүйер қауымды қуантқан Ғанижамал Тілеубайқызы, Ұрқия Тоқсан келіні ауылдағы әйелдердің жүрек сырын жеткізуші жалынды жастар еді.

Осы кезде қаламын жаңа ұстаған Асқар Тоқмағамбетовтың, Тайыр Жароковтың, Әбілдә Тәжібаевтың шығармалары да “Әйел теңдігінде” жарық көрді.

Сөйтіп, “Әйел теңдігінің” әдебиет бөлімі оқырмандарға эстетикалық, адамгершілік тәрбие беріп, олардың дүние танымдарының толығына түсуіне өзіндік үлес қосты.

Журнал бетінде бала тәрбиесі, дәрігерлік кеңес, үй күтімі, тазалық мәселелері жиі-жиі сөз болып отырған.

“Әйел теңдігі” журналының үлкен бір бөлімі ана мен бала жөнінде материал ұйымдастырып тұрды. Бұл бөлім баланы тәрбиелеу мәселесіне аса зор мән берді. **Бөлімге түскен бар материалды жариялауға алқа мүшесі, жазушы Нәзипа Құлжанова дайындайтын.** Нәзипаның өзінің де бала тәрбиесіне арналған проблемалық мақалалары, рецензиялары жиі жарияланатын. Сол кезде Нәзипа Құлжанова ана мен бала жөнінде үлкен кітап жазып шығарды. Ол кітаптың барлық материалдары дерлік алдымен журналда жарияланған. Нәзипа журналға қазақтың сол кездегі педагог тәрбиешілерін де қатыстырып отырды.

Осы кезеңде бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп, әр ауылдан балалар бақшасы ашыла бастады. Бұл біріншіден, балаларды дұрыс тәрбиелеуге жәрдем етсе, екіншіден, әйелдердің алаңсыз әлеумет жұмысына қатысуына көмектесті. “Әйел теңдігі” бетіндегі бала тәрбиесі, тәрбиелік кеңес, тазалық мәселелерінің жазылуы, журналдың мазмұндылығы мен оқушылар арасындағы беделін арттыра түсті.

<sup>1</sup> “Жаңа әдебиет”. 1928 жыл, сәуір.

<sup>2</sup> “Жаңа әдебиет”. 1928 жыл, наурыз.

<sup>3</sup> “Жаңа әдебиет”. 1928 жыл, сәуір.

<sup>4</sup> “Жаңа әдебиет”. 1928 жыл, қазан.

<sup>5</sup> “Жаңа әдебиет”. 1929 жыл.

<sup>6</sup> “Жаңа әдебиет”. 1930 жыл, наурыз.

<sup>7</sup> “Жаңа әдебиет”. 1929 жыл, ақпан.

### г) “Қазақстан әйелдері” журналы

“Әйел теңдігі” 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында жабылып, кейіннен 1956 жылдан бастап “Қазақстан әйелдері” деген атпен шығып тұрған. Міне, осынау ұзын сонар тарихқа ие болған “Қазақстан әйелдері” күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. “Қазақстан әйелдері” журналының бүгінгі қозғап жүрген тақырыптары: әлеуметтік мәселелер, ауыл жайы, аналар жайы, тағы да басқа әр алуан тақырыпқа қалам тербейді.

“Қазақстан әйелдері” журналының негізгі айдарлары туралы сөз қозғар болсақ, журналдың алғашқы бетінде “Ой түбінде жатқан сөз” айдарымен бас редактордың жылы лебіз, ой толғаныстары беріліп жүр. Ал екінші бетінде “Ел тынысы” айдарымен елдегі жаңалықтар толық қамтылады. “Көзқарас”, “Көкейкесті” айдарларында қоғамымызды дендеген дерттер туралы жазылса, “Болған оқиға ізімен”, “Тіршілік түйіткілдері” айдарларында қылмыстық істер туралы, жезөкшелік, жетім балалар, сотталған әйелдер жайында күйіне жазады.

“Тарих-дастан” — өткен қазақтың тарихын егжей-тегжей түсіндіретін айдар. “Алтын ұя мектебім”— мұнда мектеп бітірушілерге арналған емтихан сұрақтары беріліп, оларды жоғары оқу орнына әзірлеудің жолы көрсетіледі “Жыр дәптерінде” поэзиядағы жаңа толқынмен таныстыру қолға алынған.

“Ақ босаға”, “Жас аналарға кеңес” айдарларында қазақ жастарының отбасылық өмірінің қауіпсіздігі сақталғандай.

“Хаттар, тағдырлар”, “Оқырман сауалына орай” айдарларында оқырманның талап-тілегін жауапсыз қалдырмау қарастырылса керек.

### 7. “Жаңа әдебиет” (“Жұлдыз”) журналы

Қазақстан партия ұйымының көмегімен жазушылар ұйымы 1928 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бұрынғы бірер рет шыққан “Жыл құсы” деген жинақтың орнына дербес журнал шығарды.



Оны дәуірге сай “Жаңа әдебиет” (осы күнгі “Жұлдыз”) деп атады.

“Жаңа әдебиет” журналының 1928 жылғы №1 саны көркем туындыдан сол кездегі жас ақын Тайыр Жароковтың “Аэроплан” дейтін әйгілі өлеңімен ашылған. Осы бір өлеңнің осылай орналастырылуында, бет ашар ретінде берілуінде терең мән бар тәрізді. Ол бейне бір биікке көтерілуге, алысқа самғауға меңзеп тұрғандай.

Сәбит Мұқановтың “Сұлушашы”, Бейімбет Майлиннің “Сары ала тоны”, Ілияс Жансүгіровтің өлеңдері, Ғабиден Мұстафиннің әңгімелері, Жақан Сыздықовтың “Майкөл таңы”, Әбділдә Тәжібаевтың “Арыс тұзы”, Қажым Жұмалиевтің “Егізбай мен Ерқожа” сияқты поэзия туындылары жарияланған шығармалардың идеялық, тақырыптық шеңберін ғана емес, сонымен қатар “Жаңа әдебиеттің” ұстаған бағытын да танытады.

Бұған Бейімбет Майлиннің үш перделі “Көзілдірік”, Жұмат Шаниннің “Қара құлып” пьесалары мен Сабыр Шәріповтің “Ерден батыр”, С.Мұқановтың “Пролетариат әдебиетіндегі көркем шығарма әдістері”, Ж.Шаниннің “Театр тарихы” атты сын материалдарын қоссақ, журналдың әдеби жанрларды тегіс қамтуға күш салғанын аңғару қиын емес.

Әдебиет журналының бастапқы қадамы осындай шығармалардан басталған еді. Ал 1929 жылы ақпан айында М.Әуезовтің “Көксерегі”, мамырда І.Жансүгіровтің “Күйі”, шілдеде Ғ.Мүсіреповтің “Қос шалқары” мен “Көк үйдегі көршілері” жарияланды.

1930 жылы “Жаңа әдебиет” бетінде Бейімбет Майлиннің “Қара шелек”, “Даудың басы—Дайрабайдың көк сиыры”, “Сот алдында”, “Қазақ қызы”, “Азамат Азаматы” романы жарық көрді. Сонымен қатар “Жаңа әдебиет” бетінде Сәбит Мұқановтың “Адасқандар”, “Өмір мектептері” романдарына мен Сәкен Сейфуллиннің “Жер қазғандар” повесі, Мұхтар Әуезовтің “Көксерек” атты әңгімесі басылды. Соның ішінде Мұхтар ағамыздың “Көксерегі” журнал бетінде ең жақсы, оқушы қауымды қызықтырарлықтай әңгімелердің

бірі болды. “Көксеректе” адам асыраған бөлтіріктің өскен соң даладағы тағы қасқырларға қосылып алып, қасқырлық қылығын істеп, өзін асыраған Құрмаш атты баланы өлтіргені баяндалады.

Сондай-ақ, С.Мұқановтың “Адасқандары” мен “Өмірмектебі” де журнал оқырмандарының көңілінен шыққан сәтті шығармалардың бірі болды. Мәселен, “Адасқандарда” жиырмасыншы жылдардағы қала өмірі мен ауыл, өзгерген ауыл бейнесі көрінген. Роман көркем, тартымды жазылған. Махаббат драмасының шиеленісе түсіп, үлкен тартысқа бастауы да шебер суреттелген. “Адасқандар” романы идеялық жағынан қанша кемшіліктері бола тұрса да, тартымды, әдеби қасиеттерімен сол кездегі көп шығармалардан жоғары еді.

Ал, 1932 жылдан “Әдебиет майданы” деген атпен шыға бастаған журнал бетінде Сәкеннің “Біздің тұрмыс”, “Тар жол тайғақ кешу” романдарынан үзінді берілді. Аталған романдарда төңкеріс қарсаңындағы қазақ ауылының әлеуметтік, рухани тіршілігі суреттелді.

Зерттеліп отырған кезеңде әдебиеттің жазушылар армиясына халық ақын-жазушыларымен қатар тың күш, талантты жастар қосылды.

Отызыншы жылдарда журнал бетінде жарияланған көлемді шығармаларымен танылған Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Сланов, Қ.Аманжолов, Қ.Бекқожин, Қ.Сатыбалдин сияқты авторлар болды. Ол кезде поэма жанрын өркендету қазақ әдебиетіндегі күрделі творчестволық мәселелердің бірі еді.

“Жаңа әдебиет”<sup>1</sup> бұл мәселеге де үлкен ден қойды. Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі поэмалардың тақырыбы әр алуан. Тарихи, революциялық өмір, қазақ жалшылары мен әйелдерінің бостандық жолындағы күрестері, ауылдағы таптық тартыстар, тіпті аңыз-ертегі, ел тарихы мен хикаясы негізінде дастандар жазбаған ақындар кемде-кем. Солардың ішінде өмір өткелін байсалды да мәнді суреттеп берген С.Мұқановтың “Сұлушаш”, “Ақ аю”,

<sup>1</sup> “Жаңа әдебиет”. 1936 жыл, ақпан.

<sup>2</sup> “Жаңа әдебиет”. 1936 жыл, тамыз.

Ж.Сыздықовтың “Майкөл таңы” атты поэмалары өздерінің көркемдік құнымен де, ел еңбекшілеріне берер үлгі-өнегесімен де әдебиет тарихынан айрықша орын алады.

Отызыншы жылдардың алғашқы кезінен бастап қазақ драматургтері өмірдің күн тәртібінде тұрған проблемаларын көтере бастады. Б.Майлиннің “Көзілдірік” атты үш перделі пьесасы 1928 жылдың сәуірінде “Жаңа әдебиет” журналына басылды. Ал, “Әдебиет майданында” Жұмат Шаниннің “Қара құлып”, Шахмет Құсайыновтың “Шабуыл”, Сәкен Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарлар” атты пьесалары жарық көрді. Бұл шығармалар сол дәуірдегі зәру мәселелерді қозғаған құнды шығармалардың қатарында тұрды.

Жыл асқан сайын драматургияның жанрлық, тақырыптық ауқымы арта түскен. Қазақ даласында болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс халқымыздың тарихында үлкен саяси маңызы бар оқиға еді. Сондықтан да оған қазақтың белгілі ақын-жазушыларының біразы кеңінен көңіл аударған.

Бұл тарихи оқиға Бейімбет творчествосынан да үлкен орын алған. Оның “Жалбыр” атты пьесасы негізінен осы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске арналады. 1916 жылғы патша жарлығына қарсы күресті қазақ халқының еңбекші табы ең әуелі патшаның елдегі жендеттері мен би-болыстарын құртып, олардың қолындағы солдатқа алынушылар тізімін өртеуден бастады. Сондай күрестердің бірі Жалбыр бастаған халық көтерілісі еді. Жалбырға ерген 96 жігіт патшадан шен алған, елдің қанын сүліктей сорған Қарабалықтың қанішер болысы Қадіров Сайымды ат құйрығына байлап өлтіреді.

Жалбыр бастаған қазақ жастары Сайым болысты өлтірген күні түнде Дүйсенбай болыстың да кеңсесін өртейді. Осы тарихи шындық Бейімбет шығармаларына арқау болады.

Осы кездері қазақтың Абай, Сұлтанмахмұт сияқты классик ақындарының мұрасын бағалау тақырыбында көптеген пікір таластар да болған еді. Бірсыпыра әдебиетшілер Абайды да, Сұлтанмахмұтты

<sup>1</sup>“Майдан”. 1944 жыл, желтоқсан.

да байшыл, ұлтшыл ақындардың санатына қосты, енді бір жағдайда бұларды жалпы алғанда орынды бағалағанмен, тым көп кінә қоюшылық бой көрсетті. Дегенмен, осындай пікір алысулар пайдасын тигізді, көп мәселені анықтауға мұрындық болды.

“Әдебиет майданы” журналының 1934 жылғы 10-12-санында қазақ әдебиеті мен мәдениеті өкілдерінің Абайға арналған бірнеше сын, зерттеу мақалалары басылды.

Махамбет, Сұлтанмахмұт, Шөңгерей, Ақмолла, Ақан сері ақындығы жайында да пікірлер жарияланып, олардың кітаптары шықты. Ауыз әдебиетінің нұсқалаларын іріктеп алуға, керектісін екшеуге әдеби сынның себеі тиді. Сыншылар М.Қаратаев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев және басқалар жақсы-жақсы орынды сындарымен көріне бастады.

Алайда, 1928-1936 жылдары журнал бетінде жарияланған сындарда әлі де болса балаңдық, тәжірибесіздік, талдау таяздығы жиі байқалатын. Шығарманың көркемдік ерекшелігін жіті анықтау орнына үстірт, тұрпайы кінә таққыштық басым болатын. Кейде сын сынау үшін ғана жазылатын. Белгілі бір шығармадан алдымен жақсылықты емес, кемшілікті іздеуден арылып болмаған кез еді.

Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты “Әдебиет және искусство” журналы 1942-1943 жылдары уақытша тоқталып, 1944-1945 жылдары қайтадан “Майдан” деген атпен шығарылды. “Майдан” майдан мен тылдың жан жүрегін жаластырып тұрды. Мәселен, ондағы Жамбылдың “Ленинградтық өренім”, “Аттан, батыр ұрпағым”, С.Мұқановтың “Біздің күш — ұлы Сталин”, А.Тоқмағамбетовтың “Маршалдар шықты майданға”, “Жиырма бес”, Ә.Тәжібаевтың “Ленинград”, “Орыс халқы”, Қ.Аманжоловтың “Абдолла” поэмасы, Ж.Саинның “Партизан жырлары”, Ә.Сәрсенбаевтың “Ақша бұлт” өлеңдер жинағындағы майдан жырлары, солдат өмірінің ішкі сырын аша көрсететін Д.Әбілев, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев өлеңдері

<sup>1</sup> “Әдебиет және искусство” журналы. 1947 жыл, ақпан.

<sup>2</sup> “Әдебиет және искусство” журналы. 1949 жыл, мамыр.

<sup>3</sup> “Әдебиет және искусство” журналы. 1954 жыл, №2.

Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясының еліміздің күрестегі өмірін жан-жақты көрсетуге бет бұрғанын, бүгінгі күннің тілегіне жауап берудегі алғашқы адымын аңғартатын еңбектер еді. Мұның ішінде ерекше аталатын, халық көңілінен шығып, майдандағы азаматтарға тың күш, ерекше рух беретін Қасым Аманжоловтың 1944 жылы “Майдан” журналында жарияланған шоқтығы биік “Абдолла” поэмасы мен Әбу Сәрсенбаевтың “Ақша бұлты” еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында туған қазақ әдебиетінен проза саласындағы бірсыпыра көрнекті шығармалар осы “Майданда” жарық көрді. М.Әуезовтің “Абай” романының бірсыпыра тараулары, Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ батыры” повесі, Ғ.Мұстафиннің “Шығанақ”, Ғ.Слановтың “Жанар тау” романдары — осы жылдардың жемісі.

Соғыс жылдарындағы драматургиямыздың өзекті тақырыпты көтерудегі шама-шарқын М.Әуезовтің “Сын сағатта”, Ә.Әбішевтің “Қырағылық”, С.Мұқановтың “Гвардия алға” либреттосымен өлшеуге болады.

Ұлы Отан соғысы кезінде әдебиет сыны мен әдебиеттануда жаңа еңбектер жарық көрді. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты бірнеше мақалалар берілді. Журналда әсіресе Ғ.Мүсіреповтің, Б.Кенжебаевтың, Е.Ысмайыловтың, Қ.Жармағамбетовтың, Т.Нұртазиннің сүбелі мақалалары басылып тұрды. Өнер саласындағы сынға жазушылармен қатар А.Жұбанов белсене қатысты.

Соғыстан кейінгі жылдары “Әдебиет және искусство” журналында көркем әдебиеттің барлық түрлері—роман, повесть, әңгіме, очерк, новелла, поэма, өлең, үлкенді-кішілі пьесалар, сын және библиографиялық мақалалар, халық шығармалары

1 “Әдебиет және искусство” журналы. 1946 жыл, мамыр.

2 “Әдебиет және искусство” журналы. 1947 жыл, тамыз.

3 “Әдебиет және искусство” журналы. 1950 жыл, мамыр.

4 “Әдебиет және искусство” журналы. 1950 жыл, тамыз.

5 “Әдебиет және искусство” журналы. 1950 жыл, тамыз.

6 “Әдебиет және искусство” журналы. 1946 жыл, ақпан.

және орыс жазушыларының таңдамалы еңбектерінің аудармалары үздіксіз басылып тұрды. Журналдың “Әдебиеттік ғылыми білімдер”, “Әдебиет классиктері”, “Искусство”, “Сын — библиография” және “Халық шығармаларынан” атты тұрақты бөлімдері болды.

“Әдебиет және искусство” журналының 1946 жылғы бірінші саны “Ленин — жазушылар ұстазы” деген бас мақаламен ашылды. Қасым Аманжоловтың өлеңдері, Сәбит Мұқановтың “Біздің заманның батырлары” романы, Төлеухан Сағынбаевтың “Майданнан келген адам” әңгімесі, Қалижан Бекқожиннің “Солдат анасы” балладасы, Ибади Тәуекеловтың “Әнші Жүсіпбек” очеркі жарияланды. Сын библиография бөлімі бойынша Есмағамбет Ысмайыловтың “Балуан Шолақ” атты мақаласын берді.

1947-1949 жылдары “Әдебиет және искусство” журналы оқырмандарына Ғ.Мұстафиннің “Миллионер”, С.Мұқановтың “Сырдария”, Ғ.Слановтың “Кең өріс” атты көлемді шығармаларын ұсынды. Бұл үш романның үшеуі де — соғыстан кейінгі дәуірдегі колхоз өмірінен орын тебе бастаған жаңа қарым-қатынасты көрсету тақырыбына жазылған еңбектер.

Мұның ішіндегі ең сәтті шыққан шығармалардың бірі ретінде Ғ.Мұстафиннің “Миллионер” повесін атап едік. Бұл шығармада колхозды ауылдың тақырыбы көтеріліп, бір миллионер колхоздың тіршілігі шынайы тұрғыда суреттеледі. Колхоздың екі басшысының арасындағы тартыс повестің негізгі сюжеттік желісі болып алынған.

Жалпы “Миллионер” повесі — қазақ прозасындағы колхоз өміріне арналған елеулі шығармалардың бірі. Бұл повесть жайында Австралия жазушысы Ральф Руасье былай деп жазады: “Бұл кітап мені күнделікті өмір қойыртпағынан тәңірдің тауына бір-ақ алып шықты. Мен сіздердің еліңізді білмеймін, егіншілік туралы түк хабарым жоқ және сіздердің колхоздарыңыздың қалай дамיתынынан мүлде бейхабармын. Бірақ, мен егер сіздің кітапты оқыған колхозшы болсам, онда романның кейіпкері Жомарттың істегенінен екі есе көп істеген болар едім”, — дейді.

Ал, Сәбит Мұқановтың “Сырдария” романы Сырдария өзені жағасында орналасқан күріш өсірушілердің өміріне арналған.

Онда адамдар бейбіт жағдайда еңбек етіп жатады, алып-жұлып бара жатқан сюжет те, кісі таң қалар оқиғалар да жоқ. Бірақ осы күнделікті әрекет-тіршілікті оқушының ақыл-ойы мен жүрегін баурап алатындай етіп жазу автор үшін күрделі міндет болса керек. Сәбит бұл міндетті абыроймен орындап шыққан. “Сырдария” қазақ көркем сөзінің тамаша туындыларының бірі ретінде бағасын алды.

Отан соғысынан кейінгі жылдардағы поэзиямыз негізінде бейбітшілік өмірді жырлау тақырыбына арналды. Журнал бетінде жарияланған Тайыр Жароковтың “Жапанды орман жаңғыртты”, Қасым Аманжоловтың “Біздің дастан”, Әбу Сәрсенбаевтың “Ұлым туралы ой”, Н.Ахметбековтың “Аманкелді”, Қалижан Бекқожиннің “Мәриям Жағор қызы”, Жәрдем Тілековтің “Сырым батыр” поэмалары поэзиямыздың жаңа биікке көтерілгенін аңғартатын шығармалар еді.

Соңғы жылдардағы драматургиямыздың табысы ретінде Ғ.Мүсіреповтің “Аманкелді”, Ә.Әбішевтің “Достық пен махаббат”, “Бір семья” деген пьесаларын атауға болады.

Әдебиет сыны тақырыбы бұл жылдары кеңейіп, талдауы кемелдене түсті. Сынның ауыр жүгін көтеріскен әдебиетшілер легі молайды. Мәселен, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те әдеби сын жайында біраз қалам тартқан. Осы жылдары “Әдебиет және искусство” журналында Мұхтар Әуезовтың “Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы” деген үлкен сын мақаласы жарияланды.

Мұхтар Әуезов бұл мақаласында бұрынғы кеңес үкіметіндегі бес халықтың тілінде жазылған романдарды, атап айтқанда, татар жазушы Башировтың “Намыс”, өзбек жазушысы Айбектің “Алтын атыраптан ескен жел”, қазақ жазушысы Ғабиден Мұстафиннің “Миллионер”, қырғыз жазушысы А.Садықбековтың “Біздің заманның адамдары” шығармаларын талдайды.

“Бұл романдардың әрқайсысы бір-біріне тәуелді болмай, жеке-жеке жазылған шығармалар.

Бұларда бір-біріне еліктеу кездеспейді. Алайда олардың әрқайсысы өзінің ұлттық әдебиеті арқасында соны және күшті шығарма болып шықты. Дегенмен оларда идеялық тұтастық, іштегі байланыс бар. Олардағы кейіпкердің сана-сезімі, ой-пікірі, күресі мен тағдыры бір-біріне ұқсастық тауып отырады”.

“Әдебиет және искусство” мәдениет пен өнер мәселесіне де көңіл болып отырды. Ахмет Жұбановтың “Евгений Онегин-қазақ сахнасында”, Глияс Омаровтың “Өскен елдің сай музыкасы болсын”, Шахмет Құсайыновтың “Халықтың сипатты бейнелейтін артист” (Елубай Өмірзақовтың 50 жасқа толуына және сахнадағы еңбегінің 30 жылдығына) арналған үлкенді-кішілі еңбектері жарияланды.

Орыс әдебиетінен М.Горький, А.С.Пушкин шығармаларын, шетел әдебиеті бойынша Хемунгуэйдің бірнеше аудармалары берілді. “Біздің календарь” айдары бойынша Шота Руставелидің, Д.И.Фонвизин, Н.А.Островскийдің өмірбаяндары мен творчестволары таныстырылды. Қысқасы, журнал соғыстан кейінгі жылдары әдебиеттің барлық мәселелері жөнінде ой қозғап, түрлі жанрда келелі материалдар жариялап, уақыт талабына сай өмір көшіне ілесіп отырған.

“Әдебиет және искусство” журналының бұл жылдары редакторы Қ.Шаңғытбаев болды. Редакция алқасында З.Қабдолов, Асқар Тоқмағанбетов, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Мұстафин, З.Шашкин ағаларымыз белсенді қызмет атқарады.

### **Бұл жылдары мынадай бөлімдер ашылады:**

1. Әдеби сын бөлімі
2. Жаңа аудармалар бөлімі
3. Искусство бөлімі
4. Сатира және жанр бөлімі
5. Публицистика бөлімі
6. Достық әзіл бөлімі
7. Ғылым мен мәдениет мәселелері
8. Музыка беті
9. Кітап, журналдарға шолу бөлімі
10. Очерк бөлімі



Бұл 1957 жылғы сандарында Ә.Сәрсенбаевтың “Миллиардтың ізімен” өлеңдері, С.Мұқановтың “Тындағы теміржол төңірегінде” очеркі жарық көрді.

Әдеби сын бөлімінде Ә.Тәжібаевтың қазіргі қазақ поэзиясы жайында, Фариза Оңғарсынованың “Қоштасу кезі келгенде”, “Жайқалып өскен көп терек” өлеңі, Қабиевтың аудармалары жарық көрді.

Сонымен бірге сол жылдары “Достық әзіл” бөліміне, сөзін жазған, Шаңғытбаев, суретін салған Қ.Қожықов, Асқар Тоқмағанбетовке арналған әзіл берілді.

**Артта талай қия бел,  
Әйгілі Асқар есімім.  
Мен әлі жас пионер  
Шалағай кетсем кешірем (Мәлім).**

Сондай-ақ, 1957 жылдары №3-де суреті Қ.Қожықовтікі, сөзі Шаңғытбаевтікі, Сәбит Мұқановқа арнап достық әзіл бөліміне жариялады:

**Біздің Сәбит Мұқанов  
Қайратты да, тың да.  
Көрген емес мұқалып,  
Қилы-қилы сында.  
Біздің Сәбит Мұқанов  
Жүр тағы да тыңда.  
Жыртпасын тек жұқа ғып,  
Түссе тағы сынға —**

деген достық әзілдер беріп отырған. Журналда 1968 жылдары Ахтанов Тахауи, кейіннен Шерхан Мұртаза редакторлық қызмет атқарды.

Ақылдастар алқасында З.Қабдоллов, А.Жұбанов, Ғ.Мұстафин болды. 1978 жылдары редакторы: Бекежан Тілегенов.

Ақылдастаралқасы: Нығмет Ғабдуллин, Ә.Дербісалин, Асқар Егеубаев, Шерияздан Елеуенов, Смағұл Елубаев, Сәкен Жүнісов, Қабдеш Жұмаділов, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Серікқалиев, Қадыр Мырзалиев.

Сол кездегі бөлімдер:

1. Оқырман жырлары
2. Әдеби мұра
3. Әлем әдебиетінен

4. Очерк және публицистика
5. Әдеби сын
6. Алтыншы дәптер
7. Редакцияға хат
8. Күлмегенде қайтеміз
9. Сеніңіз, сенбеңіз

Әдеби сын бөлімінде Шерияздан Елеукуеновтың “Мағжанның ақырғы сотталуы”, Қуандық Мәшһүр Жүсіповтің “Мағжанның шеберлігі” еңбектері жарияланған.

“Жұлдыз” журналы бүгінде республиканың әдебиеті мен мәдениетінің айнасы болып отыр. Қазақ әдебиетінің көсегесін көгертіп, алтын қорын байыта түскен іргелі шығармалардың бәрі дерлік алдымен “Жұлдызда” жарық көріп, журнал беттерінен өмірге жолдама алды. Ары алсақ С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, Қ.Аманжолов, Х.Есенжанов, бертінді шолып қарасаңыз Ж.Молдағалиев, Ә.Нұрпейісов, Ә.Әлімжановтар алғашқы өлең әңгімелерінен бастап, соңғы дастан, роман эпопеяларына дейін сиясы кеппеген күйінде “Жұлдыз” журналына ұсынып отырды.

1986 жылы СССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Т.Ахтановтың “Серпін”, С.Сматаевтың “Мәңгілік бастауы”, Х.Әдібаевтың “Мұнаралар” романдары бүгінгі заман тынысынан сыр шертеді. Повестерден Т.Әлімқұловтың “Сәкен сүрлеуі”, О.Бөкеевтің “Сүңгі тас”, Т.Нұрмағанбетовтың “Бесінші бөлме” сынды туындылары жарық көрді.

Қазақ халқы халық атанғалы бірге жасасып, жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп келе жатқан бірден-бір іргелі жанр — поэма. Күмбір-күмбір күміс қоңырау жанрдың белді өкілдерінің түгелге жуығы орын алды. Атап айтатын болсақ, С.Мәуленов, М.Әлімбаев, Ғ.Қайырбеков, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, О.Әубәкіров, М.Шаханов оқушыларға тіл қатты.

Сондай-ақ, осы жарияланған жыр маржандары деген айдармен арамыздан ерте кеткен дүлдүлдер М.Мақатаев, Т.Айбергеновтердің бұрын-соңды баспа бетін көрмеген өлеңдері жарық көрді.

Ұзақ жылдар бойы халық тарихынан, әдебиет өлемінен біржақты аласталып, өгейсітіліп келген тұлғалы перзенттеріміз өз халқына қайта оралды. Яғни, туған жұртымыз А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов сынды қилы-қилы тағдыр кешкен зиялы азаматтармен қайта қауышты.

## **8. “Жаңа мектеп” (“Қазақстан мектебі”) журналы**

1925 жылдан бүгінгі күнге дейін қазақ тілінде шығып келе жатқан көп салалы “Қазақстан мектебі” журналының педагогикалық, кәсіби басылым ретінде арқалап келе жатқан жүгі аз емес. Алғашқыда бұл журнал “Жаңа мектеп” деген атпен шыққан еді, 1961 жылдан бастап “Қазақстан мектебі” деп атын өзгертті. Қазақстан баспасөзінің тарихында өзіндік орны бар “Қазақстан мектебі” әп дегеннен-ақ қазақ мектебіне, қазақ мұғалімдері мен оқытушыларына жәрдемші, көмекші болу ісіне қызмет етіп келеді.

Журнал өзінің тұңғыш санында жарияланған “Жаңа мектеп” шығару неге керек болды” деген бас мақаласында қазақ халқы үшін ауыр сын кезең туғанын, ал мұндай кезеңде білім, оқу-ағарту ісі көзден таса қалатынын жазды. Сондықтан, “Бұл күйде қалуға болмайды!” деген ұранмен елімізде оқу комиссариаты ашылғанын және сол комиссариаттың оқу-білім жұмысына арналған журналды шығару үшін бар күшін жұмсағаны, әрине қазақ халқының санасына қуаныш ұялатты. Мақаланың қорытындысын “Қазақстан мектебінің” мақсатына, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушыларының шығармашылық қызметіне қызу араласу деп түйеді.

“Жаңа мектепті” құрастырушылар, жасаушылардың ішінен алдымен басылымның редакторы Молдағали Жолдыбайұлын атамау мүмкін емес, ал алқа мүшелеріне Байтұрсынұлы, Шонаұлы, Сүлейұлы, Сейфоллаұлы кірді, іс жүзінде басқарушысы Нұрымұлы болды.

“Жаңа мектепке” өз мақалаларын, ғылыми еңбектерін, (әрине ғылым тақырыбында) жариялаушылардың санатында Байтұрсынұлы, Омарұлы

Елдос, Сәдуақасұлы Смағұл, Дулатұлы, Сейфоллаұлы, Шонаұлы, Майлыұлы, Сүлейұлы, Аймауытұлы, Мұқанұлы Ескали, Малдыбайұлы Біләл, Ермекұлы Әлімхан, Сматаұлы Мұхтар, Әуезұлы Мұхтар, Мырзаұлы Мұхтар, Бөкейханұлы, Тоқтай Темір, Жүсіпбекұлы Қамқалар болды.

Енді журналдың басты бағыт-бағдарына тоқталайық. Қарастыратын мәселелері: білім беру ісін басқару, ұйымдастыру, педагогика, психологиялық педагогика ғылыми зерттеулерінің бағыт-бағдарлары, ғылым мен мектеп байланысы, оқыту, тәрбиелеу ісіндегі тәжірибе тағылымдары, жеке ұстаздардың өзіндік шығармашылығы, табыстары, оқу бағдарламаларындағы жаңалықтар, педагогтардың теориялық және әдістемелік білім көтеру мәселелері, мамандар даярлау болып табылады.

Журналды “Жаңа мектеп” деген атпен 1925 жылдың тамызында жолға аттандырған заман талабы, кезең мұқтажы еді. Бұл кезде қос революция, интервенция, Азамат соғысы салдарынан қансыраған халық шаруашылығын қалпына келтіріп, ес жия бастаған едік. “Не құрық, не мойын кететін” тартыста еңбекші ел жеңіске жетіп, өнер-білімге бет бұрды. Оқу-ағарту ісіне мемлекет те, өкімет те құлай ден қойды. Мәдениет майданын ашты. “Октябрьдің 10 жылдық тойына дейін, ел жалпағынан хат танып үлгерсін!” деген ұран көтерді. Ұлт аймақтарында оқытуды ана тілінде жүргізуге шақырды.

Бірақ бұл ізгі ұрандарды жүзеге асыруға қаржы тапшылығы, мектеп үйлерінің жоқтығы, мұғалімдер жеткіліксіздігі көп кедергі болды. Бар мұғалімдер өзара пікір алысатын, тәжірибе ауысатын, үкіметтің жаңа қаулы-қарар, нұсқау хаттарымен танысып отыратын арнайы басылымдары болмады.

Осы жоқтың орнын толтыру ниетімен РКП(б) қазақ өлкелік комитеті 1925 жылы маусым айында ғылыми-педагогикалық журнал шығару туралы шешім қабылдады. Оны ұйымдастырып, басшылық етуге “Еңбекші қазақ” газетінің сол кездегі редакторы Молдағали Жолдыбаев жіберілді.

Журналдың 2-ші нөмірінде редактор өзінің “Санақ пен жұртшылық” атты проблемалық мақаласын жариялады. Мұнда қоғамның даму

зандылықтары, білгірлік, ой-толғаныстар, тастай логика көрінеді. Оны мынадай жолдардан байқауға болады: “Коммунизм-дұрыс есеп пен дұрыс үлес.

Есеп болғанда ненің есебі. Аспандағы жұлдыздардың есебі ме. Жоқ. Шаруашылықтың есебі, шаруашылықты ұйымдастыра, жүргізе білудің есебі”.

“Жаңа мектеп” негізінен екі айда бір шығып тұрды. Оның білім-педагогика, отантану, сын, ресми, жалпы бөлімдері болды. Тұңғыш нөмірі “Халық ағарту мәселесі”, “Халық мұғалімінің міндеті”, “Еңбек мектебі”, “Еңбек мектебіндегі еңбек әдісі” деген сияқты жалпылама материалдан тұрады.

Екінші нөмірінде “Ел ішіндегі мектептер қай түрде жасалу керек”, “Ана тілін қалай оқыту керек”, “Жыршыларды саяси-ағарту ісіне тарту керек” деген нақты мәселелерге ойысты.

Жалпы бөлімінде жұқпалы аурулар, цифрларды жазу, пайдалану жолдары, оқытушылардың баспасөзбен байланысты туралы нақты пікірлер қозғалды. Ресми бөлімде әр түрлі бұйрық-жарлық, нұсқау хат, ережелер жарияланып тұрды.

Арнайы журналдың жарыққа келуіне байланысты бұл тұста мектеп өмірі, оның жұмысы туралы көп мақалалар жарияланды. Б.Майлин “Мектеп” деген материал жариялап: “Сарыарқаны жапқан қараңғылық серпілді, тозды, тарады. Жас ұландар қатарын түзеп, бір дауыспен “мектеп” деді”, — деп ағыл-тегіл ақтарылды.

Басылым редакторы М.Жолдыбаев жас балаларды тәрбиелеу ісіне, жетім-жесірлерге қамқорлық көрсету мәселесіне үнемі көңіл бөліп отырды. Бірде “Панасыз бала” (“Еңбекші қазақ” газеті, 6.03.1924 ж.) атты мақала жариялап, Орынбордағы балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілер мен қырда қаңғып жүрген жетімдер өмірінің сыңайын сипаттаған еді.

Журналдың сол 1926 жылғы 7-8 нөмірінде “Оқытушылардан көмек күттік” атты материалын жариялап, редактор оқырмандарымен сырласты. Алдымен ол оқу, оқыту, білім тарату саласындағы баспасөзге қойылар талап туралы әңгіме етті.

Бұл материалында редактор оқытушылардан күтер көмегін мынадай үш салаға бөліп, өкпе-наз, тілек ниет түрінде айтты.

“Бірінші — біздің оқытушыларымыздан ешбір тәжірбие, пікір келмейді. Еш болмаса оқу жылының аяғына қарай тәжірибесін жинақтап, қорытындылап жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Екінші — аймақ материалдарын жинау нашар...

Үшінші — жұмыстың оңалуы тұрмыстың оңалуына байланысты. Оқытушылардың тұрмысын оңдау — оқу жұмысын оңдау — оқу жұмысын оңдау, “Жаңа мектептің” бір мақсаты — оқытушылардың тұрмысымен танысып, оның оңалуының шарасын қарастыру”.

Ал енді журналдың 1971-1987 жылдары бас редакторы болған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ағарту ісінің үздігі Мұқаш Сәрсекеевті тыңдап көрелік: “1971 жылдың сәуірінің аяғында “Қазақстан мектебі” журналына бас редактор болып тағайындалдым. Журналдың таралымын көбейту, оны республиканың түкпір-түкпіріне тез жеткізу сол кезеңнің ең басты міндеті болып көрінді. Сол кезде бастауыш мектеп мұғалімдері үшін өз алдына жеке басылым шығару ниеті ойымызды әбден билеп алды. Сөйтіп, “Бастауыш мектеп” қосымшасын ашу туралы ұсыныстарымыздың қабылдануына сәтті мүмкіндік туғызды.

1972 жылдың қаңтарынан “Бастауыш мектеп” қосымшасының шығуы бізді тыңнан жігерлендіріп, алға жетеледі.

“Қазақстан мектебіне” оралсам, 1975 жылғы өзінің 50 жылдығы тұсында басылым “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды. Бүкіл Қазақстан журналдары арасынан бірінші болып “Қазақстан мектебі” журналының орден алуы, 1985 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталуы, мен басқарған 16 жыл ішінде оның 50 және 60 жылдық мерейтойлары өтіп, редакция қызметкерлерінің көп сый-сыяпатқа ие болуы бірден-бір қуаныш емес пе!”

Қазір бұл журналды Қазақстандағы жалпы білім беру жүйесі даму жолының айнасы деп атауға да болады. Сонау жылдардан бері өзіне оқу-әдістеме, дидактика, тәрбие мәселелері бойынша жаңалық пен жақсылық жаршысы болуды жүктеген шағын

журнал бүгін кемеліне келіп, өрісін кеңейтіп, бірнеше журналға жеке отау тіккізіп, бауырынан бірнеше қосымшалардың басылып шығуын ұйымдастыруда. Журналдың шаңырағы кең, киелі. Оның табалдырығында ғасырдың басында бүкіл Түркістан мемлекетінің, Ресей, Өзбек, Қырғыз, Монғолия елдерінің көп жүгін көтерісіп, көшін түзеуге жанқиярлықпен атсалысқан арыс ағаларымыздың іздері қалған.

Енді “Қазақстан мектебіндегі” әр жылдары ашылған қосымшаларына келейік. Мәселен, “Русский язык и литература в казахской школе” журналы 1978 жылы ашылса, “Бастауыш мектеп”, “Отбасы және балабақша” журналдары 1994 жылдың шілде айында бөлініп шығып, жеке-дара басылым болды, ал 1990 жылы “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының қайта құрылуына “Қазақстан мектебі” тікелей өз көмегін көрсетті.

Осындай журналдың шығару тарихына қысқаша тоқталған соң, қазіргі кездегі “Қазақстан мектебінің” шығармашылық табысы, жұмысы қандай дәрежеде екен. Ондағы берілетін материалдың сипаты, формасы қандай. Мақсат-мүддесі сақталған ба, әлде жаңадан бір бетбұрысқа түсіп, өзгешеленген бе? Деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Қазір бұл редакция шаңырағынан үш журнал— “Информатика-физика-математика”, “Қазақ тарихы” шығады. Соңғы екеуі қосымша атанғанымен оқырман үшін өз алдына бір-бір журнал ретінде есептеледі.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ай сайын шығатын “Құрмет белгісі” орденді ғылыми-әдістемелік педагогикалық “Қазақстан мектебі” журналының қазіргі кездегі бас редакторы Сайраш Әбішқызы, ал редакциялық алқаға: Балабекова Гүлназ (қосымша редакторы), Бексайын Құрманғазы (редакция меңгерушісі), Қайым Қабділрашид, Салықбай Әбілдәбек (бас редактордың орынбасары), Шағыр Қайырбек, Сарманұлы Жолдас кіреді.

Журнал әр басылымның тыңғылықты ойлармен, педагогикалық кеңестің пәрменді болуына ақылдастар кеңесіне жүгінетін сәттер де аз емес.

<sup>1</sup> Т.Қожакеев. Сатира негіздері. Алматы, 1996, 737-бет.

Ал енді журналдың мазмұндық сипатына тоқталайық:

Қарап отырсаңыз, бұл журналдың қозғайтын тақырыптары сан қилы, әрі тартымды. Әсіресе тәлім-тәрбиеге арналған еңбектер көп, Олар: “Тәрбиенің түп-тамыры”, “Тәлім-тәрбие дәстүрлері”, “Тәрбиелік ықпалын тани білейік”, “Тәрбие туралы айтарым”, “Өзіңді таны”, “Өнеге сағаты”, “Танымдық-тәрбие тетігі”.

### 9. Қазақ тіліндегі алғашқы сатиралық басылымдар а) “Тіршілік”, “Дұрыстық жолы”, “Кедей сөзі”, “Ақ жол”, “Жас қазақ” газет-журналдарындағы сатиралық материалдар

Зерттеушілердің пікірінше, бұл терминнің тарихы латынның “Satura”— аралас, әр нәрсенің қосындысы, “всякое всячина” — “анау-мынау” деген сөзден басталады. Кейінірек ежелгі Рим әдебиетшілері сынап-мінеуші, әшкерелеуші сипаты бар шығармаларды “Satura” деп атаған.

Қазір “сатира” сөзінің өрісі кеңейген. Біреулер оны әдебиеттің бір жанры деп түсінеді. 1941 жылы шыққан “Шетел сөздерінің сөздігінде” былай делінген: “Сатира — болмыстың жағымсыз құбылыстарын ащы күлкіге айналдыратын көркем әдебиеттің тегі”, — дейді профессор Т.Қожакеев.

Енді біреулер сатираны нақты бір өмір елестерін, болмыс сәттерін суреттеп, жазып, айтып берудің әдіс-тәсілі ғана деп түсіндіреді. Мысалы, сатираны көп зерттеген, бұл саланың үлкен теоретигі Я.Эльсберг “Сатира — болмысты әдебиет пен өнерде көрсетудің әдіс-тәсілі” деп жазды. “Үлкен совет энциклопедиясында” да осы анықтама берілген.

Байыптар болсақ, осы пікірлердің бәрі де қате емес. Олардың әрқайсысы сатираның әр қырын, әр қасиетін айтып отыр. Шынында да сатира — алымды да шалымды нәрсе, оның өмір сүру, көрініс табу мүмкіншілігі мол.

1917-1920 жылдар арасындағы тарихи ұлы оқиғалар шалғай жатқан қазақ сахарасын да кең

<sup>1</sup> Т.Қожакеев. Сатира негіздері. Алматы, 1996, 338-339-беттер.



шарпыды, Қазақстанда да саяси-әлеуметтік, ұлт-азаттық күрестер бой көрсетті. Қазақтың оқығандарды, бірқатар жұмысшылары мен шаруалары түрлі революциялық қозғалыстарға, саяси ұйымдар мен партияларға, өкімет орындарына араласты. Әр жерде өздері қауым, мекеме құрды, жиналыстар, съездер өткізді. Қазақ тілінде газет, журналдар шығарды. Оларда Ақпан, Қазан революциялары, Азамат соғысы, Кеңес өкіметі жайлы әр түрлі пікірлер, көзқарастар айтылды. Жаңа қоғамды орнатушылар мен оған жаны қастар арасында идеологиялық талас туды, жаңа мен ескінің бітіспес күресі күшейді. Бұл талас-қайшылықтың бәрі қазақ әдебиетінен өз көрінісін тапты да, сатира, юмордың қалыптасуына негіз, себеп болды. Жығыспай бітіспес қарсы топтар, идеологтары бірін-бірі әшекерелеуде, кекетіп-мұқатуда сықақты қару-құрал етіп пайдаланды. Мысалы, “Тіршілік” газетінде Ақпан революциясынан кейін-ақ С.Сейфуллиннің “Күзетші иттер” атты мысал-памфлеті жарияланды. Онда қазақ елін билеп жүрген жалпы болыс, әкімдер, уақытша үкімет өкілдері, “Қазағым”, “елім” деп еңіреген боп жүріп, ел-жұртын талап жатқан өтірік ұлтшылдар өз қорасына шапқан опасыз иттер бейнесінде әшекереленді”.

Үстемдіктен айрылғысы келмеген жаулар Колчактай қарт генералды қолға алып, кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізді. Алғаш олар табыссыз да болмады. Колчактың осы уақытша салтанатын әшекерелеп “Дұрыстық жолы” газеті “Сауысқан жандарал” атты оқшау сөз жариялады. Ол Колчактың қалай күшейіп тұрғанын былай келеке етті: “Шіркеу қоңыраулары өзінің түрлі үнімен Колчактың салтанатын дүниеге білдіруде. Шіркеулерде байлар ақшасына алынған қымбат шамдар бықсып жануда. Алтын киімдерге оранған ұзын шашты поптар да шөлмектерін тұтатып, Колчак патшасына ұзақ өмір тілеп, зар қағады...

— Колчак салтанаты!

— Колчак той жасады. Арақ өзен суындай ағуда! — деген даурықпа дауыстар көтерілуде”.

Газет мұның бәрі өткінші дүние, баянсыз дәурен екенін зор сеніммен айтады. Сауысқан жандарал “...

күндердің күнінде шұрым-бұрымын тиеп Россияға қарай аттанады. Ай жүреді, жыл жүреді. Орал тауларына да барып жетеді. Екі арада атыс басталады. Шалғы мұртты қарт казак өзі де, тәпелтек аты да жермен жексен болады. Баяғы заңғар таулар, күйік шалған далалар казактың өзін де, атын да жұтып қояды”, — деп оның болашақ тағдырын көз алдына келтіреді.

Фельетон уытты жазылған. Онда күлкілі теңеулер, салыстырулар көп. Қарт Колчакты ұзын күйрықты, сүйір түмсықты, тұрақсыз сауысқанға теңеген. “1919 жылға қарай қазақ сатирасы тұрмыс, этика тақырыптарына бет бұрды. Адамдардың санасындағы, іс-әрекетіндегі, мінез-құлқындағы зиянды әдет-дағдыларға қарсы күрес аша бастады. Оразақын Лепесов “Көмек” газетінде жарияланған “Жалқаулық” атты сықағында “Алма піс, аузыма түс” деп жатып алған, “Таңғы ас тәңірден” деп Аллаға қарап ауыз ашып отыра беруді келемеж етті. Тірлікті, ризықты Алладан күту, Аллаға аманат етіп қою ұятсыздық деп бағалады. “Бөркімізді лақтырып жіберіп Аллаға алып бер десек, алып бере ме. Жоқ. Олай болса, ризықты да Алла бермейді, еңбек береді. “Әрекетсіз берекет болмас” деген сөзді ойлан. “Еңбек қылсаң тоярсың, егін салсаң, орарсың” деп жалқаулықты, жұмыссыздықты жеріне жеткізе сынады. “Қырғыз-қазақ жас буындары, тезірек алға, еңбекке!” деп ұран салды”.

“**Кедей сөзі**” газеті 1920 жылғы 22 сәуірдегі санында нөмірінде Жәнібекұлы Жанұзақтың “Түлеме жуандар тегеурін астында” деген фельетонын жариялады. Онда қазақ интеллигенттеріне, әкімдеріне тән жаман мінез-қылықтар сыналды. Газет пен автордың айтуынша, “Іс басына мінген қазақ баласы ел аралап жүргенде лепіре сөйлеп, тұрпайы мінез көрсетеді”. Колчак орнатып кеткен үрейді кетіру орнына олардың бірі “Мен қазақ облыстарының үстінен шыққан комиссармын. Бәлен күні бәлен бекетке ат даярлат, қолымда қазақтан жігіт алатын бұйрық бар” деп үркітеді. Екінші біреуі “Ақтан қалған мал, нар қараны жинай шықтым. Ілгері ауылға шабарман жібер! Бәленше байдың үйі күтіліп тұрсын!” деп бұйырады.

Тағы біреуі: “Мен уездік мекемеден шыққан инструктормын. Болыс, ауылкомды қолмен қоям. Ас, ат даярла! Аймақ жиналсын, әйтпесе...” деп қорқытады. Ілгері ауылға шабарман құйындата жөнелді. Мән-жайды көсілтіп жеткізеді”.

Мұнда сол тұстағы сақара шындығы дұрыс суреттеледі, ел арасында “лай судан балық аулайтын” әр қилы сұмдардың бой көрсетуі, асыра сілтеушілік айыпталады. Уәкіл келіп қалғандағы байлардың әрекеті мен “құрмет-ілтисыпаты” да шебер мырсықылданған. Олар: “Қатын, мына қонақтардың астына көрпе сал, ет ас!” деп бәйек қағады. “Кезек кімдікі еді, ат даярлатындар” деп жігіттеріне нұсқау береді. Сөйтеді де, өкілдің қасына жанбастай жақындап, жөн сұрайды. “Ойбай, өзіміздің бала екенсің ғой!” деп туысқан бола қалады. Сөз арасында жігіттеріне: “Иттердің ешқайсысы ат жекпесе, өзіміздің қара жорғаны жегіндер” деп мырзасып қояды. Өкілге қарап: “Мына баратын ауылыңызда аққа қызмет қылған бай жігіт бар, оны сайламаңыз. Біз ақтан жүрдай болып таланып қалдық” деп мүләйімсиді. Шай ішіп, тысқа шыққанда өзінің ревком болу ниеті барлығын аңғартады...

Қара жорға жегулі шана көлденең тартылады. Оған отыра берген “төреге”: “Күн суық, мынаны киіп алыңыз, суық тиіп ауырып қаларсыз” деп түлкі ішік жабады. Өкіл мырза тамағын кенеп, мұртынан күліп ішікті икемдей түседі. Осының бәрі — сәтті сурет. Мұнда байлардың зымияндығы да, қорыққанынан жүрдай жорғалауы да, парақорлығы да әдемі әшкереленген. Оларға өз бейне, психологиясын аша түсетін сөз, қимыл-әрекет берілген.

“Кедей сөзі” газеті “Әлеуметтік аурулар” деген фельетонында да үлкен саяси мәселе қозғады. Ғасырлар бойы қазақ елін жеңіл билеп, оңай олжа ету үшін Романовтар өкіметі көптеген астарлы айла жасады. Ең алдымен, елдің ішіне өзара өшпенділік өртін тастап, ағайын арасындағы алауыздықты күшейтті. Сөйтіп, өзімен өзін алыстырып билеп отырды. Екіншіден, қазақ халқын надан етіп ұстады. Көзі ашылса, есі кіріп, белденіп өзімізге қарсы шығады

<sup>1</sup> О партийной и советской печати (сборник документов). М., 1954. С. 305, 310.

деп қорықты. Фельетон осы жайларды дұрыс көрсетіп келеді де, патшалық құрылыстың сайлау дегенді шығарып, жікшілдікті, партиягершілікті мүлде күшейтіп, елді аздырып жібергенін әшкерелейді.

“Ақ жол” газеті де күлкі-сықақ, фельетонға кең орын бере бастады. “Қайтсең көсем боласың” деген сықақ өлеңінде кейбір қазақ жігіттерінің атаққа ие болып, елге көріну үшін не істеу керек екенін теріс түсінетінін сықақтады. “Ақ жол” газетінде “оқшау сөз” деген айдармен нақты фельетондар да көрінді.

Сатира жастар баспасөзіне де еркін енді. “Жас қазақ” журналы “Күлкі” бөлімін ашты. Мұнда ол “Сақау Рахметтің ісі” деген анекдот әңгіме және “Байдың сыры” атты оқшау сөз жариялады.

1917-1925 жылдар арасы қазақ кеңес сатирасының туу, қалыптасу кезеңі болды. Шығып жатқан газет-журналдарда сол кездегі қоғамдағы теріс, келеңсіз жайларды келеке ететін әзіл-сықақ, күлкі-мысқал, сықақ өлеңдер, шағын фельетондар орын ала бастады. Онда сатираға тән уытты, тілмен әділетсіздікті, зорлық — зомбылықты сынаған. Сол кезде сатираның басты тақырыптары әйел теңдігі, жастарды жаңаша тәрбиелеу, ескі өмір, шіріген салт-сананы күлкі ететін сатиралық шығармалар болды.

### ә) “Шаншар”, “Жаршы”, “Балға” сатиралық журналдары мен “Еңбекші қазақ” газетіндегі сатиралық материалдар

1925 жылдан кеңестік қазақ сатирасы өрлеу кезеңіне бет алды. Ол 1938 жылға дейін дамудың гүлдену, кемелдену дәуірін өткізді. Бұл аралықта оның шарықтай көрінуіне көптеген тарихи алғы шарттар себеп болды. Партияның 1924 жылдың мамыр айында өткізген XIII съезі “Баспасөз туралы” арнаулы қаулы қабылдады. Сөз жоқ, бұл тарихи құжат тек қана баспасөз емес, бүкіл әдебиетімізді дамытудың үлкен жобасы болған еді. Онда әдебиеттің барлық түр, үлгілерін толық пайдалану, фельетон, шолу, библиографияны үзбей беріп, партиялық әдеби сынды күшейту қажет делінді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Т.Қожакеев. Сатира негіздері. Алматы, 1996, 362-363-беттер.

Осыған орай сатиралық басылымдар пайда болды. Қазақ тілінде алғаш рет 1925 жылы “Шаншар” атты сатиралық журнал шықты. Ол алғашқы санындағы “Шаншар кім” деген бас мақаласында өзінің мақсат-міндетін “Заманға мойын ұсына алмай, ескіні қолдан бере алмай жүргендерді мүйізіне ілмек... Елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғы шалыс басқанды іздеп жарияламақ. Шындық, түзулік, әділдік қылышын қолына тұтып, кеңес жолына түсіп, шын кедейлер жаршысы болмақ” деп атап көрсетті. Сөйтіп, Ташкент қаласында шыққан алғашқы сатиралық журнал өз материалдарында сол кездегі өмір, тіршілікте жиі кездесетін кейбір кемшіліктерді орынды әжуалады. Осымен қатар 1929 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес комитеті Президиумы мен халық комиссарлар кеңесі жаңа әліппені насихаттау үшін “Жаршы” журналы шығарылды. Бірақ, ол бүтіндей күлкі-сықақ басылымы емес еді. Дегенмен, тұсындағы кемшіліктерді сынап, жоюда едәуір іс атқарды. Үшінші бір сатиралық “Балға” журналы 1932 жылы жарық көрді. Ол өзінің мақсатын, сипатын, неге балға екенін “Мен балғамын, пролетариаттың күшті қаруы мен еңбек құралымын. Мен қирата білем, жайната білем, бұза да білем, соға да білем, бүлдіремін де, күлдіремін де... Өмірдің де, өлімнің де иесі — Балға. Балғадан ойын шықпайды, іс шығады. Балғадан ескі дүниенің өлімі болады. Балға жаңа дүниенің өмірін соғады. Мен ұратын жау бар: ол — байлар, байдың табы. Мыж-мыж қылам, құртам. Бай-қулақтың агенті, оппортуни атаулы, төрешілдер, кесірлер, күл-талқанынды шығарам. Молда, пролетариат .. мен болам. Көбірек гүрсілдетер кісімнің бірі сен боларсың”, — деп түсіндірді. Осыған орай “Балғаның” бетінде Қ.Қуанышбаевтың “Өшірет”, М.Гатаулиннің “Моды”, Қ.Тайшықовтың “Өкінемін”, “Айна алдында” деген сықақ өлең, фельетондары жарияланды.

Ал, “Еңбекші қазақ” газеті болса, нөмір сайын фельетон жариялап, сатирик журналист, жазушыларды төңірегіне топтастырды. Қостанайдан

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. 1-кітап. 1967, 131-бет.

Бейімбетті шақыртып, фельетонист етіп алды. 1927 жылы оқшау сөзге бәйге жариялады. Газет мұндағы мақсатын біреудің атын шығарып, абырой әперу ғана емес, “қаламының желі бар, тілінің ебі барлардың шамасын білу, әсіресе, жас жазушылардың шама-шарқын көру, ел ішіндегі әңгімелердің бет пердесін ашу, неше түрлі жолсыздықтарды әйгілеп, жұрт алдында масқаралық мінездердің бетін ашу, қылмысты жұмыстарды заң орындарының құлағына салу ” деп түсіндірді. Сөйтіп, бұл тұста сатирамызды уытты да күлкілі ету үшін сөздік қорымыз да тиімді пайдаланыла бастады. Қазақ сатириктерінің бәрінің де шығармаларынан теңеу, келісті жіліктеу, жарасты бейнелеу, қонымды эпитет, мысқылды ирония, әдемі әзіл, алымды әжуа, мәнді мақал-мәтел, қанатты сөздер, салыстыру, шендестіру мол орын алды. Сондай-ақ, қазақ сатирасы түр жағынан да байыды. Бірсыпыра сықақтарда ауыз әдебиетінің айтыс, беташар, қоштасу, сыңсу, жоқтау үгілері пайдаланылды.

### **б) Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы және одан кейінгі жылдардағы қазақ сатирасы**

1938-1952 жылдар кеңестік қазақ сатирасы дамуының бәсеңдеу белеңі, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда тоқырау дәуірі болды. Оған себеп —1937 жылдан бастап көптеген адамдарды жөнсіз “әшкерелеу”, қудалау орын алды. Бұл қазақ сатириктерінің де қатарын сиретті. Жауынгер жанрдың Ілияс пен Бейімбеттей алтын діндектерінен айрылды. Қиянат құрығына Қадыр Тайшықов, Р.Еркінбеков те ілінді. Аманғали Сегізбаев кейін майданға кетті. Сатира аренасында А.Тоқмағамбетов пен С.Төлешов ғана қалған еді. Соғыс басталысымен С.Төлешов бір аудандық газетке редактор етіп жіберілді. Ол онда сын-сықақ жазуды мүлде сиретті. Бұл туралы қазақ сатирасының белгілі теоретигі, профессор Т.Қожакеев “Отызыншы жылдардың аяғынан елуінші жылдардың басына дейін әдебиеттану ғылымында “тартыссыздық теориясы” орын тепті. Оны уағыздаушылар социализм жеңген,

<sup>1</sup> Т.Қожакеев. сатира негіздері. Алматы, 1996, 402-бет

антагонистік топтар жойылған біздің елде тартыс тудырарлық, оған негіз боларлық қайшылық қалған жоқ. Кеңестік өмірді енді тек жақсы көрсету керек деген пікір айтты. Табыстарымызды тамашалап, таңдай қағып, қуана күлуден басқа еш нәрсе қалған жоқ деп даурықты. Бұл “теория” жазушыларымыздың ізденісіне тұсау болды. Тек жағымды күлкі іздетіп, сарсаңға салды. Сықақшыларға “тұрмыс оңалды, тұрмыс көңілді бола бастады”, “енді күлкіні сол тамаша өмірден іздеу керек” дегізді. Мұның бәрі әшкерелеуші, ұйты сатираның енді қажеті жоқ, біздің елде оған негіз боларлық дерттер табылмайды деген сөз еді” — деп жазды. Осы айтылған жағдайлардың салдарынан 1938-1952 жылдар аралығында қазақ кеңес сатирасының дамуы бәсеңсіді. Баспасөз бетінде сын-сықақ сирек шығатын болды. Бірде-бір сатира кітабы жарық көрмеді. Бұл аралықта жалпы кеңес сатирасында дамудың баяулығынан Орталық партия комитеті “Крокодил” журналы туралы 1948 және 1961 жылдардағы қаулыларында ашып айтты. Сатира туын биік ұстауға тиісті жауынгер жанрды ұқсата алмай отырмыз деп мойындауға тура келді.

“Кейбір Совет адамдарының санасындағы капитализм қалдықтарына қарсы күрес міндетін нашар орындауда” деп көрсетті. “Дегенмен, жеке адамға табыну кезеңі әдебиетіміздің жалпы даму тенденциясын, алға басуын тоқтата алған жоқ”. Қазақ сатирасы да өмір сүріп, ұлы құрылыс істерінде, фашизмді жеңуде халыққа көмектесіп, қызмет етіп қала берді.

Адамзат баласына көп қайғы-қасірет әкелген, миллиондаған ер азаматты қыршын кетірген екінші дүниежүзілік соғыс та аяқталды. Бейбіт еңбек дәуірі басталды. 1946-1950 жылдарда кеңес халқы төртінші бесжылдық жоспарды орындау күресінде болды. Тіпті, қуғынды-сүргінді жылдардың өзінде қазақ сатирасы із-түссіз жоғалып кеткен жоқ. С.Төлешов аудандық газетке ауысқанға дейін 1938-1941 жылдар арасында 30-ға тарта фельетон жариялады. Олардың ішінде “Қыз ойнақ”, “Ескірген мақал”, “Тозған етік”, “Қол соғылмайтын көріністер”, “Қарабұлақтан

<sup>1</sup>В.И.Ленин. Шығармалар. 35-том. 33-34-беттер.

хат”, “Қолынан келеді, қонышынан басады”, “Қырық тиын”. “Ұзынқұлақ” сияқты белгілі материалдары бар.

Бұл тұрғыда сатираға бұрыннан араласып келе жатқан А.Тоқмағамбетов те колхоз, совхоз шаруашылығындағы әр алуан кемшіліктерді, жеке адамдар санасындағы ескі, зиянды сарқыншақтарды әшкерелеуге бағытталған “Петровтың құйрығы”, “Отырғызды”, “Шым-шытырық”, “Тоқтабайдың тоқтамы”, “Избирком”, “Қойдың басы” сияқты фельетондар жазды. Жатып ішер арамтамақ, жалқауларды әжуалайтын “Сүмелек қайынаға”, “Қыдырмалар”, “Қылтың-сылтың”, “Желіккен жеңгейлер”, “Қымқиғаш” сияқты бір топ сықақ дүниелері жарияланды. Т.Қожакеевтің сөзімен айтқанда “Өмірді сәндену, құбылтып киім кию, боянып, опалану деп түсінетіндер әдебиетіміз де үнемі сықақталып келеді. Асқар Тоқмағамбетов “Желіккен жеңгейлерінде” осы тақырыпты тереңдете ашты. Яғни ол жеңгейлерді киінгені, күтінгені, әсемдік, гигиена сақтағаны үшін емес, еңбек етпейтіні үшін сынады”. Сатирада сынайтын нәрсе қалмады дегендерге Ұлы Отан соғысы нысананы да, тақырыпты да тауып берді. Бұл тұстағы сатираның негізгі міндеті неміс фашистерінің арам ниетін, басқыншылық саясатын әшкерелеу; “асыл нәсіл тек неміс” дейтін фашистік теорияны жоққа шығару; осы көзқарастың құлы болған неміс офицерлерінің арсыздығын, тонаушылығын көрсету болды.

### в) “Ара” журналы

1952 жылдан жалпы кеңестік сатира қайта өрлеу жолына түсті. Мұның да өзіндік себеп-салдары бар. Орталық партия комитетінің “Крокодил” журналы 1951 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысы сол уақытқа дейін орын алып келген сатираға теріс көзқарасты қайта қарауға түрткі болды. Осы қаулының негізінде “Правда” газеті “Әдебиет пен өнердің жаңа табыстарына жетейік” деген редакциялық мақала жариялады. Онда “тартыссыздық теориясына” соқ-

<sup>2</sup> Т.Қожакеев. сатира негіздері. Алматы, 1996, 432-433-беттер.



қы беріліп, бұл уақытқа дейін кеңес сатирасының нашар дамып келгені айтылды. Енді оны жаңа сатыға көтеру міндеттелді.

Бұл міндет КОКП-ның 1952 жылы қазанда өткізілген ХІХ съезінде, тіпті баса айтылды. Съезде біздің кеңес беллетристикасында, драматургиясы мен кинематографиясында күні бүгінге дейін сатира жоқ. Кеңестік өмірде сатира үшін материал табылмайды деу қате. Өмірдегі барлық төзімсіз шіріген, өліп-өшкен нәрселерді сатира отымен күйдіріп отыру керек деп көрсетті. В.И. Лениннің 1912 жылы айтқан “жаңа Щедриндер туатын мезгіл жетті” деген пікірін әдебиет қайраткерлерінің есіне қайта салды.

Сатира саласындағы бұл өрлеу, бұл жаңа бетбұрысты партияның ХХ съезі тағы да күшейтті. Оның тарихи шешімдері бірсыпыра шындық принциптерді қалпына келтіріп, творчестволық инициативасын арттырды. Сатираның кең қанат жаюына жаңа жағдай жасады. Енді сатириктеріміз өз ой-пікірін, көңілдегісін еркінрек, батылырақ білдіре алатын болды. Сатиралық баспасөз бұрынғыдан да дами түсті.

Соның нәтижесінде Қазақстанда да саяси-сатиралық “Ара” (“Шмель”) журналы 1956 жылдың наурыз айынан бастап, екі тілде (қазақша-орысша) 20050 дана болып шыға бастады. **Бас редакторлығына жазушы Ғ.Мүсірепов, редактордың орынбасарлығына Д.Снегин тағайындалады.**

“Ара” журналының сол кездегі басты міндеттерінің бірі — ұрлық, зорлық, өтірік-өсек, алдау-арбау, төрешілдік, мансапқорлық, алыпсатарлық, қалың мал сияқты ескіліктің қалдықтарымен күресу және оларды сатиралық өткір тілмен түйреп, әшкерелеу болып табылды.

“Ара” журналаның алғашқы сандарында назар аударарлықтай материалдар баршылық. Әсіресе, басылым беттерінде жарияланған карикатура, шарж, сатиралық суреттер оқырман көңілінен шыққандай. Мәселен, суретші Федорцевтің “Қоқиланған қаздар”,

Леонтьевтің “Осы жұрт мені текке жамандап жүр”, Бейсеновтың “Құртты-ау, мына кебенек” тәрізді сықақ, әзіл-қалжыңға құрылған карикатуралары ойдан шығарылған емес, өмірден ойып алып берілген дүниелер.

Сондай-ақ “Ара” журналының кейінгі сандарында қоғам өмірінде кездесіп отырған талай кемшіліктердің бетін ашатын Ө.Қанахиннің “Сарышұнақтармен шайқасу”, А.Егізбаевтың “Берекесіз бес күн”, Павлованың “Сынсыз кеңес, сылдырсу”, М.Балюктің “Кімге жүгінеміз”, Леховскаяның “Жердің асты мен үстінде” фельетондары мен А.Токмағамбетовтың “Көктемгі көріністер” және Ш.Смаханұлының “Қылкөпір” сатиралық өлеңі жарияланды..

Журнал шыға бастаған 45 жыл ішінде оның тікелей әсерінен С.Адамбеков, О.Әубәкіров, Ш.Смаханұлы, Ж.Алтайбаев (1961-1971 жылдары редактор болған), Ғ.Қабышев, Ү.Уайдин, С.Кенжеахметов, К.Әмірбеков, Ө.Жаппарханов, Қ.Ілияс, т.б. сияқты көптеген сатира сарбаздары өсіп, тәрбиеленіп шықты.

Бұл туралы зерттеуші, ғалым Т.Қожакеев: “Ара” журналының шығуы қазақ әдебиетіндегі, жалпы баспасөзіндегі сатираның одан әрі дамуына ықпал жасады. Оның игі ісінен, үлгісінен үйреніп, аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдар сықақ бұрыштарын ашты. Мұны баспасөз тәжірибесіндегі материал берудің жаңа әдісі, жаңа түр, жаңа өрнек ретінде жұртшылық жақсы қабылдады. Сықақ бұрыштары, біріншіден, баспасөзімізге жаңа үн, жаңа леп әкелді. Газет журналдарымыздың нәрін, татымын жақсартты. Оларды оқушылар бұрынғыдан да қызығып, сүйсініп оқитын етті. Екіншіден, алыстағы ауыл, аудандардағы сықаққа әуесқой жастардың көрінуіне көмектесті. Үшіншіден, сықақ бұрышы жалпы сатирамызды жанр жағынан түрлендіре түсуге мүмкіндік берді” деп түйін жасады.

## 10. Қазақ балалар баспасөзінің тарихи а) “Пионер” (“Ақжелкен”) журналы

1925 жылдың қаңтар айының 1-ші жұлдызынан бастап қазақ балаларына арналған “Пионер” журналының алғашқы саны шықты. Бұл туралы “Лениншіл жас” газетінің сол жылғы 44-ші нөмірінде: “Аймақтық пионер бюросы мен халық ағарту комиссариатының “Пионер” атты қазақша балалар журналының бірінші номері шықты. Губерния, уездердегі талапкерлер, барлық пионер балалар мезгілімен алдырып қалындар...” деген хабарландыруы жарияланды.

“Пионердің” алғашқы санында оның тұңғыш редакторы Ерғали Алдоңғаров: “Пионер” журналының қысқаша айтқанда мақсаты: мектеп, балалар үйлеріндегі, коммуналардағы қыршындарға, олардың арасында іс қылып жүргендерге қолданба боларлық, коммунизм тәрбиесін бере аларлық тап маңызын ұғынарлық мағлұмат беру. Журналды көптің, бүкіл балалар тобының көсемші-ақыл, күші, жақын дос қылу”, — деп оқырмандарын журналдың бағыт-бағдарымен таныстырды.

Араб алфавитімен терілген “Пионер” журналы сол кезеңдегі сауатсыздықты жою мектептерінде үлкендерге хат танытып, әріп үйретіп жүрген қазақтың тұңғыш пионерлерінің қолынан түспес серігі болды. Оны қызыл отаулар құрамында ауыл-ауылды аралап жүрген пионерлер жиылған жұртты таңқалдыра оқып бергені, талай баланың оқуға, білуге деген талпынысын арттырды.

1931 жылы “Пионердің” аты “Екпінді жас” болып өзгерді. Ол балғын жастарды ел өміріндегі ең қажетті істерге бастаушы бола білді. Сауатсыздықты жою, мал төлдету, егін салу, арық қазу, т.б. барлық жұмыс басында пионердің табылуына әсер етті. Осыдан соң белгісіз себептермен біраз уақытқа жабылып қалған бұл журнал 1937-1939 жылдары “**Вожатыйға көмекші**” деген атпен қайтадан шықты. Редакторы Рамазан Аманкелдин болды. Бұл кезде оның беттерінде тарихи-этнография мәселелеріне көп көңіл бөлінді.

1939 жылы “Халық батыры А.Имановтың ізімен” атты экспедиция ұйымдастырылды. Сондай-ақ, оның бетінде “Компас” атты географиялық саяхаттар қоғамының материалдары да жарияланып тұрды. Журнал 1939 жылы латын әрпіне көшті. Редакторлығына Қасен Сейілханов тағайындалды.

1940-41 жылдары оның беттерінен уақыт лебі айқын сезілді. Мәселен, 1941 жылғы санында 1936 жылы 13 қаңтарда Кремльде СССР мал шаруашылығы озаттарының кеңесінде “Қызыл Ту” орденімен наградталған 12 жасар қыз Роза Шамжанова туралы “Мәңгі ұмытылмайтын сағат” деген мақала жарияланды.

Журналдың 1947 жылғы редакторы Сәкен Дайырбеков болды. Бұл кезеңдегі ең басты тақырып Отан экономикасын арттыру, қорғаныс күшін нығайту және әскери-патриоттық тәрбиені жақсарту болып табылды. Журналға әр жылдарда Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқановтар да қатысты. “Пионер” тек балалар ақылшысы ғана емес, тәлімгері де бола білді. Ж.Молдағалиев, Е.Әукебаев, А.Байтанаев, И.Байзақов, С.Сарғасқаевтардың да өлеңдері мен мақалалары жарияланып тұрды. Сондай-ақ, балалар баспасөзінің аяғынан тік тұруына С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Ғ.Орманов, Ж.Сыздықовтар да өз үлестерін қосып, жақсы өлең, әңгімелерін балаларға тарту қылып отырған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген сала-лық газет-журналдармен бірге уақытша шығуын тоқтатқан “Вожатыйға көмекші” 1946 жылдан бастап өзінің бұрынғы “Пионер” деген атымен жас оқырмандарына қайтып оралды. Оның 1946 жылдан 1952 жылға дейінгі редакторы Төкен Әбдірахманов болды. Сол жылдары оған белгілі ақын-жазушылар М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Х.Ерғалиев, Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілев және т.б. атсалысты. Соғыстан соң қайта шыққан журналдың бірінші санында М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Сәтбаевтардың құттықтау мақалалары басылды. Онда журналдан, оқырмандардан ұлы адамдардың көп нәрсе күткендігі туралы сөз болады. Мысалы, әйгілі айқын, майдангер жазушы Қасым Аманжолов “Пионердің” тұрақты авторы болды. Соғыс өртін көзімен көріп, от пен

оқ арасында жүріп сомдаған отты жырларын ол сол журналға жариялап отырды. Соғыстың бел ортасындағы оқиғаларды оқырман көзінен өткізе отырып отан сүйгіштікке, ерлікке тәрбиеледі. Жалпы, соғыстан кейінгі жылдары газет-журнал беттерінде батырлардың ерлігін жырлап, дәріптеген әңгіме-жырлар көп берілетін.

1952-1955 жылдар аралығында “Пионер” қазіргі академик Серік Қирабаевтың редакторлығымен шықты. Ол кездерде журнал авторларының арасында М.Әлімбаев, С.Бақбергеновтер болды. Басылымда Сәкен Жүнісов, Т.Молдағалиевтардың тырнақалды өлең, әңгімелері жарияланды. Сөйтіп, алғашқыда іргетасын Сапарғали Бегалин, Сейітжан Омаров, Зияш Қалауова, Баубек Бұлқышев қалаған балалар әдебиетінің шаңырағын Б.Соқпақбаев, С.Сарғасқаев, Ш.Смаханұлылар жоғары көтерді.

“Пионердің” басқа басылымдардан бір артықшылығы ұлттық салт-дәстүр, ойын-сауық түрлерін жиі насихаттап отырған. Ол өзінің “Ұлт ойыны” деген айдары арқылы оқырманына ақсүйек және т.б. ойындар туралы мағлұмат беріп, оның жетістіктерімен қатар кейбір кемшілік жақтарын да түсіндіретін. Сондай-ақ, қазақтың батырлар жырын, лиро-эпостық жырларды насихаттап, “Қамбар батыр”, “Алпамыс батыр”, “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырларынан үзінділер берген. Мұнда “Біздің календарь” деген айдар да болды. Осы айдар бойынша бүкіл елге танымал, атақты да ардақты адамдардың өмірбаяндары, еңбек жолдары әңгімеленді. Аз да болса, ғылым мен техника мәселесіне де көңіл бөлінді.

1960 жылы “Пионер” жабылып, орнына “Білім және еңбек” ғылыми-көпшілік журналы жарық көрді. Бұдан соң тек 1978 жылы ғана белгілі ақын, қоғам қайраткері Ф.Оңғарсынованың редакторлығымен қалтадан шыға бастады. Осы кезден бастап жас талапкерлердің жеке творчествосына көбірек көңіл бөле бастаған. Мұнда “Шырқа, керней”, “Алау”, “Ақ желкен” айдарлары болды. Ал, О.Әубәкіров болса “Батпырауық” бұрышын жүргізді. 1985 жылы “Пионер” өзінің шыға бастауының 60 жылдығына байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет

грамотасымен наградталды. Журналдың аты тәуелсіздіктен соң “Ақжелкен” деп өзгертілді.

### Ә) “Қазақстан пионері” (“Ұлан”) газеті

“Қазақстан пионері” газеті алғаш рет 1930 жылдың 14 наурызында “Лениншіл жас” газетінің 5-6 беттері болып “Пионер” деген атпен шыға бастады. Оның алғаш редакторы болып Ахмет Нұралин тағайындалды.

1937 жылы “Пионер” газетінің аты “Октябрь балалары” болып өзгерді. Ол осы жылдың наурызының 9-нан 1941 жылдың 28 маусымына дейін, яғни соғыс басталғанға дейін осы атпен шығып тұрды. Газеттің 26 маусым күнгі нөмірінің алғашқы бетінде “Пионерлер Ұлы Отанымыздың күш-қуаты арта беруі үшін қолдарыңнан не келсе, соның бәрін де істендер” деген шақыру ұраны жарияланды.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң 1946 жылдың 1-ші қаңтарында бұрынғы “Октябрь балалары” газетінің орнына “Қазақстан пионері” газетінің шығуына орай Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы балаларды құттықтады. Бұдан алты жыл бұрын 1940 жылы бұл газеттің 10 жылдығы тойланған еді. Осыған байланысты жас ұрпақтарымызды коммунистік рухта тәрбиелеу ісіндегі оның игілікті еңбегі зор бағаланып, газетке және оның бірқатар тілшілері мен авторларына Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасы берілді. Газеттің сол кездегі жас авторларының бірі Мәлік Ғабдуллин Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін Совет Одағының Батыры деген даңқты атқа ие болды. СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Бұл газеттің басқа да бірсыпыра қызметкерлері жас Отанын қорғауға аттанып, жауға қарсы ұрыстарда ерліктің, қаһармандықтың, Отанына шексіз берілгендіктің тамаша үлгілерін көрсетті.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы “Қазақстан пионері” газеті жас жеткіншектерді сүйікті Отанымызға, большевиктер партиясына,

данышпан көсеміміз Лениннің ұлы ісіне шексіз берілгендік рухында тәрбиелей береді. Болашақ өмірдің қожасы болатын жас ұрпақтарымызды терең ойлы, саналы, талантты, тәртіпті етіп өсіру ісіне тікелей көмектеседі деп сенеді” деп құттықтады.

Бұл міндеттердің жүзеге асуына сол жылдары “Қазақстан пионері” редакциясында белсене қызмет істеген Есенжол Домбаев, Мұхаметжан Етекбаев, Рза Қуанақова сияқты журналист-жазушылардың қосқан үлестері мол болды. Олар газет бетінде жас ұрпақты өнерсүйгіштікке, ең-бекқорлыққа баулу, біліммен сусындату жолында “Ильич өмірі — бізге үлгі”, “Сұлулық дүниесіне саяхат”, “Пионер — комсомол аға қолқанаты”, “Пікірлесу клубы”, “Ұстаздар дөңгелек стол басында”, “Космонавтар”, “Сенің үлгілі досың”, “Пионер екенсің — оқуда озат, еңбекке күштарсың” деген тұрақты айдарлар ашты.

“Қазақстан пионері” алпысыншы жылдардан бастап ғылым мен техника мәселесіне көптеп ден қойды. Өйткені, уақыт ағымы, қоғам мүшесінің ой-өрісі осы тақырып төңірегінде топтаса бастады. Газеттің макеті де жақсарып, бояуы қанық, тақырыбы түрленіп, латын әрпінен кириллицаға ауысты. Оның бетінде оқырман жазған хаттар төңірегінде пікір-таластар орын алып отырды.

1960-1970 жылдары “Қазақстан пионерінің” жүздеген мың тұрақты оқушысы болды. Әрі олар баспасөзбен тығыз байланысып тұрды. Газет редакциясына жылына 20000-нан астам хат келетін. 1975-1979 жылдардан бастап газет жас тілшілерді тарта бастады. “Жас тілшілер блокнотынан” аты арнайы сабақ жүргізілді. Мұнда пионер баспасөзінің тілі, стилі жайлы, газет жанрлары түрлерінің жазылу формасы турасында әңгіме өткізілді.

“Қазақстан пионері” газеті тәуелсіздіктің қарсаңында, яғни 1990 жылдардың қаңтар айынан бастап заманға лайық “Ұлан” деген атпен шығып келеді. Газеттің қалыптасқан дәстүрін сақтап, балауса буынды отаншылдыққа, ата дәстүрін сақтауға, тілімізді қастерлеу рухында тәрбиелеуге белгілі балалар ақыны, тәжірибелі журналист ұзақ жыл редакторлық қызмет атқарған Сұлтан Қалиевтың сіңірген еңбегі ерекше.

## б) “Балдырған” журналы

“Балдырғанның” алғашқы саны 1958 жылдың маусым айында жарық көрді. Редакторы Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттің сыйлығының лауреаты М.Әлімбаев, жауапты хатшысы Әнуарбек Дүйсенбиев, проза бөлімінің меңгерушісі Қадыр Мырзалиев, меншікті тілшісі Тұманбай Молдағалиевтар болды.

“Балдырғанның” соңғы жылдарға дейін келген “Күлдіргеннің бүлдіргені” деген айдарында баланың білместікпен жасаған қылықтарын сурет арқылы көрсетіп отыру әдетке айналған. Сондай-ақ “Бала тілі — бал” деген айдар арқылы оқырман хаттарындағы езу тартар, сәбилердің мінез-құлықтарын көрсететін әңгімелерді беріп отырған. 1960 жылдан Б.Соқпақбаев жүргізген “Табиғат тамашалары” атты айдар арқылы жас оқырмандарға кемпірқосақтың неге шығатыны, бүркіт ұясын неге қияға салатыны, қыста терезеге неге қырау тұратыны жайлы танымдық материалдар көптеп беріліп, түсіндіріліп отырылды.

1970 жылдардан бастап “мына суретке қарап әңгіме жазындар” деп әр түрлі оқиғалардың бейнесін беру қолға алынды.

Осы арқылы балалардың қоршаған ортаға деген ынта-ықыласын арттырды. Сондай-ақ, мұнда әзіл-сықаққа көп мән берілді. Балалардың бойындағы ерсі қылықтарды көрсете отырып, ондай болмауға үндеді. Мысалы, “Балдырғанның”, “Кұбыжық” айдарында нашар, салақ, мақтаншақ, өтірікші балалар сыналатын. Оның үстінде мұнда “Сен білесің бе”, “Қуырмаш”, “Әріптерді біліп ал” айдарлары тартымды еді.

Онда жаңылтпаш, жұмбақ және т.б. беріліп тұрды. Бұған журнал қызыметкерлері, белгілі ақындар Жақан Смақов, Ескен Елеубаевтардың қосқан үлестері мол болды. 1986 жылы редакторлық екінші бір тамаша ақын Т.Молдағалиевтің қолына көшті. Еліміздегі соңғы жылдардағы көптеген өзгерістердің нәтижесінде 1990 жылдың қаңтарынан бастап “Қазақстан пионері” газеті — “Ұлан”, “Пионер” журналы — “Ақжелкен” болып аттарын ауыстырды. Тек “Балдырған” ғана сол күйінде қалды.



## 11. “Жұмысшы” газеті (1928-1930 жылдар)

1928 жылдың сәуір айында өткен Қазақстан кәсіпшілер одағының IV пленумы қазақ жұмысшылары үшін арнаулы газет шығару қажет деп тауып, 1 мамырдан бастап Қызылордада өлкелік партия комитеті мен кәсіподақ кеңесінің атынан “Жұмысшы” газетін шығару туралы қаулы қабылдайды. Басылым айтылған уақытта Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасында жарыққа шығады. Бұл жайында газеттің беташар мақаласында Ә.Байділдин былай деп жазады: “Бұдан біраз жыл бұрын “Жұмысшы” деген сөзді ауызға алу қиын еді. Жұмысшы бар ма, жоқ па деген әңгіме әжептәуір таласта еді, кейбіреулер “Қазақта жұмысшы жоқ, жоқты бар деу желөкпелік” деуші еді, “Қазақтан жұмысшы атанып жүргендер тон жамылған бұзылғандар” дейтіндер де жоқ емес еді. Жұмысшыны әлеумет ісіне көбірек қатынастырып, оны сол жұмысқа жетекші серке қылу құрғақ қиял сықылды еді. Мұның бәрі бекер екендігі осы күнде айқындалып отыр. Қазақтан шыққан жұмысшы “бар” ғана емес, көрнекті топ, саналы тап болуға айналғандығы анықталып отыр. Жұмысшыларымыз сан жағынан да, сапа жағынан да жыл сайын өркендеп өсіп келе жатқандығы тайға таңба басқандай көрініп отыр.

Бұған толып жатқан деректер бар. Қазір Риддер, Доссор, Қарсақбай, Жетіқара сықылды кен шығаратын кәсіпорындарында, Семей, Қызылжар, Алматы, Орал, Шымкент сықылды қалалардағы түрлі зауыттарда, Мақтарал сықылды ауыл шаруашылығы кәсібінде жүздеген, мыңдаған қазақ жұмысшыларының бастары құралып отыр. Балық кәсібі мен шойын жол, кеме қызметтерінде де бірталай жұмысшыларымыз бар. Жаңадан салына бастаған Түркістан – Сібір шойын жолына да бірнеше мың жұмысшы қазақ еңбекшілерінен алынғалы отыр.

<sup>1</sup> Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. Алматы, “Санат”, 1995 21-30-бб.

<sup>2</sup> ²СӘ. 2-том, 243-б.

Ел ішіндегі ауыл шаруашылығында да мың-мың-даған жалшы мен малайлар бар. Бұл айтылғандардың алды партияға, көбі түрлі кәсіпшілер одақтары мен қосшы ұйымына мүше болып, осы күнде әлеумет істеріне араласа бастады. Көбінің тұрмысы жөнделуге бет алып, салт-санасы да ояна бастады.

Міне, осылайша жаңа дәуірдің жаршысы болып, қазақ қоғамына ұлы өзгерістерді ала келген “Жұмысшының” алғашқы қадамын Ғалым Малдыбаев та қуана қарсы алып, “Жаса, жаса “Жұмысшы”! деп жыр жазады:

**Кешегі қанды азапты көрген жалшы,  
Өмірде қол күшіне сенген жалшы.  
Байлардың есігінде құл атанған,  
Жүрекке кектің уын терген жалшы.  
Кешегі тар заманда сақау, жалшы,  
Тәніне бейнет салған ақау жалшы.  
Жылтырап жер астында екі көзің,  
Түспеген қолдан ешбір қашау жалшы.  
Бүгін балға қолыңда, тасып қайрат,  
Көрік күрс-күрс құрышың бүрк-бүрк қайнап.  
Тарихынды ашып шын өз қолыңмен,  
Жаса, жаса “Жұмысшы” құлпыр жайнап!”—**

деп шаттанады.

Әрине, тұңғыш жұмысшы газетінің өмірге келуі Қазақстандағы мәдени құрылыстың күн санап ілгері дамып келе жатқанының көрінісі еді. Өйткені “Мәдени тілдегі күшті” деген материалда жазылғандай, қазақ еңбекшілерінің рухани толыса бастауы олардың талап-тілектерінің жоғары деңгейімен де еріксіз мойындатады.

“Жұмысшының” 23 маусымындағы 8-нөмірінде Қазақстан кәсіпшілер одағы кеңесі бастығының орынбасары Белаков, Мәдени-ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары Шапиро, газет редакторы Атырауұлының “барлық губерниялық кәсіпшілер одағының кеңесіне және одақтың кіндік басқармаларына” жолдаған төмендегі хаты басылды:

---

<sup>1</sup> ҚСЭ. 10-том. 622-б.

<sup>2</sup> ҚСЭ. 7-том 43-44-бб.

1) “Тез арада жұмысшы мен қызметкерлердің және батырақтардың жалпы жиылыстарында “Жұмысшы” туралы мәселе қозғалсын, баяндамалар жасалып, “Жұмысшының” маңызы, мақсаты айтылсын. Газетке ең алдымен белсенділерден бастап алушылар жиналысын және тағы “Жұмысшыға” тілшілер үйірмесі ашылсын.

2) Газет тарату мен тілшілер тағайындау мәселесін шешу мақсатымен алдымыздағы айдың ішінде қазақ белсенділері мен газет оқушылардың жиылысы шақырылсын. Бұл жиылыс басқармаға (газеттің), әсіресе “Жұмысшының” мазмұн жағындағы кемшілік көрсетуі керек. Қазақ мүшелердің өз газеттері “Жұмысшыға” қандай талаптар қоятыны айқындалсын, жиылыстың барлық қаулы, қарарлары “Жұмысшы” басқармасына жіберілсін.

3) Әрбір газеттер одақтары кеңселерінде, клубтарда қызыл бұрыштарда, кітапханаларда “Жұмысшы” газетін алдыруға арналған қаражат қоры болып отыруды қарастырылсын.

4) Әрбір кәсіпшілер одақтары “Жұмысшы” газеті шын мағынасында бұқараның ішіндегі кәсіпшілер одағының газеті болып шығуына керекті шараларды қарастырсын.

5) Ауыл шаруашылығы жұмысшылары одақтарының кіндік басқармалары ауылдағы батырақтар арасына газет таратып, олардың арасынан “Жұмысшыларға” ауылдық тілшілер үйірмесі ашылсын.

6) Ағарту қызметкерлері одақтық кіндік басқармалары: “Әрбір мұғалім “Жұмысшы” газетін алдырып оқуға және тағы бұқара жалшылардың арасында газетті түсіндіре жүруге міндетті” деген ұранмен мұғалімдерге міндет етіп түсінік берсін.

7) Кеңес жұмысшылары мен үй салушыларға және ас пісірушілер одақтарының кіндік басқармалары “Жұмысшы” газетін жұмысшылар аудандарына таратуға науқан ашсын. Жұмысшы тілшілердің белсенділіктерін күшейсін.

8) Жұмысшылар аудандары мен батырақтар арасындағы науқандарды округтік одақ кеңселерінің өздері басқарсын.

9) “Жұмысшыға” алдырушылар жинау реті өкілдер тағайындап, солар арқылы болуы жөн.

Өкілдері сайлау жөнімен ретті болсын”, — деген.

Төрт бет болып үлкен форматпен жұмасына бір рет жарық көретін “Жұмысшының” 1-бетінде ел өміріндегі аса елеулі қоғамдық-саяси жаңалықтар, ресми материалдар (пленум, съезд, конференциялардың есебі) басылған. Келесі бетінде жергілікті өндіріс ошақтарының жайы, ұйымдастыру жұмыстарының қорытындылары және басқа да өзекті мәселелер арқау етілген. 3-бетте өндіріс жұмысшыларының тұрмысы, дүниенің төрт бұрышында болып жатқан өзгерістер, жалшы өміріндегі елеулі мәселелер, әлеуметтік көзқарастарға арналған танымдық материалдар жарияланған. Ал соңғы бетте әр түрлі топтама хабар-ошарлар, қызықты деректер мен құлақтандырулар басылған. “Жұмысшы” газетіндегі журналистік шеберлік, талап пен талғам әр қилы тақырыптағы материалдардың басын біріктіре отырып орналастыру тәртібі олардағы мазмұн үндестігі мен жанрлық пішінде көрініс тапқан.

Тұңғыш нөмірі 7000 дана болып өмірге келген “Жұмысшының” өсу жолында бедерлі белестері мен соқпалы оқиғалары да аз емес. “Газет — өмір айнасы, өткеннің шежіресі” дегендей өз дәуірінің боямасыз тіршілігі мен тынысын қағазға түсірген “Жұмысшының” ұлттық баспасөздің тарихында алатын орны ерекше. 1928-1930 жылдар арасында газеттің барлығы 97 нөмірі жарық көрген. Оның 35-і—1928 жылы, 34-і—1929 жылы, ал қалған 28 нөмірі 1930 жылы шыққан. Газеттің таралымы да 1928 жылы 7000, 1929 жылы 9500, 1930 жылы 11000 дана болған. Басылымның шығарушы редакторлары да сан мәрте ауысып, өзгеріп отырған. Ең көп редакторлық еткен Есіркеп Қалымбетұлы болды. Газет соның кезінде форматын өзгертіп, көлемін кішірейткен. “Жұмысшының” өмірге келгенінен бастап, оған еңбегі сіңіп, қолтаңбасын қалдырғандар **Әбдірахман Байділдин, Әбдірахман Айсарин, Орынбек Беков, Бейімбет Майлин, Ғалым Малдыбаев,**

<sup>1</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 2-том. 413-б.

<sup>2</sup> Т.Қожакеев. “Жыл құстары”. Алматы, 1991, 187-196 бб.

<sup>3</sup> ҚСЭ. 1 том. 179-бет.

<sup>4</sup> Ә.Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1981. Т.5 Проза, 29-бет.

**Қалмақан Әбдіқадыров, Мәжит Боранбайұлы, Әбділда Тәжібаев, Сәбит Мұқанов, Қадыр Тайшықов, Асқар Тоқмағанбетов, Жақан Сыздықов, Измұқан Құрамысов, Жиенғали Тілепбергенов, Есіркеп Қалымбетұлы, Өтебай Тұрманжанов, Қуаныш Баймағамбетұлы, С.Атырауұлы, Қалдықараұлы, Айтмағамбетұлы және басқа да азаматтар еді.**

Халықтың “Заманы бірдің амалы бір” дегеніндей социалистік индустрияландыру дәуірінде Қазақтың ұлттық жұмысшы кадрларын қалыптастыруды мақсат-мұраты етіп өмірге келген “Жұмысшы” газетінің есею жылдары жайында жоғарыда сөз еттік. Алайда “Жұмысшының” алдына қойған мақсат-міндеттерін орындаудағы сан-саналы қызметі мен көтерген жүгін жеңілдете алған жоқпыз. Сөз болған мәселелер, айтылған ой-пікірлер талданбады.

Осы орайда газеттің оқырманға қызғылықты, тартымды, өткір, болуы ең алдымен шығарушы редакторға байланысты десек, редакциядағы бірінші тұлға саналатын редакторларды таныстырудың қажеттігі өзінен-өзі туындаса керек. Сонымен “Жұмысшының” шамшырақтары мыналар:

**Әбдірахман Байділдин** қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданында 1898 жылы дүниеге келген. Ол Омбының мұғалімдер семинариясында Сәкенмен бірге оқып, бірге жүрген. Ал саяси әлеуметтік мәселелерге оны бір кездегі, “алаш-ордашылар” деп айдар тағылған атақты арыстарымыз ауыздандырған. 1919 жылдың күзінде Әлихан Бөкейханов өткізген “Қарқаралы мәслихатына” тартылған, Колчак заманындағы алашшыл жастардың бірі Ә.Бөкейхановқа адютант та болып жүрген.

Сөйткен Әбдірахман Колчак құлап, Қызылжарда Кеңес өкіметі орнағанда, коммунистік партияға өтіп, сондағы уездік партия комитетінің мүсылмандар секциясын басқарған. Ал Қазақ АКСР-і құрылып, оның үкімет тілін шығару керек болғанда, Орынборға келіп, баспасөз ісіне араласқан. “Еңбекші қазақ” газетінің алғашқы редакторы, алғашқы нөмірлерін шығарушы болған.

<sup>1</sup> Т.Қожакеев. Сатира негіздері. Алматы, 1996, 464-бет.

<sup>2</sup> Т.Қожакеев. Сара сөздің сардарлары. Алматы, 1995, 132 бет.

1922 жылы шілдеде өткен Қазақстан жастар ұйымының 2-съезінде Ә.Байділдин Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осы жұмыста “Өртең” газетін шығарып, оған редакторлық етті. 1923–25 жылдары Мәскеуде оқуда болады. Келісімен Қазақстандағы оқу-ағарту қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитетінің төрағалығына сайланды. Ерекше атап айтар нәрсе, осы 1925 жылдан Ә.Байділдин оқу ағарту, баспасөз ісіне белсене араласты, журналист, сыншы, ағартушы ретінде жарқырай көрінді. Ә.Байділдин өмірінің соңғы төрт жылында “Алдымыздағы мақсаттарымыз” (1926), “Оқушылар мен кәсіпшілер қозғалысы” (1927), “Оқу қызметкерлеріне жолбасшы”, “Жаңа әліпше туралы” (1929) деген кітаптар шығарды.

Әбдірахман сондай-ақ газеттің тұңғыш нөмірін шығарушылардың қатарында редакциялық алқа құрамында болған.

**Орынбек Беков** (1898, Семей обл., — 1937). Қазақ совет жазушысы және қоғам қайраткері. 1928ж. “Тілші” газетінің редакторы болған “Жұмысшы” газетінің тұңғыш нөмірін шығарушылардың бірі.

**Мұхаметқали Тәгімов** (1894 4.04 Семей обл.— 1938. 28.02) 1904–1914 жылдары байдың, саудагердің жалшысы болған. 1914–18 жылдары Іркіт маңындағы Ново-Николаевск шахтасында кенші. 1918 жылдан КПСС мүшесі. Осы жылы Омбыдағы жұмысшылар ереуілдеріне және қызыл гвардия қатарында Совет өкіметін қорғауға қатысқан. Одан соң Қостанайда уездік жастар ұйымын құрып, ұйымдастырушы, үгітші болады. 1920 жылы Семейде губерниялық партия комитетінде жастардың қазақ, татар секциясын басқарады. Партияның шақыруымен Батыс майданына қатысқан. 1921–1922 жылдары Қарқаралыда уездік әскери комиссар, 1923–1924 жылдары Семейде губерниялық партия комитетінің жауапты қызметкері, губерниялық сот пен тұтынушылар одағы басқармасының мүшесі. 1924–1928 жылдары Қазақ АССР Еңбек халкомы. 1928 жылы

<sup>1</sup> ҚСЭ. 10-том. 525-бет.

<sup>2</sup> Т.Қожакеев. Жыл құстары. Алматы, 1991.

<sup>3</sup> Т.Қожакеев. Жыл құстары. Алматы, 1991.

“Жұмысшының” шығарушысы. 1928-1930 жылдары Республика денсаулық сақтау халкомы. 1930-1932 жылдары БК (б) П ОК жанындағы Марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысы 1932-1937 жылдары Қарағанды облысында бақылау комиссиясы мен жұмысшы шаруа инспекциясының төрағасы, өлкелік партия комитетінің мүшесі. Екі рет Қызыл Ту орденімен наградталған.

**Құрамысов Ізмұқан Мұқашұлы** (1896-1941) Қазақстанның партия-совет қайраткері. 1921 жылдан КПСС мүшесі. 1919-1924 жылдары Ақбұлақ уездік советінде, Ақтөбе губерниялық партия комитетінде жауапты жұмыстар атқарған. 1924-1925 жылдары Қазақ облыстық партия комитеті ұйымдық бюросының жауапты секретары. 1925-1930 жылдары кәсіпшілер одақтарының қазақ облыстық және өлкелік комитеті төрағасының орынбасары және 1928-1929 жылдары “Жұмысшы” газетінде редактор болған. 1930-1933 жылдары БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің секретары. 1934-1937 жылдары Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің 1 секретары, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсібі халкомының орынбасары, Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясы төрағасының орынбасары болған.

**Әбдірахман Айсарин** (1898-1938) Қазақ совет жазушысы, публицист. 1919 жылдан газетке араласады. Бұған дейін Троицкідегі мұғалімдер даярлайтын “Узифа” медресесінде білім алады. 1919 жылдың күзінде Қызылжарда болған мұғалімдер кеңесіне қатысып, сонда компартияға “тілеулестер” қатарына өтеді. Бұдан кейін Әбдірахман бес болыс Керей-Уақ еліне судьясы болады. Ал, 1921 жылы Ә.Жангелдиннің “Қызыл керуенінде” хатшысы болған. Әбдірахман 1926 жылы жазда “Еңбекші қазақ” газетіне келеді. Артынша оның партия, жұмысшы бөлімінің меңгерушісі болады. 1928 жылы “Лениншіл жас” газетіне ауысып, оның “Тілшілер бюросын” басқарады. Осы жылы “Жұмысшы” газетіне де 2 рет редакция алқасы құрамында шығарушы болған. 1932 жылы Қызылжарға кетіп сондағы Қазақстан

<sup>1</sup> Ж.Асылбекова. Қазақстан жұмысшы табының ұлттық кадрлары: тәжірибелер мен проблемалар. Ақиқат, 1993. ғ12.

Жазушылар Одағының бөлімшесін басқарған. Осы жұмыста жүргенде қиянат қазаға тап болады.

**Боранбаев Тұрсынбек** (1898 ж. туған — өлген жылы белгісіз) Социалистік құрылысқа белсене қатысушы. Мамандығы ағаш ұстасы. 1917-1922 жылдары Екібастұз кенішінде жұмысшы, ағаш ұстасы, Қызыл Армия қатарында болды. 1921 жылдан КПСС мүшесі. 1923-1926 жылдары кен аткомының төрағасы қызметін атқарды. 1927-1929 жылдары Сауда ұйымдары мен Түркісіб құрылысында жұмысшы. 1929 жылы ҚАССР Еңбек халкомы болған. 1928 жылы “Жұмысшы” газетінде редакция алқасында шығарушы.

**Айтмағамбетұлы Боран** (1901-1938) Социалистік құрылысқа белсене қатысушы партия совет қызметкері. 1917-1927 жылдары Гурьев, Орал қалаларында қара жұмыс істеген. 1927-1929 жылдары Қызылордада таукен жұмысшылары кәсіподағы басқармасы төрағасының орынбасары болады. 1928 жылдан партия мүшесі. Осы жылы “Жұмысшы” газетінде редакторлық еткен кездері де болған. 1929 жылы кәсіпшілер одағы Алматы қалалық комитетінің мәдени бөлімін басқарды. 1929-1930 жылдары ВЦСПС жанындағы кәсіподақ қозғалысы жоғары мектебінде оқиды. 1930-1933 жылдары БК (б) П Қазақстан өлкелік комитетінің бюро мүшесі және ҚАССР Юстиция халық комиссары. 1933-1935 жылдары Гурьев ауаткомының төрағасы, кәсіпшілер одағы Орал облыстық комитетінің төрағасы. 1935-1937 жылдары БК (б) П Казталовка аудандық комитетінің I-секретары қызметтерін атқарды.

**Жұмабаев Тұрсын** (1898-1938) Совет өкіметін орнатуға және нығайтуға белсене қатысушы. 1928 жылы “Жұмысшы” газетінде редактор, 1929-1934 жылдары кәсіподақ кеңесінің жауапты секретары және оның төрағасы болған.

“Жұмысшы газетінің 2 жылдық ғұмырында С. Атырауұлы, А.Тісбайұлы, Ә.Табашұлы (кейде Тауашұлы деп қол қойған), Есіркеп Қалымбетұлы, Қалдықараұлы да редакторлық қызметте болған. Бірақ бұл кісілер жайында толық дерек қолымызға түскен жоқ. Сондықтан өз ізденісімізге орай табылған мәліметке қанағат етіп отырмыз.



“Жұмысшы” өмірге келген күннен бастап-ақ оған жазу көмегін көрсетіп, газеттің жұмысшы мен жалшылардың көзі, құлағы және тілі болуына себепкер ең алдымен Қызылордада сол кезде жарық көріп тұрған “Еңбекші қазақ”, “Лениншіл жас”, “Ауыл тілі” газеттерінің қызметкерлері еді. Олар жаңа, “Жұмысшының” қадамын ашып, буынын бекітіп, қанатын қатайтты. Бұл жайында тек кейбір естеліктер мен соңғы жылдары ғана жарыққа шыққан ғылыми-зерттеу еңбектерінде аздаған мағлұмат кездеседі. Мысалы, Ә.Тәжібаев өз естелігінде: “Мен 1927 жылы Шымкент қаласында қазақтың жеті жылдық мектебін бітіріп, Қызылордаға барып газет-журналдар маңын сағаладым. Жетісіне бір шығатын “Лениншіл жас”, “Жұмысшы” газеттерінің корректорлары болдым”, — дейді. Ал профессор Темірбек Қожакеев “Сатира негіздері” деген еңбегінде “Жиенғали (Тілепбергенов) баспасөзге 1925 жылдың аяғынан араласты. “Еңбекші қазақ”, “Ауыл тілі”, “Жұмысшы” газеттері мен “Жаршы”, “Балға” журналдарына қатысты” дейді. Тағы да “Сара сөздің сардарларында” Мәжит Дәулетбаев туралы “Мәжит Дәулетбаев туралы “Мәжит “Еңбекші қазақ”, “Жұмысшы”, “Қазақ әдебиеті” газеттері мен “Жаршы”, “Әдебиет майданында” істеді”, — деп жазады. “Жұмысшының” тағы бір белсенді қызметкері, қарымды қалам иесі Бейімбет Майлин жайында “Журналистика” деген жинақта: “Жұмысшы” газетінде мақалалары, өлеңдері, сықақтары, көркем шығармалары үзбей жарияланып отырған” — деген дерек бар. Бұлардан басқа 1928-1932 жылдары “Еңбекші қазақ” газетінде істеген Қадыр Тайшықов, 1927-1930 жылдары “Лениншіл жас” газетінде қызмет еткен Асқар Тоқмағамбетов және сол сияқты 1926-1929 жылдары “Бостандық туы”, “Қызыл Түркістан”, “Оңтүстік Қазақстан”, “Сталин жолы” газеттерінде жауапты қызмет атқарған Жақан Сыздықов туралы да айта аламыз. Олардың әр түрлі тақырыптардағы заметка, корреспонденция, мақала, очерк, фельетон, әңгіме өлеңдері газетте жиі жарияланған. Бірақ олардың басым көпшілігі бүркеншік есімдерімен берілген. Сондықтан оларды оқығанда бұған дейін белгілі

болған бүркеншік есімдер көрсеткішін пайдаланып салыстырулар жасауға тырыстық.

Мысалы Бейімбеттің “Малай”, “М-тай”, “М-сі”, “М.Б.”, “Б.”, “Б-т”, “Балықшы”, “Жалшы”, “Жолаушы”, “Көз”, “Тілші”, “Оқытушы”, “Оқушы”, “Естіген”, “Көзі көрген”, “Мереке”, “Тай”, “Біз”, “Кедейшіл”, “Шолушы”, “Жалаңаяқ”, “Жолшыбай”, “Шоң”; Қалдыр Тайшықовтың Мөлтен”, “Бүйрас”, “Қабсынқа”; Шаймерден Токжігітовтың “Шаймерден”, “Ш.Т.”, “Ш”; Аманғали Сыздықовтың “Жөнеу”; Жұмағали Сәрсекөвтің “Салмақбай”, “Көз”, “Момын”, “Ж.С.”, “Сәрсекөв Ж”, Жиенғали Тілепбергеновтің “Жиенғали”, “Ж”, “Ж.Т”, “Жете” деген бүркеншік есімдері мәлім.

“Қазақ кеңес баспасөзінің 1925 жылдан 1932 жылға дейінгі кезеңінде үлкен жаңалық байқалды. Бұрын оған үркердей ғана оқығандар қатысса, енді 2 мыңнан аса тілшілер қалам тербеді. Олардың ішінде газет десе, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жұмысшылар болды; ұлттық ел болғандығының белгісі баспасөз екенін түсінген кедейлер болды; газетті шын қорғаны көретін малшы-жалшылар болды; газет-журналдың жетекші, тәрбиеші екенін көзі жеткен мұғалімдер болды; газеттің келуін күтіп, аңсап отыратын ауыл коммунистері болды; оны таласып оқып, қолына түскенін тұмар қылып сақтайтын оқушы жастар болды. Солар Қазақ кеңес баспасөзінің алдырушысы, оқырманы, көмекшісі, кеңесшісі еді. Газет-журналдың өзі осыларға арналып шығып тұрды, осыларға арнап жазды”, — дегеніндей жер-жердегі тілшілердің “Жұмысшының” тірегі болғандығын көрсетеді.

Ол газеттегі “Тілшілер хаттары”, “Жұмысшылар хаттары” және басқа да сол сияқты айдарлардың аясында топтастырылған.

Мысалы, “Мен ақымды қалай алдым”, “Оспан жалшы үсіп өліпті”, “Сегіз ай сергелдең болдым”, “Менің көз жасымды кім көреді”, “Жұмысымызда уақыт жоқ”, “Тұрмысымыз нашар”, “43 адам бітірді” деген сияқты хабарламалар.

Жалпы “Жұмысшыда” айтылғандарға талдау жасағанда, оны қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әдеби-мәдени ағартушылық бағыт-

тағы деп әрқайсысын жеке-жеке бөліп қарастырған оңтайлы болмақ. Сондықтан әуелгі сөзді бірден газеттің тақырып ауқымдылығынан бастаған жөн. Өйткені, оқушысын “саяси” түрғыдан сауатты етуді көздеп алғашқы нөмірден “Саясат майданында”, “Шет елдерде” деген айдарлармен таныстыру жұмысының жүйелі жүргізілуі, қоғамдық жағдайға талдау жасау, таптық көзқарасты қалыптастырудың бір жолы саналды. Мысалы, газеттің 9-нөмірінде алғашқы беттегі, “Шет елдердегі жұмысшылардың ереуілдері” деген бас тақырыппен берілген топтама материал: “Грек жұмысшыларының ереуілі үкіметті састырып тұр”, “Жұмысшылар тобы”, “Тері кәсібіндегі жұмысшылардың ереуілі”, “Пырансы жұмысшыларының ереуілі”, “Кен жұмысшыларының жаңа одағы”, “Жалшылар жеңді”, “Фин жалшыларына 1500 сом жәрдем” деген тақырыпшалардан құрылған. Газеттің осы жылғы 25,29-нөмірлерінде 27 тамыздағы Қазақ АССР Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі “Байларды конфискелеу туралы” декреті бойынша мал-мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылатын байлардың тізімі басылады. Газет бетінде насихатталып, қолдау тапқан тағы басқа да қоғамдық шаралардың қатарында партия мен еңбекшілер арасын тазалау науқанына байланысты жазылған “Одақ ақшасын жегендермен күрес”, “Өзімізді өзіміз сынайық”, “Партиядағы солқылдақтыққа жол жоқ”, “Мекеме бастықтары сақ болу керек”, “Оңшылдық деген не және онымен қалай күресу керек” деген материалдар да басылған. Бұған “Бай-жуан балаларына кеңес мектептерінен орын берілмесін”, “Әбдісәләм, Абдыразақ балалары мектептен қуылсын”, “Молдабайұлы байдың баласын мектепке алып отыр”, “Шымкент киім мектебінің меңгерушісінің кемшілігі туралы” деген әшкерелеуші мақала да қосылған. Әрине, өзі өмір сүрген қоғамдық құрылысты нығайту жолында басылымның партиялық басшылықта болғаны белгілі. Дегенмен газеттің қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауға бел буып кірісіп, пәрменділік көрсеткен кездері де аз емес. “Аякөз оқиғасы” кезіндегі газеттің ұстанған көзқарасы — соның бірі. Онда алғашқы хабарында “өткен декабрдың 31-ы күні

Аякөз станциясының базарына келген қазақтарды Түркістан-Сібір темір жолы жұмысшылары ұрып жәбірлепті, 20 кісіні таяққа жығыпты. Шіркеудің қоңырауын қағып, жанжалды өршіте түскісі келген жерінен милиция жиналып басыпты. Жанжалды бастаушылардан 6 кісі абақтыға алынды. Тергеу-тексеру жүргізіле бастағанына бір жұмадан артты” деп жазса, “Мұндай жұмысшылар керек емес” деген корреспонденцияда “Қатты жаза берілсін, сотқарлар қуылсын, ұлт араздығы жойылсын, ... ұлы орыс ұлтшылдығына жол берілмесін” деп кіріспе жазылып, газетіміздің өткен бір нөмірінде Түркістан — Сібір темір жолының 123-інші километрінде нан алу үшін қатарда тұрған қазақ жұмысшыларын орыс жұмысшылары: “жойылсын қазақ республикасы” деп, ұрандап сабағанын жазғанымыз оқушыларымыздың есінде болуы тиіс. Бұл оқиға тиісті шаралар қолданып, түсінік жүргізілген еді. Аякөз оқиғасы мына оқиғадан да сорақы. Бұл сорақылықты ізсіз тастап кете алмаймыз деп ұлт жұмысшылары жағында екенін ашық айтады. “Жұмысшы” газеті көтерген бұл мәселенің анық-қанығы әлі толық ашылып болмаса да, кейбір дерек көзіне қарағанда “Аякөз оқиғасы” өлкелік партия комитетінде қаралып арнайы қаулы қабылданған екен.

Қазақ жұмысшыларының “Бұдан артық не масқаралық болсын” деген хатында “Шалқар ауданы Ташкент темір жолының 47 жұмысшылар казармасында бірнеше жылдан бері қызмет істеп келе жатқан қазақ, орыс жұмысшылары бар. Орыс жұмысшылары қазақтардан гөрі орынға да бұрын алынады. Орнынан да жоғарғы орынға бұрын жоғарылатылады. Союзге де жұмысқа кірісімен алынады. Ал қазақ жұмысшыларын кәсіпшілік мүшелігіне 3-4 жылсыз алмайды және қазақ жұмысшыларының орыс жұмысшыларынан жұмысты артық істеуді білетіндерін кейінге қалдырып, арыздарын бастықтар тыңдамайды. Жұмысшылар арасы тату емес. Ұлы орыс ұлтшылдығы, ұлтшылдық күшті. Мұның бәрі бастықтардың алалауынан болып отыр. Тиісті орындар мұны ескеру керек” — делінген 1929 жылғы газеттің 21-нөміріндегі “Жер-жердегі

жұмысшылар хаты” деген айдармен берілген жан айқайы болды.

Өндіріс жайы, жұмысшылар тұрмысына арналған “Біздегі жұмысшылар жайы”, “Маусымды жұмысшылар арасында жұмыс басталды”, “Өндіріс кен орындарына зер салынсын”, “Шарт қағаз жасау жұмысы”, “Үйшік жұмысшылары тұрмысындағы кемшіліктер”, “Балық жұмысшыларының жайы”, “Жұмысшылар өндірісті басқару жұмысына көп жегілісін”, “Мақат мұнай кәсібінің жайы”, “Риддер жұмысшыларының жайы”, “Доссор жұмысшылары”, “Өндіріс орындарын қазақыландыру жайында”, “Тұрмысымыз нашар”, “Жұмысшылардың іс уақыт-7 сағатқа түсіру қамы”, “Қарсақбай туралы”, т.б. да мақалалардың мазмұны ел экономикасын, халық тұрмысын ретке келтіруді сөз еткен. Сондай, “Жұмысшыларға үй керек” деген жұмысшы Нұрғазыұлының хатында мемлекет баспахана жұмысшылары үйге жарымай отыр деп, басшылық қызметте отырған адамдардың алды 6-7 бөлмелі, ең кемі үш бөлмелі үйге орналасып алғанын жазады, істі ретке келтіруді сұрайды. Ал “Үйшік жұмысшылары тұрмысындағы кемшіліктер” деген Ерқалыұлы жазған сыни материалда “Үйшіктегі (Гурьев) азықшылар ұйымының шаруа мекемелерінің жұмысында бірсыпыра кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктерді жоюға одақ қызметкерлері де, шаруа мекемелері де жеткілікті көңіл бөлмейді.

Мемлекет балық тресінің асқаналары бар. Асқаналардың ас дайындайтын үйінде тазалық жоқ. Мұнай майының түтіні-күйесі қаптап кеткен.

Ас дайындайтын әйелдің үсті-басы күйеден көрінбейді. Түтіннен даусы қарлыққан, көзі нашарлаған. Орталық кооператив союзы қысқы асқаналарды тақтайдан салған, тамақтанған жұмысшылар тоңып отырады. Жұмысшылардың жұмыс істейтін үйлері суық. Жатақ үйлер жеткіліксіз. Кейбір кәсіпорындарында мүлде жоқ. Жұмысшылардың үйлері жұмыс істейтін жерінен 6 шақырым, сол жерге жаяулап барады. Одақ ұйымдары да кәсіп басқармалары да бұл кемшіліктерді жоюға жеткілікті көңіл бөлмеген. Кәсіп басқармасы өнер үйреніп жетілген ересектерді кейде жұмыс жоқ деп жұмыстан

шығарып жібереді. Кәсіп басындағы қызметкерлер жұмысшыларға ұрсып, зәбір береді, одақ ұйымдары мұны ескермейді. Қазақ жұмысшылары арасында мәдениет-ағарту жұмысы өте нашар. Қызыл мүйістерде қазақша кітап, газет-журналдар жоқ. Басқа да кемшіліктер аз емес” — деп мұндағы жауапсыздықтың салдарына үңіледі.

Халықтың “Көз жетпеген жерге сөз жетеді” дегеніндей, жаңа өмірдің жаңалығын насихаттап, көзін ашуға ұмтылған “Жұмысшының” өмірге келген күннен бастап-ақ ерекше үн қосқан тақырыбы әдебиет пен өнер болды. Бұл жайында Әбділдә Тәжібаевтың: “Менің бірінші “Жұмысшының гудогы” деген өлеңім “Жұмысшы” газетінде күз айында басылды. Оған ілесе “Жұмысшының балғасы” дейтін тағы бір өлеңім сол газетке басылды” — деген естелігін газет оқып газет тігіндісімен жұмыс барысында оған түзету жасауға да келгені бар. Ақынның “Гөдек” деп аталатын өлеңі 1928 жылы 9-нөмірде басылғанымен, оған дейін тағы бір өлеңі “Жұмысшының жүрегі” (№3) жарық көрген екен. Барлығы 10-ға жуық. Олардың ішінде жинақтарына енбей қалғандары да кездесті. Мысалы газеттің 1930 жылғы 10 (79) нөмірінде жарық көрген “Өндіріс жыры” (Шәкәрім әнімен айтылады) деген өлеңі мынау:

Мынадай қарқынды қатты шабыста,  
Мынадай өзгеріс ұлы табыста,  
Кім қалмақ ере алмай  
Бөгелмек асатын кімдер асуға,  
Тоқталмақ тосатын кімдер тосуға,  
Тартынып жете алмай.  
Ол қажырсыздық қайратсыздық  
Болмашыға талатын,  
Ол кертартпа, керенаулық,  
Көшкен жұртта қалатын.

2 рет

\* \* \*

Анау Қарсақбай, — күміс, алтын мыс,  
Анау ақтарған соны қарқын күш.  
Талмайтын, аянбай.  
Анау тулаған Ембі мұнайы,  
Анау ерлері серік ұдайы.

Қалмайтын аяңдай  
Өңкей күміс, алтын мен мыс,  
Артығымен жиылады.  
Атқан мұнай — аққан, судай,  
Көлге арна боп құйылады.

2 рет

\* \* \*

Кім болсын тигізсе кесір табысқа,  
Кім болсын ат салыса қарсы шабысқа.  
Төтелет түйреліп.  
Тозады тұяқпен жер боп, тапталып,  
Тозады топталып, бет, шыт қақталып.  
Жыртылады, сүйрелеп  
Соған ісі дап-дайынбыз,  
Даяр тұрмыз дайынбыз.  
Сақбыз, сақбыз сақ тұрмыз,  
Тап беруге дайынбыз.

2 рет

\* \* \*

Басамыз көрікті күшпен желдетіп,  
Соғамыз балғаны сарт-сұрт демдетіп,  
Қыздырып көмірді,  
Бұзамыз асудың қиын асқарын,  
Илейміз күл қылып, қара тастарын  
Түрініп өңірді.  
Қарқын қатты қаймықпаймыз.  
Орындаймыз ұранды,  
Бірлік берік, шайлықпаймыз.  
Толтырамыз планды, —

деп аяқталады. Ал, газеттің алғашқы нөмірінен “Жаса, жаса жұмысшы!” — деп қуана жырлаған Ғалым Малдыбаевтың “Бүгін”, “Күнім”, “Бір жас”, “Соқ балғаны, соқ!” деген өлеңдері жарық көрген. Асқар Тоқмағамбетовтің де “Май күні”, “Ембі негі”, “Жұмысшы”, “Дүрсілдет!”, “Ұшқын” деген туындылары басылған. Жақан Сыздықовтың “Қылшықтының басында”, “Колхозшы жырынан”, “Наборшық”, “Көтереңбекті”, “Үздіксіз”, “Шақтор”; Сәбит Мұқановтың “Мәдени майдан”, Мәжит Дәулетбаевтың “Зауыт жолында”, “Сұқпа тұмсықтар”, “Қызыл керуен келгенде”, “Еңбек ісі — еңбек күші” деген өлеңдері жарық көрген. Аты аталмаған ақындар бұдан да көп.

Сондықтан ендігі сөздің арнасын “Әңгіме”, “Пелетон”, “Күлкі-сықақ”, “Жолдан”, “Оқпау” деген айдармен Малай, Қабсынқа, Кәрібоз, Шық, Мыс, Он бес, Ашен, Марқа, Ж., Анке, Жолаушы, Жаяу, Әбіш деген бүркеншік есімді иеленушілердің шығармаларына бұрсақ, “Әңгіме” деген айдармен Малайдың “Ақталған еңбек”, “Құлманның қойшы-қарасы”; Жаяудың “Кен түбінде”, “Орынтай”, “Ауылдағы ынтымақ”, “Кен жолында”; Әбділданың “Жайлаубай жалшы”; Жолаушының “Алтын арық басында”; Мәжиттің “Ет” дегендерімен ешбір айдарсыз-ақ өмірге келген Қалый Қайдарұлының “Салықтың баяндамасы”, Кәрібоздың “Құлтай мен Тайтабар”; Малайдың “Құлнияз Күркебайы”; Шықтың “Абдолла қарттың арызы”, Мыстың “Бұдан артық қорлық болмас”, Мәжиттің “Жүн жайғанда” сияқты әңгіме, очерктерінде көтерілген ой, жаңарған тұрмыс, күні туған жалшылардың шынайы бейнесі өзгеріссіз қағазға түскен. Сол сияқты “Фелетон” деген айдармен берілген Қабсынқаның “Ағайшаның хаты”, “Дәл өзі”, Он бестің “Неден болды — бәрі сенен болды”, “Екі қожаға бас тартар”, “Аққуды бақырық атар”, “Кердыубанның кәрі жұмысшысының зары” деген дүниелер өз заманының толғағы жеткен, көкейтесті әлеуметтік мәселелерін сөз еткен. Мысалы, “Кердыубанның кәрі жұмысшысының зарында”, “Бұл фелетон сол жердегі тілшімізден түскен мағлұматқа сүйеніп жазылып отыр” деп кіріспе беріліп, ары қарай болған жай баян етіледі. Оның ұзын ырғасы орта шаруаның әйелі ауырып, жұмыс науқаны кезінде қатты абыржиды. Күзем уақыты 150-дей қой бүгін ғана қырқылып біткен. Үйдің бір жағын жүн басып жатыр. Кемі 8 кесек киіз болар еді. Қос ағасы әйелінің жайын сұрап, бақсы іздемек болады. Асығып жүріп аяғына оралған жүн отқа түсіп иісі шығады. Әйел — мына күйген жүн, қоңырсыған түтін майдай жағып барады. Жүнді отқа жаға түс, демесін бе? Осылай үйдегі жүн жағылып біткенде әйел де жазылып тұра келіпті. Турасында киіз басудан ерініп, жүнді құрту қайласымен жеңгеміз ауырған екен. Осы тәрізді жағдай қой шаруашылығын жөнге салмақшы болған жас маманның көлшік жасап,



барлық қойды үсті-үстіне құлатып, қой тоғытамын деп, өзім білемінге салынып бар малды қырғынға ұшыратуы күлкіге ұшырап, адам бойындағы кейбір жаман әдеттерден абай болу керектігі айтылған.

Мұндай қызықты дүниелер “күлкі-сықақ бөлімінде әр түрлі карикатуралармен, шарж, сықақ өлеңдерге ұласады. Мысалы, “Іске барлау — пұлға қорқау кім екен” деген шаржда:

**Жұмыс кезінде:  
Мұрнын қайқайтып,  
Көкірегін аңқайтып,  
Танауын томпайтып  
Отырған кім екен?  
Түгіні бұрқырап,  
Жөтеліп қырқырап,  
Бентті шұқылап,  
Отырған кім екен?  
Жел сөзді сапырып,  
Тіңлімен жапырып.  
Ақырып бақырып,  
Отырған кім екен?  
Жауап аларда:  
Кассаға келгенде,  
Ақшаны көргенде,  
Шыдамай бергенге,  
Тез кеткен кім екен?  
“Алдымен маған” деп,  
“Жетсе бер оған” деп,  
“Айтамын саған” деп,  
Тез жеткен кім екен?  
Іске олақ, одағай,  
Жұмысқа жадағай,  
Ақшаға қомағай,  
Тыр қыстың бірі екен!—**

деп кейбір адамдардың өмірдегі бейнесін айнаға түсіргендей етеді.

Ал “Жұмысшының” келбетін ашып, көріктендірген, мазмұнын байытқан “Батырақтар беті” мен “Жолдан”, “Оқшау” деген айдардың аясындағы

<sup>1</sup> Қожакеев Т. Жыл құстары. А: 34-35 беттер.

өндіріс ошақтары мен ел ішіндегі әлеуметтік тұрмыс, өзгерістер жаңаша сипат табады. “Кеше де, бүгінде ертең де...” (Доссор жолында), “Қоран жұмысшы” деген Ғалым Малдыбаевтың очерктері осындай көрінісімен өмір шындығын паш етеді.

“Жұмысшыда” сондай-ақ табы бірдің — тәңірісі бір деп кейбір белсенділердің асыра сілтеушілігінің де орын алған кездері болған. Мысалы, “Мінез-құлқы үшін мектептен қуылуы керек” деген материалда “Ташкенттегі мектебінде оқушы Мамбет Жақсымұратұлы деген оқушы бар. Өзі жетім, кедей баласы. Бірақ әке-шешем бар деп нағашыларын жаздырып, Сакуден осы күні айына 30 сом степендия алып жүр. 1926 жылы октябрьден бастап, қазірге шейін Сакуден 720 сом степендия алып өз керек-жарағына жұмсады. Әрине бұл ақшаға бір кедей баласы оқыр еді. Мамбеттің мінез-құлқының әлі кезге дейін жаңармай жүргендігінен қазынаны жеп отыр. Тиісті орындар жас басынан “жем” үшін бейімделе туған Мамбетті еске алып, келешекте де мұның мінез-құлқының өзгермейтінін біліп мектептен аластау керек” — деп жазады қайғырушы.

Жалпы, газеттің қазақтың кадрларын қалыптастырудағы мұндай сан-салалы, түрлі бағыттағы жұмысының нәтижесі көрінбей қалған жоқ. Ол алғашқы жылы-ақ тіл, техника жағынан оқушыларына түсінікті, көрікті болуға шамадан келгенше ауыр, ұғымсыз атау, терминдерді қолданбауға тырысты. Күнбе-күнгі күнде кездесетін мәселелерді көтеріп, лайықсыз қылықтарға қарсы батыл күрес ашты.

## 12. “Ауыл тілі” газеті (1926-1929 жылдар)

Республикалық тұңғыш ауылшаруашылық газеті “Ауыл тілі” Өлкелік партия Комитетінің “ауылға бет бұру” ұранын көтеріп, ауылды кеңестендіру саясатын жүзеге асыруда, бұл жөніндегі үкімет нұсқауларын, қаулы-қарарларын кедей-шаруаларға жеткізу үшін арнайы шығарылған басылым еді. Ол жетілік шаруа газеті деп аталып, 1926-1929 жылдар аралығында Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда

қаласында шығып тұрды. Газет Қазақстан Өлкелік партия Комитетінің, Орталық Атқару комитетінің, Кәсіпшілер Одағы және Сырдария губерниялық Комитеті мен Атқару Комитетінің органы болды.

“Ауыл тілінің” алғашқы нөмірі 1926 жылдың 27 шілдесінде жарық көрді. Тұңғыш нөмірінде “Оқушыларымызға” деген мақала жарияланып, газет өз бағдарламасымен, алға қойған мақсатымен таныстырды. Беташар мақалада: “Бұл газет Қазақстан аймағындағы қазақ бұқарасының басын қосып, мұң-мұқтажын шешетін орталық ордасы болады. Бұл газетте шаруаны көтеру, партия, кеңес құрылыстарын жөндеу, ел ішіндегі түрлі жолсыздықтарды жою жолдары көрсетіліп отырады. Бұл газет ауыл бұқарасын тәрбиелеп, ауыл бұқарасының көз-құлағы болып, бүкіл дүниедегі, қала берді, айналасындағы болып жатқан оқиғалармен таныстырып отырады”, — деп жазылды.

“Үш жылға толмайтын мерзім ішінде газеттің 129 нөмірі жарық көрді.

1926 жылы 22 нөмірі, 1927 жылы 51 нөмірі, 1928 жылы 50 нөмірі, 1929 жылы 5 нөмірі шықты” газет А<sup>2</sup> форматымен 4 бет көлемінде (кейде 8 бет), 6800 дана (кей деректерде 7000) болып Қазақстанның барлық ауылдарында таралып тұрды.

Газеттің алғашқы редакторы Кир ЦИК-тің төрағасы Жалау Мыңбаев болды. Кейін редактор болып Өлкелік Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров (№15/37), 1927 жылдан — (№22/95). 1928 жылға дейін) бекітілді. 1928 жылғы бір нөміріне (ғ 23/96) Шаймерден Тоқжігітов қол қойды. Сол жылы бес нөміріне (24, 25, 26, 27, 28) редактор ретінде Бейімбет Майлин қол қойды. Бұдан кейін тағы да Елтай Ерназарұлы қол қойып отырды.

Өлкелік партия Комитеті мен Атқару Комитеті бұл газеттің жазатын мәселелерін былай деп саралады:

1. Ауылда партия, совет, саясаты, оны жүзеге асыру жолдары;
2. Өзге жұрттардағы, әсіресе Күншығыс елдеріндегі және Совет Одағындағы қара шаруалардың хал-жайы;
3. Ауыл шаруашылығы, егін, диқаншылық кәсібі, жер-су мәселесі, қоныстандыру жұмысы, шаруаны

ондау шаралары, мал өсіру, оны түрлі індеттерден қорғау, орман, тоғай, мақта егу, кооперация, алым-салық, шаруа қарызы, т.б.:

4. Ауылдағы Совет құрылысы, оқу, денсаулық жайы, “Қосшы” ауыл шаруашылық қызметкерлері Одағы мен жәрдемдесу Комитетінің жұмысы;

5. Ел ішіндегі асыра сілтеушілік, өктемдік, ұрлық, барымта, қалың мал, көп қатын алу, пара жеу, т.б. жолсыздықтар;

6. Ауыл еңбеккерлеріне әр түрлі мамандар кеңесін беру;

7. Ауыл коммунистерін тәрбиелеу, оларға қамқорлық қылу;

8. Ел тілшілерінің қаламын шеберлендіру, солардың ауыл тұрмысын көрсететін шығармаларын, халық әдебиеті үлгілерін жұртқа таныстыру;

9. Шаруа өмірінен түрлі суреттер беріп отыру”.

“Ауыл тілі” шаруа газеті деп аталғанымен, ел өміріндегі қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік мәселелерден де шет қалған жоқ. Газет оқу-ағарту, кеңестердің, қосшылардың жұмысын жақсарту, кооператив, кедей-жалшылардың қозғалысын өрістету, денсаулық сақтау, әйел теңдігін қорғау, отырықшылық, қоныстандыру тағы басқа мәселелері жазып отырды.

Газеттің “Кеңестер Одағында”, “Шет жұрттарда”, “Ауыл тұрмысы”, “Денсаулық сақтау” деген айдарлары болды. Кейінірек “Заң бөлімін”, “Партия істері” бөлімін ашты. “Түрлі хабарлар”, “Хат-хабарлар”, “Қазақстан елінде”, “Ел тілшілерінің аттарынан”, “Түбірнелерде” деген айдарлар ашылды.

“Ауыл тілі” салалық басылым болса да республика өмірінің саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени мәселелерін жан-жақты жазуға талпынды. Газеттің жер-жерде тұрақты тілшілері болды. Газетке еңбекші хаттары көбірек пайдаланылып, олардың хабарлары “Ел тілшілерінің хаттарынан” деген айдармен топтас тырылып беріліп тұрды. Сондай-ақ жұртшылықтың арасында пікірталас туғызатын айтыс мақалалар да жарияланды.

<sup>1</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 11 қаңтар, №19. “Қосшы ұйымының құрылысы туралы”.

Газет өз тілшілеріне не жайында жазу керектігін түсіндіріп, бағыт-бағдар беріп отырды. Өйткені, газетте жарияланған мәселелер аяқсыз қалмайтын. Ол тиісті жеріне жеткізіліп, анық-қанығы шешілетін. “Сұрақ-жауаптар” бөлімі арқылы шаруалар көкейінде жүрген ойларын ортаға салып, өздері білгісі келетін сұрақтарына жауап алатын. Газет нөмірлерін саралағанда, басқарма алқасының бұған зор мән беріп отырғаны байқалады.

Газет жұмысына көрнекті жазушы-журналистер белсене қатысты. “Ауыл тілінде” С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ж.Сыздықов, Қ.Әбдіқалыров, А.Сегізбаев, А.Тоқмағамбетов, Ө.Тұрманжановтың өлеңдері, әңгімелері, мақалалары ұдайы жарияланып тұрды.

Газеттің бірінші бетінде қоғамдық-саяси тақырыптағы материалдар, шет ел хабарлары, одақтас республикалар өмірінде болып жатқан оқиғалар, ел хабарлары, тағы да басқа маңызды деген хабар-ошарлар жарияланды. Басылымның екінші және үшінші беттері тұтастай шаруашылық мәселелеріне арналды. Ал төртінші бетінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері, өзге басылымдардан алынған материалдар, шаруа сұрақтарына жауаптар, пайдалы кеңестер, жаңа шыққан кітаптарға рецензия-шолулар, оқырмандар тілегі, басқарма жауабы, үкіметтің түрлі бұйрық-жарлықтары, тағы басқалар жарияланып отырды.

Газетте халықаралық тақырыптағы материалдар да жарық көрді. Алғашқы нөмірлерінде-ақ “Шет жұрттарда”, “Сыртқы елдерде”, деген айдарлары болды. “Ағылшын жұмыскерлерінің ереуілі”, “Францияда ашаршылық болуға мүмкін”, “Түркия мемлекеті ұлттар бірлігіне кіреді міс деген қауесет бар”, “Ағылшын мен Жапонның көздегені Қытай”, “Кеңес үкіметі мен ағылшын арасы”,

<sup>1</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 13 мамыр, №12. “Қазақ инженер”.

<sup>2</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 19 желтоқсан, №4. “Қазақстан елінде”.

<sup>3</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 26 желтоқсан, №4. “Гүбірнелерде”.

<sup>4</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 24 қыркүйек, №38. “Ел күйі”.

“Париж Коммунасына 56 жыл толды”, “Қытай оқиғасы”, “Франция жұмысшыларының хаты”, “Кеңестер Одағы мен ауған жұрты тату тұрмақ”, т.б. тақырыпшалармен материалдар жариялап, оларда сыртқы дүниеде, өзге жұрттарда не жағдай болып жатқаны баяндалып отырды. Ал “Кеңестер одағында” айдарымен берілген материалдарда одақтас республикалар өмірінде болып жатқан оқиғалар, шаруашылық мәселелері, оқу-ағарту жайы, сауатсыздықты жою, денсаулық, сауда-саттық, т.б. мәнмаңызы үлкен жаңалықтар жарияланды.

Негізгі бөлімі “Ауыл тұрмысы, шаруашылығы” деп аталады. Онда жергілікті жерде болып жатқан жұмыстар, елдегі шаруа жайы, оны өркендету, көркейту шаралары жазылып отырды. Сондай-ақ Қосшы одағының жұмыстарын, шаруа салығы, жер бөлу барысынан хабарлап отырды. Әсіресе мал шаруашылығы, егіншілік мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Газеттің екінші және үшінші беттері тұтастай осы мәселелерге арналды. Үнемі “Шаруа, малыңа қара, күйлі қылып бақ, тұқымын асылдандыр!”, “Шаруаң бүтін, болсын десең, білімнің айтқанын істе!”, “Егін ырыс талғамайды, жұмыс талғайды”, “Шаруа, құнтты бол, мәшине сайманыңды күт!”, “Шаруашылықты мәдениетті түрге түсіруге кірісіңдер!” деген шапқалармен әр нөмірде бет арналып отырды.

Тағы бір жиі көрінгені “Денсаулық сақтау” бөлімі болды. Бұл бөлімде мал аурулары, аурудың қайдан келіп шығатыны, жасалатын ем-дом, тағы басқалар жөнінде пелшір-дәрігерлердің, басқа да тәжірибелі шаруалардың қызғылықты мақалаларын жариялады. Бұлардан басқа “Одан-бұдан”, “Оқшау істер”, “Шаруа салығы”, “Кітап сыны”, “Ағарту істері”, “Өнеркәсіп”, “Сұрақ-жауаптар”, “Пайдалы кеңестер”, “Күлдіргі сөздер”, т.б. тақырыптас айдарлары болды. Мәселе көтерген мақалалар “Айтыс ретінде”, “Ойласу ретінде”, “Ұсыныс ретінде” деген айдарлармен жарық көріп отырды.

1 Ауыл тілі, 1928 жылғы 19 мамыр, №20. “Басқарма жауабы”.

2 Ауыл тілі, 1927 жылғы 17 желтоқсан, №49. “Заң бөлімі”.

“Ауыл тілі” халық ауыз әдебиетіне де көп орын берген. Ел ауызындағы аңыз әңгіме, өлең-жыр, жұмбақ, тақпақтар “Күлдіргі сөздер” (кейде “Күлкі сөздер”, “Ескі сөздер”) айдарымен жарияланып отырған. Кейін “Өлең”, “Әңгіме” деген айдарлар да ашты, онда белгілі қаламгерлеріміздің шығармаларын беріп отырды. “Кітап сыны” айдарымен баспадан басылып шыққан жаңа кітаптарға, әсіресе, шаруа әдебиеттеріне рецензия-пікірлер жазылды, шығармаға баға беріліп, сын айтылып отырған.

“Ауыл тілі” газетінің алға қойған мақсаты өлкеміздің ауыл шаруашылығын өркендетуде, ауылды мәдениеттендіру ісінде, мектеп құрылысын жүзеге асыруда, шаруалардың жағдайын жақсартуда, жұмысшылар мен шаруа одағын нығайтуда, ауыл еңбекшілерінің санасын оятып, оларды кеңестік құрылысқа белсене қатыстыруға өзінің жалынды сөзімен көмектесу болатын.

Газет партияның ауылды кеңестендіру жөніндегі саясатын жүзеге асыруда тірек, таяныш болатын, арқа сүйейтін бұқаралық ұйым — Қосшы одағының маңызы мен оның атқарған жұмысына назар аударып, насихаттап отырды. Сол мақсатта “Қосшы ұйым — қандай ұйым”, “Ел қосшыға ынталы” деген мақалалар жариялады.

1927 жылғы бірінші нөмірінде Кеңестер сайлауы қарсаңында газетте “Кедей, кеңесті қолыңа ал” деген бас мақала берді. Онда сайлауға Кеңеске жалшы, кедей, орташалардың өкілдерін сайлауды, байлардың Кеңеске сайланып кетпеуін ескертсе, 1928 жылғы бір нөміріндегі “Мәдениетті бол” деген бас мақалада ескінің қалдықтарына қарсы батыл күресуге, сауатсыздықты жоюға шақырады. Мақалада шаруашылықты жаңа түрге салу, мәдениеті елдердің қатарына қосылу дегенде ең бірінші шарт сауатсыздықты жою делінді.

Газет тек шаруашылық мәселелерімен ғана шектеліп қалмай, түрлі мәселелерді: оқу-ағарту, денсаулық сақтау, әйел теңдігін қорғау, жергілікті кеңестер мен ұйымдардың жұмыстарын жақсарту, кооператив істері, кедей — батырақ, жарлы-жақы-

<sup>1</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 9 наурыз, №10. “Кітап сыны”.

байлар тұрмысы, жер бөлісі, сайлау мәселесі, өндіріс жаңалықтары — бәрін қамтып жазып отырды. Өлкелік қосшы одағының 1927 жылы мамырда өткізілген тұңғыш съезінде Ораз Жандосов “қазіргі екі міндет, негізгі екі ұранымыз бар — ол ауылды кеңестендіру және жерді бөліп беру”, — дейді.

Қазақ жастарынан маман кадрлар шыға бастағанын да газет қуана жазып отырды. “Революцияға дейін қазақтан шыққан инженер жалғыз еді, революциядан кейін Әлімхан Ермеков инженер болып шықты. Биыл тағы екі инженер қосылды. Олар — Өмір Толыбаев пен Қаныш Сәтбаев”. Осыдан кейін газет жұртшылықты Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстырады.

“Түрлі хабарлар”, “Қазақстан елінде”, “Хабар-ошар”, “Гүбірнелерде” деген айдарлары болды. Бұлар әр нөмірде шағын хабарламалар беріп отырады. Оларда республика өміріндегі ішкі-сыртқы жағдайлар, ел ішіндегі оқиға-құбылыстар, өндірістегі, шаруашылықтағы өзгерістер, жаңалықтар сөз етіледі. Мысалы: “Бөкей үйезінде түйе тұқымын асылдандыру туралы тәжірбие орыны ашылған. Олардың гүбірнелік аткомы жергілікті орындардың күшімен лаборатория құрып, түйенің тұратын орнын дайындамақшы болған”.

“...Оралдың гүбірнелік аткомының жанынан қол өнері кәсібін үдету мақсатымен қол өнері кәсіпшілерінің кеңесі құрылған”, “Алматы қаласында 681 адам сайлауға кіре алмайтын болып дауыстан шығарылған”. Жер-жердегі газеттің хабаршылары болды. Олардың хаттары топтастырылып, “Ел тілшілерінің қаттарынан”, “Ел күйі”, “Биылғы қыс”, т.б. деген айдарлармен жүйелі түрде беріліп тұрды. Ел шаруалары өз шаруашылықтарының барысы жайында, өздерінің жетістік, кемшіліктері, елдегі “Қосшы” ұйымдарының, кеңестердің жүргізіліп жатқан жұмыстарының оң-теріс нәтижелерін, салық, кооперация істеріндегі атқарылып жатқан істер жөнінде төл газеттеріне үнемі жазып отырды.

<sup>1</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 11 мамыр, №19. “Кітап сыны”.

<sup>2</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 19 қаңтар, №3.

<sup>3</sup> Ауыл тілі, 16 ақпан, №7.



“...Атбасар үйезі. Тасөткел болысы, 6-7 сан ауылда биыл шөп жоқ. Есіл, Қызыл өзендері тасығанда болмаса, бұл ауылдар шабынға жарымайтын.

Биыл әрі өзен тасымай, әрі жауын болмай, боздың бәрі күйіп кетті” (Т.Б.ұлы).

“Кереку үйезі. Алқакөл болысында шабындық бөлісі бітті. Бөліс көңілдегідей болды. Өмірінде жерге ие болмаған кедейлер бай мен пысықтардың қолдарындағы шұрайлы жерлерін алып кенеліп қалды, екінші жақтан бай мен кедейдің жігін айыруға себеп болып отыр. Сондықтан егіндік бөлісінен де кедейлер көп нәрсе үміт етеді” (Қ.Ақыметұлы).

Осы жерде газеттің өз жұмысында еңбекші хаттарын жиі пайдаланғанын айта кетейік. Газет өзіне тілшілер тартуда да елеулі істер атқарды. “Тілші болғысы келгендерге” деп сұрау-анкета жариялап, тілшілердің міндетін түсіндіреді. “Алдағы нөмірлерге не туралы жазу керек” деген мақсатпен газет бетінде басқарма үнемі жазып отырды. Онда тілшілердің не жазу керектігі, оларда қандай мәселелерді қамту қажеттілігі ыждағаттылықпен түсіндіріліп, бағыт-бағдар көрсетіліп отырылды. Осы орайда бірнеше газет материалдарын келтіре кетейік. “І. Биылғы қыс: 1) Қыстың түрі, 2) Ел шаруашылығы қалай; 3) Шөп жетпей жұтайтын емес пе, т.т. П. Кеңес сайлауы: 1) Сайлау қалай өтіп жатыр; 2) Сайлағандар қандай адамдар; 3) Сайлау жиналысында ел не тапсырды, т.б. ІІ. Ел шаруашылығы: 1) Шаруашылығын жаңа түрге салуға ел көзқарасы қандай; 2) Бұл туралы не істелді; 3) Мал ауруы бар ма, болса қалай емдеп жатыр, т.б.

Бұдан басқа елдің денсаулығы, Қосшы одағының тұрмыстары, жергілікті партия, ағарту орындарының басшылары туралы үзбей жазып тұруларың керек”.

“Ауыл тілінің” тілшілері, мынау естерінде болсын!

1) Жаздың түрі — жауын-шашын бар ма? Шөптің, егістің шығысы қандай?

2) Бөліс науқаны — егіндік, шабындық жер бөлісі қалай өтіп жатыр? Кедей, орташалардың, қосшы мүшелерінің бұл туралы ұйымдастығы қандай болып отыр?

3) Салық науқаны — шаруа салығы туралы қалай санақ жүріп жатыр? Бұған елдің, әсіресе кедей, орташа, қосшы мүшелерінің көзқарасы қандай?

4) Жалпы шаруашылық — мал, адам ауруы қандай? Қалай емделіп жатыр? Елде қарыз серіктігі, су, май артелдері бар ма, болса олардың жұмысы қандай? т.б.

Бұдан басқа сот, оқу жұмыстары, қалың мал, көп қатын алу, елге шыққан денсаулық жасақтары, тағы басқа шаруашылық туралы үзбей жазып тұруларың керек”, — деп мезгіл-мезгілімен тілшілерге тапсырмалар беріп, олардың сол талапты орындауларын мұқият қадағалап отырды.

Басқарма редакция алқасына келіп түскен оқырман хаттарына да аса жауаптылықпен қарады. “Басқарма жауабы” газеттің тұрақты айдары болды. Онда жарияланбаған тілші хаттарына жауап беріліп отырған.

Мысалы: “Қалық Рамазанұлына мелетсе біткеннің бәрі “аужар” айтады дей алмаймыз ғой. “Аужар” тілі” айтушыны ашып айтуың керек еді. Мынауың басылмайды”, “Күреңге — “Тентек ауылнайды” ең әдемісі — алдағы сайлауда орнынан түсіре қою, сіздің мына қатыңызда тентектігі ашық жазылмаған. Ауылдық Кеңестің сайлау жиналысында Кәрімнен есептеріңді алып, қылмысты істері болса сотқа берулерің керек”.

Жолсейіт Түрсынбекұлына: Жоңышқа туралы жазғаның басылмады. Бұрын талай басылып еді. Басқа туралы жазып көр”, “Ж.Кеңесбайұлына “Жетімдерге” деген өлеңің басылмады. Маңызы аз”, “Ақбарға — Саған да сол жауап” деп, неліктен жарияланбай отырғанын қысқа ғана жауаппен білдіреді. Кейде, қажетті жерінде ақыл-кеңес те беріп отырады. Хат артында іздеушісі барлығын ескерсек, бұл да болса газеттің жақсы жақтарының бірі деп есептеуімізге болады.

Газеттің алғашқы нөмірлерінде-ақ “Заң бөлімі” ашылған еді. Бұл білімнің де заң-законнен хабары жоқ қараңғы қазақ шаруалары үшін зор маңызы болды. Мұнда шаруалардың сұрақтары бойынша заң жөнінен түсінік, мағлұмат беріледі. Мысалы, “Қодарұлының сұрауына”.

1) 24, 25, 26-ыншы жылдардағы ауыл шаруашылығы салығының дұрыс алынбағандығын кезінде білдіру керек. Бірнеше жыл өткеннен кейін білдіргенмен төленген салық қайтадан қайтпайды.

2) Шаруа салығының дұрыс алынбағандығы кезінде білдіріліп, төлеуші сот алдында ақталса, артық төленген салық иесіне қайтарылуға тиіс”. Сондай-ақ “Сұрақ жауаптар” айдарының да атқарған қызметі үлкен болды. Бұнда шаруалардың көкейінде жүрген ойларын ортаға салып, өздері білгісі келетін мәселелерінің басын ашып алуына мүмкіндік болды. Оқырмандарының әр алуан мәселедегі толғандырып жүрген сұрақтарына басқарма алқасы да барынша жауап беруге тырысқан. Ел шаруаларының сұрауларының дені көбінесе әйел мәселесі, қалың мал, қыз беру, жөн-жоралғылар жөнінде, жалпы тұрмыстық сипатта болып келетін. Басқарма тағы да бұл бөлімді ашқандағы мақсаты ел шаруаларының алдағы жұмыстарына басшылық жасап отыру екендігін, нендей сұраулардың көбірек болу қажеттігін оқырмандарына талмай түсіндіріп отырды. “Ауыл тілінен” сұрау салушылардың есіне салатынымыз жалғыз әйел мәселесі жайынан сұрай бермей, басқа елдің күнделік жұмысында кездесетін қиыншылықтар туралы да түсінбегендеріңізді сұраңдар демекшіміз. 1) Қоныстандыру жұмысы; 2) Шаруа қарызы туралы; 3) Каперетіп ашу жайы; 4) Аң аулау; 5) Оқу-ағарту істері; 6) Егіндік, шабындық, жер, т.б. мәселелер.

Басқарма газет қамтитын тақырыбына байланысты шаруашылық жөнінде сұрақтардың болуын қатаң бақылып отырды.

Газет бетінде жиі көрінген тағы бір бөлім “Денсаулық сақтау” бөлімі болатын. Онда мал, адам аурулары, аурудан сақтану жолы, ауруға қарсы жасалатын ем-дом, науқасты күту жайы, дәрі-дәрмекті дұрыстап қолдана білу, маман-дәрігерлердің кеңесі жарияланып тұрды. “Аурудан сақтанудың үлкен амалы — тазалық”, “Қотыр елден неге айырылмайды”, “Мал ауруынан сақтану жолдары”,

<sup>1</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 24 желтоқсан, №51. “Күнмен танысыңыз”.

<sup>2</sup> Ауыл тілі, 1927 жылғы 31 желтоқсан, №51. “Жер”.

“Суға кеткен адамдарды тірілту”, “Жылан шаққанда не істеу керек”, “Шайдың пайда, залалы туралы”, “Арақтың зияны”, “Тісі жоқтарға тіс салдыруға болады” деген сықылды тақырыптағы материалдар ғылыми деректерге сүйеніп, нанымды, ұғынықты баяндалады. “Қылтамақтың емі не”, “Қызылша”, “Қырылдақ” (диптерие), “Қайталағыш сүзек”, “Ұйқы ауруы”, “Желді қорасан (Бес қонақ)”, т.б. көптеген мақалалар “Қазақ тілі”, “Ауыл” газеттерінен алынып, сілтемемен басылып отырды. Сондай-ақ, аурудың алдын алу, жасалатын ем-дом жөнінде ақыл-кеңес сұраған оқырман хаттарына жауап беріліп отырған. Елге шыққан денсаулық сақтау жасақтарының атқарып жатқан істері, елдегі жұрттың, мал-жанының саулығы жайында газет тілшілері үзбей жазып тұрды.

“Кітап сыны” айдары да — газатте жиі көрінген айдарлардың бірі. Мұнда баспадан жаңадан шыққан, жарық көрген кітаптарға, әсіресе шаруаларға қажетті әдебиеттерге рецензия-пікірлер жазылып, шолу жасалатын. Шығармаға терең талдау, орынды сын ескертпелер айтылады. Жаңа басылымның тіл-стиліне, жетістік-кемшілігіне баға беріледі. 1927 жылғы 10-нөміріндегі “Денсаулық — сақтықта” деген кітапшаға жазылған ой-пікірмен танысып көрелік. “Қыр баласы” жазған. Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы басқан. Бағасы 2 тиын. Тиражы 5 мың, 15 бет. 26 жылы шыққан. Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы кейінгі кезде түрлі мәселелер туралы кішкене кітапшалар шығара бастады.

Міне, біз сынап отырған кітапша — әлгі кішкене кітапшалардың бірі. Мұнда елдегі түрлі жұқпалы аурулардың неден болатыны, оларды жоюдың жеңіл, оңай жолдары көрсетілген.

... Тілі өте ауыр. Қыр баласының тілінің ауыр екені әлдеқашаннан бері айтылып жүр. Мұның үстіне мына кітапшада бактерия, микроб, сияқты жат сөздер араласқан. Оларға түсінік те берілмеген. Мұны елдің шаруалары қалай түсінеді? Қара шаруаға арнап кітап жазғанда жат сөздерді араластырудан аулақ болған жөн ғой”, — деп ойын түйіндейді сыншы.

Тағы бірін оқып көрейік.

1927 жылы Қызылордада басылған. Жазушы Мадияр 2 мың болып шыққан.

Кітапшада шуманың қандай дерт екенін, одан қалай сақтану керек екенін, адам қалай ауыратынын, ол аурудың белгісі қандай болатынын, қай түрі адамға қауіпті екені қысқаша жақсы түсіндірілген.

Кітапшаның тағы бір артық жері аяғында сұрау қойып, оған қысқа-қысқа дәмді жауап берілген. Аз да болса ел шаруаларына бірталай ақыл бар.

Кітапша қалтаға салып жүрерлік кішкене боп басылғаны және көбірек болғаны дұрыс еді. Мұны саулық кемесереті бұдан былай кітап бастырғанда ескерер”, — дей отырып, автор жаңа жарық көрген дүниенің мазмұнымен оқырмандарды таныстырып, шығарманы насихаттайды. Сондай-ақ, “Мына кітаптарды алып оқындар”, “Қара шаруа әдебиеті” деген тізімдер береді. Мысалы, “Серіктіктің қара шаруаға пайдасы” атты кітапқа берілген аннотацияда былайша жазылыпты: “Бұл кітапта ел шаруаларының мұң-мұқтажы, мәдениет жүзінде мешеулігі, шаруашылығын көркейту үшін қарыз серіктігінің пайдасы баяндалған. Бірнеше мемлекеттің егін шығымы салыстырылған. Бәсі 35 тиын, өзі 88 бет”.

“Маңқа ауруы, одан сақтанудың жолдары”.

Бұл кітапшада маңқа ауруының жайы, онымен күресудің неше түрлі шаралары толық, түсінікті түрде жазылған. Бұл кітапша 4 мың ғана басылған. Дұрысы көбірек бастырып, бүкіл қазақ елдеріне тарату керек еді. Өзі 35 бет, бәсі арзан, 15-ақ тиын.

Бұл кітапшаларды хат танитын қара шаруаның алып оқығаны мақұл”.Осылайша қысқа әрі ұғынықты тілде жарық көрген кітаптың мән-маңызы, мазмұнымен таныстырып отырды.

Газет басылымдар жөнінде де мағлұмат жариялап тұрды. Мәселен, “Жаңа мектеп” журналы. №1 (16) саны. Бөлімдері: Білім-педагогика бөлімі, Аймақ тану, Әдебиет, Сын, Ресми бөлім. Жекелеп сатылмайды. Жылдап алғанда: оқушыларға 2 сом 40 тиын, жай кісілерге 3 сом” деп журналдың бет-бағдарымен таныстырып, жазылу бағасын жариялайды.

Бұлардан басқа газет халық ауыз әдебиетінің үлгілерін (“Балық болып кетіпсіз ғой”, “Маймақ”, “Азан, тақпақ айтатын бозбаламыз ба”, “Шиырбай”, “Жаңкөл ақын”, т.б.), ғылым, өнер табыстары жайынан материалдар ара-тұра құлақтандыру, жарнама жарияланды. Ел елең етерлік оқиға-құбылыстары “Одан-бұдан” деген айдармен беріп отырды. Онда ғылымның кереметі, білім табысы сөз болды. Газет материалдар шоғырын ұсынады да, соларға талдау, сипаттама береді, кей реттерде хабар түрінде ғана берілді. Бұлар бірде тақырыпшалармен, бірде тақырыпсыз да жариялана берген. Кейін келе суретін де қоса беретін халге жетті.

“Өлген адамды тірілткен”.

... Жақын арада Пырансының бір оқымысты докторы бір өлген адамды жарты сағаттан кейін дәрі жіберіп тірілткен. Өліп қалған адам тіріліп, басын көтеріп сусын сұрап ішкен. Бірақ жарты сағаттан кейін қайта өлген.

Адамның өлгенде жүрегінің соғуы тоқтайды, қан жүрмейді. Доктыр сол тоқтап қалған жүректі дәрімен қайтадан соққызып жіберген, жүрек соққан соң өлген кісі тірілген екен, тірілгенде дененің қуаты ауруды жеңіп кетсе, тірілген адамның мүлде сауығып кетуі де мүмкін”.

“Дүкен-айыропылан. Америкенің Нью-Йорк қаласындағы бір бай тауарын елге айыропыланмен таратып сататын болған.

Іші дүкен сияқты қылып істелген айыропыландар елге керек тауарды тиіп алып қалаға жете алмай отырған қиыр елге апарып сатады”.

Мұнда көбінесе дамыған жат мемлекеттер өмірінде болған оқиға-құбылыстар, ғылым-өнер табыстары баяндалады. Газет осы материалдарды кім дайындағанын, мәліметтердің қайдан алынғандығы жөнінде нақты сілтеме жасамайды.

1927 жылғы 48-нөмірінен бастап газет мәтінімен суреттер жариялай бастайды. Мысалы, “Семейдегі тері зауытының іргесі қаланды”, “Кереку үйезіндегі Бөрлі көлінен алынып жатқан тұз” (суреттері бар), т.б. хабарлар газеттің жанрлық аясын кеңейте түсті.

Газет алғашқы сандарында-ақ карикатуралық суреттер берді. Мысалы, 1927 жылғы 3-нөмірінде

болыс, бай, молда, төренің әжуа-күлкі суреттері басылған, сурет астында шымшыма мәтін бар.

**“Е, Молдеке, жол болсын!  
Жәнетке беттеп барам.  
Е, төре, сіз ше?  
Мен қалай қалам?!  
Пенсие алу түгіл,  
Құрып кетті парам...  
— Болыс-еке, сізге жол болсын?  
— Әзірейіл келмекші екен,  
Соны қарсы алам...  
— Ә, бай-еке, сіз ше?  
— Ай, не қыласың, балам:  
Мыналар еді панам.  
Бұлардан қалып,  
Мен не табам?  
“Азғын кедей оңдырмас деп  
Мен де кетіп барам...”**

Бұлардан өзге “Оқшау істер”, “Пайдалы кеңестер” деген айдарлары болған. “Оқшау істерде” көбінесе қазақ өміріндегі келеңсіз мінез-құлықтар, бай-болыстардың, атқамінер-әкімдердің жағымсыз іс-әрекеттері, жөнсіз оспадар қылықтары аяусыз әшекереленіп, сыналып — мінеліп отырды.

“Пайдалы кеңестер” айдарымен күнделікті тұрмыста кездесіп отыратын қажетті, маңызы бар дерлік ақыл-кеңестер жарияланып отырды. Тазалық жөнінде, жас баланың күтімі, аяғы ауыр әйелдің күтіну шаралары, шаруашылық өнімдерін дайындау тәсілдері, т.б. мәселелер жайында көптеген материалдар жарияланды. Сондай-ақ шаруалардың қолдарынан келетін істер баяндалып отырды (Мысалы, “Бояуды қолдан жасауға болады, ел шаруалары жасап үйреніндер, пайдаланыңдар”, т.б.). Әрине, бұл жарияланымдардың бүгінгі оқырмандар үшін пәлендей жаңалығы болмағанмен, сол кезең, сол уақыт жағдайындағы ел шаруалары үшін ерекше мән-маңызы болды деп айта аламыз.

Газетте танымдық тақырыптағы материалдар да жарық көрді. Мысалы, 1927 жылғы 51, 52-нөмірлер-

інде “Күн”, “Жер” планеталарына сипаттама берілді.

“Күнсіз жерде өмір жоқ — тіршілік тегі күнге байлаулы, жер жүзінде жарық беріп тұрған Күн. Күн лебінің қызуымен теңіз сулары буға айналады. Бұдан бұлт, бұлттан жауын пайда болады.

Күннің алыстығы — соңғы кезде оқымыстылардың шамасынша, күн мен жердің арасы 150 млн. км деседі.

Өте алыстағы заттарды жақындағыдай көрсететін қырағы түтікпен (телескоп) күнге қарасаң, күн бізге үлкен доп болып көрінеді”.

“Жерді ілім — топ сықылды жұмыр, күнді өзінен өзі қан көбелек ойнаған баладай шыр айналып жүріп отырады дейді... Ілімнің айтуынша жердің шеңбері — 37 мың, 7 жүз шақырым. Жаяу адам 50 жыл талмай жүріп отырса, 50 жылда Жерді шыр айналып түседі... Жердің жүрісі: жер бір орында жай ғана қарап тұрмайды. Жылына күнді бір айланып шолып түседі. Жер 24 сағатта өзінен-өзі айналады”.

Сондай-ақ “Көк ғылымын зерттеушілердің болжауы”, “Өліара неден?”, “Жаңбырдың болып, болмауы туралы сәуегейлік қылу”, “Жерден басқа жер бар ма?” деген сықылды материалдар жарияланып, оларды оқыған жұрт өздерінің білім көкжиектерін кеңейтіп отырды. Газет соңғы жылдардағы нөмірлерінде сауатсыздықты жоюға, кеңес шаруасын, ынтымақ шаруалардың жайын, мәдениет мәселелері, жаңа әліпбиді насихаттау, т.б. істері ерекше ден қойды. Газет беттерінде “Кеңес шаруасы не?”, “Кеңес шаруасының пайдасы”, “Неліктен жеке шаруадан ұйымдасқан шаруаға бет алу күшейіп келеді”, “Ынтымақ шаруалардың түрлері”, т.т. осындай тақырыптармен материалдар беріліп, ынтымақ шаруаларды қалай ұйымдастыру керектігі, ұйымның мүшелері, мүлкі, басқару жайлары, шаруашылық істерін қалай жүйелеп жүргізу, ынтымақ шаруаға берілетін жәрдем, көмек, т.б. егжей-тегжейлі баяндалады. Ауыл шаруашылығын ірілендіріп, коллективке ұйымдастыру, ірі кеңес шаруасын құру қазіргі күннің негізгі міндеті деп білді газет. “Мәдениет майданында” деп бет арнап, онда “Жойылсын сауатсыздық” қоғамының қалың бұқараға ашық



хаты, оқу-ағарту істері, ауыл мектептерінің жай-күйі әңгіме болды. Газет ауыл салығы мәселесіне де ерекше тоқталып, тұтас беттер арнады. Оларда салықтан қанша ақша жиналғандығы, ауыл салығы қаржысы қандай жұмыстарға жұмсалатындығы, бұл істегі кеңес мекемелерінің салдыр салақтығы, қаржының орынсыз жерге жұмсалып, дұрыс есебі алынбағандығы, сол қаржы мен атқарылған істердің қандай дәрежеде болып отырғандығынан оқырмандарға мәлімет беріп отырды.

Газеттің атап өтер ерекшеліктерінің бірі мұнда жазба әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің қызмет етуі және өз туындыларын жариялап отыруы дер едік. Газетте **Ғ.Мүсіреповтің, С.Мұқановтың, І.Жансүгіровтің, Ө.Тұрманжановтың, А.Тоқмағамбетовтың, Ж.Сыздықовтың, Қ.Әбдіқадыровтың, А.Сегізбаевтың, С.Сейфуллиннің, Ғ.Мұстафиннің, Ғ.Малдыбаевтың, Б.Майлиннің** мақалалары, өлеңдері мен әңгімелері үнемі жарияланып тұрды.

Газетте Сәкеннің “Ауыл байғұс мінекей” өлеңі, Лиястің “Жаз”, “Ленин” өлеңдері мен “Тас шешей”, “Қонақтар мен қожайын”, “Қақпан” сықак өлеңдері, Сәбиттің “Қоғам”, “Биылғы егін”, “Есіңе алып жүрмісің!”, “Шоқпыттың наурызы” өлеңдері, Асқардың “Пішенші”, “Ауылда”, “Иір көлдің басында”, “Өркендейді, өсед, шаруаң” өлеңдері, Қалмақанның “Егінші, салам есіңе”, “Үлгі” (артел тұрмыс) өлеңдері, Жақанның “Мұртынан күлді...”, “Әуп, әуп, әуп!” өлеңдері, Өтебайдың “Бітік қылғай егінді”, “Бидай басы”, “Су суару”, “Сүйінші” (бөліске арнап), “Бидай орағы”, “Күн күледі” өлеңдері және т.б. көптеген қаламгерлеріміздің шығармалары жарық көрді. Ғ.Мүсіреповтің “Үлгі боларлық ауыл” (№28, 1928ж.), Е.Ерназарұлының “Қоспының міндеттері” (№23, 1927), Орынбек Бекұлының “Ауылды кеңестендіру деген не?” (№2, 1928ж.), Бейімбет Майлыұлының “Мәдениетті болу тетігі елдің өз қолында” (№3, 1928ж.), т.б. көптеген мақалалардың газет оқырмандары үшін зор танымдық мәні болды. 1929 жылы латын қарпіне көшуге байланысты газет жаңа әліпбиді насихаттауға атсалысты. Кейбір материалдарды латын қарпіне жариялай бастады.

Газет сонымен бірге жұртшылықтың жанды пікірін үйретін, пікірталас туғызатын материалдар шоғырын да жариялап отырған. **Бұл ретте Жүсіпбек Аймауытұлының ай аттарын қазақшалау мәселесін көтерген мақаласын атап өтсек болады.** “Бұрынғы газет-журналдар ай аттарын қазақша айтылуы бойынша жазып отыратын еді, бүгінгі баспасөзде, жалпы қолданыста осы дәстүрді жалғастырсақ қайтеді”, — деген ойда Жүсіпбек пікір білдірді. Бұл мақалаға жедел үн қатып, пікір айтқан тағы да зиялы қауым өкілдері болатын. Газеттің сол жылғы 15-нөмірінде Қошке Кемеңгерұлының — “Қазақша ай аттары” мақаласы, 1927 жылғы 7 нөмірінде Ғ.Мұстафиннің “Ай аттарын қазақшалау туралы” деген мақаласы жарияланды. Бұл мақалалар “Ойласу ретінде” деген айдармен жарық көрді. Ғабиденнің мақаласы Жүсіпбек пікіріне қарсы дау айтады.

“Ай аттары туралы ұсыныс кіргізушінің мақсұты — қазақтың ұлт тілін сақтау, өзінде бар тілімен пайдалану болса, біздің оған қарсылығымыз жоқ. Бірер адамның білген тілі көптің тілі болып саналмайды. Жүсіпбектің айтып отырған ай аттарын қанша қазақ біледі екен? Бұған Жүсіпбектің өзі де күмәнді. Көрсеткен ай аттарын осы дұрыс деп сендіре де алмай отыр.

Меніңше, ай атын қазақша жазбағаннан кері кетіп отырған газет жоқ, орысша жазылған ай атына түсінбей есебінен жаңылып отырған қазақты да көргеміз жоқ. Олай болса, ескі газеттер былай жазушы еді деп, көптің құлағы үйренбеген сөзді құрық салып қуудың жөні жоқ. Және, жалғыз ай атын өзгертумен бірен-сарандаған тіл аласынан құтыла алмаймыз. Мұндай күй, мәдениеті төмен біздің қазақ түгіл мәдениетті жұрттарда да бар”, — дейді Ғабиден. Ғабиденнің осы мақаласынан кейін газет бұл мәселеге қайта айналып соқпады.

Мәселе көтерген мақалалар газет бетінде аз жарық көрген жоқ. Әсіресе, тіл тазалығы жөнінде біраз айтыс мақалалар жарияланғанын айта кетейік. Газет жарық көрген алғашқы нөмірінде газет

<sup>1</sup> Ауыл тілі, 1926 жылғы 29 қыркүйек, №10. “Ай, жыл аттары қазақша болсын”.

редакторы Ж.Мыңбаевқа арналған Міржақыптың “Қазақ тілінің мұңы” деген мақаласы және газеттің 2-нөмірінде Ж.Мыңбаевтың Міржақыпқа жауабы, “Жыламаңыз” деген мақаласы жарияланған. Басқа да Ж. деген автордың “Ауропа ма? Яуропа ма? Жауропа ма?” (№10, 1926 ж.), “Өзгермесе бұ не?” (№11, 1926 ж.) деген мақалалары жарық көрді.

Газет өз редакциясына тілшілер тарту мақсатында да біраз жұмыстар атқарды. Алғашқы сынында-ақ “Шаруалар не жазуы керек” деген анкета ұсынып, тілшілердің міндет-мақсаттарын түсіндірді. Газет беттерінде “Тілші болғысы келгендерге”, “Ел тілшілері қаттары”, “Тілшілер қаламы” деген тақырыптарда тілшілер қозғалысы, олардың баспасөзбен байланысы, рөлі туралы жиі жазылды. Жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің жолдаған хат-хабарлары, мақалалары бойынша жиі-жиі беттер жасалды. “Түркістан-Сібір темір жолы салынып жатыр!”, “Кедейлер, орташалар, жалшылар бірігіңдер!”, “Ұйымдасқан шаруа керек!”, “Шаруа күні” деген тақырыптармен берілген тұтас беттер тілшілерінің жолдаған хабарлары мен материалдарының негіздері түзіліп отырды.

Авторлар құрамы жөнінде де бір-екі ауыз айта кеткенді жөн көрдік. Редакцияда санаулы ғана қызметкер болды. Әрбір бөлімнің, айдардың жұмысын жүргізіп, қадағалап отыратын жауапты атқарушысы болды. Айталық, “Денсаулық сақтау” бөлімінің жұмысы Мамытұлы Ақыметтің еншісінде болса, “Кітап сыны” айдарында Қалмақан, ара-кідік Мұстапа, Шымболат деген авторлар жазып отырды. Газеттің бар ауыртпалығы оның жауапты қызметкерлерінің мойнында болғандығын ескерте кетейік.

Қорыта келгенде, “Ауыл тілі” газетінің мынадай өзіндік сипаты мен ерекшеліктері болды: ең алдымен “Ауыл тілі” бұқаралық басылым болды. Басылым бетінде жарық көрген жарияланымдардың авторлары да, газеттің оқырмандары да қалың бұқараның өзі еді.

Екінші, басылымның тілі мен стилі жөнінде айтар едік. Газет көпшілікке түсінікті, қарапайым

қазақы қалпында шығып отырды. Тіл шұбарлығынан, жат сөздерден газет жарияланымдары таза болды.

Үшінші, газет бетінде танымдық тақырыптағы материалдардың жариялануы дей аламыз. Бұл жарияланымдардың да қазақ шаруалары үшін айрықша мән-маңызы болды.

Төртінші, газеттің айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі — Қазақстанда шығатын басылымдар жайында тұрақты мәліметтер жариялап тұруы болды. Әсіресе, баспасөзге жазылу науқаны басталған кезде қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдар жөнінде дәйекті мағлұматтар беріп отырды.

Бесінші, көркем әдебиетті насихаттауы деуге болады. “Ауыл тілінде” әдебиетіміздің көрнекті қайраткерлері мен белгілі публицистердің ауыл өміріне байланысты жазылған шығармалары үздіксіз жарияланып тұрды. Жарық көрген жаңа кітаптарға рецензия-пікірлер жазылып, сын айтылып отырды.

“Ауыл тілінің” өзге басылымдарға да ықпалы ерекше болды. Ол жетекші басылымдардың қатарында өлкелік, гүбірнелік газеттерге басшылық жасады. Газет жарияланымдарының еңбекшіл шаруалар өмірінде мән-маңызы айрықша, атқарған рөлі ересен болды. Сөйтіп, “Ауыл тілі” өз кезінде ауыл еңбекшілерінің санасын оятып, оларды кеңес жолына тартуда көп игі істер атқарды.

### **13. “Қазақ әдебиеті” газеті (1934—2008 жылдар)**

“Қазақ әдебиеті” газетінің ең алғашқы саны сонау ұлттық сипатты білдіретін бір ауыз сөзден сескенген, сталиндік солақай саясаттың өктемдігі күшейіп тұрған 1934 жылдың (ит жылы) қаңтар айының 10-ыншы жұлдызында жарыққа шықты. “Кеңес жазушыларының қазақстандық комитетінің тілі” ретінде жарық көрген бұл газет алғашқы жылы әр он күн сайын, кейін 1939 жылдың наурыз айынан бастап әр айда бес реттен шығатын жүйе қалыптастырған. Бұл туралы газеттің сол жылғы 6-санындағы “Қазақ әдебиеті” газетінің оқушыларына” деген сілтемемен берген хабарландыруда айтылған.

Газет редакциясының мекен-жайы қазіргі газет-тердегідей соңғы беттің астында емес, газеттің аты көрсетілген маңдайшасында жазылған. Бұл мәліметтен басылым редакциясы алғашқы жылдары Алматы қаласы, Красин көшесіндегі 41-үйде орналасқандығын білуге болады. Газеттің ең алғашқы редакторы Ғабит Мүсірепов болғанымен, алты айдан кейін, яғни, 1934 жылдың шілде айындағы 16-шы нөмірінен бастап редакция ұжымының тізгінін Бейімбет Майлин қолға алған. Ол жетекшілік еткен тұста кей кездері газет белгілі ақын Ә.Тәжібаевтың уақытша жауапты редактор ретінде қол қоюымен де шығып тұрған. 1935 жылдың наурыз айынан бастап 1936 жылдың қараша айына дейін бұл әдеби басылымға Сәбит Мұқанов редакторлық еткен. Араға бір жарым жылдай уақыт салып Бейімбет Майлин газет жұмысын қайта қолға алған.

Осы уақыт аралығында “Қазақ әдебиетінің” жұмысына Сәбит Мұқанов жетекшілік еткенімен, кей сандары Қадыр Қуанышов, Өтебай Тұрманжанов, Тайыр Жароков, Жақан Сыздықовтардың уақытша жауапты редактор ретінде қол қоюларымен де шығып тұрған. 1937 жылдың 25 желтоқсанында газетке Асқар Тоқмағамбетов жауапты редактор болып тағайындалды. Содан уақытша жабылып қалғанға дейін, яғни 1938 жылдың сәуір айына дейін жауапты редактор ретінде қол қойып отырған. Белгісіз себептермен уақытша жабылып қалған аталмыш әдеби басылымның 1939 жылғы алғашқы саны желтоқсан айының 21-күні ғана жарыққа шыққан. Жыл соңында жарық көрген газеттің екі нөмірінде де жауапты редактордың аты-жөні көрсетілмеген. Ал, ұзақ мерзімге жабылып қалар алдындағы 1940 жылғы нөмірлері қаңтар айында жарық көріпті. Бұл сандарында редколлегия мүшелерінің аты-жөндері көрсетілген: осы мәліметтен жауапты редактор Әлжаппар Әбішев болғандығын, ал Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Сәбит Мұқанов, Қалижан Бекқожин редакция алқасының мүшелері екендігін білеміз.

Алғашқы жылдары бұл басылым белгілі бір уақытта шығып тұратын жариялау кестесін

қалыптастырмаған. Соның салдарынан газеттің 1934 жылы 31 саны, 1939 жылы 35 саны, 1936 жылы 50 саны, 1937 жылы 54 саны жарық көрген. 1936 жылғы алғашқы нөмірінен бастап газет фирмасында “бес күнде бір рет шығады” деген мәлімет берілген, бірақ ... бұл жүйелілік сақталмаған. Газеттің әр санының арасындағы уақыт ұзақтығы 6-9 күн, кейде 10-13 күнге созылған.

Газеттің таралымы алғашқы жарыққа шыққан 1934 жылы 3 мың дана болса, 1939 жылы 3,900 жеткен. Осылай жылдан-жылға “Қазақ әдебиетінің” оқырмандарының саны көбейіп отырған. Газет таралымының ...ұжым қызметкерлерінің де белгілі бір дәрежеде ықпал жасағандығын ондағы авторы көрсетілмеген “Қазақ әдебиеті” газетінің таралмауы таратушының жоқтығынан екен”, “Қазақ әдебиеті” газетін таратуға мықтап көңіл бөлінсін деген сияқты шағын жарияланымдардан көруге болады. 1936 жылғы 25 сәуірдегі (№16) нөмірінен бастап “Қазақ әдебиетін” 10 мыңға жеткізейік деген сілтемемен газетке жазылу науқанының барысы туралы, тарату жайында шағын мақала, хабарлар жарияланып тұрған. Осы нөмірден Тоқберген деген автордың “Өндірісте тарату жұмысын ұйымдастыру керек”, Т.Ыдырысұлының “1500 дана тараттым” деген шағын мақалаларын оқуға болады. Сөйтіп, редакция қызметкерлері газеттің санының үздіксіз артуына өз үлестерін қосып отырған.

Әдеби басылымның ең алғашқы санындағы бас мақаласында және өлкелік партия комитеті мен халық комиссары кеңесінің құттықтау хатында кеңес дәуірінде Қазақстандағы индустрия өнеркәсіп орындарының тез қарқынмен өскені, қазақ жұмысшыларының құрала бастағаны, ...жеке шаруалардың 70 пайызы колхозға ұйымдасқаны, олардың жоспарлы түрде жерге қоныстанғаны айтылады және газет алдында мынадай міндеттер қояды. Әдебиет газетінің редакторы және редакция алқасы ұжым маңына жазушыларды, артистерді, әншілерді, мазмұны социалистік мәдениетіміздің барлық саласын көтеруге, зер салуға көмекші болсын, дәуіріміздің ұлылығын кең көлемде көрсете

алатын қазақтың үлкен әдебиетін жасау ең басты міндеттердің бірі болсын, туысқан социалистік республикалар әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысы, қарым-қатынасы күшейтілсін”, — делінген.

“Қазақ әдебиетінің” осы нөмірінде республикамыздың көрнекті жазушыларының мақалалары, өлеңдері, әр алуан хабарлар жарияланған. Мәселен, Сәкен Сейфуллин өз мақаласында былай дейді: “Альбатростың” бірінші бөлімі басылып шықты. Енді екінші бөлімін даярламақпын. “Қызыл ат” жария болды.

Бірақ, оның соңғы бөлімін түгелдей толықтырып жазбақпын. Осы күні “Біздің тұрмыс” атты роман жазып жүрмін. Бұнда қала колхоз және завод жұмыстарын көрсеткім келеді...” Лияс Жансүгіровтің осы нөмірде жарияланған “Колхоз айтысы” атты өлеңінде “Талап” пен “Қастек” колхоздары өзара айтысқа түседі. Сол арқылы ақын колхоздардың өміріндегі жетістіктерді де, кемшін тұстарды да көрсете білген. Мұндағы Б.Майлиннің “Сары май” деген әңгімесінде колхоз бен совхоз жұмысына немкетті қараушылық, колхозға жасырын кірген кулактардың ұрлығы мен сұмдығы, сонымен қатар колхозда адал еңбек етіп жүрген Нұрыш сияқты қызметкерлердің еңбегі көрсетілді. Сондай-ақ газеттің тілімізге тиек етіп отырған осы нөмірінде Мұхтар Әуезовтің “Астық” пьесасы туралы сын мақала жарияланған.

Газеттің алғашқы санындағы “Қазақ әдебиеті” ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын” деген маңдайша сөзінен оның мақсатын айқын аңғарамыз. Бұл санда “Ұлы дәуірге үлкен әдебиет” атты бас мақала жарияланған. Оны Ғабит Мүсірепов жазған. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің “Кезекті істерім” атты толғауы, Лияс Жансүгіровтің “Колхоз айтысы” өлеңі, Бейімбет Майлиннің “Сары май” әңгімесі, **Саттар Ерубаев пен Өтебай Тұрманжановтың** өлеңдері, Тайыр Жароковтың “Менің журналым”

<sup>1</sup>“Қазақ әдебиеті”. 1937, 30 шілде.

<sup>2</sup>“Қазақ әдебиеті”. 1937, 13 тамыз.

<sup>3</sup>“Қазақ әдебиеті”. 1938, 16 қаңтар.

<sup>4</sup>“Қазақ әдебиеті”. 1935, 12 шілде.

атты мақаласы жарық көріп, жұртты бірден елең еткізген.

Жазушылардың жаңадан жазып шыққан шығармаларын сиясы кеппеген күйінде оқырмандарына таныстырып отыру үрдісі “Қазақ әдебиеті” жарыққа шыққан алғашқы күндерде-ақ бастау алған. Газет бетінде Ж.Саинның, А.Тоқмағамбетовтың Ә.Тәжібаевтың, Ғ.Ормановтың, Т.Жароковтың, С.Омаровтың, Д.Әбілеуінің, Ш.Құсайыновтың өлеңдері, әңгімелері, пьесалары жиі жарияланып тұрған. Аталған авторлар үшін бұл басылым шыңдалу мектебі болып, қанаттарының қатаюына әсер еткені даусыз.

Газеттегі алғашқы жылдардағы көңіл сүйсінерлік үрдістердің бірі — қазақ ақын-жазушыларының жаңадан жазылған немесе баспадан енді басылып шыққан жаңа туындыларын қаламгерлер арасында талқылау. Мәселен, газеттің 1936 жылғы 10 қаңтардағы нөмірінің, 2-беттерінде түгелімен І.Жансүгіровтің “Дала” және “Күйші” поэмалары туралы жазушылардың пікірлеріне арналған. Атап айтқанда, бұл нөмірде сол кездегі жауапты редактор — Сәбит Мұқановтың “Ілиястің поэмасы туралы” атты көлемді мақаласы, Қадыр Қуанышұлының “Жансүгірұлының екі поэмасы туралы”, Қалмахан Әбдіқадырұлының “Күйшіні” түсіне білу керек”, Өтебай Тұрманжановтың “Күйшінің күйі туралы” атты ...мақалалар сол кездегі оқырмандар қауымына Ілияс Жансүгіровтің аталмыш шығармаларына терек бойлатып қана қоймай, оны бірнеше қырынан тани білулеріне игі әсерін тигізгені сөзсіз.

Жалпы “Қазақ әдебиеті” газетінің алғашқы жылдарда да, кейінгі кезеңдерде де іркілістері басым болғандығын айқын аңғаруға болады. Ә дегеннен-ақ оның беттерінде тарихи, танымдық-әдеби зерттеулер жиі басылған.

“Исатай — Махамбеттің патшаға қарсы көтерілісіне 100 жыл толу қарсаңында” деген сілтемемен аталмыш көтерілістің тарихи мән-маңызын ғылыми тұрғыда түсіндіретін зерттеу мақалалар жиі беріліп тұрған. Мәселен, Қажым Жұмалиевтің “Исатай-Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы”, “Махамбет поэзиясының тілі”, М.Жолдыбаевтың



“Исатай Тайманұлы” атты ғылыми-танымдық мақалалары сол кезең үшін өте маңызды болғаны даусыз.

“Қазақ әдебиеті” газетінің алғашқы жылдарында оның беттерінде қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезовтің ғылыми-әдеби зерттеулерін, басқа мақалаларын көптеп жариялағанын көруімізге болады. Автордың “Қырғыз дастаны — Манас”, “Қазақтың халық музыкасы және музыка театры”, “Қазақстанның көркем өнері”, “Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар” атты мақалалары өз кезінде оқырмандардан лайықты бағасын алғандығы айқын.

Газетте “Кітап сыны” (кейіннен “Редакция”), “Библиография”, “Жаңа кітап”, “Редакцияға хат”, “Әдебиет хабарлары”, “Соңғы жаңалықтар” деген айдарлар болған. “Кітап сыны” айдары бойынша баспадан жаңадан шыққан кітаптар туралы қаламгерлердің өздерінің ұсыныс-пікірлерін, көзқарастарын білдіріп тұрған. “Библиография” айдарымен берілген шағын материалдарда жаңадан шыққан кітаптардың мазмұнымен таныстырып отыру дағдысы болған. Ал, оқырмандардың күнделікті өмір ағымындағы өздерін елең еткізген жайттарға көзқарасы “Редакцияға хат” деп аталатын айдар бойынша берілген. “Жаңа кітап” айдары бойынша оқырмандар қауымын қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы өнімдерінің тізімімен таныстыруды әдетке айналдырған. Ал, әдеби өмірдің елең еткізер жаңалықтары туралы қысқа ғана қайырыммен “Әдебиет хабарлары” деген айдарымен бірлесе, “Соңғы жаңалықтар” айдары бойынша туған өңірінің әр түрлі салаларындағы өзгерістері туралы ақпараттар беріліп тұрған.

Сталиндік солақай саясаттың өктемдігі күшейіп тұрған тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамған сонау 1937–38 жылдарындағы “Қазақ әдебиетінің беттеріндегі ел зиялыларын, қаламгерлерді, “халық жаулары” ретінде әшкерелеу сипатында жазылған мақалаларды көптеп кездестіруге болады. Мәселен **“Ұлтшыл фашистерге өмір сүргізбейміз”**

<sup>1</sup> “Қазақ әдебиеті”. 1955, 28 қазан.

<sup>2</sup> “Қазақ әдебиеті”. 1959, 24 шілде.

атты бас мақалада Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов, Құлымбетов сынды арыстардың “ұлтшылдығы әшкереленген”. Газеттің сол нөміріндегі Қалмақан деген автордың “Біздегі болған қателер” атты мақаласында С.Мұқанов, Ғ.Тоғжановтың “саяси қателіктері” сөз болды. Д.Әбілевтің “Баспасөз орнындағы шірік либералдарды құрту керек”, Қ.Дәуленовтің “Барып тұрған жанды контрбанда”, сол сияқты авторы көрсетілмеген “Әдебиеттегі троцкішіл-булгариншіл ұлтшыл фашист зиянкес терін жеріне жете құрту керек” деген мақалаларда І.Жансүгіровтің, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің ұлтшылдығы сыналады.

“Қазақ әдебиеті” газеті үнемі жас талапкерлердің сөз алыстарына ерекше мән беріп, олардың қаламдарының ұштала түсуіне, қанаттарының қатаюына септігін тигізіп отырған. Осыған газет алғашқы жылдарда-ақ нақты көңіл бөле бастаған. Атап айтқанда, Қасым Аманжолов “Көп оқып, үйреніп, жақсы жазайық” атты мақаласында “Біздегі бір қалмай келе жатқан әдет — қалай болса солай құрастырылған, аяғы үйлестірілген қара сөзді өлең деушілік. Өлеңнің қасиеті оның аяғының үйлесуінде емес, мазмұнында, іші-сырты бірдей келген көркемдігіне екенін ұмытпау керек” деп сол кездегі қолына қалам ұстағандарға тән ортақ кемшілікті көрсете отырып, оларға ақыл-кеңес айтады, өлеңнің киелі жанр екендігін ұғындыруға тырысады, көп оқып, көп білгенде ғана ойлы өлең тудыруға болатынын түсіндіреді.

Әдеби басылымның біз қарастырып отырған кезеңде Ә.Тәжібаевтың “Өлең оңай жазылмайды” деген тақырыппен берілген редакцияға түскен жас талапкер ақындардың балауса өлеңдеріне жасаған шолуы да редакция ұжымының жас ақындардың шығармашылығына немқұрайды қарамағандығының айғағы болса керек.

1 “Қазақ әдебиеті”. 1959, 25 желтоқсан.

2 “Қазақ әдебиеті”. 1959, 23 қазан.

3 “Қазақ әдебиеті”. 1955, 24 шілде.

4 “Қазақ әдебиеті”. 1959, 30 қазан.

Еліміздегі экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерге байланысты “Қазақ әдебиетінің” 1940 жылдан бастап шықпай қалғаны белгілі. Қазақ халқының арына да, нәріне де айналған басылым 1955 жылдың 14 қаңтарында дүниеге қайта келді. Газеттің жаңа саны жарыққа шыққанда бұл оқиғаны қаламгерлер ғана емес, бүкіл жұртшылық қуанышпен қарсы алғаны байқалады. Еліміз бен жұртымызды қуанышқа бөлеген бұл нөмірде бастан аяқ газетке құттықтаулар мен сол мағынадағы жылы лебіздер жарық көрген. Кеңес жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезіне қатысты мақалалардан өзге жарық көрген материалдардың бәріне дерлік осы бір елдің әдеби өміріндегі елеулі оқиғаны тілге тиек еткен. Атап айтқанда Ғ.Мүстафиннің “Құнды шығармалар жасайық”, И.Эренбургтің “Халықтар ары”, М.Әуезовтің “Сәт-сапарға дос ниет”, М.Иманжановтың “Таңға аттаныс”, С.Көбеевтің “Алғашқы адым”, Қ.Қуанышбаевтың “Абыройлы міндет”, М.Ғабдулиннің “Үш тілек”, І.Кеңесбаевтың “Тіл байлығы үшін”, Т.Дарханбаевтың “Игілікті іс” атты мақалаларымен бірге “Келелі мәселелерді кең көтерейік” деген бас мақала, “Ақын сөзі” атты Ғ.Ормановтың арнау өлеңі, “Литературная газета” мен “Социалистік Қазақстанның”, Өзбекстан Жазушылар Одағының құттықтаулары басылған.

Бұл кезеңде газет басшылығын Сырбай Мәуленов қолға алған. Ол 1957 жылдың наурызына дейін газеттің бас редакторы ретінде қол қойып отырған. Осы уақытта газет ұжымында Т.Абдрахманов, Т.Әлімқұлов, С.Мұқанов, Ғ.Ормановтар қызмет атқарған. 1955 жылдың алғашқы айларында С.Шәймерденов бас редактордың орынбасары болып қызмет істесе, осы жылдың қазан айынан бастап бұл жауапты жұмысты Ж.Молдағалиев атқара бастаған.

“Қазақ әдебиеті” газеті қаламгерлер қауымы үшін шындалу мектебі болғаны даусыз. Бұл орайда әдеби апталық әрдайым ақын-жазушылардың

<sup>1</sup> “Қазақ әдебиеті”. 1991, 20 желтоқсан.

қаламының ұшталуына өз үлесін қосып отырған. Алдына қойған осы бір абыройлы міндет 1959 жылдан газеттің іс-тәжірибесіне енгізіле бастаған. “Шеберлік мәселесін талқыламаймыз” айдары аясында жүзеге асырылып тұрған. Осы айдармен берілген Б.Аманшиннің “Өлең сезімге құрылсын” деп аталатын мақаласында “Поэзия оңай ұйқасқан жай сөздердің ғана тізбегі емес. Жақсы өлең, ең алдымен ақын жанын қатты толқытқан күшті сезімнің, алғыр ойдың көрінісі. Ақын айналадағы дүниеге көзқарасын, ықыласын немесе ренішін сезім арқылы білдіреді. Ендеше, өлең сезімге құрылуы тиіс” деп шеберлік жайында толғамды ой, салиқалы пікірін білдіреді.

Осы айдар төңірегінде Ж.Молдағалиевтың “Мазмұн мен түр тұтастығы”, Р.Бердібаевтың “Табиғилық пен жасандылық”, Ж.Өмірбековтың “Ақындық сезім туралы”, С.Шаймерденовтың “Шеберлік ізденуден туады” және т.б. мақалаларында қаламы ұшталған жазушылар жас қалам иелеріне ақыл-кеңес айта отырып, өздерінің жазу лабораториясының қыр-сырымен таныстырады.

Баспасөздегі полемика (айтыс емес) “Қазақ әдебиеті” газетінің бетінде сонау “Жеке басқа табыну”, “Тоқырау” деп айдар таққан кезеңдерден, дәлірек айтқанда, 1955 жылдан бастау алған. Бұл жанрды өрістетуге алғаш болып үлес қосқандар М.Ғабдуллин мен М.Әуезов, олар бір-бірінен жазысқан хаттарында әдебиеттің толғақты мәселелерін орынды қозғап, өздерінің пікір-пайымдарын ашық айта алған. М.Ғабдуллин “М.Әуезовке хатының” кіріспесінде бұл хатты газетке жолдауының екі түрлі себебін “...Біріншіден хатымда көтерілген мәселелерге көпшіліктің назарын аудару, екіншіден осы проблемалар жөнінде әрі аға жазушы, әрі ғалым адам сіздің пікіріңізді білу, оны көпшілікке жаю” деп түсіндіреді.

Газеттің бізге мәлім шежіресінде оның жұртшылық ықыласына бөленген, елдің көңіліндегі армандар мен мүдделері дәл тауып айтқан, проблема-

<sup>1</sup> “Қазақ әдебиеті”. 1997, 21 қаңтар.

ларды батыл көтерген жұлдызды шақтарының бірі — С.Мәуленов редакторлық еткен (1955-1957) кезең. Бұл жылдары басылым қазақ тілінің, мектептердің, әдеби мұраның, терминологияның, әдебиет тарихының, халық музыкасының, көркем аударманың, оқулықтардың, оқу бағдарламаларының, ана тілі мен әдебиет кадрларын даярлаудың алуан мәселелерінен бастап қазақша стенографистер, машинка басушылар, баспагерлер қажеттігіне дейін сол мұқтаждықтарды көтеріп отырды.

“Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы қайта шыққан кезеңінен редакцияға қызмет атқарысқан, кейіннен осы газеттің бас редакторы болған, қазіргі белгілі жазушы, ғалым, профессор Н.Ғабдуллиннің, газет редакторының орынбасары болған көрнекті жазушы С.Шаймерденовтің, айтулы ақындар М.Әлімбаевтың, А.Шамкеновтің сіңірген еңбектері ерекше.

С.Мәуленов редактор болып тұрған кезден бастау алған “Өлең өлкесінде”, “Оқушыларымыздың өлеңдерінен”, “Біздің интервью”, “Жазушы және өмір”, “Ел аузынан”, “Бауырлас елдер әдебиеті”, “Маңғыстау мұнаралары”, “Махаббат лирикасы туралы” және т.б. тұрақты айдарлары кейін, яғни І.Жарылғапов (1957 жылдың наурызы мен 1958 жылдың қыркүйегіне дейін), Ә.Тәжібаев (1958 жылдың қазанынан 1959 жылдың наурызына дейін), З.Қабдолов (1959 жылдың сәуірінен 1961 жылдың шілдесіне дейін), Ж.Ысмағұлов (1961 жылдың тамызынан 1963 жылдың наурызына дейін) редакторлық еткен тұстарда да жалғасын тауып отырған.

Атап айтар болсақ, газетке Ә.Тәжібаев жетекшілік етіп тұрған тұста атын ауызға алуға тыйым салынған Ш.Құдайбердиевтің шығармашылығына арнаулы бет жасақталуы редактордың ерекше ұлтжандылығынан туған батылдық екендігі сөзсіз. Онда Шәкәрімнің шығармашылығына қысқа ғана қайырыммен сипаттама беріліп, ақынның “Жастық туралы”, “Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек”, “Абай үлгісі”, “Толстой шәкіртімін”, “Бәйгеге бар сұлу жар” және т.б. өлеңдері жарияланған.

Ал, осы әдеби апталыққа З.Қабдолов жетекшілік еткен тұста бұрыннан үрдіс алған іргелі мәселе — шеберлік жайы болған. Осыған орай газеттегі С.Мәуленовтың тұсындағы “Шеберлік мәселесін талқылаймыз” айдарының орнына оның аясын кеңейтіп, “Жазушы шеберлігі”, “Жазушы трибунасы”, “Жазушы лабораториясы” деген жаңа айдарларды дүниеге келтіріп, жазу өнерінің қырсырына жас қаламгерді машықтандыруға ден қойған болатын. Мәселен, С.Мұқановтың “Мөлдір махаббат” қалай жазылды?”, Ғ.Мұстафиннің “Ой мен тіл”, Ә.Нұрпейісовтің “Ашы да болса ашық сөйлесейік”, Б.Сокпақбаевтың “Жазушылар өмірден неге артта қалады”, тағы басқа ондаған проблемалар, ойлар мен толғаныстар өз кезеңінің әдеби өмірі үшін елеулі орын алған. Газет ұжымына жетекшілік еткен Ә.Нұршайықов (1964-1967), Н.Ғабдуллин (1967-1975), С.Мәуленов (1975-1976), С.Мұратбеков (1977-1980), Ш.Мұртаза (1980-1989) Т.Әбдіков (1990-1991) және т.б. өзіндік қолтаңбасын қалдырған, газет беделін көтеруге елеулі үлес қосқан азаматтар еді.

Нығмет Ғабдуллин бас редактор болып тұрған кезеңдегі газеттің ең басты назар аударғаны ел мен жер тағдыры болды. Қазақ елінің болашағын ғылыми көзбен бағдарлау, республиканың экономикасын дамытудың шешуші күші — өндіріс орындарында еңбек ететін ұлт кадрларын молайту, өз байлығы өзіне жететін

Қазақстанды басқаға кіріптар етпудің қамын ойлау, мал шаруашылығын өркендету үшін, бұл кәсіпті “екінші тың” деп жариялап, туысқан республикалардағы малшы қазақтарды Қазақстанға шақыру, басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұратын халқымыздың тұрмыс күйін көтеру шараларын жүзеге асыру сияқты келелі мәселелер газет бетінде жүйелі түрде орын тапқан.

“Қазақстанда тың жерлерді игеруді ұлғайта беру керек” деп партия күнде ұрандап жатқанда “Қазақ әдебиеті” газеті шабындық жерлерді беталды жыртудың жөнсіздігін дәлелдеп, оның болашақтағы экологиялық зардаптарын ескеріп,

табиғатты қорғап, батыл үн көтерген. Ел мен жерге байланысты сондай үлкен проблемаларды көтере жүріп, “Қазақ әдебиеті” газеті өмірдің айнасы бола білгендігін көруге болады. Бұл жылдары газет беттерінде жарық көрген жазушы Ғ.Слановтың тіл зерттеу, М.Мағауиннің қазіргі қазақ романы, С.Талжановтың Абайтану, Қ.Жұмаділовтің аударма мәселелері хақындағы көлемді мақалалары сол кездегі елеулі жарияланымдар болып саналды.

“Қазақ әдебиеті” газетінің тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың бірі Шерхан Мұртаза. Ол әдеби басылымда табаны күректей 9 жыл бойы (1980-1989) бас редакторлық қызмет атқарды. Оның тынымсыз еңбегі арқасында сол тұста газеттің көлемі он алты бетке, таралымы 40 мыңнан 110 мыңға жеткен. Себебі, аңқасы кепкен Арал проблемасы туралы да, Семей мен Нарын құмдағы ядролық сынақтар жайында да, экологиялық апатқа ұшыраған басқа да аймақтар хақында да көптеген мақалалар жарияланып, дабыл қағуы осы кезеңде бастау иалған болатын.

Жалпы, жазушылардың төл басылымы “Қазақ әдебиеті” газеті тоқырау жылдарында да, қайта құру кезеңінде де іркілістерінен ізденістері көп болғандығы айқын көрінеді. Ең бастысы, бұл газет ешқашан да оң жолынан таймайды. Қандай алмағайып кезеңдер басынан өткерсе де, адал сөйлеп, мансабының биік тұғырынан дабырайған жалған даңқтар мен жалған беделдер алдында жалпылдамай, жалтақтамай, мәймөңкелемей, шындықты тура айтты.

Осы кезеңдері “Қазақ әдебиеті” газеті 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының ақиқатын айтудан да шет қалған жоқ. “желтоқсан жаңғырықтары” атты айдар бойынша аталмыш оқиғаға бес жыл толуына орай көптеген публицистикалық дүниелер жарық көрді. Әсіресе, бұл орайда Коммунар Тәбейдің, Армиял Тасымбековтың публицистикалық дүниелерін жариялап, талай шындықтың бет пердесін ашып берді. Сөйтіп, “Қазақ әдебиеті” газеті қай заманда да ұлт туын берік ұстады, халқына қалтқысыз қызмет етіп, әдеби өміріміздің айнасы, халқымыздың

рухани ұстазы болды. Алаш қаламгерлерінің көңілге түйін ойларын көркем кестелеген ұлттық газет қазақ елі тәуелсіздік байрағын көтерген соңғы жылдары да парасатты ойлар арнасын кеңейтіп, көкейкесті мәселелерді кезінде қозғап, ұлт мүддесін жоғары ұстап, мемлекет іргесін бекітуге айрықша қызмет атқарып отыр.

Әдеби апталық еліміз тәуелсіздік алғандығын мерекелік нөмірде “Ақ түйенің қарыны жарылған күн” деп ерекше қуанышпен хабарлады. Бұл кезде газетке Оралхан Бөкеев (1991 жылдың қазан айынан бастап) жетекшілік еткен. Осы кезде газетте “Қаламгер альбомынан”, “Мезгіл мінбесінен”, “Жазушылар одағы жаңа кезеңде”, “Кіндік жұртың күйлі ме”, “Төрлетіңіз, сұхбаттасайық, кеңесейік, пікірлесейік, әңгімелесейік”, “Сөз-сандық” сияқты жаңа айдарлар ұйымдастырылып, олардың төңірегінде оқырмандар қауымы үшін қызғылықты әңгімелер жарияланды.

“Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы Ахат Жақсыбаев (1993 жылдың қарашасына дейін) газетте қалыптасқан игі дәстүрлердің жалғасын табуына әсерін тигізді. Жыр атасы Жамбылдың, поэзия пірі Абайдың, көркемсөз шебері Мұхтардың мерейтойлары осы кезбен тұспа-тұс келіп, сөз өнері алыптарының бейнесін өз дәрежесінде сомдауға бүкіл қазақ қаламгерлерін жұмылдыра білуге ықпал етті.

Бұл тұстағы газет беттеріндегі “Айтайын дегенім...”, “Біз қандаймыз”, “Апта аралығындағы ойлар”, “Тәуелсіздік талаптары”, “Жадымда жүрер жаңғырып”, “Толғандырар тақырып” сияқты айдарлар оқырман көңілінен шықты.

Өмірден өткен небір жақсыларымыз бен жайсаңдарымыз туралы әр түрлі жанрдағы материалдарды топтастыратын “Жадымда жүрер жаңғырып” атты айдары аясында көптеген марқұм қаламгерлер жайлы оқырмандар жүрегінде сағыныш

<sup>1</sup> Р.Конквест. “Қасырет зардабы. Советтік коллективтендіру және аштық терроры”. Лондон, 1988.

<sup>2</sup> “Қазақ әдебиеті”. 1988, №1.



сезімін оятатын естелік әңгімелер, эсселер берілді. Соның ішінде дарынды ақын Исраил Сапарбаевтың ақиық ақын Мұқағали туралы, оның жары Лашын Әзімжановамен сырласу нәтижесінде жазылған “Тағдырыма тура келген серігім” атты естелік-әңгімесін бөле-жара айтуға болады.

“Қазақ әдебиеті” газеттің 1977 жылғы 2 желтоқсандағы санынан бастап газет ұжымына Жұмабек Кенжалин келді. Жаңа редактор басылымның бұрынғы бет-бейнесін одан әрі айшықтандыра түсті. Өзі қол қойған алғашқы нөмірден бастап-ақ “Ойтұмар”, “Не жазып жүрсіз?”, “Дат, тақсыр” және т.б. айдарлар ұйымдастырып, оқырмандарын риза етті.

Одан соң бұл басылымның редакторы болып белгілі қаламгерлер Ж. Қорғасбеков, Ұ.Есдәулетов, Ж. Шаштайұлы жұмыс істеді.

#### **14. Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және қуғын-сүргін жылдарындағы баспасөз**

1905 жылдан басталған Россиядағы революциялық өрлеу дәуірі патшалықтың шет аймақтарында ұлт-азаттық қозғалысының жандауына ықпал жасады.

Алайда патша үкіметіне бұратана халықтардың бірді-екілі оқығандарының “азаттық”, “теңдікті” әңгіме етуі өрескел көрінді. Бірнеше ғасыр бойы үн-түнсіз бағынып, тағдырына мойынсұнып келген аз ғана ұлттардың ішінен бұлай бас көтеретін адамдар шығады деп ойлаған жоқ еді.

Сондықтан да патша өкіметі бұндай наразылық көрсете бастағандарды барынша мұқатып, біржолата тұралатып тастауға ұмтылды. Ал, кеңес дәуірінде бұлардың патша заманындағы азаттық үшін күресін орысқа қарсы күрес деп теріс түсінушілер бұларды ұлтшылдар, байлар деп кінә тағумен болды.

Оның үстіне революцияға дейін интеллигент болғандар сол заманның рухани уымен уланғандар еді. Бұлар енді пролетариат туы астында жинала алмайды, жаңа өмірді қырлай алмайды деген асығыс,

ешбір ғылыми негізсіз тұжырымдар жасалды. Ақыр соңында оларға әр түрлі жала жабылып, контрреволюциялық ұғым құруға қатысты деген айыптар тағылды. Сол отызыншы жылдардың басында-ақ олардың кейбіреулері атылып кетті, басқалары әупірімдеп аман қалғандарын 1937 жылдың қанды қақпаны күтқарған жоқ.

Қазір осы “тарих ақтаңдақтары” күн өткен сайын анықталып, сол бір ауыр кесапатты жылдардағы халқымыздың аяулы ұлдары мен қыздарының қилы тағдырлары жан-жақты зерттелу үстінде.

Бізді тарихымыздан, цензураның қара бояуының астында қалған тарихымыздан күштеп айырды. Таланттарын қыршынынан қия отырып халықты да ойлау қабілетінен айырды: өйткені, ойланбайтындар мен ойлана алмайтындарды басқару оңай еді. Біртіндеп біз ешкімге ешнәрсе қарыз емес екенімізді түсіне бастадық. Оның үстіне азаптаған, талан-таражыға түскен өз жерімізде өмір сүру үшін де қорлықты аз көрген жоқпыз.

Мәселен, осы уақытқа дейін “коллективтендіру-ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың классикалық үлгісі” — деген асыра сілтеушілік пікіріне, жарты ғасырдан астам уақыт бойы жұрт күмән келтіруге қорықты, оны тек марапаттаумен келдік. Рас, коллективтендірудің мәнін жоққа шығару дұрыс болмас еді, колхоз құрылысы өткен ғасырдағы ауыл шаруашылығы экономикасы негіздерінің бірі болды. Оған дау жоқ.

Бірақ, коллективтендіру ісі Қазақстанда қалай өтті, мәселе осында. Қанышер Голощекиннің “кіші Октябрь” саясаты тек малмен күн көріп отырған қазақтың алдымен байларына, одан соң орташаларына, ең соңында тұрмысы төмен үйлерге де ауыр салық салып, малын тартып алды, өздерін шұбырып қаңғып кетуге мәжбүр етті. Сөйтіп, жазықсыз жандарды ашаршылыққа, жаппай қырғынға ұшыратты.

Малынан айырылған қазақтың мұнан кейінгі көрген күнін дұшпанына да бермесін дейтіндей болған. Ағылшын — американдық тарихшы әрі жазушы Р.Конквестің осы кезең туралы жазған

тарихи-публицистикалық еңбегінде КСРО-ның әр аймақтағы аштық жайы айтылып, “Алайда бұл фактілер қаншама қайғылы болғанымен, қазақтардың басына түскен ұлан-асыр қасіреттің жанында түк те емес болып қалады”, — деп ерекше тоқталып өткен.

Егер бүгін өткен тарихи кезеңдерге көз жіберсек, қазақ халқы ақын Ж.Молдағалиев айтқандай “Мың өліп, мың тірілгенін” байқаймыз.

Демократиялық үрдіс пен жариялылыққа арқа сүйеген әділеттік күн сайын нығайып, бір кездері нақақ айыптаулармен кеткен өз халқының адал ұл-қыздарының аттарын қайта танып, елге сіңірген еңбектерін көріп қайта табысып жатыр.

Бұл туралы “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған “Оқырманға айтар сөз” деген бас мақалада: “Жариялылыққа бел шешіп батыл кірісе алмай отырғанымыз да байқалмай қалмайды. Бұл біздің тоқырау кезеңінде бойымызға сіңіріп қалған мимырт митың, жайбасар аяңнан күмілжіп айтуға үйренген үркелек мінез-құлықтан ақиқаты я аттап, я ойланып өтіп кетуге тырысатын кейбір жалпақ мінез, күйкі әдеттерден әлі де ат құйрығын үзсе алмай жүргеніміздің салқыны болса керек”, — деп жазған болатын.

Тарихтың “ақтандақ” беттері туралы ең алғаш болып осы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1988 жылғы 6 ақпаны күнгі нөмірінде халқымыздың тарихы мен тіліне, мәдениеті мен әдебиетінің тағдырына байланысты проблемалық мақаласымен көрінген жазушы Б.Нұржекеевтің “Шындықты бүкпей айтсақ” деген мақаласы жарияланды. Одан соң бастаманы “Арай” журналы мен “Өркен” газеттері жалғастырып, бұрын халық жауы аталып келген Косарев, Бухарин жайлы материалды орыс тілінен аударып басып, өздері де осы тақырыпқа байланысты көлемді интервью, очерк, мақалаларды жариялай бастады.

Осындай тарихтың “ақтандақ” беттері туралы материалдар басқа да басылымдарда жиі жарияланып, одан қорытынды да шығарыла бастады. Бұл ретте Ресейдің тәуелсіз басылымдарының қара қылды қақ жаратын әділ мақалаларын өнеге етіп

айтуымыз орынды. Мәселен, бүгін кезінде халық жауы атанып, репрессияның қаһарына ұшыраған Н.И.Вавиловтың халық, партия, үкімет алдында ешқандай күнәсі болмағандығы айқындалып отыр. Керісінше, оған жала жауып, “халық академигі” атанған Г.Т.Лысенконың сол халыққа қарсы бағытталған қылмысты істері әшкерленуде.

Сондай-ақ, Михаил Кольцов сияқты халықтың талантты ұлын жазалағандардың шын мәнінде оның шығармаларын оқуға қауқары болмаған көрсоқыр, бұйрық орындаушылар болғаны қандай қиямет.

Біздер Сәкен, Бейімбет, Ілиястарымыздың... қандай жағдайда ұсталып, қандай жағдайда қаза тапқандарын әлі күнге дейін нақты білмей жүрміз. НКВД оларды ұсталысымен атылды десе, тауқымет-тақсыретін бірге тартқан көзі тірілер Сәкен де, Бейімбет те біртіндепте қаза тапты деген деректер айтып жүр.

Мысалы, жарты ғасырдан астам уақыт бойы М.Дулатовтың есімі туған халқының басты жауларының қатарында аталып, оның есімі ұлт мәдениеті мен әдебиеті тарихынан өшіріліп тасталды. Содан барып туған халқы үшін жүрегі қоңыраудай күмбірлеген арысымыздың асыл бейнесі кейінгі ұрпақ үшін көмескі тартып кетті.

Ал, қазір халқс ұлы перзентінің өмір тарихымен де, өмірі және еңбегімен қайта табысты. Әділеттің таңы атып, күні шықты. М.Дулатов “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторының әдеби көмекшісі болып қызмет етіп жүрген кезінде, 1928 жылдың 17 желтоқсанында тұтқындалған. Одан ұзақ жауап алғаннан кейін, 1929 жылдың 24 маусымында Бутырь түрмесіне жөнелтілген. Ал, 1930 жылдың 4 сәуірінде ішкі істер халкоматының “үштігі” М.Дулатовты ату жазасына бұйырады. 1931 жылдың 10 қаңтарында іс қайта қаралып, ату жазасы 10 жыл тұтқында отырумен алмастырылды. 9 ай бойы өлім жазасы үкімімен отыру ақын жігерін жасыта алмады. Көптеген адамдар осы жүйкеге тиетін қияметті көтере алмай, өзін-өзі өлтіріп те жіберетін. Бұрын патша түрмесінде талай рет болған М.Дулатов зайыбына жазған бір хатында былай дейді: “Біріншіден тергеушілерге сенбедім,

екіншіден қорыққаным жоқ, үшіншіден олардан көмек сұрамадым...”.

Сөйтіп, ол 1934 жылдың басынан Сталин атындағы Ақтеңіз — Балтық каналының құрылысында жұмыста болып, 1935 жылдың 5 қазанында Сосновец лазеретінде жүрек дертінен қайтыс болған. Міне, халық жауы атанған мыңдаған қазақ зиялыларының бірі, белгілі қоғам қайраткері, қаламы қарымды журналист, қазақ баспасөзінің қалыптасуына көп еңбек сіңірген ардагеріміз М.Дулатовтың лагерьде болуы мен дүниеден қайтуының қысқаша тарихы осындай.

Сондықтан біздер М.Дулатов сияқты Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов Нығмет Нұрмақов, Сейтқали Меңдешев, Сүлеймен Есқараевтардың кебін киген жүздеген, мыңдаған өз халқының адал перзенттерінің өмірлері де Қазақстан тарихымен, Қазан төңкерісінің орнау тарихымен, тығыз байланыстыра зерттелуі қажет деп білеміз. Мұнсыз біздер үшін мемлекетіміздің өткен тарихын, соғыс жылдарының қиын-қыстау тарихын, тоқырау мен қайта құру тарихын таразылап, баға беру қиынға соғары хақ.

Міне, сондықтан да тарихымыздың әр кезеңінде көзден таса, көңілден қағыс қалып келген, күні кешеге дейін “ұсақ-түйек қателіктер мен “елеусіз” кемшіліктер аталып келген “ақтандақтар” сыры бүгін ашылуы керек.

Өйткені, тек 1937 жылдың “ұсақ-түйек” қателіктері мен “елеусіз” кемшіліктерінің салдарынан 60 мыңнан астам қазақ оқығандары мен зиялылары сталиндік құғын-сүргіннің құрбанына айналыпты. Ал бұған 1945-1955 жылдар аралығындағы “ұлтшылдық сарынға қарсы” өрістетілген науқаншылдықтың залалын қоссақ ше?

“Ұлтшылдық сарынға қарсы” күрес демекші, әу бастан-ақ, яғни 1937-1938 жылдары республикалық баспасөз бетінде көрнекті қазақ партия, әдебиет, ғылым қайраткерлеріне “бай төбет”, “қаракшы”, “жапонның тыңшысы”, “шпион”, “пантюркист” сияқты, ауыз бармайтын түрлі жалалардың жабылуы, осындай оғаш пайымдаулардың ондаған

жылдар бойы өзгеріссіз қалуы содан кейінгі жылдардағы әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлеріне де салқынын тигізбей қалған жоқ.

Бұл арада 1937-38 және одан кейінгі жылдардағы қуғын-сүргін үшін кім кінәлі? “Жаудан сақ болайық, жауды ымырасыз әшкерелейік!” деп нұсқау берген Сталин, Ежов, Бериялар кінәлі дейміз. Бірақ сол нұсқау тек Қазақстанға ғана берілген нұсқау ма еді? Өзге республика халқы неліктен аз зардап шекті? Әлде бәлен адамды халық жауы деп тапсыру қажет деген жоспар берілді ме? Әрине, олай емес. Көп нәрсе қазекеннің өзіне де байланысты-ау. Шаш ал десе бас алып жіберетін мінез, жауды жанымыздан, өз қанымыздан іздей беретініміз неліктен деген бір жымьсықы сұрақ тілге орала береді...

Бірін-бірі даттауға жомарт қазақ бірін-бірі ақтауға сараң болатыны несі?.. Сұрақ көп. Бәрі де, бәрімізді ойландыратын сұрақтар... сұрақ көп, жауап жоқ...





## ҮШІНШІ ТАРАУ

### *Алғашқы бесжылдықтар және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы баспасөз*

#### **1. Өлкелік, облыстық және аудандық газеттерде бесжылдық мәселелерінің жазылуы**

Отызыншы жылдардың бас кезінде кеңес үкіметінің ауыр өнеркәсіпті дамытуға ерекше мән беруіне байланысты Қазақстанда Балқаш, Қарағанды, Ембі мұнай комбинаты сияқты ірі алыптар қатарға қосылды. Ауылдық жерлерде жаңадан бірнеше мың колхоз және жүздеген мал, астық совхоздары құрылды. Әйтсе де, республикада ауыл шаруашылығының бұл саласында көптеген кемшіліктер де болды. Мәселен, колхоздар ұйымдық-шаруашылық жағынан әлі де болса әлсіз, өз бетімен тік тұрып кете алмайтын жағдайда еді. Міне, сондықтан да бұл шараларды тезірек жүзеге асыру үшін баспасөздің жан-жақты көмегі қажет болды. Осыған орай, енді Қазақстан Өлкелік партия комитетінің 1933 жылғы 4 маусым күні болған бюросында Л.И. Мирзоян қазақ баспасөзінің жайы мен міндеттері туралы сөз сөйлеп, осы мәселе туралы қаулының жобасын ұсынады. Көп кешікпей “Өлкелік басылымдар “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правда” газеттерінің жұмысын қайта құру туралы” Қазақстан өлкелік партия комитетінің қаулысы жарияланады.

Онда баспасөздің жұмысын қайта құрудың төмендегідей нақты шаралары белгіленді:

1. Жұмысшылар, ауыл-село тілшілерінің бірде-бір хаты не жауапсыз, не бір шара қолданылмай қалмайтын болсын;

2. Барлық партия ұйымы, барлық редакциялар, РКП мен прокурор органдары тарапынан газеттерде басылып шыққан материалдардың аяқсыз қалмай, көздеген мақсатына жеткізілуі үшін күрес күшейтілсін, баспасөздің ескерткенін елең қылмаған баспасөз бен жұмысшы, ауыл-село тілшілері тауып көрсетіп берген кемшіліктерін жойғысы келмеген қызметкерлер партия жауабына тартылсын. Баспасөздің жұмысын, ауыл-село тілшілерінің дабылын ескермеушілік өзара сынның аузына қақпақ қойғандықтың бір түр деп саналсын;

3. Өлкелік, облыстық және аудандық газеттердің бетінде газет сыны үнемі беріліп тұрсын. “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правда” редакцияларында МТС пен совхоздардың көп тиражды газеттеріне басшылық ететін дербес сектор құрылсын;

4. Таяу үш айдың ішінде “Казахстанская правданың” тиражы 30 мыңға, “Социалистік Қазақстанның” тиражы 30 мыңға жеткізілсін. Сөйтіп, өлкелік әдебиеттерді облыстың, ауданның белсенділері ғана емес, колхоз, ауыл белсенділері де оқитын болуы керек;

Өлкелік облыстық және аудандық газет редакторлары газеттің тілін жеңілдетсін, бұйрық-жарлық, қаулы-қарар сықылды ресми материалдарды неғұрлым аз басатын болсын;

5. “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правданың” редакторлары барлық облыстарда және ірі маңызды іргелі аудандарда өздерінің штаттағы тілшілерін көбейтіп, олардың санын 100 адамға жеткізетін болсын;

6. Қазақстанда интернационалдық тәрбие мәселелерінің маңызы ерекше күшті. Сондықтан өлкелік газеттердің редакторлары сыртқы және ішкі хабарлар бөлімдерінің ісін дұрыстап, халықаралық жағдайларды, дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының мәселелерін толығырақ жазып отырсын, әсіресе Қазақстанмен іргелес Шығыстағы езілген елдер күресін жазып отыру күшейтілсін.

7. Өлкелік партия комитеті республикалық газеттердің редакторларын іскер, тәжірибелі кадрлармен нығайтып отырсын. Қазақстан өлкелік партия комитеті 1934 жылы маусымда белгілі жазушы,



публицист Ғабит Мүсіреповті “Социалистік Қазақстанның” редакторы етіп бекітті. Редакция аппараты Бейсенбай Кенжебаев, Аманғали Сегізбаев, Нұрсейіт Ерубасов, Байжасаров, Ахмет Елшібеков, Мерғали Ешмұхамбетов, Әнуар Омарбеков, Несіпбай Манашев, Жұмағали Сәрсекөв және т.б. толықтырылды. Белгілі журналист және әдебиет сыншысы Құлмырза Өтепов 1938 жылға дейін үзбестен “Социалистік Қазақстанның” газетінің партия тұрмысы, насихат, баспасөз, әдебиет бөлімдерін басқарды. Ірі публицист және әдеби сыншы Ілияс Қабылов “Социалистік Қазақстанға” эстетика және әдебиетті зерттеу мәселелері жөнінде мақалалар жазып тұрды.

Осы жылдары саясат және экономика тақырыптарына мақала жазып жүрген Сақтаған Бөйішев еді. Ол әрі “Социалистік Қазақстанның” редакторы болды.

1937 жылы Қазақстанда 267, оның ішінде 137 газет қазақ тілінде шығарылды. Олардың тиражы 660 мыңға жуық болды. Бұрынғы жылдардың қайсысынан болса да көп, жалпы тиражы 5,3 млн. данадан асып 408 түрлі кітап басылып шықты.

Радио хабарын тарату жедел дамыды. 1937 жылдың көктемінде республикада 307 радиоторабы, 57 мың радио қабылдағыш жұмыс істеді, бұл 1935 жылдың осы уақытындағысынан үш еседей артық еді. Бірақ осының өзі халықтың “қашықтықты білмейтін қағазсыз газетке” деген өскелең қажетін өтей алмады.

1937 жылы 5-12 мамырда Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші съезінде Орталық Комитеті сайланды. “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правда” Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы болды.

Қазақстан Компартиясы бірінші съезінің шешімдерін орындауға коммунистер мен барлық еңбекшілерді жұмылдыра отырып, республика баспасөзі, коммунистік партияның тарихы мен теориясын оқып үйрену, “ұлт кадрларын даярлау және оларды идеялық, саяси жағынан тәрбиелеу тақырыптарына баса көңіл аударды. Сол кезде партияның ішкі демократиясын өркендетуге “Ауыл коммунисті”, “Большевик Казахстана” журналдары-

ның, “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правда” және басқа газеттерде жарияланған мақалалар мен корреспонденциялардың тигізген пайдасын ескермеуге болмайды.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының II съезіне (1938 шілде) дейін республика баспасөзі едәуір дами түсті. Қазақстан Компартиясының I съезінен кейінгі уақытта жаңадан 4 облыстық және 16 аудандық газет пайда болды. Бұрынғы 9 журнал енді 13-ке жетті. Газеттердің тиражы 300 мың данаға өсті.

Баспасөз Қазақстан Компартиясының II съезінде ашып көрсетілген қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде кемшіліктерді жою жөніндегі жергілікті партия ұйымдарына көмектесті. Бұл іс көбіне озаттар тәжірибесін тарату арқылы жүргізді. 1938 жылдың аяқ кезінде малшылардың III республикалық кеңесінің қарсаңында және сол уақытта “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правда” өз беттерінде ферма меңгерушілерін, шопандар мен сауыншыларды сөйлетті. Оларға арналып “Тәжірбие алмастыру трибунасы” ашылды. Мұнда олар еңбектегі жоғары көрсеткіштерге қалай жеткендерін сөз етті.

Сонымен қатар, баспасөз еңбекшілерді Қазақстанды еліміздің Шығыстағы мал базасына айналдыру жолындағы күреске аттануға шақырды.

“Социалистік Қазақстан”, “Казахстанская правда”, “Советтік Қарағанды” және “Соц. Қарағанда” газеттері стахановтық қозғалысты тағы да одан әрі өркендетуге үлес қосты.

Үшінші бесжылдықта Қазақстан өнеркәсібін өркендетуге алға қойылған басты міндеттер Балқаш мыс балқыту және Текелі полиметалл комбинаттарының құрылыстарын салып бітіру, сонымен қатар Қарсақбай, Риддер комбинаттарын, тағы кейбір кәсіпорындарын кеңейту болды.

Баспасөз үшінші бесжылдық атындағы социалистік жарысты бүкіл халықтық қозғалысқа айналдыру мақсатында түрлі жанрлар мен тәсілдерді қолданды. Мәселен, 1940 жылы қыркүйекте “Социалистік Қазақстан” газеті “Қарағанды – Отанымыздың үшінші көмір базасы” деген бет берді.

Мұнда қарт шахтерлерге сөз берумен қатар, белгілі жазушы Ә.Әбішевтің “Үсті — ел, асты — қазына” деген очеркі жарияланды. Жазушы Қарағандының жер қойнауында қыруар қара алтын жатқанын, оны еңбек ерлері қалай игеріп, Отан игілігіне жаратып отырғанын көркем сөзбен бейнеліп көрсетеді.

Отанымыздың экономикасы мен қорғаныс қуатын нығайту жолындағы күресте облыстық, аудандық газеттер де елеулі жұмыс істеді. Мысалы, Ақтөбе облыстық “Социалистік жол” (қазір “Ақтөбе”) үшінші бесжылдықта халық шаруашылығын өркендетудің жоспарын, партияның XVIII съезінің шешімдерін орындау күресіне облыс еңбекшілерін жұмылдырды, оларды бүкіл халықтық социалистік жарысқа қатыстырды. Сондай-ақ, облыста ұйымдасқан тұңғыш колхоздардың алғашқы қадамдары, Алғадағы химия комбинатының, Кемпірсайдың бай кендерінің негізінде салынған хромит рудниктерінің жұмысы, қазақ ауылындағы өзгерістер газет бетінде ұдайы жазылып тұрды.

Мысалы, даңқты тары өсіруші Шығанақ Берсиевтің атақты ақ тарысын алғаш жазған, оның ғажап тәжірибесін көпке таратқан да осы газет.

Сол сияқты, Жамбыл облысының “Коммунист” газеті (қазір “Ақ жол”) сөз болып отырған жылдары еңбектегі ерліктердің ту көтерушісі ретінде қызмет етті. Сонымен қатар халықты болашақ соғысты өршітуге жанталасып жатқан неміс және жапон фашизмі мен милитаризміне қарсы өршіл идеологиялық жұмыстарды жүргізді. Бұл кезде отаншылдық, жаппай қырағылық ұраны жиі болған. Халықтар достығы қатты қастерленген.

Бұл кезде Қызылорда облысының Қазалы аудандық “Большевиктік колхоз үшін” газеті ауыл шаруашылығын өркендетудің мәселелерін іскерлікпен жан-жақты жазып отырды. Мысалы, 1939 жылы 3 ақпандағы нөмірінде “Көктемгі егінге большевикше әзірленейік” деген бас мақаласы да үшінші бесжылдықтың үшінші жылында көктемгі егіске әзірлену ісіндегі кемшіліктерді ашып көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген фактілерден баспасөздің ұйымдастырушылық рөлінің маңызы арта түскенін көреміз. Бұл жөнінде республикалық аға газет

“Социалистік Қазақстанның” соғыс жылдары алдындағы ұйымдастырушылық және насихатшылық қызметі зор болды.

Мерзімді баспасөзде республиканың 20 жылдық тарихында қол жеткен табыстары ойдағыдай насихатталды. Газеттер беттерінде “Еңбек тәртібін нығайтайық”, “Қыдырымпаздыққа салынып, жұмыс уақытын босқа өткізушілер болмасын” деген айдармен кәсіпорындар мен мекемелерден түскен хабарлар мен хаттар жиі басылып тұрды.

Республикалық баспасөз Отан қорғаушылық маңызы бар кәсіпорындарын, алдымен түсті металлургия кәсіпорындарын ерекше бақылауға алды. Онда өздерінің қызметкерлерін арнайы жіберіп немесе жұмысшы тілшілермен байланыс жасап отырды.

“Социалистік Қазақстанның” “Советтік Отан алдындағы қасиетті борыш”, “Отан қорғау жұмысын өркендете берейік” деген сияқты бас мақалалары Отанның қорғаныс қуатын нығайта беруге бағытталған шараларын жүзеге асыру ісіне еңбекшілерді жұмылдыруға арналған.

Мерзімді баспасөз және басқа басылымдар сан және сапа жағынан да өсе берді. Ұлы Отан соғысы қарсаңында республикада жалпы тиражы 1 миллион дана болып негізінен қазақ және орыс тілінде 322 газет шығарылды. Тоғыз республикалық, 28 облыстық және 193 аудандық газет шығып тұрды.

Республиканың халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау жолындағы күрес дәуірінде мәдени революцияның негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін күрес қатар жүргізілді. Қазақстан партия ұйымының басшылығымен баспасөз бұл күресте де маңызды рөл атқарды.

Қазақстандағы мәдени революцияның екінші және үшінші бесжылдықтар тұсындағы маңызды міндеттерінің бірі ересектер арасындағы сауатсыздықты жою жұмысын аяқтап шығу еді.

Ересектер мектебі мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру үшін ауыл мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру үшін “ауыл мұғалімі” журналының бетінде жарияланған мақалалар мен республикалық, облыстық, аудандық газеттерде берілген арнаулы

беттердің үстіне он мыңдаған тиражбен республикалық “Төте жол” газеті шығарылып тұрды. Баспасөзде сауатсыздықты жою жұмысын ұйымдастыру, оқу-әдістемелік мәселелері қызу талқыланып, республикада бұл жұмыстың барысын үнемі жариялап келді.

1934 жылы 15 қаңтарда Қазақтың Мемлекеттік университеті ашылды. Бұл сол жылдары Қазақстандағы он үшінші жоғары оқу орны болды. Оларда 4266 жас жігіттер мен қыздар оқыды, олардың 62 пайызы қазақ жастары еді. Қазақ университетінің ашылуын қазақ халқының мәдени өміріндегі тарихи оқиға деп бағалап, газет бұл күнді халықтық мереке ретінде атап өтті.

“Екінші бесжылдықта Қазақ республикасы жаппай бастауыш оқуды жүзеге асыру жөнінде елеулі табысқа жетті. 1937 жылдың 1 қаңтарында барлық мектеп жасындағы балалардың 96 пайызы жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуға тартылды”, — деп жазды “Социалистік Қазақстан” 1935 жылдың 5 сәуір күні.

Отызыншы жылдардың орта шенінде қазақ тілінде газет, журналдар, кітаптар мен оқулықтардың көп шығарылуы, жергілікті мектептерде сабақтың ана тілінде жүргізілуі қазақ тілі мен әдебиет мәселелерін кең зерттеу жұмыстарын кезекке қойды. Республикалық газет ғылыми-техникалық терминдерді батыл қабылдау арқылы қазақ тілінің сөздік қорын байыта түсу жөнінде, қазақтың әдеби тілі мен жазбасын дамыту жөнінде проблемалық мәселелер көтеріп отырды.

Баспасөз әдебиет пен өнер мәселесіне үлкен көңіл бөліп отырды. Осы кезеңде халықтың тек материалдық талаптарға ғана емес, рухани талаптары да өсті. Соған байланысты әдебиет пен өнердің және баспасөздің де рөлі арта түсті.

Бұл міндеттерді шешу ісімен бүкіл қазақ баспасөзі, оның ішінде “Қазақ әдебиеті” газеті, “Әдебиет майданы” мен “Литературный Казахстан”, “Әйел теңдігі”, “Ауыл мұғалімі” журналдары сияқты мәдениет мәселелеріне арналған баспасөз органдары шұғылданды.

Қазақстан жазушылар съезі 1934 жылы 12 маусымда ашылды. Қазақ жазушылары баспасөзге белсене қатысты. Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, Ғали Орманов, Ғабдол Сланов, т.б. корреспонденциялары, мақала, өлең, әңгіме очерктері “Социалистік Қазақстанның” беттерінде көріне бастады.

Өлкелік баспасөз ауылдағы мәдениет ошағы — клубтар мен кітапханалардың, оқу үйлері қызыл мүйістерінің жұмыстарына да үлкен көңіл бөлді.

Қазақ АССР Орталық Атқару комитеті халық тілегін орындай отырып, **1928 жылы латын алфавитін мемлекеттік “алфавит” деп жариялады.** 1929 жылдан бастап өлкелік газет шағын хабар, латын әріпімен бастырып шығарып, газет оқушыларын жаңа алфавитке үйретті. Газет, журнал, баспалар 1930 жылы жаңа алфавитке тегіс көшірілді.

**Бұл латын алфавиті 1940 жылға дейін қолданылды. 1940 жылы орыс алфавитіне көшу мәселесі қаралды.**

## **2. Неміс-фашист басқыншыларымен соғыс жылдарындағы республикалық, облыстық және аудандық басылымдар**

Соғыстың басталуына байланысты Кеңес мемлекетінде бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын ұйымдастыру ісіне елеулі өзгерістер жасалды. Атап айтқанда, ең алдымен күш пен қаржыны үнемдеу, әскери газеттердің жүйесін өрістету үшін партия салалық газеттер мен журналдардың шығарылуын уақытша тоқтатып, бар мүмкіндікті саяси басылымдарды күшейтуге жұмылдырды. Қазақстанда 1941 жылдың шілде айынан бастап, “Лениншіл жас”, “Ленинская смена”, “Пионер Казахстана”, “Октябрь балалары”, бес облыста шығатын комсомол газеттері, “Коммунист”, “Жас большевик”, “Пионер”, “Вожатыйға көмекші”, “Сталин жолы”, “Народное хозяйство Казахстана”, “Қазақстан колхоз-совхоздары”, “Литература и искусство Казахстана”, “Халық мұғалімі”, “Әдебиет

<sup>1</sup> “Қаһарман сөз қамал бұзады”. Алматы, 1941 жыл.

және искусство” журналдарының шығарылуы соғыс талабына сай тоқтатылды. Енді бұл газеттер мен журналдардың міндеттерін республикалық “Социалистік Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттері атқаруға тиісті болды.

Әйтсе де осындай қиын-қыстау кезеңге қарамастан, республикамызда облыстық газеттердің саны онша қысқартылған жоқ. Олардың соғыстан бұрынғыдан тек төртеуі ғана кеміді. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында қазақ және орыс тіліндегі екі басылым болып шығатын бір ғана газет шығарылды. ВКП (б) ОК-нің нұсқауы бойынша республикалық және облыстық газеттер аптасына үш рет төрт бет, үш рет екі бет көлеммен шығып тұрды.

Аудандық газеттер бұрынғы қалпында сақталып қана қойған жоқ, қайта өсті. Соғыстың алғашқы кезінде олардың саны 196-ға жетті. 1941 жылдың мамыр айында бұған тағы да үш газет қосылды. Айырмашылығы бұрын күн сайын шығып тұратын басылымдар енді аптасына үш рет екі бет көлеммен басылатын болды. Бұл аудандық газеттерден басқа Қазақстанның ірі кәсіпорындарында 44 көп тиражды газет жарық көрді. Сөйтіп, соғыстың алғашқы кезеңінде республика көлемінде тарайтын 228 газеттің 126-сы қазақ, 96-сы орыс, үшеуі ұйғыр, екеуі өзбек және корей тілінде болды. Олардың жалпы тиражы соғыстан бұрынғы жылдары 2,100 мың дана болса, енді 700-мың данаға дейін азайды.

Соғыс басталысымен баспасөздің бүкіл мазмұны уақыт талабына сай “Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!” деген айбынды ұранға бағындырылды. Мәселен, “Социалистік Қазақстан” газетінің 1941 жылғы 22 маусымдағы нөмірі әдеттегідей бейбітшілік сарынымен шыққанымен, келесі 23 маусымдағы нөмірі бүтіндей неміс-фашист басқыншыларының кеңес үкіметіне зұлымдықпен шабуыл жасауына арналды. Сөйтіп, соғыстың алғашқы сәтінен-ақ газет өз жұмысын толықтай майдан жағдайына, кезең талабына сай бейімдеп қайта құрды. Оның бас мақалалары, корреспонденциялары болсын, хабарлары, очерктері мен фельетондары болсын-

барлығы да соғыс мүддесіне байланыстырыла жазылды.

Әсіресе, бұл кезеңде баспасөз бетінде жиі көрініс тапқан сықақ, мысал, эпиграмма және памфлет сияқты саяси сатиралық жанрлар жетекші рөл атқарды. Олар көбінесе журналдарда жарияланып немесе жеке жинақ болып басылды. Мәселен, соғыстың алғашқы кезінде-ақ Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы Отан туралы мақал-мәтел, тақпақ сөздердің жинағын шығарды.

Осындай мәселелерге орай соғыстың алғашқы күндерінен бастап, “Социалистік Қазақстан” газеті бастаған облыстық және аудандық газеттердің бетінде сатира көріне бастады. Мысалы, А.Тоқмағамбетов “Арыстанға еліктеген мысық”, “Есек дәмелі есіріктер”, “Ауқат пен сауқат” сияқты фельетон, өлеңдер жазып, неміс әскерінің жексұрын кейпін, хайуандық әрекеттерін әшкереледі.

ВКП (б) Орталық Комитетінің үгіт және насихат басқармасы 1942 жылдың наурыз айында аудандық газет редакцияларына журналистік тәжірибені тиімді пайдаланып, кемшіліктерден арылу жайында хат жолдады. Ал, Қазақстан КП (б) Орталық Комитеті болса өз кезегінде осы хатты алысымен барлық аудандық, облыстық және республикалық газеттердің жұмысын тексеріп, олардан аудан өмірі мен экономикасын терең де жарқын жазып отыруды талап етті.

Сөйтіп, аудандық газеттер соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ айтарлықтай қызмет атқарды деп айтуымызға болады. Мысалы, Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Теңіз аудандық “Социалистік жол” газеті. Онда негізінен алғанда “Неміс басқыншыларына өлім келсін!”, “Отан үшін алға!”, “Біздің ісіміз әділ, біз жеңеміз!” деген ұранымен материалдар жарияланып тұрды. Сонымен қатар газет соғыс жылдарында тылдағы адамдардың қажырлы еңбегі мен майданға көмегін, Отан үшін өшпес ерлік көрсетіп жүрген жауынгерлердің қимыл-әрекеттерін үнемі жазып отырған.

Аудандық газеттердің осындай жұмыстарымен қатар соғыс жағдайында әйелдер мен жастардың өндірістегі рөлі мейлінше арта түсті. “Социалистік



Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттері 1941 жылдың маусым айында Солтүстік Қазақстан облысының Полуден МТС — індегі бір топ тракторшы әйелдердің “Қыздар, тракторға, комбайн штурвалына!” деген үндеуін жариялады.

Қазақстан тылындағы алуан түрлі жұмыстарды әйелдер атқарды. Мұны Ақтөбе облысының “Социалистік жол” газетінің материалдарынан айқын аңғаруға болады. Мәселен, соғыс жылдарында облыста 2 мыңдай әйел жаңа мамандықты игеріп алған. Ал, Ақтөбе ферросплав зауытында болса қысқа мерзім аралығында 332 — әйел аса ауыр да күрделі мамандық болып есептелетін болат балқытушылықты үйреніп шыққан.

Нақ осы сияқты ауыл шаруашылығы жұмысындағы әйелдер де Отан тапсырмасын қандай да бір қиыншылыққа қарамастан үнемі абыроймен орындап отырды. Мысалы, облыс бойынша 1942 жылы түрлі курстарда дайындықтан өткен 3913 механизаторлардың 313-і әйелдер еді.

Сол жылдары бүкілхалықтық Отан вахтасына қатынасушылардың табыстары туралы хабарларды тарату үшін газет беттерінде арнайы “Қызыл бұрыштар” ұйымдастырылды. Онда ең алдымен Қарағанды шахтерлерінің, Балқаш, Қоңырат, Өскемен және Шымкент металлургияларының, Петропавл машина жасаушыларының майданға көмекті күшейтіп отырғандықтары туралы мәліметтер берілді. Бұған қосымша газет беттерінде қазақтардың майдандағы ерліктерімен қатар аттары ел құрметіне бөленген озаттарға арналған очерктер, корреспонденциялар және фото суреттер жарияланды.

Адамдардың Отанға деген терең сүйіспеншілігі бүкіл халықтық жарыстың талай-талай жаңа формаларын тудырды. Соғыстың алғашқы күндерінің өзінде-ақ екіжүзшілер, мамандықты қоса атқарушылар, көп агрегатты қамтушылар, майдан-дық бригадалар мен смена қозғалыстары пайда болды.

Бүкіл халықтық жарыс темір жолшылар арасында да кең өріс алды. “Темір жолшы” мен “Турксиб” және басқа газеттер темір жол бойындағы еңбек озаттарының, жаңашылардың жұмысын кеңінен жазып отырды.

Баспасөз колхоздар мен совхоздарда мал қыстау жайын тексеретін қоғамдық байқауға белсене қатысты. Фермалардың жұмыстарын тексеруде газеттер штаттан тыс тілшілерге арқа сүйеді. Мәселен, тек Жамбыл облысының өзінде-ақ соғыс кезінде 500-ге жуық рейд бригадалары жұмыс істеді. Оның құрамында 2500-нан аса жұмысшы — село тілшілері, ауыл шаруашылығының озаттары мен мамандары қатысты.

Малшылардың бүкіл одақтық еңбек жарысында 1942 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан еңбекшілері бірінші орынды жеңіп алып, оларға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді. Аса маңызды бұл оқиғаны республикалық басылымдар арнауы нөмір шығарумен атап өтті.

Осындай еңбек жарысының өрлеуі барысында тыл жұмысшылары өздерінің қажырлы еңбегімен майдан жауынгерлеріне қайрат беріп, жан-жақты көмек көрсетті. Сөйтіп, баспасөз қазақстандықтардың тылдағы ерлік істерін майдандағы оқиғалармен байланыстырып жазып отырды. Алғашқы кезде Қызыл Армия жауынгерлерінің ерліктері жайындағы материалдар көбіне Орталық басылымдардан, орыс тілінен аударылып басылып отырды. Кейіннен, “Социалистік Қазақстан” газеті атақты 8-гвардиялық дивизияның бөлімдерімен байланыс жасап, оның жауынгерлік жолын, ұрыстағы ерлік қимылдарын үзбей жазып тұрды. Сол дивизиядағы жазушы Леонид Макеев, журналист Құрманбек Сағындықов, Мәлік Ғабдуллин газеттің белсенді авторы болды.

Тылдағы адамдардың майданға көмек көрсету жөніндегі бастамаларының бәрін баспасөз үнемі қолдап отырды. Олардың Отан қорғау қорына қаражат беру, жауынгерлерге сыйлықтар мен жылы киім жинап беру жолындағы патриоттық қозғалысы туралы материалдар республикалық, облыстық, аудандық газеттерде үзбей жарияланып тұрды.

Еңбекшілердің ерікті жарнасына “Қазақстан колхозшысы”, “Қарағанды шахтері”, “Қазақстан

<sup>1</sup> “Отан үшін” газеті. 1942 жылы, 3 қазан.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.

<sup>3</sup> “Майдан ақиқаты” газеті. 1944 жыл, 18 мамыр.

комсомолы” атты авиаэскадрилия жасалды. Негізінен алғанда осындай істердің ұйытқысы да, жүзеге асырушылары да газет-журналдар болды.

“Правда” газеті 1943 жылдың 6 ақпанында “Даңқты қазақ халқы Советтік Отан үшін күресте” деген бас мақала жариялап, онда: “Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы соғысады, тылда олардың әкелері, шешелері, әйелдері майдан үшін жұмысты аянбай жақсы істейді. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, қойнауының барлық асыл кенімен майданға қуатты тірек болып отыр” — деп жазды.

### 3. Қазақ тіліндегі майдандық газеттер

1942 жылдың екінші жартысынан бастап қазақ тілінде майдандық газеттер шыға бастады. Қазақ мемлекеттік кітап палатасының анықтамасына қарағанда Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ тілінде 16-газет шығып тұрған. Оның алғашқысы — Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның “Отан үшін” газеті. Газеттің 1944 жылдың тамыз айының соңына дейін 109 нөмірі жарық көрген. Басылымның жауапты редакторы жазушы Л.Макеев болса, оның орынбасары журналист Құрманбек Сағындықов еді.

Ал, екінші бір “Отан үшін” газеті 1942 жылдың шілде айынан бастап Солтүстік батыс майданында шыға бастаған. Оның 1943 жылдың қараша айына дейін 108 нөмірі жарық көреді. Газеттің алғашқы жауапты редакторы — Н.Кружков. Одан кейін Д.Ускулаев болған. Олардың орынбасарлары К.Усманов пен Жұбан Молдағалиевтар еді. Бұл газетте С.Сейітов әдеби қызметкер міндетін атқарған. Сондай-ақ мұнда А.Тоқмағамбетовтың сатиралық жанрдағы материалдары көп жарияланған.

Мәселен, осы басылымның 1942 жылғы 26 қыркүйек күнгі 23-ші нөмірінде “Қазақ жауынгерлерінің ерлігі” деген жалпы тақырыппен арнаулы бет берілген. Ондағы “Қазақтың жас батырлары” деп аталатын бас мақалада: “Бостандық сүйгіш қуатты қазақ халқының таңдаулы ұлдары неміс қарақшы-

<sup>1</sup> “Арулар отты жылдары”. А., 1975 жыл.

<sup>2</sup> “Сталин туы” газеті, 1944 жыл, 13 ақпан

ларымен күресте батырлық пен батылдықы, ерлік пен жүректіліктің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Олар Отан үшін, гүл жайнаған Қазақстан үшін жаумен аянбай алысуда”, — деп қазақ жастарының майдандағы ерлік іс-қимылдарын ашып көрсеткен.

Сондай-ақ “Отан үшін” газетінің “Жолдасың үшін кек ал!” деген жалпы тақырыппен шығарылған екінші бір арнаулы нөмірінде: “Фашистер барлық ұлттардың: орыс пен қазақтың да, өзбек пен украинның да, қырғыз, белорустың да қас жауы. Фашистер ұлт мәдениетін, ата-бабамыздың, ғасырлар бойы еңбекпен жасағанын түк қоймай құртпақ...” деп ашына жазса, одан әрі “Фашистердің айуандығы” атты мақалада: “Воронеж облысының Сурковые селосының маңында сегіз қызыл әскердің өлігі табылды. Фашистер оларды азаптап, үстеріне жанармай құйып, тірідей өртеп жіберген. Олардың ішінде мыналар бар: Әминов Өтеп — Гурьев қаласынан, Дүкешев Аймаш — Гурьев облысының Мақат ауданынан, Ахметов Арыстан — Батыс Қазақстан облысындағы Жаңақала ауданының 8-ші ауылынан, Бекболатов Жұбан — Гурьев қаласынан, Жұбанов Сағдат — Теңіз ауданынан”, — деп фашистердің қанқұйлы айуандығын көрсетеді.

Екінші Белорус майданының басылымы “**Майдан ақиқаты**” Солтүстік батыс майдан таратылғаннан кейін жоғарыда өзіміз сөз еткен “Отан үшін” газетінің орнына 1943 жылдың қараша айынан бастап шыға бастаған. Редакторы белгілі журналист Ахмет Елшібеков болды. Бұл газет аптасына екі рет 1945 жылдың маусым айына дейін “Неміс оккупанттарына өлім!” деген ұранмен жарияланып тұрған.

Енді осы газетте жарияланған нақты материалдарға тоқталсақ, онда мәселен “Жауға дамыл таптырма” деген бас мақалада: “Бір неміс кеміген сайын жеңіс жақындай түседі. Алдыңғы қатарлы жауынгерлерден өнеге алып, немістің қанішерлерін қыра беріңдер! Ұрыста шеберлікті пысыта беріңдер, неміс-фашист басқыншыларын білектің күші ғана емес, білімнің де күшін жұмсап, қыра беріңдер”, — деп қазақ жауынгерлерінің қайрат-жігерін жаниды.

Соғыс жеңіспен аяқталған бұрынғы Екінші Белорус майданының аты жаңадан “Әскерлердің

Солтүстік тобы” деп аталады да, осыған байланысты енді “Майдан ақиқаты” газетінің аты “**Жеңіс туы**” деп өзгертілді. Сөйтіп, бұл басылымның 1946 жылдың күзіне дейін 86 нөмірі жарық көреді де, тоқтатылады. Онда негізінен әдеби қызметкер міндетін атқарғандар Сағынғали Сейітов пен ғажап ақынымыз Жұбан Молдағалиевтар еді.

Келесі бір басылым — Украин майданының органы “**Сталин туы**” газеті. 1941 жылдың екінші жартысынан бастап Сталинград майданында шыға бастаған бұл газеттің орысшасы — “Сталинское знамя” деп аталған. Ал, 1943 жылдан Украин майданының органына айналған бұл басылымның жанынан өзбек, татар, қазақ тілдерінде әскери газеттер шығарыла бастаған. Сөйтіп, қазақ тіліндегі “Сталин туы” газеті 1943 жылдың ақпан айынан бастап екі бет көлеммен өмірге жолдама алған. Бұл туралы газеттің кейінгі редакторы М.Дінішев: “Сталинград төңірегіндегі неміс әскерлеріне қарсы үлкен шабуыл басталды. Басқа бір армиядан журналист Әнуар Ипмағамбетов, жазушы Қалмақан Әбдіқадыров, резервтен Төлеу Құлдин келді. Біз “Сталин туы” атты газетті қазақ тілінде шығаратын болдық”, — деп жазған. Газеттің алғашқы редакторы Ә.Ипмағамбетов болған. Онда әріп теруші болып Зәбира Айтқожина, Таңсық Мәткәрімова, Катя Горбуновалар жұмыс істеген.

Енді бұл газеттің беттерінде жарияланған нақты материалдарға тоқталатын болсақ, мәселен, “Сталин туы” газетінің 1943 жылғы 6 мамыр күні шыққан нөмірінде “Заемге жаппай жазылып, Жеңіс күнін жақындатамыз!” деген үндеумен “Жауынгерлердің үлесі — Отан игілігі үшін!” тақырыбымен арнайы бет берілген. Газеттің бірінші бетінде мемлекеттік екінші соғыс заемын шығару туралы Халық комиссарлар Советінің қаулысы жарияланып, осы заемның ережелері туралы финанс төрағасы А.Зверевтің күсіндірме мақаласы жарияланған. Ал, газеттің екінші бетінде “Жауынгерлер берген бір теңге, ұстайтын құрал ертеңге”, — деген ортақ шапкамен әр ұлт өкілдері жауынгерлерінің екінші заемға жаппай жазылғандары туралы материалдардың топтамалары берілген. Онда жауынгерлердің неміс фашистеріне деген өшпенділігі, ұйымшылдықтары мен патриот-

тықтары сөз болады. Мәселен, бұл жөнінде кіші сержант Б.Ақбембетов “Қолма-қол ақшалай тапсырдық” деген хабарында: “Халқымыз өзінің ұлы мүддесін орындау жолында өз армиясынан еш нәрсесін аяған жоқ, өз жабдығымызға жұмсала-тын, екінші заемына солдаттық үлесімізді қосу Совет жауынгерлерінің борышы. Сондықтан біз мемлекеттік екінші соғыс заемының шығуын қуантып қарсы алдық. Сержант А.И.Скрепкин жаңа заемға 800 сомға, сержант Понурцев 600 сомға, мен 500 сомға жазылдым. Жазылған сомамызды біржола ақшалай тапсырдық. Біздің бұл аз ғана қаржымыз неміс басқыншыларына күшті соққы болып тиеді”, — деп жазған.

Келесі басылым “Қызыл армия” деп аталады. Бұл газеттің тарихи 4-Украина майданының таратылуына байланысты басталады. Сөйтіп, бұл майдан таратылғаннан соң жоғарыда сөз еткен “Сталин туы” газетінің қызметкерлері 1-Белорус майданының қарамағына жіберіледі. Оларға жаңа майданда қазақ тілінде жаңа газет шығару міндеті жүктеледі. Міне, 1-Белорус майданының органы “Қызыл Армия” газеті осындай оқиғаларға орай 1944 жылдың қараша айының төртінші жұлдызынан бастап өмірге келген. Ол “Неміс оккупанттарына өлім” деген ұранмен аптасына екі рет шығып тұрған. Жауапты редактор И.С.Потапов, оның орынбасары Үміт Балқашев болған.

“Қызыл Армия” газетінде М.Дінішев, Қ.Әбдіқадыров, Т.Ақшолоқов, З.Тұрарбековтер қызмет істеген. Кейіннен газеттің аты “Совет Армиясы” деп өзгертіледі. Ол бүкіл Польша жерін аралап, Берлинде, Потстамда 1945 жылдың күзіне дейін үзбей шығып тұрған.

Волхов майданының органы — “Майдан правдасы” газеті 1942 жылдың қараша айының отызыншы жұлдызынан бастап шыға бастаған жауапты редакторы — К.П.Павлов, орынбасары — Н.Қорабаев. Газеттің 1942 жылы тоғыз нөмірі, 1943 жылы 101 нөмірі, 1944 жылы 14 нөмірі жарық көрген. Газет аптасына екі рет бейсенбі, жексенбі күндері шығып тұрған. Онда қазақ жауынгерлерін жеңіске рухтандырған, олардың ерлігін дүниенің төрт түкпіріне паш еткен материалдар жарияланған.

Мысалы, “Майдан правдасының” 1943 жылғы 1 қаңтар күнгі нөмірінде “Шешуші жеңістерге жетейік!” атты бас мақала берілген. Бас мақалада фашистерге қарсы Мәскеу түбінде берілген соққы Ұлы Отан соғысы тарихындағы елеулі оқиға екендігі жазылған. Сонымен қатар мұнда тыл еңбеккерлерінің де ерлікке пара-пар қажыр-қайраттары дәріп-телген. Мақала “Волховтың жауынгерлері! Майдан үшін үсті-үстіне қару беріп, өздерінің барлық жиған-тергендерін жеңістен аямай отырған әкелеріңнің, аналарыңның, әйелдеріңнің сенімін ақтаңдар! Соғыс өнерін тынбастан, қажымастан үйреніп, меңгеріп алыңдар! Жауды күн сайын әлсіретіндер!” — деген ұранмен аяқталады.

“Майдан правдасы” газетінде “Неміс фашист басқыншыларына лағнет және өлім!” деген ортақ тақырыппен бұдан басқа да “Зорлық-зомбылықтың зардабы”, “Гитлершілердің тағы бір жауыздығы”, “Гитлердің ауыр азабы”, “Бандылар”, “Қанға — қан!”, “Жанға — жан!” — деп аталатын көптеген материалдар жарияланып тұрған.

Келесі бір “Отан үшін ұрысқа!” газеті Волхов майданы таратылған соң, “Майдан правдасы” газеті қызметкерлерінің күшімен және сол басылымның баспаханалық базасы негізінде Карелия майданының органы ретінде 1944 жылдың 1 сәуірінен бастап аптасына екі рет, екі беттік форматпен шыға бастаған. Жауапты редакторы сол К.П.Павлов, орынбасары — М.Қорабаев. Осы жылдың мамыр айынан бастап газеттің беті төрт бетке ұлғайтылған. Газет “Неміс оккупанттарына өлім!” деген нақты ұранмен шығып, 1944 жылдың қараша айына дейін, 65 нөмірі жарық көрген.

Кезінде көптеген майдандық газеттердің редакциялары өз басылымдарын тылға жіберіп отырған. Сондықтан олар тыл еңбеккерлерінің өздеріне жіберген хаттарын, оған жауынгерлердің қайтарған жауаптарын үнемі газетте жариялаудан тынбаған. Мәселен, “Отан үшін ұрысқа!” газеті осы мәселеге “Жұмысшыларымыздың қаһармандық еңбектері” деген жалпы тақырыппен нөмір арнаған. Басылым бетінде “Кұрылыс”, “Түсті металлургия”, “Көмір”, “Мұнай”, “Алтын”, “Тоқыма өндірісі” деген тақырыптарымен берілген топтама материалдарда

өндірістің осы салалары бойынша қол жеткен табыстар нақты деректер келтіріліп, түсіндірілген.

Ал, “Отанды қорғауда” газеті болса, Ленинград майданының органы болып есептеледі. Бір өкініштісі бұл газеттің тігінділері архив қорларында толық сақталмаған. Тек, Орталық мемлекеттік ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар бөлімінде басылымның 1944 жылы шыққан аз-ақ нөмірлері сақталған. 1944 жылдың 3 қаңтарынан бастап, қазан айының соңына дейін “Отанды қорғаудың” 84 нөмірі шыққан. Редактордың орынбасары міндетін А.Мадалиев атқарған. Кейіннен оны Т.Әшімбаев ауыстырған. Зерттеуші Р.Ыдырысов өзінің “Отты жылдар шежіресі” кітабында: “Бұдан бұрын 1943 жылы Ленинград майданында “Отан күзетінде” деген атпен майдандық газет шыққан”, — деп жазады. Бірақ, мұндай атпен шыққан газет тігінділерін біз архивтен кездестіре алғанымыз жоқ.

1418 күнге созылған сұрапыл соғыс тарихында Ленинградты қорғау эпопеясы ерекше орын алды. Бұл туралы майдандық газеттер үздіксіз, жүйелі жазған. Мәселен, “Отанды қорғауда” газетінің 1944 жылғы 30 сәуір күнгі нөмірінде “Тарихи ұлы жеңістермен” деген бас мақала жарияланып, онда “Ленинград үшін тарихи ұрыстарда Кеңестер Одағы халықтарының ұлдары асқан қаһармандықпен ұрысты, орыстармен қатар Қазақстанның даңқты ұлдары асқан ерлік көрсетті. Кеңестер Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетовтің, 79 немісті өлтірген Сәрсенбай Үрістембековтің, пулеметші Рахыметолда Сикымбаевтың, барлаушы, үш орденді Кәрім Түлембаевтың аттары тарихта қалады. Ленинградтықтар, олардың балалары, немерелері, шөберелері қаланы фашистік блокададан азат еткен жауынгерлерге деген алғысын жүректеріне мәңгі сақтайды”, — деп қазақ жауынгерлерінің ерліктері жайлы мақтанышпен жазылды.

Келесі бір “Совет жауынгері” газеті кезінде 3-Украина майданының органы ретінде соғыстың алғы шебінде шығып тұрған. 1944 жылға дейін бұл басылым Оңтүстік Батыс майданның органы болған. Ал, алғашқы редакторы Н.И.Филлипов, орынбасары Ы.Дүйсенбаев. Кейінірек редактордың міндетін белгілі ақын, жазушы Ә.Сәрсенбаев атқарған.



Енді “Совет жауынгері” газетінің беттерінде жарияланған материалдарға көңіл аударатын болсақ, онда газеттің 1944 жылғы 18 мамыр күнгі нөмірінде “Аманкелді батыр және оның бүгінгі ұрпақтары” атты арнаулы бет берілген. Беттің “Ел қамқоры — ер өлмес!” деген бас мақаласы халқының бостандығы үшін күрескен дарынды қолбасшы, саналы күрестер А.Имановтың жолын қуған генерал Панфилов атындағы 28-гвардияшылардың батырлық қимылдарын көрсетуге арналған. Онда “Ұлы Отан соғысы күндерінде Аманкелді ұрпақтары оның семсерін тотқа бастырмай, жауды адым басқызбай, Мәскеу түбінде немістерді өкшелей қуған генерал-майор Панфилов атындағы айбынды дивизия құрылды. Бұл дивизияның құдіреті күшіне, қимылына, оның жиырма сегіз алып батырының ерлігіне бүкіл ел сүйсінді. Сонау Сталинград пен Ленинградта, Дон мен Днепрде батырдың бүгінгі ұрпақтарының ерлігін бүкіл ел мақтан етеді”, — деп жазылған.

Сондай-ақ, газеттің осы нөмірінде “Әбу әл-Атрауи” деген бүркеншік есіммен “Батырдың ұлы” деп аталатын очерк жарияланған. Автор батыр бейнесін:

**“Жанары оттай жайнаған,  
жүзінен жалын ойнаған,  
сом боп біткен тұлғасы  
батырдан ешбір аумаған,  
жұртын сүйген жас Шәріп,  
Ұлы Отан шетіне  
Шығыстан қатер төнгенде,  
Кемеңгерұлы қолбасшы  
аттан деп әмір бергенде,  
Торғайдың сонау жонынан,  
құс қанатты тұлпарға  
ертоқымды салды да,  
ежелгі кекке қайралған  
нар кескенді қынаптан  
суырып қолға алды да,  
“ата жауым қайда деп,  
кек алар заман бар ма деп”  
арғымағын ағызып,  
дауылдай құмды суырып,**

түгіндей шаңды үйіріп,  
күн астына көз тігіп,  
құйындай ұша жөнелді.  
Содан соң батыр ұлының  
атағы елге тарады,  
ерлігі үшін өңірге  
“Қызыл жұлдыз” орденін  
жарқыратып қадады”, —

деп шегіне жеткізе суреттейді.

Бұдан басқа “Совет жауынгері” газеті майдандағы қазақ жауынгерлерінің ерліктері жайлы гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының “Біз ұрыстарда ержеттік” деген танымдық мақаласын да жариялапты. Онда автор: “Соғыс өнерінің негізін меңгергеннен кейін советтің бейбіт азаматы, жауынгер солдат болды. Бірақ, ол бұрынғысынша қарапайым, соғысқа дейінгісіндей еңбексүйгіш, кішіпейіл адам болып қала береді. Ол кішкене қара домалақ ұлын немесе құралай көзді сұлуын бұрынғысынша жанындай жақсы көреді. Әйеліне сырын айтып, хат жазады. Сүйіспеншілікке, қуанышына еріп, күн шуағының нұрын сезіп отырады. Жылайтын кезі де болады. Жауынгер жолдасының денесін қабірге түсірерде ол көз жасын бұлай жылайды. Өзіне шамадан тыс ауырлық келгенде ол ойланады, қайғырады. Ол шаршайды, өйткені оның да кеудесінде соғатын біздікіндей жүрегі бар. Солдат біреудің ері, біреудің әкесі. Неміс оның семьясына, бақытына қанды шеңгелін салды. Неміс оның өзін де өлтіргісі келеді. Ал, оның өмір сүргісі келеді, өлу үшін емес, өмір үшін ұрысқа шығады” деп жауынгерлердің ішкі жан сырын сыртқа жайып салады.

“Жауды жоюға!” және “Жауға қарсы аттан!” газеттері. Алғашқы басылым Брянск майданында шыққан. Бас редакторы — А.Воловец, орынбасарлары — Т.Мұсақұлов. “Жауды жоюға”, “Неміс оккупанттарына өлім!” деген ұранмен аптасына екі рет шығып тұрған. Бұл газет кейіннен “Алға — жауға қарсы!” деген атпен 1-Прибалтика майданында шығарылған. Соңғы редакторлары М.Рамзин, Ж.Айтмұратов, әдеби тілшісі Д.Әбілев болған.

“Дабыл” газеті “Неміс оккупанттарына өлім!” деген ұранмен, 4 беттік көлеммен Қиыр Шығыс

майданының органы ретінде шығарылған. Бас редакторы — С.Устинов, орынбасарлары — А.Жүсіпов, Е.Қалиев. Бұл басылымның 1944 жылдың қыркүйек айына дейін 74 нөмірі жарық көрген.

“**Суворовшы**” — 2-Прибалтика майданының органы. Газеттің редакторы — Н.Бубнов, орынбасары — Т.Мұсақұлов. Мұнда әр кездері Қ.Шәріпов, Қ.Сүлейменов, Ж.Жұмақановтар қызмет атқарған. Мәселен, “Суворовшының” 1944 жылғы 16 желтоқсан күнгі нөмірінде “Ұрыс уставы мынаны талап етеді” деген бас мақала жарияланып, онда жауынгерлерге темірдей қатаң тәртіптің ерекшелігі, оның не үшін қажеттігі түсіндірілді.

Осы газеттің 1944 жылғы 29 наурыз күнгі санында “Қазақ халқының аманаты” атты екінші бір бас мақала жарияланған. Онда “Отанды сүю, жауды жек көру, ерлік, батырлық халқымызға тән қасиет. Бұл ұлы бабаларымыз — С.Датов, И.Тайманов, Қ.Қасымов, А.Иманов сияқты боздақтардан мұра болып келеді”, — деп бүкіл қазақ халқы Отанын қорғап жүрген боздақтарынан үлкен үміт күтетіндігі айтылады.

“**Сталиндік жауынгер**” және “**Суворовшы қыспақ**” газеттері. Алғашқы басылым Приморье тобы әскерлерінің органы. Аптасына екі рет, “Советтік Отанымыз үшін!” деген ұранмен, төрт бет көлеммен шығып тұрған. Бас редакторы — Перов, орынбасары — Н.Қасымов. 1945 жылғы қазан айына дейін 80 нөмірі жарық көрген. Екінші, “Суворовшы қыспақ” газеті Забайкал-Амур әскери округінің органы. Редакторы М.Мельянецев, ал орынбасарлары әр кездері А.Зәкарин, Ж.Айтмұратов, Ә.Қартаңбаевтар болған.

Соңғы майдандық басылым “**Қызыл әскер ақиқаты**” Батыс майданның органы болған. 1945 жылғы нөмірлері “неміс оккупанттары құртылсын!” деген ұранмен шыққан. Редакторы — Я.Форменко, Б.Юнусалиев, әдеби қызметкерлері — Ғ.Әбішев, Т.Мұқанов, Қ.Нұрмұқановтар.

Сөйтіп, майдандағы қазақ газеттері жауынгерлердің ерліктерімен қатар тылдағылардың жан-қиярлық еңбектерін жан жақты жазды. Көпшіліктің жеңіске деген сенімін шыңдады.



## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

### *Халық шаруашылығын қалпына келтіру, “Ұлтшылдық сарынға қарсы күрес” және тың игеру жылдарындағы баспасөз (1946-1960 жылдар)*

#### 1. Соғыстан кейінгі жылдардағы баспасөз

Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны одан әрі дамыту проблемалары күн тәртібіне қойылды. Баспасөз 1945 жылы Қазақ КСР-інің 25 жылдығы құрметіне арналған социалистік жарысты кең насихаттай отырып, өзінің жұмысын бейбітшілік жағдайда да соғыс кезіндегідей қарқынмен жүргізуге тырысты. Ол кезде үкімет тарапынан газеттердің жұмысын жақсартуға жағдай туғызатын елеулі шаралар жасалды.

ВКП (б) Орталық Комитеті 1945 жылы 29 шілдеде “Республикалық, өлкелік және облыстық газеттердің сапасын арттыру және көлемін кеңейту туралы” арнаулы шешім қабылдады. Сол жылдың 15 шілдесінен республикалық және облыстық газеттер төрт бет болып шығатын болды. Сонымен бірге олардың штаты және қаламақы қоры көбейтілді.

Соғыстан кейінгі жылдарда республикалық және облыстық газеттердің мазмұны байып, жергілікті өмірді жан-жақты жақсы жазатын мәселелеріне баса көңіл аударылды. Газет беттерінде очерк пен фельетон, баспасөзге шолу жанрлары жиі көрінді. Сөйтіп, республикамыздың газеттері өзінің жұмысын бейбітшілік дәуірге бейімдеп қайта құра бастады.

Төртінші бесжылдық жоспарды орындауға еліміз 1945 жылы кірісті. Сол жылы наурызда КСР Одағы Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заң, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XI сессиясы бекіткен Қазақ КСР Халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1946-1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заң республика еңбекшілерінің ең таяу уақыттың ішінде жүзеге асыруға тиісті игілікті жұмыстарының бағдарламасы болып табылады.

Еліміздің озат кәсіпорындары ұжымдарының бастамасы бойынша жаңа бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарыс басталды. Бұл жарысты Қазақстан еңбекшілері белсенді түрде қолдады. Қазақстан баспасөзі социалистік жарысты ұйымдастырып, өрістету жөнінде көп тәжірибие жинақтады.

Республикалық “Социалистік Қазақстан”, “Казахстанская правда” және барлық облыстық газеттер Қазақстанда көп станокшылар қозғалысын бастаушылардың бірі болған Петропавл вагон жөндеу депосының токарі, коммунист Иван Печорин бесжылдық тапсырманы бір жылда орындау туралы міндеттеме алып, тамаша үлгі көрсеткенін жазды. Оның және басқа да озаттардың іс-тәжірибесі, жұмыс әдісі туралы бас мақала, очерк, корреспонденция республикамыздың барлық газеттерінде жарияланды.

Қазақстанның баспасөз беттерінде “Жаңа бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарыс”, “Бесжылдықты — төрт жылда!”, “Озаттар тәжірибесі — көпке ортақ” деген айдарлар арқылы топтастырылып берілген материалдар жиі көрінді.

Мысалы, <sup>3</sup>“Социалистік Қазақстан” газеті осындай айдарлармен 1946 жылғы 3 наурызда “Қорғасыншылардың табысы”, “Қарағанды көміршілері жоспарын орындауда” деген сияқты тақырыптармен берген материалдарында Лениногор қорғасын заводының ұжымы социалистік жарыста елеулі

<sup>1</sup> “Социалистік Қазақстан” газеті. 1946, 3 наурыз.

табыстарға жетіп отырғандығын, ал Қарағанды көміршілерінің еңбек өнімділігін арттырғанын хабарлады. Сондай-ақ, жұмысты шашпандатылған әдіспен жүргізетін Қарағанды көмір бассейніндегі проходчиктер бригадирі Петр Акуловтың, Теміртаудың жас металлургі Алтынбек Дәрібаевтың даңқы баспасөз беттері арқылы бүкіл елімізге жайылды.

“Қазақ металлургия заводының ұжымы агрегаттардың қуатын күннен-күнге жақсы меңгеріп келеді, болат балқытудың және прокат шығарудың қарқынын мейлінше күшейту жолында” — деп жазды “Казахстанская правда” газеті.

Сондай-ақ, баспасөз арқылы ауыл шаруашылығын жаппай электрлендіру жөнінде социалистік жарысты ұйымдастырудың маңызы зор болды. Газеттер 1948 жылы республикамызда ауыл-селолық 400 электр станциясын салу туралы ұран көтерді. Осындай айдармен аға басылым бір материалында “Талдықорған облысында үстіміздегі жылы 32 электр станциясы салынбақ, олардың жалпы қуаты 6995 киловат”, — деп жазса, екінші бір хабарында “Жамбыл облысының Мерке ауданының орталығынан электр станциясы салынып, тез арада пайдалануға берілгендігін” айтты.

“Социалистік Қазақстан” газеті 1949 жылғы 29 сәуірдегі нөмірінде “Соғыстан кейінгі бес жылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетейік!” деген ұранмен арналы бет берді. Мұнда Алматы қаласы еңбекшілерінің, Қарағанды шахтерлерінің, Гурьев мұнайшыларының және бірнеше облыс еңбекшілерінің социалистік жарыста алған міндеттемелерін қалай орындап отырғаны сөз болды. Беттің төменгі жағынан “Социалистік Еңбек Ерлерінің тәжірибелерінен” деген айдармен Талдықорған облысы, Сарқант ауданы “Красное Знамя” колхозының звено жетекшісі, Социалистік Еңбек Ері М.Г.Леснаяның “Бидайдың гектарынан жүз пұт өнімді қалай алды” деген әңгімесін берді.

Республикалық және облыстық газеттер Социалистік Еңбек Ерлері Ыбырай Жақаевтың, Ким Ман Самның тәжірибелерін насихаттады, озат

шопан Естемісовтың, Махатова мен Әлімбаеваның өнегелі, жемісті еңбектерін көрсетті.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтың ақырғы жылында республиканың колхоздары жоспарды мерзімінен бұрын орындады, мал басы 1940 жылға қарағанды едәуір артты, халықтың материалдық әлауқаты өсті.

Партияның Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі қаулыларына байланысты республика баспасөзі 1946-1948 жылдары мәдениет пен ғылымның көптеген салаларының жайына назар аударды.

1946 жылғы 27 наурыздағы ВКП(б) Орталық комитетінің 1946-1950 жылдардағы КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жөніндегі заңының қаулысына сәйкес Қазақстан партия ұйымдары көп жұмыстар жүргізді. Насихат, үгіт және мәдени-ағарту жұмыстары мәселелері жөнінде республикалық кеңес өткізілді. Бұл кеңеске республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакторлары да қатысты. Олар газеттің идеологиялық-саяси мазмұны мен мәдени дәрежесін жақсарту жөнінде айтты.

Соғыстан кейінгі төртінші бесжылдықта республикамыздың мәдени өмірінде елеулі оқиғалар болды. “Социалистік Қазақстан” газеті 1946 жылғы 20 ақпандағы санында “Евгений Онегин қазақ сахнасында” деген тақырыпта арнаулы бет берді. Бұл бетте операны қоюшы Қазақ КСР халық артисі Қанабек Байсейітовтің, Татъянаның рөлін ойнаушы КСР Одағы халық артисі Күләш Байсейітованың және басқаларының сөздері басылды. Сонымен бірге Төлеген Тәжібаевтың, Ахмет Жұбановтың мақалалары да сол беттен орын алды.

Қорыта айтқанда, республикалық газет осы мақала және басқа да материалдары арқылы өнер қайраткерлерін соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспары жүзеге асыру жолындағы күресте халқымыздың қандай ерлік істер жасап жатқанын бейнелейтін пьесалар беруге шақырды.

Соғыстан кейінгі бесжылдықта Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуы республикамыздың өміріндегі аса ірі оқиға болды. Осы

науқан қарсаңында баспасөз Қазақ КСР ғылым академиясының мүшелігіне астанамыздың ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары дәрежелі оқу орындарынан ұсынылып жатқан көптеген ғылымдардың өмірбаянымен таныстырып, олардың ғылыми еңбектерін кеңінен насихаттады.

Мысалы, “Социалистік Қазақстан” газеті Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылым академиясының мүшелігіне ұсынылуы өте орынды деп жазды. “Өйткені, Әлкей қазақ халқының Кеңес өкіметі тұсында оқып шыққан, шамалы уақыт ішінде әлеуметтік ғылымның бірсыпыра саласын оқып, зерттеп жетілген, көптеген бағалы еңбектері бар дарынды ғалым”.

Сондай-ақ, “Казахстанская правда” газеті Қаныш Сәтбаев туралы КСРО ғылым академиясының вице-президенті И.Бардиннің “Қазақ халқының талантты ғалымы” деген мақаласын жариялады. Онда былай делінді: “Белгілі геолог, КСРО ғылым академиясының мүше-корреспонденті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — кеңес заманында қазақ халқынан шыққан ең талантты ғалымдардың бірі. Жер қойнауының байлықтарын ашқан, теориялық еңбектердің авторы Сәтбаев тек ғалымдығымен ғана емес, сонымен бірге КСРО ғылым академиясының қазақ филиалын ұйымдастырушы және жетекшісі ретінде, КСРО Жоғарғы Кеңесіне халық сайлап қойған депутат, мемлекеттік қайраткер ретінде де қадірлі адам”.

**1946 жылдың 1 маусымы.** Бұл күн қазақ халқының тарихына алтын әріппен жазылды. **Тап осы күні Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылды.** Республикалық газеттер сол күнгі нөмірлерінде “Қазақ халқы өзінің академиясын құруда” деген көлемді мақала жариялады. Мақалада Қазақстан революцияға дейін Россияның ең артта қалған аймақтарының бірі болғаны, патша үкіметі қазақ халқының экономика және мәдениет жөнінен

<sup>1</sup> Б.Кенжебаев, “Дарынды ғалым”. “Социалистік Қазақстан” газеті. 1946, 9 наурыз.

<sup>2</sup> И.Бардин. “Талантливый ученый казахского народа”. “Казахстанская правда” газеті. 1946, 1 шілде.



дамуына қасақана кедергі жасап келгені, қазақ халқының тек совет заманында дамудың даңғыл жолына түскендігі, ал жаңадан құрылған Ғылым академиясы республикамыздың мәдениеті мен ғылымын одан әрі өркендететін және басқаратын орталық болатындығы айтылған.

Республикалық газеттер 1946 жылыдың қыркүйегінде Алматыда өткен әдебиет пен өнер қызметкерлерінің жиналысы туралы есеп жариялады. Бұл жиналыста ВКП(б) Орталық Комитетінің “Звезда” мен “Ленинград” журналдары туралы, “Драма театрының репертуары және оны жақсартудың шаралары туралы” қаулыларына байланысты Алматы қаласындағы әдебиет пен өнер қызметкерлерінің міндеттері туралы мәселе талқылағандығы айтылды.

Республикалық газеттер Қазақстанда шығарылатын журналдарда және кейбір жазушылардың шығармашылығында жіберілген елеулі кемшіліктерді тауып алып, орынды-орынсыз сынаудың объектісіне айналдырды. Мысалы, қазақ әдебиеті мен қазақ тілі мәселелерін зерттеуге арналған монографиялық, диссертациялық еңбектерде қателіктер мен бұрмалаушылықтар кеткенін жазды. Оның себебі, зерт-теушілердің маркстік-лениндік методологияны жете меңгере алмағандығынан болған делінеді сол кездегі баспасөзде. “Тарих ғылымы өрлеу жолында” деген мақалада “Қазақ КСР тарихының” бірінші басылымында ұлтшылдық бұрмалаушылық жіберілді деп айып тағылып, бұл басылымда Қазақстан тарихының реалистік түрде, объективті түрде жазылғаны сол кездегі цензураға ұнамады.

“Қазақ ССР тарихы” дәуірлерге дұрыс бөлінбегендігі ескеріліп, тарих ғылымының дәрежесін жоғары көтерудің шаралары белгіленуі тиіс”, — деген сияқты жансақ пікірлер айтылады.

Соғыстан кейінгі жылдар — очерк жанрының едәуір алға басқан кезеңі. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін публицистеріміз бен журналистеріміз республика еңбекшілерінің бейбіт еңбек әуенін, төртінші бесжылдық жоспарды орындау жолындағы күресін көрсетуге шұғыл бет

бурды. Республикалық, облыстық газеттердің, “Әдебиет және искусство” журналының бетінде бейбіт күндердің еңбек ардагерлері туралы портреттік очерктер жиі көріне бастады. Мәселен, 1946-1950 жылдары бір ғана “Әдебиет және искусство” журналында қырыққа жуық очерк жарық көріпті.

Газет, журнал очерктері Түсіп Күзембаев, Қартабай Атшабаров, Ольга Гоноженко, Қашпақбай Пірімов, Нұрмолда Алдабергенов, Ыбырай Жақаев, Мұхтар Қаптағаяев, Бәшір Нұрмағамбетов, Нәйлә Базанова сияқты соғыстан кейінгі жылдарда еңбегімен ел құрметіне бөлінген елеулі жандарды мадақтады.

Амал не, сөз болып отырған жылдары республика баспасөзі беттерінде әдебиет пен өнер тақырыбына жазылған кейбір мақалаларда, шығармаларда, салиқалы және объективті түрде талдаудың орнына үркіту және негізсіз кінәлау сияқты әуендерге жол берілгені өкінішті.

## **2. 1946-1953 жылдардағы “ұлтшылдықпен” күрес науқаны**

“Өткен күнде белгі бар”, — дейді халық даналығы. Санада қалған қазақ баспасөзінің тарихы — ел тарихы, халқымыздың басынан өткен кезеңдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген қазыналардың бірі. Сондықтан оқырманның ой мәйегіне айналған газет тарихының сарғайған парақтарына көз жүгірте отырып, қоғам дамуына байланысты өмірлік көзқарастарын кездестіреміз.

XVIII-XX ғасырлардағы Ресей империясының отарлау және одан кейінгі “Қызыл империяның” саясаты сол кезеңнің өзінде шет мемлекеттерде төртінші билік болып есептелетін баспасөз, яғни бұқаралық ақпарат құралдарына ықпалын тигізді. Соның бір көрінісі төртінші бесжылдық соңында 1949 жылы қайта жаңғырған “Ұлтшылдық сарынға қарсы күрес” болып табылады.

---

<sup>1</sup> Н.Сергеев. “За подъем исторических наук”. “Казахстанская правда” газеті. 1947 жыл, 27 маусым.

Бұл, турасын айтсақ, 1937-1938 жылғы нәубеттің жалғасы. Ұлтшылдыққа қатысы бар деген адамдарды жазалаудың түрлі жолдары қолданылды.

Алдымен 1950 жылдардың басында қазақ тарихы, әдебиеті мен мәдениеті сынға алынды.

Мәселен, 1951 жылы 28 қыркүйекте “Казахстанская правда” газетінде Мұқан Төлебаевтың “Қазақстан музыкасындағы бұрыс бағыт туралы” деген сын мақаласы жарияланды. Бұл сын Ахмет Жұбановтың “Қазақ сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы” атты тұңғыш зерттеу — монографиясына қарсы бағытталды. Мұнда, бұрынғы сынау шегінен асқан автор А.Жұбановты буржуазияшыл — ұлтшылдығы, панисламист және пантюркистігі үшін айыптады.

Осыған орай Ахмет Жұбанов 1951 жылдың қазан айының бесінде “Социалистік Қазақстан” газетіне “өз қателіктерін мойындап” мақала жазуға мәжбүр болды. Бірақ, бұл ақталу жалған сыншылардың тепкісінен құтқарған жоқ. Оған іле-шала арада бір апта өтпей жатып Республика сазгерлер Одағы қазақ музыкасындағы буржуазияшыл — ұлтшылдық бұрмалаушылық туралы арнайы мәжіліс өткізіп, оған Мәскеуден үш адамды шақырған.

Бұл мәжілісте тек А.Жұбановтың мәселесі ғана каралып, оған әр шешен өз атынан жаңа теңеу табуға тырысқан. Мысалы, баяндамашы П.В.Аравин Ахмет Жұбановты “идеалист, тұрпайы социолог, формалист, буржуазияшыл — ұлтшыл”, Б.Г.Ерзакович “ұлтшыл әрі космополит”, Иванов-Сокольский “музыкадағы бекмахановшылықты дәріптеуші”, — деп, 20-30 жылдардағы қудалауды қайта қоздырғанын байқау қиын емес.

Келесі кезек қазақ әдебиетінің мақтанышы Мұхтар Әуезовке келді. Бұл науқан қазақ халқының мәдениетін, оның өкілдерін жоққа шығаруға бағытталды. Олар М.Әуезов ірге тасын қалаған “Абайдың поэтикалық мектебін”, осы тақырыпқа алғаш диссертация қорғаған Қайым Мұхамедхановтың еңбегін жоққа шығарып, Шәкәрім, Тұрағұлдарды буржуазияшыл — ұлтшылдардың қатарына қосты. Сөйтіп, Абайдан кеңестік дәуірге дейінгі кезең

ақтандаққа айналып, өзінің көрнекті өкілдерінен айрылып 80-жылдарға дейін құлазып қалды. Ал белгілі М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, А.Жиреншин сияқты әдебиеттанушылар мен сыншылардың есімдері айыптау үшін пайдаланылды.

1951 жылы 11 қазанда идеология “қайраткерлері” тағы да “Казахстанская правданың” беделіне сүйеніп, жаңа бір бастаманың ұштығын шығарды. “Қазақ батырлық эпосын зерттеудегі қателіктерге қарап”, деп аталатын мақалада газет “біртұтас ағым” теориясын сынап, **ауыз әдебиетін “таптық күрес” тұрғысынан қарастыруды талап етті.** Оған 1944 жылы ВКП(б) Орталық Комитеті Татарстанда феодалдық пиғылдағы “Едіге” жырын әшкерелеген қаулы негіз болды. Сөйтіп, газет оқырмандар арасында қазақ эпостарына қарсы идеологиялық ой-пікір туғызуға тырысты. Ал фольклор зерттеушілері М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллиндерді буржуазияшыл — ұлтшылдықтары үшін сынады.

1950 жылы 26 желтоқсанда “Правда” газеті көтерген ұлтшылдыққа қарсы науқандардың төресі 1951 жылдың 16-17 қазанында Қазақстан Орталық Комитетінің үшінші пленумына хатшы Ж.Шаяхметовтың жасаған баяндамасы болды. Баяндамада сыналғандардың саны өсе түсті. Ол өзінің 1944 жылы Абылай, Кенесары, Наурызбайларды қазақ батырлары санатына қосқанына өкініш білдірді.

Бірақ, қанша ақталғанымен хатшының өзі де сыналды. Себебі, білімі таяз болса да сол кездегі обком хатшыларының бірі Жанбаев қоғамның ағымын, партияның бағытын түсінетін көреген саясаткер, әрі ғалымдар мен Орталық Комитет хатшыларының үлкен сыншысы болып шықты.

Бұдан кейін қазақ интеллегенциясының көрнекті өкілдерінің үстінен жеке іс қозғалды. Енді нысанаға республика ғылымының мақтанышы академик Қаныш Сәтбаев ілікті. Жоғарыда айтылған VIII пленумда Ж.Шаяхметов, одан бұрынғы Орталық Комитетінің 10 тамыздағы “Вестник” және

<sup>1</sup> “Казахстанская правда” газеті. 1951, 28 қазан.

“Исвестия” журналдарына байланысты қаулысында ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаев тарихшы Бекмахановқа қамқорлығы үшін, буржуазия-шыл – ұлтшылдарды уақытында өшкерелемегені үшін айыпталды. Ал “Казахстанская правда” газеті болса, мұны “партия мүшелерінің халықтың үніне құлақ аспауы” деп тұжырымдады.

Сондай-ақ, белгілі ғалым, педагог, психолог, Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры Т.Тәжібаев та бұрын саяси айыптар тағылып академиядан қуылған адамдарды университетке қызметке алғаны үшін, әсіресе **Бекмахановты қолдағаны үшін сыналды**. Бұл сыннан жедел қорытынды шыға қоймаған соң, оған білек сыбана “Правда” газеті кірісті. Мұнда 1951 жылдың қазан айының 20-ында “Қазақ университетінде сынға қысым жасауда” деген мақала жарияланды. Соның нәтижесінде 10 желтоқсанда Орталық Комитетте болған мәжілістің ұйғарымы үлкен ғалым, абзал азамат Т.Тәжібаевты ректорлық қызметтен алып тынды.

Бұл жылдары қазақ зиялыларының көзін жою үшін жасалған террордың алғышарты орталық және республикалық басылымдар арқылы жасалды. Яғни, 30-жылдардың тәжірибесі қолданылды. Мәселен “Правда” газетінде “Біздің арамыздағы ашық ауыздықтан арылайық” атты бас мақала жарияланды. Онда ашық ауыздықтың мысалына Бекмахановты өшкерелеушілердің бірі, тарихшы Б.Сүлейменов туралы сөз болды.

Осы орайда Орталық басылымдардың жергілікті газеттердің де қалыспай, тіпті озып кетуге тырысқанын айтпай кетуге болмайды. Соның бір айқын мысалы Бекмахановты қудалаушылардың бірі — содыр саясаттың жандайшабы, ғалымсымақ Шойынбаевтың “Казахстанская правда” газетінде сын мақала жариялауы болды. Сөйтіп, Орталық комитет бюросы бұл сыннан соң Бекмахановтың Жанқожа көтерілісіне арналған кітабын “ұлтшылдығы үшін” пайдалануға жарамсыз деп тапты.

Тек, 1954 жылдың көктемінен кейін ғана Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне төнген қара түнектің бұлты ыдырап, саяси науқан бәсеңсі

бастады. Оған себеп болған бүкіл Одақ көлемінде басталған оң процестердің (Берияның “халық жауларымен” күрестегі зұлымдық әрекеттерінің ашылуы, жеке басқа табынушылықты өшкерелеген “жылымықтың”) әсері деуіміз керек.

### 3. “Қазақ елі” журналы — тұңғыш еларалық басылым

Қытайдың Қазақстан және Моңғол Республикасымен шектесіп жатқан Шыңжаң Ұйғыр автономиялы өлкесі тарихта Шығыс Түркістан деген атпен белгілі. Бұл өлкені бүгінде 1,4 миллион қандастарымыз мекен етіп келеді. Ежелгі Түрік қағанаты кезеңінен бері түркі халықтарының қасиет тұтқан ата қонысына айналған қастерлі мекенді жоңғар шапқыншылығынан кейінгі кезеңдерде Ұлы жүз бен Орта жүздің кейбір рулары қоныстайды.

**1864 жылғы шекара бөлінісінен кейін, Шығыс Түркістан түгелдей дерлік Қытай империясының құзырына қарады.** Байырғы қазақ даласының киелі бір пұшпағы саналатын осы бір өлке, ондағы қандастарымыз жайлы біздің білетінімізден білмейтініміз көп-ақ. Мұнда да арғымақ аунап, азамат өскен. Еліміздің арыс ұлы Қаракерей Қабанбай қалмақты асыра қуып, желбіретіп ту тіккен, Құнанбай қажы арнайы ат басын тіреп, Әсет әнші әуелетіп ән салған, ұлы ғұлама Шоқан да аралап көріп, табиғатына таң қалған, күні кешегі Алашорданың ардақтыларын қарсы алған, қазақ даласының қастерлі мекені.

Өз кезеңінде Шығыс Түркістаннан кемел ойлы ағартушы һәм қоғам қайраткері Ақыт қажы, елінің тәуелсіздігін ойлап, “қазағым” деп қабырғасы қайысқан, өмірін осы жолда құрбан еткен білікті қолбасшы Оспандай батырлар, бұлардың ізін баса Дәлелхан, Шәріпхан секілді халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған аяулы ер-азаматтар өсіп-өнген.

<sup>1</sup> Т.Қожақесевтің “Көк сеңгірлер” монографиясының алғы сөзін қараңыз. А.1992

<sup>2</sup> “Правда” газеті. 1953 жыл, 18 қаңтар.

<sup>3</sup> “Казахстанская правда” газеті, 1953 жыл, 25 қаңтар.

Күні кешеге дейін тағдыры жұмбақтау болған Шығыс Түркістан, осы өлкенің қазақтарына арнап шығарылған “Қазақ елі” журналы жайлы дұрыс пікір айту үшін, сол кезеңдегі тарихи, саяси мәселелерден айналып өте алмаймыз. Сонымен, “Қазақ елі” журналы қалай жарыққа шықты? Оның өмірге келуіне қандай жағдайлар себеп болды? Осы мәселелер төңірегінде тарих беттерін парақтап көрелік.

1933 жылдардағы саяси өзгерістерге байланысты Шыңжаң өлкесінің билігі Шың-шысайдың қолына өтеді. Бұрыннан көрші империяның қас-қабағын аңдап, әр қимылын жіті қадағалап отырған Кеңестер Одағы осы кезде Шың-шысайдың өкіметін қолдайтындықтарын, әрі алдағы уақытта онымен жақсы қарым-қатынас орнататындықтарын білдірді. Билік қолына тиісімен Шың-шысай өзінің атақты “Алты ірі саясатын” белгіледі. Олар: “империализмге қарсы тұру, Кеңес Одағымен достасу, ұлттар теңдігін жүзеге асыру, үкімет ісінде пәк болу, бейбітшілікті қорғау, Шыңжанды көркейту” секілді өзінің саяси мақсаттары еді. Осыдан кейін-ақ, КСРО мен Шыңжаң өлкесі арасында әр түрлі қарым-қатынастар күшейе түсті. Алайда бұл көпке созылған жоқ. Фашистік Германияның КСРО-ға баса көктеп кіруі Шың-шысайдың, Кеңестер Одағына және ондағы коммунистік жүйенің өмір сүруіне деген сенімін жоғалтты да, қиын-қыстау күн туғанда теріс айналып кетуге мәжбүр етті. Ал, осы кезеңде Шыңжаң өлкесі тарихында мәңгі есте қаларлықтай қантөгіс толы күндер өтіп жатқан еді. Шығыс Түркістан жайлы жазылған әңгімелердің бірінде: “1933-1942 жылдары Шыңжаң өлкесі Шың-шысайдың қысымындағы үлкен дүрбелең кезеңді бастан кешірді” — деп жазады.

1940-1945 жылдар Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық күрестің басталу, жалғасу және жеңіске жету кезеңдері болып есептелінеді. Бұл кезеңдерде біздің елімізде Ұлы Отан соғысының өрті лаулап тұрды. Бірақ, соған қарамастан Кеңестер Одағы Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліске баса назар

<sup>1</sup> Қ.Берікбай. “Лені тарихта билегендер және олардың тарихта алар орны”. ІТМ-3; ІКАО – СМК, құлжа, 1987ж.

аударып, әскери, саяси және рухани көмек беріп отырған. Неге? Неліктен? Бұл сұрақтарға Тұрсынхан Зәкенұлының “Мақалалар. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қытай қазақтары” атты зерттеу еңбегінен алынған үзінді арқылы жауап беріп көрейік:

“Фашизмге қарсы соғыстың ең сұрапыл кезеңдерінде Кеңес Одағының аяқ астынан Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық соғысты қолдап, оған қыруар әскери мамандарын жіберуінің де бөлек, күрделі тарихи себептері бар еді. Өйткені, егер Қытайдағы ішкі соғыста коммунистер жетекшілік еткен қызыл әкімият жеңіліске ұшыраса, бұл өлкеде АҚШ-тың шылауындағы Гоминьдан үкіметінің билігі мәңгілік орнап қалуы мүмкін еді. Кеңес Одағының алаңдаушылық білдіріп отырғанындай, 1942 жылдан бастап Шың-шысай ескі досы Кеңес Одағынан түбегейлі бет бұрып, гоминьданшылар тарапына өтіп кеткен еді. Сөйтіп, Гоминьдан мен АҚШ, Англия сынды елдердің ықпал күші Шыңжаңға сіңіп кіре бастаған. Оған дәлел 1943 жылдан бастап Гоминьдан партиясының Шыңжаң өлкелік бюросының құрылуы және қыруар әскери бөлімдер мен шпиондарының Шыңжаңға кіруі дер едік. Сондай-ақ, бұл кезде АҚШ пен Англия да, Үрімжі мен Қашқарда өз елшіліктерін құрып, коммунизмге, Кеңес Одағына қарсы әрекетпен шұғылдана бастаған. Енді бір жағынан егер Гоминьдан жеңіліске ұшыраса, Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық күрес жолына түскен жергілікті халық ұйғыр, қазақ, өзбектер Қытай коммунистеріне ырық бермей, тез арада Кеңес Одағының тап іргесінен Түрік-Мұсылман мемлекетін құрып алуы әбден мүмкін, бұл тағы да АҚШ бастаған коммунизмге қарсы күштердің қолайына тап келер еді. Оның үстіне тарихтан бері қаймағы бұзылмаған осынау қазыналы өлкеде осы замандағы әскери қару-жарақ өндіруге қажетті аса бағалы кен байлықтары бар еді...”

Осы үзінді арқылы біз Кеңестер Одағының сол кездегі ойы Шыңжаң көлемінде немесе өзімізге және Монғолияға шекаралас өңірден Кеңес үкіметін жақтайтын аз санды ұлттардың саяси билігін құру



болғандығын білеміз. Және осы мақсатта Кеңес үкіметі қызу жұмыс жүргізді деп толық айта аламыз.

1943 жылдың күз айларының бірінде, Ұлы Отан соғысының нағыз қиын-қыстау кезеңінде, Сталиннің өктем саясаты ықпалымен Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті жанынан, Алматы мен Ташкент қалаларында “Шығысқа жәрдем комитеті” (“Шыңжаңдағы түркі ұлттарының азаттық комитеті”) құрылды. Оның басшысы болып кезінде ұзақ жылдар Шыңжаңда жұмыс істеген Мәнсур Розиев тағайындалады. Шығыс Түркістан жайлы жазылған тарихи құжаттар, сол кезеңдерде атқарылған саяси істер, Сталиннің “жау жағадан алғанда, бөрі етекпен” шалғанына қарамастан, кеңестік жүйені сақтап қалу жолында ештеңе аямай жанын сала тер төккенін көрсетеді. Жоғарыда айтылған “Азаттық комитеті”, Шыңжаң өлкесін екіге бөліп қарады. Оның оңтүстік бөлігіне Қашқария жағынан Өзбекстан, солтүстік бөлігіне Іле, Алтай, Тарбағатай маңына Қазақстан жауап беретін болды. Түрлі мамандар дайындау, әскери, саяси, рухани көмектерімен қоса аталмыш комитеттің басты міндеті кеңестік жүйені насихаттау еді. Осы тұрғыда Кеңес Одағының майдандағы ерлігін, кеңестік өмірдегі қол жеткен биік табыстарын, бүкіл саясатын насихаттайтын баспасөз шығаруға нұсқау берілді. Азаттық комитеті жанынан, түрлі мақалалар жазылған үгіт парақшаларымен қоса, **қазақ, ұйғыр және өзбек тілдерінде журнал шығарыла бастады. Қазақтар оны “Қазақ елі”, ұйғырлар “Қазақ ели”, өзбектер “Шарқ хақиқаты” (Шығыс шындығы) деп атады.** Қазақша-ұйғыршасы бірігіп Алматыда, өзбекшесі Ташкентте жарық көрді.

Ал, бұл уақытта Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс ірі-ірі жеңістерге жетіп, Кұлжада Шығыс Түркістан Республикасы орнаған кезі болатын. Журналдың тұңғыш саны 1944 жылдың қыркүйек айында шығарылды. Бірақ, бірінші саны әзірге қолымызға түсе қойған жоқ. Біздіңше, ол Ташкенттің және Мәскеудің ұлттық кітапханаларында сақталуы мүмкін. Біздің қолымыз жеткені-Ұлттық кітапханамыздың сирек қолжазбалар бөлімінде сақталған әр жылдардағы тігінділерінің толық емес сандары. Журналдың бас редакторы қызметін

көп жылдар бойы атқарған Бөлебай Исабекұлының айтуына қарағанда, алғашқы саны 10 беттей болып, 5-10 мың тиражбен айына бір рет шығарылыпты. Журналдың бір ерекшелігі шекара маңындағы ағайындарымыздың оқу үлгісіне лайықталып, араб қарпімен басылды. Алғашқы сандарынан бастап, екі айдағы нөмірі бірігіп қазақша, ұйғыршасы да бірге шығып отырды. Осыған байланысты оның көлемі де ұлғайып 20-30 бет аралығында болды. Журнал Қазақстан Мемлекеттік баспаханасында басылып, бағасы сол кездегі ақшамен 2 сом болған. Журналдың тағы бір ерекшелігі — шығарудың барлық қаражатын, материалдық-техникалық жұмыстарына сыртқы Сауда Министрлігі жауап беріп, ал тарату жұмыстарымен Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті айналысқан. Шетелге шығатын болғандықтан, оның сапасына, безендірілуіне ерекше мән беріліп, сапасы сол кездегі “Огонек” журналымен бірдей деңгейде болды. Журнал мұқабасы “Огонектің” баспаханасында басылып, сол жерде арнайы бөлімі болған. Қолымыздағы журнал сандарынан байқағанымыз сырты қатырма қағазбен тысталып, қазақтың небір әшекейлі ою-өрнегімен көркемделген.

Еларалық “Қазақ елі” журналы өз заманындағы республика өмірінде орын алған саяси мәселелер, әдебиет, өнер, мәдени өмірдегі жетістіктер, ғылыми жаңалықтар, экономика және ауыл шаруашылық салаларындағы жаңа бетбұрыстар жөнінде кеңінен қамтып жазған. Сондықтан да сол кезеңдегі ел өміріне сәйкестендіріліп, медициналық ақыл-кеңестерден халықаралық және Кеңестер Одағының ірілі-ұсақты жаңалықтарынан оқырманын шет қалдырмаған. Еларалық журнал және кеңестік саясаттың құралы болғандықтан, бір жағынан Кеңестік жүйеде өмір сүріп отырған қазақ елін көрші мемлекетке таныстыру мақсатында дүниеге келгендіктен, журналда жетістіктер мен жеңістердің бояуы қанық көрсетілген секілді. Десек те, халқымыздың біртуар азаматтары қамтылған, шығарушылар алқасына қарап журналға мақала жазып, атсалысқан қаламгерлерімізден-ақ біз аталмыш басылымның Шыңжаң өлкесіндегі қандастарымызға сіңірген

ағартушылық, ата-жұртпен арадағы дәнекерлік рухани қызметіне үлкен баға беруге міндеттіміз.

Журналда ұлттық мақтанышқа айналған Ғабит Мүсірепұлы, Қаныш Сәтбайұлы, Сәбит Мұқанұлы, Ғали Орманұлы секілді азаматтарымыздың белгісіздеу болған немесе қазірде айтылмай қалған келелі ойларымен танысамыз.

Сонымен қатар журналда Иса Байзақұлы, Нұрпейіс Байғанаұлы, Мәриям Хакімжанқызы, Сапарғали Бекалыұлы, Қасым Аманжолұлы, Тайыр Жароков, Мәлік Ғабдуллаұлы, Жұбан Молдағалиұлы, Есмағамбет Ысмайылулы, Нұрлыбек Баймұратұлы, Дихан Әбілулы, Бүркіт Ысқақұлы, Әбділда Тәжібайұлы, Әуелбек Қоңыратбайұлы, т.б. шығармалары мен зерттеу еңбектері, мақалалары жарияланған.

Журналдың өз заманындағы басылымдардың ең алдыңғысы болғандығында дау жоқ. Әр беттерін парақтай отырып, біз “Қазақ елі” журналының тек өз еліміздегі жағдайлармен шектелмей, алып мемлекет КСРО-ның шетелдегі саяси мәселелерге замана үрдісіне сай тыңғылықты талдаулар жасағанына көз жеткіздік.





## БЕСІНШІ ТАРАУ

*“Коммунистік құрылысты өркендету” немесе  
тоқырау жылдарындағы қоғамдық-саяси,  
әдеби-педагогикалық және ғылыми-көпшілік  
басылымдар (1960-1985 жылдар)*

### 1. “Қазақстан мұғалімі” газеті

Оқу-ағарту ісін қазақ жерінде насихаттау сонау ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ басталған. Кезінде “Дала уалаятының газеті”, “Қазақстан”, “Қазақ” газеттерінен бастап, “Айқап”, “Мұғалім” журналдары қостап, “Қазақстан мектебі” одан әрі жалғастырған басқа да басылымдарда оқу-ағарту ісіне байланысты талай-талай іргелі мәселелер көтеріліп көптеген материалдар жарияланған.

Бірақ бертін келе осының барлығы да аздық етті. Оның үстіне заман өзгеріп білім, ғылым дамыған сайын көш соңында қалып қоймау міндеті тұрды. Сондықтан 1952 жылдан бастап екі тілде қазақша және орысша “Қазақстан мұғалімі” (“Учитель Казахстана”) газеті шығарыла бастады. Алғашқы редакторы — О.Құдышев.

Бұл басылым оқу министрлігінің басқармалары мен бастауыш және орта мектеп қызметкерлеріне, яғни мұғалімдерге, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттерге көмекші, әрі нұсқаушы құрал болып есептелді.

“Қазақстан мұғалімінің” бірінші нөмірінде жарияланған “Совет мектебінің жаңа табыстарына жетейік” деген бас мақаласында “Педагогикалық қызметін үнемі оқумен қоса идеялық саяси

дәрежесін үздіксіз арттырумен ұштастырған күнде ғана мұғалімнің еңбегі анағұрлым жемісті болады”, — деп тұжырым жасай отырып, әр ұстаздың ізденімпаздығын, адал еңбек етуін талап етеді. Яғни, “бұл газеттің басты мақсаты Социализм дәуірінде өмір сүріп жатқан ұрпақты тәрбиелеу, тәрбиелеу ісіндегі мұғалімдердің өзінің көзін ашып, оларға әдіс-тәсілдер жайлы нұсқаулар беріп отыруда”, — болды.

“Қазақстан мұғалімі” газетінде әсіресе, жалпылама баяндалған, педагогикалық, әдістемелік тәсілдер жөніндегі материалдар көп жарияланды. Мысалы, “Халық ағарту ісі жақсартылсын!” деген бас мақалада: “XIX съездегі ағарту ісіне байланысты айтылып кеткен мәселелерді ту етіп алып, коммунистік партия мен совет өкіметіне сенімді жан дүниесімен берілген ұрпақ тәрбиелеп шығаруды педагогтар алдына міндет етіп қойды” делінген. Осы мазмұндас бас мақалаларды бұл басылымның әр нөмірінен табуға болады.

Ал, сол жылдары газеттің негізгі авторлары әр облыс, аудандардың білікті деген мұғалімдері мен ізденімпаз студенттер қауымы болды. Оның үстіне көп материалдар ешқандай айдарсыз ұзын-сонар ұран тектес тақырыпшалармен берілетін еді. Басылымның ол кездегі мұндай кемшілік жақтарына кешіріммен қарауға болады. Себебі, бара-бара редакция құрамы өзгеріп, біраз тәжірбие жинақталған соң, “Қазақстан мұғалімінің” тартымды шығуына жол ашылды.

1956 жылдан бастап газетте “Мектеп”, “Партия”, “Кәсіподақ”, “Ғылым және әдебиет” деп аталатын бірнеше жаңа бөлімдер ашылды. Көптеген материалдар жанрлық жағынан ерекшеленетін болды. Әр мақала өз мазмұнына орай “Мектеп туралы ойлар”, “Мектеп хабарлары”, “Мұғалімдердің январь кеңесінен” сияқты айдарлар аясында жарияланды.

Газет тек оқушыларға білім беру әдістерін ғана емес, мұғалімнің сабақ үстінде өзін-өзі қалай ұстауы керектігін де қозғаған. Мәселен, оның “Мектеп тұрмысы” деген арнаулы бетінде Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Волошин орта мектебінің

мұғалімі Қ.Осмиеваның “Ілтипат туралы” деген материалы жарияланған. Автор өз мақаласын: “Балаларға қатты айқайлау, жазалау арқылы ғана тәрбие орнатуға болмайды. Балаға сену керек. Мұғалім оқушысына сенімсіздік білдірсе, екеуінің арасындағы қарым-қатынас бұзылады”, — деп бастайды да одан әрі: “Адамдарға ілтипат көрсету, кішпейілділік білдіру — Советтік социалистік гуманизмнің негізгі белгісі” деп қорытынды жасайды.

## 2. “Мәдениет және тұрмыс” (“Парасат”) журналы

Бұл қоғамдық-саяси және әдеби журналдың алғашқы саны 1958 жылдың шілде айында жарық көрген. Онда аға газет “Социалистік Қазақстан” мен “Казахстанская правда”, Жазушылар Одағының органы “Қазақ әдебиеті” газеті мен “Жұлдыз” журналының және “Қазақстан әйелдері” журналының өмірге енді қадам басып отырған басылымға сәт сапар тілеген төмендегідей құттықтаулары жарияланды: “Мәдениет және тұрмыс” журналының жарыққа шығуы мәдени, көркем өнер, әдебиет майданындағы, тұрмыстағы елеулі жарқын өнегелі жайларды кеңінен көрсетіп отырады деп сенеміз. Сөйтіп, ол қазақтың қалың жұртшылығының сүйікті журналына айналуы тиіс. Сонымен қатар, журнал мәдениет пен тұрмыста әлі болса кездесіп жататын кемшілікті, көлеңкелі жайларды да елеусіз қалмай, өсуімізге, алға басуымызға бөгет боларлық көріністерге өткір қаламның, кестелі сөздің күшімен қарсы шығып тұруы керек. “Қазақ халқы тілге бай. “Өнер алды — қызыл тіл” дейді біздің халқымыз. Журнал халық тілін қолдануда үлкен мәдениеттілік көрсетеді деген сеніміміз бар”.

Журналдың алғашқы редакторы — М.Дінішев.

“Мәдениет және тұрмыстың” басты айдарлары “Қызық екен біліп ал”, “Игілікті істердің бастамасы”, “Ет тағамдары”, “Өнер-ғылым жаңалығы”, “Естіме-

<sup>1</sup> “Қазақстан мұғалімі”. 1952 жыл. №3.

ген елде көп”, “Пайдалы кеңес”, “Дәрігердің кеңесі”, “Шетел әзіл-сықақтары”, “Семья — тәрбие ошағы”, “Спорт”, “Бөбектерге оқып бер”, “Искусство шеберлері” деп аталды.

Сондай-ақ, бұл басылымда тұрақты түрде, ай сайын “Ошаған” арнаулы беті, “Жирен, жаман әдеттен, үйрен жақсы әдеттен” айдарымен “Демалыс сағатында” арнаулы беті жарық көріп тұрды.

Журналдың алғашқы санында “Ауыл мәдениеті жайлы кейбір ойлар” деген атпен Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың мақаласы жарияланған. Автор өз материалында толғағы жеткен, заман талабына сай мәселелерді тілге тиек етеді. Әсіресе, малшылардың тұрмыс-мәдениетін көтеру жайлары, әр ауыл, әр ауданның өз жұрты, өз селосын сәнді, тұрмысын мәдениетті етуі керектігін баса айтады. Малшылардың көшпелі тұрмысын болашақта отырықшы мәдени мекенге айналдырса деген ойын ортаға салады.

Осы автордың мақаласына орай “Нұрмолда Алдабергеновтың “Ауыл мәдениеті жайлы кейбір ойлар” деген мақаласын талқылаймыз” айдарымен журналдың тамыз айындағы екінші санында Талдықорған облыстық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары Б.Рамазанованың “Үйінде озған, түбінде озар”, қыркүйек айындағы 3-санында Семей облысы, Шар станциясындағы №60 қазақ орта мектебінің мұғалімі Ә.Қасымбековтың “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер”, қазан айындағы 4-санында Қызылорда облысындағы “Бірінші май” колхозының шопаны А.Мендібаеваның “Жағдай бар да, құнт жоқ” атты циклды материалдары жарық көрді.

Сондай-ақ, мұнда “Москвадағы қазақ искусствосы мен әдебиетінің он күндігі қарсаңында” деген айдармен Қазақ КСР мәдениет министрі Ә.Қанафиннің “Үлкен сын алдында” деп аталатын материалы жарияланды. Онда қазақ өнерінің он күндігінде кімдер өнер көрсетеді, осыған орай дайындық жұмыстары қандай дәрежеде жүргізіліп жатқандығы жайлы айтылған.

<sup>1</sup> “Социалистік Қазақстан” газетінің құттықтауы. 1958, шілде.

Бұдан басқа Т.Ахтановтың “Белестен белеске”, С.Қирабаевтың “Өрлеу жолында”, Ш.Жиенқұлованың “Біздің би өнері”, Ө.Байділдаевтың “Шырқаларды әсем ән”, Б.Құндызбаевтың “Сахна әні”, А.Лекеровтің “Өмір сұлулығы”, Қ.Тастановтың “Талантты дирижер” деп аталатын естелік-әңгімелері жарияланған.

“Мәдениет және тұрмыс” поэзияға да үлкен мән береді. Оның беттерінде бүгінгі таңда есімдерін халқымыз мақтанышпен ауызға алатын ақындарымыз: Ж.Молдағалиевтың, Ә.Сәрсенбаевтың, Т.Молдағалиевтың, Ғ.Қайырбековтің және т.б. өлең-жырлары үнемі орын алып отырған.

Алғашқы қадамы осылай басталған еліміздің мәдениеті мен тұрмысын көтеруге өзіндік үлес қосып келе жатқан бірден-бір басылым “Мәдениет және тұрмыс” өзінің ұстанған поэзиясының ай-қындығының арқасында бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Бұл басылым 1989 жылдан бастап атын “Парасат” деп өзгерткенімен, оның отыз жыл бойы қалыптасқан тарихы, өзіндік жазу үрдісі өзгерген жоқ.

### 3. “Білім және еңбек” (“Зерде”) журналы

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап ғылыми-техникалық прогресс адамзат тарихында болып көрмеген дамудың — революциялық жолына түскені белгілі. Прогрестің революциялық жолға түсуінің басты себебі — адамзаттың космосты игеру кезеңімен тығыз байланысты еді. Космосты игеру адамзат өміріне ғаламат жаңалықтар әкелді. Ғылымның барлық салаларында күрделі бетбұрыстар жасалды. Соның нәтижесінде ғылым мен техника жаңалықтары кең көлемде енгізіле бастады. Бұл прогрестің ғылыми-техникалық революция жолына түскендігінің нақты айғағы болатын. Мұның өзі сол кезде қазақ жастарын ғылым мен техникаға баулу қажет деген идеяны тудырды. Шындығында жастарға осы заманғы білім салаларынан кең де жүйелі мағлұматтар беру, техникалық сауат, өнертапқыштың творчествосын дамыту аса қажет, қат мәселетін.



Бұл туралы: “Ол кезде бәрін Мәскеу шешетін. Қай шаруа болса да, сол жаққа қарап жалтақтап отыратынбыз. Қазақстан жағынан: “Бізге осылай жастарға арналған ғылыми-танымдық журнал керек” дегенде, олар: “әзірге қаражат және қағаз тапшы. Сол үшін өздеріңдегі бір басылымды жаба тұрып, соның орнына шығарыңдар” деген шешім айтыпты. Сөйтіп өзімізде бұрын шығып келе жатқан “Пионер” журналы жабылып, оның орнына осы “Білім және еңбек” шығарылды”, — деп еске алады журналдың алғашқы редакторы К.Смайылов.

Осылай журналдың алғашқы саны шықты. 1960 жылдың I қаңтары. Бәрінен де ең алдымен жаңа редакцияға ғылым мен техника мәселелерін түсініп жаза білетін, ғылыми-көпшілік басылымға икемі бар журналистерді іріктеп жинап алу қиын болды. Әрқайсысының жазатын тақырыбы, көтеретін проблемалары, сөз ететін мәселесі болады емес пе? Ол кез түгілі ғылым тақырыбын терең түсініп жаза білетін қазақ журналистері қазір де тапшы ғой. Журналдың алғашқы екі санын сол “Пионердің” редакция құрамы шығарғандықтан, оның сол журналдан еш өзгешелігі болмады.

“Біз үшінші нөмірден бастап қолға алып, басқа журнал шығара бастадық. Редакция жұмысына кен инженері Шәмшиден Әбдіраманов, физик Айсұлтан Қалығұлов, биолог Жеңіс Әбиев шақырылды. Өйткені, олардың журналистикаға, жазуға біршама қабілет-ікемдері бар еді, — дейді К.Смайылов. Редколлегия алқасының ең бір белсенді жанашыр мүшесі әйгілі қазақ ғылымының атасы Қ.Сәтбаев болды. Осындай журналды шығару қажеттігін алдымен көтерген, сондай ой салғандардың бірі сол кісі еді. Журналдың сол кездегі редакциялық алқасының тізімін, құрамын қарап отырсақ, барлығы дерліктей Қазақстан ғылымында аты шыққан беделді адамдар болатын. Қаныш Сәтбаевтан басқа атақты археолог-тарихшы, ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан, физик-ғалым Жабағы Тәкібаев, қазақтың көрнекті ғалым математигі Орынбек Жәутіков,

<sup>1</sup> “Зерде” журналы. 1990, №1.

<sup>2</sup> “Білім және еңбек”. 1962, №1

биолог-ғалым, академик Темірбай Дарханбаев, талантты, жан-жақты ғалым Евней Букетов, қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш академик Нәйля Базанова, белгілі геолог ғалым Ақжан Машанов, табиғаттанушы қаламгер М.Д.Зверев сияқты кісілерді атап өтуіміз керек. Журнал ең алдымен іргелі ғылымдар туралы барша оқырман қауымға қарапайым тілмен түсіндіріп, ұғындырып жазып отырған. **Осының дәлелі ретінде 1962 жылы тарихта тұңғыш рет Әбу Насыр әл-Фараби қазақша жарияланды.** Сол жылдың бірінші санында Ақжан Машановтың алғы сөзімен, әрі сол өз аудармасынан әл-Фарабидің “Үйрену туралы” (фалсафа үйрену үшін қажетті шарттар туралы қағида) деген еңбегі басылды. Бұл журналдың жарқ еткен бір жақсы материалы еді.

Кейіннен әл-Фарабидің өз бабамыз екенін танып, 1973 жылы Алматыда ұлы ғұламаның 1100 жылдығы атап өтілгенін білеміз. Бұл журнал үшін игі бастаманың бастауы болды. Мұның артынан Орта Азияның әл-Бируни, Ұлықбек, Махмуд Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати секілді басқа да ғұламалар жайында мақалалар жарияланды. Әлкей Марғұлан журнал бетінде ғана емес, елдің есінде, ғылымның тарихында қалатын “Шоқан — қазақтың тұңғыш ғалымы” деген мақала жазды. Оның тақырыпшалары “Даланың жарық жұлдызы”, “Қашқарды ашқан Колумб”, “Шығысты тұңғыш танытқан” деп аталған. Сондай-ақ, Қазақстанның ежелгі тарихынан қазақ жерінің географиясы мен қазақ елінің шежіресінен, сол өткендегі орыс және шетел саясатшыларының, ғалым, ақын-жазушыларының жолжазбаларынан үзінділер жариялап отырған. Тарихқа деген ынта-ықылас ол кездерде аса жоғары еместін. Көптеген тарихи деректер, еңбектер, есімдер қазақ тілінде алғаш айтылып, алғаш жазылып жүрді. Журналдың бір санында республиканың сол кездегі геология министрі Ш.Есеновтың “Қазақстанның ашылмаған байлықтары” деген мақаласы жарық көрді. Оның мән-мағынасы әлі де болса жойылған жоқ.

<sup>1</sup> “Білім және еңбек”. 1960, №6.

Журнал балғын оқырмандарды да назардан тыс қалдырмады. “Елдің келешегі солар ғой” деп, оларды түрлі техникалық және натуралистік үйірмелер жұмысына тартты. Ғылымға, техникаға деген құштарлығын оятты. Сан алуан машиналар мен тракторлар, ұшақтар мен тікұшақтар, тіпті жаңа ғарыштық техникалар жасауға үйретті. Мысалы, журналдың 1960 жылғы 6-санынан бастап “Жас техниктер клубы” (ЖТК) ашылды. Клубтың мақсаты жастарды, оқушыларды техникаға, техникалық тапқырлық, өнерпаздыққа баулу, журнал оқушыларының техникалық өнерпаздығына жәрдем көрсету болды.

Осыдан бастап клуб жас өнерпаздардың, техниктердің өз қолдарымен жасаған аспаптарын, құралдарын, қарапайым машиналарын жұртқа кеңінен таныстырып отырды. Сонымен қатар техникалық творчествоға ұмтылушы жастарға көмек ретінде қарапайым аспаптардың, құрал жабдықтардың сызба нұсқасын, оларды жасау жөнінде кеңестер жариялау, осының бәрі балаларға жасалған қамқорлық еді.

Жасөспірім жеткіншіктер мен студенттер жайы да журнал ұжымын жайбарақат қалдырмаған. Институттардан студенттердің ғылыми қоғамы мен конструкторлық бюролары, олардың ғылыми ізденістері жөнінде талай тартымды мақалалар жазылып тұрды. Жас ғалымдар мен студенттердің өздері, институт студенттері мен доценттері, тіпті профессорлар ғылымның әр қатпарына қызықты материалдар арнап, көкейкесті мәселелер көтеріп, қызу атсалысты. Олар алғаш “Асыл мұра”, “Ғылым көкжиегі”, “Сауал қойған екенсіз”, “Дүние жатқан жұмбақ”, “Дөңгелек — жас шеберлер клубы”, “Оқып туған”, “Жас ғалым зерттеу жүргізеді”, “Жақсыдан ғибрат”, т.с.с. көптеген айдарлармен беріліп тұрған. Бүгінде олар “Ғылым лабораториясында”, “Ғылым қолын созғанда”, “Оқы қызық”, “Проблемалар мен болжамдар”, “Әдемілік сырлары”, “Білгеннің зияны жоқ”, “Өнегелі өмір” сияқты айдарлармен толықтырылып жалғасын табуда.

Журналдың 1962 жылдан бас редакторы Талап Сұлтанбеков болды. Ол: “Бізге біраз қиын-

шылықтарды жеңуге тура келді. Біріншіден, журналдың тиражын көтеру үшін оқушының ойын, сезімін баурайтын қызықты мақалалар басу, ол үшін қазақша түсінікті жазатын авторлар іздеу, оларды “бірден тауын шағып, меселін қайтармай” қазақша жазуға үйрету, тіпті біздің келелі мақсатымызға жан дүниесімен атсалысуға деген ынтасын арттыру деген сияқты, ол үшін оқырманның да, авторлар қауымының да ұлттық, патриоттық сезімін оятатын мақалаларды іздедік. Сондықтан, сол жылдары қазақ халқының өткен тарихында елеусіз қалған есімдер жайлы көп материалдар жарияладық. Қыдырғали Жалаири, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбу-Насыр әл-Фараби, т.б. оқырман қауымға сол жылдары танымал болды”, — деп жазды.

Сол кездің өзінде-ақ, қазақ жастарына ғылым мен техниканың жетістіктері ұғынықты, қарапайым тілмен әңгімелеп, білмекке құштарлығын оятып, ой-өрісін кеңейте түсуге Бүркіт Ысқақов, Жүнісбек Пайызов сынды маман-журналистермен қатар физик Айсұлтан Қалығұлов, Рая Ыдырысова көп еңбек сіңірді.

Жетпісінші, сексенінші жылдардағы “Білім және еңбек” жастардың қалың бұқарасын өздері өмір сүріп отырған заманға сәйкес, сол заманда айрықша өрістеген ғылыми техникалық революцияның дүмпуіне сай тәрбиелейтін идеологиялық қару бола білді. Өздерінің оқырмандарының түрлі білім салаларына құштарлығын оятуды, ғылыми-техникалық прогреспен үзеңгі қағыстыра жүріп, оны дамытуға атсалысты.

Осы жылдары журнал әдебиетке жақын болғанын байқатады. Оның редакторы Қалдарбек Найманбаев бұл салада көп еңбек сіңірген. Мысалы, онда Шоқан Әлімбаевтың алғашқы фантастикалық повесі жарияланды. Журналға жазушылар Баққожа Мұқаев, Сұлтанәлі Балғабаев, Қадірбек Серізбаевтардың келіп, қызмет атқаруы да журналда әдеби шығармалардың көп жариялануына әсер еткен сияқты.

<sup>1</sup> “Зерде”. 1990, №1.

Журналға 1976 жылы фантаст — жазушы, ғылым-педагог Абдул-Хамит Мархабаев редакторлық етті. Ол бәрінен бұрын ғылымдағы жаңалық жаршыларының басын біріктіруге күш салды. Және “Туған топырақтың академиктері” деген айдармен очерктер беріп отырды. Басылым маңына жас жазушыларды топтастырды.

Ғылым дегеніміз адамзат әулетінің ақыл-ойы мен өмірлік тәжірибесінің жиынтығы екені аян.

Бұл орайда ғасырлар бойы төрт түлік малды тіршілігіне тірек еткен халқымыздың ғажайып мол тәжірибе жинақтағаны аян. Қазақстанда мал басын көбейту мәселесі сексенінші жылдары мемлекеттік маңыз алып отырған шақта халықтың қымбат тәжірибесіне ден қойып, құлақ асып отыру қажетті. Осы орайда журналға белгілі этнограф Жағда Бабалықұлы “Қаракемік” деген мақала жазды. Бұл тек малшылар қауымы ғана емес, ғалымдар, шаруашылық басшылары үшін де мән беріп, тиісті қорытынды шығаруға мұрындық болды.

Бұдан басқа да журналдың негізгі ажарын айқындай түскен екі конкурсты атай кету ләзім. Бірі — “Келешек келбеті” деген конкурс. Адам, ғалам, болашақ жайлы ой қозғауға шақырған осы творчестволық бәсеке сайысқа оқырмандар халық шаруашылығының түрлі салаларын одан әрі өркендете түсуді көздейтін, ізденістер, ұсыныстар, батыл жоба, болжаулары арқау еткен очерк, мақалаларымен, ғылыми-фантастикалық әңгімелер мен осы жанрда орындалған бейнелеу өнері туындыларымен қатысты. “Қазақстанның Россияға қосылуына 250 жыл толуына” орай жарияланған конкурс тарихымыздың әр бейнесіне байыппен қарауға, Қазақстанның ғылыми-техникалық прогреске беттеген жолындағы кезеңдерін мұқият зерделеуге жағдай туғызды. Батыл болжам, тосын идея, байыпты зерттеу тұжырым, ұсыныстары бар ғылыми-көпшілік мақалалар журналда жарияланды.

Қазақстанның Ресейге қосылуын, сол кездегі заман талабына сай барлық басылымдар қуана құптаған еді. Қазіргі демократия, жариялылық

<sup>1</sup> “Білім және еңбек”. 1985, №3.

Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылмағандығын көрсетті дегенмен де ол — тарихи шындық. Осы жылдары жарияланған Бөлебай Исабековтың экономикалық проблемалары жөніндегі танымды әңгімелері, алматылық инженер Байназар Нұралиннің егін орағына ғылымдағы озық жаңалықтарды қолдану туралы ойлары, жамбылдық агроном Владимир Лапушкиннің дихандар еңбегіне ынталандыруға қажет экономикалық тиімді тәсілдері жайындағы мақаласы, физика-математика ғылымдарының докторы Мұхтарбай Өтелбаевтың бағытталған ауа қозғалысын тудыратын қондырғы жасау және оны қаланың лас ауасын тазартуға пайдалану жөніндегі пікірлері, биолог Зерекбай Әлікұловтың азотификация жайлы мақаласы күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Археолог Ахмет Тоқтаевтың, тарихшылар Валентин Басин, Әбу Тәкенов, Самат Өтениязов, филологтар Ә.Дербісалиев, Қуатбек Молдабековтердің қызықты ғылыми зерттеулері, демограф Мақаш Тәтімөвтің қазақ халқының бес ғасырлық өсіп-өну жолын ашып берген жұмысы, семейлік физика мұғалімі Базарбек Мұқышевтың, республикалық жастехниктер станциясының қызметкері Райгүл Ендібаеваның жасөспірімдер үшін жазған мақалалары оқырмандар көңілінен шықты. Олардың көпшілігі журналдың арнаулы жүлделерімен марапатталды. Осы жылдары журнал оқырмандарының жас ерекшеліктерін де ескерген ізденісін атап өткен жөн. Жоғарғы сынып оқушылары үшін АТОМ (алғырлар, тапқырлар, ойшылдар мектебі) деген атпен журнал ішінде журнал шығып тұрды. Жасөспірімдерге арналған бұл минижурналдың мазмұнды болуына “Білім және еңбектің” сол кездегі “Комсомол турмысы” бөлімінің меңгерушісі Алпысбай Шымырбаев, журналдың ғылыми-техникалық революция рухында әсем безендірілуіне талантты суретші Болат Мұхамадиев көп еңбек сіңірді.

#### 4. “Жалын” журналы

“Жалын” 1969 жылдың маусымынан бастап екі айда бір шығатын әдеби-көркем және қоғамдық-саяси альманах ретінде шыға бастады. Алғашқы саны Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әлкей Марғұлан, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаевтардың және Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ЛКСМ Орталық комитетінің “Қазақ әдебиеті” газеті мен “Жұлдыз” журналының және “Лениншіл жас” газетінің құттықтаулармен ашылды.

Творчестволық еңбек жолдарын енді бастаған жас таланттардың шығармаларына кең орын берілді. Оның алғашқы санына Оралхан Бөкеевтің “Іңкәр” повесі, Смағұл Елубаевтың “Бибі апа”, “Ойсылқара” әңгімелері мен Асан Жұмаділдиннің “Аласапыран” деректі повесі жарияланған. Сонымен қатар поэзия бөлімі публицистика мен очерк, спорт, көңілашар деген бөлімдері болды. Осы жылы “Қазақстанның елу жылдығына” деген айдармен Жайсаңбек Молдағалиевтің “Дауыл” драмалық повесі берілген (Жалын. 1969. №2. 15-б.). Сонымен қатар, сол кезеңде өтіп жатқан Венгр мәдениетінің Қазақстандағы онкүндігіне орай Роза Шамжанованың “Бір тілек, бір мақсат” деген мақаласы жарияланған (Жалын. 1969. №2. 46-б.). Бұл мақалада автор екі республиканың экономикалық байланыстарының жылдан жылға өсіп келе жатқанын, жиһаздар мен жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының және де басқа да тұтыну тауарларының өзара сауда айналымына жиі шығып тұрғанын хабарлаған. “Проза” бөлімінде Төлен Әбдіковтің “Оралу” повесі жарияланған (Жалын. 1969. №2. 48-б.). Альманах әрбір шығарма тұсына автордың суретін және оның қысқаша өмірбаянын үнемі жариялап тұрған.

1971 жылғы альманахтың бірінші санында Ауданбек Көбесовтің “Ұлы бабамыз” атты мақаласы жарияланған. Екінші Аристотель атанған шығыстың ғұлама ғалымы, даңқты отандасымыз Әбу Насыр әл-Фараби жайлы, оның зор ғылыми мұралары турасында жан-жақты мағлұмат беретін материалдарды жариялап тұру альманах үшін абырой ғана емес, ең

бастысы елдің болмысын, халықтың қайрат-қауқарын танытатын Ұлы тұлға, қайталанбас дарындарымызды насихаттау — үлкен мақтаныш, керек десеңіз мәртебе еді.

Бүгін тек ұлттық әдебиет шеңберіндегі шығармаларды біліп қою өте аздық етеді. Сондықтан “Жалынның” 1971 жылғы бірінші санында О. Генридің әңгімесі берілген (Жалын. 1971. №1. 15-б.). Ал үшінші санында француздің көрнекті жазушысы Андре Моруаның “Танатос қонақ үйі” деген шағын әңгімесі жөнінде мағлұма берілген. Әрине, бұл әңгімені Моруа творчествосындағы үздік үлгі деп қарауға болмайды. Бұдан басқа да толып жатқан әңгімелері бар. Аудармасында келер-бұдыр тұстар кездескенімен, осы әңгіменің өзінен автордың аяқ алысын аңғаруға болады.

1969-1979 жылдар аралығындағы “Жалын” бетінде жарық көрген шығармалардың бәрі жаңа жазып жүрген талапкердікі емес.

1971 жылғы бесінші санында “Жамбылдың 125 жылдық тойы қарсаңында” деген айдармен берілген профессор Мұхаметжан Қаратаевтың “XX ғасырдың Гомері” атты мақаласы жарияланған. Жамбыл тойына бүкіл еліміз болып әзірлік жүргізіп дайындалып жатқанда өз оқушысы бар “Жалынның” сондай игілікті істен шет қалуына болмайтын. Сондықтан, ақындар мен жазушылардың мерейтойына байланысты әр түрлі мақалалар беріп тұру “Жалын” альманағына үлкен абырой әкеледі.

Сонымен қатар “Жалын” альманағының 1971 жылғы 5-санында суретші Нағымбек Нұрмұхамедовтың “Искусство” баспасынан шыққан “Қазақстан көркем өнері” деген кітабын жаңалық ретінде атап айтуға болады. Бұл аса құнды кітап. Әсіресе, қазіргі кезде айтылып қалып жүрген “қазақ көркемөнерінің тарихы болмаған” деген пікірге қарсы жақсы дәлел. Қазақтың ұлттық өнерінің түп-төркінінің бастау алар арнасы, бүкіл әлеммен байланысып жатқан тамырлары сонау алыстан, ежелгі дәуірлерден басталатынын тайға таңба басқандай айқын дәлелдейтін осы сияқты елеулі кітаптар туралы үндемей кету мүмкін емес.



“Жалын” альманағының 1971 жылғы сандарында әдеттегідей поэзия мен прозаға мол орын берілген. Алпысқа жуық авторлардың өлеңдері мен толғаулары, отызға тарта қаламгердің прозалық туындылары жарияланыпты. Әрине, бұл сан жағынан келгенде аз дүние емес.

Прозалық шығармаларды сөз еткенде алдымен жазушы Әзілхан Нұршайықовтың “Жас Бауыржан” атты повесін атап айтуға болады. (Жалын. 1971. №3. 36-б.). “Бауыржан” повесі осындай әсер қалдырады. Халыққа, Отанға деген махаббаты терең, мархабаты мол елдің атын шығарса, еліне де еркелей білген еркебұлан ерге, ары таза, жаны жайсаң адамға, пенделігі де, кенделігі де бар батырға, Бауыржан образының шыншылдығына риза болмау мүмкін емес. Жазушы Бауыржан образын шыншыл өрнектей отырып, азаматтық деген киелі ұғымның мәнін ашуға тырысқан. Бір сөзбен айтқанда, бұл шын мәніндегі азамат адам туралы жазылған тәрбиелік, ұлағаттық мәні зор повесть деуге болады. Талантты жазушы Мұхтар Мағауиннің альманахтың бірінші санында жарияланған “Қара қыз” атты повесі (Жалын. 1971. №1. 18-б.). жоғарыда айтып кеткен маңызды тақырып — интеллегенция өміріне арналған. Мұхтардың Бексейіті жазушы қиялының жемісі ғана емес, осынау ұланғайыр өмірде жүздеген прототиптері бар “кейіпкер” дәрежесінде шыққан образ.

Сол сияқты Қ.Жұмаділовтің “Адамның кейбір кездері” атты әңгімесі де (Жалын. 1971. №1. 25-б.). осы аталмыш тақырыпты қамтитын көркемдік, эстетикалық әсері мол, жазылу мәдениеті де атап өтерлік дүние. Қабдеш Жұмаділов шағын әңгімеде қиюын тауып, көкейге қонарлық едәуір қисынды ойлар айта білген.

Осы ретте “Жалын” альманағында жарияланған бірсыпыра әңгімелердің оқырмандар көкейіне қонатынын айту орынды. Тіпті, әңгімелері тұңғыш рет жарық көріп отырған авторлар да бірлі-жарым кемшіліктеріне қарамастан, әдеби сауаттылығымен, алған тақырыптарын жақсы білетіндігімен көзге түседі. Әңгімеге нұқсан келтіретін кемшіліктердің бірі — оқиға жасандылығы десек, бір қуаныштысы

мұндай “мен мұңдалап” тұрған кемістіктерді байқау қиын.

“Жалын” альманағынның 1971 жылғы екінші санындағы Дулат Исабековтің “Кеш туған жұлдыз” повесі кеш туған махаббатты арқау еткен. Түйіндеп айтсақ, Бектемір деген председатель жігіттің Ермекбайдың әйелі Кәмшатқа ғашық болу хикаясынан сыр шертеді. Соңында әйелінің бір түнде кетіп қалғаны сияқты Ермекбай да бастықтың қарындасымен қол ұстасып кете барады... Жазушы осы оқиғаның қай-қайсысында көркем тілмен шебер суреттеген.

“Жалын” альманағының 1974 жылғы сандарындағы әңгіме-повестердің дені негізінен ауыл өмірі тақырыбын қамтиды екен. Ауыл өмірі тақырыбына жасы мен жасамысы болып, қалам сілтемеген, ой тербемеген қазақ жазушысы кемде-кем болар. Бұл біріншіден, қай-қайсысының да ауылдан шыққандығын, ауылды жақсы білетіндіктерін көрсетсе, екіншіден, бұл тақырыпта айтылмаған ойдың, көтерілмеген мәселенің әлі де көптігін дәлелдесе керек.

Жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтың “Қош бол, ата” повесі (Жалын. 1974. №3. 51-б.) оның ауыл тіршілігімен етене таныс екендігін байқатады. Әрине, әркім жанына жақын тұрған, өзі араласып, көзімен көрген, көкірегімен сезініп, түйіп жүрген жайларды жазуға бейім келетіні мәлім. Бұл повесть соның бір дәлелі сияқты. Повесте ауыл адамдарының бойындағы қарапайымдылық пен ізгілік, мейірім, көктем күніндей шуақты сезім байлығы тамаша суреттелген. Санаулы ғана адамдар алуан-алуан мінезімен, әр қилы тағдырымен бір-біріне ұқсамайтын тыныс тірлігімен қызықтырады.

1974 жылғы “Жалын” альманағындағы жарияланған өлеңдердің кейбіреулерін оқып отырып, поэзиямыздың нақтылы келбетін, ой-өріс көкжиегін болжауға болатындай, поэзиядағы аяқ алыстарының ширақтығымен, орынды, алымды ойларымен танылып жүрген бір топ ақындарымызды ұшыратамыз. Олар: Фариза Оңғарсынова, Меңдекеш Сатыбалдиев, Жарасқан Әбдірашев, Кеңшілік Мырзабеков, Темірхан Медетбеков, Бекділда

Алдамжаров, Жарылқасын Боранбаев және тағы басқалары.

Альманахтың бірінші санында Құбығұл Жарықбаевтың “Құтадғу біліктегі тәлім-тәрбие мәселелері” деген зерттеу мақаласы берілген (Жалын. 1974. №1. 48-б.). Халқымыз өзінің осы күнгі өресі биік озық мәдениетіне бір күнде ие бола қоймаған. Бұған жету жолында ол талай заманғы шытырман оқиғалардың, бел-белестері басып өткен. Ата-бабаларымыздың ежелгі заманнан-ақ ержүрек, еңбексүйгіш, талантты, өзіндік тамаша мәдениеті бар ел болғандығын дәлелдейтін деректер тарихта аз емес. Солардың бірі — X-XII ғасырдан қалған көне түркі жазба ескерткіштері. Қазақтың қоғамдық ой-пікірі мен мәдениетінің түп-төркінін, шығу тегін қарастырғанда аузымызға бәрінен бұрын ілінетіні — осылар. Мысалы, халқымыздың сол кездегі тарихынан елес беретін теңдесі жоқ осындай туындылардың бірі — “Құтадғу білік”. Сонымен бірге жұртқа ғылым-білімнің мән-мағынасын насихаттау осы дастанда көтерілген ең басты мәселелердің бірі, білімнің адам өміріндегі маңызын жеріне жеткізе айтып, тебірене жазылған. “Құтадғу білік” авторы — Жүсіп Баласағұн. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін білім алуға шақырады. “Құтадғу білік” түркі тектес халықтарға ортақ ескерткіш болумен қатар, қазақ халқының рухани дүниесіне, мұрасын тікелей қатысы бар дүние.

“Жалын” альманағы өз беттерінде тек әдебиет мәселелерін ғана көтеріп қоймаған, сонымен бірге көркемөнердің бір саласы болып табылатын — сахна өнеріне де үнемі назар аударып отырады. Мысалы, белгілі жазушы Нұрқасым Қазыбеков “Өнер жолы — ауыр жол” деп аталатын өз мақаласында қазақтың ұлттық сахна төрінде өзіндік айшықтарымен көрініп жүрген өнер саңлақтарының бірі — Мұхтар Бактыгереевтің творчестволық өмір жолын тамаша көрсете білген. Мақала “Талаптың мініп тұлпарын” деген айдармен берілген.

“Жалын” альманағы әдебиеттен басқа да тақырыптарды кеңінен қозғап жүр. Мысалы, өзінің әрбір нөмірінде оқырманын жас суретшілермен таныстырып отырады. Оларды өзіндік стилі бар сурет

шеберлері деп айту ертерек дегенмен творчестволық ерекшеліктері бөлекше екенін атпайөте алмаймыз. Олардың негізгі ерекшеліктері неде? Өзін қоршаған дүниені терең түсіндіруінде. Мадияр Ысқақов Ш.Айтматовтың “Ақ кеме”, “Алғашқы мұғалім” повестерінің сюжеті бойынша салған суреттерін берген екен. М.Ысқақов жас баланың дүниеге таңдана қарап тұрған қуанышты сәті арқылы айтар ойын дөп жеткізе білген. Бір ғана деталь — алыста тобырымен айналаны ақшандата жер тарпып айбат шеккен бұғылар шығарманы әрлендіре түскен. Қасында — қартайған, өмірде көпті көрген тәжірбиелі адам — “Алғашқы мұғалім” повесінің бас кейіпкері. Күн батар алдындағы қызыл шапақ, күннің ыстығынан күйіп кеткен дала, қатал пейзаж, қарияның мұңлы ойын сол сарынмен жалғастырған, ауыр өмірдің қорытындысын шығарғандай.

“Жалын” альманағы, сонымен қатар, ғылыми-танымдық мақалаларды да жиі жариялап тұрады. Оған мысал: “Ғылым, жаңалық, болжам” айдармен берілген “Тілдің бағалы байлығы” атты дүниесі. Этнографиялық атаулар халықтың тарихымен, ұлттық табиғатымен ерекше етене байланысты екені белгілі. Автор бұл мақаласында негізінен әдет-ғұрыпқа қатысты атауларын ғана алып, соларды жіктеп, сөз еткен.

“Жалын” альманағындағы, “Поэзия” айдарымен Оспанхан Әубәкіровтің бір топ сықақ өлеңдері беріліпті. Солардың бірі “Қағаз бен сабазды” алайық. Аз да болса арамызда көзге шыққан сүйелдей болып, қажетті жерінде есті сөз түгілі, ешбір сөз айта алмайтын, қағазбен ғана күн көріп, жазғанын оқып беріп қана жақсы атты болып жүргендер аз емес. Сықақтың тақырыбы да автордың атқан “оғы” да дйттеген жеріне дәл тиіп тұр. Сәтті жазылған әдемі өлең. Ешқандай дәлелдеді де талас тудыруды да қажет етпейді. Осы пікірді сол сияқты “Түк түсінсем бұйырмасын”, “Адам жетектеген адам”, “Өнерпаз әйел”, “Қырғыз бен қарғыс” атты өлеңдері де толық қуаттай алады.

Ал “Проза” айдарымен берілген Мағзом Сүндетовтің “Адам деген қызық” атты әңгімесі де көңіл аударарлық дүние. Мағзомның бұл әңгімесі

ауыл сыртындағы өзеннен су алып, жалғыз аяқ соқпақпен бері беттеп келе жатқан жас оқушы қыз бен оның жолын кесе қарсы ұшырасқан жас ұстаздың лүп еткен көңіл күйлері мен іштегі сезімдерінің құныға жасқана бой көрсетуін суреттеуден басталады. Мұғалім Ақтай оныншы класты енді бітіргелі жүрген Құрманайды жақсы көреді. Бірақ, бұл сезім гүл атып, бүр жармай қалады. Себебі, Құрманайды кеспірсіз, кескінсіз Базарбай зорлықпен алып қашады. Бұл жігітке Құрманай көрніп, келісім беріп отыр. Жылады, өкінді. Бірақ, басқа түскеннен амал бар ма.

“Жалын” альманағының 1979 жылғы саны “Жалынның жаңа жылдық анкетасымен” ашылған (Жалын. 1979. №1. 5-б.). Бұл анкетаға Күләш Ахметова, Бақыт Жанғашева, Роза Рымбаевалар жауап берген. Сонымен қатар бұл санында Тынымбай Нұрмағамбетовтың “Ата қоныс” әңгімесі жарияланған (Жалын. 1979. №1. 10-б.). Бұл әңгіме ауылдың қарапайым өкілінің бірер күн шамасында басынан кешкен тіршілігін баян етеді.

Несіпбек Дәутаевтың “Жол” повесінің негізгі кілт-қызығы — “Баянды мен Шерлітас” деген тастар (Жалын. 1979. №3. 258-б.). Баянды асуы халық үшін өмірін қиған жас жігіттің талғамды тағдырынан сыр шертсе, Шерлітас — опасыздықтың символы. Автор шығармасында аясы кең әлеуметтік-адамгершілік мәселелерді көтереді. Повесть кейіпкері — Төлеп үшін өмірдің мәні — жол. Ол салған жолмен мың сан адамдар сан мың жыл жүріп жатса, онда оның бекер сияқты әрбір тау, жердің өз тарихы, ата-бабаның тағдыры бар. Имансерік Шерлітастың жамандық белгісі екенін біліп ол тасты құртуға бекінеді. Сөйтіп, “Беларусьпен” тасты жұлып алады. Біржолата жоқ етпек болып, өзенге тастамақ болып, “Белорусьпен” өзеннің құлама жарына шыққанда апатқа ұшырап, қайтыс болады.

“Жалын” альманағындағы тағы бір повесть — Серік Асылбековтың “Жез киік” повесі (Жалын. 1979. №5. 18-б.). Повесть кейіпкері Қанаттың ой-арманы көркем суреттелген. “Қаланың оқуы сапалы дегенді осы үлкендер қайдан шығарып алған. Ауыл

мектептерінде де оқу бітірген апайлар мен ағайлар сабақ бермей ме? Осы үлкендер айтқандарынан қайтпайды. Бір мезгіл бізді де тыңдап көрмей ме екен? деп қынжылады.

“Жалын” альманағының бесінші санындағы Айгүл Кемелбаеваның “Жетінші құрлыққа саяхат” повесіндегі “Жетінші құрлық” — балалар әлемі (Жалын. 1979. №5. 55-б.). “Ленин атындағы балалар мен жасөспірімдер бағын” өз қолдарымен отырғызып, мәпелеп күткен мектеп оқушылары Дина, Айпара, Сәния, Витя, Әділ, Елдар және тағы басқалардың достығы, бітім-болмыстары табиғи бейнеленеді. Жасөспірімділік кезең — баланың өзгеге ұқсағысы келмейтін, өзінше ерекшелікке барынша ұмтылатын кезең. Повестегі үлкендердің көзінен тасалау, балалықтың өз заңдылықтарымен өтіп жатқан өмірдің өзіндік ащы-тұщысы аз емес. Шығармада бүгінгі мектеп өмірі, бала тәрбиесіндегі кемшіліктер жақсы көрсетілген.

70–80-жылдардағы қазақ прозасы қоғамның дамуы туралы концепциялардағы өзгерістер мен үйлеспеушіліктерді бейнелеп, адамның рухани дүниесі мен жалпы тарихи тәрбие шыңырауында жатқан терең, қазыналы байлықтарды игеруге ден қойғаны белгілі. Бұл жылдар негізінен тоқырау жылдары деп аталады. Нақ сол кезде Әбіш Кекілбаев пен Мұхтар Мағауиндер республика өмірінде орын алған көлеңкелі жайттар мен тенденциялардың өресі аласа, өрісі тарлығын дәлелдей алды. Мұхтар Мағауин сол жылдарының өзінде-ақ “Аласапыран” повесінде (Жалын. 1979. №7-8. 36-б.) қазақ пен орыс арасындағы қилы-қилы қатынастарды суреттеп, күрделі түйіндерді аша білген. Ол тарихи оқиғаларға өзінің бүгінгі күн жөніндегі ой-пікірін айту үшін барды.

70-80 жылдары “Жалын” альманахында жарық көрген Әбіш Кекілбаев, Тахауи Ахтанов, Сайын Мұратбеков, М.Мағауин, Оралхан Бөкеев, С.Санбаев және де тағы басқалар сияқты қазақ прозасы өкілдері ішкі, рухани еркіндікті, дербестікті сақтай отырып, болмыстың объективті картинасын жасауға қаншалықты қабілетті екендіктерін көрсетті.

Әрине, тоқырау жылдары тұсындағы бүкіл қазақ әдебиетінің төрт құбыласы түгенделіп тұрды деу қиын. Кейбір жазушылар осы жылдарда “Уақыт талабына бейімделіп”, “жоғарыдағыларға” ұнайтын жайыттарды жырлауға, кестелеуге күш салды. Сол сияқты, жоғарыдан келген ұрандар мен “тілек-талаптарды, нұсқауды” орындауға барынша ұмтылғандар да ұшырасқанын жасырудың реті жоқ. “Жалын” альманағы арқылы оқырман сүйіспеншіліге бөлене түскен С.Мұратбеков, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Ж.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, С.Бердікүлов, Қ.Ысқақов, Ә.Кекілбаев, Ә.Тарази, Қ.Найманбаев, О.Сәрсенбаев, сияқты ақын-жазушылар қазіргі кезде қазақ әдебиетінің мақтанышына айналды.

1979-1989 жылдар аралығында болған үлкен өзгерістердің бірі — “Жалын” журналына айналуы. Содан бері “Жалын” журналы жастар творчествосына деген қамқорлықты барған сайын күшейтіп келеді. Қазір есімдері белгілі болып қалған ақын-жазушыларымыздың дені өз творчестволарын “Жалыннан” бастағандар. Әрине, олардың барлығының творчествосы туралы кесімді баға беру оңай емес. Әйткенмен жастар талабы, өзіндік мәнер-машығы алысқа ұзай шабар хас тұлпардың сипатын аңғартқандай. Бұл ретте қазақ әдебиетіне “Жалын” журналы арқылы келген Т.Нұрмағанбетов, Б.Нұржекеев, Т.Әбдіков, Б.Қойшыбаев, М.Қабанбаев, М.Байғұтов тәрізді прозашыларды атауға болады. “Жалын” журналы арқылы поэзия саласында көрінген Ж.Әбдірашев, К.Ахметова, Ұ.Есдәулетов, И.Исаев, сияқты ақындар бұл күнде қазақ поэзиясының ірі тұлғалары.

“Жалын” журналының 1988 жылғы саны “Дөңгелек столмен” (Жалын. 1988. №1-2. 5-6.) ашылған. Бұл “дөңгелек столдың” негізгі тақырыбы — “Қуатты республиканың қадамы неге тұсалады немесе шаруашылық есеп: бүгін мен ертеңі”. Бұл “дөңгелек столға” Сағындық Сатыбалдин, Көпжасар Нәрібаев, Қаршығабек Төлегенов, Әзімбай Ғалиевтер шақырылыпты. “Дөңгелек стол” басындағылар негізінен республикалық өндірістік дамуының қырларын талдай келіп, әр түрлі ұсыныстар айтқан.

Мысалы: Көпжасар Нәрібаев: “Міне, қараңыз біз жыл сайын 140 миллион тоннадан астам көмір, 24 миллион тоннадан астам темір рудасын береміз, ал осы шикізаттардың біз сататын бағасы дүниежүзілік бағадан төмен. Мұнайдың әр тоннасын 34 сомнан сатамыз. Ал оны өндіруге жұсалатын шығын қанша, сіңірілетін еңбек қаншама десеңші. Екібастұз көмірінің бір тоннасы бар болғаны 2 сом 70 тиын. Жалпы бізге мұнай да көмір де көп пайда бермейді. Бұл республикалар арнасындағы сату және сатып алу жүйесінің сәйкессіздігінен, өнімге бағаның дұрыс қойылмауы салдарынан туындап отырған мәселе” — деп атап көрсетеді. Ал социолог Ә. Ғалиев: “Біздің республика үшін Жеңіл және Тамақ өнеркәсіптерін жедел дамыту тиімді. Сол сияқты құрылыс материалдарын және шикізат өндіретін жергілікті өндірістерді молайтудың пайдасы зор болмақ” — дейді, өз ойын қорытындылай отырып.

Осыдан көріп отырғанымыздай “Жалын” журналы тек әдебиет саласы туралы ғана емес, еліміздің өндірістегі жағдайын, еңбек пен табиғат ресурстарын, өндіріс потенциялы мен тапқан қаржыны пайдалану жөніндегі болып жатқан айтысы мен тартысы көп мәселелерді де өз назарынан тыс қалдырмай, әлсін-әлсін сөз етіп отыратынын дәлелдей түседі.

Белгілі демограф Мақаш Тәтімөв бұркеулі, көмескі, көлеңкелі жайларға үңіліп, қалтарысы мол сырлардың бетін ашуға барынша тырысып жүр. (Жалын. 1986. №3-4. 12-б). Сөздің жүйесін көбіне нақты фактіге тіреп, соны байыппен ғылыми тұжырымдауға әуес Мақаш Тәтімөв: сонау 1914 жылы Ахмет Байтұрсыновтың “Алхамдулла, алты миллионбыз” атты жалпақ жалғанға жар салып жазған мақаласына жан жүрегі шымырланғандай бір түрлі толқи тоқталады. Сонан соң 1939 жылғы санақта жаңағы алты миллион халық құлдырап отырып, 2,5 миллионға бір-ақ түскенін жазады. Қанша дегенмен де орны толмас ойсыраған олықлық жаныңды жегідей жейтін жайсыз сезімдерден арыла алмайды. “Құдай-ау, сонда біздің халқымыз 30 миллионға жетіп қалады екен-ау”, — деп еріксіз ойлантады. Дүниедегі құлдық атаулының ең сорақысы — рухани құлдық. Ерте



дәуірдегі арабтың, орта ғасырдағы моңғол, бертіндегі Ресей шапқыншылықтары халқымыздың басына екі талай күн туғызып қана қоймай, жазу-сызуынан, мәдени ескерткіштерінен түгелдей айырылтып, сан ғасырлық тарихын ұмыттырып жібергенге дейін қорлады. Демограф халық өсімі турасына ойысып, ғылыми тұжырымдарын философиялық категорияларға салынбастан қазақшалай, кәдімгідей қарапайым түсіндіреді.

“Жалын” журналында тұщымды мақалалары мен жарияланған шығармалары жиі-жиі Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Оразбек Сәрсенбаев, Қалиқан Ысқақов, Зейнолла Серікқалиев, Рымғали Нұрғалиев, әдебиеттану ісінің белгілері дәрежесіне көтерілді. Бек Тоғысбаевтар – қазақ әдебиетінің қуатты күшіне айналған қаламгерлер болды.

Бұлардың ішінде әдебиеттану ғылымы мен сынының бұйдасын қосқабат ұстап, қазақ сынының айтулы өкілдері болып шыққан Зейнолла Серікқалиев пен Рымғали Нұрғалиев екен. Ысқақов пен Сүлейменов қазақ әдебиетінің ұтылған жері жоқ көрнікті өкілдері санатына қосылды. Десек те талдау мен ой толғаудың үздік үлесі болып саналатын концептуалдық сынның жаңа бір арналарына зәрулікті еске алсақ, әсіресе Кекілбаев пен Сүлейменовтің әдеби көркем сынның төл әдебиетіміз үшін өзгеше бір соқпағын, соны бір лебін байқатқан, замандастарының творчествосын барлап-саралаған мақалаларының орны бөлек. Ал Сүлейменовтің “Жалын” журналында жарияланған “Түр туралы бірер сөз”, “Елең-алаңдағы дүбір”, “Арын”, “Айқын қайсарлығы”, “Тәкеннің шаңқан боздары”, “Жас прозаиктер мен жастар образы” және тағы да басқа бірталай мақалалары, Мұхтар Әуезов туралы “Болмыспен бетпе-бет”, Ғабит Мүсірепов туралы “Өлшеніп өнер тартылса”, тағы да басқа эссе-портреттер журнал оқырмандарының игілігіне айналды.

“Жалын” журналына қалам тартқандардың ішінде алабөтен көзге түсіп, өз мақалаларымен сын парасатын көрсету жолында тер төккен Сағат Әшімбаев екенін атап айтуға болады. Оның Абай творчествосының тағылымын зерделеген, Ғабит

Мүсірепов сынды сөз зергерінің шығармашылық-адамдық тұлғасына үңілетін әдеби процестің әр алуан қырларын қарастыратын мақалалары қазақ сынының интеллектуалдық талдау өрісінің өскенін, философиялық социологиялық талдау мен толғаудың табиғи бірлігімен жарасымын танытатын шығармалар (Жалын. 1988. №1-2. 15-б.).

Бақытжан Майтанов, Бақыт Кәрібаева, Бекен Ыбырайымов, Асақар Егеубаев, Сайлау Жұмабеков, Жаңғара Дәдебаев, Тұрсын Сыдықов, Тұрлыбек Мәмесейтов, Құлбек Ергөбеков сияқты буынның “Жалын” журналында жарияланған мақала, рецензия, портрет, сұхбаттары, талғам-таным жоғарлығын әдеби процесті біртұтас құрастыруға бой ұратындығын, алдыңғы аға буындардан тағылым ала отырып, өз өрістерін іздейтіндерін байқатады.

Әбсаттар Дербісалиевтің “Жақсы дәстүр жалғасын тапса” деген мақаласы да ерекше көзге көрінеді (Жалын. 1990. №2. 56-б.). Бұл мақалада қазақ — араб мәдени байланысының кешегісі мен бүгінгісі, шет елдегі қазақ әдебиеті, шет елдік қазақ жастары және Қазақстан, қазақ дипломатиялық кадрларының проблемалары, шығыс тілдерін оқыту мәселелері кең қамтылыпты. Бұл мақала “Жалын” журналының “Достық аясында” деген айдарымен берілген. Сан ғасыр ауыс-түйіс жасап, жақсы дәстүрді жалғастырып келе жатқан жұрттың бірі — Таяу және Орта Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдері. Осы тарихи-мәдениеті мәнді іргелі араб елдерімен қатынасымыздың енді-енді жаңа мазмұнға енуі біздің елімізде олардың тарихы мен этнографиясы, әдебиеті мен мәдениетіне деген қызығушылықты арттыра түсуде. Соның дәлелі — Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде араб, парсы, урду, қытай тілі мен тарихынан мамандар даярлайтын Шығыстану факультетінің жұмыс істеп отырғандығы. Араб елдеріне деген қызығушылық, білуге деген ықылас бір жыл ішінде пайда бола салған жай емес. Араб елдерімен әдеби, мәдени байланысымыздың тамыры тереңде.

“Жалын” журналында өз шығармаларын үзбей жариялап келе жатқан белсенді де ерекше талантты

авторларының бірі — Молдахмет Қаназов. “Жалын” журналында “Арна”, “Құм қойнау” повестері жарияланды (Жалын. 1991. №1-2. 24-б.).

Журналдың “Поэзия” айдарымен Қадыр Мырза - Әлидің “Қазақтар” кітабынан бір топ өлеңдері жарияланған. Қазақ поэзиясындағы ойлы — философиялық үрдісін жан-жақты дамытып, өзгеше бір мектепке айналдырған талантты ақын, көрнекті қоғам қайраткері бүгінде қазақ поэзиясының күш бастаушыларының бірегейіне айналған Қадыр Мырза-Әлидің есімін “Әліппенің” бетін ашқан жас бүлдіршіннен бастап ақ сақалды қарияларымызға дейін жақсы біледі. Оның қаламынан туған елуге жуық кітаптардың ішінде “Жаңалықтар”, “Кішкене Қожанасырлар”, “Ноян-Қоян”, “Алуан Палуан”, “Күміс қоңырау” сияқты қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына қосылған дүниелер бір төбе болса, “Ой орманы”, “Бұлбұл бағы”, “Домбыра” сияқты жауһар жыр жинақтары өз алдына бір бөлек әлем. Қадыр ақын аударма саласында да өнімді еңбек етті. Руми, В.Гюго, Е.Есенин, Г.Гейне сияқты әр елдің танымал ақындарының жыр мұраларын қазақ оқырмандары Қадыр Мырзалиев аудармалары арқылы танып білді. Сондай-ақ, ақынның өз туындылары да орыс, қазақ, өзбек тілдерінде жарық көрген. “Жалын” журналында ақынның “Күнделік”, “Ұлытау қоры”, “Ақсақ Темір”, “Өкініш” сияқты бірнеше өлеңдері жарық көріпті.

“Жалын” журналының 1994 жылғы ерекшеліктерінің бірі — “Қазақ кәсіпкерлері” деген айдардың ашылуы. Осы айдарда “Қазақстан — коммерция” ассоциациясының басқарушысы Жауғашты Нәбиевпен сұхбат беріліпті. Сұхбат авторы Оңайгүл Ізтүрғанқызы Жауғашты Нәбиевтің іскерлік бейнесін толық ашып көрсете отырып, Қазақстандағы өндіріс, өнеркәсіп жағдайларын жақсы суреттепті (Жалын. 1994. №7-8. 45-б.).

Сонымен бірге “Поэзия” айдарымен “Халық ақындарының толғауларынан” деген ортақ атпен Асан қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетай, Бұхар, Жанақ, Махамбет және Дулат сияқты халқымыздың біртуар

жырау-ақындарының бірнеше толғаулары беріліпті (Жалын. 1995. №1-2. 5-б.).

Ал, “Алдыңғы толқын ағалар” айдарымен Мырзабек Дүйсеновтің “Кездесулер” атты күнделік-жазбалары жарияланыпты (Жалын. 1994. №1-2. 39-6). Күнделік жазуда стандарт жоқ. Әркім өз білгенінше, өз қалауынша жаза береді. Көпшілік оны кейін баспадан шығарамын деп емес, өзі үшін ғана жазады. Қойын дәптері бейне бір сырласы сияқты, бар көңіл-күйін жасырмай соның бетіне түсіреді. Сондықтан да мұны көңіл айнасы десе де болады және өз жанынан ештеңе қоспай болған жайтты хатқа түсіру күнделіктің басты шарты. Мырзабек Дүйсеновтің “Кездесулері” 1946 жылдан басталып, 1987 жылмен аяқталыпты. Өзінің “Кездесулерінде” қазақ әдебиеті, мәдениеті мен ғылымның іргетасын қалаушылармен қалай кездесіп, олардан дәріс алғанын, біразымен қызметтес болғанын суреттеп жазыпты.

“Жалын” журналының 1995 жылғы 5-6 сандары түгелімен Жеңістің 50 жылдығына арналыпты. Бұл сандары “Жалын анкетасы” деген айдармен “Біз соғысты көрген жоқпыз” деген ортақ тақырыппен бір топ жас жазушы-журналистердің жауаптарын берген (Жалын. 1995. №5-6. 3-6.).

“Алдыңғы толқын ағалар” айдарымен Бауыржан Момышұлының “Майдан дәптерінен” атты еңбегі беріліпті. Ел тағдырына, болашағына қатысты үлкенді-кішілі қыруар мәселелер түйіні көп жайда бір басшының ұйғарымен тұйықтала бермейтіні анық. Ешқашан ел тағдырын бір адам шешпейді. Ел басшысының өзінен гөрі оның айналасындағы көп нәрсенің пішуін пішіп, кесуін кесіп, не бір ұсыныстарды жарты жолда көміп жататын кездері немесе керісінше күрнеуі қиын істердің оң шешімін тауып, нақты ұсыныс жасап, мемлекеттік мәні зор шаруалардың кең ара тауып, халықтың көкейіндегісін тап басып жататын сәттері де аз емес. Өмір мен өлім бетпе-бет шарпысқан сұрапыл соғыс жылдарында туған халқын жауынгерлік даңққа бөлеген батыр Бауыржан Момышұлы сонымен бірге әскери мәселелер мен ұсыныстар білдірген ойшыл қайраткер де болған. Сондықтан Бауыржан Момышұлы-

ның “Ескерткіш мағлұмдама” (Жалын. 1995. №5-6. 79-б.), “Әскери тәрбие жайында жазбалар” (Жалын. 1995. №5-6. 82-б.) атты бірнеше деректі жазбалардың “Жалын” бетінен көрінуі өткеннен үйрену, тәлім алудың қашанда өркенді арнаға түсудің кепілі екенін дәлелдей түседі.

1997 жылы “Жалын” журналында “Наз қоңыр – “Жалынның” көңіл ашар отауы” деген жаңа айдар ашылып, 1-2-сандарында “Өнер базарының еркелері: былтыр және биыл” деген мақала жарияланыпты. Бұл мақалада өнер жолының сатысымен талмай алға ұмтылған талант иелерінің шығармашылық жолындағы жаңалықтармен таныстырып өткен. Бұл мақалада Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Мадина Ералиева, Бауыржан Ибрагимовтар туралы сөз болған.

1997 жылғы “Жалын” журналында Мұрат Аджидің “Дешті Қыпшақ даласының жусаны” атты тарихи эссесі бірнеше сандарына бөлініп жазылған (Жалын. 1997. №1-2, 3-4, 7-8). Мұрат Аджи — Қыпшақтар, Солтүстік Кавказ халықтары мен қазақтар тарихын зерттеуші белгілі Ресейлік ғалым. Оның “Дешті Қыпшақ даласының жусаны” атты кітабының жарық көруі Ресейлік тарихшылар арнасында пікірталас туғызды. “Ащы да болса, шынайы тарих қана халықтарды бір-біріне деген өгейліктен арылтып, риясыз достыққа үндей алады” дейді М.Аджи. Егер ежелгі Грецияның, ежелгі Римнің, Египеттің тарихын әлем танып отырса, ұлан-байтақ Евразия құрылығындағы халықтардың отаны — ежелгі Дешті Қыпшақ тарихы да жазылуға тиіс. Ғалымның бұл еңбегі тарихқа көзқарасты түбегейлі, дәлелді түрде өзгертетін өте құнды дүние.

Журналдың 3-4-санында Мұхаметжан Тынышбаевтың “Материалы к истории киргиз-казахского народа” деген еңбегі орыс тілінде жарияланыпты (Жалын. 1997. №3-4. 40-б.). Қазақ тегін, шежіресін жазуда осы күнге дейін М.Тынышбаевтан асқан тарихшы жоқ. Ғалымның асқан білімдарлығы, тереңдегі, айтарын “жүзойланып, онтолғанып” барып айтатын кемеңгерлігі бүгінгі тарихшыларға үлкен сабақ. Сондықтан да тарихшы М.Тынышбаевтың ғылыми еңбектерінің маңызы өте зор.

“Жалын” журналы тек қана әдебиет саласындағы мәселелерді ғана емес, өмірдегі болып жатқан әр түрлі оқиғалар мен болмыстарға да үнемі назар аударып отырады. Соған бір мысал 1998 жылдың нөмірі 9-10-сандарында журналист Тохтархан Шәріпжановтың “Нефть — как катализатор военных конфликтов” деген дүниесі жарық көрген (Жалын. 1997. №9-10. 72-б.). Бұл мақаласында автор әлемдегі болған, болып жатқан әр түрлі шиеленістердің негізгі түп — тамыры мұнай деген пікірді дәлелдеп шыққан...

Бірақ қазақ оқырманына арналған журналдың екі санына 72-беттік материалды басу ағаттық болған. Тынышбаевтың орысша жазылған шығармасы мен Шәріпжанов деген көзі тірі автордың мұнай мәселесіне арналған саяси мақаласын жариялау тапқырлық дей алмаймыз. Көзі қарақты оқырман мұндай мақаланы кез-келген басылымнан тауып оқитынына шүбә жоқ. Ендеше журнал қызметкерлерінің бұл “жаңалығын” құптай алмайтынымызды жасырғымыз жоқ. Журнал басшылығы бұл жерде негізгі принциптен тайған. Әйтпесе қай орыс басылымынан 72-беттік материалдың қазақ тілінде басылғанын көрдіңіздер?! Олар мұндайға жол бермейді!

## 5. “Арай” журналы

Баспасөз қашанда халықтың “көрер көзі, естір құлағы, айтар сөзі”. Ал дәл осындай баға беріліп отырған бұқаралық ақпарат құралдарының елдің көңілінен шықпауы, оның өмірінің ұзақ болмайтынының себебі, қандай басылым болмасын өз оқырманын қалыптастыруға міндетті. Көпшілік қуаттамаса, ол өлі дүние. Шынында да, ешкім оқымайтын, оқығаны халық көңілінен шықпайтын газет-журналдардың құны қашанда төмен емес пе?

Керісінше, оқырманының ойындағысын дәл тауып, сыр пернесін тап баса білетін басылымдарға қызығушылар, қуаттаушылар көп.

Міне, осындай басылымдардың бірі, — “Арай” журналы. 1997 жылы өзінің 10 жылдығын тойлайды. Енді журнал тарихына біраз шолу жасап көрелік.

1987 жылы Колбиннің кезінде жастардың үнін жақтап, олармен бір болатын басылым керектігі сөз болады. Сонымен 1987 жылдың ақпан айында журнал шығаруға рұқсат алынады.

Сол жылдың маусым айынан бастап, екі тілде “Арай” және “Заря” журналдары шыға бастайды. Журналдың алғашқы редакторы Әшірбек Көпішев болды. Алғашқы сандарынан кейін-ақ журнал көпшілік көңілінен шығып, оны іздеушілер саны арта береді. Нәтижесінде журналдың тиражы 34000-ға жетеді. “Арай” санының көп өсуіне 1986 жылғы оқиғадан кейін бой көтерген жариялылықтың алғашқы нышандары ерекше әсер етсе керек. Әсіресе, жастар жайында көп жазылатындықтан, жас оқырмандардан сұраныс тым мол болады.

Оның үстіне, шындықты бұлжытпай жазуды журнал қызметкерлері басты мақсат деп, негізгі бағыт қып ұстаған. Тағы бір ерекшелік — ақпараттың молдығы. Ақпарат көп болған соң, оқырманға да ой салатын нәрсе көбейеді емес пе? “1001 пікір” ашық әңгіме алаңы”, “Қызға қырық үйден тыйым”, “Ақ шымылдық”, “Дәстүр”, “Айналайын” айдарлары “Арайдың” әр санында беріліп тұрған.

Әр айдарға қызықты хаттар көп келіп, олар жарияланып тұрды. Әсіресе, “Айналайын” — 14 пен 16 жастың арасындағылардың айдары үлкен ықыласқа ие болды. Редакция қызметкерлері жауап жазып үлгере алмастай болды. Мұны тіпті жастардың кішкентай сырласу отауы десе де болғандай. Журнал қызметкерлерінің ақыл-кеңестері, оқырман сұрақтарына жауаптары дәйекті беріліп тұрады. Сондай-ақ демограф Мақаш Тәтімовтің “Тесік моншақ жерде қалмасын десек...” деген мақаласы халық арасында үлкен пікірталас тудырды. М.Тәтімовтің “отырған қыздар екінші әйел болуға келісім берсе, қазақтың саны анағұрлым өсер еді” деген пікіріне “жөн екен” деп жақтаушылар да, “көп әйел алып көбейгенше, бір әйелмен бірлікте өмір сүрген артық” немесе “екінші әйел болуға

1 “Арай” журналы. 1992 жыл, №4-6.

2 “Арай” журналы. 1993 жыл, №1.

3 “Арай” журналы. 1994 жыл, №2.

4 “Арай” журналы. 1990 жыл, №7.

ешқашанда көнбеймін” деп қарсыласушылар да табылды. Осы тоқтаусыз ағылған хаттар журналдың әр санында беріліп тұрды.

“Арайдың” бетінен түрлі тақырыпқа жазылған тыңғылықты материалдарды жиі кездестіруге болады. Оның жекешелендіру, тіл, дін, ұрпақ тәрбиесі, жастар проблемасы, заң, тарих жазбалары кімнің болсын көңілінен шығары сөзсіз. Оған мысал Ш.Құрақбаевтың “Ебін тапқан екі асар”, Ш.Диханбаевтың “Аралдың атын жамылған”, Б.Әлімбаевтің “Ауыл апатқа ұрынды”, В.Воровтың “Халық қалтасына қол салма!”, Ж.Сүлеевтің “Тура сөйле! Туғаның ұқсын...” деген мақалалары.

1994 жылдан бастап заман ағымына байланысты журнал да көп қиыншылықты басынан кешірді. Қаржының жоқтығы, журналды шығарудың қымбаттауы “Арайға” үлкен соққы болды. Соның салдарынан журналдың орысша бөлімі — “Заря” 1994 жылдан бастап тоқтап қалды.

Журналдың жабылып қалмауына әсіресе, редакцияның қызметкерлері көп еңбек сіңірді. Журналдың тек 4-5 саны ғана жарық көрді. Бұл кезде журнал бағыты өзгермеді. Тек экономика, саясат мәселесіне көп көңіл бөлінді. Ө.Жәнібековтің “Мені неден қорқады деп ойлайсың?”, А.Тәжуітовтің “XXI ғасыр қарсаңындағы доминанталар”, С.Әбдилдиннің “Қол қусырып отыра алмадым”, О.Сапарбекұлының “Несие”, “Алмақтың да салмағы бар...” деген мақалалары сөзіміздің дәлелі.

1995 жылдың сәуірінен бастап журнал редакторы Асқанбай Ерғожаев болды.

Редакцияға хат жиі келеді. Бұл халық “Арайға” сенеді деген сөз. Бұл — халық пен журнал арасында үлкен байланыс бар деген сөз. Көптеген сырға толы саналуан хаттар редакцияда жамырай тоғысып, жағалай сыр шертісіп жатқанда, ешқандай адам “Арай” журналының қазіргі халін мүшкіл қазіргі халі нашар деп айтпаған болар еді.

“Айналайын”, “Ақшымылдық” айдарымен берілетін хаттар легі көпшілікті қатты қызықтыратын болса керек. Бұл айдардың мақсаты: оқырманмен ой бөлісу, пікірталас туғызу әрі көңілде түйткілі бар адамдарға көмек беру, демеу. Егер “Арайды”



үзбей оқып жүрген көзі қарақты оқырман болса, онда жаңа редактормен бірге журнал бетінде “Үлпершек” деген айдардың пайда болғанын байқайтыны анық. “Үлпершек” қайдан шыққан? Оның түп мағынасы мынада: қазақта үлпершек деген ас бар. Оны мал сойған соң қалған тәтті-дәмді еттерді кішкентай қарынға түйреу арқылы жасайды. Қазақтың әдемі қыз көрсе “Үлпершектей көркем қыз екен” дейтініндей, бұл айдардың да жаңадан шыққанымен өз құндылығы бар. Осы айдар арқылы қалың қауым дүние жүзіндегі “ең, ең, ең... табиғат тамашаларымен” таныса алады.

Сондай-ақ, журнал қазір дін мәселесіне баса назар аударып отыр.

Редакция ұжымы тілді дінмен байланыстыра отырып жазады. Мысалы, журналдың 1997 жылғы екінші санында: “Республика алаңы... ойланып тұрған сәби, тұлғаланған биік тәуелсіздік монументі... Ал басына... әттең! Тілім тұғырына қашан көтерілер екен!..” деген жазу тұр. Осынысымен журнал жоғарыдағы бір ауыз сөзді ойнатып қолданып, бүкіл елді ойлантып отыр.

Басылымда осының жалғасы іспеттес Талғат Айтбайұлының “Тіл тағдыры тартысқа түскенде” деген мақаласы жарияланған. Онда: “Қазақ тілінің жаулары жетеді. Ол жаулар өздерін зиялымыз деп жүргендер. Мүмкін, шотқа салғандай санап шығуға болар. Өйткені, олар миллиондар емес! Олар — орайлы сәтті оңтайлы пайдаланып, қарақан басының қамын қасиетті қазақ тілінен қастерлі көрген қауым ғана”, — дейді автор. Осы аз сөздің өзі журнал жазған толғаныстарының бәрінің түйіні болса керек.





## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### Егемен елдің еркін баспасөзі

#### *БІРІНШІ ТАРАУ*

#### *Қайта құрудан өтпелі кезеңге дейінгі*

#### *аралықтағы қазақ баспасөзі*

#### *(1985-1991 жылдар)*

### 1. Бұқаралық ақпарат құралдарының қайта құрылуы

КОКП XXVII съезінен соң Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары партия бағытының мемлекеттігі қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа салаларды қайта құру жұмысына белсене қатысты.

Қайта құру кезеңінде халықтың мүддесі мен тілегіне қажетті әрі оқырмандарын қызықтыратын көптеген материалдар республикалық “Социалистік Қазақстан”, “Лениншіл жас”, облыстық “Орталық Қазақстан”, “Ақ жол”, “Жетісу”, “Оңтүстік Қазақстан” газеттерінде молынан басылды. Бұл басылымдарда көкейкесті тақырыптарды қозғап, жұрттың көкейінде жүрген ой-пікірлер ашық жарияланды. Тұрғын пәтерлер бөлу, азық-түлік мәселелерін көтеріп, пара алушылық пен тамыр-таныстық сияқты әрекеттерге жол бермеу проблемалары қозғалды. Осы кезеңде газет беттерінде жаңа айдарлардың пайда болуы назар аудартады. Ол айдарлар: “Партия комитеті және қайта құру”, “Қайта құру және біз”, “Депутат және өмір”, “Еңбек эстафетасын жалғастыра берейік” және т.б. деп аталады.

КОКП Орталық Комитеті 1987 жылдың қаңтар және қазан Пленумдарының шешімдері бойынша

Қазан төңкерісінің 70 жылдығына жан-жақты дайындық жұмыстарын жүргізу туралы қаулы қабылдаған болатын. Бұл істі жүзеге асырып, халыққа жеткізу сол тұста республика журналистерінің басты міндетіне айналды.

Сонымен қатар газет беттерінде халықтардың тарихи түп-тамыр достығы, мектептердегі тіл үйрету, отбасылырдың әр түрлі тағдыры жайлы очерктер беріліп отырды. Сондай-ақ, республика көлемінде журналист кадрларының сапасын жақсартуға бағыт-талған көптеген игі жұмыстар жасалды.

1988 жылғы есеп бойынша Қазақстан көлемінде 500 республикалық, республика аралық, облыстық, қалалық, аудандық және көп тиражды газеттер, жиырма миллион данамен журналдар және журнал тектес басылымдар шығып тұрды.

Енді, 1988-1991 жылдар аралығында аталған газет-журналдардың қатарына тағы да қазақ тілінде шығатын бірнеше жаңа басылымдар келіп қосылды. Оларға жеке-жеке тоқталып өтетін болсақ, оның алғашқысы — “Алматы ақшамы” газеті.

Бұл газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шыға бастады. Ол Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитеті мен Халық депутаттары қалалық кеңесінің газеті болып есептелді. Тиражы — 36000. Бөлімдері: партия тұрмысы және коммунистік тәрбие, кеңестер және әлеуметтік мәселелер, спорт хабарлары, әскери-патриоттық тәрбие және жедел хабар, экономика және социалистік жарыс, хаттарды тіркеу. Негізгі айдарлары: “Елімізде”, “Жаңалықтар”, “Шетел телетайпынан”, “Партия тұрмысы”, “Кеңестер және қайта құру”, “Қайта құру және біз”, “Театр, кино, жарнама” деп аталады.

Мәселен, “Баспасөз баршаға” айдарымен бұл газет өз оқырмандарын болып жатқан оқиғаларға көзқарастарын, оқырмандар мен баспасөз арасындағы қарым-қатынастарын, байланыстарын үнемі қадағалап, жазып отыруды дәстүрге айналдырған.

Сондай-ақ, “Алматы ақшамында” КОКП Орталық Комитеті Пленумдары мен съездерінің қаулы-қарарлары, сөйлеген сөздердің мәтіндері, т.б көптеген материалдар жарияланды.

Бұдан басқа астана кәсіпорындарының жұмыстарына шолу, белсенді, белгілі адамдардан фотосуреттері беріліп отырды. Ал газеттің соңғы беттері?! Көбіне мәдени жаңалықтармен қатар әңгіме, өлең, дастандарды қамтитын әдебиет мәселелері үшін сақталатын.

Келесі басылым “Өркен” деп аталды. Ол кезінде сенбі күндері шығып тұратын апталық газет болды. 1988 жылдың қаңтар айынан бастап шыққан. Құрылтайшылары: баспасөз министрлігі мен редакция ұжымы. А3 форматымен 12 бет көлемінде. Екі тілде (Орысшасы “Горизонт”).

Алғашқыда бұл студенттердің газеті ретінде шығарылды. Көп ұзамай-ақ газет жастардың іздеп оқитын қызықты да жанашыр басылымына айналды. Әдепкі сандарынан бастап-ақ “Өркен” батылдығымен, көтерген мәселелерінің тереңдігімен, принципшілдігімен ауызға ілікті. Бұл оның редакция ұжымының ізденімпаздығы мен алғырлығының арқасында жүзеге асты. “Әлеуметтік көзқарас”, “Студент және нарықтық экономика”, “Демократия тағылымдары”, “Музыкалық коллаж” сияқты айдарлары болған. Кейде “Оқырмандар “Өркен” жайында” деген айдармен де материалдар беріліп тұрған. Бұлардың көпшілігі ұлттық дәстүр, мәдениет, тіл проблемаларына арналған.

1989 жылдың мамыр айында Қазақстан кәсіподақтарының “Әділет” деп аталатын апталық газеті жарық көрді. Бұл басылым қазақ және орыс тілдерінде шығатын. Тиражы — 14342 дана. Газеттің басты міндеті — ақпарат, жаңалықтарды тарату. Дәлірек айтсақ, “Әділет” өз оқырмандарын кәсіподақ өмірімен, олардың жұмыс бағдарламаларымен, жоғарғы кеңес жаңалықтарымен жақынырақ таныстыруға тырысады. Айдарлары: “Нарық және халық”, “Кәсіподақ — еңбек қорғау”, “Ресми ақпарат”, “Болашақ маман үшін”, “Үндемеуге қақым жоқ”, “Шетелдік әріптестер тәжірибесінен” деп аталады. Жарнама басылымның соңғы бетінде беріледі.

1990 жылдың 22 наурызынан жарық көре бастаған үшінші бір басылым — “Ана тілі” газеті. Құрылтайшысы: “Қазақ тілі” қоғамы мен “Қазақстан” баспасы болды. Газет 16 бет көлеммен

аптасына бір рет шығады. Бұл біздің егеменді еліміздің тарихында қазақ тілін Қазақстан территориясын мекендейтін барлық халық өкілдеріне бірдей оқыту проблемасын алғаш көтерген және ұлттық әдет-ғұрып, дәстүр, тарихтың “ақтаңдақтары” жайлы мазмұнды да салиқалы материалдар жариялайтын бірден-бір басылым болып саналады. Тек, қазақ тілінде ғана шығатын “Ана тілінің” жиырма шақты айдарлары бар. Оның кейбіреулері “Жергілікті ұйымдарда”, “Құбыламызды түгендейік”, “Серке сөз”, “Тәржімелік тәжірибелер”, “Білгенге маржан”, “Толғауы тоқсан туған тіл” деп аталады. P.S./ кітап жарнамасына арналған арнайы айдарлары бар. Бас редакторы журналист — Жарылқап Бейсенбайұлы.

Әр проблемаға өз көзқарасы, өз пікірі бар газет қазақ қауымының асыға күтіп, құмарта оқитын басылымдарының біріне айналды.

Келесі бір осындай басылым “Халық кеңесі” деп аталады. Бұл газет 1990 жылдың 24 сәуірінен бастап шықты. Құрылтайшысы: Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы болған. Оның алғашқы редакторы Сарбас Ақтаев кезінде: “Біз бұл газетті Жоғарғы Кеңес пен шеткі аудандардағы депутаттардың... өз ойын ашық айта алатын мінбесіне айналдыруды көздейміз”, — деп жазған болатын.

Расында да, осыған орай қайта құру кезінде “Халық кеңесінің” бетінде белгілі публицистер мен депутаттардың, ақын-жазушылар мен қарапайым еңбек адамдарының ой-пікірлері, көзқарастары көп жарияланған.

Сондай-ақ, бұл газетте Республикамыздағы саяси жаңалықтармен қатар шетел өмірінен де хабарлар жиі көрініс табады. Оқырмандар аудиториясы өте кең. Қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет шығарылды.

1991 жылдың желтоқсан айынан бастап “Азия” газеті шыға бастады. Құрылтайшылары: Министрлер кабинеті мен редакция ұжымы. Редакторы — Нұрмахан Оразбеков. “Азия” — халықаралық газет. Мұнда Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан сияқты көршілес мемлекеттердің қоғамдық-саяси өмірлерінен хабарлар

берілді. Айдарлары: “Бүгінгі күн тынысы”, “Әлем жаңалықтары”, “Пікір сайыс”, “Өлең — сөздің патшасы”, т.б. Бұл екі тілде шығарылды.

1991 жылдың 7 ақпанынан бастап, Қазақстан мұсылмандар әйелдері Одағы өздерінің “Ақ босаға” деп аталатын газетін шығара бастады. 4 бет көлемімен айына бір рет жарық көреді. Редакторы — Шолпан Ұғыбайқызы. Бұл — қазақ әйелдері мен қыз-келіншектерінің жағдайына көп көңіл бөлетін басылым.

Оның “Өз пікірім”, “Сыр сұхбат”, “Ұят та болса сұрайын”, “Әдеп пен әдет”, “Келіншектерге кеңес”, “Нарық пен халық” деген тұрақты айдарлары бар.

1991 жылы Невада-Семей антиядролық қозғалысының “Аманат” газеті жарық көрді. Бас редакторы — С.Айнақұлов. Бұл басылым Семей полигоны, оның зардаптары төңірегіндегі проблемаларды көтерді. Көлемі 8 бет. Оның “Полигон”, “Эпицентр”, “Жаралы жер”, “Редакцияға хат”, “Алтын арқау”, т.б. айдарлары болды.

Қазақстан ауылшаруашылығы министрлігінің органы “Дала дидары” газеті 1991 жылдан шығады. Апталық басылым. Бас редакторы — Бекболат Әдетов. Негізгі айдарлары: “Агроөнеркәсіп жаңа жағдайда”, “Ата дәстүр”, “Техника жөндеу”, “Бүгінгі қам — ертеңгі нан” деп аталады. Қазір бұл газеттің аты “Ауыл” деп өзгертілген.

Қайта құру жылдары газеттермен қатар жаңа журналдар да шығарылды. “Денсаулық” журналы 1990 жылы дүниеге келді. Басылымның “Қайта құру көкжиегі”, “Маманнан мағлұмат”, “Ел ішіндегі емшілер”, “Сырқаттан сауығу сырлары” сияқты айдарлары бар. Басты бөлімдері: “Әлеуметтік мәселелер”, “Емдеу-профилактика”, “Халыққа дәрігерлік қызмет көрсету”, “Ана мен бала” деп аталады. Редакторы — Молдахмет Қаназов.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы 1991 жылдан бастап шыға бастады. Қазақстан халыққа білім беру министрлігінің ай сайын шығатын ғылыми педагогикалық басылымы. Журналдың бірінші санында: “Осы басылымның мақсаты — қазақ тілі мен әдебиетінің көкейкесті проблемалары, оны оқытудың саналуан жолдарын оқырманға

ой саларлық мәні бар ғылыми, педагогикалық, методикалық мақалаларды көпшіліктің талғам-таразысына ұсыну”, — деп жазылған.

“Қазақ тілі мен әдебиетінің” негізгі тақырыптары: “Қызықты грамматика”, “Қазақ тілі орыс аудиториясында”, “Шежіре тарих”, т.б. аталады. Сондай-ақ, мұнда қызықты әңгімелер мен өлеңдер де жарияланады. Журналдың бас редакторы — ақын, баспагерлер, журналист Зернебек Шілдебаев.

## **2. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының баспасөз бетінде жазылуы**

Ең алдымен 1986 жылғы желтоқсан ақиқаты алғаш баспасөз бетінде қалай жария етіліп түсіндірілгенін еске алайық. Барлық материалдар біржақты сипатта болды. Алматыдағы оқиға туралы алғашқы мәліметті бұрынғы Кеңес Одағының телеграф агенттігі желтоқсанның 18 жұлдызында хабарлады. Жай ғана “Алматыдан хабар” деп аталған шағын материал бұған дейін баспасөз бетіне шығып көрмеген тосын оқиғаны таратқан. Оны жарыса қайталағандардың ішінде, өкінішке орай қазақ газеттері де бар болатын. Одан кейін орталық баспасөз желтоқсан оқиғаларын жіліктеп шағып, өздерінше “ақ-қарасын” ашып берген “сүбелі” материалдар ұсына бастады.

Ол басылым беттерінде негізінен Алматы көшелерінде байқалған ұлтшылдық көріністерге кінә тағу, сөгу, ал тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушыларды міндетті түрде табу, ұстау, соттау керек деген пиғылдағы ойлар ашық айтылып жатты. Ал заң жүзінде бұл міндетті сол кезде халық соттары онсыз да қамшы салдырмай орындау үстінде еді. Кезінде жазықсыз сотталып, кейіннен толық ақталған Сәбитова мен Рахметовтың, Салықова мен Қожахметовтың және басқалардың істері соның дәлелі. Айтып, айтпай не керек, сол бір қазақ жастары туғызған дүрбелеңді сын сағатта аты

<sup>1</sup> “Литературная газета”. 1987 жыл, №1.

<sup>2</sup> “Литературная газета”. 1987 жыл, №4.

шулы оқиғаны арнайы ұйымдастырушылар болды деп биік мінбелерден айтылған тұжырымдарға да кейіннен дәйек пен дәлел табылмай, ақыры ол сиырқұйымшақтанып барып басылды.

1987 жылғы қаңтардың бірінде “Литературная газетада” жарық көрген марқұм Ә.Әлімжановтың “Алматыда не болды?” деген мақаласы көңіл аударалық. Онда Кеңес баспасөзінің белсендісіне айналған автор өкінішке қарай: “Уақыты келгенде Алматыдағы оқиғаны ұйымдастырушылардың кім екенін білетін сәттің туатынына мен сенемін, шүбәсіз сенемін... Халық, мен өзінің ұлы болып саналатын халық республикада тұратын қазақтар мен басқа да халықтардың арасына баспалап келіп, сенімсіздік ұрығын сепкісі келгендердің түрін де, аты-жөнін де білуге тиіс. Біздің балаларымызды кімдердің алдағанын білетін күн де келеді. Өтірік және өсекпен, оларды студенттік жатаханалардан алып шығып, қолдарына дұшпандық, сауатсыз транспоранттар ұстатып, өздері бас сауғалап қалғандарды әлі білетін боламыз” , — деп жазды автор.

Одан кейін бұл пікірді араға екі апта салып шыққан нөміріндегі “Шындық сабақтары” атты мақаласында газеттің меншікті тілшісі А.Самойленко іліп алып, одан әрі “данышпандықпен” өрбітеді. Ол: “Көп жастар жазасын алды, комсомолдан шығарылды, заңға қарсы әрекеттері үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін істері сотта қаралатын болды. Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды іздестіруді табанды түрде жедел жүргізу керек”, — деп екпіндете отқа май құя түсті.

Шындығын айту керек, осы орталық басылымдардың беттерінде жарияланған материалдарда бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда біржақты, көлеңкелі, күйелі тұстары басым болуымен қатар, оқиғаға байыппен қарауға деген ұмтылыс, мәселенің түп-төркінін әлеуметтік жағдайлардан іздестіру-

<sup>1</sup> “Комсомольская правда”. 1987 жыл, 10 қаңтар.



ге деген талпыныс кем еді. Алайда ең басты мәселе жастардың алаңға неге шыққаны тұрғысындағы әңгімеге келгенде авторлардың барлығы да оларды біреулер айдап салды деген жалған тұжырыммен ғана шектеліп қалды.

Осындай ойдан сол кездегі комсомолдардың сүйікті органы “Комсомольская правда” да асып кете алған жоқ. Оның тілшісі А. Лапин өзінің “Ащы сабақ” деген материалында Алматыда болған желтоқсан оқиғасын былай деп айыптайды: “Біршама уақыт өтіп, ұлтшылдық пиғылдағы желтоқсан оқиғаларындағы іс-әрекеттердің себебі айқындала түскен шақта бұған не деп жауап беруге болады? Бір нәрсені сеніммен айтар едік: болған жайдың себептері ең алдымен жастар арасындағы идеологиялық жұмыстардың елеулі кемшіліктері, патриоттық-интернационалдық тәрбиенің әлсіреуінде жатыр. Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында, уақытымен оталмаса қаулап өсетін арамшөп сияқты өскен болатын.

Республикада 100-ден астам ұлт ұлыстың өкілдері тұратынына қарамастан, қазақ астанасында, қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқитындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері екендігіне назар аудармады. Жатақханада студенттердің ұлттық белгісіне қарай орналасуына ұсақ-түйек деп қарады” деп көкіді.

Бұдан біздер жастар газеті тілшісінің бар мәселені ұлтшылдыққа ойыстырып, нақты жауаптан қашқақтағанын байқаймыз. Өйткені, сол тұста партияның сенімді идеологиялық қаруына айналған бұқаралық ақпарат құралдарына “ұлтшыл” жастардың оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, астана зауыттары мен фабрикаларында ең аз ақылы жұмысқа қолдары әрең жететінін, мүмкіндіктері толық жоқтығы, пәтер зардабын шеккендер тек қазақтар екендігі, қазақ тіліндегі мектептердің, балабақшалардың жыл санап жоғалып бара жатқандығы, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты көкейкесті, күрделі мәселелердің, проблемалардың шешімін таппай келе жатқандығы жөнінде, жергі-

лікті ұлт өкілдерінің кемсітушілікке ұшырап, өзінің азаматтық құқын тіпті қорғай да алмай қалатыны жайында бір ауыз сөз айтылған жоқ.

Керісінше, қазақ жастарының мектепті қазақша бітіретіндігі, орыс тілін нашар білетіндігі негізгі күнә ретінде алға тартылды. Мәселен, орталықтан істің ақ-қарасын айыруға келген тілшіміз осыған орай комсомол қатарындағы студенттердің іс-қағаздарын қарап отырады да, өзі үшін мынадай жайды анықтап, жаңалық ашады; біріншіден, олардың басым көпшілігі республиканың оңтүстік облыстарында тұратын халық болғандықтан негізінен бірыңғай болып келетін шағын селолар мен поселкелерде тұрған. Үлкен бөлігі ұлт мектептерін қазақ тілінде бітірген. Орыс тілін нашар біледі. Оқулары да орташа. Көбі өндірісте жұмыс істемеген немесе армия қатарында қызмет атқармағандар.

Жарайды, бұл біз айтып отырған “Комсомольская правданың” тілшісі халқымыздың тілінен, тарихынан, салт-дәстүрінен, қилы-қилы тағдырынан мақрұм болсын, оның республикаға аты беріліп отырған ұлт жайында білетіні шамалы, ол сол жақтағы Мәскеу тарапынан айтылатын әміршілдік сарынға үндескен ойын білдіреді делік.

Ал, осы тұрғыдан алғанда әр нәрсеге әділ қарауға тиісті болған, қара қылды қақ жарған партияның көзі мен құлағы есептелген “Правда” газетіне, оның Қазақстандағы “интернационалисіне” не жорық? Осы басылымның тілшісі Т.Есілбаевтың бұл басылымның 1987 жылы ақпанның 11 жұлдызында жарық көрген “Мардымсудың зардабы” атты мақаласы парықсыздыққа, саны он миллионға жеткен халыққа қара күйені баттастырып жаға салған қылмысқа парапар болды. Бұл мақала сол кездегі қиыншылыққа қарамастан қазақ оқырмандарының ашу-ызасын тудырды. Себебі, сол кездегі саясатқа орай одақтық газет-журналдарда жарияланған барлық материалдар ұсақ-ірілеріне қарамастан, арнайы нұсқаулар арқылы ұлт тіліне аударылып, халыққа жеткізіліп отырды.

Сөйтіп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған желтоқсан жаңғырықтарына, олардың авторлары өз пікірлерін ешбір негізсіз, ғылыми

дәлелдерсіз жариялап жатты. Осы бір, қазақ ұлтшылдығын “дәлелдеуге”, тырнақ астынан кір іздеуде, орыс “зиялыларынан” қазақ “оқығандары” да қалыса қойған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, одақтық басылымдарда “Партия тұрмысы”, “Баспасөзге шолу” айдарымен берілген көптеген мақалаларда желтоқсан оқиғасының тууына республикалық газеттер мен журналдардың беттерінде интернационалдық тәрбие мәселелерінің аз жазылатындығы, коммунистік идеологияның өз дәрежесінде жүрмей отырғандығы тәптіштеп жазылды.

Желтоқсан оқиғасын талқылау үшін іле-шала шыққан өшкере құжаттарда айтылып, кінә таққан, жұрттың аузынан түспеген ерекше бір дерек Алматыда “Ер Төстік” атты қазақ балабақшасының болғаны. Астанамыздың мектеп жасына дейінгі мекемелері тарихында алғашқылар санында ашылып, “өлгенде бір көрген” сол қазақ балабақшасы “Правда” журналисінің “жүрдек” қаламынан тыс қалған жоқ.

Қазақ балабақшасының жеке шаңырақ көтеруі сол кезде шын мәнінде жұрт қуанатын жаңалық болғаны рас. Ал, “қазақ патриоты” Т.Есілбаевтың пікірі бұған мүлде кереғар еді. Себебі, орталықтың “идеологы” осы жаңалықты, халық қолдаған қуанышты, өз оқырмандарынан сүйінші сұрап аңқылдай хабарлаған басылымдарды жерден алып, жерге салды. Ал осы бір балабақша мысалынан-ақ ұлттық оқшаулықтың ашықтан-ашық насихатталып отырғанына қатты ашуланып, оған республикалық газеттің бір бетінің едәуір бөлігін арнағаны халықтың үлкен ренішін туғызды. Бірақ автор онымен де шектелмей, сол кездегі одақтың сойылын соғып, “соншама дабырлайтындай шын мәнінде-ақ тарихи оқиға екен”, — деп мысқылдап, кетті.

Тілшінің бұдан кейінгі шүйілген жайы одан да бетер болды. Ол “Лениншіл жаста” жарияланған белгілі қазақ ақынының (Ө.Тәжібаевтың) тіл туралы пікіріне тиіседі. Ақсақал ақынымыз коммунистік “Правдаға” жақпайтын не айтты екен дейсіз ғой сонда? Ол мынау: “Туған тілін мақтан ету, оны сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру — әрбір қазақтың, әрбір қазақ отбасының, жүрегі қазақ әрбір адамның,

бүкіл қауымның бірден-бір міндеті. Халықтың қуаты – тілдің қуаты. Біз, қазақ, ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдердің біріне айналдыруымыз керек. Бұл бүгінгі біздің, ертеңгі жас ұрпақтың міндеті”.

Осыда не бар? Бұрыннан айтылып келе жатқан, бүгін де, ертең де айтылуға тиісті, Әбділда сынды аузы дуалы азаматтың ұрпақтарға өсиет әңгімесі емес пе? Ал орталық партия газеті, оның қазақ тілшісі осыдан ұлттық, өзімшілдік нышанын көреді және мұндай ойлардың жастар газетінде насихатталуы теріс деген ой тастайды. Қысқартып айтсақ, “Правда” тілшісінің пікірінше, оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізілетін мектеп пен балабақшалар аз емес екен. Барлық жерде оларды ашу туралы мәселе қоюдан гөрі “әр ұлттың балалары оңаша болмай, ортақ бір мектепке оқып, ортақ бір балабақшада тәрбиеленгені әлдеқайда дұрыс”... деп көкіді. Өкінішке орай “Мардымсудың зардабы” ертеңінде-ақ республикада шығатын газеттердің барлығына жапатармағай аударылып, көшіріліп шығарылды.

Өзінің әріптестері ат басын еркін жіберген, жалған әшкерелеу шабысынан “Известия” газеті де қалысқан жоқ. Оның тілшісі Алматыға келген сапарынан “Шырмауық” атты мақала тудырып қайтты. Тағы сол біржақты сарын. Тілші республика астанасындағы жоғарғы оқу орындарының ректорлары және факультет декандары қазақ ұлтынан екендігін, жергілікті ұлт жалпы халық санының жартысына жетпейтіндігіне қарамастан, институттардағы қазақ жастарының көбейгендігін, Брежнев алаңына шыққан жастардың арасында жұмысы бетімен жіберілген заң факультеттерінің студенттері, архитектура-құрылыс, зоотехникалық мал дәрігерлік институттардың “дүмшелері” болғанын және алаңға келгендердің басым көпшілігі күткендей-ақ оңтүстіктен келген жастар екендігін аса бір айызы қана отырып тізбелейді. Қазақ жастары арасындағы жоғары білім алуға деген құлшынысты қуаттаудың орына қаралауға бейім көзқарас, қазақ студенттері көбейіп кеткен Алматы қаласы авторы жергілікті ұлт көбірек жинақталған оңтүстіктегі

облыстардың белортасында жатқандығын да көперге алуды қажет деп таппайды. Өйткені, желтоқсан оқиғасы сол кезде өртеніп тұрған тақырып болды. Ал, мұндайда кім отты көбірек көсесе, сол мықты көрінетіні бар. Бірақ, ол ұлғайды орталық газет тілшілерінің ұлтқа, халық мүддесіне тиісу арқылы тапқаны жалпы адамгершілік аясына сия бермейтін лас, қараниеттіліктен туған әрекет еді...

Осы жерде мәскеулік журналистердің жұмысында сол желтоқсан оқиғасына байланысты қалай болса, солай көсілте, көпірте мақалалар жариялау дәстүрге айналып кеткенін ашып айтуымыз керек. Сол бір кез тарихқа ханды әріпшен жазылған 1986 жылдың желтоқсан ызғары жаңару күніне жеткізсе де, әлі де кей авторлардың тек ұлт мәселесіне байланысты тақырыпқа үйірсектік танытып, жоқ жерден ілік іздеп тұратыны жанға батады. Елімізде соңғы кездері айқын демократиялық өзгерістер, бүкпесіз жариялылық, республика егемендігі мен дербестігі тұрғысында келелі жұмыстар өрістеп, жаңаша ойлаудың жарқын арналары ашылуда. Алайда, орталық газеттердің сол бір дүрбелең кезде республика қамымен бас ауыртып, балтыр сыздатпағаны белгілі. Әсіресе сол кезеңде қазақ ұлтының басын бәйгеге тіккен ер жүрек ұлдары мен қыздарының отаншылдық рухын жаныштап жас ұрпақтың жігерін жасыту үшін неғұрлым қара күйені баттастыра жағуға тырысқан өркеуделердің алғы шебінде қандастарымыздың жүргені намысымызға тиіп, қатты күйіндіргені рас.

Әлбетте, 86-шы желтоқсан оқиғасы ұлтымыздың болашағына деген сенімін күшейтіп, болашағын айқындап берген кезең болғанына ешкім күмәнданған жоқ...





## ЕКІНШІ ТАРАУ

### *Жекеменшік және тәуелсіз басылымдар (1985–2008 жылдар)*

#### 1. Қазақстандағы жекеменшік және тәуелсіз басылымдар

Бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде газет-журналдар да халықты (оқырманды) қоғам өмірінде болып жатқан күнделікті жаңалықтармен, яғни ақпарат хабарлармен қамтамасыз етуде ерекше қызмет атқарады. Солардың ішінде әсіресе бүгін жеке меншік, әрі тәуелсіз басылымдарға да үлкен үміт артылып отыр. Өйткені, олар ешкімге алаңдамай, шындықты ашып жазуға, ешкімнің ықпалынсыз ойын еркін жеткізуге құқылы. Қазақстанда да осындай алғашқы басылымдар 1985 жылдан бастап шыға бастаған болатын. Қазір олардың саны күрт өсті.

Біз әзір солардың ішіндегі белдісі де бірегейі, философия ғылымының докторы, профессор, Алматы мемлекеттік медицина институтының кафедра меңгерушісі — **Алдан Айымбетовтың орыс тілінде шығып тұратын “Казахская правда” газеті дер едік.** 1993 жылдың қаңтар айынан бастап шыға бастаған бұл басылымның редакторы, құрылтайшысы да бір-ақ адам.

Негізінен ол өз газетінде саяси мәселелерге көбірек көңіл бөліп, баспасөздің де, теңгенің де, басшылардың да жайын әңгіме етеді. Мысалы, оның “Лауазымды басшылар санай алады, ал есеп беруге

---

<sup>1</sup> “Казахская правда”. 1994. №1.

келгенде”, деген мақаласында: “Бұл мақаламыздың тақырыбы құлаққа жұмсақтау естілгенімен әңгіме біздің тәуелсіз газетіміздің өміріне шамадан тыс салық салу арқылы қастандық жасап отырған лауазымды басшылар туралы болмақ”, — деп халықтың рухани байлығының да есеп-шотқа түсіп, әлігілердің қадір-қасиетінің қашып бара жатқандығын сөз етеді.

“Казахская правда” — қазақ ұлтына бірден-бір жанашырлық танытып отырған басылым болды. Сондықтан да газет қазақтар мен Қазақстанда тұратын өзге ұлттар арасында алауыздық туғызғысы келетін басылымдарды өз тарапынан үнемі жөнге шақырып отырды. Әсіресе, “Караванмен” көп бет шайысып, оның кезінде құрылтайшысы болған Гиллер мен редакторы Мельцерді әрбір шалыс басқан қадамдары үшін түйреп қалуға тырысатын.

Мәселен, Б.Бегловтың “Караван” қайда тартады?”, Ш. Исраиловтың “Караванның” аузы неге көпіреді?”, А.Айымбетовтың “Гиллер өзіне сенімді”, деген мақалалары осындай материалдар қатарына жатады.

“Казахская правда” бір кездері өзі су ішкен құдығына шөлі қанып, есін жиған соң, кекірік атып түкіре бастаған Жириновский сияқтыларға лағынет айтады. Мәселен, Қарағанды қаласының тұрғыны Назаров өзінің редакцияға жолдаған “Жириновский — Ресейдің қаракүйесі” деген хатында: “Ресейде цензура жойылғанмен, психиатр дәрігерлер бар шығар. Жоқ, әлде олар дені сау адамдарды ғана емдей ме?”, — дей отырып, одан әрі ойын: “Иә, мырзалар” Жириновский ешқандай есінен адасқан адам емес. Ол фашистік бағыт-бағдар ұстаған саяси партияның лидері”, — деп жалғастырады.

Сондай-ақ, басылым қазақ халқының қасіретті дерттерінің біріне айналған “Семей-Невада” жағдайына да жанашырлықпен қарайды. Өзінің кезекті бір нөмірінде сол қозғалыстың атын жамылып ашылып отырған заңсыз қоғамдар, кім көрінгеннің қолында желге ұшып кеткен ақша жайын нақты

<sup>1.2.3</sup> “Казахская правда”. 1994. №2.

фактілер келтіре отырып: “1992 жылы “Невада-Семей” Акционерлік Қоғамы “Амулет” деген шағын кәсіпорынның атына жиналған қаржыны ядролық жарылыстардан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін, Семей полигонының ауданындағы жерлерді қалпына келтіру мақсатында жұмсаймыз деп жар салды. Сөйтіп, 170 миллион 490 мың теңге жинап алды. Бірақ, осыншама ақшаның жоғарыда аталған “Невада-Семей” Акционерлік Қоғамының есебіне 111 миллион 390 мың сомы ғана келіп түскен. Сөйтіп, бұл ақшаның 58 мың 752 теңгесі ғана көзделген мақсатқа жұмсалған. Ал, семейліктерге болса, солардың атынан солар үшін жиналған қаржының бір теңгесі де тиген жоқ”, — деп ашына жазды.

Міне, жоғарыда келтірілген бірқатар нақты мысалдардан-ақ “Казахская правда” газетін өзіндік бағыт ұстаған, тек шындық мәселелерді жариялауға ғана талпынатын, “халықтың көзі мен құлағы, үні” болуға тұрарлық басылым деп бағалауымызға болатын сияқты.

Осындай жекеменшік басылымдардың тағы бір іргетасы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Оразаевтар қалаған “Қазақ” газеті болып табылады. Міне, осы газетті бүгінгі күні “Қазақ үні” деген атпен жаңғыртып шығарып отырған — екінші бір профессорымыз, филология ғылымдарының докторы Файзолла Оразаев. Бұл жарияланым негізінен тарихқа көп көңіл бөледі. Өз оқырмандарын қазақтың өткен тарихымен жақынырақ таныстыру мақсатында айқарма беттер беріп, қазақ, түрік батырларының өміріне көбірек тоқталады. Бұған мысал ретінде газет бетінде жарық көрген “Ұзын қыпшақ Тілеулі батыр және оның баласы Нияз би” деген ұзақ мақаланы айтуға болады.

“Қазақ үні” жоғарыда айтқанымыздай тарихи мәселелерді жазумен шектелмей, бүгінгі күн тіршілігіне де көп көңіл бөледі. Мәселен, қазақ жерін бөлшектеп сатуды көздеп жүрген өз қандастарымыздың бірі Қ.Есенберлиннің “Казахстанская правда”



газетіне жарияланған мақаласына орай Ф.Оразаев “Ілияс Есенберлин тірі болса...” (әрине бұл әкесін баласынан арашалау емес) атты қарсы мақаласын жариялаған. Онда автор І.Есенберлинмен істес болғандығы жайлы естеліктерді келтіре отырып, белгілі жазушының бар зиялы өмірін туған халқының өткен тарихын көрсетуге арналған және болашақ үшін күресіп өткізгенін нақты деректер келтіре отырып, материалын “Қозы інім халқынан ғафу өтінер, Ілекеңнің баласы ақылға жеңдірсе керек еді ғой”, — деген ағалық тілекпен аяқтайды.

Дей тұрғанмен, бұл басылым бетінде жарияланып жататын көптеген материалдарда “Казахская правдағьдай” барлық істің басын ашып көрсету, батыл жазу, додаға түсуден гөрі “қиын” мәселені жанай өту керек сияқты болып көрінуі мүмкін. Бұл асылы редакция ұжымының журналистік әдептілік (этиканы) сақтауынан және әлемдік журналистика құқығынан асып кетпеуінен болар.

Әйтсе де, “Қазақ үні” ұлт қамын, ел, жер, тіл проблемаларын үзбей сөз етіп келе жатқаны үшін сыйлы, сол үшін қадірлі газеттердің бірі екенін айтуымыз жөн. Оның “Егер мен президент болсам...”, “Әттең, қолымда билік болса...” атты айдарымен беріліп келе жатқан материалдары ел басы саясатына кейбір көңілі толмаушылықты аңғартады. Мәселен, “Президент мырза, уағда қайда?” деген мақаланың атынан-ақ белгілі болып отыр.

Тәуелсіздікке қол жетіп, егемен ел атанғанымыздан бері тәуелсіз басылымдардың да бірте-бірте көбейіп келе жатқандығы да белгілі. Солардың жаңа бір легі еларалық “Қазақстан-Заман” және “Түркістан” газеттері.

“Түркістан” 1994 жылдың 28 қаңтарынан бастап шығып келеді. Ол әп дегеннен-ақ ел ертеңін ойлауға шақыратын елеулі материалдар жариялаумен көзге түсті. Мәселен, Ж.Қуанышалиннің “Ертеңінің тағдырын бүгінгінің ар-иманы шешеді” деген мақаласы жер сату мәселесіне әрі дұрыс пікір білдірген көптеген ойлардың тоғысқан жері.

Сондай-ақ, бұл газет дін мәселесіне көп көңіл бөледі. Өйткені, діни тәрбиені ұлы Абайдың өзі де бір кісідей қолдаған ғой. Бірақ, ол діни фанатизмге, соқыр сенімге, дін бұзар дүмше молдаларға үзілді-кесілді қарсы болып, таза дінді, сауаттылықты қолдаған. Бұл орайда Шыңғыс қажы Зұқабатырдың ислам дінінің ерекшеліктері туралы әңгіме ететін “Дүниеде шапағатын шашқан нұр” атты мақаласын атап өтуге болады.

“Түркістан” газеті сондай-ақ, халық арасында анкета жүргізіп, түрлі мәселелерге байланысты оқырман пікірін жариялап отырады. Сондай анкеталардың бірі “Президент Нұрсұлтан Назарбаев туралы не ойлаймыз” деп аталады.

Екінші басылым “Қазақстан-Заман” газеті. Мұнда саяси мәселелер көп жазылады. Оның соңғы нөмірінде (1995 жылғы) Ресейдің Шешенстанға жасап отырған зорлық-зомбылықтары туралы бірталай материалдар жарияланған. Мәселен, “Шешенстан — екінші Ауғанстан” деген мақалада бұл шиеленіске еш қатысы жоқ Ресей жерінде әскери борыштарын өтеп жүрген қазақ жауынгерлерінің де Шешенстаннан табылып, алғашқы қайғылы хабардың да жетіп үлгергенін ашына жазады.

Осыдан да болар, біздер өз мемлекетімізде тәуелсіздіктің алғашқы қарлығаштары ретінде шыға бастаған осы басылымдардың болашағынан үмітпен қарап отырмыз...





## ҮШІНШІ ТАРАУ

### *Қазақстанның орыс тілді басылымдары мен еркін баспасөзі (1985-1995 жылдар)*

#### **1. Қазақстандағы орыс тілді басылымдар**

Біздің тәуелсіз мемлекетімізде бүгінгі таңда орыс тіліндегі басылымдардың саны көп. Бұл тарауда біздер олардың бәріне бірдей емес, тек негізгі дегендеріне ғана тоқталып өтпекпіз.

1. Республикалық қоғамдық-саяси “Казахстанская правда” газеті сонау 1920 жылдан бастап аптасына төрт рет шығарылып келе жатқан басылым. Құрылтайшылары: Республика Министрлер Кабинеті мен редакция ұжымы.

Оның “Пікір”, “Планета”, “Оқиғалар мен комен тарийлер”, “Ақпарат агенттіктерінің хабарлауымен” және т.б. тұрақты айдарлары бар.

“Казахстанская правда” Елбасының бүкіл жарлықтары мен Министрлер Кабинетінің қаулы-қараларын және халықаралық жаңалықтармен қатар әдебиет, мәдениет, спорт хабарларын да уақытылы жариялап тұрады. Ал, қалған 25 пайызын жарнама алады.

Қазір бұл газет күн сайын шығарылып жүр. Редакторы – Г.Г.Дильдяев.

2. “Экспресс-К” газеті. Бұл — Қазақстан жастар одағының органы. Бұрынғы “Ленинская сменаның” заңды жалғасы. Құрылтайшылары: Қазақстан Жастар Одағының орталық комитеті мен “ИИК” акционерлік қоғамы.

Оның бірінші беті нөмірдің қысқаша мазмұнынан, апта ішінде болып өткен оқиғалардан және

саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерге арналған шағын хабарлардан тұрды.

Екінші, үшінші беттері “Не? Қашан? Қайда?” айдарымен беріледі.

Төртінші, бесінші беттері ТМД және шетел жаңалықтарына арналған.

Алтыншы, жетінші беттерінде алты континент хабарлары сөз болады.

Сегізінші, тоғызыншы беттерінде әдебиет, мәдениет, өнер, кино және театр жаңалықтары басылады.

Он, он бірінші беттерінде — жарнама, хабарлама.

Он екінші, он үшінші беттерінде — жеке хабарландырулар.

Он төртінші, он бесінші беттерінде — әзіл-қалжың, түс жору, т.б.

Ал, он алтыншы бетінде түгелдей спорт тақырыбына арналған материалдар жарияланады.

1. Стратегиялық қарулануды екі есе қысқарту керек;

2. Орта және алыс қашықтықтарға ұшатын Кеңес және Американдық ракеталарын жою қажет;

3. Ядролық қару сынақтарына қарсы толық масштабты келіссөздерді бастаған жөн”, — деген бағдарламасын ұсынған болатын.

Бұл жылдары “Казахстанская правда”, “Ленинская смена”, “Вечерняя Алма-Ата”, “Огни Алатау” беттерінен тек партия үнін, ойын айқын байқауға болатын еді. Бірақ, өкінішке орай ол жылдары баспасөз бетінде айтылған ойлар мен жазылған сөздерге көп талдау жасалып, жауап қайтарыла бермейтін. Ол жылдары “Казахстанская правданың” редакторы — Устинов болатын.

Осы газеттің 1986 жылғы қараша айының 7 жұлдызындағы нөмірінің 1-бетінде “Кремльдегі салтанатты жиналыс” деген тақырыппен ТАСС хабары берілді. Бұл Октябрдің 69 жылдығына арналған мәжіліс еді. Сонымен қатар мұнда “С Октябрем сверяя шаг” деген және парадқа байланысты басқа да материалдар жарық көрді.

Бұл жерде 1986 жылдың желтоқсан айында Алматыда болған “Желтоқсан оқиғасына” соқпай

өтуге болмайды. “Казахстанская правда” газетінің 1986 жылғы 17 желтоқсан күнгі нөмірінің 1-бетінде КОКП Орталық Комитетінің кезекті Пленумы туралы хабар беріліп, онда “16 желтоқсанда КОКП Орталық Комитетінің ұйымдық мәселе қарастырған V пленумы болып өтті. Пленум Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке кетуіне байланысты Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатты. Оның орнына КОКП Орталық Комитетінің мүшесі, Ульяновск Обкомының бірінші хатшысы В.Г.Колбин сайланды”, — деп көрсетілді.

Міне, кезінде қазақ жастарын дүр сілкіндірген осы бір бәтуасыз шешім болатын.

Ал, “Казахстанская правда” газеті бұл оқиға туралы 1986 жылғы 19 желтоқсан күнгі нөмірінің 2-бетінде көрінер-көрінбес “Сообщение из Алма-Аты” деген ТАСС материалын беріп өз оқырмандарын: “Алматы. 18 желтоқсан. Кеше және бүгін күндіз Алматы қаласында ұлттық шиеленіс туғызатын элементтері бар жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне болып өткен V пленумның шешімімен келіспейтіндіктерін айтты. Олар құқық қорғау өкілдеріне қарсылық көрсетіп, бұзақылық, қоғамға жат, паразиттік әрекеттер жасады. Және дүкендер мен жеке автомобильдерді өртеді”.

Алайда, “барлық кәсіпорындар, қалалық транспорт, оқу орындары қалпында”, — деп хабардар етті.

Бұдан басқа Қазақстанда болған екінші бір ірі оқиға — Президент сайлауы болды. Осыған орай “Экспресс-К” газеті өзінің 1991 жылғы желтоқсанның 3-і күнгі нөмірінде “Президент выбран и он начинает ходить белыми” деген материалын жариялап, Қазақстан тарихындағы бүкіл халықтың тұңғыш сайлауда Н.Назарбаевтың сенім мандатына ие болғандығын құттықтап жазды. Сондай-ақ, “Экспресс-К” газеті өзінің 1991 жылғы 11 желтоқсанындағы нөмірінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясының материал жарияланған. Ол “Будьте готовы к любому повороту” деп аталады. Және осы

сессияда Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы алдында ант қабылдап, бас игендігі айтылады.

Бұдан басқа осы басылымнан 1991 жылғы 18 желтоқсан күнгі нөмірінде Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты Н.Ә.Назарбаевтың VII сессияда сөйлеген сөзінің толық мәтіні жарияланған. Тақырыбы: “Независимость — не значит обособленность” деп аталады.

Одан әрі осы газетте Алматы қаласында өткен 11 тәуелсіз мемлекеттер басшылығының кездесуі болғандығы және оған ТМД деген ортақ ат берілгендігі жазылған.

Алматы қалалық “Вечерняя Алматы” газеті 1968 жылдың қаңтар айынан бастап шығады. Мәселен, оның 1991 жылғы 8 тамыз күнгі нөмірінде “Семь дней длился этот праздник” деген Алматыда өткізілген халықаралық “Азия дауысы” конкурсына арналған материал берілген.

Ал одан кейінгі шыққан 20 тамыздағы нөмірінде Ресейде болған тамыз оқиғасына байланысты материалдар топтамасы жарияланған. Соның бірі “Обращение к Советскому народу” деп аталады. Онда: “Біздің отанымызға зор қауіп төніп тұр. Горбачев инициативасы бойынша басталған реформа жалғасын таппай, тұңғыққа батуда. Мемлекетті басқару болмай қалды”, — деп істің ашығын айтып, халықты көмекке шақырған.

Газеттің осы беттерінде КСРО Президентінің міндетін атқарушы Янаевтың мемлекеттер мен үкімет басшыларына және БҰҰ-ның Бас хатшысына үндеуі берілген.

Бұл, 1991 жылғы 19 тамыз оқиғасы Ресей Федерациялық Республикасындағы алғашқы қарулы көтеріліс еді.

Сонымен қатар, 1992 жылы Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болуына байланысты “Казахстанская правда”, “Экспресс-К”, “Вечерняя Алма-Ата” газеттері өз беттерінде көптеген материалдар мен ТМД елдерінің құттықтауларын жариялады.

1995 жылдың сәуір айының соңында болып өткен референдум хақында да бұл басылымдар біраз ойлар

айтты. Мысалы: “Казахстанская правда” газеті “Президент, үкімет” айдарымен: “Н.Назарбаев: “Отандастар сенімі — бұл награда және мемлекет басшысы үшін одан жоғары баға жоқ” деген материал жарияласа, “Вечерняя Алматы”: “Как проголосовала столица?”, “Народ поддержал своего Президента” деген қуаныш білдірсе, “Караван”: “Бұл референдумның өткізілуі мезгілсіз және Назарбаевпен бәсекелес кандидатура болмайды”, — деп жазды.

## **2. Егемен елдің еркін баспасөзі**

Енді ғана өз билігі өзіне тиіп, ұлттық мемлекетінің іргетасын қалай бастаған қазақ халқы үшін өзінің жүріп өткен жолының шынайы тарихын жазу қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде. Өйткені, ұлттың бүгінге дейінгі тарихы — ертеңгі болашағы. Барлық халықтар сияқты қазақтар да өзінің тарихи жолында тәжірибесінің арқасында бүгінге жетті, бүгінгі болмысына сүйеніп ертеңіне қол созып отыр. Демек, қазақтың бүгінгі қалтарысы, шырғалаңы мен ұмтылысы, қайғысы мен қасіреті көп кешегісінің, арманға, мақсатқа жеткізер, мол үмітін артар ертеңгі күннің жалғасы. Сондықтан ұлттың кешегісін бүгіннен, ертеңінен айыру мүмкін емес. Ал, осы біртұтас ұлт өмірінің алтын діңгегі, оның тұла бойындағы өзегі — оның тарихы.

Қоғамда болып жатқан әр алуан, ірілі-ұсақты оқиғалар туралы дер кезінде оқырмандарына мәлімет жеткізу міндетін атқаратын мерзімді басылым, уақыт өте келе баға жетпес құнды деректер көзіне айналады. Халыққа болған оқиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтар жинайды, сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек көзі ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға көмектеседі.

Әсіресе, соңғы жылдары еліміздің тәуелсіздік алып, өз тарихын әділ жазуға мүмкіндік тууына

<sup>1</sup> “Ана тілі” газеті. 2000 жыл. 22 наурыз

байланысты ұлттық деректерге, оның ішінде қазақ тіліндегі басылымдарға деген жаппай қызығушылық, оларды ел тарихының дерегі ретінде ғылыми айналымға мол тарту, қазақ баспасөзін өзіндік ерекшеліктері бар тарихи дерек көзі ретінде кешенді талдаудың қажеттілігі күннен-күнге артып отыр.

Газет не журнал белгілі бір мерзімде өткенді өз бетінде бейнелейді. Сондықтан олар қоғам өмірінің өткені жазылған күнделік міндетін атқарады. Демек, уақытылы шығып тұрған газеттер өткеннің белгілі бір кезеңдегі үздіксіз тарихын қалпына келтіруге көмектесе алады. Газеттер материалдарды іріктеп беруі жағынан әр алуан болып келеді. Онда ақпараттық мәліметтермен қатар өзінің мазмұны жағынан әр түрлі жанрларға жататын жекеленген де деректер кездеседі. Баспасөз материалдарының өзінің құрамы жағынан күрделілігі оның басты деректік ерекшелігі болып табылады. Баспасөз мәліметтерінің формасы жағынан да, мазмұны жағынан да әр түрлі болып келуі ұлт өміріне қатысты жан-жақты мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Өткен күннің бәрі де тарих еншісіне тиесілі. Алайда, оның ел жадында қалатыны көп емес. Мәселен, қазақ тілінің мәртебелене түсуінен ұлттың мұрат-мүдделерінің жаршысы мен жоқшысына айналған “Ана тілі” газетінің дүниеге қалай келгендігі жайлы мынадай мәлімет бар:

“М.Әуезов атындағы драма театры ғимаратының алдына жиналған мыңдаған адамның “Қазақ тілі, қазақ тілі” деген айқайының нәтижесінде құрылған бұқаралық ұйым 1989 жылдан бастап осы атпен өмір сүре бастады. Қоғамның президенті Ә.Т.Қайдардан бастап бұл қоғамның әлбетте газетсіз өрге баспайтынын сезеді. Сондықтан қоғамның пайда болған бірінші күнінен бастап, бірінші кезекте көтерген мәселе газет ашу болатын”.

Осындай жанкешті оқиғалардан соң, 1990 жылдың 22 наурызынан жарық көре бастаған басылымның бірі “Ана тілі” газеті болатын. Құрылтайшысы: “Қазақ тілі” қоғамы. Газет 16 бет көлеммен аптасына бір рет шығады. Бұл біздің егеменді еліміздің тарихында қазақ тілін Қазақстан территориясын



мекендейтін барлық халық өкілдеріне бірдей оқыту проблемасын алғаш көтерген және ұлттық әдет-ғұрып, дәстүр, тарихтың “ақтандақтары” жайлы мазмұнды да салиқалы материалдар жариялайтын бірден-бір басылым болып саналады. Тек, қазақ тілінде ғана шығатын “Ана тілінің”: “Жергілікті ұйымдарда”, “Құбыламызды түгелдейік”, “Серке сөз”, “Тәржімелік тәжірибелер”, “Білгенге — маржан”, “Толғауы тоқсан туған тіл” деп аталатын айдарлары болды.

Алғашқы екі жылдың ішінде газет таралымы 130 мыңға дейін жетті. Жетпіс жыл бойына шығып келе жатқан үлкен газеттердің өздерін артқа тастады. Сол кездері газетте қызмет істеген журналистердің қосқан үлестерін ерекше айтып кеткен жөн. Осы уақыттың ішінде басылым тек ана тіліміздің мәселесін ғана көтерген жоқ, ұлтымыздың сан қырлы мәселесі төңірегінде көп еңбек сіңірді, ұлт мақтанышына айналды. Қазақ журналистикасында өзіндік із қалдырды. Таптаурын жолдарға түскен жоқ. Өзіндік болмысымен, жаңалығымен, бет-бейнесімен, бедерімен, ерекшелігімен қалың оқырманды өзіне қаратты. Азғантай мерзімнің ішінде “Ана тілі” газеті қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген мәртебелі атақ алуына атсалысты. Қазақ тілінің санадан өшуге айналған ғажайып бояулары мен мақамдарын қайта жаңғыртты. Қордаланып қалған түйіндерін шешуге тырысты. Қазақ тірлігіне байланысты “Ана тілінің” араласпаған мәселесі болмады. Ол кейде қазақтың ұйықтауға айналған намысын оятты, кейде жігерін жанып, алға үмтылдырды.

1991 жылдан, еліміз егемендік алғаннан бергі бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде басылым беттерінде де бірталай өзгерістер болғаны белгілі. Осы уақыт аралығында олардың аттары өзгеруінен бастап, қатарлары да көбейді деуге болады. Егемен елдің еркін баспасөзі дегенде бұл жалғыз емес, тіпті екі жолмен — байырғы басылымдар және кейін қосылған тәуелсіз басылымдар деп айтуға болады.

Әу бастан халыққа жастар басылымы ретінде танылған “Жас Алаш” газеті 1921 жылдың наурыз

айының 22-сінен бастап, күні бүгінге дейін өзінің лайықты жалғасын тауып келеді. 1992-1993 жылдарға дейін негізінен жастар мәселесін көп жазып келген бұл ұлттық тәуелсіз, қоғамдық-саяси басылым 1993 жылдан кейінгі кезде елдің тарихы мен ұмыт қалған азаматтарына, жер мәселесі мен саясатқа басты назар аударма бастаған. Осыған орай “Саясат” айдарымен іргелі материалдар беріліп жүрді.

Сондай-ақ, “Алаш-ақпарат” белгілі “Московские новостиден” шетел және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдердің президенттерінің кездесулері мен олардың қызметтері жайлы көптеген аударма материалдар беріліп отырған.

Бұдан басқа “Жас Алаш” газетінде “Қазақтың қысқаша тарихы” деген тақырыппен қазақ халқының пайда болу, ұлт ретінде қалыптасу, даму кезеңінен көптеген мәліметтер беріледі. Осы тақырыппен мұнда бұрынғы Одақ көлемінде казак әскерлері жасақталып, съездер өткізілгені және территориялық даулар туғызып отырғаны жазылады.

Мәселен, жоғарыда айтылған мәселелерге орай бұл басылымдарда Жәрдем Кейкінің “Азаматтық, ұлт және жер” атты мақаласы жарияланған. Онда автор жер, ел туралы өз ойын: “Қандай мемлекет болса да негізін белгілі бір халық қалайды. Мемлекет те сол ұлттық атымен әлемге танылады. Ресей азаматтығы туралы заңды дау-дамайға салғандары аздай-ақ, соңғы жылдары бір мемлекеттен екіншісіне көші-қон көбейді. Олардың көбі босқын, отан алдында өз жауапкершіліктерін сезінбеген көшпенділер” — деп ашықтан, ашына білдіреді.

“Жас Алашта” төпеп жаза беру мақсат емес, тауып жазу алға қойылған. Өмірді сан қырынан мөлдіретіп көрсету үшін әр түрлі ізденістерге барып жатады. Қаз-қалпында, монолог, өмірдің өзі новелла, сұхбат-сыр, хат, жазбалар, күнделіктер боп көркем тілмен жазылған материалдар осы сөзімізден дәлелі.

Жастар баспасөзі белгілі бір елдің, мемлекеттің жастары мен жасөспірімдерінің, талғамы мен арман-мүддесіне лайықталып арнайы шығарылатын

<sup>1</sup> Т.Қожакеев Қым-қуыт іздер. Алматы, 1999, 203-бет.

басылым болғандықтан, оның міндеті мен қызметі де жастар аудиториясына лайықты болуы тиіс. Жастар баспасөзінің міндеті мен мақсаты жалпы оқырмандардың психологиясына, логикасына байланысты материалдар беру, олардың қызығушылық, ізденгіштік қасиеттерін байқау, оларға бағыт-бағдар сілтеу. Оқырмандарын ұлттық рухта тәрбиелеу. Ұлттық сананың оянуына, оқырманның дүниетанымының кеңеюіне, танымдық — тәрбиелік мәнге ие болатын түрлі қосымшалар, арнаулы беттер, ғаламат өзгерістерге байланысты айдарлар көптеп кездеседі. Тоқсаншы жылдардың басында “Жас алаш” газетінде “Сүзеген сөз” сатиралық, “Ырғақ” музыкалық, “Сергектік” спорттық, “Бас қатырғыш” ой-танымдық, “Мыңнан бір мезет” ғалам ғажайыптарына арналған қосымшалар бастау алды, кейіннен “Руханият”, “Қоңырау”, “Алдарастан”, “Рух”, “Ақ отау” сияқты қосымшаларымен толыға түсті.

Мысалы, “Алдаспан” қосымшасы — әділеттің ақ семсері, қара түнекті қақа жарып шыққан ақ таң, адал сөз. Қарапайым өмір қағидасының өзі өз құқығынды білумен шектесіп жатыр. Бұқараның құқықтық сауатын ашпай, құқықтық мемлекет құру деген бос сөз деген принципті алға тартып тұрақты жүргізіп келеді. Сондай-ақ, “Руханият” қосымшасы қадау-қадау ойлардың ұлт рухын бекітуге, биіктеуге үлес қосары даусыз. “Сын тәңірісі — сатира дегендей “Сүзеген сөз” қосымшасы дүниеге келгенде “сахнаға сатираның тағы бір сарбазы келді” деп тымағымызды атып, алып-ұшып айқайлағанбыз”. Жыл құсындай жылт етіп көрініп, кейіннен айына екі рет көрініп тұрады. “Сүзеген сөзде” эпиграммалар, тұрмыстық пародиялар, фельетон, памфлеттер, сықақ әңгімелер сияқты сатиралық дүниелер жарық көріп тұрды. Тұрақты авторлары: Т.Қожакеев, Ү.Уайдин, Ғ.Қабышев, К.Әмірбеков, М.Рашев, Қ.Ілиясов, тағы басқа танымал сыққашылар болды. Келе-келе біржола жабылып, бүгінде қосымша орнына “Бір түрлі бет” деген атпен арнаулы бетпен шығып жүр.

<sup>1</sup> “Ақиқат” журналы. 2001 жыл, №5.

Алғашқы қосымшалардың санатына жататын “Сергектік” сән мен сымбаттың, дененің саулығына арналған қосымша өмір сүруін тоқтатып, оның орнын бүгінде спорт тақырыбына арналған арнаулы “Сейсенбілік спорт беті” шығуда. Әр түрлі спорт мәселелері, спортшылардың жеңістері мен жеңілістері туралы кең мағлұмат алуға болады. Саяси-әлеуметтік сілкіністерден басталып, мезгіл-мезгіл бұрқ-бұрқ ете буырқану үстінде жер-жаһанды жайлаған адамзат қауымының күллі болмыс-тірлігін ұлы өзгерістерге ұшыратып кеткен 20 ғасырдың алмағайып ала көбеңінде дүниеге келе салысымен-ақ қазақ жастарының рухани серігіне айналған “Жас Алаштың” сексен жыл ішінде халқымызға сіңірген еңбегін қалай бағаласақ та артықтық етпес. Ұлтымызбен біте қайнасып, бірге есейген “Жас Алаштың” өнегесі сол, өткеніне ел-жұртымыздың ақ алғысын арнары да айдай ақиқат. Сонымен қоса жаңа заманның да жастар басылымына жаңа, міндеттер жүктейтіні де күмәнсіз.

Тәуелсіз Отанымыздың бүгінгі мен болашағына, әлемдік өркениетке лайық, халқымыздың сан ғасырлық арман — мақсаттарын жүзеге асыруға қабілетті, биік парасатты жас толқынды қалыптастыруда, елдің тұтастығы мен бірлігін бекемдеуге, ұлтымыздың мерейін үстем етуде “Жас Алаш” атқаруға тиіс қасиетті міндеттер аса ауқымды да салмақты.

Әдетте қоғамдық дамуға өзгерістердің келуі, идея, міндет, мақсаттың басқа арнаға түсуі, әлеуметтік, саяси жаңа көзқарастар қалыптастыру қажеттілігі бұқаралық ақпарат құралдарының түр, мазмұнына жаңалықтар әкеледі, рөл маңызын өзгертеді, қоғамдық санаға әсер ықпалын күшейтеді. Бұл процесс бүгінде бүкіл әлем аумағында жүріп жатыр.

Біз ұлттық мәдениетті қорғауға, салт-дағдыны сақтауды уағыздауға тырысамыз. Батыс баспасөзі мұндай саясатты прогреске ұмтылмау, мәдениеттен қашу, надандыққа, сауатсыздыққа бой ұру деп

<sup>1</sup> Хабаршы ҚазМУ, 2001 жыл, №8, 20-21-беттер.

те жазып жатады. Бұлай деу, әрине арандату, өз идеологиямыздан бас тартқызу.

Ата-баба жасап беріп кеткен мәдени, рухани құндылықтарды сақтау, насихаттау, жаңалықтан безу, прогреске қарсылық емес, ұлттық қадір-қасиетті, менталитетті сақтау, патриоттық сезімді ояту, ұлттық ар-намысты күшейту. Ұлттық құндылықтардан безіп, басқа елдердің мәдениетіне құлай салу, оны қабылдай қою — дәстүрсіздік, отансыздық. Сондықтан қазіргі ұйымдасқан, еріктен тыс жан-жақты, білікті, күрес қана мәдени империализмнің, идеологиялық диверсияның бетін қайтара алады. Бұл күрес бұқаралық ақпарат құралдарының өз бетінде оларға қарсы айтыстар, терең талдаулар, ғылыми зерттеулер арқылы жүргізілуі тиіс.

“Егемен Қазақстан” — Қазақстан Республикасының мемлекеттік — газеті. Ол президент, үкімет бақылауымен, мемлекет қаржысымен шығады. Сондықтан бұлардың идея, бағытына, міндет-мақсатына сай келемейтін ой-пікірге орын берілмейді. Мұны бұрынғы бас редактор: У.Қалижанов былай деп ашық айтты. Мен ... Елбасы саясаты төңірегінде өз саясатымды құрамын. Мүмкін ол кейбіреулерге ұнамайтын шығар. Ал, бүкіл халық сайлаған Елбасының саясатын халыққа жеткізу — менің бірінші міндетім. Халық сенген Елбасының жанына халқын топтастыру — менің де, оқырманның да міндеті”.

Осыдан тура 88 жыл бұрын Орынборда Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің органы болып шыққан “Ұшқын” (“Егемен Қазақстан”) бүгінде ата жаста. Аты сегіз рет өзгеріп, сексеннен асты. Жұрт одан үнемі байсалды пікір, салиқалы сөз күтеді. Публицистиканың бұрынғы стилі баяндау болса, қазір ол терең талдауға бет түзеді. Қай мәселені алса да, байыптап, зерттеп жазатын жол ашты. Бұл жақсы. Заманның игі нышаны. Қазір журналистер жалтақтамайтын, көкейіндегісін тура айта алатын мінез тапты. Қуанарлығы — газеттер бірінің жас-

<sup>1</sup> С.Байменшин. Төртінші билік тағылымы. Алматы, 1996 ж. 45-46 беттер.

қаншақтап, не өресі жетпейтінін екіншісі айта алатын болды. Түп төркіні ұраннан өрбитін сылдыр сөздің уақыты озғанын ұқтық. Оқырман да зәрулік пен нақтылыққа ғана тоқтайды.

Тым идеологияшылдық, партияшылдық, тақырыптың тарлығы, газеттерге көп мін ретінде бұрын айтылып келген мәселе еді. Қазіргі кемшілік — журналистер қауымының мамандық мүмкіншілігін толық пайдалана алмай жатуында.

Бұрынғыдай жадағай марапат, қарадүрсін мақтау, шексіз шадымандық орнына келген ұшқырлық, батылдық, қандай да проблеманы ашық жазу, астарына үңілу журналистиканың жаңа сипаты деуге болады.

Оның үстіне ақпарат ағынында бәсекелестік пайда болды. Ал бәсеке дегеніміз — баспасөздің ішкі динамикасының дамытушы күші.

Кейде “Егемен Қазақстанда” ығи салмақты материалдар жарияланады, оқуға ауыр деген сияқты пікір естіліп қалады. Материалдың салмақтылығы оның кемшілігі деу қалай болар екен? Өйткені, “Қазправданың” атқарып отырған абыройлы ісін “Караван” секілді басылымдар еш уақытта түпкілікті тындыра алмайды. Олардың алдына қойған мақсат-мүддесі де мүлде бөлек. Әрі-беріден соң бүгінгі журналистика сонысымен қызық, күрделі.

Қазақ баспасөзі, оның ішінде “Егемен Қазақстан” бүгінгі таңда кемшіліктерді көрмей, айтпай, жазбай жатыр дей алмаймыз. Кейбір сәтте жалтақтық болғанмен, шүкір, журналист қауымы аянып жатқан жоқ. Елдің, тілдің, экономика, экологияның, тарих, салт-сана, ата дәстүрі, әдет-ғұрып сияқты саналуан тақырыптың бәрі де жұртшылыққа айтылып жатыр. Алайда сол діттеген жеріне тие ме, тимей ме? Үлкен мәселенің бірі — осы. Дамыған елде қай уақытта нені қалай жазу қажеттігі туралы әр басылым арнаулы әлеуметтік зерттеу жүргізеді, дәйекті кешен ашады, тақырып пен объектіні анықтайды. Бізде осы жағы тапшы.

Сөйтсек те ондай үрдісті алыстан іздемей-ақ осы газеттің тарихынан да табуға болады екен. Жүсіпбек Аймауытовтың 1925 жылдың 5 мамырында

жарияланған. “Ел газетке не жазбақ?” деген мақаласында: “... жанына жағымды, тілі батарлық сөздер басылмаса, ондай газет бағасын жоймақ, кім көрінгенге қолжаулық, майлық, шалым орауыш, тағы бірдеңе болмақ. Бірақ газетшіге кінә қоятын да, қоймайтын да орын бар. Жұрт жазбаса, ішіндегісін тауып жазатын газет “тәуіп” те, “пайғамбар” да емес... Ел: “жазбасам, маған серт, баспасаң саған серт!” деген жолға түссе, сонда газет елдікі болады. Сонда жұрт газетті қызығып оқитын болады, газеттен пайдаланады”.

Бұдан артық қалай айтуға болады. Газет біздіңше, өзінің бет-бейнесін әлі жоғалтқан жоқ. Бүгінгі журналистиканың аяғына тұсау болып тұрған қаржы үшін немесе “таралымын көбейтеміз” деген желеумен жалт етпе жылтыр, арзанқол дүниелерге орын беріп, беделін түсіріп қалмаса екен деген ой бар. Бұрын аға газет аталып келсе, енді ата жасына келді. Ендеше, көтерер жүк те те қомақты бола түсері даусыз. Әсіресе, ұлттық мүддені көздің қарашығындай қорғаса, соны ылғи темірқазық етіп ұстаса, сүрінбесі анық.

Шүкір, ел егемендік алды. Материалдық жетіспеушілікті ашық айтып жүрміз. Ал, рухани тәуелсіздікті қайтеміз? Осы зәру мәселе аз жазылатын секілді. Ұлтқа рухани тәуелсіздігін сезіндіру, оның болуын қамтамасыз ету де алдымен осы газеттердің зайырлы міндеті болып қалмақ.

Интеллект басымдық алған зайырлы елде саясатпен айналыспаймын деу бекер. Ішкі-сыртқы саясаттың көпшілікке беймәлім иірімдерін ақтарып айтып, жарқыратып жазар болса, оның да оқырманы аз емес.

Кейде өмірлік мәселелерді газеттер жарыса жазып, аяқсыз тастап кете береді. Немесе, егемен елдің болашағы бұлдыр деген қауесетке қарсы да байыпты болжам жасау, тұжырымды түйін тую де осы газеттің міндеті.

<sup>1</sup> “Егемен Қазақстан” газеті, 1995 жыл, 20 сәуір.

Ресми материалдарды құлаш-құлаш етіп емес, шама келсе, ықшамдап, талдап беру керек шығар. Билік тарапынан қарсылық болары хақ. Бірақ, күрессіз өмір жоқ қой.

“Правда” газетін бес жыл үзбей оқысаңыз, бір университетті бітіргенмен бірдей дейтін еді ғой бұрындары. Батыс журналистикасынан біздің артық жеріміз де осында екеніне көзіміз жетті. Ендеше, егемен елдің қоғамдық институт дәрежесіне көтерілген газеті болуы — қажеттілік.

Көне тарихқа көз жіберіп, бүгінгі белесімізді бағамдайтын болсақ, “Қазақ әдебиеті” халқымыздың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаудан танған емес. Бұған дәл қазір 70 жылдық шежіресі бар байырғы басылымның сарғайған тігінділері куә. Кезінде Ғабит Мүсірепов негізін қалаған газеттің ағартушылық бағытқа адалдығын, қазақ зиялыларының үніне айнала алсам деген мұратқа ұмтылуын мақтанышпен атап айтуға тұрарлық жайт. Егер редакция өмірінде әйтеуір бір жақсылық атаулы көрініс бере қалса, оны ұжым мүшелерінің дәстүр сабақтастығына деген айрықша ілтипатының жемісі деп білген жөн. Бұл — бір. Екіншіден, газет — өндіріс ошағы. Олай болса, жеткен жетістіктерден гөрі нарық талабына сай ма деген сауалдың мазалауы орынды. Сондықтан газеттің түр-тұлғасын, болмыс-бітімін, мазмұн сапасын өзгертуге не нәрсе итермеледі деген сауалға уақыт өлшемі деп қана жауап берген жөн.

Қазіргі төрткүл дүниені ақпарат патшалығы билеген заман. Демек, бүгінгі дүниенің ақпараттық кеңістігіне кіре алмаған басылым — уақыты өткен, өшкен басылым. Ал, бірақ мәселе сол ақпаратты оқырманмен қалай қауыштыру керек? Міне, гәп осында. “Құмсағат”, “Тіршілік”, “Руханият” деп аталатын ақпараттық талдамалы топтамалар, міне осындай ниеттен туған. Бүгінгідей оқиғалар легі бірін-бірі жалмап жұтып жатқан заманда қолына газет түскен кісінің көлдей-көлдей мақалалардан гөрі алдымен көп жайдан жаңалық жеткізетін хабарлар топтамасын іздейтіні анық. Оқырмандар аудиториясымен социологиялық зерттеу жүргізгенде осыған көз жеткізуге болады. Бұған қарап газет



талдамалы аналитикалық мақалалар басуды қояды деген пікір болмауы керек. Әдебиет пен мәдениеттің, бүтіндей рухани әлемнің толғаулы тақырыптарына арналған мақалалар жариялау үрдісі жалғаса бермек және жалғасуда.

Газет материалдарының бір беттен екінші бетке көшуі. Бұл қазіргі өркениетті елдер баспасөзінде қолданылып жүрген ұтымды тәсіл. Біріншіден, газеттің өзге де сүбелі материалына “жолшыбай” оқырмандар назарын аударту. Екіншіден, газеттің техникалық безендіру кілтiнiң бiрi.

Қазіргі өтпелі, өліара кезең тұсында қаламгерлер жауапкершілігі қандай деген мәселе төңірегінде “дөңгелек үстел” сұхбат өткізіледі. Ол “жел өтіндегі қоғам және қалам қабілетінің салмағы” деп аталады. Әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ең өзекті мәселелері хақында сүбелі мақалалар жарық көрді. “Мәдениет”, “Әдебиет әлемі”, “Әлеумет”, “Нарық жетегіндегі халық” атты айдармен топтастырылған материалдар қалың оқырман көкейіндегі сауалдарға жауап іздейді.

“Қазақ әдебиетінің” қонақжай шаңырағында зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, шешуін күткен мәселелер турасында бүкпесіз пікір айту дәстүрге айнала бастады. Тарихшылар мен философтардың, саясаткерлер мен социологтардың қатысуымен өткен “Тарихи тағылым — тарихи талап” деген тақырыптарға ғылыми-теориялық конференциялар осының мысалы бола алады.

Журналистикадағы шеберліктің қазіргі жай-күйін айтқанда, мұның ішінде дәстүрлі жанрлық жүйеге тоқталғалы отырмыз. Себебі, қоғамда туындаған күрделі өзгерістер баспасөздің бұрыннан қалыптасқан жанрларына айтарлықтай әсер етті. Осы әсердің нәтижесі бір жағынан көп жылдық тәжірибе арқылы орныққан бірқатар жанр түрлерінен кейбір жанрларға аса артықшылық та беріп отыр.

Мерзімдік басылым беттерінде сан алуан жанрлардың сабақтасып келуі оның мазмұнын байытып, шығармашылық тоқыраудан арылтатыны

<sup>1</sup> “Жас алаш”, 2000 ж. 20 қазан.

біз ғана айтып отырған жаңалық емес. Сан жылдық тәжірибе жинақтаған шындық. Әр заманның ағымына қарай жанрлардың өсетіні, өнетіні, өлетіні, жоғалатыны, жаңадан пайда болып, қайта түрленіп туатыны да рас.

Журналистика жанрларының өмір шындығын бейнелеу формалары ретінде өзіндік тарихы бар. Оны теоретиктер ойдан шығарған жоқ. Жекелеген жанрлардың немесе олардың элементтерінің өрлеуі мен құлдырауы, жаңа элементтердің пайда болуы, олардың орнының, жанрлардың қоғамдық мәнділігінің өзгеріп отыруы, үздіксіз эволюцияда болуы, заңды құбылыс.

Жанрдың эволюциясын бәрінен бұрын мынадан: коммуникациялық техниканың дамуынан, аудиторияның әлеуметтік құрамының өзгеруінен, жаңа қоғамдық қажеттіліктердің пайда болуынан, арналар функциясының өзгеруінен, өмір шындығын неғұрлым тиімді көрсету үшін журналистердің жеке-жеке ізденістерінен көру керек.

Бұл күйді соңғы онжылдықта қазақ баспасөзінің жанрлары да бастан кешірді. Алғашқы соққы бас мақалаға тиді.

Екінші соққы “газеттің романы” атанған очерктер мен кез келген қаламгердің қолынан келмейтін күрделі әдеби-публицистикалық жанр — фельетонға бұйырды. Соңғы жылдары газет беттерінен очерктер мен фельетондардың көрінбей кетуі бұған нақты дәлел бола алады.

Үшінші соққыны “Баспасөзге шолу” жанры қабылдады. Бұл жанрдың көп жылдық оңды ықпалы “Баспасөз беттерінен”, “Жергілікті газеттерден” айдарлары арқылы мәлім болып еді. Газеттеріміз қазір баспасөзге шолуды жаңа басылымның тұңғыш нөмірі туралы хабар берумен ғана шектеп жүр. Шын мәнінде “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” және “Айқын”, “Қазақ әдебиеті” сынды ел сеніміне ие болған салихалы басылымдар елімізде жылма-жыл жаңадан шығып жатқан аты бар да заты күмәндылау газет-журналдардың бет-бейнесі туралы

<sup>1</sup> “Қазақ әдебиеті”, 2000 ж. 4 тамыз.

өз бағасын беріп отыруы қажет-ақ нәрсе сияқтанады.

Сайып келгенде, жоғарыда айтылған “соққы көрген” жанрлар “айқас алаңынан” азат болды да, ақпараттық тұрғыдағы заметка, есеп, репортаж, сұхбат жанрлары алғы шепке шықты. Бұлармен бірге бұрынғыша талдамалы сипаттағы мақала, хат, шолу жанрлары пайдаланылып келеді.

“Бір айдың жартысы жарық, жартысы қараңғы” демекші, сан жылдар бойы орныққан жанрлардың да аяқ асты жоғалып кетуі мүмкін емес. Қалай болғанда да олардың орнын басатын, жаңартып, жаңғыртатын әдістер туындауға тиіс екендігі белгілі.

Іргелі іске ілкі шақта ізашар болған үлгілер кейінгі газет-журналдарда жемісті жалғасын тауып, жетіліп дами түсті. Бас мақала бірте-бірте қоғамдық-саяси басылымдар үшін міндетті түрде жарияланатын публицистикалық туындыға айналды. Уақыт өткен сайын оның жазылу, берілу әдістері өзгерді.

Жанрды жетілдіру жолындағы ізденіс белгілері “Жас Алаш” газетінде — “Көзқарас”, “Егемен Қазақстанда”: “Бір ауыз сөз” айдарынан байқалды.

Әрине, қазіргідей — ақпараттық-хабарлама сипаты қарқын алған тұста бастапқы күйіндегі бас мақаланың баспасөз тәжірибесінен түсіп қалуы бір жағынан заңды да сияқты. Бірақ бүгінгі таңдағы республика басылымдарының күн сайынғы қолға алғанда газеттің өзі қызмет етуге тиісті қоғаммен арадағы нақты қарым-қатынасын білдіретін бір нәрсе жетіспей тұрғаны анық. Бірінші бетке шығарылып айқайлап тұрған жаңалықтың бас тақырыбы да бұл кеңістікті толтыра алмайды.

Публицистика жанрлары — қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтары мен нақты құбылыстар ерекшелігін білу талаптарынан туындап, әр түрлі тілдік, сөйлеу, жазу, жариялау стильдерінің күрделі қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан ұзақ тарихи тәжірибесінің жемісі. Заман ағымына қарай бір жанрлар өсіп-өніп отырса, енді біреулері алмасып жатады. Кейде уақыт тынысы жанрды

<sup>1</sup> “Жас Алаш”, 2000 ж. 17 қазан.

<sup>2</sup> “Жас Алаш”, 2000 ж. 17 қазан.

жаңа қырынан танытып, жаңаша сапалық деңгейге көтеріледі. Мұны қазіргі жағдайда сұхбат жанрына қатысты айтуға болады.

Республика баспасөзінде сұхбаттың қандай жаңа нышандары байқалып отыр? Енді соларға тоқталайық.

Мәселен, “Егемен Қазақстан” газеті сұхбаттың орныққан түрлерін көбірек пайдаланады, берілу нысандарында қалыптасқан үлгілерді ұстанады. Атап айтқанда, сұхбаттың сұрақ-жауап, дөңгелек үстел түрлері көбірек көрінеді. Бір мысал ретінде “Аға ұрпақ амандығы үшін” деген сұхбатты алып қаралық.

Бұл — қалалық №1 клиникалық аурухананың бас дәрігерімен жүргізілген әңгіме. Дәстүрге сай 6 сұрақ қойылып, соған жауап беріледі. Берілу нысанында орныққан үлгіні ұстану басым тұрғанымен, газеттің осы сұхбатының мынадай жаңалықтары бар. Біріншіден, тақырыптың мазмұнын ашу үшін алдымен шағын көлемде авторлық толғаныс берілген; екіншіден, сұрақтар бірден көзге түсу үшін қарамен терілген; үшіншіден, сұхбаттасушының фотосуреті берілген; төртіншіден, сұхбат соңында авторлық қорытынды жасалған.

“Егемен Қазақстан” газеті сұхбатты кеңінен пайдаланады. Газеттің көптеген тұрақты айдарларымен берілетін жарияланымдары алдымен сұхбат жанры арқылы көрінеді. Бұған шолып қарағанда “Әкім бол, халқына жақын бол!”, “Әкімге сұрақ қойған едік”, “Дәйекті дерек”, “Жекешелендіру қалай жүріп жатыр”, “Елдестіркем елшіден”, “Құқықтық реформа қадамдары”, “Қылмыс құрықталмай, тұрмыс дұрысталмайды”, “Арна”, “Көкейкесті сұхбат” секілді айдарлар мысал бола алады.

Шығармашылық ізденіс тұрғысынан келгенде, “Егемен Қазақстанда” соңғы жылдары республика өміріндегі елеулі оқиғалар тұсында шағын да жедел сұхбат ұйымдастыру әдісі болғанын айта кеткен жөн.

<sup>1</sup> “Ана тілі” газеті, 2000ж. 17 шілде.

<sup>2</sup> “Егемен Қазақстан” газеті, 2000 ж. 9 қараша.

<sup>3</sup> “Ана тілі” газеті, 2000 ж. 28 маусым.

“Әкім бол, халқыңа жақын бол!” айдарымен жарияланған “Жанам деген жүрекке от берейік” атты сұхбаттан да жанрды жетілдіру жолындағы ізденіс көрінуде.

Ұлттық баспасөзде эксклюзивті сұхбаттың үлгілері де пайда бола бастады. Мұны “Егемен Қазақстан” газетімен байланысты айта аламыз. Газеттің бұрынғы редакторы Н.Оразалиннің республика Президенті Н.Назарбаевпен, белгілі қоғам қайраткері Ә.Кекілбаевпен жүргізген дербес сұхбаттары мысал бола алады. Сұхбаттың бұл түрінің ерекшелігі — қалыптасып отырған нақты қоғамдық-саяси, экономикалық — әлеуметтік мәселелерді жұртшылыққа ұғындырып, түсіндіру мақсатын көздейді.

Рухани байлықтың қайнар көзі — баспасөз. Баспасөз ел санасын оятып, саяси біліктілігін көтереді. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, еңбекке икемдейді, эстетикалық жағынан талғам-тұшымын арттырады. Бүгінде баспасөзіміз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін, халықтардың мызғымас бірлігін сақтап қалу, жастардың ұлтжандық, патриоттық сезімін күшейту жолында күрес жүргізіп келеді. Сөз бостандығын, пікір алуандығын пайдаланып, рухани мұраларымыздың, бай дәстүр, парасаты өдет-салтымыздың жоқтаушысы, насихатшысы болуда.

Осы заманда ақпарат тасқыны күшейді, оның түр-түрі көбейді.

Жоғарыда мысалға алып, мүмкіндігіміз келгенше саралауға тырысқан басылымдардың бүгінгі бет алысы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі серпілісі немесе қазақ баспасөзінде оң өзгерістер болып жатқанына дәлел болса керек.

Біздің өрлеу биігіндегі қоғамымыз өзінің мақсаты мен міндеттеріне сай өзіндік, яғни ұлттық басылымдарын жасауда. Бұл орайда қазіргі аталған мемлекеттік басылымдарға әлеуметтік жауапкершілік жүктелуде. Басылымдар өздерінің азаматтық бағдарын айқындап, ұлттық деңгейдің биігінен көрінуге тырысуда.

Ауыспалы кезеңнің аума-төкпе жылдары бізді жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықтың табалдырығынан аттар тарихи межеге де алып келді. Өркениет керуеніне өз көшін енді ғана тіркеген егемен мемлекетіміз осынау оқшау оқиғаны ойдағыдай қарсы алу қамына кірісті.

1997 жыл “Қоғамдық келісім және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы” болып жарияланды. Мұндай шешім еліміз үшін де, халқымыз үшін де ауадай қажет боп шықты. Сондықтан да барша қазақстандықтардың жанды қолдауына ие болды. Ол жылы біз тоталитарлық биіктіктің өктемдігі тұсында ойсырай қасірет шеккен тауқыметті халқымыздың басына түскен орасан зұлматтың бар ауыртпалығын жан-жүрегімізбен сезіндік. Зердеміз жаңарып, санамыз сауықты.

Тарихи әділет үстемдік алды. “Қазақстан-2030” стратегиясының нақ сол жылы жария етілгені де кездейсоқтық дей алмаймыз. Ол тоталитарлық өткеніміздің тақсіретті тағылымдарынан дұрыс қорытынды шығарып, ел дамуының өркениетті де ізетті үрдісін ұсынды. Шынайы әлеуметтік-экономикалық дәуірлеуді қалай жүзеге асыра алатынымызды сараптады. 1998 жыл “Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы” деп аталып, тарихи ақиқаттың аса әсерлі сабағындай айрықша есте қалды. Бұған дейін біз мемлекеттік тәуелсіздіктің жұлын-жүйкесі болып табылатын жаңа ұлттық сананың, жаңа азаматтық сәйкестіктің және жаңа отаншылдықтың орнығуында тарихи танымы алатын орны мен маңызын түсінуге дәл мұндай жұмыла ден қойған жоқ едік. Бұл жағынан, біз интеллектуалдық және рухани дамуымызда аса сындарлы кезеңге аяқ бастық. Ұлттық элитаның ұмыт бола бастаған есімдерімен және рухани мұраларымен қайта қауыштық. Әумесер қоғамдық көзқарас пен әпербақан әлеуметтік үрдіс санамыздан біржолата аластатуға, тырысқан талай оқиғалар мен деректерге тереңдей қанықтық.

<sup>1</sup> “Ана тілі” газеті, 2000 ж. 14 шілде.

<sup>2</sup> “Қазақ әдебиеті”, 1999 жыл, 14 наурыз.

Тарих жолы болашақ ұрпақ лайықты бағасын беретін талай ізгі қадамдарға жол ашты.

Ол, ең алдымен, қазақстандықтардың бар ұрпақтарының азаматтық дүниетанымының, әлеуметтік көзқарасы мен өмірлік бағыт-бағдарының түбегейлі қайтадан сарапталып, жүйелі қалыптасуына айтарлықтай оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Осыны ескере отырып, ел Президенті 1999 жылды өз Жарлығымен “Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы” деп жариялады. Оның өзі өткен жылдардың жалғасы, болашақ ғасырға бағытталған еліміздің жаңа бір қайырлы қадамы, қоғамдық келісім мен халық бірлігін ұрпақтардың шапағатты үндестігін одан әрі нығайтудың елеулі кезеңі болды.

Енді, тәуелсіздік тұсындағы басылымдардың негізгі ерекшеліктеріне көңіл аудару мақсатында республикалық “Егемен Қазақстан”, “Жас Алаш”, және “Қазақ әдебиеті” газеттерінде жарияланған, **Қазақстандағы саяси қуғын — сүргін тарихына арналған материалдарға қысқаша талдау жасайық.**

Аталған басылымдардың бәрі де айқын ұлттық бағыт-бағдар ұстаған газеттер. Және де бұл газеттерге жарияланған материалдар қасіреттің жаппай етек алуына 60 жыл толуына орай, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында жарияланғандықтан, көбісі естеліктер ретінде жазылған. Олар негізінен, қасірет құрбандарының, олардың және куәгерлердің естеліктері болып үш топқа бөлінеді.

Дерек ретінде барлық естеліктерге тән ортақ ерекшелік — оларда баяндалған материалдардың объективтілігі деп айтуға болады. Оның айқын дәлелі — жарияланған барлық естеліктерде өшпенділіктің, кек алу ниетінің жоқтығы. Тіпті, кейбір естеліктерде жазықсыз құрбан болған жандардың жақындары нақты кімдердің көрсетуімен туысының ұсталғанын біле тұра, оларды атамауы, бұл деректерге деген сенімді арттырады.

Баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды талдау барысында байқалған тағы бір нәрсе “саяси

<sup>1</sup> “Қазақ әдебиеті”, 1999 ж., 3 шілде.

қылмыскерлер” бар да, саяси қылмыстың ізі жоқ. Қандай да болмасын өмір сүріп тұрған саяси жүйе өзін мүмкіндігінше қорғайды. Ол — заңдылық. Сондықтан, барлық елдерде саяси қылмыс құжаттары маңызды тарихи дерек тобын құрайды. Бұл елдерге ол мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі үшін күрес тарихының дерегі болса, екінші бір халықтар үшін ол құжаттар тәуелсіздік, саяси бостандық үшін жүргізген күрес тарихының дерегі болып табылады.

Өйткені, өз тарихының тауқыметті тағылымдарын терең ұғынып, өміршең дәстүрлерін өрнекті жалғастыра алатын қоғамдардың ғана көсегесі көгере алмақ. Ол тек бөлінбес тұтас құбылыспыз деп түсінетін қауымдардың ғана қолынан келмекші. Ондай тұтастық ертеңгі мақсаттардың бүгінгі міндеттер мен кешегі армандардан туындап жатқанын жете ұғындыра алатындай шынайы ұрпақтар сабақтастығы бар жерде ғана мұратына жете алмақшы.

**Тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық журналистиканың дамуында ерекше бір кезең басталды.** Бүгінгі қазақ баспасөзінде беріліп жатқан материалдардың тақырыптық, проблемалық ауқымы кең деуге болады. Әсіресе, қазіргі таңда, мәдениет, экономика, ел, жер тарихы, тәуелсіздік тағы басқа тақырыптарды тереңірек қамтуда.

Егеменді ел болып, тәуелсіздік туын желбіреткен жылдар ішінде ұлттық серпілістің жаппай сипат алғанын, ұлттық мәдени құндылықтарының әлемдік өркениет бейнесі мен бітім болмысын құрайтын басты белгі — тіл мен діннің төңірегінде әлі күнге дейін шешімін таппаған проблемалар сөз етілген. “Тәуелсіздік бізге не берді” деген материалды алуға болады. Сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен жетістіктер де, кеткен кемшіліктер де сөз болған. Патриоттық рухпен қойылған тақырыптан ұлттық проблемалардың төбесін көруге болады.

“Тәуелсіздік бізге не берді?” деген материалда, кейбіреулердің пікірінше, тәуелсіздік бізге қантөгіссіз оңай келген көрінеді. Немесе тәуелсіздік алғаннан бергі өткен аз ғана жылдар ішінде жүз жылға бергісіз жұмыстар атқарылды дейтін пікірлер бар,



сондай-ақ, мемлекеттік тіл туралы, ұлттық рухани құндылықтар жайлы және келешегіміз туралы болжамдық сұрақтар қойылған. Бірінші сұраққа қайтарылған жауапта бәрі өткен тарихымызға көз жүгіртіп, ондағы қазақ халқының сұрапыл жылдарды басынан кешіріп, бүгінгі тәуелсіздік сол қиян-кескі ұрыстардың негізінде келгенін айтып, тәуелсіздік бізге қантөгіссіз келді деп айту бәріне көзді жұмып қарау деп санайды. **Мемлекеттік тіліміз өз тұғырына шыға алмай отыр. Неге? Себебі көп.**

**Біздіңше, мұндағы ең басты кедергі — қазақ тіліне деген қажеттіліктің жоқтығы.** Қазақ тілі жалпы қолданысқа түсу үшін Конституциядағы орыс тілі қазақ тілімен бірдей қолданылады деген бапты алып тастауымыз керек. Содан кейін Парламентте қабылданатын заңдардың жобасы қазақ тілінде дайындалуы және мемлекеттік қызметкерлерден мемлекеттік тілді білу талап етілуі шарт деген ұсыныс-пікірін орынды берген.

Рухани құндылықтарымызды түгендей алдық па деген сауалға келгенде жауап берушілер кідіріңкіреп қалады. Ең алдымен тіл мәселесін сөз етеді. Нұрлан Асқаров: “Тарихи тұлғаларымызды түгелдеу, рухани дүниедегі ақтандықтарымызды жою, ұлттың ұлы адамдарының мерейтойларын өткізу, әрбір жылды руханияттың бір-бір саласына арнау, тағы басқа шаралардың бәрі де жоғарыда аталған отаршылдық зардаптарын жоюға бағытталған іс-зерттеулер екендігі белгілі.

Ал “мемлекетіміздің келешегін оптимистік көз-қараста жарқын бояулармен елестетемін немесе тек биіктерден көргім келеді” дегенді айтады. Жалпы тәуелсіздік біздің ұлттық салт-санамызды қалыптастыруға, ұлттық серпіліспен жаппай қанат қағуға бағытталады. Біздің тәуелсіздік туын желбіретіп әлі талай ұлттық мәрелерден көрінеріміз анық.

Сауалнама түрімен “Қазақ әдебиеті” газеті “Қазақ әдебиетінің төте сауалдары” айдарымен берген. “Бізде 660 жазушы болса, соның әрқайсысы өзін анау

<sup>1</sup> “Ана тілі” газеті, 2000ж. 3 шілде.

<sup>2</sup> “Жас Алаш” газеті, 2000ж. 14 қазан.

659-дан артық санайды” деген материалдың мазмұны әдебиет, кітаптар тағдыры, поэзия мен прозадағы беталыс, азаматтық позиция, кімдер бағаланбай жүр деген сауалдардың төңірегінде өрбиді. Бұл материалдан қазақ әдебиетінің хал-ахуалын, бағыт-бағдарын, болашағын байқауға болады. Осы тақырып тек бір ғана нөмірде емес, көптеген нөмірлерде ылғи жалғасын тауып отыр. Яғни, бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетінің жағдайын үш-төрт адамның пікірімен емес, бірнеше адамдардың ойымен жалғастыра отырып, сауалнама тақырыбы өзінің проблемалық шешімін табуға тырысады.

Сондай-ақ “Жас Алаш” газетінің көтерген тақырыптары экономика, әлеуметтік-экономикалық, тағы басқа болып жалғаса береді. 2000 жылы өтпелі кезеңде өмір сүріп отырған Республикамыздың экономикасы мен саяси өміріндегі туып отырған қиыншылықтардың білім беру жүйесіне, әсіресе, білім саласына кері әсерін тигізіп отырғанын ерекше атауға тиіспіз. Өйткені, 1993 жылдан бастап жүргізілген “оңтайландыру” мемлекеттік бала-бақшалардың, шағын мектептердің жойылуына, мектептен тыс білім беру мен тәрбие беретін мекемелердің мемлекеттік қамқорлықтан тыс қалуына, аудандық комитеттердің жабылуына, әсіресе, ұстаздардың апталық жүктемесінің жоғарылауы әрбір шәкіртке бөлінетін уақыттың азаюына әкеліп соқты. Нарықтық экономикалық қатынас жағдайында оқытудың жаңа түрлерін қолдану, отандық мектептерді қоғам өмірінде қуатты рөл атқаратындай етіп қайта құруға, еліміздің экономикалық әлеуетін көтеруге сара жол болып табылады.

“Қазақ мектептерінің білім беру деңгейі төмен деп жүрміз... неге?” — деген Т.Нұрмағанбетованың материалында намысқа тиетін, бірақ шындығы басым, артында ауыр мәселесі жатқан сұраққа жауап іздегенін байқауға болады. Жауаптардың артында, астарында әлеуметтік-экономикалық мәселелердің жатқанын аңғаруға болады. Оған қоса қазақ мектептеріне қатысты газет-журналдардың аздығы, қазақ балаларының ой-өрісін кеңейтетін

түрлі байқаулардың аздығы да қазақ мектептеріндегі білім деңгейінің қаншалықты екенін байқатады. Әрине, мұның бәрі проблема болып туындайды. Сол сияқты “Он екі жылдық білім бізге не береді?” деген материал да осы пікірді толықтыра түседі. Түрлі пікірлердің дені халықаралық стандартқа көшіруге бізде әлі дайындық аз дегенді аңғартады.

Бұдан шығатын қорытынды, қайтсек оңтайлы жолмен білім береміз, міне, мәселе сонда? Осындай мәселелер жолға біржола қойылса, 12 жылдықтың да бір жөні болады дегенді айтады. Тақырып ортаға сұрақ болып тасталып, жауаптар мұғалімдерден алынған. Қымбат Әбділдәқызы: “Мектептерді он екі жылдық білім жүйесіне ауыстырудың мақсаты маған түсініксіздеу”, — деп пікір айтады.

Оқу бағдарламасы мен оқулықтарды тұрақтандырмай жиі-жиі ауыстыра беру жетілдірудің белгісі ме, әлде жол, жөн таппай адасудың нышаны ма?...

Ол үшін ұстаздардың тәрбиешілердің әл-ауқатын, тұрмысын жақсарту, қоғамдық мәртебесін көтеру — кезек күттірмейтін міндеттердің міндеті. Болашақ ұрпақ тәрбиесі шынайы жанашырлыққа зәру”, — десе, енді бір мұғалім: “Білім саласын 12 жылға ұзартқанда не ұтамыз?! Шетелдік оқу жүйесін білім саласына енгізгенде, ол үмітті ақтаса жақсы. Ұзақ жылға созылып кетсе ше? Жалпы осыған дайынбыз ба?” Міне, осындай әлі де шешілмеген мәселелер әлі талай дайындықты қажет ететін сияқты. Жауаптардан күдік, сенімсіздікті аңғаруға болады. 12 жылдық оқу жүйесін енгізуді кейінге қалдыру жөніндегі шешім халықтың пікірінің дұрыстығын көрсетті.

“Ана тілі” газетінде “Қазақ тілінің алға баспауы намыссыздығымыздан” деген материалда қазақ тілінің жай-күйі сөз болады. Тәуелсіздік туралы сұрақтан басталған, яғни, тәуелсіздік бізге біраз нәрселер берді. Біз тек оны көре, сезіне білуіміз керек деп басталып, қазақ тілінің шынайы мемлекеттік тілге айналмай отырған себептерін түсіндіруге тырысқан. Оның екі түрлі себебін, біріншісі — мемлекеттің тұтқасын ұстаған шенділерге, әсіресе білім саласын басқаруға кездейсоқ адамдардың келуінен, екіншісі

халқымыздың өзіне байланысты дегенді ашына айтады.

“Егемен Қазақстан” газетінде “2000 жыл — мәдениетті қолдау жылы” деген айдармен “Рухы күшті ел тозбайды” деген материал жарияланды. “Бай болмасаң болма, білім, өнер, мәдениетке сай бол” деп халқымыз айтқан. Бұл даналыққа халықтың рухын көтермейінше, қол жеткізуіміз екіталай. Ол үшін білім беру саласын шындап түзеп, өркендету, өнерді өрге жүздіре білу қажет. Осы орайда Елбасының 2000 жылды “Мәдениетті қолдау жылы” деп жариялауы шын мәнінде рухымызды көтерудің жаңа кезеңі болды. Осыған орай автор Әлібек Әмзеев осы бағытта біз не істедік, алда тұрған міндеттер қандай, осы сұрақтардың төңірегінде ой өрбіткен. Жамбыл облысындағы кітапханаларды қайта ашу, “халықтық” деген ошақтары бар жер ұжымдарының жұмысын жандандыру, тағы басқа мәдени шараларды жүзеге асыру алға қойылғанын айта келе атқарылар істердің нәтижелі болатынына сенім білдірген. Сондай-ақ биылғы жылдың атын жамылып, елімізде толып жатқан көне қалалар орнын қазатындар көбейе ме деген, яғни археологиялық қазба жұмыстарын беталды жүргізуге болмайтынын айтқан. Автордың пікірі өте орынды. Тақырыптардан проблемалық мәселенің үшқыны сезіледі.

Қолына қалам ұстаған ағайын: “Мәдениетті қолдау жылы — әдебиетті қолдау жылы” деп түсінеді. Құндылықтарымыздың бастауында тұрған кітапқа деген құрмет қандай? Күні кеше қара бақырға бағаланып, әлдекімдерге сатылып кеткен мәдениет үйлері мен клубтар секілді, кітап дүкендері де қайтадан ашылып, халық игілігіне айналып жатыр. Осыған орай, “Топан кітаптарға тосқауыл қойыла ма?” деген тақырыппен “Ана тілі” газетінде материал жарияланды. Басқаның бәрін былай қойғанда, кітаптың киесінен қорқу, қаймығу керек емес пе?! “Бара берсінші, шыға берсінші, соны кім оқи қояр дейсің, соны кім көзге іле қояр дейсің” деген секілді жалпақ шешейліктің арагідік болса да жазушылар ортасынан да бой көрсетіп қалатыны өтірік пе еді?!

Енді не істеу керек? Осы бір мәңгілік сұрақтың сопаң етіп алдан шыға келмейтін кезі болсайшы... Осыған орай “Ана тілі” газеті мәдениетті қолдау жылында бұған қалай тосқауыл қоюға болады деген сауалды жазушыларға тастаған.

Қоғам тіршілігі үшін сыбайлас жемқорлық, парақорлық, ұйысдасқан қылмыс сияқты қылмыстарды ауыздықтау мүмкін болмай отырғанда, “кітап тасқынымен кім айналысады?” “Жаман кітап шығару әлгі қылмыстардың қасында баланың тентектігі тәрізді шаруа емес пе?”. Сондай-ақ кітап оқымайтын тұғас бір ұрпақ келе жатыр десе, кітап шығарудың түп негізінде ұлттық игілік, ұлт намысы жатқанын ұмытып бара жатырмыз деп қынжылады, көркем әдебиетті қолдау қорын құрып, оған еліміздің бүкіл жанашыр кәсіпкерлерін тартсақ деген жанайқайы сияқты ұсыныс-пікірлерді көруге болады. Газет мәдениетті қолдау жылына орай орынды сауал тастап, жазушылардың ой-пікірлерін ортаға салған. Тақырып орынды қойылып, біраз мәселелерді шешудің жолын іздестірген деуге болады. Осы газетте журналистер күніне орай, “Төл заңымызды қайта оқысақ...” деген материал жарияланды. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары әлемдік деңгейді нысанаға алып, өз жолымен қоғамдағы орынын анықтауға тырысып-ақ келеді. Кешегі қызыл империя идеологиясының уысынан шыққан баспасөз, радио, теледидар жүздеген жылдар бойы еркіндікте қалыптасып қалған әлгі айтқан “әлемдік деңгейге” жету үшін де уақытты да, мазмұндық-рухани сананы да қажет етеді.

“Қазақ әдебиеті” газетінде “Жазушының жан айқайы” деген айдармен Үлкен ғалым, белгілі әдебиет тамыршысы **Рахманқұл Бердібайдың** “Ұлт басындағы үш қатер” деген проблемалық материалы жарық көрді. Мұнда негізінен үш қатерге: **экология, дінбұзарлар, тіл мәселесін тілге тиік етеді.** Қазақ жерінің қай бұрышы да өлім себетін полигонға айналғанына мысалды түгелдеп шыға алмаймыз. Арал теңізінің ортасындағы Барсакелместе адамды жаппай қырғынға ұшырататын бактериологиялық қарулар сынақтан өткізілгені кейінгі кезде ғана

мәлім бола бастады. Сондай-ақ Қазақстанда жержаһандағы діндердің бәріне есікті айқара ашатын болсақ, біздің республика нағыз космополиттік елге айналады, ұлттық дәстүр, парыз, қарыз, ар-ұят деген ұғымдар жойылады, ешқандай зеңбірексіз, ракетасыз-ақ жұртымыздың іргесі сөгіледі, бір ата-анадан туғандардың өзі түрлі дінге бөлініп кетсе, бір-бірімен басы қосылмайды, ақырында діндер арасындағы қайшылықтар көз көріп, құлақ естімеген жат бауырлыққа жеткізеді, рухани жағынан қазақ елінің тоз-тозын шығарады. Бұған қоса әлі күнге өз шешімін таппаған тағы бір қатер — тіл мәселесі. Қазіргі кезде көптеген қазақ мектептері мен балабақшаларының жабылуы, газет, журнал, кітап тиражының күрт төмендеуі, бұл жағдайды түзеуге мемлекеттің бейтарап қарап отырғаны шошындырады. Қазақ тілінің толық мағынасында өркен жаюы үшін осы тілде сөйлейтін ұлттық орта қажеттілігі негізгі мәселенің бірі болып көрінеді. Қазағы азшылық жерлерде мемлекеттік тілдің көгеріп, көктеуі мүмкін емес екенін өмірдің өзі әбден дәлелдеп берген жоқ па?

Республиканың өз ішіндегі қазақты “қазақтандыру” қаншалықты маңызды іс болса, басқа мемлекеттердегі қандастарымыздың ұлттық тіл, мәдениет дәстүрлерінен ажырап қалуын ойластыру да соншалықты ділгір мәселе. Нарықтық экономикаға өтеміз деген сапырылыстардың тасасында қазақтың ұлттық өрлеу проблемасы ұмыт қалдырылса, трагедияның үлкені сол болмақ. Озбырлардың сан түрлі зұлымдықтарын көріп, ежелгі өр мінезінен айырылып қалған, бірақ шындап бір бұрылса, дегеніне жетпей қоймайтын талантты халқымыз өз азаттығы үшін жүздеген жылдар бойында күрес жүргізіп, тәуелсіздік туы енді қолымызға тигенде жасып, жігерсізденіп, құлдық пен кемдікке мойын ұсынып қалуы мүмкін емес. Міне, автор ұлттың басындағы әлі де шешімін таппаған мәселелердің түйінін ағытып, алдағы уақыттан үміт күтеді, тақырыпты ұлттың басындағы қатерлі проблема етіп алға қояды.

“1999 жыл — ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы” деген айдармен осы газетте Зейнолла Серікқалиевтің “Бекзаттық биігінен” деген материалы жарық көрді. Материал ғалым-қаламгер, қазақ халқының біртуар перзенттерінің бірі Өзбекәлі Жәнібеков жайында. Өзбекәлі Жәнібеков толғаған тақырыптар, ғылыми бірер пәннің шеңберіне сыймайтын жан-жақты ізденіс өрісі, жазу мәдениеті, тәжірибесі, бүгінгі ұрпаққа мирасқа қалдырған сүбелі, ойлы кітаптары мен мерзімді баспасөзде жарияланған, жарияланбаған қолжазба мұралары жайлы сыр шертеді. Автор сондай-ақ, Ө.Жәнібеков негіздеген, үлгі-дәстүр дарытқан “Арқас” кітапханасының келешегі қандай болар екен дейтін күпті сауалдың да көңілде бар екенін айтады.

“Ана тілі” газетінде “XXI ғасырға ру сұрап барамыз ба?” деген сауалнама тасталған материалдарды кездестіруге болады. Қазақстандағы ұлтаралық татулықты қалыптастыруда байырғы жер иесі, республика халқының саны жағынан бірінші орында тұрған халқына айрықша міндет жүктеліп отыр. Мынадай жауапты кезеңде халқымызға ең бірінші керегі — ауызбіршілік. Мұнда қазіргі уақыттағы алаңдатар проблемалардың бірі — дінге байланысты болып отыр. Осыған байланысты автор, қазақтарды тарихи дінінен айырып, өз жағына тарту, біртұтас қазақ халқын әр түрлі дінге бөліп, санасын улау деп ашына айтады.

Кейінгі кездері республикалық, оның ішінде бір таңданарлығы көбінесе, орыс тіліндегі басылым беттерінде жүз, ру туралы әңгіме көбейіп барады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында рушылдықты өршіту — дертті қоздыру ғана емес, егемендігімізге жасалып отырған жымысқы әрекеттер. Міне, газет осындай көпшіліктің ойында жүрген, сұрақтардың жауабын іздестіруге тырысады. Қандай мәселені ашып қарасақ та, оның астарында идеологиялық мән бар. Міне, газет өз оқырмандарымен осындай күрмеуі қиын тақырыптар жөнінде ой бөлісіп, тың проблемаларды шешуге тырысады, талпынады деуге болады.

“Жас Алаш” газетінде Әділ Бек Қабаның “Жер туралы” Заң жайында жұрт не біледі, біз не білеміз”

деген тақырыппен Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің төрағасы мен Б.С.Оспановпен сұхбаты берілген.

“Жер туралы” заң қандай болады? Бұл елді ерекше елеңдетіп отырған мәселе. Бір анығы, оны пайдалану құқығы заңмен қалай реттеледі? Жергілікті халық жерді қанша жылдық мерзімде пайдалана алады? Бұрынғы реформаға сәйкес, жер иелену құқығы бар азаматтарының жағдайы қалай шешілмек? Шетелдіктерге жалға беріле ме? Осы тәрізді толып жатқан сұрақтар екінің бірінің көкейінде жүргені анық. Сұхбат негізінен осындай мәселелердің төңірегінде өрбіген. Жер иелігі біздің атам заманнан бергі шешімін таппаған мәселе. Сондықтан жер жайындағы материалдар күні бүгінге дейін мәңгілік тақырыптардың санатында болып есептеледі. Жер тақырыбын қозғағанда “Жер туралы” заңның да ойға оралары хақ. Жоғарыдағы материалда “Жер туралы” заңның жаңа жобасын талқылау туралы, сондай-ақ жұртшылықтың ұсыныстары мен толықтырулары, жерді пайдалану құқықтарына нақты да, қысқа жауаптар алынған. Жалпы нарық қатынастары қалыптасқан елдерде жер пайдаланудың классикалық моделі бойынша, мемлекет меншігіндегі жер тек жеке меншікке немесе жалға беріледі. Жалпы алғанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулар заң жобасының негізгі нысанын бұзбайды және оның нормаларының тікелей қолдануын күшейтуге, мемлекеттің, жер иелерінің жер пайдаланушылардың және шартты жер үлесі иелерінің құқықтарын бірдей қорғауға бағытталған.

Қазіргі қазақ баспасөзінің қоғамымызда болып жатқан оқиғалардың барлығына үн қосып, толғақты дер кезінде көтеріп, қоғамдық пікір туғыза отырып, сол мәселелердің алдағы уақытта оңтайлы шешілуіне ықпал жасап отырғаны белгілі.

Бүгінгі қазақ баспасөзі мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің өркендеуі жолында қомақты еңбектер істеп, үлкен рөл атқаруда. Әсіресе, ұлттық мәдениет, өнер, саясат мәселелеріндегі атқарған қызметтерін ерекше атап көрсетуге тұрарлық. Атал-



ған басылымдардың бағыт-бағдарын белгілеген мақалалардың, публицистикалық еңбектердің әлеуметтік бетін, олардың жанрлық түрлерінің берілуі мен жетілуін бүгінгі күн тұрғысынан көрсетуге тырыстық.

Міне, тәуелсіздік алғаннан бергі кезде, республикамыздың “Егемен Қазақстан”, “Қазақ әдебиеті”, “Ана тілі”, “Жас Алаш” сияқты басылымдарында осындай ауқымды тақырыптар көтеріліп келді. Тақырып сан-салалы, олардың берілу формалары мен жанрлары да әр түрлі. Әйтсе де соңғы кездері қазақ басылымдарының да етек-жеңі жиылып, егемендігіміздің орнығуына үлес қосу жолында айтарлықтай қызмет атқарып келе жатқандығы күмәнсіз.





## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н. Назарбаев. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы, 1993; Тәуелсіздіктің бес жылы. – Алматы, 1996; Тарих тағылымдары және қазіргі заман. – Алматы, 1997; Қазақстан – 2030. Алматы, 1998; Сындарлы он жыл. – Алматы, 2003.
2. Қазақстанның Ата Заңы. – Алматы, 1998.
3. Қазақстан Республикасының Баспасөз туралы Заңы. – Алматы, 1991.
4. М. Әуезов. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961.
5. С. Мұқанов. Халық мұрасы. – Алматы, 1964.
6. Алекторов А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1990.
7. Авшаратов М. Т. Русская периодическая печать в Туркестане (1870–1917). – Ташкент, 1960.
8. Фетисов М. Н. Зарождение казахской публицистики. – А., 1961.
9. Имашев С. Н. Зарождение коммунистической печати в Казахстане. – А., 1961.
10. Б. Кенжебаев. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. – А., 1956.
11. Қ. Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – А., 1964.
12. Қ. Бекхожин. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – А., 1981.
13. Ү. Сұбханбердина. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. – А., 1963.
14. Ү. Сұбханбердина. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат хабарлар. – А., 1961.
15. Ү. Сұбханбердина. Қазақ. Сарыарқа. Алаш. – А., 1993.

16. Ү.Сүбханбердина. Дала уәлаятының газеті. – А., 1988, 1991, 1992, 1994, 1996.
17. Ү.Сүбханбердина. Айқап. – А., 1995.
18. Ү.Сүбханбердина. Қазақ. – А., 1998.
19. Х.Бекхожин, С.Қозыбаев, С.Матвиенко. Очерки истории журналистики Казахстана. – А., 1988.
20. Т.Қожакеев. Жыл құстары. – А., 1991.
21. Т.Қожакеев Көк сеңгірлер. – А., 1992.
22. Т.Қожакеев Жас тілшілер серігі. – А., 1993.
23. Т.Қожакеев Сара сөздің сардарлары. – А., 1995.
24. Т.Қожакеев. Сатира негіздері. – А., 1996.
25. Н.Омашев. Толқындағы тотыйайын. А., 1988.
26. Н.Омашев. Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы. – А., 1992.
27. Ж.Нұсқабайұлы, Қ.Алдаберген. Алты алаштың ардақтылары. – А., 1994.
28. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. – А., 1996.
29. Ж.Нұсқабайұлы, Қ.Аллаберген. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. – А., 1997.
30. Қ.Аллабергенов. Әлем баспасөзі тарихынан. – А., 1998.
31. Ө.Әбдіманов. “Қазақ” газеті. – А., 1998.
32. С.Байменшин. Төртінші билік тағлымы. – А., 1996.
33. С.Байменшин. Майлының Бейімбеті. – А., 1994.
34. Б.Жақып. Мұхтар Әуезов – публицист. – А., 1998.
35. Ш.Елеуқенов. Кітаптану негіздері. – А., 1998.
36. М.Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. – А., 1995.
37. К.Нүрпейісов. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995.
38. Л.Ахметова. Қарлығаш қаламдастар. – А., 1993.
39. А.Шәріпов. Қайраткерлердің қаламгерлігі. – А., 1995.



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
--------------	---

### Бірінші бөлім.

#### XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ мерзімді баспасөзі

**Бірінші тарау.** Қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы (1870-1905 жылдар)

1. “Түркістан уәлаятының газеті” .....	7
2. “Дала уәлаятының газеті” .....	15
3. “Торғай газеті” .....	27

**Екінші тарау.** Қазақ жеріндегі революциялық толқулар мен тарихи өзгерістер кезеңіндегі баспасөз 1905-1907 жылдар)

1. Қазақстанда маркстік идеялардың таралуы.....	29
2. Алғашқы үндеу хаттар, парақшалар және ауызша газеттер.....	33
3. “Қырғыз” (қазақ) газеті.....	34
4. “Серке” газеті.....	35
5. Большевиктік “Орал” газеті.....	37

**Үшінші тарау.** Қазақ тіліндегі алғашқы бейресми газет-журналдар-1917жылдар)

1. “Қазақстан” газеті.....	40
2. “Айқап” журналы.....	51
3. Қолжазба “Садақ” журналы.....	57

**Төртінші тарау.** Қазақтың жалпыұлттық демократиялық басылымдары..... 62 |

1. “Қазақ” газеті.....	63
2. “Сарыарқа” газеті.....	74
3. “Бірлік туы” газеті.....	81
4. “Жас азамат” газеті.....	104

5. “Абай” журналы.....110
6. “Алаш” газеті.....114
7. “Үш жүз” партиясы және “Үш жүз” газеті...116

## Екінші бөлім.

### XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары мен тоқсаныншы жылдарға дейінгі аралықтағы қазақ мерзімді баспасөзі (1917-1991 жылдар)

**Бірінші тарау.** Қазан төңкерісінен кейінгі және шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарындағы баспасөз (1917-1920 жылдар)

1. “Тіршілік” газеті.....126
2. “Қазақ мұңы” газеті.....127
3. “Заря свободы”, “Жетісу ісші халық мұхбірі”, “Көмек”, “Голос семиречья”, “Правда”, “Үшқын”, “Бұқара”, “Кедей еркі”, “Тілші”, “Жетісу әйелі”, “Сталин жолы”, “Коммунизм таңы”, “Жетісу” асылымдары.....128
  - а) “Заря свободы” газеті”.....128
  - ә) “Жетісу ісші халық мұхбірі” (Жетісу еңбекші халқының хабаршысы) “Көмек” және “Голос семиречья” газеттері.....130
  - б) “Правда”, “Үшқын” газеттері.....133
  - в) “Бұқара”, “Кедей еркі” газеттері.....134
  - г) “Тілші” газеті мен “Жетісу әйелі” журналы...134
  - ғ) “Сталин жолы” және “Коммунизм таңы” газеттері.....135
4. “Дұрыстық жолы” газеті.....137
5. “Мұғалім” – қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби журнал.....137
6. “Қазақ тілі” газеті.....138
7. “Үшқын” (“Егемен Қазақстан”) газеті.....141

**Екінші тарау.** Халық шаруашылығын қалпына келтіру, өнеркәсіпті индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жылдарындағы баспасөз (1921-1933 жылдар)

1. “Қызыл Қазақстан” (“Ақиқат”) журналы.....150
2. “Бостандықтауы”, “Ауыл”, “Ерік”, “Кедейтілі” газеттері.....159
3. “Темірқазық” және “Таң” журналдары.....162

4. Ташкентте шығарылған қазақ басылымдары.....	163
а) “Ақ жол” газеті.....	163
ә) “Шолпан” журналы.....	166
б-в) “Сана”, “Кедей айнасы” журналдары.....	171
5. “Жас алаш” газеті.....	173
6. Қыз-келіншектер мен әйелдерге арналған алғашқы басылымдар.....	181
а) “Жетісу әйелі” журналы.....	181
ә) “Азат әйел” газеті .....	182
б) “Теңдік” газеті.....	182
в) “Әйел теңдігі” журналы.....	183
г) “Қазақстан әйелдері” журналы.....	191
7. “Жаңа әдебиет” (“Жұлдыз”) журналы.....	191
8. “Жаңа мектеп” (“Қазақстан мектебі”) журналы...202	
9. Қазақ тіліндегі алғашқы сатиралық басылымдар	
а) “Тіршілік”, “Дұрыстық жолы”, “Кедей сөзі”, “Ақ жол”, “Жас қазақ” газет-журналдарындағы сатиралық материалдар.....	207
ә) “Шаншар”, “Жаршы”, “Балға” сатиралық журналдары мен “Еңбекші қазақ” газетіндегі материалдар.....	211
б) Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы және одан кейінгі жылдардағы қазақ сатирасы.....	213
в) “Ара” журналы.....	215
10. Қазақ балалар баспасөзінің тарихы.....	218
а) “Пионер” (“Ақжелкен”) журналы.....	221
ә) “Қазақстан пионері” (“Ұлан”) газеті.....	223
б) “Балдырған” журналы.....	223
11. “Жұмысшы” газеті.....	224
12. “Ауыл тілі” газеті.....	241
13. “Қазақ әдебиеті” газеті.....	259
14. Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және қуғын-сүргінжылдарындағы баспасөз.....	272

**Үшінші тарау.** Алғашқы бесжылдықтар және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы баспасөз

1. Өлкелік, облыстық және аудандық газеттерде бесжылдық мәселелерінің жазылы.....	278
2. Неміс-фашист басқыншыларымен соғыс жылдарындағы республикалық, облыстық және аудандық басылымдар.....	285
3. Қазақ тіліндегі майдандық газеттер.....	290

**Төртінші тарау.** Халық шаруашылығын қалпына келтіру, “ұлтшылдық сарынға қарсы күрес” және тың игеру жылдарындағы баспасөз (1946-1960 жылдар)

1. Соғыстан кейінгі жылдардағы баспасөз.....299
2. 1946-1953 жылдардағы “ұлтшылдықпен” күрес науқаны.....305
3. “Қазақ елі” журналы – тұңғыш еларалық басылым.....309

**Бесінші тарау.**

“Коммунистік құрылысты өркендету” немесе тоқырау жылдарындағы қоғамдық-саяси, әдеби-педагогикалық және ғылыми-көпшілік басылымдар (1960-1985 жылдар)

1. “Қазақстан мұғалімі” газеті.....315
2. “Мәдениет және тұрмыс” (“Парасат”) журналы.....317
3. “Білім және еңбек” (“Зерде”) журналы.....319
4. “Жалын” журналы.....326
5. “Арай” журналы.....341

**Үшінші бөлім.**

**Егемен елдің еркін баспасөзі**

**Бірінші тарау.** Қайта құрудан өтелді кезеңге дейінгі аралықтағы қазақ баспасөзі (1985-1991 жылдар).

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының қайта құрылуы.....345
2. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының баспасөз бетінде жазылуы.....350

**Екінші тарау.** Жекеменшік және тәуелсіз басылымдар (1985-2003 жылдар).

1. Қазақстандағы жекеменшік және тәуелсіз басылымдар.....357

**Үшінші тарау.** Қазақстанның орыс тілді басылымдары мен еркін баспасөзі (1985-1995 жылдар)

1. Қазақстандағы орыс тілді басылымдар.....362
  2. Егемен елдің еркін баспасөзі.....366
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....393

**Жарылқасын Нұсқабайұлы  
Қырықбай Аллаберген,  
Файзолла Оразаев**

**ҚАЗАҚ**  
**ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ**  
**ТАРИХЫ**  
*(1870—2008 жылдар)*

**Редакторы Тәуекелова Ғалия**  
Техникалық редакторы, әрі компьютерде қалыптаған  
**Айнұр Пірімбетова**



Басуға 10.06.18 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ .  
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Times New Roman КК ЕК”.  
Шартты баспа табағы 21,00.  
Тараламы 5000 дана. Тапсырыс №3524



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
“Білім” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.  
Тел: 394-36-00, 394-41-63. E-mail: [bilim055@mail.ru](mailto:bilim055@mail.ru)

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
“Полиграфкомбинат” ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-9965-09-898-7



9

7 8 9 9 6 5 0 9 8 9 8 7

